



*Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері
Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналған*

«ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»

*Халықаралық ғылыми-теориялық
конференцияның*

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2025



Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР
Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлидің
90 жылдығына арналған

«ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»
Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы
Қазақ университеті
2025

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Қ 14

Жауапты редактор:
ф.ғ.д., профессор Әбдиманұлы Ө.

Құрастырушылар:
ф.ғ.д., профессор А.Б.Темірболат, ф.ғ.д., профессор
С.Б.Ержанова, ф.ғ.к., профессор м.а. Б.С.Сарбасов, ф.ғ.к.,
аға оқытушы Е.Карбозов,
PhD, доцент м.а. Г.Даутова, PhD, аға оқытушы
Э.Сейсенбиева, аға оқытушылар Ш.Шортанбай, Б.Баязитов

«Қадыр Мырза Әли шығармашылығы және қазақ әдебиетінің даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 382 б.

ISBN 978-601-04-7130-6

Жинаққа 2025 жылдың 4 наурызда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультетінде өткен «Қадыр Мырза Әли шығармашылығы және қазақ әдебиетінің даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және мектеп ұстаздары, көпшілік оқырман қауымға арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

ISBN 978-601-04-7130-6

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

ҰЛЫ АҚЫН – ҰЛЫҚ ҰСТАЗ

Әбдиманұлы Өмірхан

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Қазақстан, Алматы қ.*

Қазақтың Қадыр ақынына 90 жыл! Ұлы ақынның пәни жалғанға қош айтып, бақи шындығына жол тартқанның да 14 жыл өте шығыпты. Кезінде тірліктегі өзіне ғана тән адами өмір-салтына, пенделіктен тысқары азаматтық ұстанымдар болмысына қызыға қарап, Қадыр аға тоқсанның төріне көтеріліп, оғанда тоқтамай, жүзге қарай қадам басар деп ойлаушы едік. Амал қанша, жүйріктігіне шәк келмес, зымыран жылдар ағымында Алла берген 76 жастық ғұмыр кешіп, жақсы адамның мәңгілік өмір орны дайын дейтін тылсым сырлы, жұмбақ «Жұмақ» көгіне көтерілген екен. Қадырдай тұғыры биік тұлғаға пәни жалған аталған тіршіліктегі пешенесіне жазған 76 жас – аздық жасар өмір жас. Амал нешік, Алладан бақидағы нұры пейіште шалқысын деп тілейміз де!

Көңілге медеуі – ұлы ақын Қадыр Мырза Әлі жырларының жылдар жамылғысының астында жасырын қалып қоймай, қазақ ұлты барда ғасырдан-ғасырға жол тартқан ұрпақтың мәңгілік мұрасына айналарына деген сенім! Иә, «Қалың елі қазағын» тамаша жырларына тамсандыра алған, таңғажайып талантына табындыра алған дархан дарын иесі «Ұлы ақын» деген таным-ұғымды көзі тірісінде естіп, руханият болмысындағы орны ерекше сөз өнері әлеміндегі өз орнының әманда биікте боларына сене алды... «Ұлы ақын» анықтамасын өзі ақындық өнер өлкесіне қанат қаққан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен Қадағанның 60 жылдығына арналған мерейтойлық салтанатты кеште бүкіл зиялы қауымның, асыл сөзді ардақ тұтқан ақын-жазушылардың, шығармашылық өнердің қасиетін танитын ұстаз-ғалымдар мен поэзия алыбын пір

тұтқан талапты да талантты студент-жастар алдында ұстаздардың Ұстазы, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов айтты! Айтты да, қалың елді сол ұғымның ұстанымына ұйытты! Үлкен зал тола жұрт бір кісідей орнынан тұрып, қол соқты. Бір қызығы, ЗЕКЕҢ сәл-пәл қарсылық білдіре орнынан тұрған Қадыр ақынның өзін де Жұр алдында мойындатып, алақан алысып, құшақтаса арқадан қағысып, келісімін алды. Бұл бір Қадыр АҚЫННЫҢ шығармашылық болмыстан бақыт құшқан шағы еді!

Ұлылардың ұлылық туралы пайымы қызық қой. «Ұлылық – деген өзіңмен өзің күресу. Өзіңмен өзің күресу – адамдық, адамгершілік, ұлылық үшін күрес» деген екен ұлы Толстой қария. Меніңше қазақтың Қадыры – осының екінші бөлігін өзіне қағидаға ұстанған ұлы күрескердің бірі.

Шындығында басқаны қайдам, өзім Қадыр Мырза Әлиді ұлы ақын деп білемін! «Пушкин өз заманында алдына жан салмаған білімді адам болған. Ол он бір жасында әкесінің өте үлкен кітапханасын түк қалдырмай оқып шыққан. Және ол кітаптардың бәрі де тек француз тілінде жазылған. Басқаша айтсақ, Пушкинді жаратқан Құдай болса, оны ұлы адам қылған ұлы кітапхана!». Бұл Қадыр ағаның аузынан шыққан сөз. Ол бұл сөздерді өзін де ұлы еткен «Кітап» атты қасиетті құдірет екенін біліп айтқан.

Өз басым Қадыр ұлылығын сәл-пәл болса да түсінетін секілдімін!

Меніңше, Қадыр Мырза Әли – Қазақ поэзиясына өзгеше бір ойшыл жыр әлемін әкеліп, өлеңдегі таным тұнығын байытты. Ақын поэзиясының өзіндік қасиетін танытатын басты белгі ой тұнбасындағы ұлттық сипаттың айқындығы. Оның жыр жинақтарының аттарының өзі-ақ қазақ поэзиясына тән қазақы табиғатты танытып тұрғандай. «Дала дидары», «Домбыра», «Көш», «Жерұйық», «Көкпар», «Қорамсақ», т.б. кітаптарының атауы ойшыл ақынның – ұлттық ұғым-танымынан туған.

Қадыр өз шығармаларында халқының ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тәлім-тағлымын, тарих тереңінен аршып алып, айқара ашып көрсетуге тырысады. Оларды жаңа заманға, яғни бүгінгі күннің эстетикалық талап-талғамына үйлестіре жырлайды. Замана өзгергенмен, болмысы өзгермейтін рухани жалғастықты жаңғыртқысы келеді. Кешегі көшпелі тұрмыстың

ескі жұртынан ескірмеген көшелі ой, жүйелі нақыл табады. Оны өлең өрнегіне түсіріп, жаңаша құбылған зерлі сөз, зерделі түйін жасайды. «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деп арын биік қойған ұлттың ұстанымын терең түйсінетін ақын өзін ар «күзетшісіндей» сезінді. *«Көтермедің... Жаратқанның әмірі-ай!!! Тереңнен нәр ала алмады тамыр-ай.// Қайғы деуші еді бұл өмірдің ауыры,// Қайғыдан да ауыр ма еді абырой!»*

Ар, абырой ақын поэзиясында ең ізгілікті ой болып табылады. Ақын ұғымынша адамдық парыздың ең биігі – ар жоғалтпау, сол арқылы абыройды асқақтату.

Қ. Мырза-Әли адам, қоғам жайлы санада түйін салып, қорытыла келе толысқан ой түйіп, оны өлеңдегі өрнегі арқылы ортаға салады. Қадыр – қоғамды тап басып, тани білетін, көргенінен көркем сурет жасап, түйгенін тұжырымды ойға айландыра алатын сөз зергері. Ақынның адам өмірінің құбылыстары туралы ұтымды оймен өрген бедері берік өлеңдері өте әсерлі. Оның адам жайлы тоғанысы өмір шындығымен үйлескен түйінді тұжырымдарымен құнды. *«Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,// Және жылап өледі, өзгені де жылатып.// Жылайтыны туа сап — жамандар бар қинайтын,// Жылайтыны өлерде — жақсылар бар қимайтын»,* – деп ақын үйреншікті құбылыстан тосын ой туғызады. Әрбір құбылыстың өзіндік мәні болатынына меңзейді. Өлең оқушыға ой салып, өмір мәні туралы толғанысқа түсірері анық. Қадырға жадағай ақылгөйлік жат. Оның өлеңінің әр шумағы мың батпан ой ауыртпалығын көтерердей жұмыр да шымыр болып келетіні сондықтан.

Қадыр Мырза Әли сайын даланы, сол даланың шежірелі тарихын, сол тарихты жасаушы адамды тебірене жырлады. Дала – оның ойына азық, жанына дәру. Сайын даланың өткені мен бүгінгісін салыстыра отырып, оның мәңгілік өшпес көркем суретін жасап, бедерлі де бейнелі образға айландыра алды. Бұған, «Боз дала», «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Қарақшы жыры», «Барымта» т.б. өлеңдерін оқығанда көз анық жетеді.

Қадекең осынау ұланғайыр дала төсінде еркін өмір сүрген ұлтының өткен өміріне ақын көзімен қарап, жақсы мен жаманын

асырмай да, жасырмай да нәрлі сөзбен суреттеп, әр жолынан даналық ой түйді.

«Бабамыздың шоқ басқан табанымен, // Бірдей екен жақсысы жаманымен. // Бір жаманы тынымсыз көше берген, // Бір жақсысы — қимаған даланы кең. // Бір жаманы — жел сөзге ерген екен, // Бір жақсысы — тілге ерік берген екен. // Бір жаманы — кетпенге орашолақ, // Бір жақсысы — найзагер мерген екен... // Тату тәтті көршілер жыр бұзбаған, // Бір де тоңып суықта, бір мұздаған. // Бір жаманы — сонда да үй салмаған, // Бір жақсысы — абақты тұрғызбаған». Бұл – қазақ деген ұлттың өзіне ғана тән бір жаманын бір жақсылығы жуып кетіп отырған төл мінез-кұлқы. Туған халқының осынау екі сипатты «қызықты» қылығына елжірей, езу тартқан лирикалық қаһарман – ақын көз алдына келеді. Онда кінәлау жоқ, аялау басым. Өкіну жоқ, таңырқау басым. Лирикалық қаһарманның өзі халқы сияқты рухы таза, адал, ол жалған сөйлемейді, шындықты айтудан таймайды. Ақын солай жаратылған, оның тәні таза, жаны пәк. Мұны ақын өзінің мына бір өлеңінде тап басып, танып айтқан: *«Күншілдер өледі // Көңілін от қарып. // Батырлар өледі // Борышын атқарып. // Бұзықтар өледі // Пышаққа құлшынып. // Сұлулар өледі // Құшақта тұншығып. // Арғымақ өледі // Артында шаң қалып, // Ақындар өледі бәріне таңғалып!»*

Ақын өлеңдеріндегі астарлы ой-толғаудың танымдық та, тәрбиелік те әрі тәлімдік те әсері күшті. Қадыр Мырза Әли поэзия сынды асқарлы шыңның биігіне үнемі жаңашылдық шабытпен ұмтылды. Бір орнында тұрып қалу, із шиырлау оған жат. Ол бір кітаптан бір кітапқа мүмкіндігінше жаңа тыныс, тың оймен келуге барынша тырысады. Қадырдың ақындық кемелдігі мен кереметінің сыры да осында. Оған алға ұмтылу, өрлеу, өсу тән. Оның поэзиясында терең ой, толғамды таным үнемі алда жүреді. Ақын өлеңнің болмыс-бітімін, сыртқы пішінін ұстанар басты идеяға сай құрады. Оны өзі де әдемі де көркем айтқан: *«Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін, «Мен оларға киліккенді қой дейін. // Өзің көтер, // Алтын тиек идеям // Егіз ішектің беу-беуі мен // Гөй-гөйін.»*

Ақынның әр өлеңіндегі идеялық жүк бейнелілікпен жұптаса келіп, биік көркемдік идеялық мұратпен астасады. Сондықтан

Қадыр Мырза Әли ақындық қасиетті аса қадірлейді. Оның туын жығылтпауды өзіне парыз санайды. Сөз өнерінің құдіретін танитын талғампаз талант дарындылық пен дарынсыздықтың парқын өзгеден артық біледі. *«Мен өзімді жанға жалқау дегізбей, // Адамша ойлап, еңбек етем өгіздей. // Түс көрсем де шаршап ұйықтап қалғасын, // Күндізгі істің істеп жатам жалғасын. // Иссіз өткен күнді өмірге санама! // Онда өз қолым жармасады жағаға».*

Қадыр өлеңдеріндегі ой өрнегі ел аузындағы қанатты сөзге айналып кеткелі қашан. Ақынның ана тілін ардақтап жазған өлеңі бұған куә. Оның: *«Ана тілің — арың бұл, // Ұятың боп тұр бетте. // Өзге тілдің бәрін біл, // Өз тіліңді құрметте, —* деген өлең жолдарын жатқа білмейтін қазақ жоқ.

Ой қорыта келгенде, айтарым Қадыр Мырза Әли – ұлттың ұлттық сипатын, халық даналығының құндылықтарын, елінің өткені мен бүгінін көркем тілмен, ұтымды оймен жеткізіп, қазақ әдебиетін ойшыл өлеңдермен байытқан ұлы ақын.

Қадыр Ұстаз бізге 3 курстың көктемгі семестрінде «Махамбеттану» атты арнаулы курс жүргізді. Сабақ кестесінен көріп, бұрын білгенмен сырттай танитын ақынның келуін Сабақ болар күнді асыға күтіп жүргенбіз. Ұмытпасам бейсембі болу керек ҚазМУ-дің Панфилов пен Киров көшесіндегі бас ғимаратындағы сағат 3-тегі сабағына Қадыр ұстаз сәл-пәл кешігіңкіреп келді. Бұл оның жоғары оқу орнындағы ұстаздық жолы басталуының алғашқы сабағы еді.

Есікті ашып кіріп келгенде, күтіп отырған бәріміз орнымыздан дүр көтеріліп құрмет көрсеттік. Сәлемдесіп, бас изеп, ізет білдіріп, ортаға озды. Сырт киімін сондай сыпайылықпен шешіп-іліп, әр кимылын аңдып отырған біздерге қарай бұрылды. Киіктің асығындай жігіт ағасының ішкі қуат-күшін білдіріп тұрған шымырлық болмысы көзімізге жалт ете түскендей болды. Қалың да ұзын ақбоз бұйра шаштан төмен орын тепкен ашық маңдай, қиырдағыны шалатын қаршыға көз, жоталылау қырлы мұрын, бір-бірімен қиюын таба жымдаса кеткен жұқа ерін, жақ тұстан бөлектене келіп сүйірленіп кететін әдемі иек бәрі-бәрі бейне бір шебердің қолынан шыққандай әсемдене біткен. Бәкене бойлы болғанымен кеуде, аяқ тұс әдейі

өлшеп бергендей, ұзын-қысқалығы сай келіп тепе-теңдік ұстап тұр. Әдетте, кішкене адамдар көз тарта бермейді ғой. Ал, Қадыр аға түр-тұлғасымен құдды бір асыл тастан қашап жасаған ескерткіш іспетті көрінді бізге.

Бүкіл аудитория көз алмастан, дем алмастан десем де болады, әр қимылды, әр сәтті бақылап отырмыз.

Ол кісі тақта алдына келіп, жайлап сәл алға шықты да: «Менің аты-жөнім Қадыр Мырзалиев. Ақын екенімді білетін шығарсындар. Баяғыда, қазір баяғы боп кетті ғой, бірді-екіл сабақ бергенмін, кейін қойып кеттік. Биыл Зекең (Зейнолла Қабдолов) шақырып, жалпы курстан әдебиеттануға кіріспеден, сонан-соң бір арнаулы курстан сабақ оқисың деген соң, келіп қалдық. «Әдебиеттануға кіріспе» келесі жылдан, ал Сіздерге «Махамбеттану» атты арнаулы курстан дәріс оқып, практикалық сабақ жүргіземін», – деді.

Сәл үзілістен соң: «Енді танысуға көшейік», – деп, старостаға журналды алдырып, студенттерді түгелдей бастады. Әрқайсымызға назар аударып, қайдан келгенімізді, оқу бітіргенімізге қанша жыл болғанын, әдеби шығармашылыққа қатысымыз бар-жоғын анықтап отырды. Біз көріп жүрген кәсіби ұстаздарда мұндай жоқ еді. Мына Қадекеңнің алғашқы сабақтан-ақ аудиторияда отырғандарға жас бала немесе студент деп карамай, адам ретінде бағалап, адамдық болмысын, азаматтық қасиетін айқындауға, шығармашылық мүмкіндігіне ой жүгіртуін біз сондай бір құптарлықпен қабылдадық.

«Бұл алғашқы сабақ», – деді сонан-соң сөзін жалғап. – Сондықтан да көп жағдайды анықтап алғым келгені ғой. Сіздер менен біздердің мүмкіндіктеріміз қандай екен? Қашанда сұраныспен қанағаттың ара қашықтығын анықтап алған жөн», – деп сөзін түйіндеді.

Ары қарай «Махамбеттану» арнаулы курсының «Кіріспесіне» кірісіп кетті.

Бізге келгенде Қадекең ел мойындап, жұрт қол қойған шешенді. Шешен болған да, Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы «білмір шешен» еді. Оның үстіне бізге оқитын пәні ақынға, ақындыққа қатысты болған соң, ол шешілмей кім шешілсін, ол төгілмей, кім төгілсін!

Әр лекциясын кібіртіктеп қалмай, бірден көсіле сөйлеп бастап кетуші еді. «Әдебиеттану төңірегінде, жалпы ақын-жазушылар туралы қаптаған кітап, қаптаған зерттеулер бар. Жас кезімде мен солардың біразын оқыдым. Бірақ, кешірерсіз, ештеңе таппадым. Бос сөз. Қайран уақыт, зая кеткен уақыт! Сондай кітаптарды жазған «ғалымдардың» көбі доктор деген атақ алды, дәрежеге ие болды. Кейбіреулері тіптен академик болып жүр. Ал сұраулар сұрау күйінде қала берді», – деп бастады алғашқы дәрісін. – Міне, біз бен Сіздің міндет осы арнаулы курс арқылы Махамбетке қатысты ең болмаса бір-екі сұраулы дүниеге жауап табу».

Қадаған ұстаз әр сабағын тақырыпқа сай құрып, одан ауытқымай, тақырыптың жан-жақты ашылуына күш салатын. Махамбет жайлы көп білетіндігі соншалық, тақырып аясы кеңейіп, кемелінен асып төгіліп жататын. Қоңыр дауыс, күмбір үн де небір деректер мен дәйектерді санаға тоғыта еселей құйып, айтар ойды шегелей бекітіп жататын. Қадекең Махамбеттің бар өлеңін жатқа біледі десем, өтірік айтқандық емес. 90 минуттық бір сабақта сан өлеңнен үзінді оқып, оларды тақырып танымын ашуға шешуші дәлелдер ретінде келтіріп отыратын.

Ал енді, талай шешенді көрдік, талай шешеннің сөзін тыңдадық. Бірақ Қадыр ағаның ауызекі талдауындай таным талқысын кездестірген емеспін. Махамбет тағдыр-талайы; хан Жәңгірмен қарым-қатынасы; көтерілістің мәні мен маңызы; Исатай-Махамбет достығының ұрпаққа үлгі өнегесі; оның әлемдік ұлылар достығындағы орны; ақындық өнер құдіреті; ақындықтағы дәстүр мен жаңашылдық; поэзияның көркемдік өрнегі; рухтық қуаты; жалпы көркем өнер және адам; қоғам және адам; ұлт және қайраткер; адамзаттықты айқындайтын ұғымдар.

Қадыр Мырзалиев дәрісінің маңызы мен мәйегі міне, осындай сан тарам тағлымды желілерден бастау алатын. Ол осының бәрін таратып айтқанда, ортақтастырып бір тұлғаның бойына жинақтағанда, Махамбет өлең өнерімен әлемдік әдебиеттің, азаматтығымен адамзаттық деңгейде тұлғаланып шыға келетінді.

Оның бәрі поэзия атты ұлы құдіреттен қуат алып жатқанда, тыңдамасқа, құлақ қоймасқа шараң қалмайтын. Қадыр ағаның

Махамбет жайлы бір ғана арнаулы курсы – Махамбеттанудағы басты мектебімізге айналғаны даусыз дүние.

Өзіміз де кейін докторлығымыздың бір тарауын Махамбет поэзиясындағы азаттық идеясына арнадық. Сол тұста Қадыр аға ой-танымы бағдаршам іспетті, нұр шашып тұрғаны да талассыз шындық.

Қадыр Мырзалиев сөйлеу сөзге ғана шешен емес, керемет туа бітті педагог та психолог еді. Алғашқысын университеттен бойына сіндіріп шықса, соңғысы тумысынан творчество адамы болып жаратылған жанға тән қасиет. Сондықтан да ол ұстазға тән осы екі керектің таразы басын теңгеріп ұстаған ұлық ұстаз болатын.

Қадыр аға ақын психологиясын ғылыми негізде меңгерген адам-тын. Бірде ол: «Анна Ахматова не көрмеді! – деп бастады әңгімесін. – Оның басынан кешкенін адам баласына бермесін! Өзінің сүйегі асыл, берік материалдан жаралған ақын жалтақ, қорқақ, аяншақ адамдарды жек көрген. Бірде оған таныстарының бірі: «Мен тісімнің өзін наркозбен алдырдым. Ауырғанына шыдамадым!— дейді. Соны естігеннен кейін Анна Андреевна әлгіні адам қатарына қоспай кеткен. Ал өзі көшені кесіп өтуге қорқатын еді деп жазады білетіндер. Ойлану керек. Мен өзім бұған сене алмаймын. Күндіз-түні бомбадан бас көтертпей жатқан кезде соғыстың өзінен қаймықпаған батыр тұлға (ол сол кездің өзінде қаланы тастап кетуге көпке шейін келісімін бермеген. Сталин оған арнайы ұшақ та жібермек болған) көшеден өтуге қорқушы ма еді? Егер шынымен қорықса, онда, әрине, мән бар. Халық жауларымен күрестің қызып тұрған шағында кейбір қауіпті кісілерді машинамен қағып өту – құтылудың бір тәсілі болған. Анна Ахматова сияқты аңғарымпаз ақынның оны білмеуі, ескермеуі мүмкін емес...». Таңғаларлық байқампаздық. Ақын жан дүниесінің ішкі әлеміне бойлау осындай-ақ болар. Қадекен өзі сынды ақын мінезіндегі өзгеріс құбылысын кәнігі психологтай тап басып отырған жоқ па?! Ол – нағыз психолог.

Ақын-ұстаз сабақ сайын студент-жастардың ішкі әлеміне бойлауға тырысатын. «90 минуттың 15 минуты сендердікі, 75 минуты таза менікі» дейтін үнемі.

Ұстаз сабаққа дәл уақытында кіріп, 5 минут сол күнгі сабаққа қатысы бар, бірақ Махамбеттен өзге дүниеден алынған жалпы адам тәрбиесі, шығармашылық тәрбиеге тиесілі түрлі қызықты, талас-тартысты әңгімені бастап қойып, сабақ аяқталуға 10 минут қалғанда, оны әрі қарай жалғап әкететін. Мәселен ол бірде: «Адамды ғалым қылатын мектеп те, жоғарғы оқу орындары да емес. Оқымысты болу, білімдар болу тек қана өз қолында. Ол үшін, әрине, құдай берген қабілет, жігер-қайрат, ең бастысы – сол ілім-білімге деген құштарлық қажет», – деді шәкірттерін үлкен әңгімеге жетелеп. Мұның ар жағында үлкен тәлімдік дүние жатыр ғой.

«Белгілі бір халықтық қазына есептелетін тіл емес, белгілі бір региондық саналатын дін емес, ғылым — бүкіл халықтарға, бүкіл ұлт атаулыға ортақ, интернационалды дәулет. Міне, осы ортақ та ұлы дәулет өткен екі мыңжылдық та, әсіресе, онын екінші жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы жиырмамыншы ғасырда қарыштап дамып, ғарышқа қадам басты. Бұл тенденция әзірше бұдан әрі жалғаса бермек. Тенденция дегенде мен нақтылы ғарыштық бағытты айтып отырмын.

Оның үстіне, сөздің тура мағынасындағы Үлкен Ғылымға апаратын бірден-бір жол — жалпыхалықтық білім. Ал енді соның жағдайы мақтанарлық емес». Бұл да өткен ойды жалғастырған келесі сабақтың бастамасындағы толғаныс.

Кейде осындай мәселелерде пікір талас барысында сұрақ көбейіп кетіп, әңгіме ұзаққараған тұста жалғасын келесі дәріске қалдырып, не үзілісте жалғастыратынбыз. Бір аптадан соң келгенде, әлгі тақырыптың немен аяқталғанын ұмытпай, кім не дегенін, нендей сұрақ қойғанын тап басып айтып, жауабын дайындап келетін. Мың сан жұмысы бар жанның оларды ұмытпауы жадтың мықтылығынан деп білемін.

Қадыр ағаның практикалық сабағы тіптен керемет өтетін. Ол кашанда студентке өзін-өзі жан-жақты ашуға, ал ұстазға ізденіске бейімі бар білімгерді тани білуге ашуға бағытталған бейінділік сабағы болып шығатын. Дәріс сабағында қолына титтей қағаз ұстамайтын ұстаз, жауап берушінің жазып келгеніне жалтақтауын емес, керісінше, өз бетінше сөйлеуін қатты қадағалайтын. Тақырып бойынша баяндама жасағанда да, сол

талаптан танбайтын. Шәкірттерінің өзін сөйлетуге, тақырыбын игере алуға тәрбиелейтін. Шығарманың туу үдерісіне бойлауға, шығармашылық тұлға лабораториясын ашуға шақыратын. Ал өзі әдебиеттегі «ғажап дүниенің» жаралуындағы сан түрлі құбылыстар сыр-сипатына кереметтей сұңғылалықпен енетін, сөйтіп шығармашылықтың сан қатпарын нақпа-нақ айқындайтын. Ол кісінің мына бір әңгімесі осының куәсіндей: «Соғыстың алдында Абдолла Жұмағалиев деген қазақ ақыны болған. Сол болашағы өте үлкен дарын иесі соғыс кезінде ерлікпен опат болған. Соның мінезі де тура Лермонтовтың мінезіндей... Тұрған өрт болса керек. Қасым Аманжоловты сұмдық жақсы көрген. Пір тұтқан. Қасым жоқ жерде біреу-міреу ол туралы қолайсыздау сөз айтса, атып тұрып: «Жаңағы сөзіңізді тағы бір қайталаңызшы!» – дейді екен. Қайталаса, кып-қызыл төбелес шығарады екен. Қасым да оны керемет жақсы көрген. «Абдолла» сияқты поэма тек сондай махаббаттан ғана туады деп білем. Ғажап дүние!»

Біздің ұстаздық-шәкірттік бірлігіміз сол практикалық сабақтардан басталады. Аға қойған сұрақтарға тиянақты жауап беріп, талқылауларда шама жеткенше дұрыс-бұрысына қарамай өзіндік ойлар айтып, ұстаз назарына іліктік. «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Махамбет бейнесі» деген баяндамамызды да ұстаз жылы қабылдады. Семестр ортасына қарай Қадыр ағамен университет дәлізінде, ертерек келіп қалса, күтіп алып, университет алдындағы «Бақбақ» гүл тәріздес субұрқақ алдында емін-еркін әңгімелесіп қалатын дәрежеге де жеттік. Бірде ол сол субұрқаққа қарап тұрып: «Жалпы су тіршіліктің нәрі ғой. Су мен бақты Әбунасыр әл-Фараби өте жақсы көрген. Мүмкін оны ақын еткен есте қалған мөлдір су мен жасыл бақ, туған жердің елесі шығар. Махмуд Аббас өз еңбегінде әл-Фарабидің өлеңді арабша да, парсыша да жазғанын айырықша атап өтеді. Туған жерінен өте жастай кетіп, мәдениет жағынан әбден арабтанған данышпан туысымызға жат өлкеде жүріп өлең шығарудың қажеті де жоқ еді, әрине. Ал оның арабша, парсыша жазған жауһар жырларының бұл заманға түгел жетпеуі тіптен мүмкін емес. Сірә, ол өз өлеңдерін басқа есім, басқа ныспымен шығарған болуы керек. Әдебиет тарихын да мұндай құбылыс жиі

ұшырайды... Жо-оқ, Әбу Нәсір әл-Фараби мықты ғалым болғанмен, шабытты ақын болмаған ғой, сондықтан да оның өлеңдері халық жүрегінде сақталмаған дейін десек, тоғызыншы ғасырдың аяғы мен оныншы ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Әбу-ль-фарадж әл-Исфәһанидің «Күй кітабында» ақынымызға берілген мынандай бір ғажап баға бар. «Поэзия — дөңгеленген алтын түйе, оның басы — Әбунәсір Мұхаммедке, өркеші — Әбу Нувасқа, иығы Омар ибн Әби Рабиаға, кеудесі – Әбу Тәммәмға тиеді, қалғаны ішек-қарын – оны екеуміз бөлісіп отырмыз». Бұл сөз арабтың атақты ақыны Әбу Фирастың аузынан шыққан», – деп қалды. Мұндай ойлар шәкіртті ізденіске итермелемей тұрма?!

Сабақ та аяқталды, сессия да өтті. Алғашқы семинар сабақта Қадыр аға: «Жалпы курсты (келесі оқу жылында жүргізетін) маған кафедра міндеттеді, ал арнаулы курсты өзім таңдадым. Мұның екі себебі бар. Біріншісі мен қазір Махамбет шығармашылығымен шын мәнінде ғылыми ізденістік деңгейде айналысып жүрмін. Себебі Махамбет туралы драма жазбақ едім. Екіншісі осы сендерге сабақ бергенде өзімнен де, сендерден де бір қызық ой, қажетті деталь туып қала ма деген үміт бар. Жалпы қандай бір көркем шығарма жазу үшін оның кілтін табу керек. Сонда шығарманы тез-ақ жазып тастауға болады. Ал кілті табылмаған шығарма жартыкеш болып қала береді. Шығарма кілті кейде он айналып, жүз толғанып жүріп табылады. Ал кейде оқыстан табыла кетеді. Мен Сіздерден идея күтемін», – деді. Біздер ойланып-ақ қалдық. Қадекең бізден идея күтетін болса, біздер де бірдеңеге жарап қалғанымыз-ау деген мақтаныш сезім де жоқ емес. Мен мұның шын көңілден айтылғанын, болмаса әдістемелік тәсіл екенінің анық-қанығын біле алмадым. Екі ғана мәселе анық. Біз семинар сабақтарына жауапкершілікпен даярланып келетін болдық. Кейін бізден пайдамыз тиді ме, тимеді ме білмедім, Қадағаң «Жаралы жолбарыс» атты драманы ақыры жазып шықты.

Бұл арнаулы курстан тапқан менің де екі пайдам болды. Біріншіден, «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Махамбет бейнесі» деп Қадыр аға белгілеген тақырып менің «Біржан-Сара» айтысының зерттелуінен» кейінгі екінші ғылыми жұмысым болды. Ол

арнаулы курстың ең озық баяндамасы ретінде «Жұлдыз» журналына жариялануға ұсынылды. Бұл мен үшін үлкен табыс еді. Екіншісі мен XX ғасырдағы қазақ данышпандарының бірі Қадыр Мырза Әли сынды ұстаз-дос таптым. Өзім үшін бұл ұлы қуаныш.

Сол жылы мен табан астында Мәскеуге ауысатын болып қалдым.

Сонымен Мәскеу кеттік. Қадыр ағамен 1-2 жылдан кейін сол Мәскеуде жолықтық.

Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығына келіпті. Оның мәжілісі Үлкен театрда өтті. Алдын ала барып жолығып, онан соң жазушылар Одағында кездесіп, әңгімелесіп қалдық. Қадыр аға Москва маңын және жақын облыстарды аралауға қатысқан жоқ, екі күннен соң елге қайтты. «Аш құрсақ студентсің ғой» деп бір жерге шақырып шәй берді. Өз басым біраз әңгімелесіп, қазыналы кенге кездескендей кенеліп қалдым. Қадағаңмен кездесу әрбір адамды рухани байытып тастаушы еді ғой. Ризалық көңілмен қоштасып қала бердік.

Өмір-өзен ағысы тоқтамайды. Тынымсыз тіршілік, күйбең тірлікпен сағым жылдардың зымырай өткенін білмей де қаласың. Біраз жылдардан соң Алматыға оралып, төрт бұрышын «түгендеп» жүргенде, уақыт жылжи берді. Бұзып-жарып бара жатқан шығармашылық та жоқ, Қадыр ағадан ұялып жүрген жай болды. Арнайы іздеп барып жолыға қоймадым. Кездескен сәтте жылы сәлемнен арыға барған жоқпыз. Көңіл түзу, ниет адал күйде қалдық. Бірақ маған соңғы кездесуіміз қатты әсер етті.

Мен 2009 жылы Зекең (Қабдолов) мен Тұрсекең (Кәкішев) басқарған Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы мен фольклористика кафедраларын қосып тарихи әдеттілікті қалпына келтіріп, Қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы кафедрасы атап, бір кафедраға біріктіргенмін. Сөйтіп оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын жаңаша жолға қойдық. Оқыту пәндерінің сапасы жетілдіріліп, тәрбиелік клубтар ашылып, жаңа бір үрдіс басталып кетті. Сол тұста кафедра доценті Сәлима Қалқабаева «Жүздесу» клубын ашып, атақты ақын-жазушылармен бірнеше кездесулер өткізді.

2010 жылдың 5 желтоқсанында «Қазығұрт» баспасынан 16 томдығының шығуына орай ақын Қадыр Мырзалиевпен жүздесу кешін өткізді. Көптен көрмей жүр едім, Қадағаң қартайыңқырап қалыпты. Кешті 16 томдықты шығарған «Қазығұрт» баспасының директоры, ақын Темірғали Көпбаев жүргізіп отырды. Жүздесу сондай жылы-шуақты, өте қызықты болып өтті. Қадыр аға әдеттегінен аудиторияға қажетті деп білген әңгімелерін әдемі айтты. Сонда айтқан «Жазмышта» да бар мына бір әңгімесі күні бүгінге дейін есте: «Бұдан оншақты жыл бұрын ұлттық университетте лекция оқып жүріп мен де бір нәрсеге қатты мән бергенмін. Өз пәніме байланысты әдебиет теориясының көптеген оқулықтарымен танысып шығуыма тура келді. Соның бір де біреуі шығысты аузына алмайды. Мысалы, поэзия және оның түрлерін талдағанда сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин... сияқты еуропалық өлең түрлерімен шектеледі. Гетенің өзі шығыстың жеті данышпан ақынын білемін, жетеуі де менен мықты деген. Еуропа ғалымдары, ең болмаса, ұлы ақынның осы сөзіне мән бермей ме?! Ойланбай ма?! Олар қандай формада жазды екен деп толғанбай ма?! Егер олар да Еуропа ақындары секілді сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин жазған болса неге мысал келтірмейді...». Сонда ішімізде, шіркін-ай, «Әдебиеттануға кіріспеден» Қадыр ұстаз дәріс оқыған балада арман бар ма екен (Зекеннің аруағы кешірсін!) деген сумақай ой жылт еткені шындық.

Қадыр аға осы кеште өлеңдерін оқып, студенттердің өлеңін тыңдап, поэзия жайлы ойын білдіріп отырды. Біз де аға туралы естелік айтып, ұстаздың ұлағаты, ағалық тәлімі жайлы тіліміз жеткенше тебірендік. Ағаға арнайы жайылған дастарханда да солай болды. Бәрі жақсы. Бірақ бір «әттегене» көңіл түкпірімде кетті.

Кездесуде өмір туралы толғанып тұрып аға көзіне жас алып қалды. Мен сөйлеген кезде де жанарында шық барын байқадым. Дастархан басында да бұл жай бір-екі рет қайталанып қалды. Қадыр ағаны бір түрлі аяп кеттім. Мұндайы жоқ еді. Қайыңдай берік жігіттің көрінген нәрсеге көңілі босай қоймайтын. Көңілге күдік ұялағандай ма, әлде қалай?! Қадыр ағадан бөлектеніп қалған бір тұста жігіттерге: «Әй, жігіттер, Қадағаң қартайып

калыпты, байқадыңдар ма, көңілі босай берді», – деп едім, көбірек араласып жүрген Темірғали: «Кейінгі кезде солай болып жүр, дәл байқапсыз, Өмаға!» – деп күрсінгендей болды.

Иә, бұл кездесу қасиетті Қадыр ағамен соңғы жүздесу екен. Екі-үш аптадан кейін қайран Қадыр ақын, ақылдың ақыны дүниеден озды. Ол жайлы тараған хабар қазақ жұртының қабырғасын қайыстырып-ақ кетті.

Маған Қадаған мұратына жеткен адам болып көрінеді. Алла серік еткен дарынның, ерінбес еңбектің арқасында бәріне де қол жеткізді. Тірісінде бәрінде көрген бақытты жан. Әйтсе де кеудесінде өзім білетін бір арман бірге кетті ме, деп ойлаймын. Ол кісінің үлкен бір шығармашылық арманы кішірек, тыныш қалада, жеке үйде тұрып, еш алаңсыз шығармашылықпен айналысу еді. Оған уақыт шіркін ерік берді ме?! Дүние апай-топай болып кеткен жоқ па?! Мына төменгі сөздерден Қадыр ағаның сол арманының ұшқынын сезуге болады.

«Қай қала болса, ол қала болсын! Мен оларды ұнатпаймын. Басқа кінәсі жоқ. Тек қала болғаны үшін ғана. Өйткені қала адам табиғатына жат. Оның аспаны алақандай, жері тебінгідей. Шығып келе жатқан күнге қарап, сүйсінбеген соң, батып бара жатқан күнге қарап, өмір туралы ойға шомбаған соң, қысқасы көкжиекке тесіле қарап, көзіңді армансыз суармаған соң — тірлігіңді тірлік деу қиын!

Үйлер. Үйлер. Біріне бірі мінгескен ғимараттар. Далаға шығып келейін деп ойлайсың. Бірақ шыға алмайсың. Анығырақ айтсақ, шығасың. Бірақ бір үйден шығып, бір үйге кіресің. Үй деп жүргеніміз де сол — қала. Қала — бір үлкен үй. Үйіміз деп жүргеніміз — сол үлкен үйдің шағын бөлмесі ғана. Демек бір бөлмеден шығып, бір бөлмеге кіреміз. Бар өмірің, бар тіршілігің сол — есік ашу мен есік жабудан тұрады». Дархан дарынның есікті ашып, жабудан тұратын өмірді қаламағаны айдан анық. Бірақ амал жоқ. Кейін қартайып, зейнетке шыққанда, тек шығармашылықпен айналысып, тыныш өмір сүрсем деген арман орындалмай-ақ қалды.

Бір бойына алуан қасиетті дарытқан сан қырлы саңлақ дарынға ұлылықты қимау мүмкін емес. Бұл пікірімді ұнатпағанға айтар уәжім жоқ. Өйткені ұлылықты тану мен бағалау үшін

даналықтың қажеті жоқ. Ол – адамдық болмысыңмен сезінуге тиіс ардың ісі. Өзім үшін Қадыр Мырза Әли – ұлы ақын-ұлық ұстаз!

Иә, ұстаздық тағылымың мен зиялы-зияткерлік тәлімің мәңгі жүректе, Қадыр аға!

Саналы ғұмырымызда Сіздің есіміңізді ардақтап, ұлылығыңызды ұрпаққа үлгі етуді бір сәтте естен шығармаймыз! Ұстаз ұлағаты ұмытылмақ емес, ұмытылмайды да!

СЕЗІМ СЫРЛАРЫН СӨЗГЕ КӨШІРУДЕ

Бисенгали Зинов-Ғабден Қабиұлы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Қазақстан, Алматы қ.

1967 ж. арманым орындалып Қаз ҰУ студенті атандым. Өлең шығарудың ғана емес оқудың да ерекше қызық болтынын әрі айрықша өнер екенін сонда ғана көрдім.

Курстастарымыздың көбі ақын болып шықты. Алғашқы күннен бастап өлең мүшәйрасының (курстастарымыздың жарсы ғой..) оқыған өлеңдері туралы даулары мен айтыс тартыстарының түрлі қызықтарын көріп, естіп таң қалдым. Әрі, осы мен мында неге түстім дегендей.., қорқынышы ойларда қалдым.

1968 жылдың жазғы демалысында стуенттік құрлыс тобығын құрамында Павлодар облысының Ертіс ауданына ұйсалуға бардық. Ала таңмен тұрып жұмсықа кірісеміз, ауыр жұмыстар, түн түскенге дейін құрлыс жұмыстарына әбден шаршаймыз, сол күндедің бірінде өзіміз салып жатқан үйді бір бөлмесінде демалап отырсам, алдымда журналдың жұлынған бір беті жатыр. Алып қарсам өлеңдер.., оқысам ерекше бір көркем жырлардан үзінді.., көзімді ала алмадым, көңілім де сол беттегі үзіндіге байланып қалғандай.., Мұндай да болады екен-ау. Сол жолдарға байланып қалғандаймын.. Ол мына өлең жолдары еді...

Жол ұзақ, шаршадым, терледім,
Қимады-ау, үп еткен жел лебін.
Ғарышта бұлт болып көрініп,
Ақ жаулық желпіген сен бе едің?!...

Неге екені қайдам...бұл жолдардың маған әсері айрықша болды..., Курстастарыма көрсетіп, қандай әдемі шумақ, өзегіндегі сезімдер сырының астарлары қандай екен деп әсерімді айтып көрсем, менің бұл әсерлеріммен ешкімнің ісі де болмады. Тіпті селт еткен біреуі болсайшы. Бұл кімнің өлеңі екен деп сұрасам да кімнің өлеңі екенін ешкім де айта алмады. Студенттік құрлас тобының жанталаса істеп жатқан қауырт істері менің бұл әсерлеріммен шаруасы болмағандай. Бірақ мен үнемі әлгі жолдарды қайталаумен жүрдім. Біртіндеп бұл да ұмытылды.

Алматыға келген соң ұлттық кітапхандан шықпай іздеп жүріп әлге жолдардың авторын таптым. Сондағы жарияланған өлеңдерді қайта бір оқып шықтым. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері..., бірақ, неге екенін білмеймін, басқа өлеңдерінің әсері маған онша болмады.

Оқу басталған соң күнделікті дәріс, тәжірибе сағаттары дегендей алуан түрлі тапсырмаларды орындауға кірісіп те кеттік. Қызығы мол сағынышқа, достық ықыластарға толы кездесулер, әзіл-қалжыңдарға толы күндер басталды.

Сондай қызықтардың бір студенттер арасында әйгілі, атақты ақын Қадыр Мырза-Әлімен кездесу кеші болды.

Ақын қазақ өлеңінің түрлі мәселелері мен қиындықтары туралы ойлары мен шығармашылығының туралы біраз әңгімелер айтты. Студенттердің сан түрлі алуан-алуан сұрақтарына жауап берді. Олар оқыған түрлі өлеңдерге мақтау бағытында түрлі пікірлер айтты.

Соңында қолтаңба бере бастады. Қолымда ақынның екі кітабы бар еді, біреуі курстасым Жамалға сыйлық ретінде алғанмын, соларды апарып қолтаңба сұрадым. Өзіме деген кітапқа тілегін бір ауыз өлеңмен жазды да, Жамалға алған кітапты ұсынғанымда, бетіме зер сала қарады да., бұл кісі сізге кім болады деп сұрады, ойлана қарайды., сасып қалдым-ау деймін..., не айтқаным есімде жоқ, әйтеуір жазып қолтаңбасын қалдырды...

Осыдан бастап Қадырдың өлеңдерінің нағыз жанкүйеріне айналдым. Баспасөзде басылғандарына дейін қалдырмай оқитын болдым. Кітаптарын іздеп жүріп сатып алатынымын. Студенттер арасындағы поэзия туралы талқылауларда оның жырларының өзегіндегі тек қана соған тән өзгеше көркемдікті дәлелдеуді бастадым. көзге түстім. таңғалудан студенттер арасындағы айтыстарда сөйлей бастадым.

Мерзімді баспасөздегі Қадыр өлеңдері туралысындарға жауап жазуды шығардым. Олар, әрине басыған жоқ.

Өтіп жазқан заманымыз турал жақсы өлеңді қазақ ақындар арасында тек қана Қадыр Мырзалиев өте көркем жазады дейтінмін. Оның өлеңдерінің біразын жатқа оқитынмын...

Бірақ, келе келе студенттер арасында, көбіне жатақханада тұратындар, ақын Т.Айбергенов туралы пікірлер жиі қозғалып тіпті басым түсе бастады. Әсіресе, жоғағы курс студенттері оның өлеңдерін жіліктей талдап, Қадырдың өлеңдерінен мықты дегенді үдетті.

Т.Айбергеновті оқуға, білуге тура келді, оның өлеңдерін Қадыр жырларымен салыстыра бастадым. Өлеңдері тіліндегі бейнеге көшкен күрделі ойлары көптеу, әрі тереңдеу, бейнелілеу көріне бастады. Одан кейін бұл таластарға Мұқағали жырлары қосылды.

Өнер әлемінде өзінің кім екенін таныта бастаған талай талантты ақындар көбейе бастады. Енді біз де әдебиет әлеміне шындып ене бастаған студенттер айтыс-тартыстарымыздың әдіснамаларын өзгертіп теориялық талдауларға, әлем әдебиетінде айтыла басаған ірі ақын-жазушылардың шығармалры турады бізге жеткен зерттеулермен жете танысуға жен қойдық.

Өнер әлемінде өзінің кім екенін аса талантты ақындар алғаншында да сезеді. Дара ойлары мен сезімдік сырларының көркем бейнелерінде өзіндік нақыштарының өрнектері айқындала бастайды. Мұны айтары барлардың ізденіс, талпыныстары көрсете бастауға тиіс.білуге тиіс. Оған ешкімнің таласы болмайды-ау деймін. Бұл, сірә, ақындық өнердің басты құпиясы шығар.

Қазақ өлең өнерінде Қадыр Мырза Әлінің өзіндік орны бары бірден байқала бастады. Мінсіз тәрізлі өлеңдерінің әдемілігі ғажап, анық сезесің бірақ айтып беру қиын. Сізгендерің сөзге көшпейтіндей.. Өлең ойларының машығы, мәнері, тағы басқалары қаламдастарынан өзгелеу...

Мұның бәрін біз 1970 жылдар шамасында, үшінші курсты бітірер уақытта, өлеңнің не екен таныған қалған кезімізде ұқтық.

Ұмытпасам осы жылдары Қадар Мырза-Әлінің «Күміс қоңырау» атты жинағы шықты. Өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. Бұлардың арасында, бір қарағанда, нағыз өлеңге батыс аз сияқылары да бар тәрізді. Алайда өлең дегенді тек өлең жазу деп ұғатындар мұндағы жыр әлемінен өзгелеу көрінетін жанрлар туралы тіпті ойланбауы да мүмкін. Бір қарағанда мұнда шындық та бар сияқты, бірақ өнер әлемінде бұдан өзге де шындықтар бар екен, оның өзге сыр, қырлары бар көрінелі.

Қадыр Мырза Әлі өлеңді осы шындықтар шыңын бағындыруға тәуекелден бастағандай. Ол қазақ өлеңінде, әсіресе балаларға арналған шығармалар туралы бейнеулерінде дәстүрлі тақырыптар туралы жаңа, тосын ізденістерді байқатты.. Ал олардың кейбір түрлері туралы теориялық кітаптарда болмаса көп қозғала бермейтін. Демек, Қ. Мырза-Әлі балаларға арналған жинақтарын дайындауда, қазақ балалар әдебиетінде сиректеу қозғалатаны жанрлар мен олардың көркемдігі туралы ойланған, теориясын қараған, өзге әдебиеттерге үңілген.

Қазақ қоғамдық санасында ақынның «Күміс қоңырау» жинағы іріктелген, сұрыпталған көптеген кітаптардың жемістерінен жинақталған жырлардың топтамалары тәрізді әсер қалдырады. Алайда жинақ тек қана балаларға емес үлкендерге де тәрбие ісінде ой салатан, ақыл кеңес беретін асыл кітап. Оның маңыздылығы - таным тарапында. Ондағы әр өлеңде көпшілік аңғара бармейтін қарапайым оқиғалардың сирек байқалатын шындықтары, түйіндері әдемі ойлы, ойнақы бейнелеулер арқылы танытады.

Мәселен, «Күшігімі деген екі-ақ шумақты өлеңде жеңіл күлкі балалар қа-былдауына ыңғайлы, бірақ үлкендер да аңғара бермейтін әдемі жеңіл юморлық мысалы қолданылған:

«Өзі адамға үйірсек, Өліп-өшіп ойнайды. Қиқуласып жүгірсек, қашып жүр деп ойлайды. Қуып жетіп қалғанда Білмейді не істерін. Балтырыңнан алғанда Батырмайды тістерін.»

Жинақта дәл осындай әсерлі жазылған 300 жуық өлеңдар бар. Әр өлең жоғарыда көрсетілген «Күшігім» тәрізді әдемі жырлар.

Мүл шағын жырлардың әрқайсында тақырып пен көркем мазмұн іздеудегі ақынның талай жылдарға созылған, таланты қажетсінген еңбектері жатыр. Шынын айтқанда аса мықты шеберлік мектебі осында деп айтуға болатындай.

Бұл Қ. Мырза-Өлінің қазақ өлеңіне алғашқы қосқан үлесі. Әрі осы кітаптардан бастап балалар әдебиеті туралы сөз болғанда Қадыр-ақын туралы айтатын болдық. Әрі осы кітаптарда, жинақтарында көрсетілген өзге жанрлар туралы байсалды пікірлер айтыла бастағанда бұл жанрларда жазатын өзге ақындар да көріне бастады.

Бірақ, балалар әдебиеті деген біз ойлағандай қарапайым емес қой. Қарапайымдылық артында өте ірі маңызды ойларды, шағын тәрізді үлгілерге сиғызу тәрізді айрықша талант керек...

Қадыр Мырза Әлі де балалар әдебиетінің сирек жырларына жазуды тоқтатқан жоқ. Тынымсыз ізденістер, өте көп еңбектер әкелді. Бұл шығармалар әрі ойлы, әрі жеңіл, әрі ойнақы болатын.

Қадыр Мырза-Әлі шығармашылығының ең жемісті жылдары ретінде 1987 жылға дейінгі оншақты жылдарды атуға болады. «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Ақ отау», «Домбыра» т.б. Оның өнер басталдағының шыңына өрлеу жылдары осы сияқты. Енді осы жинақтарға тоқталсақ.

«Ой орманы» аталуының өзінде ақ ойлы жанды ақындық ойлар әлемінің теңізіне батыратын таңғажайып тәсілдері байқалады. Ой өрнектерін құрылымдық мақсатқа сай өруде ақынның ешкімге ұқсамайтын қалыптасып үлгерген бөлек табиғаты бар. Ақын талантының даралығы алдында тұрған шығармашылық ізденістерінің кейбір әуендерін осы жинаққа енген өлеңдерінде көркем мазмұнға ұластыны бастағандый. Тіпті осының өзі -ақ қалың оқырмандарға ойға толы ақын армандарының басты-басты бағыттарын аңғартады.

Әрине, ақын өлеңдерінің негізгі бағыты сезім сырларының бейнелерге көшуінде. Онда сан алуан ойлар толғаныстармен

қабаттаып адам табиғатының тағдырын талдай бенелейді. Оқырманмен сырласуға жетелейді. Бір қызығы тақырып мазмұны жаңалық болмаса да, өзге ақындар мен прозашылар шығармаларында алуан бағыттарда сөз болса да, мында Қадыр шығармаларында, жаңа қырынан көтеріліп мәні өзгешелігі көзге түседі. Ең бастысы мына жырларында көп қозғала бастаған тақырып жаңа пішімде көрініс тауып, соған сай мазмұны да өзгеріп кетеді.

Мәселен ақынның мына өлеңін талаасақ: «Адам күліп тумайды, туа сала күлмейді. Үйренеді күлуді, бірақ күліп өлмейді. Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып. Және жылап өледі, өзгені де жылатып. Жылайтына туа сап - жамандар бар кинайтын, Жылайтыны өлерде – жақсылар бар кимайты.»

Бұл – осы жарық көрген күннен бастап ел аузында жүрген өлең. Өлең табиғилығы сонша, әркімнің ойындағы сырды қайталайтындай. Адам өмірінің қарапайым түсінікті тарихы терең пәлсапаға ұласып, өлең мазмұнындағы көркемдікке оранған ойлармен оқырмандарға жаңа ой, сезім сыйлайтындай. Оқушыға әсер ететін тағы бір қасиеті осы пәлсапа туралы ақындық өзге ой ұсынуында.

Ол өмір мәні туралы тіпті ойланбайтындар өлең өзегідегі пәлсапалық ойларды тіпті қажетсінбейді де. Өлең туралы осындай ойларды әдеби өрнектермен бейелеген.

Қадырдың кейіпкерлері оның замандастары. Қазақ даласының тұрғындары. Бірақ бір қарағанда солай көрінгенмен олар Ақынның «Ой орманы» жинағында» айрықша қасиеттерімен, туған даласы туралы ой армандарымен оқшауланады. Олардың туған дала туралы ойларында қаншама дара қабылдау мен танымдар бейнеленеді. Әр кейіпкердің дала туралы махаббаты дараланған, олар бір-біріне ұқсамайды да.

Туған жер, өлке, алып мұхиттар мен зағар тулар туралы ақындар шығармашылығындағы өзгелік жер-су атаулары мен рельефтеріне ғана байланысты болмайды. Кейде, кейбір оқырмандар ол белгілерді де оңашалай талдап көтермелеп көрсетіп жатса да мәселе басқада. Ол кейіпкердің өз туған жеріне деген ерекше танымына, содан өрби дамитын махаббатына да байланысты болады. Дәл осы тұста ақындар танымы мен

шығармашылық ізденістеріндегі үндестікті барлық зерттеуші ғалымдар айтады, Әрі бұл ой-ойларын түрлі теориялық талдаулар ақылы түсіндіреді.

Қадыр Марза-Әлінің туған жерге деген сүйіспеншілік өрнектерінде өзге реңктер де үнемі көзге түседі. Қай жерде дүниеге келсе де, қанша ғұмыр кешсе де олардың өскен ортасы мен туған өлкесіне деген сезімдер сырында бір ортақтық, бір өзгелік болмақ. Қадар Мырза-Әлі жырларында осы үнлестік пен өзгелік пәлсапасы айқын.

Ақынның «**Дала дидары**» кітабында осы ортақтық пен өзгелік үндестіктері арасында адами махаббат ұлылығы аталады. Шығармада бейнеленетін кейіпкерлердің туған жерге деген дара сезімдері өзегінде өмірге деген ұлы махаббат сырлары орналасқан.

Кітап төрт бөлімі ортақ тұтастықты жырлайтындай көрінсе де осы ортақтағы дара белгілердің мазмұндық ерекшеліктерін де айқындайды. Ақын сірә, туған далаға деген ортақ махаббатты суреттесе де төрт тарауға бөлген топтамаларды белгілі бір қасиет, қажеттіліктер бойынша жіктейді. Ақын лирикалық шегіністер арқылы кейіпкерлер ой-әлеміндегі ерекшеліктерді айтады. Әрине мұның жасанды сипаты да анық аңғарылады. Бірақ, ақын өз ойлары жетегіндегі көркемдік мазмұнды күшейту мақсатында осындай тәсілдерді қолданады.

Мәселен, «**Көне заман көріністері**» аталатын бөлімде бір ғана тақырып, байырғы қазақ ауылының әр замандардағы алуан шындықтары туралы ақын толғамдар бейнеленеді: «Жар-жар», «Бесік жыр», Бәйге», «Көкпар» «Барымта», «Күндестер» т.б өткен өмір шындықтары жырлынады. Жеке өлеңдердің атулары аңартып тұрғанда-ақ бұл жеке жырлар дала тарихының өткен дәуілдерінің көріністері қамтиды. Қуанышы ме қайғысы, заман мұңы мен зары тұтасып бейнеленеді.

«Дала дидарындағы» ақын өлеңдерінде тек қана шебер ақындар шығармашылық сезімталдық қасиетті тұлғалар ғана таба алатын, жасай да алатын тілдік бояудар өткен ғасырлар тарихы мен салт-санасынан хабары мен

Білімі жоғары сұңғылалық көрсеткен.

Мәселен: мына өлеңдегі шындақтар мазмұндарындағы ырғақ, ұйқастарға көз салған оқырман ақын шеберлігінің мінсіздігіне қайран қалады, «күншілдер өледі Көңілін от қарып, Батырлар өледі Борышын атқарып, Бұзықтар өледі Пышаққа құлшынып, Сұлулар өледі Құшақта тұншығып, Арғымақ өледі Артында шаң қалып, Ақындар өледі Бәріе таң қалып!»

Мұндай шындықтардың өзін ғаламат ырғаққа топтап, ұйқастарға үйлестірудің өзі ақындар үшін аспаннан түсетін ұйқастар емес.

Әрбір шағын бөліктің өзінде ақын алдына қойған мақсатпен байланысты аңғаруға болады.

Осы топтамаға енге келесі кітап **«Бұлбұл бағы»** болатын. Осы кітапта да алдыңғы жинақтарда сәтті қолданған әдіс-тәсілдерді жалғастырады. Жеке бөлімдер атауларын тоқтала қарағанда алдыңғы жинақтармен шығармашылық байланысты, және онда енді-енді көріне бастаған шығармашылық әуендерін әрмен ұштай түседі.

Кітаптың бірінші бөлімі - тағы да туған жер туралы толғамдар. Осы бөлікті оқып отырғанда алғашқы жинақтарда басталып ақын түйіндей алмай бірақ соған өте таяу келетін афоризмдік түйіндерді мына кітапта аяқтайтын сияқты. Мәселен, «Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен. Тағдыр сендей сүйесе, сүрінбес ем, Кергі жоқ басқа атақ басқа аброй, жетіп жатыр тек қана ұлым десең».

Отан сүйгіштікті осыдан басқа, қалайша артық жеткізуге болады. Бұл Қадыр Мырза-Әлінің осы кітаптарындағы адам таң қалатындай деңгейге жеткен ішкі ерекше сезімдік күштің, сұлу ырғаққа бөленген бейнелері. Осы кітаптағы келесі бір жырдарда «.. туған жердің адамы түгіл, тасты иітер махаббат туралы жазылған жолдар еріксіз толқытады. Сонда кітаптан кітапқа өгіп, өсіп өрлеп кете баратын жыр жолдарын оқығанла ақын таланты мен ізденгіштігіен қайран қаласын.

Осы кітаптағы туған жерге деген отты жырлар легі, жинақтың өзге де нақты тараушаларын шарпи келе отбасы жырларының өзін осы махаббатқа балқыған әлемге алып шығады, Ағашқы кітаптардағы үндестікке бөленген саналуан тақырыптар, дербестік сипаттары анық жырлар кейінгі

кітаптарда аяқ астынан тұтастықа көшетіні таңдандырады. Тіпті кейде олар бәрі бір тітаптың бір тақырыптағы жырларындай әсерде қалдырады.

Менің оғымша 70 жылдардағы ақын өлеңдерінде адам таңданатындай сан қырлы өлеңдер топтамаларынң көп қырлы сипаттарынан байқалатын алуан мәнді мағналар тәрізді сан алуан сансыз жырлардың жиынтығы көзге түседі.

Осының ірі бағыттары Қадыр Мырза қаламгерлік өнерінің өрлеу сипатын енді шындап зерделеудің қажеттігін байқатады. Бұл енді алдымыздағы мақсат.

БАЛАЛАРҒА БАЛДАЙ ЖЫР ЖАЗҒАН АҚЫН

Нұрдаулет Ақыш

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.

Қазақстан, Алматы қ.

Қ.Мырза-Әлінің Тұңғыш туындысы 1954 жылы «Пионер» журналында жарияланды. Оның өлеңдері алғашқы көрінген сәтінен бастап-ақ оқырмандар мен әдебиетші қауымның назарына аударып, қазақтың поэзиясына жаңа бір жұлдыз келгенін әйгіледі. Біртіндеп емес, жарық етіп бірден танылған дарын.

Ақынның балаларға арнаған өлеңдерінің тақырыптары да қызық. Мәселен, «Ондайлар да бар», «Балшықұлы Балшықбай», «Ноян қоян», «Орашалақтар ортасы», «Бөсербай», «Ақылшылар алқасы», «Жануарлар жайлауы», «Хайуанаттар хикаясы», «Жабдықтар жатағы», «Табиғат терезесі», «Бояулар байлығы», «Қуаныш календары», «Аквариум», «Зообақ», «Биік баспалдақ», «Сабакта және сабақтан соң», «Барлық саусақ бірдей емес», «Алуан түрлі арыздар», «Болу керек мықтырақ», «Терең біздің тамырымыз», «Табиғат бір жыр кітап», «Шаруаның шағын ауласы», «Қол бермеймін аңшыларға», «Үлкен болғым келеді», «Сағыныш самалы», «Шаңырақтың шуағы», «Мамандар мәслихаты», «Көктем», «Данышпан», «Сабак», «Күміс қоңырау»,

«Көкпар», «Жаңғалақтар», «Алуан палуан» және т.б. Тақырыпты тартымды етіп қоя білу де – жас оқырманды қызықтырудың бір тәсілі.

Қ.Мырза-Әлі алғашқы шығармаларымен-ақ балалардың жан дүниесіне енетін туындылар жазуға бейім акын екендігін байқатты. Оның «Кішкентай қожанасырлар», «Алуан палуан», «Күміс қоңырау» және басқа да кітаптары балалардың әлемін, олардың жан дүниесін, өмір сүру формасы мен мақсат-мүддесін әр қырынан ашып көрсете алатын өлеңдерге толы. Қазақ өлеңнің бүлдіршіндерге арналған «Тақпақ» деп аталатын формасы осы Қ.Мырза-Әлінің шығармашылығынан анық байқалады. Қысқа да нақты ойларды айту арқылы оның түсінікті жағын және тиянақтылығын, әр сөзді орнымен қолдануға болатын сипаттарының бәрін осы Қадыр өлеңдерінен аңғара аламыз.

Қадыр Мырза-Әлінің бүлдіршіндерге арнаған «Ана тілі», «А», «Шие мен жиен», «Тілазар», «Көктем шығып кетпесін», «Ағаның әлдиі», «Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Ерке», «Сотқар», «Маубас», «Жайбасар», «Мақтаншақ», «Жаңғалақ», «Қомағай», «Күйгелек», «Салақ» және т.б. өлең-тақпақтарының ойлары тұжырымды, бітімдері көркем.

Қозғайтын тақырыптары да әр алуан. Мысалы, ақынның таңдамалы жинақтарының екінші томындағы өлеңдер «Биік баспалдақ», «Сабақта және сабақтан соң», «Барлық саусақ бірдей емес», «Алуан түрлі арыздар», «Терең біздің тамырымыз», «Үлкен болғым келеді», «Мамандар мәслихаты» тәрізді қызықты тараушаларға бөлінген. Бұлайша жүйелеу жайдан жай емес. Оның бір мағыналық, тақырыптық негіздері бар. Ақынның бұл топтамадағы өлеңдері де жас баланы өмір сырына үңілуге, жақсылыққа тәрбиелеуге және көзқарасын кеңейтуге бағытталған. Әрине, мұндай бағыт барлық ақындарда да кездеседі, бірақ Қ.Мырза-Әлінікі белгілі бір жүйеге негізделіп, жоғарыда айтқанымыздай, әр шумақ, әр сөз қолмен қойғандай нақты қызмет атқарып тұрады.

Ақын – бүлдіршіндер бойындағы жақсы қасиеттерімен бірге адамға бірден-ақ ұнамсыз әсер ететін теріс сипаттары да бейнелеп жеткізуге шебер. Олардың өзін топтап беруге жүйрік екендігін жүйелі де циклді өлеңдерінен аңғаруға болады.

Мәселен, «Мінез» деп аталатын топтамасының «Жаңғалақ», «Ұйқышыл», «Олақ», «Мешкей», «Тентек», «Суайт», «Еріншек», «Аңқау» деп аталатын өлеңдерінде, аттары айтып тұрғандай, бала бойындағы белгілі бір кемшіліктің адам баласына, соның ішінде мінез иесіне де қандай зиян келтіретінін қолынан қойғандай етіп шеберлікпен жеткізе білген. Олақтың портреті:

Жоқ жұмысқа бір ебі,
Қолына ине кіреді..
Балға ұстаса,
Бармағын бес күн байлап жүреді.

– деген жолдардан өзімізге таныс суреттерді көргендей боламыз. Өзінің олақтығынан қиналып, денесін жарақаттап, бір жерін ауыртып немесе басқа біреудің үсті-басын былғап жүретін олақ жан әрқайсысымызға таныс.

Жалпы, Қ.Мырза-Әлінің балаларға арнаған шығармаларында жырланбаған тақырып жоқтың қасы. Ол – бала өмірінің айналасындағы, тіршілік ортасындағы заттар мен құбылыстарды жіктеп, жүйелеп жырлаған ақын. Олардың әрқайсысынан белгілі бір философиялық түйін шығаруға бейім.

«Шеберхана» топтамасында келтірілетін – жұмыс істеуге лайықты құрал-саймандардың аттары мен оның тиісті міндеттері. Бұл арада «Шеберхана» мен «Шаруа» деген топтаманы бірге қарастырған да абзал болады деп ойлаймыз. Атап айтқанда, «Балға», «Теміртөс», «Шеге», «Кемпірауыз», «Егеу», «Сүргі», «Қашау», «Күрек», «Шалғы», «Тырма», «Айыр», «Ара», «Балта» деген атаулардың өзі-ақ олардың өмірге қажетті құрал-саймандар екенін білдіретіні сөзсіз. Кейбір балалар бұл құралдардың аттарын естігенімен, нақты қандай қызмет атқара алатынын анық ажырата алмауы да ықтимал.

Ақынның мән беріп, акцент жасайтыны да – сондай таныстыру мақсатындағы түйінді сөздер. Оның шығармашылығына үңіле түсетін болсақ, жалпы өмірмен жақындастыру, таныстыру жағына көп көңіл бөлгенін аңғарамыз. Оның «Түлек», «Бақша» деп аталатын топтамалары – айналамызды қоршаған үй жануарлары мен бау-бақша өнімдері туралы тұнып тұрған қысқаша мәліметтер. Және былай қарағанда құр ақпарат болатын дүниелерді ақын өлең тілімен өрнектеп,

қазақ сөзінің мәйегін келтіре отырып, жас бүлдіршінге түсінікті тілде суреттеп беруге шебер.

Қ.Мырза-Әлінің тақпақтары тасқа қашап жазған сына жазуларына, я болмаса ағаштан ойып жазған оюларға ұқсайды. Өйткені әр сөзін салмақтап, ойланып және үнемдеп сөйлейтін ақынның балаларға арналған өлеңдерінде де артық сөз бола қоймайды. Тек бірыңғай бұлшық еттен тұратын мүсінді дене сияқты десек те болады. Мысалы: ол «Мақсат» деген өлеңінде:

Сызат – жылға, жылға – сай болсам дейді,

Ақ сүт – қаймақ, май болсам дейді.

Жарты – бүтін, пар болсам дейді,

Бота – тайлақ, нар болсам дейді.

– деп келетін өлеңінде әрбір ұғым өзінің алдағы болатын, іргелілейтін құбылысты таңдайды. Баланың түсініп алуына ғана емес, жаттауына жеңіл «Мақсат» деп аталатын осындай өлеңдерге ұқсас болса керек-ті.

Ақынның бұдан басқа «Баспалдақ», «Шеге қағу», «Жұмбақ арал», «Ер тұрман», «Онға шейін санау», «Мектептен қайтқанда», «Жазғы демалыс» және тағы басқа өлеңдерінің ұйқастық, пішіндік сипаттары негізінен осы тақілеттес.

«Пәруана, яки, жыңды көбелек» деп аталатын өлеңі отқа қарай ұмтылатын, әсіресе жаздыкүні, онда да кешке қарай көрінетін жыңды көбелек туралы. Бұл бір жағы географиялық ұғым деуге де болады. Қазақтың белгілі бір өңірінде «Жыңды көбелек» десе, екіншісінде «Пәруана» деп те атайды екен. Осы бір ұшатын жәндіктің өзі ізденіп отқа түсетін мінез-құлқын суреттей отырып, биологиялық сипатына тоқталып кетеді.

«Сұрау» атты өлеңінің де философиялық мағынасы терең. Мұнда сұрау деген ұғымның біреуден бірдеңе алу емес екенін, керісінше жас адамның білуге деген құмарлығының айқын нышаны екендігін білдіретіндігі ұйқасты сөздермен түйінделген.

Өмір өзі мың сабақ,

Өтеміз біз күн санап.

Аурулардың халін сұрап қайтсаң,

Ол – сауап.

–деп келетін жерлерінде сұраудың да сұрауы бар екенін көлденең тартады. Не болмаса:

Жығыл, құла не сүрін,

Тимесін тек кесірің.

Айыбы жоқ басқадан

Сұрай білсең кешірім,

-деп кешірім сұраудың үлкен моральдық, имандылық салмағы бар екенін де жас оқырманның есіне салып кетеді.

«Беру» деп аталатын өлеңнің мағынасы да, формасы да алдыңғы тақпактікімен ұқсас. Айтар ойы да «беру» деген сөздің төңірегінен туындайды. Ақын түпкі идеясын осы «беру» сөзінің төңірегінен шығарып алады. Біреуге бірдеңе беру керек десе, заттай беруді не болмаса «Беру керек үлкендер кішіге ақыл-кеңесін» дегенде, мұнда еске салынатыны – ақыл-кеңестің де үнемі қажет екенін, ақыл-кеңесті ақы-пұлсыз беруге болатындығы. «Біреу тойда сөз берсе» дейді, «біреу бата береді». Ақынның бұл тапқырлығы жалпы бір сөздің көп мағына сыйдыратынын білдірсе керек. «Үлкен буын келеді» атты танымдық өлеңдердің бірсыпырасы диалог формасында жазылған. Екі адамның сөзі арқылы ойды танымдық тұрғыдан қиыстырып береді.

Қ.Мырза-Әлінің мысалдарында жан-жануарлар тірі адамдай астарлы кейіпте бейнеленеді. «Түлкінің сыны» атты мысалында түлкі кітап оқиды. Түлкіні мақтаған жерде «Жақсы кітап деп қой» дейді:

Тағы оқыды сол түлкі

«Тауық ұрлап жепті ғой».

Сонда түлкі ренжіп,

«Мылжың кітап» депті ғой.

Яғни, кітаптың мазмұны өзіне жақпаса, ол – жаман, ал өзі туралы мақтаса, онда – жақсы деген сарказм еріксіз езу тартқызады.

Күзгі күні бұлттар да, қаңбақ та бір жерде тоқтамай, әлдеқайда безіп бара жатады. Қаңбақ болса аспанға қарап, бұлттарды «Қаңғыбас» деп тілдейді. «Сонда желдің екпініне төтеп бере алмай, кең далада заулап бара жатқан қаңбақтың өзі «Қаңғыбас» емес пе екен?» деген астарлы кекесін атойлап тұр. Немесе «Доңыз бен сабын», «Бұлбұл және оның иесі», «Түлкі мен

маймыл» сияқты мысалдарда да осындай кереғар жайттарды ақын бір-екі ауыз сөзбен түйіп-түйіп салыстырады.

Ақын ертегілерінің саны онша көп болмаса да, әрқайсысының соңында оқырманды ойлантатын түйін жататынын көреміз. Нақ осындай сипаттар «Ақиқаттың алдында», «Ақылды Тоқылдақ» ертегілерінде байқалады. Ақынның «Ең ғажап ем», «Ақиқаттың алдында» атты аңыз сюжетіне жазылған ертегілері де балаларға еңбек сүю мен шындықтың күдіретін түсінуге көмектеседі.

Қ.Мырза-Әлі – жұмбақтарды да көп жазған ақын. Оқырманға оларды да тақырып бойынша жүйелеп ұсынады. Мысалы «Шаруашылық бұйымдары», «Оқу білім және оның құралдары», «Спорт және мәдениет бұйымдары» не болмаса «Хайуанаттар» сияқты болып келеді. Жұмбақтары қысқа да нұсқа болғанымен, кейбіреуінің шешілуі тым оңайшылыққа да соға қоймайды. Бүлдіршінің ойын қинап, мүмкіндігінше қиялын шарықтатуға, ақылына жұмыс істетуге бағыттайды.

Ақын өлеңдері құрғақ насихат, дидактикаға негізделмейді. Өмір туралы жұпыны тапқыр әңгімеге құрылады. «Ата-тек» деген мысалында кітап, қылыш, домбыра, кетпен «Біздің ата-тегіміз неден?» деп өзара таласады. Өлеңдегі ойды қорытатын – кетпеннің пікірі:

Еңбек, – деді, – атамыз, –
Кетпен белін таянып, –
Елден кейін жатамыз,
Елден бұрын оянып.

Қадыр өлеңдерінде динамика күшті келеді. Ол балалар ұйып тыңдайтын, сүйіп, қызығып көретін көріністер мен түрлі әрекет-қылықтарды сол қалпында суретке түсіреді.

Ақынның бір жүйе өлеңдері тек бүлдішіндерге ғана емес, орта және жоғары сыныпта оқитын жеткіншектерге де бағытталған. Мысалы, «Дала дидары» жинағындағы өлеңдерінің мағынасы сол жастағы оқушыларға лайықты. Ақын қазақ даласының кеңдігі ғана емес, басқа да қасиеттерін жырға қосады. Көптеген ақындар жырлаған тақырыпты өзіндік дара үнімен жырлайды.

Қ.Мырза-Әлі әр өлеңінде өмір шындығын тауып айтып, суреткерлік, көрегендік, тапқырлық танытуға бейім. Дала тарихы

қазақ тарихы екенін кестелеп жеткізеді. Өлеңдері арқылы жас оқырман халқының бойынан үнемі жақсы қасиеттер көруге бейім. Оның «Ақша қар», «Ақ әлем», «Екі көктем», «Табиғат тойы», «Көктем құдіреті», «Жаңбыр жауар алдында», «Дауыл», т.б. өлеңдері осы пікірдің айғағындай. Кез келген тақырыптан ойлы тіркестер туғызуға ақын шебер. Мәселен, ол ақша қар арқылы тазалыққа, адалдыққа үндесе, сақырлаған сары аяз адам бойына қайсарлық сезімін күшейтінін дәлелдеп жеткізеді.

Ақын үшін көктем көріністері – табиғаттың даму, өзгеру, өрбу сипатын мейлінше айқын білдіретін кезең.

...Тағы келді,

Тағы келді бір көктем.

Сәби сәуір көтерілді жөргектен.

Ертеменен безілдеді, сайрады,

Қараторғай орын таппай жер-көктем... – деген жолдардан мезгіл ерекшелігі ғана бой көрсетіп тұрған жоқ, суреткерлік серпін де атойлап тұр. Сәуір айын сәбиге теңеудің өзі – тың ізденістің нышаны.

Қадыр жырларында достар арасындағы түсініспестікке байланысты:

...Мен достықты балаларша «түсініп»,

Сен достықты жігіттерше «ұғынсаң», –

деген жолдардағы юморлық емеуірін айқын. Ақын өзінің адал, ақ көңілін білдіре отырып, кінә артпайды, керісінше, әзілдей отырып, өзіне жақындата түсуге болатынын жас оқырманға сездіріп өтеді.

Ақынның тарихи тұлғаларға арналған өлеңдері жас оқырман үшін тарихтың көркем сабағы. Әйгілі ғалым әл-Фараби, «Қыран болып аспанға көтеріліп, жұлдыз болып аспанда қалып қойған» Шоқан, «Дала Данкосы» Ыбырай, халқының «Қынаптан суырған ақ алмасы» Исатай, «Дауыл болдың, өрт болдың», «Құм нарындай сыңсып жел, әлі сені жоқтайтын» Махамбет, «Күйін тыңдаған жасық жігіт найзаға қалай жармасқанын білмей қалатын» күй құдіреті Құрманғазы, «Тұп-тұнық дауысымен дала аспанын мөлдіреткен» әнші Біржан ақын Сара бейнелерінің әрқайсысы жас оқырманды қанаттандыра түседі.

Қ.Мырза-Әлі тек қана ақын емес, сахналық жанрларға да қалам тартқан драматург те. Бірнеше пьесасы театр сахналарында қойылған. Жекелеген публицистикалық мақалалары да жарық көрген. Оның үстіне аудармашылықпен айналысқаны тағы бар. Былай қарағанда, жан-жақты дарын иесі болғаны сөзсіз. Оның шығармалары да көптеген шет тілдеріне аударылып, қазақ рухын жан-жаққа таратуда жақсы деңгейге көтерілді.

Өлеңдері көптеген шетел тілдеріне аударылған. Бір ауыз сөзбен айтқанда, Қ.Мырза-Әлі балаларға арнап көп жазған ақын және олардың барлығы да балалардың, жас оқырманның кәдесіне асарлықтай дүниелер. Ақынның тосын ойлары, пікірдері шегемен қаққандай тиянақты, мығым. Аяқ астынан табыла кететін эпитет, метафора сияқты көркемдегіш құралдарымен балалар поэзиясын айшықтай білуі де – ақын талантының қуатты көрсеткіштері. Сондықтан да, қазақ балалар поэзиясының биігінен көрінген ақынның шығармашылығы жиырма бірінші ғасыр балалары үшін де үлкен қазына.

«Қадыр «Алуан-Палуан» жинағында балаларға көтергіш кран, эксковатор, бульдозер, самосвал сияқты техниканың бала ұғымындағы алып көріністері жайлы қызықты әңгімелей отырып, олардың төртеуі де алып болып анасына тартыпты, ол ана – еңбек деп қорытады» деген пікір Серік Қирабаевтікі. Оның әріптесі Зейнолла Қабдолов болса: «Қадыр Мырзалиев – сөздің сәйгүлігі, ойдың азарманы. Жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш қаралы қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай, еркін жырлай алады... Қадыр Мырзалиевтың жазғандары бір ғана кітаптан тұрмайды, бірнеше томнан тұрады. Бір ғана әдеби жанрмен шектелмейді, бүкіл көркем жанрларды қамтиды» деген екен.

АҢЫЗ АҚЫН – АБЫЗ АҚЫН

Қажымов Донеіл

*«Қадыр Мырза Әлі» Қоғамдық қорының директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Махамбет Өтемісов атындағы
БҚМУ Құрметті профессоры
Қазақстан, Орал қ.*

«Қадыр Мырза Әлі» қоғамдық қоры жұмыс істеп бастағанына 14 жыл болды. Қордың баста мақсатымы Қадыр ақынның мол әдеби мұрасын насихаттау. Оған деген жас ұрпақтың қызығушылығын оятып, әдебиетке тарту. Қадыр Мырзалиев феноменіне назар аударту. Оның философиясы мен ұлтжандылығын, сонымен қатар қаламгердің ерекше еңбекқорлығын үлгі - өнеге ету. Біртуар ақынның есімін ұлықтау ісіне бастамашыл болу сияқты жұмыстар.

Бұл тұрғыда Қордың атқарған біраз еңбегін айтуға болады 2012 жылы Алматыда , Астанада кейінірек Қызықорда қаласы мен Оралда Еске алу әдеби – сазды шараларын өткізіп, Білім министрлігінің қолдауын алып, жыл сайын Республикалық Қадыр оқулары өтуіне бастамашыл және демеуші болып отырды. Қырғыз Республикасы Ұлттық кітапханасына екі ел ақындар мен өнер жұлдыздары болып есте қаларлық шара оздыдық. Қадыр өлеңдері туысқа қырғыз тіліне тәржімаланып оқылды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне ресми хатпен шығып, нәтижесінде «Қазақфильм» киностудиясына қаражат бөлініп, «Мәңгі майдан сарбазы» атты деректі фильм түсіріліп. Он сегіз томдық шығармалар жинағын шығару таратуға демеуші болған да, «Қадыр Мырза Әлі» қоғамдық қоры. «Ең алдымен - Ел қамы» деген Қадыр ақынның афоризмдерні, «Балаларға базарлық» деген атпен ақынның кішкене оқырмандар үшін жазған өлеңдерін тәржімалатып үш тілдік жинақ кітабын шығардық, Бұдан бөлек Қадекеңлінің 80 жылдығында Батыс Қазақстан облысы өткізген Республикалық ақындар мұшайрасында сайысқа түскен Қадырға арнау өлеңдерден «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты ақын Айтұали Нәріков

құрастырған «Аңыз ақын – абыз ақын» атты кітабын Қадыр қоры демеуші тауып бастырып шығарды. Бұл жолы кәсіпкер Құсайын Бақтиярұлы қаражат бөлді. Осылайша бірде бастамашыл, бірде демеуші енді бірде ұйымдастырушы болып келеміз.

Осы уақытқа дейін үш CD дискін шығардық. Бірінде ақын өлеңдерінде жазылған әндер топтастырылса екіншісі 80-ші жылдары үлкен күйтабақ болып жарық көрген ағаның өз дауысы жазылған грампластинканың түпнұсқасын Алматы архивінен тауып дискке етіп шығардық. Бұл жолы атақты дыбыс режиссері, кезінде сол пластинкаға жазған, марқұм Мақсат Мхитеновтың еңбегі зор болды. Үшінші күйтабаққа Қадекеңнің өлеңіне шыққан Халық артисі Нұрғали Нүсіпжановтың орындаған әндерден құралды.

Бұның сыртында бала бақшалар мен мектептерде. Колледждер мен университеттерде ауыл, ауданға қала мәдениет үйлері мен кітапханаларда өткізілген әдеби сазды кештері ертеңгіліктер мен концерттер, кездесулер мен фото көрмелер ондап, жүздеп саналады.

Ақын есімін ұлықтау жолында да қордың бастамашыл болғанын көпшілік жақсы біледі. Көбіне соның нәтижесінде бірнеше мектептерге Қадыр Мырза Әлі есімі берілгенін әрі қуана, әрі мақтана жеткіземін. Астанада, Оралда, Атырау облысында осындай мектептер жұмыс жасап ұрпақ тәрбиелеп жатыр. Оралда, туған жері Жымпитыда еңселі ескерткіштер орнатылса, Қонаев қаласында Көркем бюст – композиция тұғырланды. Алматы қаласында көше берілсе Орал қаласында тұтас бір ықшам аудан ақын есімімен аталады.

Айта кететін бір жақсылық, ол Орал қаласында «Қадыр Мырза Әлі» атында Облыстық Мәдениет және өнер орталығы ашылуы. Арнайы жобамен салынған ерекше сипаттағы ғимараттың ішінде Қадыр ақынның талайға арман болған жеке кітапханасы көшіріліп тұтынған дүниелері қаз қалпында мемориалдық мізең боп халыққа қызмет етуде. Жүздеген әдеби, мәдени хам рухани шаралардың қайнар орталығы болуда. Өз кезегінде Орталық ұжымы, облыс басшылығының қолдауымен Қадыр ақын мұрасын кең тарату жолында талай - талай игі бастамалар мен жаңа жобаларын іскеасырып келеді.

Ақын Қ.Мырза Әлінің 90 жылдығы аясындағы бір қатар іс – шараларды «Қадыр қоры» мен «Қадыр орталығы» бірлесіп атқарғалы отыр.

Қордың Батыс Қазақстан облысында Берген Максот, Қызылорда облысында Сәпен (Сәби)Аңсат, Астана қаласында Абат Шыныбеков, Қырғыз Республикасында (Бишкек) Атантай Акбаров деген өкілдеріміз бар.

Ал осыншама істі атқаруға он төрт жыл бойы Бас демеуші болып келе жатқан атымтай жомарт, мырза қолды азамат – «КАТЭК» компаниясының Бас директоры Нупов Құндыз Шамақұлы Алматы қаласында тұрады. Қадыр қазынасы қазақ ұлтының рухани азығы.

ДАЛА ДОМБЫРАСЫ

Қали Сәрсенбай

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қазақстан, Алматы қ.

Жұртты таң қалдыру, тамсандыру көркемөнерде қашанда қиын. Ал, Қадыр Мырза Әли қай кезде де таңқалдырумен, тамсандырумен келеді. Кеше қандай, бүгін де сондай. Шапқан сайын төске өрлейді...

Қадыр әнге де аз мәтін жазған жоқ. Десек те, жұрт оның өлеңдерінен ән шығуын күтпей-ақ, толғау, терме, арнау деп ауыздан-ауызға көшіріп айта береді. Осының өзі Қадырдың халық рухынан жаратылғанын, қазақылығын аңғартады. Ол өнерді туған топырақтан, тегінен бөлек алып қарай алмайды. Бәзбіреулер секілді айтақырдан гүл іздеп, шөлден су іздеп аласұрмайды. Ол ұлттың көркемдік кеңістігіне қазығын әу бастан берік қаққан, тамыры тым тереңге тартқан. Содан да болар туындылары текті, танымды. Кешегі күні қайсыбіреу-лер содыр системаға жағу үшін өнердің өрісін тарыл-тып, қалың қазақтың бойынан жалған интернацио-нализм, өзге де жат элементтер іздеп жүргенде Қадыр ақын ұлтының ұлылығын, бекзат болмысын дала мен домбырадан тауып, өлеңнің өрісін ұзарта

берген. Хал- қын өзімен өзіне танытқан. «Ой орманы», «Бұлбұл бағы», «Дала дидары», «Ақ отау», «Домбыра», «Көш», «Қорамсақ», «Көкпар», «Жерұйық», «Қызыл кітап», «Күміс қоңырау», «Мәңгілік майдан», «Биік баспал- дақ», «Сөз сиқыры» (көсемсөз жинағы) қойшы, әй- теуір, осынау зымыран жылдар ішінде қырықтан астам құнды кітап қазақ жыры мен көркем ойын жаңа биікке алып шықты.

Сол кітаптардың атын оқып бір елжіресен, ішіне енген сайын қанаттанасың, рухтанасың, жігерленесің. Бірде бала, бірде дана боласың. Сүйсіндіреді, сүйін- діреді, тамсандырады. Күй тартқандайсың, даналық дәрісін тыңдағандайсың, Иранбаққа енгендейсің. Рушылданбайсың рухтанасың, жүзшілденбейсің жігерленесің. Өзі «Жерұйығында» «Терендік. Биіктік. Кеңістік» дегендей, осы ұлы үш өлшеммен тыныстай- сың. Халқыңның бүткіл болмысын, тұтастығын осы үш өлшемнен көресің. Оқырман сәт сайын биіктеп, тереңдеп бара жатады. Қысқасы, басыңнан бақай- шағына дейін ұлттың асыл қасиеттерімен, құндылық- тарымен қаруланасың. Мысал ма, мысал мың сан.

«Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы», «Азандағы мал үні – атамыздың гиміні», «құрық, қылыш айқасқан – атамыздың гер- бісі», «ұлт болып ұйып келе жатқан кезде, сан рет сүт күйінде төгіліпті», «біздей халық жоқ, жолды мол таптаған, бірақ тура бақытқа жол таппаған!», «бір сөзге ол семіріп, бір сөзден ол арыған», «бір сөз үшін ат мініп, шапан киген жігіттер», «қылышқа емес батыры бірақ сөзге тоқтаған», «...бар сәулетін берген қыз бұрымына, бар дәулетін берген қыз ырымына», «аса сұлу болғаныңнан не пайда айналанның бәрі соқыр болса егер?!», «шоқ түседі жүрекке жұлдыздардан, іске асады ақшамда күндізгі арман, жастық ісі шығады жасыл қырдан, гүлдің ісі шығады қу қыздардан...».

Осының бәрін Қадырға айтқызып тұрған аймандай алуан дарынымен қоса білімі. Білім болғанда аса терең дариядай оқуы. Қадыр өз бойында ананың сүтімен, әкенің сесімен сіңген бір бұлақ көзі барын білген соң-ақ, сол бұлақты мұхитқа, дарияға айналдыру үшін білім жиған, оқу жиған. Дүниенің оқуын оқыған, қабылдайтынын қабылдаған. Таңдап, талдап оқыған 3.Серікқалиев айтпақшы, «Біз кітап оқуды жалпы білетінбіз, ал,

ол алдымен қандай кітап оқу керек екенін білетін. Талғамы биік, танымы терең жатқан...». Бұл жағынан Қадыр азығын таңдап, талғап жейтін текті тұлпарға көп ұқсайды. Міне, тектілік төркіні қайда жатыр? Ол талантты түсіну үшін де талант керек екенін түсінген. Халқы талантты, енді сол талантты да ашатын талант екенін ұғынған. Қадырда әу баста ұлтын жан- тәнімен сүюден басқа ұғым болмаған. Оның бар қазынасын айдай әлемге әйгілейтін де өнер деп білген. Егер қазақтың бар бітімі көрінетін көркемөнерінің асыл қазынасының бірі – киіз үй десек, ақын соның әр жәдігерінен сабақ алған, тағылым түйген. Оның оқулығы – дала мен домбыра, туырлық пен түндік, кереге мен уық, басқұр мен шаңырақ-бау...

Таным. Талғам. Талап. Оның өнердегі ұстанған ұстыны осы. Өнерге қашанда жетпейтіні де осы ғой. Ақын рухани мұратқа адал. Ол кісімен арғы-бергі тарихтан сыр аулап, мәселен, өнер тарихы туралы өзінше бірдеңе білгенсіп қауқылдаса қалсаң, сол шолақ әңгімен өзінді он орап тастайды.

Қадыр – шебер. Қадыр – тапқыр. Неге? Оның бір- сыпырасын жоғарыда шашыратып айттық. Шеберлік пен көркемдік ақын дарынының іргетасы. Көп оқыған көп жазады, көп таниды. Оқу тоқтаған жерде ой да тоқырайды. Талант қашанда кең тыныс, кеңістік тілейді. Бұл өнер диалектикасы. Бізде өзін-өзі құрбандыққа шалған немесе кезеңнің құрбаны болған таланттар аз емес. Бұл жағынан Қадыр бақытты. Бұл тек Қадырдың емес, халықтың да бақыты. Қадырға бәрібір. Ол мақала, алғы сөз, бірауыз сөз жазса да талантты, тастүйін шығады. 1974 жылы жас ақындардың «Қанат қақты» атты өлеңдер жинағы шықты. Сондағы ақынның Ұлықбекке жазған алғы сөзін әлі күнге ұмыта алмаймын. Сол жылдары болу керек, жұртшылықты жалт қаратқан халтура туралы ғажайып мақаласы жарық көрді.

Қысқа жазу – таланттың белгісі. Ықшам сөйлеп, аз сөзбен көп мағына айтуда Қадыр қағылез, қырағы, қырғи. Ол қайсыбір қара мақала жазса да осы қағиданы ұстанады. Қара өлеңдей оқылатыны да содан. Бірақ ол газетшіл емес, бәзбіреулердей Алатауға қарап алпыс сөйлем жазып отырып алмайды, аспаннан түспей қоймайды. Айтарын әрі кетсе алты ауыз сөзбен айтады. Наркескен тілмен кесіп бірақ айтады. Газет-журналдарға жоқ

жерден «азаматтық белсенділік» танытып, жоқты-барды теріп, көрініп қалайын деп мақала жазбайтын адам. Не айтса да, кітаппен айтқанды жөн көреді. Кесек қалпымен кітаптан бірақ көрінеді. Сонысымен зердеде қалады да. Тектілігі де сонда ғой. Ал, газетте айта калса тауып айтады, қауып айтады, жылатып, күлдіріп айтады. Бәзбіреулердей астарламайды, айтақтамайды, біреулерді кінәлап, күстаналап жатпайды. Өне бір кездері ақынның Иран- Ғайыппен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Біз не демедік?» деген сұхбатына осы биіктен қарау керек. Осылай «мойындау» – шын талантқа ғана жарасады. Мәселе қалай айтуда ғой.

Қадыр тек қалам қайраткері емес, қоғам қайраткері де. Жыр жүйрігі депутат та болды. Кейбіреулер Қадырды сөйлемейтін, үндемейтін депутат деді. Әрине, бұл жалпақ жұрттың, ойлы оқырманның пікірі емес. Қадыр сөйлемесе де бәрі-бәрін әлдеқашан айтып қойғанын кейбір шенеуніктер, мәжілісқорлар білмеуі әбден мүмкін. Біреулер сол сәтте айтып жатса, Қадыр ол сөзді тарихтың еншісіне әлдеқашан жіберген. Босқа ауыз ауыртып көп «қиқымның» бірі болғысы келме- ген. Сөз қадірін, қонатын жерін Қадырлар білсе керек қой. Ол сол екі оттың ортасында жүріп-ақ, «Ғибратнәмәні», «Ойдым-ойдым ойларды», «Мәңгілік майданды» жазып тастаған. Айтарын қағазға хаттап, ел көкірегіне құйып алсын деген. Сол дүниелердің бойында бар кеселіміз, дертіміз қамтылған.

Қадыр оқырманы көп ақынның бірі әрі бірегейі. Оның халық сүйген қаламгер екендігіне ел ішінде мысал көп. Ел арасындағы ауызекі әңгімелерде, алқалы жиындарда, мәртебелі мәжілістерде, мерзімді басылым беттеріндегі мақалаларда үлкен сөздің басы Қадыр айтқандай деп басталып жатады. Оған мысал келтірсек, осы мақаланың көлемі жетпес. Кейбір газеттердің аты мен айдарлары, тақырыптары да Қадырдан алынып жатады. «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «...О, зұлым- ай, зұлым-ай! О, ант атқан, ант атқан! Осал жерін ер- лердің қалай ғана дәл тапқан!», «қап-қара бетін тарихтың қызартпаса болмайды», «құдайсыз мынау қоғамға құдайдай адам керек қой», «...ешбір орден жетпейді, ешбір атақ, қарапайым халықтың батасына!». Міне, Қадыр

жүрегінен туып, халық жүрегінде жатталған осынау ғажап сөздер бүгінде әр мектептің төрінде жазулы, әркімнің сөзінің мысалына айналған. Бұл Қадырдың сөзі емес, халықтың сөзіне, мәтеліне айналған. Ал, суреткер үшін бұдан артық бақыттың керегі бар ма, өзі!

Қадырға қарсы солақай сын садағы да жұмсалып жатады. Бірақ жасып көрген ол жоқ. Өнер бар жерде Оразбайлар, Жантықтар да болуы объективті заңдылық. Жақсы жазған сайын жауың да көбейе түседі. Қадырдай маңдайын жел сүйген жүйрік мұндайда сасушы ма еді? Өз қадірін елі білген соң, өзі неге білмесін! Мұндайда тіке шабуылға шығу, пыш- пыш етіп әр жерден қоңырсытып сөз айту ақын дағдысында жоқ. Қайта ол мұндай әрекеттен рахат тауып, қайралады, қанаттанады. Есесіне ғажайып өнер туады. Өлең жаза салады. Және дағы қандай өлең, қандай өнер! «Қалам алдым қамығамын несіне! Оның қойған «екісі» не, «бесі» не? Бір кездерде сыншы жайлы ойландым, ойланып ем, ұры түсті есіме!» дейді.

Ұлы өнер құйрығы біртұтам өресіз сынды осылай ұрып жығады. «Жалаң болса, жаман болса дүнием, өшімді мен тек өзімнен аламын!» дейді тағы. Сөйтіп ол тасыраңдамай тектілік танытады. Өнердің атажауымен өнер арқылы күреседі. Сөйтіп өзі үшін де, елі үшін де ұлы іс тындырады. «Тойға арнайтын күндерін ойға арнап», «ұлдарының маңдайынан сипайтын уақытты да өлеңге арнап», «өнер үшін қызығын қысқартты». Одан ұтылған жоқ. Есесіне халқын қара сөзбен қарулан- дырды. Серке сөз сыйлады. Өлмес өнер төкті. Қара өлеңнің қара нөсерін төпелетті. Жалғандықты жықты. Мансапқорларға «Мықтыға көзім алартып, жүрмедім шенге құмартып, мансаптың қысқа бағынан, дарын- ның ұзақ соры артық» десе, шенқұмарларға «шенінді уайымдау – өлімді мойындау» деді.

Кейбіреулер ақынның жазылмай жүрген дүниелерінің жазылуына осылайша «жағдай» жасады. Мұндайда олар желдің қайдан тұрғанын білмей қалады. Өйткені, бұл дарын дүмпуі, талант тегеуріні еді. Өлгі желдің тегеурінділігі сондай дауыл шайқаған бәйтеректей бұлқынады, гуілдейді, уілдейді, ақырында жарамсақтар мен жағымпаздардың жапырағын желге ұшырып, қалтыратып жібереді.

Қадыр аудармаға келгенде де қиналмаған. Неге қиналсын. Өз жанына, ел жүрегіне жақын дүниелерді аударары ғой. Әлем әдебиетінің інжу-маржандары Овидий, Руми, Гейне, Гюго, Лермонтов, С.Есенин, Э.Межелайтис, Р.Ғамзатовтарды қазақша сөйлетті. Олжасты әлем білгенімен оны өз халқына танытуда Қадыр төккен тердің өлшеуі жоқ. Олжастың орыс-шасы да керемет шығар, ал қазақшасы одан да керемет. Ол кімді аудармасын өзіне ұқсатудан қашады. Ұйқас қумайды. Қадыр бұдан ертеректе жарық көрген «Сөз сиқыры» атты көсемсөз кітабында осы бір мәселе төңірегінде терең ой айтты. Осы бір кітап сыншы-лыққа бет бұрғандарға әліппе сынды еді. Осы кітап қазақ эстетикасының тамаша сыйындай еді. Жалпы Қадырдың сыншылық әлемінің өзі О.Асқар айтқандай, бір мектеп. Ол сұлулықтың сырын ашқан, эстетикалық өлшемдердің тілінде терең сөйлеген теоретик, тамыршы. Осы биіктен назар қоныстатқанда ол – үлкен эстет. Қазақ эстетикасының жарқын үлгісін жасаған адамдардың бірі. Осы кітапта ол өнер түрлерінің құдіретін ашып, сөз өнерімен әдемі қабыстырып, байланыстырады. Бекзаттық болмыс биігінен көрінеді. Ұйқастың бәріне өлең деп қарау Қадырда жоқ.

Ойлы, мінезді өлең – олжасы. Ал, образ он орап алады. Ақынның таяуда бітірген «Қазақтар» деген кітабын оқыңызшы, «...Жыртылған жібек секілді, жарылып ұшқан құстарым!», «Отырар сазы» – киіктерімнің күйігі. Жоғалтып тынған тарпаңдарымның тұяғы!»,

«Даңққа тиіп тұр оның биік күмбезі. «Отырар сазы» тау менен таста ойнаған құлан-киіктің, Тілендиевтің мінезі!» Мұндай туындылар кімнің есінен шығады.

Ақынға атақ та, даңқ та бәрі өзі келген. Бәйгесін шаппай алған, тұлпарлығы тай күнінен танылған Құлагер. Халқы да осындай ақынның аман болуын тілесе керек. Өйткені, ол сол халықтың өз рухынан, пейілі мен парасатынан құйыла салған мәрмәр мүсін секілді. Ондай мүсінді тот баспайды, жыл өткен сайын жаңғыра береді, жасампаз жыр жасай береді. Әдетте ақын болу бар да, ұлт ақыны, халықтың көзіне, сөзіне айналу бар. Қадырдың өлеңдерінің халықтың мәтеліне айналып кетуінің де сыры сонда. Егер осы ұғымды кеңейтсек, Қадыр адамзаттың

ақыны. Егер өнерің адамзаттың ортақ рухани игілігіне айналмаса, өз ауы- лыңнан ұзамаса, ғұмыры қысқа. Бұл тұрғыдан келгенде ақын түркі дүниесінің тұран тұрпатты тұлғасының біріне айналған. Халықаралық әдеби «Авияс» сыйлығының иегері Қадырдың әлемдік әдебиеттегі алатын орнын да айтар кез келді. Біз көбіне өз тұрғымыздан баға бергенімізбен, шын жүйріктің дүние кеңістігіндегі шабысын, қарымын сөз ете бермейтініміз де рас. Қадырда халтура болмайды. Өйткені, оның тыңдайтыны домбыра мен қобыз. Табынатыны – даланың Демосфендері, түздің Талейрандары. Ол ұлттық танымның қайнар көздерінен қанып ішіп, соның сәулесіне шомылған, нұрына малынған.

«Жиегіне көзің ғана жақындар, бұл даланы жерұйық де хақын бар, бұл далада өседі екен құлпырып, қызғалдақ пен ақындар», «найзағайы өзгешелеу шатырлар, бұл далада көп сортаңдар, тақырлар, бұл далада өседі екен қасқайып, сексеуіл мен батырлар!», «аға исі шығады жеңгемізден... ерлік исі шығады ертоқымнан...», «менің сені аңсағаным, қырды аңсағанымдай», «мен сенің өрлігіңді тауыңа қарап білем, мен сенің ерлігіңді жауыңа қарап білем...», «мен сенің өткеніңді молаңа қарап білем...».

Міне, сізге керек болса қазақтану, ұлттану. Қазіргідей тұла бойымыздан қазақы қасиеттер қашып бара жатқан заманда тектілікті, тазалықты сағынғанда Қадырды оқығың келетіні де сондықтан. Бәзбіреулерге сараң көрінетін ақын сұлулыққа келгенде кенен. Бұл Қадырдың ғана емес, халықтың да бақыты.

Ана бір жылдары ақын қазақ университетінде лекция оқығанда Алматының студенттері көшіп жүретін. Бұны неге айтып отырмыз? Ол атағы жоқ ғалым. Бірақ оның бір ғана аяулы аты бар, ол – ақын. Ал ақындар бәрін де білуге тиіс. Қадырды оқыған сайын соған көз жетеді. Сондықтан да оның поэзиясы аса бай интеллектуалды, парасатты поэзия. Оның поэзиясы ұлттық дүниетанымның кемелденуінің, көркем ойдың көгілдір кеңістікке шығуының шынайы көрінісі.

Бүгінде зиялы қауым туралы ойлағанда, ойың он бөлшектенеді. Неге? Зиялы қауымның өкілі кім? Ол биік парасаттың, терең ақыл-ойдың иесі ғой. Ендеше, кейбіреулердің өзін осы биіктен көргісі келетініне неге күйінбессің?! Ондайларға

Қадыр ақын бірден бір жарқын мысал ғой. Бір өзі бір театр демекші, ұлттық дүниетанымның бір ақ отауы Қадырдың поэзиясы, прозасы, драматургиясы, аудармасы, зерттеушілігі, сыншылығының өзі бір халық мектебінің жүгін көтеріп келеді.

Таяуда «Әулие аталар әлемі» деген кітапты ұшырастырдым. Соның ішінде Қадырдың да суреті жүр. Әулие болса болар-ау. Өйткені, жалған сөйлемейтін, жалған шешенсімейтін, адал өнер төккен, жазғаны, аузынан шыққаны, жұртының жауһар дүниесіне айналған, қара сөз бен қара өлеңнен басқасын қадір тұтпаған, халқының бар құдіреті сонда деп білген Қадыр ақын әулие болса болар-ау.

Герцен Эрмитажды аралап шыққаннан кейін біреулер әсерін білгісі келеді. Сонда әлгі данышпан: сурет туралы айтпау керек, оны көру керек деген екен. Бұл сөз дегеннің әуселесі белгілі ғой. Қадырды да тек көз майың таусылғанша оқи беру керек.

Заман қанша құбылмалы десек те, ол ұлттық ұғымдар, ұлттық асыл құндылықтарсыз дами алмайды. Ұлт жоғалмай оның құдіретті сөзі де жоғалмайды.

Болашақ өркениетті ел – Қазақстанның құдіреті мен қасиетін әлемге танытатын да ұлы өнері, оның мәуелі бұтағы қара өлеңі мен қара сөзі. Ендеше ешкім де бұл ұлы рухани көштің, ұлы рухани үрдістің жолын кес-кестей алмайды. Қазақтың ұлттық болмысын шынайы бейнелей алатын тек өз кіндігінен жаралған ұлы өнері жасай бермек, жасампаз қалпынан жаңыл- мақ емес. Серке сөздің семсері Қадырлар тұрғанда қазақ өнері аттан түспейді, ол тәуелсіз Қазақстанның текті тұрпатын тұлғалай береді. Қадырлар аман тұрғанда қара сөздің киесі қашпайды, қадірі кетпейді.

Қазақтың домбырасы мен қобызының даусы қоңыр, даласының түсі сары, боз... Поэзиямызда құбылысқа айналған өлеңдерінің бірі «Боз далада» ол осы түстің жиырмадан астам түрін арқау етіп, ел мен жер болмысын атақты Чюрленис секілді саздардың үндестігінен, дүние дидарынан іздейді. Әншейін сөз реті келгенде айтамыз да, әйтпесе Қадыр Чюрленис те, басқа да емес, ол қазақ жырының Қадыры ғой. Оның өз философиясы, өз әлемі бар. Зейнолла Қабдоловша айтқанда, «қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты қуатты оркестр десек, мұның құрамында

Қадыр музасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар. Қадыр лирикасының сыңғыры бөлек, сыры терең».

Қысқасы, Қадыр дегенде көз алдына – ұзатылатын қыздың жасауындай бар салтанаты жарасқан, ұлттың бекзат болмысын бедерлеген, аманатын арқалаған қоңыр көш келеді. Қадырдың көші келешекке кететін кемел көш. Қазақ көркем ойының көк байрағы боп желбіреген сол айбынды көштің амандығын тілейік!

Ұлылардың олген күні болмайды

Бала Евтушенко Пастернактың үйіне жиі барады екен. Оның келгенін ақынның әйелі жақтырмайтын көрінеді. Өйткені, әр келген адам көңіл-күйін бұзып кететін болса керек. Евтушенко сонда да түрлі сылтау тауып келе береді. Тіпті, оны бір күн көрмесе тұра алмайтын күйге жетеді. Ал, Пастернактың жағдайы қиын. Артына шала байланған кез. Ұлы ақынның әңгімесіне әбден ұйып, есі кеткен бала ақын бір күні оның ашулы сәтіне тап болады. Әңгіменің бір шырқау сәтіне келгенде ұлы дарын: «Мен туған күнімді өле- өлгенше жек көремін» дейді.

Осы сөздің астарын бала ақын Евтушенко жылдар өткен соң түсініп, ұлы естелік жазды. Бұл әңгімеден қандай сыр аңдауға болады?

Ұлы ақын туған күнін қанша жек көрсе де, өлген күні ертесіне-ақ аңызға айналатынын сезді ме, сезбеді ме, ол жағын кім білсін, бірақ, Нобель сыйлығын иеленіп, тарихта қалды. Қазір есімі тарихи тұлғалармен қатар жиі аталады.

Бүкіл қазақ жақсы көретін Қадыр Мырза Әли туралы ойлағанда мен де сол Евтушенконың күйін кешемін. Әрине, жан дүниеміздегі қайшылықтарда ұқсастық болмаса да, Евтушенко қайда, біз қайда, мүлдем басқамыз ғой. Бірақ, Пастернактың парасатына бас иген Евтушенкодай болғанымыз рас.

Қадыр ағаның қасында көп жүрдік. Жәй жүріп қойған жоқпыз, көп әңгімесін көңілге түйдік. Өзі кейде «мен жақсы ақын болмаған күнде жақсы оқырман болатын едім» деуші еді. Біз де, бәлкім, жақсы тыңдаушы, оқырман болған шығармыз, өйткені, ақын туралы әрдайым айтқымыз келеді де тұрады. Ол кісінің белгілі, белгісіз нәрсеге, жұмбақ жаратылыстарға, құбылыстарға деген көзқарасы, пікірі, жауабы әркез дайын тұратын. Себебі,

құдай берген дарынымен қоса ұшан-теңіз білім иесі еді. Кім өзін қаражаяу сезінсін, әйтсе де біз тосылған болсақ, осы кісінің алдында әңгіме айтуға, білгішсінуге тосылған шығармыз. Шығармыз емес, шын мәнінде солай.

Бүгінде қазақта «Қадыр айтқандай» деп басталатын әңгіме көп қалды. Қайда бармаңыз Қадыр алдыңыздан шығады. Қуанышта да, тіпті, қайғыда да Қадыр сөзі бізді демеп, жебеп жатады.

«Кім қарапайым жазады, оның оқырмандары көп, кім күрделі жазады, оның тек түсіндірушілері бар» деген екен А.Камю.

Сол кісі айтпақшы, Қадыр күрделілікке ұрынып, түсініксіз болған жоқ. Қарапайым жазды, терең жазды, сонысымен есте қалды. Содан да болар, ол Сауытбек Абдрахманов айтпақшы, ең көп оқылатын ақынға айналды.

Қадыр ақынды даладағы бақташыдан бастап, жоғарыдағы ұлықтарға дейін жастанып оқуы да содан. Ұлықтар демекші, «Алматы ақшамында» ақынның афоризмдері өзі өмірден өткенге дейін жарияланды. Сонда талай шенеуніктің сол нөмірді жібермей оқығанының да куәсі болып едік.

Бүгінде тек біреудің аяғын басып, түнде көлеңке іздеп, кектеніп, тістеніп жазатындар ғана ақиқатты айтады деп есептейді қоғамның бір бөлігі. Бұл, шынтуайтына келгенде, мәдениетсіздіктің, білімсіздіктің салдары, әлсіздіктің белгісі. Айтқың келсе, биік парасатпен, зор біліммен айт. Талантыңды соған жұмса. Ұлтты өшірудің емес, өсірудің жолы осы. Ол үшін Қадырды оқу керек. Әсіресе, кекшіл құлдар оқыса дейсің. «Ақиқат жөтел сияқты, жыбырлап тұрар тамақта» деп өзі айтпақшы, ақиқаттың көкесін Қадырдай айтып кеткен ақын көп те емес, аз да емес қазақта.

Қадыр бәрін айтып кеткен. Поэзиялық туындыларын былай қойғанда, «Иірім», «Жазмыштың» өзі не тұрады? «Алмас жерде қалмас» атты афоризмдер кітабын оқыған адамның жоғары оқу орнын бітіруі міндетті ме, жоқ па деп те ойлаймын кейде. Бүгінде ойын-тойда, үлкен форумдарда жиі шырқалатын «Атамекен» әнінің әуенін былай қойғанда, сөзіне қарадан-қарап көңілі босаған жандардың талайын көрдік. Ол-ол ма, осы әннің сөзінің күдіретімен елге оралған қандастарымыз да бар.

Қадыр – телегей-теңіз. Оның артында қалған аса бай өз рухани мұрасы, жиған кітаптары, егер өз атына кітапхана беріліп не мұражай-үй ашылса, қазынаның қазынасы сол болар еді. Бұл Қадырын сағынған ел үшін де қазына аралы болар еді. Қазына дегеннен шығады, «Қазығұрт» баспасы қайсыбір жылы Қадыр Мырза Әлінің 18 томдық таңдамалы шығармалар жинағын шығарды. Осы еңбек баспаға әзірленіп жатқанда біреу Қадекеңнің еңбектерінің 18 томға жететініне күдік келтірсе керек. Өлгі пақыр сол 18 томға Қадағанның 10 томнан асатын аудармалары сыймай қалғанын қайдан білсін. Бірде Чеховқа бір оқырман «Не арманыңыз бар?» деген сауал қойыпты. Сонда Чехов: «Бір арманым – 28 томды 8 томға түсіре алмай барамын» депті. Толстой қысқа жазуды армандаса, қысқа жазуды өзінің басты қағидасы етіп ұстанған Чеховқа бұл тән шығар, ал, шығармашылығының өнебойында бір фальш табылмаған Қадырдан қандай дана редактор болса да қысқартатын бір жол таба алмас еді. Қадыр сонысымен Қадыр еді ғой.

«Күніне бір рет езу тартып күле алмасаң, онда ол күнің зая» депті ғой Гюго. Ал, біздің Қадаған күлкінің де кені еді ғой. Кейде тұнжыр күндерде Қадағана телефон шалсаң болды, әйтеуір, бір сөз тауып айтып, көңіліңді де, көзіңді де шайдай ашар еді. Жай айта салған сөзінің өзі де біз сияқты газетшілерге бір тақырыпқа жүк болар еді. Бір мысал айтайын.

Бірде Алатау ауданының №26 сайлау округінен қалалық Мәслихатқа депутаттыққа түстім. Сол күндері Қадыр ағаны жиі есіме алдым. Сайлаушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылды. Біріне берген жауабың тапқыр шықса, енді біріне жалпылама жауап бересің. Сондайда «шіркін, қасымда Қадыр аға болғанда қалай қатырып жауап берер еді» деп те ойлаймын. Бір кездесудің соңында бір кісі менің шыққан тегіме қызығушылық білдірді. Ол кісіні кінәлаудың қажеті жоқ. Бұл да болса қазақылықтан қалған бір белгі ғой. Әйтсе де сол сәтте Қадағанның бір әзілі тіл ұшымда тұрса да, ол кісіні естімеген болып, әлдекімдермен сөйлескен болып, сұрағына жауап бермей кеттім.

Ол қандай әзіл еді?!

Қадыр аға қайсыбір жылы өзінің туған өңірі Орал жақтан Жоғарғы кеңеске депутаттыққа түседі. Облысты аралап келіп, өзі

туған ауданға келеді. Жұрт жапырылып қарсы алады. Дембіл-дембіл кездесулер өтеді. Сондай бір кездесуден соң дастархан үстінде бір совхоз директоры руын сұрап қоймайды. Қадаған естімеген болып отыра береді. Сәлден соң ел аяғы басылып, онаша қалғанда, енді сәті келген шығар деп совхоз директоры әлгі әңгімені қайта бастайды. Сонда Қадаған: «Әй, бауырым, депутатта ру болса болатын шығар, ал, депутатқа кандидатта ру болмайды» депті.

Міне, «қайда барсаң да Қадыр алдыңнан шығады, талайларды Қадыр құтқарып жүр» деген сөзге мұндай мысалдар жетіп-артылады.

Осындай адамды өлді деуге бола ма? Ақынның ең соңғы өлеңі «Жоқ, өлмеймін!» деп аталады.

Дананың аты – дана. Біз секілділердің күйбең тірлікпен қалам тартуға уақыты бола қояр ма екен деді ме, өмірінің соңғы күндерінде жазған өлеңінде де өзі айтып кеткен екен:

Көк дауылмен жағаласып кемеміз,
Көк мұхитта қақпақыл боп келеміз.

Өстіп жүріп бір күні

Өлеміз-ау,

Өлеміз-ау,

Өлеміз!

Кейбіреулер соны неге ұқпайды,

Қадалады жүрегіме мық-қайғы.

Мен де өлемін,

Менің бірақ есімім

Жазушылар

тізімінен шықпайды!

Пендемін ғой,

Тау болсам да шөгер ем,

Гүлдей солам,

Бірақ қайта көгерем:

Тірілердің көзіне оттай басылар,

Талай-талай немерем мен шөберем.

Өліп-өшкен ғашық жігіт

Күніне

Мендік көзбен қарар сүйген гүліне.

Мен болмаспын,
Бірақ сөзім оралар
Сайрап тұрған шешендердің тіліне.
Жүрек неге,
Өкпе неге алқынды?
Қимайды ма өте шыққан бал күнді?
Әдемі әзіл бір кездері мен айтқан,
Әлі талай ду күлдірер халқымды.
Амал қанша!
Татар дәмім таусылды,
Қабірстан құшағымен қаусырды...
Жоқ! Өлмеймін!
Елім талай естиді.
Лентаға жазып алған даусымды!
Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,
Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда.
Жоқ! Өлмеймін!
Правом жоқ өлуге,
Сөз сыйлайтын халқым аман тұрғанда!
«Ұлылардың туған күні ғана болады, өлген күні болмайды»
деген рас.
(«Қазақтың Қадыры» деп аталатын кітаптан).

ҚАЛЖЫҢЫ МЫҚТЫ ҚҰРДАСТАР

(Эссе)

Көпбаев Темірғали

*Ақын, журналист, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты*

Қазақстан Алматы қ.

Қазақ поэзиясының шынайы дүлділі Тұманбай Молдағалиев туралы айтар әңгіме көп. Жаны жайсаң ағамыздың қасында біраз жылдар бірге жүріп, көңіл сырын өз аузынан талай тыңдаған бізде де арман жоқ шығар. Өз басым Тұмағандай ұлы ақынның көзін көріп, тірлікте жылы сөзін көп естігенімді мақтанышпен еске аламын, тағдырымның ерекше сыйы деп санаймын. Менің «Кие» атты жыр кітабыма Тұмағаң сияқты ғажайып сөз зергерінің өз тілегі бойынша алғысөз жазып қалдырғанын

шығармашылық жолымдағы ең бақытты оқиға ретінде бағалаймын.

Тұмағаңмен жақын танысып, қоян қолтық араласуыма өзім басқаратын «Қазығұрт» баспасы себепші болды.

2001 жылдың қоңыр күзі еді. Қызмет телефоным шырылдады. Тұтқаны көтерген біздің баспаның Бас редакторы Ұлан Оспанбай маған қарап:

– Темке, сені сұрайды, - деді.

– Кім екен?

– Тұманбай Молдағалиев.

– Тұмағаңның өзі ме? Әкел, - деп тұтқаны алдым.

– Темірғали батырсың ба, ей?! - Ол кісі басалқалы дауысымен көтеріңкі сөйледі.

– Иә, мен аға. Саламатсыз ба? Тындап тұрмын.

– Амансың ба, қарағым. Мен өзіңе жолықсам деп едім. Кеңсең қай жерде? Қашан барғаным дұрыс? Жұмыста боласың ба?

– Қазір келе беріңіз аға, - деп, мекен-жайымызды айттым. Сүт пісірім уақыт өткен соң «Халқымыздың мақтанышына айналған алып ақынды кеңседе отырып күткенім ыңғайсыз болар» деген оймен есіктің алдына шықтым. Тұмағаңның қандай мәселемен келе жатқанын ішім сезеді. «Қадырдың көптомдығы шыққан баспадан мен де кітаптарымды шығарамын» деп жүргенін естігенмін. Қадыр ағаның өзі де айтқан.

Тұмағаң келді. Мені бауырына басып:

– Бәсе, телефондағы дауысыңа қарап-ақ бас терісі келіскен жігіт қой деп едім. Мен де адам танимын ғой, - деді жылы жымынып,- Менің Қадыр құрдасымнан үйренетін нәрсе көп. Ол өліп кетсе де жаман адамды жағаламайды. Сенің мықты екеніңді содан-ақ білгенмін.

– Көңіліңізге рахмет, аға!- дедім оның алғаусыз ақ пейіліне риза болып.

Ол кісіні ішке ертіп кірдім. Сырт киімін іліп, алдына шәй әкелдірдім. Екеуіміз ұзақ сонар әңгімеге кірістік. Тұмағаң баладай аңқылдақ, ақкөңіл адам екен. Өзінің өлеңдері сияқты көңілі мөлдіреп тұр. Бала құсап, желпініп, мақтанып та қояды. «Қалай дейсің?», «Солай емес пе?» деп өзінің сөзін құптатып отырады. Бар сырын баласына айтқандай ақтарып жатыр.

– Қадыр маған көптомдығын сыйлады,- деді бір кезде, - Ғажап шыққан екен! Тамсанып, қарай бердім. Пішіні де, безендірілуі де келіскен, сұлу дүние болып шығыпты. Кітап деген осындай болу керек! Қадырдың өзі сияқты, ешкінің асығындай екен.

– Пішінін Қадыр ағаның өзі таңдаған. Есениннің форматы дейді. Есенин өзінің кітаптарын үнемі осы пішінмен шығарған көрінеді. Нағыз поэзиялық пішін емес пе? - дедім Тұмағанның қолына айтылып отырған кітаптың бір данасын ұстатып.

– Есенинді қайдам, нағыз Қадырға лайық формат екен,- деді ол кітапты аударып қарап,- Маған мұндай формат келмейді. Менің кітаптарым үлкен форматта болуы керек. Талай дүнием бар. Қадырдікі он екі томмен бітті ме?

– Жоқ аға, ол кісінің жазғаны отыз томнан асады.

– Қазіргісі он екі ғой?

– Иә. Он екі том.

– Менікі он төрт том болады. Үлкен форматпен. Мен де Қадырдан аз жазбағам. Әзірге он том етіп шығарып берсең, қалғанын кейін қоса береміз. Құрдасымен бәсекелесті демессің. Бірақ Қадырдан қалғым келмейтіні рас.

Тұмағанның он төрт томын бес мың дана таралыммен шығаратын болып келістік. Қаражатын екеуіміз бірлесіп қарастыратын болдық. Тәуекел!

– Мен саған Қадыр емеспін, - деді ол кетерінде тағы да құрдасын алға тартып, - Әлі-ақ өзіңе ат мінгіземін. Менің әкем соғыста кеткен. Ақшадан өлген жоқ. Сондықтан қаламақы бер деп сені мазаламаймын. Керегі жоқ. Тек көзім тіріде томдарымның толық шыққанын көріп кетсем болғаны.

– Аға, Алла жазса бәрі де шығады. «Әрекет түбі берекет» деген бар. Әрекетке кірісейік,- деп шығарып салдым.

Көпке созбай Тұмағанның алғашқы томдарын тергізіп, беттете бастадым. Уақыт жылжып жатты. Тұмаған облыстарды аралап, әкімдермен жүздесіп, кітаптарды өткізу үшін таралымға біраз тапсырыс жинап қайтты. Бір-екі өңірмен келісім-шарт жасадық. Бюджеттің заңы бойынша мемлекеттік ұйымдар кітапты шығаруға жәрдем бере алмайды. Дайын кітапты сатып алуға ғана қаражат бөледі. Оның өзін жергілікті мәслихаттар құптауы керек. Мен өз тарапымнан Тұмағанның көптомдығын

өткізу мақсатымен бірнеше облыстың әкімдеріне ресми хат жолдадым. Жауап күтіп отырмыз.

Бір күні күтпеген жерден Тұмағаң кабинетіме кіріп келді. Жүзінде қуаныштың ізі бар. Үлкен шаруа бітіріп келген сыңайлы. Амандасқан соң сырт киімін шешпей орындыққа отыра кетті.

– Сен жинал! Талдықорғанға жүгір! Мен Шалбай ініммен келісіп келдім. Тезірек бар! - деді ол аптығып.

– Тұмаға, не келістіңіз? - дедім таңданып, - Көмек беретін болды ма?

– Кеше арнайы Талдықорғанға барып жолықтым. Мені сыйлап, моншаға апарды. Коньяк құйды. Мәселені айттым. «Баспаның бастығы келсін. Өзім жәрдем беремін» деді.

– Қанша беремін деді?

– Айналайын, ол жағын білмеймін. Алматы облысы менің туған мекенім. Біраз беретін шығар. Өзің барып сөйлес.

– Жарайды, аға! Әкімнің кеңесшісін жақсы танымын. Телефон соғып хабарласайын. Егер кел десе, таңертең жолға шығамын.

– Сөйте ғой, айналайын, - деп Тұмағаң қайтты. Талдықорғанға, облыс әкімінің кеңесшісі Серік Мұқановқа телефон шалдым. Серік ағамен танысқаным көп бола қоймаған. Кейде адамды сыйлау үшін көп уақыттың қажеті жоқ. Ол кісімен бір-екі кездескеннен кейін-ақ өзіме жақын аға тұтып кеттім. Ақжарқын мінезді, терең білімді, сыпайы, өте мәдениетті адам. Елге болса екен деп тұратын адал пиғылы анадайдан байқалады.

– Ертең әкім орнында болады. Ертерек шығып, сағат 12-ге дейін жетуге тырыс. Өзім ертіп кіремін, - деді ол.

Талдықорғанға сағат 11-де жеттім. Серік аға рұқсат қағаз дайындатып қойыпты. Екеуміз етене жақын адамдай жылы ұшырастық. Амандық-саулықтан соң:

– Шәкенде жиналыс болып жатыр. Сенің келгеніңді айтып қойдым. Жарты сағаттай күте тұрайық, - деп ол хатшы қызға шәй әкелуді тапсырды.

– Тұмағаң жіберді, - дедім жайғасқан соң, - Шалбай аға қатты сыйлаған көрінеді. Көңілі өсіп барды.

– Иә, ол кісіні бірге күттік. Үлкен адам ғой. Бәріміздің мақтанышымыз. Шәкең де ағамызға қатты риза болды. Оның айтқан әңгімелеріне әлі күліп жүр.

Әкімнің қабылдау бөлмесінен телефон соғылды. Серік аға: «Шәкеңдегі жиналыс бітіпті. Жүр, бірге барайық» деп мені ерте жөнелді. Қабылдау бөлмесінде іркілмей, салтанаты келіскен үлкен кабинетке тура кіріп бардық. Серік аға мені таныстырды.

– Ағаң қалай? Жақсы жетіп пе?– деді Шалбай аға Тұмағанды меңзеп жымыып.

– Сізге рахметін айтып жатыр. Көңілі өссе адам құстай ұшады ғой. Бірден маған барды. Сол кісінің айтуымен келдім.

– Біз ол кісінің көптомдығын облыс кітапханалары үшін сатып алсақ деп шештік. Бес жүз елу мың теңгеге алсақ дейміз, – деп Шәкең Серік ағаға қарады,– Облыстық мәдениет басқармасының бастығын шақырып ақылдасындар. Тездетіп мәслихаттың сессиясына ұсыныстарын енгізісін.

«Бес жүз елу мың теңге» дегенді естігенде көңілім пәсейіп қалды. Бірақ дәл осы сәтте Тұмағанның көптомдығының тағдыры шешіліп тұрғанын ойладым да, ойымды ірікпей сөйлеп кеттім.

– Шалбай аға! Егер сіз айтқандай «бес жүз елу мың теңге» ғана болса әуре болып, бекер келген екенмін. Тұмағанның қуанып барғаны да әншейін екен, – деп кесіп салдым. Шәкең аңырып қалды.

– Неге? Енді қанша керек еді?

– Тұмағанның көптомдығына қазір бүкіл облыстардан тапсырыс жинап жатырмыз. 14 томды бес мың таралыммен шығару үшін біздің есебімізше ең кемі 25 миллион теңге керек. Соны құрастыру қиын болып тұр. Солтүстік Қазақстан облысы 2 миллион теңгеге, Ақтөбе облысы 3 миллион теңгеге алатын болып, келісім шартқа отырдық. Оңтүстікпен, Атыраумен, Жамбылмен келістік. Бәрі де шама-шарқынша алатын болды.

– 25 миллион көптеу емес пе? – деді Шәкең Серік ағаға, – Қане санап көріндерші. Меніңше қымбаттау сияқты.

– Санасақ санайық. Ең төмен бағамен санаймыз, – дедім де портфелімнен есептегіш құрал алып, екеуінің көзінше есептеп бердім. 25 миллион болып шықты. Олардың көзін жеткіздім.

– Шалбай аға! – дедім сосын, – Сіздерге кітаптың таралымын түгел алындар деп отырған жоқпыз. Оның үстіне кітаптың өзіндік құнынан да төмен бағаға ұсынудамыз. Қалыңдығы кірпіштей 14 томды қазір 5000 теңгеге кім береді. Ол бір мәселе. Екіншіден, сіз

Тұманбай аға мен Қадыр ағаның қалжыңы мықты құрдастар екенін білетін шығарсыз?

– Әрине, білем ғой, - деді Шәкең.

– Мен жақында ғана Қадыр ағаның он екі томдығын шығарып болдым. Қадыр ағаның туған жері Батыс Қазақстан облысы сол көптомдықтың бір мың комплектісін сатып алды. Онымен тұрмай Қадыр ағаға Орал қаласынан екі қабатты коттедж берді. Ол аз десеңіз, астына машина берді. Соның бәрін Тұмағаң құрдасы көрмей отырған жоқ. Бәрін де біледі. Бірақ сіздерге салмақ салуға қысылады ғой. Кеше ол кісі маған келіп, сізге қатты арқа сүйейтінін айтты. «Менің туған жерімнің азаматтары да көмектеседі» деп үміттеніп отыр. Сондықтан ақын ағамыздың еңсесі түспесін десеңіз облыстың мәдениет, білім ошақтары үшін бір мың комплектіге тапсырыс берсеңіз дұрыс болар еді.

– Айтқаныңның бәрі дұрыс екен. Мен түсіндім, - деді Шәкең. Содан соң кеңесшісіне қарап: - Темірғалидың айтқаны болсын. Тұмағаңның алдында ұятқа қалмайық. Бағанағы «бес жүз елу мың теңгенің» үстіне бес миллион қосыңдар. Сөйтіп, көмектесейік. - деп нақты тапсырма берді.

Бірден сөзге тоқтаған Шалбай ағама риза болып, рахметімді айттым. Кейін кітаптар шығысымен басқа облыстармен қатар Талдықорғанға Тұмағаңның көптомдығының бір мың комплектісін жеткізіп бердік.

Осылайша, Тұмағаң мен Қадыр ағаның құрдастық салтпен «есептесіп» жүретін қасиеттері игілікті істің пайдасына асты. Кейін Қадыр аға осы әңгімені естіп, құрдасына: «Көрдің бе, Тұмаш, Шалбайдың өзі де саған мені сыйлағандықтан көмектесіпті. Мен сияқты ағаң тұрғанда жаман болмайсың!» деп әзілдейтін.

Екі данышпан. Екеуі құрдас. Араларында сыйластықтың шегінен шықпайтын әдемі қалжың жүреді. Ұлы адамдардың қалжыңы да ұлы болады. Бірде:

– Тұманбайды бір жолы қатырдым, - деді Қадыр аға күліп, - Оның менен үш ай кішілігі бар. 50-ге толғанда да, 60-қа толғанда да мерейтойларымызды тойладық. Тұманбай маған қарап отырады. «Қадыр не істер екен?» дейді. Содан кейін тура менің істегенімді айнытпай қайталайды. Мен де оны біліп алғам. 1995

жылы алпысқа толдық. Тұманбай әдетінше маған қарап отыр. Алматыда да, туған өңірім Оралда да той өткізілді. Жымпиты ауданында жиын болып, өскен жерімдегі өзім оқыған орта мектепке менің атым берілді. Елге рахмет! Сый-сияпаттан кем қылмады. Алматыға оралған соң Тұманбай іздеп келді. «Ал, не болды?» деді. Бәрін тәптіштеп айтып бердім. Бірақ мектепке менің атымды бергенін бүгіп қалдым. Әдейі айтпадым. Жазға қарай Тұманбай да тойға кірісті. Құдды менің айтқанымдай қылды. Айнытпай жасады.

Арада екі-үш жыл өткен. Бір жиында Тұмаш екеуіміз оңаша сөйлесіп отыр едік, сөздің орайы келгенде:

– Қадеке, осы сен қай мектепте оқығансың? - деп сұрады ол.

– Мен ауылда, өзімнің атымдағы мектепте оқығанмын, - дедім мақтана сөйлеп. Тұмаштың ауызы ашылып қалыпты.

– А-а! Қалайша? Қашан беріп еді атыңды? - деп көздері шарасынан шығып бара жатыр.

– Тұмаш! - дедім арқасынан қағып қойып, - Алпысқа толғанымда өзім оқыған мектепке менің атымды берген.

– Сен, сен... Айтпадың ғой, - деді ол қипақтап.

– Есінде болсын, нағыз ұстаз шәкіртінен әрқашан бір құпияны жасырын ұстайды. Мен сенің әрі ағаң, әрі ұстазың емеспін бе? - деп едім ол күйіп-пісті.

– Әй, Қадыр-ай, қусың ғой. Бұл жолы сен мені қатырдың, - деді күліп.

Негізі оның да мені сөзден ұтқан кезі көп. Жастау күнімізде бір өлең жаздым. «Хулиганский» өлең еді. Ең соңғы түйіні «Абай менен екеуіміздің арамызда бала жоқ» деп бітетін. Абайдан кейінгі мықтың менмін деген сөз ғой. Ол өлең газетке де шықты. Тұманбай құрдасым не дер екен деп жүрдім. Ол ештеңе байқамағандай, үндемеді. Арада біраз уақыт өтті. Бір күні ол:

– Қадыр, сен жалпы сол өлеңде өте дұрыс айтқансың, - деді. Оның бірдеңе айтатынын сезіп, ішім қып ете қалды.

– Қай өлеңді айтасың?- дедім түк білмегенсіп.

– «Абай менен екеуіміздің арамызда бала жоқ» дегенінді айтам. Дұрыс. Мен сенен үш ай кішімін ғой. Сондықтан мен ол тізімге кірмеймін. Демек, менің сенен де мықты екенімді мойындағаның ғой, - деді ыржиып. Сол жолы мен жеңілдім.

Қадыр аға Тұмағаң құрдасы туралы көп айтатын. Қалжыңмен сойып отырғанмен оны баладай жақсы көреді. «Қысыр сөз күлмекке жақсы» деп қойып, сөзінің арасына Тұмағанды қыстырып жібереді.

Бірде Тұмағаң да Қадыр құрдасы туралы қызық әңгіме айтты.

– Мына Қадыр кіп-кішкентай болып алып, үнемі менің алдымда жүреді,- деді ол,- Үнемі солай. Менен үш ай ғана үлкендігі бар. «Маған аға деп сөйле. Сен менің өкшемді басып келе жатқан інімсің ғой» деп күледі. Ол менен бір жыл бұрын Ленин комсомолы сыйлығын алды. Менен бір жыл бұрын Мемлекеттік сыйлықты алды. Енді міне, көрмейсің бе, менен бір жыл бұрын көптомдығын шығарып тастады, - деп Тұмағаң күлімсіреп маған көзін қысып қойды. Содан соң дауысын бәсеңдетіп, қулана сыбырлағандай болды, - Мен енді ойлап жүрмін. Біз де 95 - 96 жасқа келеміз ғой. Сол кезде бұл Қадыр ана жаққа да менен бір жыл бұрын кететін шығар деймін.

Мен Тұмағаңның бұл сөзіне күліп жібердім. Ол өзі де алақанымен ауызын басып, рахаттана күліп алды. Әлден соң ғана қалтасынан беторамалын алып, жасаураған көздерін сүртіп жатып:

– Жоқ, олай болмайды екен, - деді ол көкірегін кере дем алып, - Зиратының басында мен еңкілдеп жылап тұрсам, Қадырға одан асқан бақыт жоқ қой. Жоқ, болмайды екен. Мен бірінші кетуім керек.

– Қойыңызшы Тұмаға, жаман сөз айтпаңыз,- дедім күліп.

– Жаман сөз айтқан жоқпын ғой. Сона-а-ау 95 - 96 жасқа барған соң деймін. Соған жетейік. Әй, бірақ Қадыр онда да менің алдыма түсіп кетеді-ау. Өйткені оның алда жүруі табиғи заңдылыққа айналып кеткен.

Қазір ойланып отырсам, Тұмағаңның сол сөзі көп жыл бұрын айтылған зілсіз әзіл болғанмен негізсіз емес екен. Олар 95-ке жетпеді демесеңіз, Қадыр аға бұл жолы да құрдасының алдын орап кетті. Қаралы митингте сөйлеген сөзінде Тұмағаң нағыз ақын ретінде ішкі сезімін іркіп қала алмады. Қоштасу өлеңін оқыды. «Үш ай ғана үлкен болсаң да аға деп айт деуші едің, енді сендей ағаны қайдан табамын» деп егілді. «Бақұл бол, асыл ағам!» деп жылады. «Сенсіз енді не қызық бар?» деп шерленді.

Қадыр ағаның зиратының басында тұрып, қабырғасы қайыса еңкілдеді. «Ағасы» ана жақта жалғызсырайды деді ме екен артынша өзі де аттанды. Құрдастықтың қадыр-қасиетін терең танытқан, қайран, қазақтың асыл текті данышпандары-ай! Олар өздерімен бірге қазақ поэзиясының тұтас бір дәуірін ала кетті.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ДӘУІР ТЫНЫСЫ, ҚОҒАМ КҮЙІ, СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Мүтиев Зейнолла

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан, Орал қ.*

Қадыр Мырза Әлидің өзі авторлық құқықпен атап көрсеткен бірнеше дастаны-поэмасы бар. Олар: 1. «Өткелдер» 2. «Махаббат», 3. «Пайғамбар жасы», 4. «Дерт», 5. «Заман-ай», 6. «Бес жыл өткен соң», 7. «Парламент», 8. «Күдік», 9. «Ақырзаман», 10. «Көкейкесті», 11. «Ғадауат ғасыры», 12. «Қызыл кітап».

Дастан жанрының табиғатына жақын келетін шығармалары он шақты. Олардың баршасын жиып-теріп, «Таңдамалы туындыларының көп томдығының» 9-томына енгізіпті. Кітаптың беташарын «Өткелдер» дастаны бастайды. Туынды - әр бөлімі 7-8 шумақтан тұратын 37 бөлімді қамтиды. **«Өткелдер»** - қазақ елінің кеңес өкіметінің қол астында өмір сүрген дәуірін, сол заманның құрылысын суреттейді. Қазақтың бастан кешкен нәубеттері публицистикалық дастанда хронологиялық ретпен баяндалады. Лирикалық бейне өз атынан көз көрген, бастан кешкен жайттарды әсерлі һәм еркін жеткізген. Ес біліп, етек жапқан кезден білгенін қоғамның өмір сүру қалпымен байланыстыра толғанады, риясыз, бүкпесіз бедерлейді. Үзік-үзік, еміс-еміс суреттерді былай қойғанда:

Қалғандары түседі осы өлеңге,
У іштік қой тостақан, кесемен де!
Тапты заман

Адамдар тиімді деп
Темір жолдың астына төсегенге!

Немесе:

Отыз жеті – жатқан шақ айқайласып,
Магаданға
Колыма
Алтайға асып!
Ол жылдарға куәгер бола алмаймын,
Жүрген кезім ол менің тәй-тәй басып [1, 3 б.]

(Өткелдер)

Бала кейіпкердің көз алдынан өтіп жатқан картина: «Өрт, Тасқын / Содан кейін / Аштық, аштық - қалғаны есімде!». Одан кейінгі сурет: «Көкте – бомба, / Артта әскер, / Алда танк. / Сұмдық соғыс басталды деген күні / Біздің ауыл есінен қалды талып». Соғыс жылдарындағы ауыл өмірі, лек-легімен әскерге аттанған жастар, ер-азаматсыз қалған жұпыны қыстақ, Днепр, Дон бойынан мал айдап келіп жатқан босқындар, мұңына-мұң, шеріне-шер қосылған қағілез жандардың тағдыры дастанның үш бөліміне жүк болған. Автор шығармасында соғысқа қатысушы қандастарымыздың да бастан кешкен қасіреттерін де айтып өтеді.

Адам шошыр соғыстың түсі қандай?

Аждаһамен айқасар кісі қалмай,

Қанша қазақ босқа өлді

Командирдің

Орысшасын -

Бұйрығын түсіне алмай! [1, 6 б.]

Шындыққа қарсы тұрар амал жоқ. Алайда, «Берлинді алған қаһарман, / Батырлардың / Қатарынан табылды қалғандары!» Дастан-толғауда майдан суреті мен ауыл қиындығы қатар алынып, от пен тозақтың ара жігі өз жаратылысымен қоса өріліп баяндалған.

Поэмада соғыс қимылдарымен қатар параллель сипатта ауыл-елдің, қарапайым халықтың бастан кешкен ауыр зардаптары суреттеледі. Сол дәуірдің заман күйі, халықтың бастан кешкен қайғы-қасіретін, соғыс ауыртпалығын тартқан қиын халін ақын:

Майдан қамы –

Ел-жұрттың күйттегені,

Занды нәрсе кірлеген,
Биттегенің.
Қызығамын мен кейбір қайыршыға,
Қызықпайды жайыма ит те менің! [1, 7 б.]

- деп жырлайды.

Поэмада соғыс жылдарындағы балалардың жай-күйі, тағдыр-талайы лирикалық кейіпкердің атынан жан-жақты баяндалады. Жоқшылық пен тапшылықтың дәмін татқан бала өмірінің қиын-қыстау кезеңдері еш қоспасыз, боямасыз сол қалпында беріледі. Көн теріден тігілген шоқай киген, алашадан тігілген дорба ілген, аудандық архивтегі бума-бума сол кездің құжатын дәптер қылған, күйген бидайды сия еткен, құм тарысы атанған құмаршықты, өзен жағалай өскен ақ борықты, айдын көлде өсетін көк қамыстың ақ сүйірігін талғажау етіп, аман қалған соғыс жылдары баласының бастан кешкен хикаятын ақын шындық болмыспен жырлайды.

Жалпы алғанда «Өткелдер» поэмасы - атауынан аңғарылғандай қазақ қоғамының, қазақ елінің өткен жолын, оның ішінде жергілікті ұлт өкілінің бастан кешкен жағдаятын терең ашып көрсететін туынды. Автор бұл туындысында өз тағдырының, өз өмірінің дерек тарихын баян еткендей болғанымен, сол арқылы мұқым ел бастан өткерген қоғам дамуының барысына шолу жүргізеді. Айталық, жоғарыда сөз болған соғыс өртінің зардаптарынан өзге, қазақ ауылының соғыс жылдарынан кейінгі ауыр тұрмысы, ел басқарған «көсемдердің» қарапайым халыққа жасаған зорлық-қорлықтары саяси әңгіме - шолу ретінде поэзия тілінде әсерлі баяндалады.

Қадыр ақынның қай жанрда болса да, қай тақырыпта болса да, кең масштабта жырлай алатынын аңғарған Зейнолла Қабдолов: «Қадыр Мырзалиев – сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманы. Ол жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алды» [2] – десе, қадыртанушы Қали Сәрсенбай «Сөз жоқ, Қадырды тану – қазақты тану. Ол әдебиеттің бар жанрында өлшеусіз тер төккен тұлға. Жеті мыңнан астам кітап оқыған ол үлкен оқымысты, эрудит, ұлт әдебиетін интеллектуалдық тұрғыдан байытқан шалқар білім иесі де болды» [3] - дейді..

Қ. Мырза Әлидің «Заман-ай» дастаны іштей бірнеше бөліктерден тұрады. «Пролог немесе өң мен түстің арасы» деп аталған бөлімде ақын қазақ елінің тәуелсіздік алар тұстағы, кеңестік одақтың ыдырау барысындағы еліміздегі белең алған жоқшылық, тапшылықтың қоғамдағы көрінісін бедерлейді. Тоқшылық кезеңде тойынған халықтың аста төк замандағы ысырапшылдығын сын тезіне алады. «Студенттер үнемі өзек жалғар, / Асхананың болатын наны тегін» - деп ғажап уақытпен қатар келеңсіз суретті де көз алдымызға тартады: «Өзі түгіл, / Құтыртып малайларын, / Арам майға айналды талай қарын. / Қап-қабымен сатып ап, / О, Жасаған, / Кейбіреулер семіртті торайларын.» - деп күйіне жырлайды. Тоқшылықтың бір мезет жоқшылықпен алмасқанын ақын өзі көріп отырған мысалдар арқылы дәлелдеп, көзге нұқып көрсетеді:

Вокзалдарда,

Аэропорт;

Бекеттерде,

Баяғыдай енді дос жетектер ме?!

Қызылы бар,

Кәдімгі қарасы бар –

Уылдырық өтпейтін буфеттерде! [1, 176 б.]

Бұл – бір ғана мысал, одан өзге де әр саладағы асып-төгілген байлықтың әр түрінен сілтеме жасаған ақын «Бірте-бірте / Осының бәрі құрып, / Түс көргендей болдық та қала бердік!» - деп ой түйеді.

«Жоқшылық хәм қымбатшылық» аталған бөлімде атауынан аңғарылғандай тапшылық пен қымбатшылыққа айналған дүниенің алып-сатарлыққа жол ашқанын баяндайды. «Құлақ қазір үйренді, / Ести-ести / Сатушылар аузынан «Жоқ» дегенді». «Жоқ» жауабы мұнымен шектелмейді, бірін-бірі сүйреп, еңдей береді, тереңдей береді. Мәселен, «Кеуіп қалған көлшіктей қымызхана, / Қаңсып қалған қайықтай қоймалар да, / «Көрші көлем қонаққа шақырғанда, / Конфеті де жоқ қолтыққа қысып барар», «Жәшік-жәшік үйілген пепсилер жоқ, / Сыра түгіл, / Табылмас «арасан» да!», «Басқа-басқа! / Жоғалды грузиннің / Жаман шайы, / Кемпір-шал менсінбейтін!», «Апта бойы баламыз бетін жумай, / Семья боп сандалдық сабын таппай!», «Үй менен

мал жетпесе – жөні басқа, / Болмағаны сұмдық қой сіріңкенің», т.т. ақын айтып отырған осындай тапшылық пен жоқшылық – бүгінде әрине ұмытылды. Өз алдына тәуелсіздігін алып, нарықтық экономикаға бет алған елдің өткен ғасырдың 90-жылдарының басындағы, өліара кезеңдегі өмір көрінісі болатын бұл суреттер.

Дастанның «Табиғат және тасырлық» аталған бөлімінде қазақ даласын шаң-тозаңға айналдырған «Тың» деген саяси науқанның зардаптары айтылады. Жыртқан жерден бораған қара дауыл кесапаты, суалған бұлақтар мен көлдер, суынан – мал, малынан – жан уланған химиялық тыңайтқыштар пәлекеті азған жердің зәрін, уын сімірген аң-құстардың жоғалып, ғайып болуы – осы бөлімде жан-жақты баяндалады.

«Заман-айдың» «Ұрлық-қарлық» бөлімінде атынан аңғарылғандай заманның осал тұсын аңғарған ұры-қарақшылардың қарапайым халықтың ақ-адал еңбегімен тапқан дүниелерін қымқырған зымияндардың іс-әрекеттерін ақын ашына жырлайды. Кез келген қоғамда болып жататын ұрлық-қарлық істерден қазақ елі де сырт қалмағанын түрлі-қилы мәліметтер келтіре адам атаулының бұндай арам ісіне заманды кінәләйді. Елде тоқшылық, молшылық болмаса бейбіт күннен маза кетер дегенді меңзейді автор.

«Бұрын-сонды болмаған бұзақылық» бөлімінде ел ішіндегі қарақшылық, бұзақылық әрекеттер сынға алынса, «Рухани өмір, яки өнер дүниесі» аталған бөлімде халықтық, ұлттық өнердің (ән, би, күй, театр т.б.) аяқ асты болып, күйреп жатқанына налиды, рухани құндылықтарға жаны аши жырлайды ақын.

Поэманың «Эротика және секс» аталған бөлімінде азғындық жолға түскен қыз-жігіттердің салтта жоқ теріс тіршілігі, қазақ қыздарының ақшасы көп шетелдіктердің қуыршағына айналуы т.б. нәпісіқұмарлық, зорлық-зомбылық жаулап алған қоғамдағы ақылға сыйымсыз әрекеттер айыпталады.

«Пұшайман перзент, жетім ел» бөлімінде ақынның саяси азаматтық көзқарасы айқын пайымдалады. Тірі жетімдерге толған жетімхана, баспанасыз жүрген жастар, елі бай да жері тұнған қазыналы мекен тұрғындарының кедей халін ақын шынайы жырлап береді

Айналғанда отты ойлар нажағайға,
Көңіліңді бір күдік қажамай ма?!
Неге кедей бай елде тұрған адам?
Кеніш те бар,
Кен де бар.
Қожа қайда?!

немесе:

Келіп қалды кезіміз көгеретін!
Кезі болды көп ойдың көнеретін
Еркең де бар,
Ер де бар,
Есті де бар,
Серкең қайда артынан Ер еретін?! [1, 210 б.]

- деп, келетін жолдардан ақынның айтпақ идеясының түпкі мақсаты аңғарылып қалады. Ұрпақ болашағына алаң болған ақын-дана бесік жырын естімей, емшек ембей, төсегінде бүрісіп өсетін сәбидің ертең кім боп шығатынына күмәнмен қарайды: «Кім деп оны сен ертең айта аласың: / Өңі - қазақ, / Тілі - орыс, / Қаны – бұзық?!». Ой түйіні: «Жетімхана - бесігі бақытсыздың / Жетімхана - түрмесі бөбектердің». Тегі белгісіз жетімдердің болашағына ақын көңілі аландаулы. Сондай-ақ әке-ана құшағының жылуын сезінбеген, ата-әже тәрбиесінен сырт қалған, жайлаудың таза ауасын жұтып, рахаттанбаған, боздаған бота мен кісінеген құлынды көрмеген, ана махаббатына бөленбеген тас бауыр ұрпақтың болашағына ақын селқос қарай алмайды.

Дастанның «Бұқара және партократия» бөлімінде тұтас бір дәуірді билеген коммунистік партияның қоғамға, халыққа тигізген озбырлық істерін жария етеді. Ұлттық құндылықтарды жойып жібере жаздаған СОКП-ның қолдан жасалған зорлық-зомбылықтарын түрлі бағыт бойынша атап өтіп айыптайды.

Уландарып сәбидей саналарды,
Тыңдамадың көреген даналарды.
Енді, міне,
Ұятын Партияның
Адал жандар арқалап қала барды! [1, 221 б.].

«Жанталас және желтоқсан» бөлімінің айтар ойы - Қазан төңкерісінің әкелген жақсылығымен қатар қатерлі зиянын да атап көрсетуге арналған. Аштық, репрессия зардаптары, тыңның кесапаты, келімсектердің басынуы, қазақтардың өз елінде азшылыққа айналуы, тіл мен ділдің, жастардың баспанасыз қалып, «жетім бұрышты» жағалауы т.с.с. өткен қоғамның шын бет пердесі ашылады.

«Жер дауы және жан ашуы» аталған бөлімде Қазақстан жеріне көз алартқандардың іс-әрекеттері сынға алынса, «Одақ және отаулар» аталған бөлімде Кеңес Одағының басын біріктірген он бес одақтас республиканың өз тәуелсіздігін алудағы күресі, Ресей қоластында қалған ұлт пен ұлыстың бұғау шынжырын бұзып, өз алдына отау құруға ұмтылысы баяндалады.

«Алаңдар және адамдар» деген бөлімде ақын демократия буына басы айналып жүрген ағайындарды сабырлық пен саналыққа, ақылдылыққа шақырады. Заман ағымына тез икемделген ұрандатқыш «батырлар» мен дәуір тынысына сай пайда болған бейформалдардың жөнді-жөнсіз дүрмектеріне сараптама жасайды, өз ұсынымын, ақыл-кеңесін айтады.

Дастанның соңғы бөлімі «Эпилог немесе шамырқану» аталыпты. Шығарма соңында автор өз халқының азшылығына, алауыздығына жаны ашып, шамырқанады. Қазақты қазаққа жақсылық жасауға шақырады. Отбасын құрмай, үйленбей бойдақ жүрген қыздар мен жігіттерге ескерту жасайды. Бала тууды азайтқан келіндерге әзіл-шыны аралас құлаққағыс қылады. Ақынның айтары мұқым жұрттың тілегімен үндес, сабақтас. «Үйленбеуің, ей, жігіт, отызыңда - / Қазағыңа жасаған қастандығың!», Тұрмыс құрмай қартаю, / Қарындасым, / Ол да еліңе жасаған дұшпандығың!, «Жоғалмайды көп халық көптігімен / Мықты болмай болмайды ал біздерге!» деп жырлаған ақын:

Бірі темір,
Бірі құм,
Бірі цемент

Жасау керек қазақтан темірбетон! [1, 243 б.]

- деген тоқтамға келеді.

Ақын поэмаларына назар аударған Ғалым Жайлыбай «Қадыр Мырза Әлидің «Заман-ай» атты бірнеше дастандардан тұратын жинағын ақынның тұтас шығармашылығының заңды жалғасы деп түйдім. Бүгінгі заман ағымын ақындық көзбен көре отырып, өмір ағысы, әлеуметтік сан түрлі дағдарыстар, жастық пен махаббат, замандастың жан дүниесіндегі өзгерістер жайындағы пайымдаулар өз оқушысына жетері сөзсіз» [4, 145 б.] – деген пікір айтады.

Ал «Ақынның «Ғадауат ғасыры» поэмасы – философиялық көңіл күйге құрылған дастан. Сонымен бірге қоғамның саяси-әлеуметтік мәселесі де қозғалған бұл шығармада. Қазақ даласын жайлаған аштық, сүзек, оба, ақ пен қызылдың төңкерістері, репрессия, соғыс, тың ойраны, полигондардың зардабы, тіл мен ділден айырылған ұрпақтың өсіп-шығуы, қысқасы «алтын ғасыр» бола алмаған қоғамның хал-ахуалын ақын, дастаншы Қадыр бүге-шігесінедейін қалдырмай баяндайды» [5, 62 б.] - деп жазады зерттеушілер..

Жинақтай айтқанда ақын Қадыр Мырза Әли өзінің дастан-толғауларында біз өмір сүріп отырған дәуір тынысын, қоғам бейнесін суреткерлік шеберлікпен реалды жырлай алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырза Әли Қадыр. Тандамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. Т.9. Ақырзаман. – 440 б.
2. Қадыр Мырза Әли шығармаларының тақырыбы қандай? URL: <https://martecb.kz/adyr-myrza-li-shy-armalaryny-ta-ryby-andaj> (Қаралған уақыты: 11.02.2025.) /
3. Сәрсенбай Қ. Қадырды тану – қазақты тану // URL: <https://kadyr.kz/> Сентябрь, 2021 (Қаралған уақыты: 12.02.2025.) /
4. Жайлыбай Ғ. Қазақ өлеңі қайда барады? // Кітапта: Жайлыбай Ғ. Тандамалы. Т 3. Эссе, ой-толғамдар, сұхбаттар және өлеңдер. - Астана: Фолиант, 2014. – 334 б.
5. Мүтиев З., Мұханбетова Ж. Қадыр Мырза Әли. // Кітапта. Мүтиев З., Мұханбетова Ж. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 2-кітап. Монография. - Орал: Шұғыла-Принт, 2019. - 410 б.

Қ. МЫРЗА ӘЛИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

1-СЕКЦИЯ

ҚҰДІРЕТТІ ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ ҚАДЫР АҚЫН ФИЛОСОФИЯСЫ

Ержанова С.Б.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры, ф.ғ.д.
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Поэзияның табиғатына тән нәрсе шынайылықты түсіндіруде ешқандай кедергіні елемейі. Жасандылықты адам болмысы бірден қабылдауы да қиын. Сол табиғи шынайылыққа деген құмарлықты, тазалықты сіңіруде шығармашылық иелері қалыптасқан түсініктерден тыс көзқараспен әлемді жаңа қырынан суреттеуге бейім тұрады. Түсіну мен қабылдаудағы мұндай әрекет есте қалған ұғымдардың шекарасын бұзатыны рас. Ал шекарадағы шексіздіктің жойылуы поэзияның философиялық маңызын арттырады. Данышпан Аристотельдің поэзияны әдеби шығармашылықтың философиялық түрі ретінде бағалайтыны да ақиқатты танытудағы оған ешнәрсе кедергі бола алмайтынын танытса керек. Шындығында адам санасы қабылдауында қалыптасқан шарттылықтармен өмір сүруге үйренген. Осы тұрғыда шығармашылық қиял шындықты игерудің философиялық тәмсіліне айналады. Шығармашылық иесі түсінуге тырысатын адам өмірінің мәні, адам жанының болмыс, оған қауіп төндіретін құбылыстармен қатынасы сияқты әртүрлі әрекетте сезім ақылмен жанамаланып, сөзбен қайталанатын жағдайда поэзия идеалға жақындайды. Себебі, Поэзия - болмыстың маңызды негіздерінің бірі. Адам болмысымен өмір сүріп тұрақтылыққа ие болып отырған ақындықтың тылсым құдіретін тану ертеден басталады. Сезіну мен толқудан болған жан-дүниедегі өзгерісті түсіндіруде алғашқылардың бірі болып ежелгі грек ақындары Вергилияның

«Энейда», Мишель Монтеннің «Қайғы туралы» шығармалары жазылды.

Тылсым дүниенің бойына біткен себебін балалық шақтағы қатты күйзеліс, қайғы-қасіреттен іздейді. Жан дүниедегі күйзелісті Монтень: «Тым қатты қайғы біздің жан дүниемізді басады», «шағымданып, жан күйзелістен қашамын» деп жырлаған. Бастапқы бұл ұғымдар сезінудің алғышарттарын түсіндіруге тырысқандығын білдіреді. Осылайша, ақындық ерекшілік поэзия құбылысы ретінде шындықты еңсеруге деген қабілеттілік пен мүмкіндікті танытты. Әлі күнге дейін өзінің қызметін яғни өмір мен тіршілік арасындағы, шындықтың алдағы өзгерісін сезу мен осы шындықты интуитивті болжаудағы бағытынан тайған емес. Тереңіне бойлайтын болсақ поэзия - қоғамның эмоциялық жағдайының барометрі сияқты көрінеді. Поэзияны да басқа өнер сияқты барлық тіршіліктің пайда болғаннан жоғалғанға яғни өлімге дейінгі және одан кейінгі жұмбақтары қызықтырады. Соның бәрінде де адамзаттың тіршіліктегі мәнін түсінуге жетелейді.

Негізгі бөлім. Сондықтан адамзаттың дүниетанымы мен әлемді рухани игеру тәжірибесінде жалпы ой-арманы, тұрмыс тіршілігі мен салт дәстүрінде, мәдениетінде поэзия - феномендік құбылыс болып табылады. Демек, поэзияның мәніне жетудің алғашқы әрекеті ретінде, оның бар нәрсені тіршілікке айналдыратын құдіреттілігін байқаймыз. Екіншіден поэзияның мәні оның қабілеттілігінде болса керек. Үшіншіден поэзия-адамдарға өздерін біртұтас адамзат ретінде сезінуін қалыптастырды. Міне, құдіретті поэзияның талабынан табан тайдырмаған қадірлі ақын Қадыр Мырза Әли шығармашылығы да өз тазалығы мен шынайылығын әлі күнге дейін жоғалтқан емес. Ақиқат пен тазалыққа, шындық пен шынайылыққа, тапқырлық пен шешендікке құрылған поэзияны - өзге, тамаша өмірдің құбылысы ретінде таныған ақын.

О бастан-ақ тазалыққа құмарттым.

Құмарттым да жүрегіме жүк арттым.

Кетірем деп жұққан кірді жаным,

Жүйкемді де,

Ғұмырды да жұқарттым!

Ақынға өлең - жұмақ бақыттың жарқын көрінісі. Шабытының шаңына ілесе алмай қалудан гөрі асықпай мәнге, ойға, ақылға күш салады. Сондықтан болса керек ақын өлеңдерінде адамның болмысына оның ішкі жан дүниесіне терең бойлайтын философиялық ойлары жиі кездеседі. Ол өмірдің мәні, тағдыр, уақыт, өлім мен өмір сынды тақырыптарды жырлай отырып, адамның ішкі қайшылықтары мен толғаныстарын мысқылмен жеткізеді:

*Көр-кеуделер мініп алып жыр-атқа,
Титықтатып өлтіреді-ау жырақта.
Кейде жастар үйренеді олардан,
Қалай жазбау керектігін бірақ та*

-деп басталатын шумағында қоғамның кереғар қайшылықтары қалыптастырған әрекеттерге қаны қайнап:

*Ашу кернеп,
Арна-сайға сыймаймын.
Ақырында*

Бәрін мұң ғып — көзіме,

Мысқыл қылып — миығыма жинаймын!

- деген ақын болмысын түсінгендей боласың..

Өлеңдеріндегі көркемдік шындық — өмір мен өнердің шынайы үйлесімі, адам мен қоғам арасындағы байланыстардан тұрады. Ақын шығармаларында ұлттық болмыс, философиялық ой, табиғат көріністері және қарапайым адам өмірінің сұлулығы еш өзгеріссіз табиғи ерекшелігімен бейнеленеді. Әр құбылысқа таңданыспен қарап, терең ой іздейді және оның шешімін шығарады. Шығармаларында дүниетанымдық ойлар адам мен қоғам, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық секілді ұғымдардың көп кездесетіндігі де содан болар. «Өмір шіркін алтын ине, мен жібек жіп, қойған соған сабақтап» деген сияқты ұғымдарынан философия мен поэзияның бірлігін көреміз. Екеуі де таңданудан, күйзелістен басталып, бір арнада шындықты екі есеге арттырып, өзгертті десек те болады. Әлемге таңданыспен, балалық көзқараспен қарау да біле білсе суреткерлік ерешелік шығар. Жазушы К. Паустовскийдің: "Өмірді, айналамыздағы барлық нәрсені поэтикалық тұрғыдан қабылдау - бізге бала кезден қалған ең үлкен сый. Егер адам бұл сыйды ұзақ жылдар

бойы жоғалтпаса, онда ол ақын немесе жазушы " деген екен..Ақын оқырманының нені сезінетінін білдіру арқылы сол сезімді өзгертуге, оның осы сәтте не сезінетінін нақты елестетуге шақырады. Оқырмандарын өздеріне белгісіз болып келген ой-сезімдерін саналы түрде сезінуге итермелейді. Адамның уақытқа, заман ығына бейімделу әрекеттеріндегі жасандылықтарына жаны шыдамайды:

Алтынды алтын,

Мысыңды мысың деймін.

Итіңді ит,

Кісіңді кісің деймін-

деп отырып әлеуметтік өмірдің сәйкессіздіктері мен ұсқынсыз құбылыстарының жалпыланған бейнесінен таңырқап мән іздейді:

Адасатын, орман түгіл, картада

Бар керемет ақыл-ойға «мәрт» аға.

Ол қарсы емес күнде сабақ беруге

Платонды отырғызып партаға.

Сәл-сәл тізгін тисе болды наданға,

Сол болады көкең де һәм дадаң да.

Жоғарыдан қарайды ол

Өзінен

Әлдеқайда биік тұрған адамға!

-деп адам мінезін саралап отырып шынайы өмірдегі қалыптасып отырған жасандылыққа, адам болмысына қайшылықты әрекеттерге шынайылықты қарсы қоя отырып адамгершілік тұрғысынан сын айтады. Поэтикалық мұраларының өміршеңдігі мен қуаттылығының құпиясы халқымыздың ұлттық құндылықтарымен тығыз байланысып жатыр. Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, айналып келгенде халқының қаймағы бұзылмай өзіне тән болмысын сақтап қалуын қалайды. Сондықтан да ақын халықтың ұлттық символына айналған бейне- Аяз бидің образын үлгі етеді. Аяздың даналығын, достыққа адалдығын, сертке беріктігін, қайырымдылығын, әділдігін ұлт болмысынан таниды. Сол құндылықтан айырылып қалмауын тілейді.

Сен, Аяз би, жемісі даналықтың,

Ойлап тапқан өзіңді

Дала мықты.

Кемеңгерлік бейнесін қайдан алмақ

Өзі сондай болмаса со халықтың?!

Ол – қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген, тапқыр, кішіпейіл, ізетті, көпшіл, қайырымды, қанағатшыл. Аяз би бейнесі-ақынның ішкі қалауы өзінің тұлғалық бейнесін қалыптастырған десек те болады. Философиялық пайымдық тұрғыдан алып қарасақ бұл үлкен мәселенің шешімі болып табыла алады. Сондықтан да ақын ұлттық рухты, салт-дәстүрді заманның ағымына мойымайтын темірқазық ретінде таниды. Ол ұлттық мәдениеттің жаһандану дәуірінде сақталуы қажеттігін түсіндіреді. Ақын кейде өзінің ішкі жан дүниесін ұлттың болмысымен ұштастырып, ұлттық рух пен адамның ішкі әлемін қатар өрнектейді. Қадыр шығармаларында заманауи шындық халықтың өмірімен тығыз байланыста қарастырылады.

Адамдардың жұмбағы мен сыры қандай көп еді!

Өзің кейде өзің болмай, өзге болғың келеді.

Мен білмеймін: өзгере ме, өзгермей ме шын асыл,

Кейде, тіпті, ащыдан да, тұщыдан да шығасың.

Ортадағы өзгерістен қашып құтылатын оң жол іздейді. Жасандылық деген індеттен өзін аулақ еткісі келеді де: «Әрін-бәрін жоғалтатын түрім бар, елге деген махабаттан басқаның –«деп дегбірсізденеді.

Қалай тұрар бұл көзден мұң көрінбей

Ғұмыр қысқа көктемнің гүлдеріндей.

Өмір! Өмір!

Ағызып өте шығар

Демалыстың ақырғы күндеріндей.

Қарапайым өлеңнің сізді бірден тартып кетпейтін бірақ санаңызда қалып қоятын сызы бар. Сезіммен емес ақылмен ойылған ой мен мазмұн бар. Қадыр Мырза Әли шығармашылығына тән афоризмдік тапқырлық, шешендік, пәлсапалық ойлар- өмір тәжірибесінен туған шынайы шындық. Оны жеке сөз етсек біздің бір кездері философия поэзия ретінде басталды деген ойымызға қайта оралтады. Өйткені кез келген өлеңінде кедесегін кесек ұғымдар мен тың тіркестер мен

мақамдық-мәтіндік сипат алған. Мәселен, «Өлең – қымыз беру емес кесемен», «ана десе, жолына оның кілем болып төселем!» , «түйенің бәрі атан емес, туған жердің бәрі отан емес», «өз тілің бірлік үшіе, өзге тіл тірлік үшін», «ақиқат жылатады, «өтірік жұбатады», «ақиқат аямайды, өтірік аялайды», «шындықтан қашқан шырғалаңға тап болады»...сияқты тапқырлығы дәл нысанасын көздейді. Ол тіркестерді жай көз жүгіртіп оқып шығу мүмкін емес, оның астарлы, тұжырымды сырына, терең мағынасына, мақалдық үлгісіне, мәтелдік белгісіне тоқталмай өтуге болмайды. Ойды жеткізудің тамаша үлгісі дерсің.

Қорытынды. Ал ойды жеткізудің алуан түрлі амал-тәсілдері бар. Өнер адамдарын былай қойғанда, көркем шығарманы былай қойғанда, адамдар өзара бір-бірімен сөйлескеннің өзінде әркім ойын әртүрлі өреде жеткізіп айтады, сол ойды жеткізу мақсатында бірсыпыра амал-тәсілдер қолданады. Біреу туралап, төтелеп айтса, біреу мақал-мәтелдеп, біреу тұспалдап, астарлап, біреу жұмбақтап жеткізеді. Осының бәрінде олар өздерінің эстетикалық өресіне, ой-сезімінің өресіне, мәдениетіне қарай, сөздің мәнді, мағыналысын, бейнелі, суреттісін, көркем бояулысын қолдануға тырысады. Қадыр ақында осылардың бәрінің арасында логикалық та, тілдік те, мағыналық та үйлесімділік бар. Ал үйлесімсіз сөз ойды жеткізе алмайды, ақындық мінезді даралауға қызмет етпейді. Жалпы ақындық арна әрқашанда елге және адамзатқа, билікке, досқа, сүйіктіге тағы басқа толы өмірдің бар сұрағын тақырыпқа айналдырады. Шындығында да поэзияға лайықты нәрсе жоқ емес тіпті қалған болса ол поэзияға лайық емес.

Қорыта келгенде айтарымыз, тіршіліктегі кез келген материяның психикалық табиғаты бар және адам деңгейінде сана ретінде көрінетін белгілі бір ішкі энергияға толы. Құдіретті поэзияның да феномендік мазмұнында адамдық қасиеттер жатқанын ұмытпайық.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПӘЛСАФАЛЫҚ ОЙДЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛМЕН АЙШЫҚТАЛУЫ

Қалқабаева С.Ә.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Байбатырова А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Қазақстан Алматы қ.

Қадыр Мырза Әли – қазақ поэзиясындағы терең ойлы, философиялық лириканың көрнекті өкілі. Оның шығармашылығынан поэтикалық ойлау мен сезім құдіретін ғана емес, терең пәлсафалық пайым мен мән-мағынаның, ұлттық сана мен рухтың, адами парасат пен данышпандықтың көрінісін танимыз. Өмір мен өлім, уақыт пен кеңістік, адам болмысы, табиғат сыры, жақсылық пен жамандық сияқты саналуан мәңгілік тақырыптардың тереңіне бойлап, мәнін ұғынамыз. Ақын поэзиясының дара стилін танытатын басты ерекшелік – терең мағыналық қабаттармен көмкерілген, адам жанының қыр-сырын танытатын бейнелі сөздер мен поэтикалық фигуралардың көптеп қолданылуы.

Поэзиядағы тілдік-бейнелік құралдар – ойды тиімді әрі әсерлі жеткізудің, сезімді образдылықпен суреттеп айтудың құралы. Қадыр Мырза Әлидің поэзиясында бейнелілік пен көркемдік тәсілдер тек сыртқы көркемдікті ғана емес, терең философиялық ойларды жеткізу үшін де пайдаланылады. Оның өлеңдерінде адам болмысы, оның өмірі мен өлімі, махаббат пен үміт мәселелері көбіне бейнелі сөздер арқылы ашылады. Мысалы, метафора, эпитет, салыстыру және аллегория сияқты көркемдік құралдар оның сөзін әсерлі әрі мағыналы етеді. Әрбір бейнелі сөздер ақынның өз дәуіріндегі адам мен табиғаттың арасындағы үндестікті, әлемнің құпияларын зерттеуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Қадыр Мырза Әли – поэзиясында тіл шеберлігі мен философиялық астарды ерекше ұштастыра білген ақын. Оның өлеңдеріндегі бейнелі сөздер, троптар мен фигуралар терең

контекстік мағынаға ие болып, оқырманға эмоциялық, эстетикалық әсер береді. Қадыр метафораны тек көркемдік үшін емес, философиялық тереңдікке жол ашу үшін қолданады. «Бақыт» өлеңіне поэтикалық тұрғыдан талдау жасалық:

Құс сияқты сезінбейтін қанатын

Бақыт – сәби білмейтұғын әлі атын.

Бақыт! Бақыт – ғажайып бір дәм ғана

Сүйгеннен соң ерініңде қалатын!

Ақындардың көмейінен жыр ақса,

Кейбіреулер сөз бәйгеде жүр ақсап.

Бақыт шіркін асыл болса – бір мысқал,

Бақыт шіркін уақыт болса – бір-ақ сәт!

Қадыр Мырза Әлидің бұл өлеңі – *бақыт* ұғымына поэтикалық-философиялық терең мағына берілген лирикалық шығарма. Бақыт – ұстатпайтын, сәттік әрі нәзік құбылыс. Ол сәбидің аңғал сезімі, махаббаттың ыстық табы, поэзияның лебізі арқылы көрініс табады. «*Құс сияқты сезінбейтін қанатын*» дей отырып, *қанат* – мүмкіндік пен еркіндіктің символы, ал оны сезінбеу – адамның бақытын байқай алмайтынын білдіреді. «*Бақыт – сәби білмейтұғын әлі атын*» дей отырып, бақыттың таза, аңғал күйі сәбимен салыстырылады. Асыл мен уақыт, мысқал мен сәт – бақыттың қысқалығы мен құндылығын көрсететін антитезалық құрылым. Бұл жолдар – Қадыр поэзиясына тән философиялық лиризмнің көрінісі. Ұйқас жүйесі де қарапайым әрі үйлесімді: *қанатын – әлі атын – қалатын; жыр ақса – жүр ақсап – бір-ақ сәт*. Мұнда дыбыстық үйлесім мен дыбыс қайталаулар (ассонанс) да өлеңге ерекше ырғақ пен әсер тудырады. Ақын – сыршыл бақылаушы, бірақ өзі де бұл бақытты сезіп, бағалап үлгермейтін бейне ретінде көрінеді. Лирикалық кейіпкер бақытты жырлаумен қатар, оны жоғалту немесе уақытша екенін де еске салады. Ол бақытты көркемдік бейнелермен сипаттайды: құс, сәби, дәм, сәт. Бақыттың мәні емес, сәті маңызды деген идея – поэзиялық түйінге айналады. Ақын ақылмен емес, жүрекпен ұғынатын шындықты лирикалық тұрғыдан жеткізеді. Бұл өлеңді Қадыр Мырза Әлидің поэтикалық философиясының жарқын үлгісі десек те болады.

Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы пәлсафалық ой ең алдымен адам табиғатын тануға, оның қоғамдағы орны мен маңызын түсіндіруге бағытталған. Ол адамды табиғатпен, тарихпен, ұлттық болмыспен сабақтастыра қарастырады. Ақын табиғат құбылысын суреттей отырып, өмір мен құбылыс заңдылығын, уақытша қиындық пен оның артындағы жақсылықты, өмірдің циклі мен жаңару идеясын астарлап жеткізеді. Мысалы, оның «Жаңбырдан соң» өлеңіндегі:

*Су-су қылып бозторғайды, шымышқыты,
Сілкінді де сұп-сұр аспан тынышқыты.
Сахна – көк, шымылдық – бұлт сырылып,
Сығалады, нұрын сеуіп күн шықты...*

– деген жолдар табиғат пен ғарыштық кеңістік *театр сахнасы* ретінде елестетіледі. Бұл – өмірдің театрлық философиясы, яғни дүние – сахна, адам – актер. Бұл жолдар космостық үйлесім мен уақыттың шексіз ағыны туралы пәлсафалық ой тудырады.

*Жұтты гүлдер нөсер суын, шуақты.
Жылғалардан жылжып қана су ақты.
Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат
Жақсы баға
Алған бала
Сияқты..*

– бұл жолдар табиғаттың тазаруы мен өмірдің жалғасуы, қиындықтан кейінгі тыныштық пен қуаныш сынды өмірлік-философиялық заңдылық-ты білдіреді. Ақын табиғи құбылысты – моральдық, адамдық тәжірибемен ұштастырады. «Жақсы баға алған бала» — адамның жетістігі, еңбектің немесе сабырдың жемісі. Талдап өткеніміздей, ақын табиғаттың жай-күйін адам өмірімен тікелей байланыстырады. Жаңбырдың жаууы, күннің күркіреуі, найзағай ойнауы, жаңбырдың басылып, күн көзінің көрінуі – адам өмірінің өтпелі кезеңдеріне сәйкес келеді. Сол шындықты өлең арқылы жеткізе алды.

Қадыр Мырза Әли – әр қазақтың жан дүниесін тебіренітіп, пайымын байытқан ақын. Оның өлеңдерінде пәлсафалық

тереңдік – ақындық табиғатының тұтас өзегіндей. Мысалы, «Өмірдің өзі қызық» атты өлеңінде:

*Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,
Жап-жақсы жырды кейде біз түзеумен жүрміз бұзып ап.
Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,
Біреуді сынап адам ғып, мақтаумен жүрміз бұзып ап.*

Бұл шумақ – адам мен өмір, өмір мен ақиқат арақатынасына арналған терең пәлсафалық толғамға толы. Ақын өмірді біржақты, түсінікті құбылыс ретінде қарастырмайды. Ол – жұмбақ, яғни ешкім толық түсініп, шешіп болмаған күрделі құбылыс. Сонымен бірге, ол – **қызық**, өйткені сол шешілмеген жұмбақтың ішінде тіршілік етіп, адам ізденіс үстінде жүреді. Бұл жерде экзистенциализмге жақын сарын бар – өмірдің нақты мәні жоқ, оны адам өзі толтырады, өзі түсінеді, ал соған жету жолы – өзінді іздеу мен тану. Жақсы дүние өз қалпында тұрғанда, адам оны «түзетемін» деп жүріп бүлдіреді. Мұнда адам табиғатына тән шектен тыс араласу, өзін бәрінен жоғары қою тенденциясы сынға алынады. Өлеңнің «Біреуді сынап адам ғып, мақтаумен жүрміз бұзып ап» деген тармағында тәрбие мен моральдың екіұшты табиғаты көрінеді. Яғни, жақсы ниетпен жасалған іс – зиянға айналуы, шектен тыс мақтау да адамды тәкаппарлыққа, жалған сенімге итермелеуі мүмкін екендігіне зейін аудартады. Дәл осындай парадокс күнделікті өмірде кездесетіндігі де шындық.

Қадыр Мырза Әли поэзиясында пәлсафалық-поэтикалық толғаныспен жазылған өлеңдер өте көп. Сондай өлеңнің бірі – «Өмір қиын». Мысалы:

*Өмір қиын!
Біреу жанып,
Біреулер малын базар.
Тұлпар мінсең,
Еридi жалында қар.
Өзіңді-өзің алдама,
Алдарқатпа –
Өмір барда, ағайын, өлім де бар...*

– деген жолдар адам өмірінің әркелкілігін, өмірлік теңсіздік пен күрестің мәңгілік сипатын бейнелейді. Мұнда әлеуметтік теңсіздік, тағдырдың әркімге әрқалай берілуі суреттеледі.

Сонымен қатар, трагедиялық реализм де бар – өмір тек қана шабыт пен жарық емес, ол – қайшылыққа толы құбылыс. Өркім жағдайға байланысты өмір сүріп, өз жолын өзі табады. Бұл – экзистенциалистік мазмұн.

Ақылға тән қашанда сабыр-ұстам.

Азаматты қорқытпас тағдыр-мыстан.

Қалай қарай жүрсең де –

Есте болсын –

Қарсы алдыңнан шығады қабірстан...

Амал қанша!

Буасың белді бекем!

Бірте-бірте шырағың сөнді ме екен?!

Егер сөнсе,

Ол қайтып тұтанбайды.

Қабірстан қараңғы – соңғы мекен.

Бұл өлең жолдарында өмірдің шектеулігі, уақыттың тоқтамайтыны, өлімнің қайтымсыздығы туралы ашық айтылады. «Шырақтың сөнуі» – өмір отының өшуі, бұл метафора өмір мен өлім арасындағы шекараны дәл жеткізеді. Бұл ойлар – адамды сабырлы, шынайы, қадірмен өмір сүруге шақырады.

Неге керек бір күндік құлқын егес!

Біреу мұңға,

Біреулер күлкіге мес.

Өлім жайлы ойламай әлсін-әлсін

Жақсы көру өмірді мүмкін емес!»

– бұл жолдарында ақын өмірді шынайы сүю үшін өлімнің барын сезіну қажет екенін айтады. Бұл – өмірдің қадірін уақыт пен өткіншілік арқылы түсіну. Мұнда медитациялық, данышпандық пәлсафа жатыр: тек өлімді мойындаған адам ғана өмірді сүйе алады.

Бұл өлең – өмір мен өлім, уақыт пен болмыс, тағдыр мен ерік туралы терең философиялық шығарма. Ақын оқырманын өзін тануға, өмірді шынайы бағалауға, өлімді қорқыныш емес, ақиқат ретінде қабылдауға үйретеді. Бұл – экзистенциализм мен гуманизмнің көркем поэзиядағы көрінісі.

Қадыр Мырза Әли поэзияда пәлсафасының үш басты аспектісі көрініс алған. Соның бірі – *уақыт түсінігі*, қазіргі

таңдағы уақыттың асығыстығы мен жылдамдығы. Соның ішінде «Бәрі жедел» өлеңіне тоқтала кетсек. Бұл өлең – заманның ырғағы, уақытқа тәуелді өмір салты, адамзаттың жеделдікке шектен тыс бейімделуі **туралы** терең пәлсафалық шығарма. Ақын асығыстықты тек қимыл шапшаңдығы емес, рухани таяздық, өмір мәнін естен шығару ретінде суреттейді:

Бәрі жедел,

Бәрі жылдам,

Асығыс.

Сырқырайды шаруа толы басымыз.

Әлденеге асығады кәріңіз,

Әлденеге асығады жасыңыз.

Дәрігер дос,

Ұйқыңды бұз,

Көмек бер:

Меңдеп жатқан ауру жанды демеп көр.

Келтірілген өлең жолдарында заманның ритмі берілген: адамның өмірі – тоқтаусыз ағыс, үзіліссіз жүгіріс. «*Сырқырайды шаруа толы басымыз*» – тек физиологиялық емес, психологиялық күйзеліс, рухани шаршау. Келесі жолдары арқылы барлық буын өкілдерінің – бала мен қарттың – уақытпен жарысып жатқанын көреміз. Яғни асығыстық – бір мезгілдік көрініс емес, тұтас қоғамның жүйесіне айналған мінез. Ал соңғы жолдары асығыстықтың шегіне жеткен, денсаулыққа, жанға әсер еткен тұсы суреттеледі.

Кейбіреудің асыққаны –

Амал не?! –

Ажалына асыққан боп шығады:

Қызыл жанды,

Өшті көздің жасылы.

Бір жансыз қол қалды рульде асылып.

Ұшып кеткен дөңгелегі «Волганың»

Әлдеқайда бара жатты асығып!..»

– осы тұс – шығарма кульминациясы.

Асығыстықтың трагедиялық салдары көрсетіледі: көлік апаты, өлім, кенеттен үзіліп қалған өмір. Бұл – қоғамдық күйзеліс, технологиялық жылдамдық пен адам рухының тепе-тең

еместігіне сын. «Бәрі жедел» өлеңі — заман мен адам арасындағы қатынас, жеделдіктің фәни мәнін ашатын пәлсафалық туынды. Ақын асығыстықты тек әлеуметтік құбылыс емес, рухани апат ретінде көрсетеді. Ол заманның жылдамдығы мен адамның мәнді өмір сүру қабілеті арасындағы қайшылықты айқын бейнелейді. Бұл поэзия — пәлсафаға, лирикаға, сатираға, трагедияға толы замана суреті.

Келесі аспектісі — *адам мен жалғыздық*. Қадыр адамды табиғаттың бір бөлшегі ретінде көреді. Оның «Жалғыз» өлеңі — жалғыздық пен көптің күшін, әлеуметтік тіршіліктің маңызын терең пәлсафалық тұрғыда бейнелейтін толғау. Ақынның көтеріп отырған ойы — адам баласы қоғамнан бөлініп, жеке-дара өмір сүре алмайды, жалғыздық — әлсіздік, көптік — қуат. Өлең бойындағы поэтикалық теңеулер мен образдар арқылы бұл тұжырымды нақты, көркем әрі әсерлі жеткізеді:

Жалғыз түйір нәр болмайды тамырға,

Жалғыздықпен қорқытады қабыр да.

Жалғыз ішек жарытпайды күй тартып,

Жалғыз кірпіш бола алмайды қабырға.

Бұл шумақта табиғаттан, күнделікті өмірден алынған мысалдар арқылы жалғыздықтың дәрменсіздігін айқындайды. Бір тамыр — ағашты нәрлендірмейді, жалғыз ішек — күй шығармайды, бірлік — бүтіндік идеясын алға тартады.

Жалғыз жігіт — әскер емес, қол емес,

Жалғыз ағаш — орман емес, әрине!

Көп түкірсе көл болады еңбекте,

Көп шырқаса қалықтайды ән көкте.

Өлеңнің алғашқы жолдарында ақынның айтуынша, тұлға өздігінен толықтай мәнге ие емес, ол қоғамда, ұжымда ғана толыққанды рөл атқарады. Жалғыздық тек әлсіздікті, шектеулікті көрсетеді. Соңғы жолдарда ынтымақ, бірлік арқылы үлкен нәтижеге жетуге болатыны туралы қазақтың көне мақал-мәтелдерінің идеясы жаңаша поэтикалық реңкпен көрініс табады.

Соңғысы ұлт пен болмыс. Қадыр ағаның «Қазақ пен қонақ» өлеңінде қазақ халқының болмысы, рухани дүниесі, адамгершілік қасиеті мен өмір сүру салты терең пәлсафалық

оймен өріледі. Автор қазақтың қонақжайлығын, жомарттығын, адаммен араласуға деген табиғи мұқтаждығын, өмірге деген философиялық көзқарасын көркем тілмен суреттеді:

Қонақтан қалғанын жеп отырады.

Халқымның ең қымбаты төрі ме еді?!

Төрден ол қай уақытта жерінеді!

Қонақсыз қалған күні

Сол қазаққа

Бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді.

Баласы батаменен ауызданған

Бабамнан мәрттік жайлы аңыз қалған.

Болмаса өз қонағы

Көршісінің

Қонағын бірер күнге қарызға алған!

Бұл өлең жолдарында қазақтың мейманшыл мінезі жай ғана әдет емес, бұл – рухани мәдениетінің биік көрінісі. Бұл жерде пәлсафалық ой – адамның материалдық игіліктен гөрі жылы қарым-қатынасты, жақсылық жасауды жоғары қоюы. Бұл моральдық императив – қазақ қоғамындағы этиканың негізі. Қазақ үшін қонақжайлықтың маңызы, халықтың мейірбандылығы көркем суреттеліп жеткізілген.

Қонақсыз,

Той-думансыз өткен өмір

Өмірге саналмайды қазақ үшін.

– деген соңғы жолдарында қазақ дүниетанымында өмір – бір сәттік қуанышқа ғана арналған емес, бірақ қуанышсыз өмір – толыққанды өмір емес деген тұжырым жатыр. Бұл жолдар өмірдің құндылығын бағалау керектігін, қуанышпен бөлісудің де – рухани міндет екенін меңзейді. Өлеңде қазақ халқының ұлттық болмысы, табиғаты мен көзқарасы суреттеледі. Тек қонақжайлылық қана емес, қазақтың барлығына көмектесуге дайындығы, ұстанымдары әрі өмірдің әр сәттік қуаныштарына мән беруі баяндалады.

Қадыр Мырза Әли – қазақ поэзиясында пәлсафалық лирика мектебінің негізін қалаған ақын. Оның өмір, адам, уақыт, ұлттық болмыс туралы терең ойлары – мәңгілік тақырыптар. Қазіргі таңда қазақ поэзиясында осы тақырыптардың жаңғырып, жаңа

бейнелермен дамуына Қадыр ақын үлкен үлесін қосты. Оның өлеңдеріндегі адам болмысы, уақыт, тағдыр, өмір мәні туралы ойлары қазіргі ақындардың шығармашылығына да үлкен әсер етті. Бүгінгі таңда Қадыр Мырза Әли поэзиясы – терең философиялық мазмұнның үлгісі боп заманауи поэзияда түрленіп, жаңа мазмұн мен формалық тұрғыдан модификациялануда. Қадыр идеялары бүгінгі жастар поэзиясының болмысын байытып, олардың көркемдік ізденістеріне бағыт беруде, моральдық-этикалық пайымын, ұлттық танымын кеңейтіп рухани айнасына айналууда. Бұл – рухани жалғастықтың көрінісі.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ - ТАБИҒАТ ЖЫРШЫСЫ, ШЕБЕРЛІК НӘШІ

Мүтиев Зейнолла

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент*

Мұханбетова Жангүлім

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

Қадыр Мырза Әлиді туа біткен ақындар қатарына жатқызамыз. Алғашқы тырнақалды туындысымен-ақ шеберлік нәшін көрсеткен ақынды, оның шығармашылығын терең зерттеуші академик Зейнолла Қабдолов жіті байқап, атап көрсетеді. «Дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі - мықтылығында. Мықтылығының бір дәлелі: Қадыр өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібірткісіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәнігі шебер қалпында келді. Мұны біз тұңғыш рет Қазақ университетіндегі Әуезов аудиториясында танып-білген едік» [1, 4 б.] - дейді әдебиетші ғалым.

Айтса айтқандай тырнақ алды жинақ «Көктемдегі» өлеңдер ішінен «Көктем» өлеңі таза кейіптеу үлгісінде көзге түседі. Мәселен:

Қарайып жарқабақтар күн ыстаған,
Қырдан қар төмен қарай жылыстаған.
Тосады жалпақ дала күнге жонын,
Денесін жазайын деп құрыстанған.

Ала бұлт аспанның бір қабатындай
Ақырын төмендейді қонатындай
Күміс бу жер бауырлап қозғалады,
Көктемнің ұшып келген қанатындай [2, 13 б.]

- деп келетін жыр жолдарынан эпитет (жалпақ дала, ала бұлт, күміс бу) пен теңеу (қабатындай, қонатындай, қанатындай) өзара ұжымдасып кейіптеу туғызуға ілік болған. Бес шумақтан тұратын өлеңнің өн бойынан метафора (көктем-ұл, жал-қыр) да, антоним (аға-іні) де, синоним (алуан ырғақ, алуан үн) де өз орнын алып, баршасы жабылып, жарыса бірлесіп кейіптеуге: («сергиді жалқау дала жаңғырығы», «көктем ұлын алады шомылдырып жаңбырына»; «Сансыз құс алуан ырғақ, алуан үнмен / Сайрайды гүлді көктем құрметіне») ұласады, сондай-ақ:

Құлағы сырын шертіп қоғасына,
Сұлулық бітер көлдің жағасына
Жаз келіп, көктем жылжып жүре берер
Інідей орын берген ағасына
(«Көктем»)

- деп келетін тармақтар ақын шеберлігін әр қырынан таныта түседі.

Қадыр ақынның табиғат лирикасының қатарын «Бұлт», «Жаңбырдан соң», «Күз», «Қыс», «Бұлт пен қаңбақ» сынды өлеңдер толықтыра түседі. Бұл өлеңдер бала ұғымына, жас өскіннің қабылдауына ыңғайлы тілде жазылған. Баяндаушы автор табиғат құбылысын балалардың ой-өрісіне сай, түсінуіне, мүмкіндік бере сөз саптайды. Мәселен, бұлтты «жалбыр-жалбыр жүні ұзын жабағыдай»деп сипаттаса, жаңбырдан соңғы табиғатты «Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат / Жақсы баға алған бала сияқты» деп кейіптейді.

Ал күзді өз мінезіне қарай «Жайып салды алдына қалағанды / Жемісті күз кезінде келе қалды»деп мейірлендірсе, қысқа келгенде «Қыс өзі бүрсендеген бала талға / Кигізді үстіндегі ақ

халатын» десе, енді бірде «Әлі де із түспеген аппақ дала / Басталмаған оқушы дәптеріндей» деп анықтама береді. «Бұлт пен қаңбақ» өлеңінде құйын соғып есірген күзгі далада көшіп-қонып жүрген қаңбақ аспанға қараса, қанаттарын кең жайып көшіп бара жатқан бұлттарды көреді де:

Қаңбақ өзі ілгері

Қалбаң қақты, бұлттарды...

Қарап жүрмей тілдеді:

«Қаңғыбас!» - деп бұлттарды [2, 23 б.]

- деп күндейді.

Табиғаттың бала қиялымен сабақтастығын бейнелеген туындылар тек қана «Көктем» (1959) кітабында ғана емес, сонымен бірге «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964) кітаптарында молынан ұшырасады. Айталық «Жыл маусымдары» - жылдың төрт мезгіліне арналған циклді дүниелер қатарын толықтырған. Әр маусымға арнайы тоқталып, жеке-жеке сипаттама береді ақын. Мысалы:

Көктем келді: құс келді

Күн ұзын, түн қысқа енді

Көктем келді: су ақты

Күннің көзі шуақты

Көктем келді: гүл өсті,

Көбелектер гулесті.

Көктем келді: көл үсті

Көңілді де келісті.

Көктем келді: іс келді,

Күн ұзын, түн қысқа енді [2, 152 б.]

Осы сынды «Жаз» өлеңінде де аталған кезеңнің өзіне тән қызықтарын ақын бала сезіміне әсер ететіндей кейіпте суреттей бейнелейді. Жаздың да көктем сияқты көңілді сәттері мол екен.

Жаз да келді пейілді:

Жан-жануар сейілді

Жаз да келді: аптапта

Жан-жаққа ұшты бақ-бақ та.

Жаз да келді: найқалып:

Жатыр егін жайқалып.

Жаз да келді: шаттанып.

Жұмыла іске аттанып
Тындырып бар жұмысты
Тоя жедік жемісті [2, 152 б.]

(«Жаз»)

Байқағанымыздай акын жылдың аталған мезгіліне ой екпінін түсіріп, жаз бен көктем сөздерінің қайталауларына ерекше мән берген. Сонымен бірге дыбыстық қайталаулар да туындыға әсерлі мән үстеп, акын шеберлігін дәйектей түседі. «Көктем» өлеңінде көктем сөзі бес жерде қайталанып, «Жаз» өлеңінде жаз сөзі төрт жерде қайталанып анафора қызметін атқарып, туындыға ерекше оң бере түскен. Сонымен бірге акынның «Күз» өлеңінде жоғарыда келтірілген анафоралық тәсіл эпифоралық әдіспен алмасса, кей тұста бір шумақты араласа қолданылған түріне кез боламыз. Айталық:

Күз де келді, күз келді:
Күдерін жаз үзген-ді.
Күз де келді, күз келді:
Көкте бұлттар жүзді енді.
Күз де келді, күз келді:
Құстар мекен ізденді.
Күз де келді, күз келді:
Қондырмады түзге елді.
Күз де келді, күз келді:
Керек оқу бізге енді [2,153 б.]

(«Күз»)

Осы шумақтағы тармақ басында бес рет қайталанған күз сөзі анафора да, тармақтар соңында бес рет қайталанған келді етістігі эпифора боп тұр. Ал осы мәтіндегі тұтас бірлікті құрап, басқа тармақтарға жетекші боп тұрған «Күз де келді, күз келді» қайталамасы тұтасымен бір грамматикалық құрылымды қайталап, синтаксистік анафораға айналған.

Табиғат құбылысының өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетуде, сонымен бірге жоғарыдағы қайталаулардың және бір үздік үлгісіндей көрінер өлең-«Қыс». Бұнда да жоғарыдағыдай бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдардың шырайлы нұсқасы назар аударады.

Қыс келді, қыс иықтап,

Қалды аюлар ұйықтап.
Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да, ызғарлы.
Қыс келді, қыс боранды,
Қырат көрпе оранды.
Қыс келді, қыс мықты анық,
Қайтсе де біз ықпадаық.
Қыс келді, қыс уайым ба?
Қандық біздер ойынға! [2,153 б.]

Бұл туындыдағы ерекшелік-жай қайталаудың шоғырлы түрі (қыс келді, қыс иықтап; қыс келді, қыс мұз-қарлы; қыс келді, қыс боранды; қыс келді, қыс мықты анық; қыс келді, қыс уайым ба?) кездеседі. Қыс сөзі алдыңғы ой мен келесі ойдың ара жігін бітістіріп, екі компоненттен құралып, анафораның қызметін адал атқарған.

Қадыр ақынның балаларға арналған табиғат жырлары тек қана «Жыл маусымдары» циклімен шектелмейді. «Сабақ» (1964) кітабына енген «Бірінші сабақ» аталған тараудың бірінші тараушасы «Табиғат» деп еншіленген де, оған ақынның осы тақырыптағы он бес өлеңі еніпті. Әр туынды жоғарыда талданған «Жыл маусымдары» цикліндегі жырлар тәрізді қыс, көктем, жаз, күз қызықтарын бала ұғымына, бала қабылдауына сай баян еткен. Мәселен, «Жапалақ қар», «Боран», «Аяз» өлеңдерінде қысқы маусымның қызықтары әр қалыпта бейнеленіп, кейіптеледі.

Жапалақ қар себелеп,
Жердің бетін қаптаған:
Секілді көп көбелек
Қонарға жер таппаған [2,185 б.]

(«Жапалақ қар»)

Ақынның «Аласапыран», «Көк өріс», «Орман», «Шөлдегі жаңбыр», «Аптап», «Құм» аталған туындыларында жылдың әр мезгіліне сай болатын табиғат құбылыстарын бейнелеуде халық тілінің мол байлығына, оның әсем де әдемі қолданысына куә боламыз. Бұл тұста автор қазақ тілінің синонимдік, антонимдік қатарларын теңеу, метафора сынды құбылыстармен қол ұстастырып кейіптейді. Мәселен, антонимге мысал:

1) Мезгіл болса қарбалас,

Мәз бола алмай біз жүрміз.
Ыстық, суық аралас
Бір жер - батпақ, бір жер - мұз
2) Ажыратып болмайсың,
Бір күн - көктем, бір күн - қыс
3) Қыс пен көктем баладай
Аударыспақ ойнаған [2, 187 б.]
(«Аласапыран»)

Ақынның осы топтамасындағы («Табиғат») сәтті оралымға айналған бейнелеу құралдары қатарында синонимдер (ырылдасқан, таласқан; оған перзент-баладай, көк бояуы-күлгін түс) метафора (терезелер қыраулы-негативті тоғайдың; тапталмаған кілем-мүк; көп қорасан дағы бар-бет сияқты топырақ; көшпелі душ бұлт деген; ағаш емес біліндер, асыл ана бұл тұрған; бас төреші - жел деген; фиништері - апанда, старттары - қабақтар, құрайлардың ызыңын, марш күйге байайсың), сондай-ақ кейіптеумен біте қайнасқан теңеулер (қыс пен көктем баладай / аударыспақ ойнаған; балапанның үлпілдек / бауырындай мап-майда; мұндай кезде ағынды / мұздай бұлақ іздерсін; қоламтадай қоздаған / күйдіреді тұяқты; құм-күреңнен жасалған / суретіндей теңіздің; онсыз алма ағашы / жалғыз басты анадай; қалқып жүрген судағы / қасығындай қайыңның; қолдарындай кәрінің / қалтырайды жапырақ) толықтыра түседі.

Қадыр ақын шығармашылығындағы табиғат тақырыбы автордың «Таңдамалы туындыларының көптомдығы» (2010) сериясындағы екінші томы - «Алтын омырау» кітабында [3] жалғасын табады. Аталған кітаптың бір тарауы «Табиғат бір жыр кітап» және бір тараушасы «Адам-есімің, табиғат – бесігің» деп аталады. Бұнда да ақын 1-томдағы тақырыпты одан әрі ұзартып, табиғат қызықтарын бала ұғымына сай әрі ересектерге де ой сала жаңаша тарқатады. Бірін-бірі әсте қайталамайтын тың тіркес, бейнелі ой, оқшау образ, соны сөз сүрлеулері бірінен-бірі әдемі, бірі екіншісінен әсем боп көрініп, көз қызықтырып, табиғаттың алуан-алуан мінезі мен мол байлығын алдымызға жайып салады. Мәселен, «Дала» өлеңінде ақын аталған ұғымның қадір-қасиетін «жер тану да - бір өнер» деп бағалайды да, «Басқа басқа.. / Даланың / Аспаны да кеңірек» десе, «Сахара суреті» аталған

туындысында сайын далаға тән өзіндік ерекшеліктерді жырға қосады: «Оқыста бозторғай ұшады пыр етіп» дей келе:

Ғажайып далам-ай!

Мейірбан анадай

Саршұнақ

Түбекте

Отырған баладай! [3, 76 б.]

(*"Сахара суреті"*)

- деп түйіндейді, «Суретін даланың / Салғың келіп кетеді» - деп балаша мәз болады.

Ақын табиғат құбылыстарын бала қиялының аясында алып, суреттеуге шебер. Бірде бірінші жақтан, енді бірде үшінші жақтан баяндайды. Қай ретте де оның мазмұнын оқушысына жеңіл түсіндірудің амалын ойластырып, бала тілінде сөйлейді, балаша ойлайды. Нысанға алған тақырыбын құр баяндай салмайды. баланың ой-өрісіне ыңғайластырып, әзіл-шымшымамен, сәл-пәл келемежбен көмкеріп, оқушысы ынтазарлықпен оқитындай қылып, еліктіріп, қызықтырып отырады. Мысалы, «Бақша» аталған өлеңде уақыты жетіп, пісе келген бақша жемістері мен көкөністердің әдемі суретін сырлы сөзбен бояйды.

Табиғаттың күтпеген мінезін көрсететін өлеңдер қатарын «Түнек», «Бәрі-бәрі малмандай», «Таудағы тұман», «Күз келбеті», «Күзгі көлдер», «Ақ мамық», «Көбік қар», «Қыс», «Суық», «Қыстың соңғы қаһары», «Қыстың соңғы қылығы», «Көктем қаупі» сынды туындылар байыта түседі. Мұнда жылдың төрт мезгілімен байланысты табиғаттың әр-қилы мінез-құлқы, оның жер басып жүрген жандарға сыйлайтын ырыздығымен қатар жайсыз қылықтары айна қатесіз сөз болады. Автор табиғаттың сұлу суретін, сонымен қатар оның бей-берекет, сиықсыз құбылыс - әшекейсіз қалпын да өмірдің, тіршіліктің өзінен алып, еш бояма-қоспасыз тура сол күйінде алып салыстыра суреттейді, жақсы жағы мен жарамсыз құбылысын да екеуара байланыста алып жырлайды. Табиғат құбылыстарының оны мекен етуші жандарға қаншалықты әсері барлығын ақын өз туындыларында дәлелді дәйектермен қабыстыра, шынайы һәм шанымды бейнелейді.

Заманымыздың заңғар суреткері Ә. Кекілбаев: «Қадыр Мырзалиевтей қадау талантқа ғана айтылар бағаның салмағын ешбір сөзбен жеткізе алмайсың... Қадырды әлі әріп танымаған бүлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де сөзін біледі. Мұндай даусыз данқ, татаусыз танымалдылықтың сыры – Қадыр талантының қарапайымдылығында» [4] дейді.

Түйіп айтқанда кішіге де, үлкенге де, жалпы мұқым жұрттың ортақ рухани қазынасына айналған Қадыр ақын мұрасының уақыт өткен сайын өз құндылығын жоймасы кәміл анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Қадырдың қадірі (алғы сөз) // Кітапта: Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. Т.1. Өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. – 472 б.

2. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. Т.1. Өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. – 472 б.

3. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. Т.2. Алтын омырау: Өлеңдер. – 440 б.

4. Қадыр Мырза Әлі туралы ұлы тұлғалардың пікірі // URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhick/24361/>. (Қаралған уақыты: 10.02.2025).

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОД КӨРІНІСТЕРІ

Умерджанова Жанар Токтарбайқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Алматы облысы, Талғар ауданы
«NNEF» Қоғамдық қорының филиалы,
«Арыстан» мамандандырылған лицейі
Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. «Қадыр – найзағайды ақын» деп бір кездері ақиық ақын М.Мақатаев айтпақшы, Қадыр Мырза Әлі ХХ ғасыр поэзиясында өзіндік орны бар, ұлттық құндылықтарды насихаттаған, халықтың рухын көтеруге арналған өлеңдер жазған ХХІ ғасырдың да дауылпаз, дана ақындарының бірі болып

саналады. Қадыр Мырза Әлі – шындық пен ақиқатты ту еткен, адамдық пен адалдықты жыр еткен, текті өлеңнің төресі саналған атақты қазақ ақыны.

Оның шығармашылығында қазақ халқының тұтастай болмысы, қадым заманғы салт-дәстүрі, ана тілі мен ұлттық мәдениеті көрініс тапқан. Ақын өлеңдеріндегі ұлттық код мәселесі – қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті зерттеу бағыттарының бірі. Ұлттық код демекші, осы терминнің атауы он шақты жыл ішінде жаңғырғанымен, атауы жаңа болғанмен, мазмұны көнеге жатады. Бір анықтамалардан ұлттық кодтың белгілі бір халықтың болмысын, тарихи санасын, рухани құндылықтарын бойына жинақтаған символдар жүйесі екендігін білсек, белгілі философ ғалым Досым Омаров: «Ұлттық код дегеніміз –әрбір ұлттың басқалардан айырмашылықтарын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Бұл сипатқа ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, діні, моральдік-этикалық нормалары тәрізді өзіндік ерекшеліктері жатады» [1,2]. деп түйіндеген.

Өзін ақын еткен ана тіліне деген құрметін «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» – деген өткір өлең жолдарымен білдіреді әрі ақынның бұл сөзінің аксиомаға айналып кеткені соншалық – бастауыш сынып оқушыларынан бастап ақбас аталарға дейін осы афоризмді жатқа біледі. Бұл өлең жолдары ұлттық кодтың маңызды бөлігі ретінде халықтың тілдік санасын қалыптастыруға ықпал етті, тілге деген ерекше құрметті қалыптастырды. Ақын «Дала дидары» деген кітабында қазақ даласындағы «Бесік жырынан» бастап, көкпарлатып, қыз қудырып, жар-жарлатып, көкпар тарттырып, барымтаны сипаттап, момын даланың төсінде өз білгенін істеген бәйбішенің тоқалға деген күнdestіктен тірі жанды жандырып жіберген қызғанышын да «Күндестер» өлеңінде көрсетіп, ең соңғы «Өлімге» дейінгі аралықты біртұтас дүние қалпында беріп, қазақ даласының ішкі сипаты мен сыртқы түрін қабыстырып, лирикалық шегіністермен, философиялық пайымдаулармен қызықты қорытындылар жасаған. «Жылап келдім өмірге, Жылап кетіп барамын!» –деген Асан Қайғының да сөзімен бір ойлантып, «Күпі киген кемеңгер өзің ғана,

Макинтошты миғұла жетіп жатыр» деп жүз ақынға шабыт берген ұлы Абайға тағзым етеді. «Тарихпен тілдесу» өлеңінде:

«Менің бабам қақтаған қыр аптабы

Көшіп-қонып,

Ұрпағы тұрақтады.

Біздің тарих бұл да бір қалың тарих,

Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы!» – деп, өзекті мәселелерге дер кезінде зер салып, ұлтсыздандыру үрдісі жүріп жатқан кезде қазақ тарихының толық еместігіне жұрт назарын аударады. Келешектің ғалымына қазақилықтың символдарын таныстырады: «Азандағы мал үні–Атамыздың гимні... Құрық, қылыш айқасқан–Атамыздың гербісі»[2,246]. Баяғыдан бар түсінік пен зат, бірақ тосын салыстырулар ақынның аз сөзбен көп өрнек салатын даралығын осылай көрсетеді. «Дала деген алып пластинканың ән салдырған инесімін» деудің өзі бір даралық емес пе? Өз дәуірінің сұңғыла ғалымы Зейнолла Қабдолов айтпақшы, ... «соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса –бірі, біреу болса–өзі –Қадыр Мырзалиев»[3,7]. Ақын үшін көзі тірісінде осындай бағалау есту – үлкен бақыт. Ақындары мен ғалымдары, халқы осылай ерекше бағалаған Қадыр ақын кезінде жауапты қызметтер атқара жүріп, қатар сол кездегі беделді сыйлықтардың лауреаты да болған.

Негізгі бөлім. Ақын 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығын иеленсе, 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ұсынылған, яғни халық ықыласы мен үкіметтік марапаттар да өресі биік ақынды өзі іздеп тапқан. Себебі халық домбыраға қатысты да Қадыр ақын өлеңін еске алады, нағыз қазақ туралы да ақынның әнін айта жөнеледі, Ақ жайық туралы да ән салады, адамның, оның ішінде қазақ мәдениетінде қандай елеулі тақырып бар, соның бәрі ақынның өткір тілімен өтімді шумақтар болып өрілген. Иә, оның ішінде әйгілі ақын Олжас Сүлейменовтың да өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалаған еңбегін қоссаңыз, Қадыр ақынның зерттеуді қажет ететін талант қырлары ашыла береді.

Ақын ширек ғасырда 10 шақты кітабын шығарса, олар орыс тілінде де бірінен соң бірі «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985) жарық көріп, сол кездегі 15 одақтас республика тілдеріне аударылып, шетел тілерінде де жарық көрді. Туыстас өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзербайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980) жарық көріп, қазақ ақынының дархан даланың өткені мен келешегіне талдау берген философиялық ой-толғамдарға толы өлеңдері шетелдік оқырмандардың да назарын өзіне аударды. Бұдан өзге ақынның жанды баурап тамаша 200-ге жуық әндерін қоссаңыз, Қадыр Мырза Әлі әлемінің тұңғығына бойлап кетесіз. Ақынның көркемдік сөз айшықтары да ерекше. Мысалы, «О, Отырап, Отырап, –

Көкесі көп қаламның. О, Отырап, Отырап, – Кеңірдегі даламның»...

О, Отырап, қазақтың

Жазылмайтын жарасы!» Бар-жоғы 8 шумақ өлең, бірақ 80 беттік ойды осы 8 шумаққа сыйдырып тұрған қысқа да нұсқа сөйлеу шеберлігін айтсаңызшы.

Ақынның «Бұлбұл бағы» жинағындағы туған жерді жырлаған өлеңдерге қарап отырып, туған жердің тамаша бұлбұлы бола білген, оны өз ұлтына да, өзге ұлттарға да таныта білген талантына бас иесіз.

«Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен,

Тағдыр сендей сүйесе, сүрінбес ем.

Керегі жоқ басқа атақ, басқак абырой,

Жетіп жатыр тек өзің ұлым десең!»). Ауруына жусанын дауа, жұпар гүлні жанға шипа, көз жасымен көлді толтыруға ұмтылған, тұтанған от та, нәзік талы сүйеніш, тірек болған даласына ақынның сезімі ерекше. Туған жерге деген сүйіспеншілік ақынды нағыз қазақ жерінің жанашыр тұлғасына айналдырған, ақын сәбиінің басынан сипағандай туған жердің тасынан да қуат алады. «Екі нәрсе мәңгілік:

Бірі өзің де, Бірі мендік махаббат саған деген» деп, ұлы даласына перзенттік сырын айтып, оның өткені мен бүгінін жер

бедерін картаға түсірген картографтай бүкіл қасиетін өлмес жырға айналдырып, жер бетіндегі жалғыз «Жерұйығының» тамаша бейнесін сомдайды.

Ақын өлеңдеріндегі қайталанбас теңеулер мен тапқыр бейнелер қазақ даласының кодына айналып шыға келген. «Тудым сенде, тудым мен күй елінде, Маған қымбат сондықтан тиегің де. Бар асылым – өмірім – өзіндікі, Өзіндікі өлген соң сүйегім де!» Осылайша туған жеріне деген махаббатын селдеткен ақын, оның әрбір тұлғасына, адамына, тарихына, танымына, мәдениетіне тән ерекше белгілерін жырға айналдырып, өлеңмен ескерткіш соғады. Ана туралы өлең жолдары да өзгеше леппен жазылған. «Екі адамның ісін істеп, Әрең бақтың бір ұлыңды» деп, жігіттің жігітіне татитын анашын мақтан етеді. Майданнан аман оралғанмен, аурудан ерте көз жұмған әке бейнесін де ақын өз өлеңдерінде сағыныш сазымен көмкерген.

Қадыр Мырза Әлі поэзиясында ұлттық тарих пен халықтың жауынгерлік рухы үлкен орын алады. Ол қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғаларды, ел үшін күрескен батырларды жырға қосады. Оның өлеңдерінен халықтың қайсарлығы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысы айқын көрінеді. Ақынның қазақ халқының сүйікті тұлғаларына «Шоқ жұлдыздар» деп айдар тағып, Әл-Фарабиден бастап, Исатай, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Құрманғазы, Қажымұқанға, Біржан сал мен Сараға, М.Әуезовке, Әбу Сәрсенбаевқа т.б. өлеңдер арнап, олардың бір ерекше қасиетін көрсетеді. Мысалы, «Сен бір ақын көңілің, Көрмей өткен шуақты. Жанартауға көміліп, Қалған Помпей сияқты» деген шумақтар ақын Сараға арналған ерекше қуатты болып шыққан. Яғни, Қадыр ақын ұлы даланың ұлы тұлғаларының айырықша бір қасиеттеріне назар аударып, оларды ұрпаққа үлгі ете білген.

Қадыр Мырза Әлі өлеңдеріндегі ұлттық код – қазақ халқының болмысын айшықтайтын рухани құндылықтар жиынтығы, ақынның әрбір өлеңінен дала адамының бар болмыс-бітімі кейде даналығымен, бірде даралығымен көзге түседі. Ол өз шығармалары арқылы ұлттық сананы оятып, ұлтсыздандыру саясаты жүріп жатқанда, «Ақ отау», «Дала дидары», «Жерұйық», «Домбыра», «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап» деп

халықтың мәдени санасына ұлттық тарихты өлеңмен құйған қайсар тұлғамыздың бірі, сондықтан да оның поэзиясы қазақ әдебиетінде ұлттық рухтың биік үлгісі ретінде мәңгілік мәнге ие.

Қорытынды. Қадыр Мырза Әлі жас ақын ретінде елге таныла бастаған тұста осылай қазақтың тағдыры мен тарихына батыл қадам бастаған жұлдызды тұлғалар шоғыры – аға буын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихын біртіндеп түрлі жолмен жарыққа шығарып жатқан мерейлі кезең еді. Мәселен, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Жұбан Молдағалиев, Ілияс Есенберлин т.б. бастаған ұлы жолды Қадыр ақын мен Олжас Сүлейменовтар, Мұқағали Мақатаевтар өлең өрнегімен өрістетті. Қазақ халқының өзіндік болмысын көркем тілмен айшықтап, тарихи жадына тіл бітіруге тырысып, ұлттық құндылықтарын қадірлеп, оның алтын діңгегіне айнала білген осындай кесек тұлғалардың арқасында қазақтың дәстүрлі дүниетанымы, этнографиялық ерекшеліктері, тарихы мен қилы тағдыры көпшіліктің көзайымына айналды. Еңбектері іздеушісінің қолынан түспеді, жырлары көп көкіректің сәулесін жақты. Міне, қазақ әдебиетінің сталиндік қыспақ аяқталғаннан кейінгі жаңғырған кезеңінде жаңа лепті шығармашыл тұлғалары қазақтың әдебиетіне, бай мәдениетіне, этнографиясына, тұрмыс-салтына назар аударта бастады.

Ұлттық рухқа суарылған жаңа туындылар халықтың рухани мызғымас күшін көрсетті, сонша қырғыннан қанша азайса да, ұлттық тілін, дүниетанымын жоғалтпаған қайсар қазақтың дана болмысын танытты. Аңыздағы жерұйық қазақтың арманы болса, ақынның «Жерұйығы» әділетті қоғамды, ұлтық болмысын сақтап дамыған елді көрсету сияқты. Ақынның «Боз дала» атты 5 шумақ өлеңі түгелдей «Б» әрпінен басталып, боз даланың боз жорға, боз торғайы мен боз інгеніне эмоциялық реңк қосып, бас июмен аяқталған, алдыңғы ойдан артқы ой күшейе келіп, боз даланың керемет кейпін көз алдыңызға әкеледі. Ақын үшін ауада еріп бара жатқан ақша бұлт та, тоң майдай жылжып еріген күн де, намазшыл дала сарышұнағы да, аспанның құрсауындай құс жолы да туған жердің бір бейнесі болғандықтан ыстық та көркем.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Досым Омаров. Abai.kz. Ұлттық код дегеніміз не? //3қараша,2023 жыл.
2. Қадыр Мырзалиев. 1 том. – Алматы, «Жазушы»,1989
3. Қадыр Мырзалиев. 1 том. – Алматы, «Жазушы»,1989

ҚАДЫРТАНУ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Шортанбай Шоқан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушы

Салықбаева Асия

№148 мектеп-гимназияның қазақ тілі

мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан, Алматы қ.

Ұлтына қызмет ету – әр азаматтың парызы. Қаламгер қауым да бұл қызметтен тыс қалмасы анық. Қаламына серт берген сәттен осынау абыройлы міндетті қал-қадерінше атқаруға кірісетіні шындық. Ал сол міндетті жауапкершілікпен атқарып, абырой биігіне көтерілетіндер көп болмауы мүмкін. Ұлтты бар-болмысымен – жақсысы мен жаманын, ұлылығы мен қарапайымдылығын, дәстүрі мен дінін, әдебі мен ділін, өткені мен бүгінін – асқан сүйіспеншілікпен, шынайы суреткерлікпен, табиғи һәм қазақы қалпымен жырлау, тек жырлап қана қоймай, кіршіксіз көңілмен сезіну, жүрек үнімен тыңдау, ақыл-таныммен ұғыну оңай емес. Сол зәудем биікті бағындырған ақындардың бел ортасында Қазақтың Қадыры жүретіні ақиқат.

Қазақ пен Дала – егіз ұғым! Қадыр мен Дала – қатар аққан қос арна! Сол даланы мекендеген ұлттың ұланғайыр өмірі мен далалық көңілі, сол елдің ханзадасы мен ханшайымы, батыры мен баһадүрі, олардың өрлігі мен ерлігі, жомарттығы мен кішіпейілділігі, мәрттігі мен әлсіздігі, сол даланың аң-құсы мен тау-тасы, зеңгір аспаны мен көгілдір көлі, бетегелі белі мен аңызак шөлі ақын жырларында қатталған. Ең бастысы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды да, аласапыран күй кешкен қиын-қыстау кезеңді де, сақ дәуірінен бүгінгі қазақ қоғамына аман-сау жеткізіп, болашақ ұрпаққа аманаттаған тау тұлғалы асыл азаматтарын да ұлықтауды назардан тыс қалдырмағанын аңғарамыз. Сол даланың иесі мен киесі, жаны мен жүрегі – Қазақ

пен Дала – егіз өрімдей қатар жырланды, қос арнадай қатар ақты, егіз лебіздей жүрекке жетті. Оған куә Қадыр қаламынан туған туындылар мен ақын ойынан ақтарылған ақжарылқап шешенсөздері мен көсемсөздері, қазақы қалжыңдары мен ақмылтық пікірлері. Анақарыс болып шешенсіді, Күлтегін болып көсемсіді, Аяз би болып толғанды, Махамбет болып ақырды, Құрманғазы болып төгілді, Жайық болып егілді, Алтай болып арқаланды, Сарыарқаның самалы болып есті, Алатаудай айбаттанды, Қаратаудай қайраттанды, Сыр болып ақты, шаң болып, қакты, көкпардай тартты, аударыспақтай атты. Жолбарысы болып атылды, Сырым болып жапырды. Сөзбен сапырды, ақылмен қатырды. Жүрекпен жеткізді, өңменіңнен өткізді. Иә, солай. Қадыр мен Қазақ сөзбен жарысты, Қадыр мен Дала сөйтіп табысты. Ұтқан – Қадыр мен Қазақ, ұтылған – саусақпен санарлық аз-ақ.

«Уақыттың қадірін білген Қадырдың қадірін білетін уақыт жетті» деп айтқанымыз еске түседі. Өзі оқыған қарашаңыраққа келген кездесу сәтінде ойымызды осылай жұптап, өзіне естірте айтқанымыз да рас еді. Сәтімен айтылған сөз, ретімен айтылған пікір деп қабылдадық.

Ақынның алғашқы жинақтарының бірі «Ақ отауда» кең даланың ұланы «Өкілдік» өлеңінде:

*Қалада туып ұлдарым, қалада ұзақ тұрсам да,
Кемедей мұзды мұхитта амалсыз қалған құрсауда,
Мен өзім, достар, о бастан далалық гүлдің бүршігі ем,
Кең дала болып күлемін, кең дала болып күрсінем! –*

деп туабітті далалық екеніне күмән келтірмейді, оқырманын иландыра түседі, нандыра сөйлейді. Бұл ойын ақын «Бұлбұл бағында» үдете түседі.

*Уақытыңды әңгімемен ұт мейлі,
Ұзақ сапар ауыр міндет жүктейді.
Жүресің кеп, жүресің кеп, жүресің,
Бірақ далаң ой секілді бітпейді.*

Ой – түпсіз терең тұңғыық болса, дала шетсіз, шексіз әлемімен ақынды өзіне ынтықтырады, ұлы даланың адамдарын кіші болып қалмауға үндейді.

Уа далам! Кеңдігіңе тамсандым көп,

*Айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп,
Сен – алып пластинка дөңгеленген,
Инең боп тұрады ылғи ән салғым кеп.*

Даланың құдіретін қанша жырласа да тауыса алмайтынын білген ақын өзгеше ой түюге шебер, даланың асқақтығын әнімен әлдилеп өткісі келетінін жасырмайды. Даланың кеңдігін ақын жүрегіне сыйдырғысы келгендей, жалпақ даланың баласына аспан аясы да тар қалпақтай көрінетінін әдемі салыстыру арқылы ойын әсерлі жеткізеді. Даланың мұңын жырлап, сырына қанығу үшін, тарихын безбендеп, тағдырын түсіну үшін ақын көңілінің кең көкжиегін, ақын сезімінің алғаусыз әлемін ұққандай боламыз. Әр өлеңі – бір әлем, әр жинағы – жыр әлемі екенін Қадыр ақын оқырманы ақиқаттай қабылдайды. Өлең өлкесіндегі ақын өрнектері әр өлеңінен байқалып, ой орманшысының ойлы оралымдары, кестелі бейнелеулері зерлі сөздің зергерінің қолынан шыққандай қалып танытады, мың бояулы даланың ғажайып полотносы көз алдыға келеді, сан тағдырлы жолы алдында көлбеңдейді, санаңды тілгілейді. Ақын қаламын бірде мұңға малып, бірде табиғат бояуының табиғи қалпынан алып жазғандай әсер қалдырады. Ақынның «Ой орманының» өзіне тән сырлы әлемі бар, өзгеше өрнек бар.

«Дала дидарында» көне заман көріністеріне көбірек жүгінеді. Сырын ішіне бүккен маң даланың бақыты мен қасіретінен сабақ алуға шақырады. Ұлы даланың дара тұлғаларын түгендеп, ұлттық мінезімізге айналып бара жатқан ұлттық ойындардың табиғатына үңіледі. Асаудың жалына жармасқан жігіттің жанында жүреді, бәйгеде жарысқан тұлпардың ізіне үңіледі. Көкпар тартқан азаматтың қанын қыздырады, қыз қуған жігіттің тұлпарына дем береді. Күрескен қазақтың қасынан табылып, тойға келгендерге «Талантты бағаландар тірісінде!» деп тілегін жеткізеді. Қазақтың бір жақсысын бар жақсыға балап, жаманын сыбайды.

*Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.*

Қазақтың жомарттығы мен кеңдігін, дарқандығы мен тектілігін тағы да даламен астастырады.

*Табиғаттан бабамыз ала берген секілді:
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.*

Сол даланың шоқжұлдыздары – дана дидарлары – «Дала дидарында» тізбектеліп, көз алдыңнан өтеді. Ақыл-ойдың кені Фарабиден бастап күш атасы Қажымұқанға дейін бар жақсымызды түгендеп шығады. Ақынның айтар түпкі ойы – салмақты, арқалатар жүгі – ауыр.

*Сайын далаң – өзің анаң, өз әкең,
Сол далаға тартпай туған аз екен,
Осындай да ұл таба алам дегендей,
Тапқан сені қазекең!*

Сендер қиналсаңдар, дала бірге қиналатынын меңзейді, сендердің жеңістерің даланы марқайтады деп тұрғандай. Қиындық көрсен, дала мұңайады. Кеуденді шаттық кернесе, дала қуанады. Ақын жаны да даналарымыздың даналық ойларымен қуаттанады, даланың тынысымен жүрегі бірге соғатынын сездіреді.

*«Домбыра» жинағындағы ақын ойына зер салыңыз:
Телегей боп қызыл қан далада аққан,
Тала түскен бабамыз қала-тақтан.
Тайталасып жүріп-ақ осы қазақ,
Егін салып,
Мал баққан,
Бала тапқан.*

Қазақ ата кәсібіне адал, салт-дәстүріне берік, өмір сүру салтына ұстамды. Қазақы қалпы мен салтын сақтап келе жатқан ұлтын ақын әрдайым мақтаныш етеді. Домбыраның пернелері мен ккітаптың тарау-өлеңдерін сабақтастырып, азаматтық әуенмен әлдилейді, қос ішегінен күмбірлеген күй орнына сыңғырлаған жыр төгіледі. Егіз ішектің беу-беуі мен гөй-гөйіне құлақ түріп, домбырасының құлақ күйін келтіріп, үстіңгі ішек пен астыңғы ішектің үндесуінен үйлесімді үн шығаратын дәулескер күйшіден ақтаңгер ақынның несі кем?! Қадыр ақынның «Домбыра» жинағындағы табиғат-жаратылыс, адам-азамат, достық-жолдастық, арман-үміт, мұрат-мүдде пернелерінің(тарау аттарының) өмір күйін шертетініне куә боламыз, шешен ішектерінен өмір сабақтары сыр шертетінін аңғарамыз, шанағынан күй саулап, күй емес-ау жыр саулап жататынына тандай қағамыз.

*Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана.
Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра,
Қазақ – нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!*

Домбыра – баба тарихтың куәсі, өткеннің көзі, бүгінгі қазақтың өзі, ертеңгі қазаққа жетер сөзі. Қадыр ақын жыр тілімен өмір-өзеннің ағысын жырлайды, домбыра үнінен өмір-тарихтың қағысын естиді, қазақ пен домбыра тоғысынан өмірдің өзін көреді, бұрынғының сөзін естиді, бүгінгінің кейпін көреді, болашақтың бейнесін бағамдайды.

Қадыр ақынның «Домбырасы» – шерлі тарихтың шежіресі, азаматтық әуеннің үлгісі, өткен мен бүгіннің жалғасы, болашақтың алтын көпірі іспетті.

Қолға домбыра алмай-ақ, домбырамен үн қату, қадірлі аспап арқылы асқақ ой айта білу, қос ішектен төгілген күй-керуенді жыр-нөсерге айналдыра алу – Қадырдың бақыты. Қадырдың бақыты – қазақтың бақыты!

«Алақанның» да айтары бар. Еларалық татулықты, халықтар достығын ақын өзгеше һәм өзінше өрнектейді. Өзбек өңіріндегі өмірді ақындық көзбен көреді, ежелгі тарихымыздың ортақтастығынан ой түюге шақырады, тағдырлы тұлғаларымыздың туыстығынан сабақтастық іздейді. Ал қырғыз құшағы ақынды жатсынбайды, шын көңілмен құшады.

*Қазақ пенен қырғыздарды бөлмеген ғой бір кезде,
Қазақбайлар өздерінде, қырғызбайлар жүр бізде.
Мен бөтендік байқамадым қырғыз, қазақ түрінен,
Біз ұмытқан қазақ сөзін табам қырғыз тілінен.*

Ақынға тәжік топырағы бөтен емес, ал түркімен төрін ұсынады. Бүгінде достық деген ұғымды бағалау саяси сипат алып кеткені мәлім, ақын ұғымындағы достықтың қадірін сезінесің, бір-біріне аялы алақандарының жылуын таратып, шын пейілмен достық құшағын айқара ашқанына күмәнсіз қарайсың. Сол достық рәуішті іздейсің, ондай сезім ақынның сөзінде, тарихтың тезінде қалғандай күй кешесің, әлденеге қамығып, елегізисің. Садриддин Айниге соғылған дүреден денең түршігеді, Елдің қамын жеген асылдардың аянышты тағдыры, өнерге жасаған

киянаты, өнерпазды қорлаған кесепаты ақын жанын аяусыз тілгілейді. Өз туғанындай жаны ашып, оның өнегелі өмірін аадамзатқа сабақ етеді.

Ақындарға ұстап жүрген қолға алау,

Мүмкін емес заман жайлы толғамау.

Елдің қамын жеген адам

Ел үшін

Таяқты да жеуге тиіс болғаны-ау!

Қамыққан ақын көңілін кім жұбатар?! Достықтың қадірін Қадырдай түсінген жандардың бұл күнде азайғанын кімге түсіндірерсің? «Достық жүрекке сияды, ақылға сыймайды» дейтін Қадыр ақынның достық пен жолдастықты жоғары қоюы – кім-кімге де үлгі, ұрпаққа өнеге.

Сайын даланың салқар көші болашаққа беттеп барады. Сол даланың думаны таусылмасын дейтін ақын арманы әрдайым ойына серік, өлеңіне – көрік. Ақын үшін: Дала мен Құдірет біте қайнасқан, ажырағысыз қалыпта. Қазақы атаумен нәрленген «Қорамсақ», «Көкпар» жинақтары да дала жырымен сусындатып, дала үнімен әлдилейді.

Шіркін, Дала әуен ғой тұнып тұрған!

Ән мен күйге сен мені құнықтырған.

Соның бәрін өткізем,

Жеткізем деп,

Сөз бен сазды, бауырым, былықтырман.

Сол даланың қызығына куә болсам, бақытын жырласам, қуанышына ортақтассам дейтін ақын көңілін түсінесің. Өмірдің әр сәтіне ғашық ақын жүрегі уақыт атты құдіретті бағалауға келгенде көбімізден оқ бойы озық ойлы екенін аңғарамыз.

Жылдар өтсе, мейлі ғой,

Өте берсін!

Сәттер өтіп барады,

Осы қиын!

Уақыттың қадірін ерте ұққан Қадыр ақынның жырларының өн бойынан зымыран уақыттың баянсызын үнемі қаперімізге салып отыратынын байқаймыз. «Асыққан уақыт бізбен кеңеспейді» дейтін ақын уақыт еншісінің бұйырғанын көру, өткенін жырлау, болашағына тілеулес болу бақытым деп сенеді.

Ал «Қызыл кітап» – қоғамның жан айқайы. Адамзат баласының айналасына, қоршаған ортаға адами көзқарасының қажет екенін, аялы алақанының жылуы әманда керектігін сездіріп отыруымен құнды. Өмір парактарының алуан түсі адам өмірінің де мәнді тұстарын саралайды. Мылтық атылмаса, ұя бұзылмаса, адам баласы да, аң-құс та туған жерінен безінбесе – тыныштық күзетшісі һәм табиғат сақшысы ақын арманы – адамзат ойымен үндесіп, сабақтасып жатыр.

Сұлуларға,

Сырбазға,

Кербезіңе

Қарадым мен қашанда жыр көзімен.

Ақын Қадыр ақын боп қалса-дағы,

Ғашық Қадыр қалады өзіңменен!

Ғашықтық пен махаббатты жырламаған ақын кемде-кем. Ал Қадырдың махаббаты – қадірлі махаббат. Ізгі ұғымды жырлауға келгенде ақынның айтары бөлек, Музасы – ерек. Өмірге ғашық көзбен қарайтын ақынның сұлулыққа іңкәрлігі, сүйіспеншілікке ынтызарлығы, махаббатқа адалдығы сүйсіндірмей қоймайды, сендірмей тынбайды.

Сүйеу болды қашанда елім әні,

Елім әні – тарихқа танымалы.

Сендей қайсар құдайым жар бермесе,

Келер ме еді өмірге менің әлім?!

Ақын махаббатына куә – өзінің жырлары, ал дәлел керек болса – Салтанат сұлуға ынтық сезімі, ақын сүйіспеншілігінің себебін іздесеңіз – оған кінәлілерді алыстан іздемейсіз – олар ешкімге ұқсамайтын қазақ арулары, қазақтың ақтамақ қарлығаштары мен бойжеткендері. Олардың жан сұлулығы, тән тазалығы, мейірбан жүзі, нәркес көзі, ақ-адал сөзі. Қазақ қызы – Қадыр жырларының бел баласы, ару тағдыры – ақын өлеңдерінің өзегі. «Ақырзаман» кітабын оқығанда ақын жарының, яғни Салтанат сұлудың сөзбен салынған картинасын көргендей әсерленеміз. Ақын сезімінің адалдығына, алдамайтынына шәк келтірмейміз. «Махаббатсыз – өмір бос» екеніне тағы да бір көз жеткізе түсеміз. Қадырдың махаббаты – қазақы қалыптан туған, халық әдебімен әрленген, ұлттық нақышпен өрілген – бұл

тақырыпта Абай салған сұрлеуді Қадырша жаңғыртқан қазақы махаббат.

*Әр күн сайын құлшынып,
Әр күн сайын түле бір,
Мәңгі күрес – тіршілік,
Мәңгі майдан – бұл өмір.*

Осынау «Шырғалаңы» көп «Мәңгілік майданда» өмірді Қадырша түсіну һәм түйсіну, қазақы болмыс пен адами құндылықтарды ақынша сезіну һәм қабылдау бір басқа, өзгеше әлем. Адам мен оның өмірін жырлауға келгенде ақын жаны кейде шуақты, кейде мұңды, ал енді бірде асау, біресе жұмсақ. Өмір өткелдерінің мәні мен мәнісіне бойлап қана қоймай, өзгеше ой түй, өзіндік тұжырым жасау – ақынның әзелгі әдеті.

*Елімен ерлер көгермек,
Көгермес көңіл толмаса,
Қадыр боп маған не керек,
Қадірлі Қадыр болмасам?!*

Қара өлеңге нәр берген, қазақ өмірін мәңгі өрген, қазақ сөзінен мән терген ақынның өмірлік мұраты мен ақындық кредосы айқын: қадірсіз болмау еліңе, қадірлі болу – тегінде. Ұлтқа қызмет етудің сан үлгісі болар, ал Қадыр ісі – қадірлі іс. Ұлтыңды сүюдің өнегелі іс екенін әркім-ақ білер, ал бар парасатпайымыңмен жырлап өту – ақынның ақынының ғана қолынан келер әрекет. Өмірді жырлау үшін келген ақын жыры да өміршең.

*Мен ақынмын,
Әулие емен,
Бақсы емен.
Әрине ғой, күндерім бар көксеген.
Соның бірі –
Ел есінен шықпайтын
Жазып кету ғажайып бір жақсы өлең.*

Бір өлеңі мың өлеңге айналған, әр өлеңі қазақтың құнды мұрасындай қабылданатын, бар өлеңі қазақ үшін жазылып, жүрегі қазақ деп соққан Қадыр ақынның ғажайып жырлары әр кезең оқырманын тұщынтып келеді, әр буын өз деңгейінен бағалап, өзіне жақын тұтады. *«Өз елім менің! Өзегім менің!*

Жырыма қосып жүремін» деген ақынды елі де ұмытпақ емес. Бұл – нағыз қазақ ақынының бақыты! Қазақтың Қадырының бақыты!

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Маликова Ақерке Әділханқызы

Әл-фараби атындағы Қазақ

Ұлттық университетінің докторанты (Алматы),

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақста педагогикалық университетінің магистр оқытушысы (Шымкент).

Кіріспе. Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» сөзі немесе парадигмасы қазақ құлағын қоңыраулатады да тұрады. Мұхтар Әуезовтің «бесік» деп алғаны – біріншіден, ұрпақ, нәресте, бүлдіршін, бала, бозбала мен бойжеткен болса керек; екіншіден, «бесік» сөзі бұл қазақ халқының этномәдени құндылықтары. Ел болуымыз үшін балаусалықтан бастауымыздың қажеттілігі, шыр етіп дүние есігін ашқан сәбиге бесік жырын тыңдатып, сол сәби шақтан ұлт ұрпағын тәрбиелеу басты парызымыз. Бала тәрбиесі оның оқу-біліміне аландаған салалардың бірі – қазақ поэзиясы. Поэзия – балаларға жақын, балалар поэзияға жақын. Ежелден-ақ қазақтың кез-келген балаларына тақпақ өлең шығарып беріп отырған. Ол ауызша айтылғандықтан жазбаларда сақталғаны кемшін. Мұндай ел аузында айтылып жүрген балаларға арналған тақпақтар мен өлеңдердің жинақталғаны жоқтың қасы. Халық ауыз әдебиетінде айтылған бабаларымыздың балаларға арналған тақпақ немесе өлеңдерін жинастыру әрі зерттеу болмағандықтан бүгінгі өскелең жас әдебиетшілерге, тарихшыларға арнайы сілтеме жасап, болашағы қолға алар бір жұмыс дер едік.

Қазақ балалар әдебиетінің көшбасшысы – Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» деп айта аламыз. Ал ертегілерден «Күн астындағы Күнекей қыз» және «Ер Төстіктермен» шектелеміз. Негізгі еңбек ретінде Ш.Ахметовтің қазақ балалар фольклорынан бастап, балалар әдебиетінің дамуына шолу жасап, іргелі еңбек еткенін айта аламыз. Елдің, халықтың болашақ өркениетін дамыту – бүгінгі баланың ертең өскендегі атқарар қызметі

болғандықтан, балалар әдебиетінің өзіндік көркемдік-эстетикалық міндетін атқаруы дау туғызбайтын ақиқат. Бұл жөнінде ғалым С.Қирабаев: «Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың өрнектілігі, лириктік сезімталдық, характерлер мен оқиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы аса қажет. Бала ойы мен ұғымы абстракциядан гөрі нақтылықты сүйеді» деген болатын (Қирабаев, 1998: 129). Ғалым тұжырымдамасын толықтай меңгере алған, өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап, өлеңдер жазудан бастаған Қадыр Мырза Әли деп анық айта аламыз.

Қазақ халқы озық жұрттардың санатында болуы үшін болашақ қамын балалардан бастау керектігін үнемі естен шығармаған. «Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр», «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген асыл сөздер халқымыздың бойына сіңген, атадан балаға мирас болып келе жатқан, ұлттық ерекшелікке толы бойтұмары іспетті болған.

Барлық нәрсенің бастауы бар десек, балаларға этномәдени білім беруді балабақшадан бастаған әрине маңыздылыққа ие. Этномәдени біліммен жарақтанбаған балабақшадағы балалардың этномәдени білімге жетуі қиын. Себебі, әр ұлт өзінің ұлт болғандағы өзінің тарихы мен рухани мәдениетін, әдебиетін, өнерін, ғылымын өздеріне тән мінез-құлық болмысымен, сара сана-сезім ерекшеліктерімен анық та қанық көрсетуі керек. Бала – болашақ әр отбасының жеміс берер гүлі, ертеңгі алтын дiңгек, тірегі болғандықтан тәрбие беруді тым ерте нәресте кезеңінен-ақ басталуы шарт. Ізгілікті білім беру бесіктен бастау алсын десек, отбасындағы ата-әже, әке мен шеше, апа-қарындас, аға-іні бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста ұлттық тәрбиені оның ішінде поэзияның алар орнын да ұмытпағанымыз орынды.

Негізгі бөлім. Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі жайлы жалпы әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосушылар, қазақ әдебиетшілері: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов болса, олардан кейін Ө.Тұрманжанов, С.Бегалин, Ш.Ахметов, Ә.Тәжібаев,

С.Қирабаев, М.Әлімбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Ергөбеков, Б.Сарбалаев, Т.Мәмесейітовтер тізбектеледі.

Балаларға арналған шығармалар жазған жазушылар С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, М.Гумеров, М.Тиесов, С.Сарғасқаев, М.Қабанбаев, М.Қаназов, т.б. жатқыза аламыз. Қазақ әдебиетіндегі балаларға арналған шығармашылықтар жөнінде докторлық және кандидаттық диссертациялар жазылды. Олар: С.Өскенбаевтың «Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы» (1970), К.Нуғыбаева «Жетпіс-сексенінші жылдардағы балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1984), К.Матыжанов «Балалар фольклоры» (1990), Ә.Өтегенова «Қазіргі балалар әңгімесінің көркемдік ерекшеліктері» (1992), Б.Ыбырайым «Қазіргі қазақ балалар повесінің көркемдік ерекшеліктері» (1990) және «Қазіргі қазақ балалар прозасы және рухани эстетикалық даму мәселелері» (1998), Б.Қапасовтың «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы» (2000), А.Ақтанова «қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2003).

Қазақ ақындар ішінен балалар әдебиетіне сүбелі үлес қосқан, әрі өзінің алғашқы шығармашылық жолын да, балаларға арнап өлең жазудан бастаған Қ.Мырза Әли болды. Біз жоғарыда айтып өткендей балаларға арнап шығарма жазудың қиындығы барын айтып өттік. Балалар шығармашылығын жазу үшін ақын балалардың мінез-құлқын, психологиясын, қабылдау дәрежесіне жете білуі маңыздылық. Ал Қ.Мырза Әли бұл жауапкершілікті ақтай алды, балалар психологиясын мейлінше зерттеп, ой-сүзгісінен өткізе терең меңгеріп барып балаларға арналған өлеңдер жазып, ақырында өзін педагог ақын екенін де аңғартты. Ақынның өлеңдері балалардың қабылдауына жеңіл, оқуына орайлы, жүрек жаулап аларлық, жан-дүниені тебіренерлік, бірде күлдірсе, бірде жылатарлық болды. Әсіресе Қ.Мырза Әли ақын күрделі болса да балаларға арнаған шығармаларды там-тұмдап болсын ара-кідік, біртіндеп ұлттық құндылықтарды қосып отырғанын көп кезіктіреміз.

Біз жоғарыда ақынды «педагог ақын» деп айтып өттік. Ақын балаларға сабақ өткізеді. Алдымен күміс қоңырауын сылдырлатады. Біз де Қ.Мырза Әлидің «Күміс қоңырау» кітабын қолымызға алдық. Осы кітаптың 192 беті мен 245 беттерінде

балаларға сабақ өткізеді. Бірінші сабағының тақырыбы «Табиғат», бұл сабақтан соң бірінші үзілісін жасап, мұнда жұмбақтар жасырады. Мұнан соң екінші «Хайуанаттарға арналған сабағын сабақтайды, бұл сабақтан соң да екінші үзілісінде жаңылтпаштар айтқызады. Үшінші сабағы «Тіл», мұндағы үшінші үзілісте ертегі тыңдатады. Төртінші сабағы да басталып, «Еңбек» тақырыбын қозғап, осы сабақтың үзілісінде диалогтарға бұрады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» (Абай) десек, Қадыр ақын «Ғибрат» атты қосымша сабағын бастап кетеді. Бұл сабағы да біткен соң сабақтан қайтушыларға көңілденіп жүрсін деп мазақтамалар ұсынады.

Ақынның бұл сабақтары балаларды сөйлетіп, олардың тыныс-тіршілігіндегі өздері үшін маңызды жайттарға назар аудартып, өрістерін кеңейтіп, ұлт ұлылығын танытуда да қызмет атқара алды. Қадыр Мырза Әли қазақ әдебиетіндегі балалар әдебиетіне кездейсоқ келген жоқ. Ол өзінің өмір жолын, айналысар ісін, жұмыс стилін, ақындық позициясын алдын-ала перспективалық түрде жоспарлап алғанға ұқсайды. Ақын жынана, өз ұлтының жақындығы сезіліп, ондағы өз ұлтындағы этномәдени құндылықтардың сөтінеп жатқандығы, ауызға алынбай тасалануы, ұлт пен ұлттың қарым-қатынасындағы бірігуде басым ұлттың тілінің үстемдік алуы алаңдатады. Бұл жағдайда «не істеу керек» деген сауал мазалары анық. Қазақ поэзиясында Қадыр Мырза Әлидің алғашында балалар ақыны ретінде кеңінен танылғаны да осыдан. Сол кезеңдерде жаңадан ашылған «Балдырған» балалар журналына қызметке орналасуы да өз қалауы.

Енді ақынның балаларға арналған оннан аса кітаптың жиынтығы болып құрастырылған «Күміс қоңырау» кітабындағы балаларға арналған өлеңдеріне зер салып, талдаудағы ойымызды ортаға салсақ. «Күміс қоңырау» кітабы ақынның отыз жылдық шығармашылық еңбектің жемісі екендігі де ескерген жөн.

Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығын күрделілікке ұрындырып, түсініксіз етпеді. Қарапайым жазып, оқырманын тереңге бойлатты (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 44). Содан болар ең көп оқылатын ақындар санатына айналған. Балалардан бастап, ақсақалдарға дейін Қадырды ашпай сөзін бастамайды.

А.Камюдің «Кім қарапайым жазады, оның оқырмандары көп, кім күрделі жазады оның тек түсіндірушілері бар» деген сөзі Қадыр ақын шығармашылығының бағытын көрсетеді (Жұлдыз, 2025: 16).

Ұлттық құндылықтың қайнар қазынасы – тіл. Қадыр ақынның «Ана тілі» өлеңі балаларға арналды. Ақын бұл өлеңі «Ана тілің, біліп қой, Еркіндігің, теңдігің. Ана тілің, біліп қой, Мақтанышың, елдігің. Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте» деп өзін-өзі талдайды (Мырзалиев, 1970: 214). Иә бүгінгі таңда өз қазағымыздың, өз ана тілін құрметтеуден кетіп бара жатқаны жасырын емес. Бұл өлең де өз құндылығын жоймай тұр. Өміршендігі көрінеді, бәлкім қазақ үшін мәңгілікке ұласар. Бұл өлеңді балаларға арналды дегенімізбен, үлкендердің де ұран сөзіне айналды. «Ел арасында ауызекі әңгімелерде, алқалы жиындарда, мәртебелі мәжілістерде, мерзімді басылым беттерінде, мақалаларда үлкен сөздің басы Қадыр айтқандай деп басталып жатады» (Жұлдыз, 2025: 16).

Ақынның келесі балаларға арналған «Ата тек» өлеңі де шытырман ойларға жетелейді. Тақырыптың өзі бұйрық райлы. Жеті атаңды біл дегенге сілтеме жасайды. Бірақ ақын атаның баласы емес, адамзаттың баласы болып, жеті атасын тарқатады. Олар: ақыл-ой, кітап, ерлік, домбыра, талант, еңбек, кетпен. Бұл тарқатылымда қазақ халқының тарихы да көрініс табады. Ендеше сол тарихты да біршама сөйлетейік.

Арғы атамыз, тегіміз

Ақыл-ойдан тарайды (Мырзалиев, 1970: 134).

Мұнда ақынның бірінші атасы «ақыл-ой» болып тұр. Бұл сонау түбіміз түркіден бастау алар, Әбу Насыр әл-Фарабиге тірелер «ғасыр атасы» дедік.

Кітап сырын бастады.

Оның сөзін: - Пәлі!, - деп,

Қылыш кесіп тастады (Мырзалиев, 1970: 134).

Ақынның екінші атасы «Кітап» болса, бұл халық ауыз әдебиетінің дәуірлеген кезеңдерін қамтып, патшалық отарлаушының «қылыш» болып цензуралауын немесе кешегі ақынның өзі де ұшыраған кеңес кезеңіндегі құрсауды еске түсіреді.

Біздер болсақ жамағат,

Баласымыз Ерліктің! (Мырзалиев, 1970: 134).

Иә ақынның үшінші атасы «ерлік» болса, бұл бәріне де түсінікті. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың елі мен жері үшін қан майдандарды басынан өткеріп, ерліктің ерен үлгісін көрсеткеніміз әмбеге аян. Енді ақынның төртінші және бесінші аталарына келсек, олар «домбыра» мен «талант». Ақынның домбыраны алып, оның үстіңгі және астыңғы ішектерімен өлеңдер өрнектегенін білеміз. Мұнда да «домбыраны» ата текке теліп отыр. «Нағыз қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» дегені де есімізде. Ұлттық құндылығының логотипін «домбыра» деп анық айтуымызға болады. Ал «талант» әр қазақты талантты десек болады. Өйткені тегіміздің өзі тарих сахнасындағы ролінде «қазақ» болып өзін сомдай алды.

Ақынның алтыншы және жетінші аталары «еңбек» пен «кетпенге» тоқталыпты. Расында да халқымыздың өзі айтып жүрген «Еңбек – еңбек бәрін жеңбек» дегеннен асырып айта алмаймыз. «Кетпен» құрал, кетпен сөзі естілуінде қарапайымдылық танытқанымен еңбектің символикасы. Өзбек ағайындар кетпенді киелі санап, босағасының жанына қоятын, бұлжымас дәстүрі бар. Қазаққа да кетпен жат емес. Кешегі Кеңес үкіметі кезеңінде сол кетпенмен көп километрлерге созылған каналдар қазылды. Сондай-ақ «Түркісіб» темір жолының салынуында да сол кетпеннің үлесі айтарлықтай болған.

Ақынның бұл «Ата тек» өлеңі еліміздің мектептеріндегі оқушыларға оқытылды. Осы өлең негізге алына отырып, мұғалімдер тарапынан оқушыларға жеті атанды біліп, жаттап алу жөнінде тапсырмалар беріліп отырды. Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салтынадағы адамның ата жағынан таратылуының нақты жүйесі. Бұл жердегі заңдылық әрі дәстүрдің ғажаптығы ағайындар жеті атаға толмай жақындар бір-бірінен қыз алсыпайды. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азаматқа міндет. Сол арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшеліктерін танытып, әрі оның қилы-кезеңдерде тегінен көз

жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған.

Қадыр Мырза Әли өзінің «Алыс ауыл» өлеңінде «Алыс жатқан ауыл жайды, Не біледі қалалықтар?» деген сұрағымен бастайды. Ауылға аңсары ауып жүргендер бар ма? Қадыр ақын «ауылмен» ауыздықтанған, аузын да «ауылмен» ашады. Ол ауыл атынан сөйлеп,

Жүрмес көпке әміріміз,

Бірақ істің тәңіріміз,

Су тереңде,

Содан шығар

Терең біздің тамырымыз, - дейді (Мырзалиев, 2006: 62).

Қалаға әміріміз жүрмесе де қаланы асыраушы бізбіз дегенді ауылға айтқызады. Қазақ халқында «Ауыл түбі – бірлік, Қауым түбі – тірлік» деген мақалдың бары рас. Бұл мақал ауылдың этникалық және экономикалық әрі рухани маңыздылығын білдіріп тұр. Ауыл – ұлттың ұлылығын сақтайды. Ауылдар арасындағы ынтымақтасудың артуы этностық тұтастықты нығайтып, бүкіл ұлт адамдарын бір әулет секілді туыстастырады. Қазағымның «қарға тамырлы қазақ» деуі содан. Ақын да ауыл маңыздылығын әрі ұлттық құндылығын арттыра өлеңдеткен.

«Ақынның өлеңдері баланың ұғымына жеңіл, оқуына оңай. Бәрі де бала жүрегін жаулап алатын, олардың жан-дүниесін тербетер, әдемі, көрікті. Өмірге келген әр жасөспірімнің білім қорын байытып, өмірлік сабақ алуына ұтымды түрде тікелей жәрдемдесетін еңбектер. Жүрек, жан тазалығына, кісілікке, инабаттылыққа, адалдыққа, ізгілікке, адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, қарапайымдылыққа, достыққа, отансүйгіштікке баулып тәрбиелейтін күш-қуаты ұшан-теңіз» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 664). Ұлттың этномәдени құндылықтарын өз өлеңдерімен көркем негізбен суреттей алу, суреттерді сөйлете алуы – Қадыр тапқырлығының бірі қыры ғана. Жалпы алғанда Қадыр – ұлт ақыны, қазақ этнографиясын түгендеуші.

Енді Қадыр ақынның «Ақ әже мен кебеже» өлеңіне тоқталып, сөз реті мен сипаттасақ. Бұл бір баланың өзінің әжесі мен оның кебежесі жайлы айтып отыр. Бүгінгі балалардан «кебеже»

деген не деп сұрасаң білмеуі де мүмкін. Кебеже сандыққа ұқсас ішіне бағалы заттар және құрғақ тамақтар сақтауға арналған ағаштан жасалған бұйым (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997: 24).

«Ақ әже мен кебеже» өлеңінде ақ әженің образынан біреулерді сағына күткенін немесе бір қонақтар келіп қалар деген алаңдауын байқаймыз. Кебежедегі заттарды кез-келгенге бере салғысы келмейді. Алыстан ат арылтып, келгенге бергісі келеді. Ол әжеміздің дүкені ғой. Біреулер әжеміздің бұл қылығын сараңдыққа балауы мүмкін (Мырзалиев, 2006: 67). Бар жақсысын қонағына арнау, мейлінше соған сақтау, алдына жайнатып қою, бұл – қазақ менталитеті. Бұл өлең балаларға кешегі әжелеріміздің болмысын қаз-қалпында беріп отыр, яғни балалар үшін бұл да бір кішігірім тарих.

Қорытынды. Қай жағынан алсақ та Қадырдың балаларға ұсынған өлеңдері кешегі мен бүгін немесе кешегі тарихпен бүгінгі тарихты алмастыра, салыстыра жырлайды. Жырлауы қысқа да нұсқа шұбырынды емес. Оқырманын жалықтырмайды, әр өлеңі бір селт еткізерлік тосын тапқырлықты ұсынып отырады. Ол тосын тапқырлығына оқырманын иландырады. Балаларға арналған өлеңдері сондай-ақ ойнақы, көңіл көтерерлік, әзіл-қалжыңы аралас, ата мен немеренің сүйіспеншілігіндегі диалогы тәрізді, өріліп өрнектеледі. Ақынның балаларға арналған өлеңдерінен күнделікті қолданыста сирек айтылатын сөздер және сөйлеуде қолданылмай жүрген көне сөздер көптеп кездеседі. Тіл тазалығына да айрықша мән берген. Ақынның мұнысын да ескеретін жайт.

Қазіргі кезеңде қазақ тіліне, қазақшалыққа бәрінің ойсырап тұруы, сондайлық (детерминациялық себеп) үрку тенденциясы өршіп тұр. Қоғамымызда қазақшадан қашу немесе қазақ болғанына арлану, болмауға тырысу, мінез-құлқы пайда болып отырғаны жасырын емес. Дегенмен, бұл құбылыстың заңдылық екеніне де күмін келтіре алмайсың. Әйтсе де қазақ тілінің және қазақ этномәдени құндылықтарының көсегесін көгерту жолдарын ойлап табу – әр қазақ азаматының немесе барлық қазақтың міндеті дер едік. Бұл орындалатын міндет. Тіл – құндылығына баса назар аударған ақындар мен жазушылардың

көшбасшы болғаны аздық етеді. Ел жұмылса – жұдырық, жұдырықтай жұмылып өз ана тілімізді әлемдік деңгейге көтерумен күресу, қазақтың қазақ болып қалуымен шектелмек. Міне Қадыр ақынның да поэзия тілімен майдан ашып, қазақ үшін тер төккені, бүкіл қазаққа қазақ жолын көрсетуі оның көсемдігінің көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2005. – 992 б.
2. «Жұлдыз» журналы. №1, қаңтар. 2025. – 16 б
3. Қ.Мырзалиев. Күміс қоңырау : өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. - Алматы : Жазушы, 1970. - 376 б.
4. Қ. Мырза Әли. Таңдамалы жинақтар. - Алматы : Балалар әдебиеті , 2006. 2-том .– 283 б.
5. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 1997. – 368 б.

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВТІҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Толепбергенова А.Б.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің І-курс докторанты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қазақ балалар әдебиеті – қазіргі заманғы барлық жанры жақсы жетілген, кемел әдебиет. Әсіресе оның ежелгі ауыз әдебиетімізден бастау алатын дүниежүзілік асыл поэзиясы бүгінгі күнге дейін құндылығын жалғастыруда. Қазақ балалар әдебиетіне қалам тартқан ақын-жазушылар деп Қ. Мұқышев, Б. Ысқақов, Ә. Асылбеков, Е. Ерботин, Е. Елубаевтарды айтсақ, осы аталған лектің алдыңғы шеру-шебінде, әрине қазақ балаларының сүйікті ақыны Қадыр Мырзалиев десек артық айтқанымыз емес.

Қ. Мырзалиев ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастаған ақын. Қаламгердің қарымды қаламынан, парасатты ойынан туындаған әр туындысы

ұлтымыздың таза бейнесі, болмысы, табиғаты, мәдени қалыптасуы. Еңбектеген бала, еңкейген қарияға дейінгі қазақ өмірінің тұрмыстық этикасы, мінез- құлқы, психологиялық дамуы. Қадыр поэзиясының тілі-халық тілі. Ал балаларға арнап шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі, көптеген қиындықтары бар. Балаларға арнап шығарма жазу үшін автордың балалардың мінез-құлқын, психологиясын, қабылдау дәрежесін жете білуі аса қажет. Қ. Мырзалиев балалардың психологиясын, мінез-құлқын, жазумен айналысқан педагог жазушы екенін танытты. Оның «Көктем» (1959), «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене Қожанасырлар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жанғақ» (1984) сияқты кітаптары өзінің идеялық көркемдік сапасының шымырлығымен қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар [2,5 б.].

Ақынның өлеңдері баланың ұғымына жеңіл оқуына оңай. Бәрі де бала жүрегін жаулап алатын, олардың жан-дүниесін тербетер, әдемі, көрікті. Өмірге келген әр жасөспірімнің білім қорын байытып, өмірлік сабақ алуына ұйымды түрде тікелей жәрдемдесетін еңбектер. Көркем өнерінің аса маңызды саласы балалар әдебиетінің өсіп өркендеуіне Қадыр ақынның сіңірген еңбегін республика жұртшылығы лайықты түрде бағалаумен келеді. Оған дәлел: оның балаларға арналған көптеген кітаптарының қайта-қайта, жеткіншектердің күнбе-күн қолдан тастамайтын рухани игілігіне айналуы.

Балаларға арнап жазу, бағалы туындылар беру – бақыт, қаламгер үшін өлшеусіз бақыт! Өйткені балалар үшін жазу кез келген қаламгердің қолынан келе бермейді. В.Белинский айтқан белгілі қағида бойынша, балаларға арнап жазу үшін, балалар ақыны болып туу керек. Қадыр Мырзалиев – сондай пернелі перзент. Оның сондықтан да жүз мыңдаған, бәлкім миллиондаған оқырманы, жанашыры, жеткіншегі бар [3,5б.].

Негізгі бөлім. Қадыр Мырзалиев балаларға жазғанда айтқысы келген мәселені маңайдан тура соқпай, тұспалдап, мысқылдап, жанамалай жеткізіп, өлең тілімен үйіреді. «Кімге не артық?» деген өлеңіне тоқталсақ:

Тәкаппарға көз артық –

Көріп тұрып, көрмейді –
Жарымеске не артық –
Жөн сөйлеуді білмейді. –

Ғұмырында, әр уақытта,
Түк істемесе құмартып,
Жалқауларға
Құлақ та,
Көз де,
Қол да –
Бәрі артық [4,226.].

Нақылға жақындау соңғы шумақ қалаған ойын қапысыз жеткізген, баланы ойға қалдырады, жалқаулықтан жирендіреді. Ендеше, автор өз міндетін өрнекті кестеледі – шынайы шығарма тудырды.

Қадыр ақын, Мұхтар Әуезов сөзімен айтсақ, «Бұрынғының қорынан қарбытып алып», шұрайлы сөздерді шиттей балаларға іркілмей ұсынды. Бірнеше мысал келтірсек: «Жедеқабыл қыс түсті», «Шөпшілердің күнісіп кеткен жейдесін», «Балалық тез өтсе екен», «Апай-топай төбелес» өлеңдерінде ана тіліміздің асылдығын, байлығын, оралымдылығын таныта білген. «Досымыз екеуміз» өлеңі:

Шекіссек те екеуміз,
Үйге жылап қайтпаймыз.

Сөзімізге бекембіз,

Апамызға айтпаймыз – деп бала тілімен үлкен ақылды жеткізіп тұр. [4,36 б.].

Қадыр Мырзалиев өлеңді көп жазған ақын. Қадыр ақын – өзіне дейінгі аса ірі ақындардай, сөздері мірдің оғындай жыр дүлділі. Оның жоғарыда айтылғандай, көп шығармалардың ішінде қанатты сөздер, афоризмдері де жиі ұшырайды. Ақын – ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының жан – жақты өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне зор еңбек сіңірген үлкен ақын. Оның өлеңдері ешқашан, Абай айтқандай, бөтен сөзбен былғанған емес. Қайта ол «қиыннан қиысып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін айналасы теп-тегіс, жұмыр» боп келеді. Сондықтан да, оның лирикасын қалың оқырман әр уақытта сүйіп оқиды. Ол сөз

өнерін еркін меңгерген, халықтың ең етене жақын рухани серігіне айналған көркем сөздің зергері.

Қадыр Мырзалиев біздің дәуіріміздегі әлемдік аренаға шыққан қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, мазмұнын сапаландыруға, көркемдік деңгейін биіктетіп, мәртебесін көтеруге айрықша еңбек сіңірген, «Қазақтың Қадыры» деп танылып, халқы ардақтаған бірегей тұлға, ерекше дарын иесі. Қадыр Мырзалиев жасөспірімдерге арналған өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, мысалдардан тұратын ондаған жинақ беріп, балалар әдебиетін дамытуға да үлкен үлес қосқан, өлеңдері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, өзі де Руми, Гейне, Гюго, Лермонтов, Есенин, Гамзатов, Межелайтис, Петефидің жырларын қазақ тіліне сәтті тәржімалаған көркем сөздің хас шебері еді. Ақынның озық үлгілі туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан жауһарлар қатарынан орын алып, болашақта да ұлтымыздың рухани қазынасына айнала бермек. Ақындық өнер өнер біткеннің алды екендігінде сөз жоқ. Шын талант үшін ақындық өнер емес, өмір. Заманның қилы қияндарында өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы болмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ. Қадыр Мырзалиев – өмірі өлеңді, өлеңі өмірлі талант.

Демек, қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр Мырзалиев музыкасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр ақын лирикасының сыңғыры бөлек, сыры терең.

Өз елін сүйген ер – Қадыр Мырзалиевтің балаларға арнап жазған шығармаларынан олардың да Отанын шексіз сүйер азамат болып өссе екен – деген арманын аңғармау мүмкін емес. Енді бүгін тәуелсіз еліміздің жаңа буын ұрпақтары қазақ әдебиетінің алтын қорындағы Қадыр Мырзалиев шығармаларымен қауышатыны және мұның ғұмыры ұзаққа созылатыны, жаңа бір дәуірлермен жалғасын табатыны күмәнсіз.

Өмірі өлеңмен өрілген қазақтың бір ақынға зар болған заманы жоқ шығар. Солай десек те, тарихи тамыры тереңге тартқан, бір шетінен бір шетіне жеткізбес дархан даламызға даналық жырдың дәнін сеуіп кеткен акберендердің бүгінгі кезеңдегі жалғасы Қадыр Мырза Әли поэзиясының бесік жырын тыңдайтын

сәбиден бастап, өмірдің бағасын түсінген қарттар жүрегіне дейін бауыр басқанында бір керемет сыр бар сияқты.

Бүгін ісі қазақ Қадыр Мырза Әлиге арнап ән мен жырдан, көркем туындыдан рухани дүниелер мұралауда. Қадыр - қазақтың қасиетті өлеңіне тізе бүгіп, бас ие отырып, биіктеп, асқақтаған, махаббатымен, арман-сағынышымен ұлттық ақын. Ол халықтың рухын төбесіне көтеріп, ұлттық сананың сәулелі өрісін кеңейтіп, адамзаттық ой-сезім аспанына өзінің өшпес жұлдызын жақты.

Елдің сүйікті қаламгеріне айналып, ұлы мұра қалдырған Қадыр қазақ поэзиясына ерекше түрмен келген ақын. Ақын поэзиясының бүкіл бітімінде ұлттық ойлау философиясы мен ұлттық бейнелеу көркемдігі біте қайнасып жатады. Ақын өзінің

«Шындық» атты өлеңінде;

Өтірік жырдың қайдағы,

Болмайсың жетіп шетіне.

Ақиқат-сөздің қаймағы,

Тұрмайды шықпай бетіне-

деп, жырдың ақиқаты – сөздің қаймағы екенін, шындықтың шырайын пәлсапалық штрихпен дәлелдейді.

Әдебиет тарихы тағылымымен ғұмырлы. Абай тағылымы, Мұхтар тағылымы, ендігі кезең Қадыр тағылымы. Қадыр қаламы қасиеттің бояуына малынған десек, артық емес. Оқырманына орамды да орайлы, тура да тұшымды ойдың өрісін ұсынады. Тамырымен тамырлассаң тағдырың, ұғыныссаң ұлттығың, қанаттасаң қазақтығың! Жырларының жылуына жылынып, шуағына шомылсаң, ұлттығыңның ұлылығына ұмтыласың. Әр сөзінің бастауын тұнықтан тартатын ақын елдігіміз бен ертеңіміздің негізі-көненің көркі екенін былайша жырына арқау етеді;

Ауыл осы түлігін жамыратқан,

Атаң анау түспейтін қоңыр аттан.

Ерлік ісі шығады ер-тоқымнан,

Тарих ісі шығады шаңырақтан.

Аз ғана түйінде бүкіл ұлттығымыздың келбеті поэтикалық тізбектеме арқылы сипатталған. Дархан даладан даналық, ауылдан төзімділік алмай, ер-тоқымды тақымдамақ түгіл түсінде

көрмеген, тарихына танау шүйірген, шаңырақтың қасиетін бойына алмаған көзі қараң ұрпақ үшін дидактикалық шеберлікпен берілген ұлағатты сөз. Бір шумақ – тұтас ұлт тарихы. Әр тармағынан әдеби ажарлау көрінеді.

Бұл бағыт бұнымен тоқтап қалмайды. Академик З.Ғабдолов: «Әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл-айшықтау»-дейді [3].

Қазақы мінезді қалыптастыруға бесік болған қазақы қыстаудың қасиеті, халқымыздың дархандығы, құмарын құсбегілікпен қандырып, даланың сырын ұрпағына өнегелеген қарттардың өнегесін көрсетуде осы поэтикалық тәсілдер тиімді жол тапқан. Мәселен;

Құсбегі қарттар көп мұнда,

Құмарлығы әлі қанбаған.

Қазақтың үйі жоқ мұнда,

Қарлығаш ұя салмаған.

Осы орайда сөз етсек, қазаққа тән тағы бір ерекше жарасымды қылықтың бірі бүгінгі күнде болмысынан алыстанқырап қалған қалжыңдасу. Қазақы құрдас қалжыңы көңіл ажарын келтіретін, адаммен адамды жақындастыра түсетін ұлттық ерекшеліктеріміздің бірегейі. Осы көрініс ақынның «Қылжақбас» өлеңінен айқын көрінеді. Ұлттығымыздың бейнесін салыстырмасыз көрсететін ғұрпымыздың шоқтығы көтеріңкісі-қонақжайлылығымыз бен бауырмалдығымыз, шашпалығымыз. Қолда барын қонағына сақтап, қонақтан ауысқанын өзі жейтін жомарттығымызды бойдан ажырату қиын. Бұл - байырғы бабадан қалған бойға сіңген қасиет.

Қорытынды. Ұлттық эстетикалық эмоцияны Қадыр ақын «Қазақ пен қонақ» өлеңінде еш боямасыз, реңсіз көрсеткен. Мәселен, өлең жолдарындағы:

«Қонақсыз, той-думансыз өткен өмір,

Өмірге саналмайды қазақ үшін» немесе «Адамдар арасында ғұмыр кешіп, Адаммен араласпау-Азап оған. Нағыз жомарттық бейне; «Мейманға нәрін беріп, Барын беріп, Қонақтан қалғанын жеп отырады» деген жолдардан қазаққа тән табиғилық көрінеді. Ұлтын сүйген ақынның бейнелі сөздері ұлт психологиясымен

бітісе берілген поэтикалық айқындауыш, тіпті көз алдына аңғал-саңғал, маңдайы тершіген, жүзінен мейірбандық көрінген, құшағын жайған қазақ бауырымыздың өзі тұра қалады.

Қадыр Мырзалиев – сондай пернелі перзент. Оның сондықтан да жүз мыңдаған, бәлкім миллиондаған оқырманы, жанашыры, жеткіншегі бар [3,5].

Оның лирикасын қалың оқырман әр уақытта сүйіп оқиды. Ол сөз өнерін еркін меңгерген, халықтың ең етене жақын рухани серігіне айналған көркем сөздің зергері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Қирабаев, С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті [Текст] / С.Қирабаев. – А., 1998 – 218 б. 2 Аманхан, Ә. Талант тағлымы [Текст] / Ә. Аманхан //«Ана тілі» газеті – 2007 – 15желтоқсан

2. Қабдолов, З. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 1-т. [Текст] / З. Қабдолов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2001 – 440 б.

3. Кәрібаева, Б. Қадыр поэзиясы хақында [Текст] / Б. Кәрібаева // Жұлдыз – 1985 – №10

4.Нұрдәулет А // «Қазақ әдебиеті»,19-желтоқсан, 2009

5.Қуаныш Т. Жайықтың жыр жампозы: монография [Текст] / Т. Қуаныш – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2012 – 230 б.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ («БІЗ ӨМІР СҮРЕТІН МЕТАФОРА» ТҰЖЫРЫМЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ)

*Өтеміс Айгуль Сәкенқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2-курс докторанты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тың жаңалықтарға толы жанры – поэзия. Поэзия – жүрек үні, сезім тебіренісі, ақынның лирикалық «Мені» арқылы жарыққа шығып, оқырман көңіліне сезім арқылы әсер ететін ерекше жанр түрі. Поэзияны бүгінгі таңда тек әдебиеттанудың төңірегінде ғана емес, көптеген іргелі ғылымдармен салыстыра, салғастыра зерттеулер қарастырылып келеді. Психологизм – жан туралы ғылым, жанның, ішкі

«Меннің» сезімін, эмоциясын, ерік-қалауын, бейсаналықтың санадан тыс жатқан көрінісін сипаттайтын іргелі салалардың бірі. Ал поэзияда ақынның сезімін, ішкі жан тебіреністерін, эмоциясын, темпераментін, қалауын, ерік-жігерін байқамау мүмкін емес. Белгілі ғалым Л.Я.Гинзбург психологизм терминіне мынадай анықтама береді: *«психологизм – бұл психикалық өмірді оның қайшылықтары мен тереңдігінде зерттеу»*. Оның ішінде тұжырымы «психологиялық талдау тікелей түрінде жүзеге асырылады автордың ой-толғаулары не кейіпкерлердің сезімі түрінде, не жанама түрде бейнелеу - олардың ым-ишарасын, керек әрекеттерін бейнелеуде автор оқырманға аналитикалық тұрғыда жасырын күйінде түсіндіреді» [1, 286-б.]. Демек ғалымның бұл жоғарыда келтірген пікіріне сүйенсек, психологиялық талдау арқылы ақынның оқырманға аналитикалық тұрғыда анықтай алатын ой-толғауын аңғара алмақпыз.

Психоаналитик ғалым Фрейдтің ойынша, «Бейсаналықты түсіну өте маңызды. «Меннің» бір бөлігі ешбір күмәнсіз бейсаналыққа тән. Ал «Мендегі» бұл бейсаналық алдын ала мағынасында жасырын емес, әйтпесе оны бейсананы санасыз белсенді ету мүмкін емес және сананың өзі көп қиындықтар туғызбас еді. Тану қажеттілігімен бетпе-бет келгенде, бейсаналық сипаты біз үшін мағынасын жоғалтатынын мойындауымыз керек. Түптің түбінде бейсаналық немесе сананың өзіндік құны тереңдік психологиясының қараңғылығындағы жалғыз жарық болып табылады» [2]. Яғни Фрейдтің пікіріне зейін қойсақ, бейсаналықты жасырын ұстау мүмкін емес, саналы әрекеттің астарында да бейсаналықтың сілемдерін аңғара аламыз.

«Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы», - деп М.Әуезов атап өткендей психологизм тек прозада ғана емес поэзия жанрында да біте қайнасып жүреді. Л.О.Гинзбургтың тілімен айтқанда, «Жан түкпірінің соңғы нүктесіне жету» [1, 213-б.] үшін поэзияда ақынның жан түкпіріндегі небір сезім халдері ашыла түседі. Адамның психологиясы, қорқу, абыржу, құбылу, тебірініп толқу, өмір жолында қалтарысы мен бұлтарысы, өкініші мен өкпесі,

арманы мен аңсары, ерік-жігері мен ынтасы, сағынышы мен қызғанышы, сүюі мен күйініші көрініс таппаған поэзияның оқырман жүрегіне дөп басып баруы неғайбыл.

Негізгі бөлім. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, сөз өнерін кестелеген қаламгердің бірі Қадыр Мырза Әли поэзиясы оқырманның назарын өзіне еріксіз аударады. Ақын шығармаларында нәзіктік, саф тазалық, жүрек үні, жан сыбыры, сұлулықты анық байқаймыз. Сырға толы өлеңдері жүректен орын алып, адам эмоциясын сезінуіне әсер етеді. Бүгінгі таңда поэзиядағы психологизм теориясы кең тұрғыда зерттеліп жатқаны белгілі. Осы арада шетел ғалымдары Лакоф пен Джонсонның «Біз өмір сүретін метафора» еңбегін атап өтсек болады. Аалмыш еңбекте өлеңде кездесетін метафораларды терең түрде зерттеп, тұжырымы бойынша метафораны «қорапша» секілді кеңістікке балаған. Сол кеңістіктің ішінде ауа және сұйықтыққа толтырылатын атап өткен. Қадыр Мырза Әли шығармаларынан кездесер тұстарын түртіп өтуді жөн көрдік.

Лакоф пен Джонсонның зерттеуіне мән берсек, «Біз өмір сүретін метафора» еңбегінде «Оқиғалар мен әрекеттер метафоралық түрде объектілер ретінде концептуализацияланады» деген ой ұсынып, «адам-қорапша» деген тұжырым білдірген. Демек, аталған ғалымдар поэтикалық мәтіндерде көктем мезгілі адамның өн бойымен сезінетін күйі емес, өзі еніп кететін «қорапша» секілді. Яғни, «адам-қорапша» ішіндегі кеңістіктен ауа не сұйық денеге байланысты ассоциацияны байқаймыз. Мәселен: «Көктем болып тынысташы» // «Мен тербейін болып жел» // «Сирень болып аңқып тұршы» (А.Елгезек); // Соғады әлсіз жібектей жел жұмсарып» // Сағыныштың тамшысын көктен үзіп // Ызғырық жел ұрады, тұла бойды сыздатып» (Қ.Сарин). Бұл мысалдардан байқайтынымыз, көктемнің атмосфераның бір бөлігі ретінде қабылданып, ақынды белгілі бір күйге енгізіп тұр. Лирикалық субъектінің психологиясында табиғи құбылыс ішкі жан тереңдігінде қабылданатынын байқаймыз. Яғни, поэзияда психологизм табиғи құбылыстар арқылы ассоциацияланатын болса, аталған үдеріс динамикалық күйде болатынын аңғарамыз. Осы арада И.Канттың ойын да айта кеткен орынды: «бір күйден үздіксіз

көшу – бұл кез келген құбылыстың өмір сүру тәсілі». Демек, көктемнің келуі ақынның көңіл-күйіне әсер ете отырып, оны белгілі бір атмосфералық күйге ендіріп, оның эмоциялық толғаныстары сезіліп, поэтикалық мәтінде көрініс тауып отыр. Бұл жерде «Біз өмір сүретін, тұтынатын метафораларды» Лакоф пен Джонсон қорапшаға балап тұр. Жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы ол қорапшаның іші не ауаға, не сұйықтыққа толтырылғанын байқаймыз. Бұл «Біз өмір сүретін метафора» тұжырымын Қадыр Мырза Әлидің «Жаңбырдан соң» атты өлеңіне мән бере талдап көрсек, *Жалт-жұлт етіп, сарт-сұрт етіп жалт ойнап,*

Жаздай жаңбыр жаумап еді — жұрт айғақ.

Бимаза жел аспан астын аралап,

Бір мезгілде алып келді бұлт айдап.

Сол-сол екен дала нұрға кенелді,

Қара нөсер құйып ала жөнелді [3].

Бұл өлеңде ақынның «бимаза жел», «қара нөсер» деп келетін эпитеттерін байқаймыз. Өлеңнің үшінші тармағындағы «Бимаза жел аспан астын аралап» деген жолдарда желдің ауа секілді сипатын байқау қиын емес. Аспан астын аралауы, демек сол аспанның астында өмір сүретін күллі адам баласына сезіледі, жел арқылы ауа бар екенін, денесіне білінеді. Бұл жердегі «бимаза желіміз» символдық түрде сөз, әңгіме дегенге жақын. Себебі, жел бұлтты айдап келеді деген ойларды өлеңнен оқып отырсақ, желден(сөз) кейін аспанға бұлт үйіріліп, яғни адам баласының басына қара бұлт төну, содан барып алтыншы тармақта «Қара нөсер құйып ала жөнелді» деп келетіндей, бұлттан соң жаңбырдың құя жөнелуі. Жаңбырдың тамшылауы жоғарыда келтірілген «қорапаш» ішіндегі толтырылған сұйықтық ұғымын береді. Яғни, жаңбырды біз тек денемізге тиген сұйықтық ретінде емес, құлаққа естілген тамшы үні ретінде де сезінеміз. Жаңбыр – су, су – тіршілік. Өмір нәрі. Аталмыш өлеңнің 17-18 тармақтарында келесідей келеді:

Сахна — көк, шымылдық — бұлт сырылып,

Сығалады, нұрын сеуіп күн шықты.

Бұл жердегі метафора «сахна – көк», «шымылдық – бұлт». Көктегі бұлттың жоғалуы, сахнаның шымылдығы түрілгені

іспеттес әсер қалдырады. Сахнадағы шымылдық түріліп, артынша сахнаға көрермен жұртты көруге асыққан нұрға бөленген жанның шығуы. Осы арада бұл өмірдің өзі сахна секілді, ал біз өз рөлімізді сомдайтын әртіспіз деген ой оралады. Төбемізде қанша бұлт қаптап, қара нөсер құйса да, артынша күннің шығарына бек сенеміз. Адамның жаны бәрібір нұрға аңсар, жылулыққа құмар емес пе? Бұл жерде сонымен қатар психологиялық сыңарластық та орын алғанын байқаймыз. Қазіргі қазақ поэзия жанрында психологизмнің аспектілерінің көрініс табатынын ақындардың пейзажды психологиялық параллелизммен беруімен, көркемдік деталь, әрекеттерді қабылдағаннан кейінгі әсерімен, оның шығармада көрініс табуымен анықтауға болатынын аңғардық. Көбінде сенсорлық қабылдаудың ішіндегі көз арқылы қабылдаудың бірінші кезекке шығатынын, сол арқылы лирикалық қаһарманның психологиялық күйі танылатынын аңғардық.

Сөзімді сабақтай келе, Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығын тұтас шолған адам ақынның жан айнасы мен қоршаған әлеммен келісім тапқан туындылар демесіне әддіміз жоқтай. Қадырдың өнері – көпшіліктің көңіл айнасынан олжалы оралып, тұлпарлығын танытқан көнекөз көсем өнер. Бұлай деуіміздің айқын себебі – ақынның кешегі күннің шындығын бүгінгі күннің болмысымен беттестіре білуінде. Ал ақынның шығармаларындағы психологизм көрінісі өлең сөздің түбінде біте қайнасып кеткендей. Сонымен қатар көркем туындада ақынның бейсанасының көрініс беретіні, нейро-ми процесі белгілі бір әрекетке жетсе, ол санада сәйкес сезімдер мен қабылдауларды тудырады, одан кейін олар одан әрі танымдық және психикалық процестер үшін ақпараттарға айналады. Ал ақпараттар көркем сөз түрінде жарыққа шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гинзбург Л.О. О психологической прозе. – М: Интрада, 1999. – 213 б.
2. Фрейд З. Я и оно // Избранное. – М.: Политиздат, 1989. – 370-374 с.
3. Лакофф пен Джонсон Лакофф, Джонсон 2004 – Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. Перев. с англ. А. Н. Баранова и А. В. Морозовой. М.: Едиториал, 2004. 256 с.
4. <https://bilim-all.kz/olen/9483-ZHanbyrdan-son>

ҚҰСТАРДЫҢ РУХАНИ СИМВОЛИКАСЫ: ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ МЕН ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ ПЕН АДАМ ӘЛЕМІ

*Манапбаева Жұлдыз Бекболатқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 1-курс докторанты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушановтың шығармашылығында табиғат пен адам өмірінің тығыз байланысы ерекше орын алады. Әсіресе, құстар бейнесі әртүрлі философиялық және психологиялық мағынада кеңінен қолданылады. Құстар табиғаттың маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар адам болмысының, рухани ізденістердің және өмірдің символы ретінде танылып, олардың шығармаларында терең мәнге ие болады. Осы мақалада Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушановтың өлеңдеріндегі құстардың бейнесі мен олардың психологиялық, философиялық аспектілерін салыстыра отырып талдаймыз. Ақындар өз шығармаларында құстарды табиғаттың, еркіндіктің, сұлулықтың, тіпті адамзаттың өміріндегі қиындықтар мен кезеңдердің метафорасы ретінде пайдаланады. Құстардың қайтуы, ұшу сипаты арқылы олар уақыттың өтуі, адамның рухани ізденістері, әрі өмір мен өлім мәселелерін ашуға тырысады. Әсіресе, Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушановтың өлеңдерінде құстардың символикасы табиғаттың құбылмалылығын, адамның ішкі әлемін және әлеуметтік тұрмыстың суреттелуімен тығыз байланысты. Бұл мақаланың мақсаты – екі ақынның шығармаларында құстар бейнесінің психологиялық және философиялық мәнін ашып, олардың арасындағы үндестікті және айырмашылықтарды талдай отырып, қазақ поэзиясындағы табиғат пен адам арасындағы байланысты тереңірек түсіну.

Қадыр Мырза Әлидің өлеңдерінде құстар табиғаттың сұлулығы мен үйлесімділігін, адамның ішкі тыныштығы мен рухани тұрақтылығын білдіретін бейне ретінде көрінеді.

Ақынның поэзиясында құстарды тек табиғаттың құбылысы емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің, адамның өмірлік идеалдарының символы ретінде қарастыруға болады. **"Құстар қанша баққа көрік болатын"** өлеңінде ақын құстарды әртүрлі табиғи және әлеуметтік процестердің бөлігі ретінде сипаттайды:

Құстар қанша баққа көрік болатын!

Бұлбұл анау,

Қадірлейді ол атын.

Шырыны үшін,

Шекері үшін,

Нәрі үшін

Бал арасы гүл іздейді конатын.

Бұл өлеңде құстардың әрқайсысы өзінің ерекше маңызын көрсетеді. Бұлбұл – мәдениеттің, өнердің символы, ал маса мен шыбын – табиғаттың күрделілігін және адам өміріндегі кедергілерді бейнелейді. Құстарды ақын өнердің әртүрлі бағыттарын айқындау үшін қолданады, бұл олардың ішкі дүниеміздегі орындарын анықтауға көмектеседі.

Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығында құстардың бейнесі әрдайым табиғаттың үйлесімділігін сақтау үшін қажетті элемент ретінде көрінеді. Бұл ақынның шығармаларында адамның өмірі мен табиғат арасындағы гармонияны іздеудің белгісі.

Негізгі бөлім. Есенғали Раушановтың шығармашылығында құстардың бейнесі адамның ішкі күйзелістері мен рухани дағдарыстарын бейнелеуге қызмет етеді. Ақынның өлеңдерінде құстар жиі қайғы, жоғалту, үміттің үзілуі, сонымен қатар адамның уақытпен күресін көрсететін символға айналады. **"Құстар қайтқанда"** өлеңінде ақын құстардың қайтуы арқылы уақыттың өтіп бара жатқанын, адам өмірінің қысқалығын және өткенді аңсауды білдіреді:

Қайттыңдар ма, бауырлар!

Телегейге - тел жаңғырық,

Ұшқан құсқа жел жаңғырық.

Тәңір ием сендерге қанат беріп,

Бізді бөлек жаратқан енжар қылып.

Құстардың қайтуы – Е. Раушанов үшін уақыттың өтіп бара жатқанын, адам өмірінің өткіншілігін білдіретін белгі. Бұл өлеңде құстардың қайтқанын көргенде адамның қайғысын, жоғалтқан нәрселерін, өткен күндердің арманын қайта еске түсіру сезімін бейнелейді.

Құстар бейнесі екі ақынның шығармашылығында да адамның ішкі дүниесінің айнасы ретінде көрінеді. Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушанов құстарды адам өмірінің маңызды аспектілерін бейнелейтін символ ретінде пайдаланады. Қадыр Мырза Әли үшін құстар табиғаттың үйлесімділігін, өмірдің тыныштығы мен тепе-теңдігін білдіреді. Ал Есенғали Раушанов үшін құстар – адамның өміріндегі жоғалтулар мен ұмытылған армандарды бейнелейтін терең символ. Құстардың ұшуымен байланысты ақындар адамның өз орнын іздеуі, өмірдің өткіншілігі, уақыттың өтуі туралы философиялық ойларға орын береді. Бұл құстардың ұшуына қараған ақынның ішкі сезімдері мен рухани жағдайын бейнелеуге ықпал етеді. Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушанов құстарды бірдей табиғаттың бір бөлшегі ретінде көрсе де, олардың поэзиясында бұл бейненің қолданылу ерекшеліктері әртүрлі. Қадыр Мырза Әли үшін құстар – табиғаттың үйлесімділігі мен адамның рухани тыныштығының белгісі. Ол құстарды өнер мен мәдениеттің символы ретінде қолданады. Ақын құстардың тіршілігін табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік ретінде суреттейді.

Есенғали Раушановтың поэзиясында құстардың бейнесі адамның ішкі күйзелістерін, жоғалтуларын және уақыттың өтіп бара жатқанын білдіретін белгіге айналады. Раушанов үшін құстар – адамның терең ойлары мен сезімдерімен, сондай-ақ жоғалту мен қайғыны бейнелейтін символдар.

Құстар бейнесі екі ақынның шығармашылығында да терең философиялық және психологиялық мағынаға ие. Қадыр Мырза Әли үшін құстар табиғаттың үйлесімділігі мен адам мен табиғат арасындағы гармонияның белгісі болып табылады. Ақын құстарды өз шығармаларында еркіндіктің, сұлулықтың және рухани ізденістің символы ретінде пайдаланады. Ал Есенғали Раушанов үшін құстар адам өмірінің өткіншілігін, жоғалтулар мен қайғыны білдіретін терең метафораға айналады. Құстар

олардың өлеңдерінде уақыттың өтуі, адамның ішкі күйзелістері мен өткенге деген сағыныштың белгісі болып табылады. Бұл екі ақынның шығармашылығындағы құстар бейнесі табиғат пен адам арасындағы байланыстың, адамның рухани әлемі мен ішкі сезімдерінің көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Құстарды пайдалану арқылы олар өмірдің өткіншілігін, жоғалту мен үміттің үзілгенін, адамның табиғатпен үйлесімін көрсетеді. Құстардың бейнесі қазақ поэзиясында терең философиялық және психологиялық мәнге ие бола отырып, ақындардың шығармашылығында адамның рухани дүниесін тануға, табиғат пен адам арасындағы байланысты терең түсінуге көмектеседі.

Қорытынды. Қазақ поэзиясындағы құстар бейнесі – терең символдық мағынаға ие бола отырып, ақындардың шығармашылығында адамның өмірі мен табиғат арасындағы байланысты, оның рухани ізденістерін көрсететін маңызды құралға айналады. Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушановтың шығармашылығында құстарды қолдану әдісі әртүрлі болғанымен, олардың мәні бір. Құстар табиғаттың тек әсем бөлшегі ғана емес, адамның өміріндегі күрделі процестерді, сезімдер мен ойларды, үміттер мен күмәндерді бейнелейтін құрал ретінде қызмет етеді. Қадыр Мырза Әли құстар арқылы әлемнің үйлесімділігін, табиғат пен адамның арасындағы гармонияны көрсетеді. Ол құстарды адамзаттың рухани дүниесін байытатын, оның ішкі әлемін бейнелейтін белгі ретінде қолданады. Ақынның шығармаларында құстар өмірдің, табиғаттың сұлулығы мен тепе-теңдігінің символына айналады. Есенғали Раушановтың шығармашылығында құстар бейнесі адамның ішкі дағдарыстары мен терең ойларын, жоғалтулар мен қайғыларды білдіретін символ ретінде көрінеді. Ақын құстарды уақыттың өтуі, жоғалған мүмкіндіктер және өткенге деген сағыныш сияқты философиялық ойлармен байланыстырады. Ол құстар арқылы адамның өз өмірі мен табиғатқа деген қатынасын, сондай-ақ ішкі сезімдерін тереңірек ашып көрсетеді.

Екі ақынның шығармашылығындағы құстар бейнесі олардың поэзиясындағы басты философиялық және психологиялық тақырыптарды ашып көрсетеді. Құстар табиғаттың бір бөлшегі ретінде ғана емес, адамның рухани дүниесі мен ішкі әлемінің

көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Әрқайсысының құстарды қолдану тәсілі олардың жеке шығармашылық ізденістерін және адам мен табиғат арасындағы байланысты қалай түсінетіндерін көрсетеді. Құстар ақындардың өлеңдерінде өмір мен табиғаттың терең философиялық сұрақтарына жауап іздеуде, адамның рухани әлемін танытуда маңызды символдық рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзалиев, Қ. Үш томдық шығармалар жинағы: Олендер мен поэма. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989
2. Раушанов, Е. Қара бауыр қасқалдақ [Мәтін] : Жыр кітабы – Алматы: Жалын, 1995.
3. Раушанов, Е. Амал деген айыңыз.../Шығармалар жинағы/ – Алматы: Жазушы, 2017.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИДІҢ МЫСАЛ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПОЭТОНИМДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрәділ Н.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақстан, Алматы қ.
nurdaulet.nuradil@gmail.com*

Аннотация. Статъя посвящена анализу поэтонимов в притчах Кадыра Мырза Али, вошедших в сборник «Гибратнамә». Автор рассматривает роль поэтонимов как важного художественного средства, подчеркивающего философскую глубину произведений. В притчах используются зоонимы, абстрактные понятия и предметные названия, которые помогают передать характер персонажей и основную идею произведений. Исследование показывает, что выбор имен не случаен: каждое имя несет смысловую нагрузку, связанную с традицией казахской литературы и культурными ассоциациями. Таким образом, поэтонимы играют значительную роль в формировании художественного образа и углубляют сатирический и аллегорический смысл произведений.

Кіріспе. Қадыр Мырза Әли – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік стилімен, шығармаларының терең философиясымен ерекшеленетін ақын.

Қаламгердің жазушылық шеберлігін, терең ойшыл, философ екенін «Ғибратнәмә» атты жинағына енген шағын мысал-әңгімелерінен аңғарамыз. Аталған жинаққа енген әңгімелерінде автор қоғамдағы өзекті мәселелерді, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықты, пендешілікті, сатқындықты терең астармен көрсете білген. Әр әңгімені оқи отырып сіз осы заманның бет-бейнесін көріп, өзіңізге мол ғибрат алып, ой түйесіз. Әңгіме мәтіні қысқа, бірақ берер ғибраты өте үлкен. Қысқа ғана мәтінмен терең ойды, мол ғибратты жазушының қалай бере алғаны сізді таңдандырады. «Жазушы шеберлігінің сыры неде?» деген сауал сізді мәтіннің құрылымына назар аударуыңызға еріксіз жетелейді.

«Ғибратнәмәдағы» әңгімелерді оқып отырғанда біздің назарымызды ерекше аудартқаны – автордың кейіпкерлерге есім беруі. Яғни, мысал-әңгімелердегі поэтонимдер.

Ұзақ уақыт бойы көркем мәтіндегі жалқы есімдер, яғни кейіпкер есімдері **әдеби антропоним** терминімен аталып келсе, бүгінгі таңда **поэтоним** терминін қолдану дұрыстығына (В.М. Калинин, А. А. Фомин, Л. М. Ахметзянова, С. П. Васильева, Е. В. Ворошилова және т. б.) ғалымдардың зерттеулері дәлел бола алады. Себебі поэтонимдер - бұл көркем мәтіндегі жалқы есімдердің барлық санаттарымен байланысты әмбебап термин. Әдебиеттанушылар бұл терминді шартты экзотикалық, мифологиялық, яғни белгілі бір поэтикалық мағынаға ие жеке есімдерге сілтеме жасау үшін қолданады [1]. Бұл мәселе В.М. Калининнің «оним поэтикасы» жұмысында қарастырылған, онда зерттеуші онимге сілтеме жасау үшін «поэтоним» ұғымын енгізеді. [2, 30].

Біз осы мақаламызда жазушының мысал-әңгімелеріндегі поэтонимдердің шығарманың идеясымен сәйкестігін және автордың ойынша аталған кейіпкер ойнауы керек рөлді қарастырамыз.

Ю. Тыняновтың «Архаисты и новаторы» (1929) еңбегінде поэтонимдер (яғни, шығарманың ішіндегі кейіпкерлердің

есімдері) туралы бірнеше маңызды ойлар айтылады. Тынянов өз еңбегінде архаизм мен жаңашылдықтың күресін сипаттай отырып, көркем шығармалардағы есімдердің маңызды рөлін ерекше атап көрсетеді. Тынянов бойынша, поэтонимдер шығарманың мән-мағынасына терең әсер етеді. Әрбір кейіпкердің есімі шығарманың жалпы идеясы мен оның құрылымына сәйкес таңдалады. Есімдер кейіпкерлердің сипатын, әлеуметтік жағдайын немесе тарихи контекстін білдіретін құрал ретінде қызмет етеді. Ол сондай-ақ поэтонимдердің шығарманың стилін қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді [3].

Негізгі бөлім. Қадыр Мырза Әли ауыз әдебиетіндегі мысал дәстүрін жалғастырып, осы арқылы заманауи қоғамның әлеуметтік мәселелерін, адамның бойындағы жағымсыз мінез-құлықты сынау үшін мысал жанры негізінде жазылған әңгімелердің топтамасын «Ғибратнамә» атауымен ұсынады.

Академик Зейнолла Қабдолов мысал жанры туралы: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді» - дейді [4].

Жазушының «Ғибратнамә» жинағына 160 ғибратты шағын мысал-әңгімелер енген. Бұл әңгімелерден күнделікті тілімізде кездесетін антропонимдерді кездестірмейсіз. Автор кейіпкер есімдерін шығарманың жүгін, автордың жеткізгісі келген ойын ашатындай етіп, поэтонимдерді жіті саралап алғандығын көреміз. Оның шығармаларындағы аң-құстардың символдық мәні қазақ мысал жанрының көне дәстүрлеріне негізделген.

Сөзіміз дәлелдірек болуы үшін аталған әңгімелерден мысал келтірсек:

«Опасыздық» Бимәлім. Оның не екенін, кім екенін, өзгелер түгіл, өзі де біле қоймайтын. Білмей өтулері де мүмкін еді. Кімнің ұсынысы, кімнің қолдауы екені бір Алланың өзіне ғана аян. **Бимәлім** аяқ астынан қадірменді қазылар алқасына мүше боп шыға келді. Сол-сол-ақ екен ол ешкімді, ешкім оны танымай

қалды. Қазылар алқасында қанша мүше болса, сонша дауыс бар. Яки әркім бір қазына! Бимәлім де солай! Дауыс болғанда, қазына болғанда қандай! Осыны сезе қойған Бимәлім дүниенің тұтқасын бір өзі ұстап тұрғандай құбылып шыға берді.

Қазылар алқасының алғашқы мәжілісінен бастап, жалаңаяқ кезінен бірге келе жатқан жалғыз жолдасының тағдыры соған қарап қалғандай болды. Қарап қалғандай емес, шынымен-ақ қарап қалды. Бимәлімнің көңілін сайтан жайлап, бүгінгі мәселенің кімнің қолында екенін жұртқа танытқысы келді. Алды да әлгі жалғыз жолдасына қарсы дауыс берді. Иштен шыққан жау жаман, бейшара досы жетіп тұрған жүлдесін ала алмай, жер соғып қала барды.

Мәжілістен кейін **Сатқындық** келіп Бимәлімнің қолын алды. Қолтығынан демеп машинаға мінгізді. Жолда келе жатып:

- Оқасы жоқ... Бәріміз де солай бастағанбыз! Ең қиыны – осы бірінші күн, бірінші әрекет! Жігіттің жанына тұңғыш түнеп шыққан жас қыз сияқты, сосын оған тез үйреніп кетесің! Үйреніп қана қоймайсың... Сағат сайын біреуді сатқын кеп тұрады! Иә, сонымен қадамың құтты болсын! –деді арқасынан қағып.

Мәтінді оқып шығып ондағы поэтонимдер дерексіз ұғымдармен аталып отырғанын көрдік. Автор бұл әңгімесінде адамдар бойында кездесетін жаман қылық опасыздықты сөз етіп, тақырыпты жақсы ашу үшін дәл сол мінездің өзін, яғни **Сатқындық** сөзін кейіпкер атауы, яғни поэтоним ретінде алады. Дерексіз ұғымдардың кейіпкер есімі ретінде берілуі тек бұл әңгімеде ғана емес, сонымен бірге «Өтірік пен шындық», «Уайым мен Үміт», «Бәрінен биік көтерген» әңгімелерінің кейіпкерлері де дерексіз ұғымдар.

Жазушы тек дерексіз ұғымдарды кейіпкер етіп қана қоймайды, сонымен бірге адамды қоршаған табиғаттағы аң-құс, төрт түлік мал атауларын да кейіпкер есімі ретінде алады. Оған мына әңгімелері дәлел бола алады:

«Бұған не дейсіз?» Бұлбұл байғұстың дүние салғанына бүгін бір жыл толып, еске алу кешінде, күтпеген жерден **Құзғын** ұзақ сөз сөйлеп, зал толы зиялы қауымды бір сілкіндірді. Әркім өзіне өзі сенбей, біріне-бірі қарады. Қараса қарағандай...

Атақты әншіні үнемі аяғынан шалып, тірлігін тірлік қылмай келген Құзғын бүгін адам таң қаларлықтай әдемі пікір айтып, марқұмның айрықша дарынын барынша басып айтты.

*- Әй, мынауың нағыз азамат екен ғой! – деді арт жақта отырған **Қараторғай**.*

*- Сөзінің бәрі дұрыс. Бірақ тым кештеу айтып тұр! – деді **Қарлығаш**.*

*- Құз-еке, мың да бір рақмет Сізге! – деді **Бозторғай** жанына келіп отыра берген баяндамашыға.*

- Шынында да неге ертерек айтпадыңыз?! Сіздің бұл пікіріңізді ел баяғыда естүі керек еді.

- Оған мен емес, Бұлбұлдың өзі кінәлі! – деді Құзғын іштегі көне қызғанышын жасыра алмай.

- Ертерек өлгенде ертерек айтатын едім!...

Осы әңгімеде құс атаулары поэтоним ретінде алынған. Қазақ халқы дауысы әдемі әншілерін бұлбұлға теңеп жатады. Ал құзғын құс халық танымында жағымсыз мәнге ие. Тойымсыздық, ашкөздік, қанағатсыздықты білдіреді. Тілімізде «**құзғын құлқын**» деген тұрақты тіркес те бар. Сондықтан да автор мәтіндегі негізгі ойды жеткізу үшін басты кейіпкер ретінде құзғын мен бұлбұл құстарын алып отыр. Себебі бұл құстардың астарында қандай адам бейнесі жасырынып жатқаны оқырманға бірден түсінікті. Бұл құстардың атаулары тілімізде ауыспалы мәнге ие екеніне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген түсініктер дәлел бола алады.

БҰЛБҰЛ Зат. 1. *Орман-тоғайда болатын торғай тұқымдас, қоңыр-қызғылт түсті, даусы әдемі, кішкене әнші құс; сандуғаш. Біздің бір баһшат мысал бақшамыз бар, ішінде б ұ л б ұ л құсы сайрап тұрар (Бабалар сөзі).*

2. зоол. *Торғай тәрізділер отрядының сайрауықтар тұқымдасына жататын әнші құс. Ал, енді, мынау орманды дала белдеуінен бұлбұл, қара шымшық, маубас жапалақ, үкі, кептер, құр көптеп ұшырасып отырады («Лен. Жас»).*

3. ауыс. *Дауысы әдемі, сазды, әнші. Қазақ халқының бұлбұлы Күләш Байсейітоваға небары 24 жасында «халық артисі» деген аса жоғары құрметті атақ берілді (Ж. Рсалдин, Ахмет Жұбанов).*

4. ауыс. *Ақын, жыршы, өлеңші; тілге шешен, сөзге жүйрік адам.* Ежелден ел бұлбұлы ақын шіркін ән салад, әңгіме айтад, жыр жырлайды (І. Жансүгіров Шығ.) [ҚТТС, 688-689 б., Т. 3]

ҚҰЗҒЫН Зат. зоол. *Қорек талғамайтын, көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс.* Құзғын қарғалар үлкен топ құрамай, бес-алты құстан құралған үйірмен ұшады (Р. Әлімбаев, Құстар).

2. ауыс. *Жауыз, озбыр, қанішер.* Екі сұңқар таласса, құзғынға жем, Берекесін бұл қазақ сүйтіп құртқан (М. Дулатов, Шығ.). Арам қанды құзғындар, Тартсын, тартсын жазасын! Жәбіршіл жауыз зұлымдар, Тартсын енді сазасын (С. Сейфулин, Шығ.). [ҚТТС, 256-257 б., Т. 10]

«Бәрінен биік көтерген»

- Адамды бірінші рет биікке көтерген мен! – деді **Есек**. - Ол мені ешқашан да ұмытпауға тиіс!

- Мен оны сенен де гөрі биігірек көтергенмін! *Иә, ио, Иһһ-һо!* – деді **Ат**.

- Көтергендерің рас. Бірақ мен көтерген биікке біреуің де көтере алған жоқсыңдар! – деп **Маңғаз Түйе** бәрінің басынан асырып бір түкіріп тастады.

- *Мақтаныңдар! Мақтаныңдар! Бірақ сәл ойланып көріңдер:* адам баласын бәрінен биік көтерген мен! – деді **Абырой**.

Бұл әңгімеде автор кейіпкер ретінде адамға қызмет ететін жануарлар Есек, Ат және Түйені алып, оларды өзара айтыстырып, соңында адамның өмірде даңқын асқақтататын тек қана Абырой екенін айтады.

Мәтіндерді талдай отырып, жазушының кейіпкерге есім бергенде тақырыпты ашатындай поэтонимдерді арнайы сараптап алғанына көз жеткізесіз. Себебі мәтіндер қысқа болғандықтан, әңгіме, повесть, роман жанрларындағыдай кейіпкерге мінездеме беретіндей мүмкіндік жоқ. Сондықтан автор халық санасында орныққан, атауын естіген кезде санамызда жағымды-жағымсыз ассоциациялар қалыптасқан атауларды алады.

Көркем мәтіндегі поэтонимдер автордың ойының жеткізілуіне, таңдаған жанрының толық ашылуына қызмет етеді. Сондықтан да шығармадағы поэтонимдер тегіннен-тегін

қойылмайды. Көркем мәтінде кездейсоқ кейіпкер есімдерінің болуы мүмкін емес. Бұл туралы орыс ғалымы Ю. Тынянов: «Көркем шығармада сөйлемейтін есім болмайды. Барлық есімдер сөйлейді... Шығармада аталған әр есімнің өзі мағына...» [3, 196].- деп пайымдайды. Бұл пікірдің дұрыстығына Қадыр Мырза Әли әңгімелерін оқи отырып көз жеткіземіз. Автордың шығармашылық шеберлігін онимдерді мәтін түзу заңдылығына бейімдеп, олардың мәтін ішіндегі эстетикалық маңыздылығын аша түсуінен, қажетті ақпаратты жеткізуде орынды пайдалана алуынан көреміз. Жазушы айтқысы келген ойды жеткізе алатындай етіп кейіпкерге есім беру арқылы шебер туынды тудырған. Сол арқылы әңгіме шағын ғана болса да, оқырманның бұл ғибарттардан алары мол.

Кейіпкерге есім беру оңай жұмыс емес. Себебі кейіпкер есімі шығармадағы автор айтқысы келген ойдың жүгін арқалап тұрады. Көркем шығармада қолданылатын поэтикалық есімдер атаулық функцияны ғана емес, сонымен бірге стилистикалық функцияны да атқарады. Кейіпкерге есім таңдай алу да шеберлік. Бұл туралы Л.М. Щетинин: «Көркем туынды қаһармандарының есімін таңдау екі ұстанымға бағынады: бұл есімдер берілген тілдің жүйесіне үйлесімді еніп тұруы және автордың қандай да бір кейіпкердің алдына қоятын стилистикалық міндетін шешуге көмектесуі тиіс» [6, 119].

Қадыр Мырза Әлінің «Ғибратнәмә» жинағына енген әңгімелердегі поэтонимдерді семантикалық жақтан бірнеше топтарға жіктеуге болады:

Төрт-түлік мал есімдері: *Қоспақ, Нар Тайлақ, Ақ Серке, Қой, Торы Бие, Қазақ, Қой, Мәліш Қой, Қошқар, Момын Торы, Ат, Маңғаз Түйе;*

Үй хайуанаттары есімдері: *Бұралқы Ит, Төбет, тоқ Мысық, Мішім, Мысық, Ит;*

Үй құстары есімдері: *Ақ Тауық, Қырсық Қораз, Қораз, Күрке-тауық.*

Аң, құс атаулары: *кәрі Маймыл, Қарсақ, Түлкі, Қорқау, Қасқыр, Қорқау, Ақ Тиін, Борсық, Қарсақ, Түлкі, Сасық Күзен, Тиін, Бұлбұл, Құзғын, Қараторғай, Қарлығаш, Бозторғай,*

Жапалақ, Сауысқан, Тоқылдақ, Бұлбұл, Шымшықұлы Шымшық, Сандұғаш, Бозторғай, дала Қыраны, Торғай, т.б.

Жиһаз, дүние-мүлік есімдері: *Арқалы Орындық, Кресло, Тақ, Баланың Түбегі, Қайшы, Сыпырғыш, Шаң Сорғыш, Шаңсорғыш, Электр қуатын есептегіш, Ине, Жіп, Табурет, Орындық, Терезе Жапқыш, т.б.*

Ыдыс-аяқ атаулары: *қыз мінезді Кесе, Шанышқы, Штопр, Қазан, т.б.*

Әшекей бұйымдар атаулары: *Айна, Қолшатыр, Тарақ, Сұлу Сырға, т.б.*

Дерексіз ұғым атаулары: *Өтірік, Ақиқат, Шындық, Бімәлім, Сатқындық. Уайым, Үміт, Дәулет, Абырой;*

Киім-кешек атаулары: *Бәтіңкі, Біз Әкіше Туфли, т.б.*

Соматикалық атаулар: *Құлақ, Тіл, Оң Қол, қоңқақ Мұрын, Көз, Бөксе, Қол, қомақты Ми, Азу Тіс, Көмей, Тырнақ, Бас Бармақ;*

Жәндік, балық атаулары: *Алабұға, Көлбақа, Қолтырауын, Алма Құрты, Бал Арасы, Баққоңыз, Тасбақа, Құрт, Кесіртке, Көлбақа, Пингвин, Жайра, Кірпі, Тышқан, Инелік, Көлбақа, Тышқан, Тышқан, Тасбақа, Саратан, Көк Шегіртке, Сона, Бал арасы, Сарышұнақ, Көк Шегіртке;*

Құрал-сайман, қару-жарақ атаулары: *Арба, Шана, Қара Құлып, Шығыршық Тұтқа, Бұрғы, Тығын, Балта, Электр Арасы, Айыр, Ұзын Шеге, Балға, Кетпен, Күрек, Ұстара, Қайрақ, Қылыш, Семсер, Бас Кесер Балта, Балтаның Сабы, Балта, Ағаш арасы;*

Физикалық және табиғат құбылыстырының атаулары: *Атом, Протон, Нейтрон, Ыс, Суық Жел, Өрт, Шолпан, Аспан Қақпасы, Ақша Бұлт.*

Семантикалық топтастырудан көріп отырғанымыздай жазушы аталған жинаққа енген ғибратты әңгімелерінде кейіпкерге есім беруде дайын жалқы есімдерді пайдаланбайды.

Мысал-әңгімелерде автор аталған поэтонимдерді қолдану арқылы қысқа мәтінде шығарманың экспрессивтілігін арттырғанын байқауымызға болады. Әдебиеттану ғылымында көркем әдебиеттегі поэтонимдердің ерекше орны бар, себебі, поэтонимдер де контексте белгілі бір көркемдік қызмет

атқаратынынын білеміз. Олардың көркем шығарма мәтініндегі рөлін олардың стилистикалық және идеологиялық қызметі арқылы анықтауға болады.

Қадыр Мырза Әлидің мысал-әңгімелеріндегі аң-құстардың, жан-жануарлардың кейіпкер ретінде алынуы қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрімен тығыз байланысты.

Қазақ әдебиетінің тарихында аң-құстарды, жануарларды кейіпкер ету дәстүрі ертегілерде, мысалдарда, аңыз-әңгімелерде жиі кездеседі.

Қадыр Мырза Әли осы дәстүрді жалғастырып, оған заманауи философиялық және әлеуметтік мән-мағына беріп, қазіргі қоғамның кемшіліктерін көрсету үшін пайдаланады.

Ауыз әдебиетінде аң-құстар адамның мінез-құлқын бейнелейтін тұрақты символдар ретінде қолданылған.

Мысалы,

- **Түлкі** – айлакерліктің,
- **Қарға** – ақымақтықтың немесе сұғанақтықтың,
- **Қасқыр** – қатыгездіктің,
- **Бұқа мен есек** – көнбістіктің символына айналған.

Қорыта айтқанда, Қадыр Мырза Әлидің «Ғибратнамә» жинағындағы поэтонимдер жай ғана атау емес, олар кейіпкер мінезін ашатын, автор идеясы мен көзқарасын жеткізетін маңызды көркемдік құрал ретінде қызмет етеді.

Әсіресе, адамның жағымсыз қылықтарын бейнелеуде жазушының поэтонимдік жүйені қолдануы оның психологиялық, сатиралық, аллегориялық тәсілдерін айқын көрсетеді. Мысалы:

- **Қырсық Қораз** – менмендік пен өзімшілдік белгісі.
- **Қорқау Қасқыр** – опасыздық, қатыгездік символы.
- **Бұралқы Ит** – адамға сенімсіздік, сатқындықтың

көрінісі.

- **Өтірік, Сатқындық, Екіжүзділік** – адам бойындағы моральдық кемшіліктерді нақты көрсететін дерексіз поэтонимдер.

Қорытынды. Осы поэтонимдер арқылы автор кейіпкерлердің бойындағы мінездік ерекшеліктерді ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, адамгершілік нормаларын, моральдық құндылықтардың өзгеруін бейнелейді.

Жазушының барлық мысал-әңгімелерінде осындай поэтонимдерді қолдануын өзіндік авторлық қайталанбас жазу өрнегі, авторлық стилі деуге толық негіз бар.

Бұл тұрғыдан алғанда Қадыр Мырза Әли поэтонимдерді прагматикалық функцияда, яғни оқырманға белгілі бір ой салу, мінез-құлықты әшкерелеу мақсатында өте шебер қолданған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Холназарова Н.Н. Художественные функции поэтонимов в трилогии Дж. Икрами («Дочь огня», «Двенадцать ворот Бухары», «Поверженный») и особенности их передачи в русском переводе//автореферат диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Душанбе, 2022
2. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. - М: Просвещение, 1973. - 366 с.
3. Тынянов Ю. Архаисты и новаторы. – М., 1929
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 352 бет.
5. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы, - Алматы: Қазығұрт, 2011. Т. 11: Алмас жерде калмас. Үкілі үзінділер. Сөзмерген. Ғибратнәмә. -496 бет.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
7. Щетинин Л.М. Слова, имена, вещи. – Ростов-на-Дону: Изд-во Рост. Ун-та, 1966

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АУЫЛ БЕЙНЕСІ

Феруза Нурсейтова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ І-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Нағбоу Қамарова

филология ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор,

Ш.Есенов атындағы КТИУ,

Қазақстан, Ақтау қ.

Кіріспе. Қазақ поэзиясында ауыл тақырыбы – ең басты тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпта қазақтың көптеген ақын-жазушылары қалам тербегенімен, Қадыр Мырза Әлі ауыл өмірін ерекше бір шынайылықпен, ұлттық болмыспен суреттеген ақындардың бірі болып табылады. Оның өлеңдерінде ауыл

бейнесі тек бір мекен ғана емес, қазақ халқының тарихи жады, мәдени мұрасы, ұлттық рухы ретінде көрініс табады. Бұл мақалада Қадыр Мырза Әлі шығармаларындағы ауыл келбеті, оның көркемдік ерекшеліктері мен поэтикалық құралдары қарастырылып, басқа ақындар шығармашылығымен салыстырылады.

Қадыр Мырза Әлі поэзиясы қазақ халқының ұлттық мүддесін қалыптастыру үшін қызмет еткені ақиқат. Ақын шығармаларынсыз қазақ әдебиетін жұтандау сезінеріміз сөзсіз. Ақын «Әдебиетті ұлттың жаны» деп түсінгендіктен, шығармаларында ұлттық образ айқын берілген. Өйткені, ақынның әрбір өлеңінен қазақ халқының нақты келбет-болмысын көреміз. Әдебиет тарландарының сөзіне сүйенсек, «Қадыр Мырза Әлі ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда терең идеялық мағына бар», – дейді Қадыр поэзиясы хақында сөз қозғаған академик С.Қирабаев [1, 129-130].

Қадыр ақын қазақтың салт-дәстүрін, ауыл өмірін, көшпелі тұрмысты ерекше суреттеген қаламгер. Қадыр поэзиясының тілі-халық тілі. Себебі, Қадыр Мырза Әлі ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы, айшықты сөздерімен нақты суреттейді. Ақын үшін ауыл – тек туған жер емес, бүкіл бір халықтың жаны мен жүрегі. Поэзиясының тірегіне айналған ауыл тақырыбы ақын өлеңдерінде әр түрлі айшықтармен беріледі.

Ақынның «Дала дастарханы» өлеңінде қазақы үйдің дәмінен үзілмейтін сары ірімшік, ұұрт, май, тары, талқанын сөзге қосып, өлең соңында:

Қозы етінің жанында
Қандай ғажап сүр етің...
Дастарханға салынған
Бүкіл ауыл суреті. [2, 29], -

деген жолдар арқылы ауыл жерін ажарландыра суреттеп, тұтас ауылдың бейнесін береді. Бір жағынан, ұлттық тағамдардың молшылығын, ауылдың берекесін, қонақжайлығын айшықтайды. Дастарханға қойылған тағамдардың әрқайсысы – көшпелі өмір салтының, ұлттық мәдениеттің бір бөлшегі.

Негізгі бөлім. Белгілі ғалым М.Қозыбаев: «Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт мәдениеті ұғымдарымен

сабақтас», – дейді [3, 254]. Мұның бәрі қазақ халқының мәдени-рухани өмірімен тығыз сабақтастықта. Қазақ қоғамындағы негізгі құндылықтардың қатарына сонымен қатар, адамгершілік қасиет, қонақжайлылық, құрмет көрсету сынды дүниелерді де жатқызуға болады. Егер осы ұғымдардың біреуі жоғалса, ұлттық рух әлсіреуі мүмкін. Сондықтан бүгінгі күнде ұлттық сана-сезімді сақтау, жас ұрпақты туған жерін, тілін, мәдениетін қадірлеуге баулу аса маңызды.

Күн көзіне шағылысып шың аппақ,

Қалғиды тау,

Күткені оның шын аптап.

Кәрі әжелер үй алдында бас қосып,

Қыр басында отыр шалдар шуақтап, [2, 62].

Бұл шумақта ауылдың тыныш өмірі, табиғаттың сұлулығы көрініс тапқан. Ақын тауды – мызғымас, биік, салмақты бейне ретінде суреттесе, ауыл адамдарының күнделікті өмірін де шынайы жеткізеді. Әжелердің бас қосуы, шалдардың күнге жылынып отыруы – ауылдың мамыражай тіршілігін көрсетеді.

Жоғарыдағы өлең шумақтарынан байқағанымыздай, ақын үшін ауыл бейнесі – қонақжайлық пен қазақтың қазыналы карттары. Бұл сөзімізге мына бір өлеңі де тұздық болмақ:

...Төрден ол қай уақытта жерінеді?!

Қонақсыз қалған күні

Сол қазаққа

Бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді... [2, 676]

Ауылдың тағы бір келбетін суреттейтін:

Алтын әжем,

Ақсақал алтын атам,

Қаламын мен сол кездің салтына таң.

Көшіп бара жатқан ел

Күн батарда

Үй тікпестен

Тігеді алтыбақан. [2, 111].

Бұл жолдардан ауылдың тағы бір көрінісі – қазақы дәстүрлер мен көшпелі тіршіліктің әдемі бейнесі көрінеді. Әженің, атаның даналығы, көшіп бара жатқан елдің тіршілігі, алтыбақан құрып, жиналуы – бәрі қазақы өмірдің ажырамас бөлшектері. Ақынның

бұл өлеңі ауылдың тек тұрмысын ғана емес, оның мәдениетін, салт-дәстүрге деген беріктігін де жеткізеді.

«Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады. Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады» [4, 11], - дейді ғалым А. Әділова. «Ауыл» концептісінің қазақ поэзиясындағы берілу сипатына назар аударсақ, бұрынғы кеңес дәуіріндегі поэзияда ауылды аңсау, қаладан безіну секілді өлеңдер көп кездеспейтін. Ал қазіргі поэзияда аға буын ақындар да, кейінгі жастар поэзиясында да осындай сарын жиі кездеседі.

Мысалы: Саят Қамшыгердің «Ауылға барам» өлеңінде:

Қажытты тірлік!

Қолды бір сілтеп кетсем бе екен ауылға?

Жолаушыдаймын қалған бір сұмдық дауылда.

Тек күйбең тірлік, өлеңді ойлар шама жоқ,

Бұл жақта жүріп барады өшіп дарын да...

Бүлінген үйлер,

Болса да ауыл «құрыған»,

Бөрі – жүрегім сол жақты аңсап ұлыған.

Қаланың шулы тірлігін тастап талақ қып,

Ауылға барам, сол жақта менің құбылам! [5, 35].

Бұл өлеңдегі лирикалық кейіпкердің қиналысы «қажытты» деген сөзден байқалады. Қаладан безінуін «шулы тірлік», «күйбің тірлік» сөздері айқындайды. Жүректі бөріге ұқсатып, метафора тәсілімен шулы тірлік ортасында өзін жалғыз сезінетінін бейнелейді. Қазақ тұрмысына тән ұлттық өрнекті көреміз. Мұндай сарындағы өлеңдер Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерінде де кездеседі. «Қаздар қайтқанда» өлеңіндегі:

..Еркіндік бар,

Кеңдік бар.

Дала барда... [2, 131], -

деген жолдарынан ақынның аңсары ауыл екенін аңғаруға болады.

«Ауыл» концептісінің ерекше берілуі – «Жұмақ» өлеңі дер едім. Өлең жолдары түбегейлі ауыл сипатын ашуға ғана арналған. Көк шалғын, киіз үй, қымыз, ән мен жыр, тау мен жел бір-бірімен үндесе кеткендей:

Ән-жырыңа елтiсе

Әулие жер,

Асыл жер.Тотай болып желпінсе

Таудан соққан жасыл жел... [2, 131]

Қорытынды. Қадыр Мырза Әлі поэзиясындағы ауыл бейнесі қазақ халқының ұлттық болмысын, мәдениетін, салт-дәстүрін тереңнен танытатын концептілердің бірі болып табылады. «Ауыл» концептісі қазіргі қазақ поэзиясында ой сурет типінде объективтенген. Жақсы көру, сағыну т.б. сезім негізінде пайда болған ойсурет, яғни ауыл-әже, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым, құшағын жайған ана, т.б. қыстан кейін келетін көктем шуағы бәрі де – концептіге жан бітіреді. Қадыр Мырза Әлі поэзиясының ерекшелігі – ұлттық рухтың, қазақы танымның көркем бейнесін дәл әрі терең жеткізуінде. Оның өлеңдері қазақтың ұлттық дүниетанымын, мәдениетін келешек ұрпаққа насихаттауға зор үлес қосады. Сондықтан ақын шығармашылығы қазақ поэзиясында ауыл концептісінің маңызды әрі тұрақты орын алатынын дәлелдейді. Ауыл – қазақтың рухани тірегі. Қадыр Мырза Әлі поэзиясы арқылы бұл ұғым ұлттың жүрегінде мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998 – 218 б.
2. Қадыр Мырза Әлі. Өлеңдер. Құраст. – Ж.Әскербекқызы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 219 б.
3. Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. – 369 б.
4. Әділова А. Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі // Көкшетау университетінің хабаршысы. - 2016. №2. 11-18-бб.
5. Қамшыгер С. Жүректегі ағыстар: оқу құралы / С. Қамшыгер – Алматы: «Жалын», – 2008. – 80 б.
- 6.

Қ.МЫРЗА ӘЛИ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2-СЕКЦИЯ

СХОДСТВО И РАЗЛИЧИЕ УЗБЕКСКОГО И КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА

Авезова Гулноз Камилловна
Ургенчский государственный
педагогический институт

Факультет начального образования, кафедра
«Методики начального
образования»

[*gulnozavezova23@gmail.com*](mailto:gulnozavezova23@gmail.com)

Аннотация: Статья посвящена сравнительному анализу узбекского и казахского фольклора, выявлению их общих черт и специфических различий. Оба народа обладают общими тюркскими корнями, что отразилось на сходстве эпических произведений, сказочного и музыкально-поэтического наследия, пословиц и поговорок. В то же время особенности исторического развития, географические и социально-культурные факторы обусловили ряд отличий в фольклорных традициях узбеков и казахов. В работе рассматриваются ключевые аспекты национального эпоса, сказочного жанра, героических образов и народной мудрости, раскрывается их значение в формировании культурной идентичности двух народов.

Ключевые слова: Тюркская основа, традиция, эпос, мотивы, сказки, устная поэзия, народная мудрость.

ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ҰҚСАҚТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа: Мақалада өзбек және қазақ фольклорының салыстырмалы талдауы жүргізіліп, олардың ортақ белгілері мен өзіндік ерекшеліктері айқындалады. Екі халықтың түркілік ортақ тамыры эпикалық шығармалар, ертегілік және музыкалық-

өлеңдік мұра, мақал-мәтелдер ұқсастығынан көрініс табады. Сонымен қатар, тарихи дамудың ерекшеліктері, географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар өзбек пен қазақ фольклорының кейбір айырмашылықтарына әсер етті. Зерттеуде ұлттық эпостың, ертегілік жанрдың, батырлық бейнелер мен халық даналығының негізгі аспектілері қарастырылып, олардың екі халықтың мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы ашылады.

Түйін сөздер: Түркі негізі, дәстүр, эпос, мотивтер, ертегілер, аңызша поэзия, халық даналығы.

SIMILARITIES AND DIFFERENCES OF UZBEK AND KAZAKH FOLKLORE

Abstract: The article presents a comparative analysis of Uzbek and Kazakh folklore, identifying their common features and distinctive differences. Both nations share common Turkic roots, which is reflected in the similarities of their epic works, fairy tales, musical-poetic heritage, proverbs, and sayings. At the same time, historical development, geographical conditions, and socio-cultural factors have shaped notable distinctions in their folklore traditions. The study examines key aspects of national epics, fairy tale genres, heroic figures, and folk wisdom, highlighting their role in shaping the cultural identity of these two nations.

Key words: Turkic basis, tradition, epic, motifs, fairy tales, oral poetry, folk wisdom.

Фольклор каждого народа представляет собой уникальное культурное наследие, в котором отражаются его история, традиции, менталитет и образ жизни. Узбекский и казахский фольклор, являясь частями общей тюркской культуры, имеют множество схожих черт, но при этом обладают и значительными отличиями. Эти различия обусловлены историческими условиями развития, географическими факторами, экономическим укладом и формированием этнической идентичности народов.

Изучение узбекского и казахского фольклора позволяет не только глубже понять культурное наследие Центральной Азии,

но и выявить взаимосвязи между двумя народами, их мировоззрение, ценности и художественные традиции. В данной работе рассмотрены основные сходства и различия между фольклорными традициями узбекского и казахского народов на примере эпоса, сказок, песенной традиции, пословиц и поговорок.

Общие черты узбекского и казахского фольклора

1. Общая тюркская основа

Узбекский и казахский народы принадлежат к единой тюркской семье, что определило множество схожих черт в их фольклоре. Оба народа использовали фольклор как средство передачи жизненных ценностей, моральных норм, знаний о мире и истории предков. [1]

2. Эпическая традиция

Обе культуры богаты героическим эпосом, который повествует о подвигах батыров, защищающих свою землю и народ. Среди наиболее известных эпосов можно выделить:

У казахов: «Кобланды-батыр», «Алпамыс», «Ер Таргын». [2]

У узбеков: «Алпамыш», «Гургали», «Ширак». [3]

Эпосы этих народов не только пересекаются по содержанию, но и имеют общих персонажей. Например, «Алпамыс» встречается в обоих фольклорах, хотя его трактовка и сюжетные детали несколько различаются.

3. Мифологические и сказочные мотивы

Казахские и узбекские народные сказки содержат множество общих мотивов, таких как борьба добра со злом, помощь волшебных существ, испытания героя, мотив путешествия и поиска. Существуют аналогичные сюжеты, например: Сказки о животных (хитрая лиса, мудрый воробей).

Волшебные сказки (богатырь, проходящий тяжёлые испытания).

Бытовые сказки (истории о смекалистом и находчивом бедняке).

Особенно популярным мотивом в обоих фольклорах является история умного и находчивого героя, который побеждает не силой, а разумом. У узбеков таким персонажем стал Ходжа Насреддин, а у казахов – Алдар Көсе.

4. Музыкально-поэтическое наследие

Оба народа богаты устной поэзией, в которой передавались национальные традиции, исторические события и народная мудрость. Казахи известны традицией айтыса – поэтического состязания между импровизирующими акынами. У узбеков схожую роль играет традиция бахши – исполнителей героических дастанов.

Основные различия между узбекским и казахским фольклором

Несмотря на множество общих черт, узбекский и казахский фольклор имеют различия, обусловленные историческими, географическими и культурными особенностями. [1]

1. Кочевой и оседлый уклад жизни

Казахская культура традиционно формировалась в условиях кочевого образа жизни, в то время как узбекская культура развивалась в оседлом земледельческом обществе. Это отразилось на фольклоре: В казахском фольклоре много повествований о кочевниках, их подвигах, свободолюбии и бескрайних степях.

В узбекском фольклоре больше историй о ремесленниках, торговцах, земледельцах, городских жителях

2. Герои народных преданий

Узбекский фольклор делает акцент на хитроумных героях, таких как Ходжа Насреддин, который своим умом выходит из сложных ситуаций.

В казахском фольклоре более распространены образы батыров – отважных воинов, защищающих родину, например, Кобланды, Ер-Таргын. [4]

3. Структура эпоса

Казахский эпос более обширен и эпичен, с многочисленными диалогами, детализированными описаниями сражений. Узбекские дастаны часто более компактны и связаны с письменной традицией, тогда как казахский эпос преимущественно передавался устно. [5]

4. Тематика пословиц и поговорок

Пословицы и поговорки отражают менталитет народа: в казахском фольклоре много выражений, связанных с кочевой жизнью:

«Жақсы ат – адамның қанаты» (Хорошая лошадь – крылья человека).

«Ат – ердің қанаты» (Лошадь – крылья воина).

В узбекском фольклоре преобладают пословицы, связанные с торговлей и земледелием:

«Еңбек ерді асырайды» (Труд кормит человека).

«Тамшы тама берсе, тас тесер» (Если капля будет падать постоянно, она пробьёт камень).

Узбекский и казахский фольклор – это неотъемлемая часть культурного наследия Центральной Азии. Их сходства обусловлены общими тюркскими корнями, а различия – особенностями исторического развития и уклада жизни.

Казахский фольклор более эпичен, связан с образом батыра, степного воина, в то время как узбекский фольклор акцентирует внимание на мудрости, хитрости и практической смекалке. Оба народа ценят устную поэзию, эпос, народную мудрость, что делает их культурное наследие богатым и значимым.

Изучение узбекского и казахского фольклора не только позволяет глубже понять культуру этих народов, но и способствует укреплению взаимопонимания и дружбы между ними, что особенно актуально в современном мире.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Кононов А.Н. «История изучения тюркских литератур». Москва: Восточная литература, 1972.
2. Байтурсынов А. «Әдебиет танытқыш». Алматы: Жазушы, 1991.
3. Рустамов Х. «Фольклор узбекского народа». Ташкент: Фан, 1988.
4. Жирмунский В.М. «Тюркский героический эпос». Ленинград: Наука, 1974
5. Радлов В.В. «Образцы народной литературы тюркских племён». Санкт-Петербург, 1866.

РОЛЬ ФОЛЬКЛОРА В СОВРЕМЕННОСТИ

Халматова Гулнора Нарматовна

Ургенчский государственный

педагогический институт

Факультет филологии и истории,

кафедра

«Узбекский и русский язык литература»

xalmatovagulya321@gmail.com

Аннотация: Статья посвящена роли фольклора в современном мире. Рассматриваются основные функции фольклора, такие как сохранение культурной идентичности, вдохновение для современного искусства, образовательная и социальная роль. Особое внимание уделяется адаптации фольклора к современным реалиям, его экономическому значению и трансформации в цифровую эпоху. Автор подчеркивает, что фольклор остается важным инструментом сохранения традиций, укрепления социальных связей и формирования культурного самосознания, несмотря на вызовы глобализации и технологического прогресса.

Ключевые слова: культурное наследие, традиции, обычаи, образование и просвещение, национальная кухня и ремесла, цифровизация.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРДЫҢ РӨЛІ

Аннотация: Бұл мақала қазіргі әлемдегі фольклордың рөліне арналған. Фольклордың негізгі функциялары, мысалы, мәдени сәйкестікті сақтау, заманауи өнерге шабыттандыру, білім беру және әлеуметтік рөл атқару сияқты мәселелер қарастырылады. Фольклордың қазіргі заманға бейімделуі, оның экономикалық маңызы және цифрлық дәуірдегі өзгерістері ерекше назар аударылады. Автор фольклордың жаһандану және технологиялық прогресс қиындықтарына қарамастан, дәстүрлерді сақтау, әлеуметтік байланыстарды нығайту және мәдени сәйкестікті қалыптастыру үшін маңызды құрал болып қала беретінін атап өтеді.

Түйінді сөздер: мәдени мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, білім және ағарту, ұлттық тағамдар мен қолөнер, цифрландыру.

THE ROLE OF FOLKLORE IN MODERN TIME

Abstract: The article explores the role of folklore in the modern world. It examines the key functions of folklore, such as preserving cultural identity, inspiring contemporary art, and serving educational and social purposes. Special attention is given to the adaptation of folklore to modern realities, its economic significance, and its transformation in the digital age. The author emphasizes that folklore remains an essential tool for preserving traditions, strengthening social bonds, and shaping cultural identity, despite the challenges of globalization and technological progress.

Keywords: cultural heritage, traditions, customs, education and enlightenment, national cuisine and crafts, digitalization.

Фольклор, как форма народного творчества, на протяжении веков играл ключевую роль в жизни общества, являясь хранителем традиций, обычаев и мудрости предков. В современном мире, несмотря на стремительное развитие технологий и глобализацию, фольклор не утратил своей актуальности. Напротив, он продолжает оставаться важным элементом культурного наследия, адаптируясь к новым условиям и находя свое место в цифровую эпоху. Фольклор — это не просто сказки, песни или пословицы, это отражение коллективного опыта, мировоззрения и ценностей народа. Он помогает сохранить культурную идентичность, передавая из поколения в поколение уникальные знания и традиции. В условиях, когда глобализация стирает границы между культурами, фольклор становится своеобразным мостом между прошлым и настоящим, напоминая о важности сохранения своих корней.

Цель данной статьи — рассмотреть роль фольклора в современном обществе, проанализировать его функции и значение в условиях глобализации и цифровизации. В работе будут рассмотрены такие аспекты, как сохранение культурной идентичности, влияние фольклора на современное искусство, его

образовательная и воспитательная роль, а также трансформация фольклора в цифровую эпоху.

Фольклор — это не только наследие прошлого, но и живой, развивающийся феномен, который продолжает вдохновлять, объединять и учить. Его изучение и сохранение помогают не только укрепить связь с традициями, но и создать основу для гармоничного развития общества в будущем. В этом контексте понимание роли фольклора в современности становится важным шагом к осознанию ценности культурного наследия и его места в глобальном мире.

1. Сохранение культурной идентичности

Сохранение культурной идентичности — это процесс поддержания и передачи уникальных черт культуры, традиций, языка и ценностей конкретного народа или сообщества. В условиях глобализации, когда культурные границы становятся все более размытыми, этот процесс приобретает особую значимость. Культурная идентичность помогает людям сохранять связь со своими корнями, чувствовать принадлежность к определенной группе и понимать свое место в мире.

Основные аспекты сохранения культурной идентичности:

1.1. Язык как основа идентичности

Язык является одним из главных носителей культурной идентичности. Сохранение родного языка, его изучение и использование в повседневной жизни помогают передавать традиции, фольклор и историческое наследие будущим поколениям [1].

1.2. Традиции и обычаи

Традиционные праздники, обряды, народные танцы и песни играют ключевую роль в сохранении культурной идентичности. Они объединяют людей, напоминая им об их общих корнях и ценностях.

1.3. Фольклор и устное творчество

Сказки, легенды, пословицы и поговорки передают мудрость предков и формируют моральные и этические нормы. Фольклор является важным инструментом воспитания и сохранения культурного наследия [2].

1.4. Национальная кухня и ремесла

Традиционная кухня, одежда и ремесла также являются частью культурной идентичности. Они отражают историю, климатические условия и образ жизни народа [3].

1.5. Образование и просвещение

Изучение истории, литературы и искусства своего народа в школах и университетах способствует формированию у молодежи чувства гордости за свою культуру и понимания ее уникальности.

2. Образовательная и воспитательная функция фольклора

Фольклор играет важную роль в образовании, особенно в раннем возрасте. Сказки, пословицы и поговорки помогают детям усваивать моральные нормы, учиться отличать добро от зла и понимать основы человеческих взаимоотношений. Кроме того, изучение фольклора в школах и университетах способствует развитию интереса к истории и культуре своего народа. Фольклор, как форма народного творчества, всегда играл важную роль в образовании и воспитании. В современном мире, несмотря на развитие технологий и изменение образовательных подходов, фольклор продолжает оставаться мощным инструментом для передачи знаний, формирования моральных ценностей и развития творческого потенциала. Его образовательная и воспитательная функции актуальны как для детей, так и для взрослых, помогая сохранять связь с культурным наследием и укреплять нравственные основы общества. Фольклор является хранителем народной мудрости. Сказки, пословицы, поговорки и легенды передают знания о природе, обществе, истории и человеческих отношениях. Например, через сказки дети узнают о добре и зле, а через пословицы — о важности трудолюбия, честности и уважения к старшим. Фольклор помогает в изучении родного языка, обогащая словарный запас и развивая речь. Народные песни, стихи и сказки способствуют пониманию культурных особенностей, традиций и обычаев своего народа. Фольклорные сюжеты часто содержат скрытые смыслы и моральные уроки, которые требуют осмысления. Это способствует развитию критического мышления и умения анализировать информацию. Через фольклор люди узнают о прошлом своего народа, его героях,

важных событиях и культурных ценностях. Это помогает сохранить историческую память и уважение к предкам. Фольклор учит важным жизненным принципам, таким как справедливость, доброта, честность и взаимопомощь. Сказки и легенды показывают последствия плохих поступков и вознаграждают добродетель, что помогает детям и взрослым формировать правильные нравственные ориентиры. Фольклорные произведения часто насыщены эмоциями и переживаниями героев. Это помогает развивать эмпатию, умение сопереживать и понимать чувства других людей. Через фольклор люди узнают о достижениях и традициях своего народа, что способствует формированию чувства гордости и принадлежности к своей культуре. Это особенно важно в условиях глобализации, когда важно сохранить свою уникальность. Фольклорные сюжеты и образы вдохновляют на творчество. Дети и взрослые могут создавать свои истории, рисунки, музыку или театральные постановки, основываясь на народных мотивах. [4]

3. Фольклор в современном образовании

Фольклор активно используется в образовательных программах для детей. Сказки, песни и игры помогают сделать обучение интересным и увлекательным, а также способствуют развитию воображения и творческих способностей. Современные технологии позволяют использовать фольклор в новых форматах. Например, создание мультфильмов, мобильных приложений или интерактивных книг на основе народных сказок делает фольклор более доступным для молодого поколения. Фольклор остается важным инструментом образования и воспитания в современном мире. В условиях глобализации и цифровизации фольклор адаптируется к новым реалиям, продолжая играть ключевую роль в формировании гармоничной и образованной личности. Его изучение и использование в образовательных процессах способствует сохранению культурного наследия и укреплению нравственных основ общества.

С развитием интернета и цифровых технологий фольклор нашел новую жизнь в виртуальном пространстве. Социальные

сети, YouTube и другие платформы позволяют распространять народное творчество среди широкой аудитории. Например, народные песни и танцы становятся популярными в формате коротких видео, что привлекает внимание молодежи. В эпоху цифровых технологий и глобализации фольклор, как форма народного творчества, не только не теряет своей актуальности, но и обретает новые формы существования. Цифровая среда предоставляет уникальные возможности для сохранения, популяризации и трансформации фольклора, делая его доступным для широкой аудитории. В то же время, это ставит перед обществом новые вызовы, связанные с адаптацией традиционных форм творчества к современным реалиям. Интернет стирает географические границы, позволяя людям из разных уголков мира участвовать в создании и распространении фольклорных произведений. Например, онлайн-проекты, где пользователи могут делиться своими версиями народных сказок или песен, способствуют развитию коллективного творчества. Цифровые технологии активно используются в образовательных целях. Онлайн-курсы, мобильные приложения и интерактивные платформы помогают изучать фольклор, его историю и значение. Например, приложения с народными сказками или игры, основанные на фольклорных сюжетах, делают обучение увлекательным и доступным для детей и взрослых. [5]

В заключение можно сказать, что фольклор в современности — это не просто наследие прошлого, а живой и развивающийся феномен, который продолжает вдохновлять, учить и объединять. Его изучение, сохранение и популяризация помогают не только укрепить связь с традициями, но и создать основу для культурного диалога в глобальном мире. Фольклор остается важным элементом нашей жизни, напоминая о том, что культурное разнообразие — это богатство, которое необходимо беречь и передавать будущим поколениям.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бахтина В. А. Фольклор в современной культуре: проблемы и перспективы. — СПб.: Алетейя, 2005.
2. Аникин В. П. Русский фольклор: Учебное пособие. — М.: Высшая школа, 1987.
3. Гусев В. Е. Эстетика фольклора. — Л.: Наука, 1967.

4. Адоньева С. Б. Прагматика фольклора. — СПб.: Издательство Европейского университета, 2004.
5. Неклюдов С. Ю. Фольклор и современность. — М.: РГГУ, 2010.

ИСТОРИЧЕСКОЕ И НАУЧНОЕ ЗНАЧЕНИЕ КАМЕННЫХ НАДПИСЕЙ

Рузматова Дилфуза Юлдашевна
Ургенчский государственный
педагогический институт
Факультет филологии и истории,
кафедра «Узбекский и русский язык литература»
dilfuzaruzmetova4045@gmail.com

Аннотация: В статье рассматривается историческое и научное значение каменных надписей как уникальных источников информации о древних цивилизациях. Освещаются их роль в изучении истории, археологии, лингвистики и культурологии. Особое внимание уделяется современным методам исследования, таким как 3D-сканирование, спектральный анализ и искусственный интеллект.

Ключевые слова: Каменные надписи, эпиграфика, археология, история, лингвистика, древние цивилизации, расшифровка, научные исследования.

ТАС ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ

Андатпа: Бұл мақалада тас жазбалардың тарихи және ғылыми маңызы қарастырылады. Олар ежелгі өркениеттер туралы құнды ақпарат көзі болып табылады. Мақалада тарих, археология, лингвистика және мәдениеттану салаларындағы рөлі талқыланады. Сондай-ақ, 3D-сканерлеу, спектралды талдау және жасанды интеллект сияқты заманауи зерттеу әдістеріне ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: Тас жазбалар, эпиграфика, археология, тарих, лингвистика, ежелгі өркениеттер, шифрді шешу, ғылыми зерттеулер.

HISTORICAL AND SCIENTIFIC SIGNIFICANCE OF STONE INSCRIPTIONS

Abstract: This article explores the historical and scientific significance of stone inscriptions as unique sources of information about ancient civilizations. It highlights their role in history, archaeology, linguistics, and cultural studies. Special attention is given to modern research methods such as 3D scanning, spectral analysis, and artificial intelligence.

Keywords: stone inscriptions, epigraphy, archaeology, history, linguistics, ancient civilizations, deciphering, scientific research

Каменные надписи – это одни из самых древних и надежных источников информации о прошлом. Они позволяют исследователям реконструировать исторические события, политические системы, социальную структуру, религиозные воззрения и культурные традиции древних народов. В отличие от рукописей на пергаменте или папирусе, каменные надписи сохраняются веками, не подвергаясь разрушению от влаги, огня или насекомых.

Изучение каменных надписей охватывает несколько научных дисциплин:

История – выявление и анализ событий прошлого.

Археология – установление происхождения и датировки надписей.

Лингвистика – расшифровка и изучение древних языков.

Культурология – анализ мифов, обычаев и традиций древних народов

В данной работе рассматриваются основные функции каменных надписей, их влияние на науку и культуру, а также современные методы исследования этих уникальных артефактов.

1. Каменные надписи как исторический источник

Каменные надписи встречаются во всех великих цивилизациях мира: Древнем Египте их высекали на стенах пирамид и храмов. В Месопотамии клинописью записывали законы, торговые договоры и царские указы. В античной Греции и Риме на каменных стелах и колоннах фиксировались победы,

общественные законы и религиозные надписи. В Китае надписи на каменных плитах использовались для сохранения философских учений и административных документов.

Наиболее значимые примеры каменных надписей:

Кодекс Хаммурапи (XVIII век до н. э.) – один из первых сводов законов, высеченный на каменной стеле.

Розеттский камень (196 год до н. э.) – ключ к расшифровке египетских иероглифов.

Бехистунская надпись (VI век до н. э.) – рассказ о подвигах царя Дария I, высеченный на скале в Персии.

Надписи майя – описание династий, ритуалов и астрономических наблюдений.

Все эти надписи позволяют современным исследователям глубже понять жизнь древних цивилизаций [1].

2. Научное значение каменных надписей

Помимо исторической ценности, каменные надписи играют важную роль в развитии науки. Их значение проявляется в нескольких направлениях:

2.1. Эпиграфика – наука о надписях

Эпиграфика изучает особенности древнего письма, стиль надписей, способы их нанесения. Благодаря этой науке были расшифрованы многие забытые языки, например, древнеегипетский, шумерский и этрусский [2].

2.2. Лингвистика и расшифровка древних языков

Каменные надписи позволяют восстановить утраченные языки и установить связи между народами. Например, расшифровка Розеттского камня помогла ученым понять структуру египетского письма, а анализ древних индийских надписей пролил свет на развитие санскрита.

2.3. Археология и культурология

Каменные надписи помогают археологам определить возраст построек, узнать имена правителей и восстановить исторические события. Они также дают представление о религиозных и культурных аспектах жизни древних обществ [3].

3. Современные методы исследования каменных надписей

Современные технологии значительно облегчают изучение древних надписей: 3D-сканирование позволяет создать цифровые копии артефактов и изучать их в деталях.

Спектральный анализ выявляет скрытые слои текста, которые были утрачены временем.

Искусственный интеллект помогает автоматически расшифровывать надписи и находить взаимосвязи между различными текстами.

Например, в последние годы нейросети помогли прочесть надписи на древнегреческих табличках, которые ранее считались неразборчивыми [4].

Каменные надписи являются уникальными свидетельствами прошлого, несущими в себе бесценные знания. Они позволяют не только восстановить исторические события, но и понять развитие языков, культур и технологий. Современные методы изучения помогают раскрывать новые тайны древних цивилизаций и сохранять это наследие для будущих поколений.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Зограф Г. А. История письменности древнего мира. – М.: Наука, 1971. – 276 с.
2. Казас Б. И. Эпиграфика Древнего мира. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 1999. – 332 с.
3. Бехистунская надпись царя Дария I // Иранские источники по истории древнего мира. – М.: Восточная литература, 1972.
4. Грантовский Э. А. Древние арии: Историко-филологический анализ. – М.: Восточная литература, 1998. – 512 с.

СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ПРОБЛЕМЕ ЗАЩИТЫ «БРАТЬЕВ НАШИХ МЕНЬШИХ», ЗАТРОНУТОЙ В СТИХОТВОРЕНИИ КАДЫРА МЫРЗАЛИЕВА «КРАСНАЯ КНИГА»

Әйтенова Ш.С.

*Учитель русского языка и
литературы КГУ ООШ №157
Наурызбайского района г.Алматы*

Введение. Целью настоящего доклада является анализ современных подходов к защите исчезающих видов животных, которые затронуты в стихотворении Кадыра Мырзалиева "Красная книга". Кроме того, будет сделан акцент на анализе творчества писателя, его роли в отечественной литературе и экологии, а также на том, как его произведения, в том числе "Красная книга", вносят вклад в осознание важности защиты природы.

Тема охраны природы и защиты животных является одной из важнейших в литературе, и работы Кадыра Мырзалиева занимают в этом контексте центральное место. Его творчество не только отображает проблемы экологии, но и служит импульсом для действий, направленных на сохранение природы. В этом контексте стихотворение "Красная книга" представляется актуальным произведением, которое затрагивает тему исчезающих видов и является ярким примером литературного отклика на современные проблемы.

Краткий обзор творчества Кадыра Мырзалиева. Биография писателя:

Кадыр Мырзалиев – казахстанский писатель, поэт, драматург, общественный деятель, автор множества произведений, в которых затронуты важнейшие проблемы современной жизни. Его творчество глубоко связано с Казахстаном, его природой и людьми, и оно оказывает сильное влияние на развитие национальной литературы.

Кадыр Мырзалиев родился в 1938 году в Казахстане и с ранних лет проявлял интерес к литературе и искусству. Он стал

известен как автор стихов, рассказов, а также драматург. В его творчестве часто поднимаются вопросы экологии, сохранения природы и защиты животных. Писатель обладает даром чувствовать взаимосвязь человека и природы, и эта тема является одной из ведущих в его произведениях.

Основные темы творчества: Кадыр Мырзалиев обращается к вопросам философии, нравственности, истории и экологии. Он часто исследует состояние современной казахстанской природы и её связь с культурой, историей и народной традицией. В его произведениях прослеживаются яркие образы животных, а также философские размышления о роли человека в мире и его ответственности за сохранение окружающего мира. Кроме того, в стихах и рассказах Кадыра Мырзалиева часто встречается мотив трагической утраты природы, животного мира и связи человека с ними. Это наблюдение находит воплощение, например, в стихотворении "Красная книга", где в качестве символа исчезающих видов природы используется Красная книга.

Вклад в литературу и культуру: Кадыр Мырзалиев – один из тех писателей, чьи произведения активно затрагивают вопросы экологии. Он воспринимает природу как важнейшую часть культурного и духовного наследия человечества. В его стихах природа представлена не только как объект эстетического восприятия, но и как важная составляющая экосистемы, на которую влияет деятельность человека.

Анализ стихотворения Кадыра Мырзалиева "Красная книга"

Содержание и символика стихотворения: Стихотворение "Красная книга" Кадыра Мырзалиева затрагивает глубокие эколого-философские темы, связывая исчезновение животных с человечеством. Автор создает образ "Красной книги" как символа утраченных и исчезающих живых существ, перед которыми мы, люди, ответственны. Каждое слово стихотворения пронизано тревогой за судьбу мира природы и его обитателей, затронутых деятельностью человека. Кадыр Мырзалиев использует яркие образы для того, чтобы заставить читателя задуматься о трагедии исчезновения тех, кто, возможно, никогда

не вернется, и об ответственности каждого из нас. Лирический герой стихотворения переживает утрату не только самого животного, но и утрату части себя, поскольку все виды природы взаимосвязаны.

Стихотворение "Красная книга" является ярким примером того, как литература может поднять важнейшие вопросы экологии. В этом произведении Кадыр Мырзалиев обращает внимание на исчезновение видов животных, занесённых в Красную книгу, что символизирует не только утрату природы, но и исчезновение части человеческой духовности и культуры. Красная книга, с одной стороны, является реальным инструментом охраны природы, а с другой – она служит символом утраты и необратимых процессов. В стихотворении "Красная книга" автор выражает беспокойство о том, что многие виды животных, которые когда-то были неотъемлемой частью экосистемы, могут исчезнуть, если не будут предприняты активные меры по их охране. Кадыр Мырзалиев через образ Красной книги акцентирует внимание на том, что наша ответственность за мир природы огромна и не имеет срока давности. Красная книга становится не только символом исчезновения, но и предостережением для человечества.

Тема и мотивы: Основной темой стихотворения является уязвимость животных, занесенных в Красную книгу, и беззащитность перед натиском человеческой деятельности. Через этот образ автор поднимает вопросы нравственности и ответственности, требуя от читателя осознания важности сохранения природы. Мотивы утраты, исчезновения и необратимости процесса смерти видов животных особенно подчеркиваются через образ Красной книги как последнего пристанища для исчезающих видов.

Эмоциональный и философский подтекст: Стихотворение пронизано трагизмом, оно вызывает у читателя чувство утраты и жалости, а также осознание важности заботы о природе. Кадыр Мырзалиев ставит вопрос о том, что должно произойти, чтобы общество осознало свою ответственность и начало активно защищать животных и природу в целом.

Современные подходы к защите животных в Казахстане

Законодательные меры: Казахстан активно развивает законодательство, направленное на охрану природы и защиту редких видов животных. Одним из важнейших элементов в законодательной сфере является Красная книга Казахстана, которая систематизирует информацию о редких и исчезающих видах животных и растений. Включение вида в этот список дает ему статус охраняемого и служит основой для создания специальных природоохранных программ. Кроме того, Казахстан принял ряд законов, таких как Закон о животном мире и Экологический кодекс, которые нацелены на защиту животных, борьбу с браконьерством и создание охраняемых природных территорий.

Программы восстановления популяций: Программы восстановления численности редких видов, такие как восстановление популяции сайгака и амурского тигра, стали важным направлением работы в Казахстане. Научные исследования и практические меры, включая создание заповедников и национальных парков, способствуют сохранению этих видов и поддержанию биологического разнообразия.

Влияние творчества Кадыра Мырзалиева на общество и экологическое сознание

Роль поэзии в изменении общественного сознания: Творчество Кадыра Мырзалиева имеет важное значение для формирования экологического сознания в Казахстане и за его пределами. Его произведения, такие как стихотворение "Красная книга", играют роль не только в литературе, но и в образовательном процессе, а также в распространении идей охраны природы. Кадыр Мырзалиев стал одним из тех писателей, которые через свои стихи и рассказы воспитывают в обществе уважение к природе и осознание важности ее защиты.

Экологическая поэзия как средство воздействия на общество: Кадыр Мырзалиев использует поэзию как мощное средство воздействия на людей, призывая их к бережному отношению к природе. Его стихотворения заставляют читателя задуматься о своей роли в сохранении природы и призывают к активным действиям по защите окружающей среды. Эти произведения становятся важной частью культурной и экологической

пропаганды, что подтверждается их популярностью и актуальностью в наше время.

Заключение. Современные вызовы и необходимость комплексного подхода: В условиях ускоряющихся экологических изменений и разрушения природных экосистем, современный мир сталкивается с множеством вызовов, угрожающих выживанию редких и исчезающих видов. Глобальное потепление, обезлесение, загрязнение водоемов, исчезновение природных территорий, браконьерство – все эти проблемы требуют немедленных и решительных мер. Особое значение в эти тревожные времена имеет осознание, что человечество не может продолжать игнорировать последствия своей деятельности, и что изменение отношения к природе начинается с каждого отдельного человека. В условиях быстрых изменений в климате и экологии, защита исчезающих видов становится не только вопросом морали, но и жизненной необходимости.

Творчество Кадыра Мырзалиева как отклик на вызовы времени: Творчество Кадыра Мырзалиева, и в частности его стихотворение "Красная книга", выступает как своего рода культурный и философский отклик на эти вызовы. Через поэтическую форму писатель призывает общество к осознанию экосистемной ценности каждого вида живых существ и важности защиты природы. Его произведения помогают преодолеть отчуждение человека от природы и вернуть человечество к мысли о гармонии с окружающим миром. Современные экологические проблемы требуют комплексного подхода, включая развитие законодательства, усиление образовательных программ, поддержку экологических инициатив и активное вовлечение молодежи в защиту природы. Именно такие инициативы, как эколого-философские произведения Кадыра Мырзалиева, становятся важной частью этого процесса.

Рекомендации и выводы:

Усиление образовательных инициатив: Продолжение работы по распространению экологических знаний, не только в учебных заведениях, но и в широкой общественности, поможет создать более осознанное отношение к охране природы.

Развитие законодательства: Укрепление экологических законов и их исполнение на всех уровнях государственной власти – ключ к устойчивому сохранению исчезающих видов.

Активное вовлечение граждан: Нужно привлекать не только государственных и научных деятелей, но и всех граждан в процесс охраны природы, используя культурные и литературные средства, такие как произведения Мырзалиева.

Произведения Кадыра Мырзалиева продолжают играть важную роль в формировании экологического сознания и помогают людям осознать свою ответственность перед природой. Его литературное наследие служит напоминанием о том, что каждый вид живого существа на планете важен, и что спасение природы – это не только задача экологов, но и всего общества.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Мырзалиев К. «Красная книга». Сборник стихотворения. – Алма-ата: Жазушы, 1987
2. Жумабаев М. «Поэзия Кадыра Мырзалиева: Проблемы экологии и гуманизма». – Алматы: «Қазақ университеті», 2017.
3. Сейдуллаева Г. «Лирика Кадыра Мырзалиева и её социальная значимость». – Алматы: «Жазушы», 2018.
4. Мухамеджанова Р. «Экологический подтекст в произведениях Кадыра Мырзалиева». – Астана: «Қаламгер», 2020.
5. Диханова З. «Экологическая проблематика в казахстанской литературе». – Алматы: «ҚазАқпарат», 2016.
6. Абаев Т. «Поэзия Казахстана в XX–XXI веках». – Алматы: «Жазушы», 2015.
7. Калмурзаев А. «Современная казахстанская поэзия и её вклад в защиту природы». – Алматы: «Жібек жолы», 2019.
8. Жумабаев Р. «Экологическая поэзия Казахстана: от К.Мырзалиева до наших дней». – Алматы: «Қазақ университеті», 2021.
9. Сеитова Л. «Поэтическое восприятие экологии в стихах Кадыра Мырзалиева» //Вестник Казахского национального университета. Серия литературы и искусства, 2019.
10. Керимбаева А. «Тема охраны природы в литературе Казахстана: К.Мырзалиев и его современники» //Литературный Казахстан, 2020.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ФАНТАСТИКАСЫНДАҒЫ КОСМОСТЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ БАҒЫТ АЛУ ӨРІСІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Лесбекова Ұлмекен Мырзабекқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«8D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1- курс докторанты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор
Ержанова Сәуле Баймурзаевна

Кіріспе. Қазақ фантастикасы – Талап Сұлтанбеков, Ғабит Мүсірепов шығармаларынан бастау алды. Талап Сұлтанбеков – қазақ әдебиетінің тарихында алғаш рет ғылыми-фантастикаға қалам тартқан жазушының бірі. Фантастика жанрында жазатын қаламгерлердің шығармалары басқа жанрдағы шығармаларға қарағанда өте ерекше жазылды. Талап Сұлтанбековтың ерекше фантастикалық әңгімесінің бірі – «Көшпелі алтын» әңгімесі [1].

«Көшпелі алтын» әңгімесі – қазақ балалар әдебиеті жанрына өте ұқсас келетін және қазақ фантастикасының үлкен бір белесі деп айтуға болады. Әңгіменің ерекшелігі де осында – баяндалатын оқиға ойдан шығарылған және жазу стилі де өзгеше [1, 6]. Алайда Талаптың әңгімеге беретін бояуы қазақ балалары мен қазақ ауылын суреттеуден басталады. Алайда жазушы-фантастик әңгімелерінде қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін баяндады және не себепті басты кейіпкерлер қазақ балалары болып келеді.

Фантастиканың дамуы – сол елдің болашағының жарқын болуы. Фантастикалық жанр – ғылыми прогрестің бастауы.

Қазақ қиялының жаңа дәуірінде өткен заман қиялы мен жаңа заманға көш тіккен уақыт иіріміне ілескен А-Х.Ф. Мархабаев еді. Оның шығармашылығы мен ізденісі турасында академик Серік Қирабаев:

«Негізінде фольклорда арманнан басталған қиял дүниелері, ғылыми фантастикадан «бағын сынап» көріп, қайтадан қоғам проблемаларына өздігінен оралуы – жанрдың «жазылмаған» творчестволық заңының бір тарауы болар ма?» деген де ой бар...

[2] Сол жолға алғашқы түскен Абдул- Хамид Мархабаев сияқты жоғарыда ел назарына өз туындыларымен белгілі болып қалған қиялгер-қаламгерлердің алғашқы легінің аттарын тізгенде, бұл қаламгерді қоспағанда, өзіндік ойымыз болды. А-Х.Ф. Мархабаев тұмса жанрымызға тұңғыштардың сапында енгенімен-ақ өзінің даралық «творчестволық мінезін» көрсетіп үлгірген-ді. «Жалын» альманах форматында әдебиет әлеміне енген кезде, үшінші санына аталмыш автордың «Күнге тағы дақ түсті» повесі жарияланған [2].

Негізгі бөлім. Өткен ғасырдың орта шенінде «қазақтың қиял қарлығаштары» шығармаларындағы кейіпкерлердің көбіне-көп басқа планеталар, «ең бергісі» Америка секілді капиталистік елдерден қарастыратын. Мына повестте сол «құмарлық гравитациясынан» табылған. Төрт тараудан тұратын туындыдағы бас қаһарман – Екі Мың Үшінші астронавтың ғарыш сапарларында басынан кешкендері хикаятталады. Олардың алғашқысында өз планетасында егін егетін топырағы тозғасын, галактиканың басқа қойын-қолтығынан ыңғайлы нысан іздеуге шығады. Оны табады да. Сосын өз кемесімен оны «артынан» итеріп, Жерге бағыттайды. Алайда жолда фотонмайы таусылғасын, беймәлім бір саналы тіршілік иелері бар планетаның орбитасына «түсіп», оның қожайындарынан көлігіне отын сұрайды. Олар тек қана өздеріне тосын көрінетін, ерекше аса ерекше де қымбат бір бұйымға ауыстыра алатындарын білдіреді. Астронавт көлігіндегі жазушы әкесінің қағаз кітабын олардың көзі шалады. Фотонмай беріп, кітапты қалап алады. Жолаушы жатжұрттық кішігірім нысанды ауылына аман-есен жеткізеді. Тарау «Күдірет» аталған. Демек, кітаптың күдіреті Галактикаға да жүргені... [3, 9] деп келеді.

«Түзету» тарауында бас кейіпкер «Жер планетасының басынан кешкен тарихы» аталатын бейнетаспаны СТА-102 жұлдызының Төртінші планетасына түсіруі керек. Өз ауылындағы Ұлттық басқарма таспаның мазмұнымен танысуға тыйым салған. Оған құлақ аспай, астронавт өз компьютеріне салып қараған. Оның назарына іліккен басты желі – Жер планетасында 1945 жылғы 6 және 9 тамызда шамамен 130-132 градус бойлық пен 33-34 градус ендіктен «бұрк» еткен екі

«саңырауқұлақ» өсіп шыққан тұсты таспадан қиып тастаған. Қайта оралғанда, ол қылығын біліп қалған астронавтарының миына басқа бағдарлама дарытқан... [4].

Ұзақтау болса да тоқтаңқырап отырған шығарманың негізгі идеясы – «қай ортада жүрсе де қиял кейіпкері гуманизм, бекзаттықты ту ғып көтеруге міндетті» деген дәйекті автордың фантастика тілімен әспеттегенін қайта еске салу. Алғашқы көлемді дүниесімен кісілік кодексін құбыланама ғып алған қиялгер сол бет-бағытынан таймағанын көреміз.

Мысалы: «Төркіндері табылды!» повесі. Ертедегі бір замандарда Қызғылт Күннің Үшінші планетасынан Жарылқаушы-Жаратушы Күлгін Күннің Қосбас Самұрық нысан-планетасына апарып тастаған био және қарабайыр теміртектер «өз аяқтарынан тұрып», ғарыштан есті елдерді іздейді. Тапқандарына күш көрсетіп, басып алудан да «кет әрі» емес. Сондай ізденісте, соғысқа сайма-сай әзірленген бұлар көздеген нысандары байырғы өз отандары болып шығады! Енді сол төркіндеріне бауырластық құшағын ашады...

«Фиеста, әлде Әбе апексі» повесінде Ісмер планетасы «батыс Галактикалық Жайсаң Кітаптар Жарысын» жариялайды. Авторлық ремаркада: «Бұл, әрине, – Қызғылт Күн жүйесі сұрыпталып, оның оңды-солындағы планеталардағы есті жан иелері өсіп-өріп, тұқым таратып, жан-жағына ойлы көз тастағаннан бері естіп отырған жанға жағымды алғашқы хабары [4]», – делінген. Бәйгеге қатысу ниетімен Қызғылт Күннің Үшінші планетасы Реж Іріктеу Тобын құрып, шығармаларды сараптайды.

Қорытынды. Кітап қазақ әдебиетіндегі фантастика туралы сыни-ғылыми зерттеулердің арасындағы елеулісі. Мұнда біздің әдебиеттің осы саласындағы бүкіл өткен жолы ғылыми, нақтылы, дәйекті түрде сараланады. Автор қазақ әдебиетіндегі фантастиканың кейінгі 30-40 жылдың туындысы дейтін үстірт көзқарасты үзілді-кесілді теріске шығарып, бұл жанрдың түп бастауы сонау ауыз әдебиетінде, қиял-ғажайып ертегілерінде екенін көз жеткізіп дәлелдейді. Оның бүгінгі жай- күйін бағамдап, болашақтағы бағыт-бағдарын бағамдайды.

Корыта айтқанда, фантастика – өте күрделі де ғылыммен байланысты сала. Ғылыммен айналыспаған адамның бұл жанрға келуі өте қиын. 1920 жылдарда-ақ қазақ жазушылары фантастикалық туындыларды өмірге әкеле бастағанын жоғарыда айттық. Қазақтың фантаст жазушылары: М.Сәрсекеев, А.Мархабаев, Т.Сұлтанбековтерді Саттардың ізбасарлары деп тануымызға әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 3 б.
2. Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 13 б.
3. Кенжебаев Б. Қазақ ертегілері // Әдебиет және искусство. – 1940. – №1. – 79 б.
4. Чернышевский Н.Г. Собр. соч. В 16-ти томах. Т.2. – М.: Советский писатель, 1949. – 36 б.
5. Мархабаев А-Х. Қазақ қиялының «жүріс-тұрыстары» фантастика жанры: тарих және теория: оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 50 б.

ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ «ФЕДРА-ИППОЛИТ» МОТИВІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Берікқызы Гүлбану

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің І-курс магистранты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қазақ дастандарының сюжеттік негізін мотивтер құрайтыны белгілі. Бір дастан мазмұнында кездескен мотив келесі бір дастанда кездесіп отырады. Мотивтің ең басты сипаты да оның бір немесе бірнеше шығармада, жеке шығармашылықта қайталанып отыратындығы [1, 102].

«Федра-Ипполит» мотиві – жазықсыз қуғындалғандар туралы сюжетте көрініс беретін шығарма мазмұнының көркемдік ерекшелігін құрайтын көне мотив. Аталған мотив грек мифологиясынан, Таяу Шығыс елдерінің фольклоры мен әдебиетінен белгілі. Бұл мотивтің шығу тарихы грек

драматургы Еврипидтің «Ипполит» трагедиясымен тікелей байланысты [2, 238].

Еврипид – ежелгі грек драматургиясының трагедия жанрының дамуына, өрістеуіне өз үлесін қосқан айтулы драматург. Еврипидтің «Ипполит» пьесасы – үздік трагедиялық туындыларының бірі. Ең алғаш б.з.д. 428 жылы сахнада қойылған. Пьесадағы оқиға мазмұны грек мифологиясымен байланысты. Оған сюжетте Афродита, Артемида сынды мифтік кейіпкерлердің болуы дәлел. Бұдан да бөлек Еврипидтің трагедияларының көбі мифологиялық сарындарға құрылған. Әрі бұл Еврипид шығармаларына тән ерекшелік. Шығарма мазмұнына қысқаша тоқталсақ. Грек әдебиетінде Ипполит – батыр, әрі мифтік кейіпкер. Ол Афиналық патша Тесей мен амазонкалар патшайымы Антиопаның ұлы. Пьесада Антиопа кісі қолынан қаза табады. Арада ұзақ жылдар өткенде Тесей екінші мәрте Кносс патшасы Миностың кіші қызы Федраны әйелдікке алады. Кносстан Афинаға қоныс аударған Федра Тесейдің сарайына келіп орнығады. Өгей шеше Федраның өкіл баласы Ипполитке деген махаббат сезімі ашылып, ғашық болады. Федра Ипполитке ғашықтық пен құмарлыққа толы хат жазады. Бірақ Ипполит оның сезіміне қарсылық танытып, меселін қайтарады. Ипполиттен мұндай жауап күтпеген Федра кек алады. Федра өзіне қол жұмсап, өлер алдын «Ипполит мені қорлады, арнамысыма дақ түсірді» деп хат жазып, жазықсыз жала жабады. Федраның сөзіне иланған Тесей ұлын өлім жазасына кеседі. Ең соңында бәрі Ипполитке тағылған айыптың жалған екендігін және оның жазықсыз екенін біледі.

Ғылымда бұл мотив ең алғаш ежелгі осы грек мифіне негізделген Еврипидтің жоғарыда аталған «Ипполит» пьесасынан белгілі болып, осы туындының кейіпкерлерінің есімімен аталып кеткен. «Федра-Ипполит» мотивіне берілген атаудың шығу тарихы осындай.

«Федра-Ипполит» мотиві кездесетін шығармаларда көбіне өгей шеше нәпсінің жетегіне еріп, күйеуінің бел баласына немесе өкіл баласына құмарлығын білдіреді. Сондай-ақ өгей шеше тарапынан балаға күйеуін өлтіріп, өзімен бір болуы жайында ұсыныс жасалады. Бірақ өгей бала қарсылық танытып, оның арам

пиғылының орындалмауына күш салады. «Федра-Ипполит» мотиві кездесетін туындыларда жас жігіт немесе бозбаланың танытқан қарсылығы үшін өгей шешесі оған өштеніп, жала жабады. Нәтижесінде жазықсыз қуғынға ұшырайды немесе өлім құшады. «Федра-Ипполит» мотивінің жазықсыз қудаланғандар сюжетімен байланысы осы тұста анық аңғарылады. Нақтырақ айтсақ, аталған мотив сюжетті байланыстырушы мотив ретінде көркемдік қызмет атқарады. Екінші тұрғыдан алып қарағанда бұл мотивтің шығармаларда кездесуі сюжет алмасудың нәтижесі. Әрі бұл түрлі халықтар арасындағы әдеби байланысты және әдеби шығармалардағы кейбір сюжеттер мен мотивтердің типологиялық ұқсастығының бір екендігін де дәлелдей түседі.

Негізгі бөлім. «Федра-Ипполит» мотивін б.д.д. XII ғасырдан бастап қағаз бетіне түсе бастаған Инжілден де табуға болады. Онда Мысыр елінің патшасының, яғни перғауынның Потифар есімді қазына уәзірі болады. Потифар құлдыққа сатылған бозбала Жүсіпті өз қарамағына алады. Жүсіп өте көрікті жан еді. Күн өткен сайын Потифардың әйелінің бозбала Жүсіпке деген махаббат сезімі ашылып, ғашық болады. Бірақ бұл жағдайда да Жүсіп оның сезіміне қарсылық танытады. Жүсіпке жала жабылады. Потифар Жүсіпті зынданға тастайды. Кейінірек бұл оқиға біршама өзгерістермен Құран хикаяларының қатарын толықтырды [2,238].

Б.д.д XVII-VIII ғасырлар аралығында Ежелгі Мысар елінде жазылған «Книга мертвых» атты кітапта «Федра-Ипполит» мотивіне негізделген ертегі кездеседі. Ол «Екі бауыр туралы ертегі» деген атпен енген. Ертегіде Анупу және Бата есімді екі ағайынды жігіттің бастан кешкен оқиғалары сөз болады. Бұл ертегіде Батаны жеңгесі өзіне қарату үшін азғырады, дегеніне көнбеген оған жала жауып, қаралайды. Анупу інісін өлтірмек болады. Бірақ күтпеген жерден орын алған оқиғаларды сәтті пайдаланған Бата ағасына жазықсыз екендігін айтып, ақталады. Батаның шындығын естіген Анупу әйелін өлтіріп, жазалайды.

«Федра-Ипполит» мотиві қазақ әдебиетінде Едіге жайындағы қаһармандық эпостың «Мәулімнияз-Едіге» және «Едіге-Нұран» атты нұсқаларында, «Бердібек пен Шаһизат» атты дастанда, сондай-ақ «Қисса хазірет Жүсіп аләйхиссалам илән

Зылиханың мәселесі», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары», «Қисса қырық уәзір» сынды хикаялық дастандарда кездеседі [2,239]. Сондай-ақ аталған мотив әлемге аты мәшһүр ақын Фирдаусидің «Шаһнамасындағы» Сияуыш өміріне қатысты эпизодтардан және оғыз аңызы Әбілғазы ханның «Түрік шежіресінде» де кездеседі.

«Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары» атты дастан – XIX ғасырдың алғашқы жартысында баспа бетінде жарық көрген дастандардың бірі. 1840-1916 жылдар арасында оннан астам рет баспа бетіне шыққан, сондықтан қазақ арасына кеңінен тараған [3,98]. Туындыға «жазықсыз қуғындалғандар» туралы сюжет негіз болған. Дастанда Шәкір және Шәкірат атты екі бауырдың тағдыры сөз болады. Аналары қайтыс болып, әкесі Һашым патша араға уақыт салмай жас әйелмен некелесіп, үйленеді. Өгей шеше ағайынды жігіттердің кенжесі Шәкірге ғашық болады. Һашым патша мен Шәкірат аң аулап, түзге кеткенде, өгей шеше Шәкірге деген сезімін білдіреді. Өгей шешенің арам пиғылына Шәкір көнбейді. Аңнан оралған күйеуіне әйелі балаң қойныма қолын салды деп жалған сөйлеп, айып тағады. Қаһарына мінген патша жендеттерге Шәкірді өлтіруге бұйрық береді. Бірақ Шәкір аман қалады. Дастандағы Һашым патшаның жас тоқалының Шәкірге істеген залымдығын әңгімелейтін осы эпизод бас кейіпкердің үйден кетуіне бірден-бір себеп болады. Осы кезден бастап дастандағы тізбектелген оқиғалар желісі тек Шәкірдің әрекеттерімен байланысты болады. Дастан соңында өзге елге патша болған Шәкір кейіннен туған жеріне оралып, тақтан қуылған әкесі Һашым патшаны қайта тағына отырғызып, қулық-сұмдықпен өзіне қиянат жасаған өгей шешесін жазалайды.

Бұл дастанда «Федра-Ипполит» мотиві сюжеттің дамуына леп беріп, ұйымдастырушылық қызмет атқарады. Яғни дастандағы барлық оқиғалар тізбегіне (бас кейіпкердің үйден кетуі, едәуір уақытын жат жұртта өткізуі, қысымға ұшырауы, алға қойған мақсаттарына жетуі, қайтып оралып, әділдік орнатуы және т.б.) «Федра-Ипполит» мотиві негіз болған.

«Қисса қырық уәзір» дастаны – сексенге жуық хикаялардан құралған, тыңдаушысын жалықтырмайтын дастан. «Қисса қырық

уәзірде» де бір елді билеп отқан патшаның жас тоқалы өгей баласына есі ауып, ғашық болады. Өгей шеше дегені орындалмаған соң бел баласына жала жабады, әкесі ұлын өлім жазасына кеседі. Бірақ патшаның қырық уәзірі ханзаданы ақтап алмаққа әрекет жасайды. Патшаның тоқалы қырық уәзірге қарсы уәж айтады. Екі жақтың да айтқан хикаяларының салмағы басым болғаны соншалық патша ұлын өлтіруге қырық мәрте оқталып, қырық мәрте аяқ тартады. Дастанның соңында патша жас тоқалының қатаң түрде жазасын береді.

Бұл дастан оқиғасының өзегі өгей шешенің шаһзадаға жала жабуында. Бірақ бұл дастанда шаһзада белсенді тұлға емес. Себебі ол өзін ақтау үшін ешқандай әрекет жасамайды, ол үшін уәзірлер күреседі, басқаша айтқанда, оның тағдыры сыртқы күштердің позициясы мен әрекетіне тікелей тәуелді.

«Федра-Ипполит» мотивіне Х ғасырда өмір сүрген, дара туған әдебиет алыптарының бірі, дүр ақын Өбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасынан» мысал келтіруге болады. Әсіресе «Шаһнамадағы» Сияуыш өміріне қатысты аңыздардан. Сияуыштың әкесі Иран патшасы Кейқауыс бірінші әйелі қайтыс болған соң әйелдікке Судабе есімді жас сұлуды алады. Кейқауыстың жас әйелі Судабе де оған жала жабады. Дәстүр бойынша көне ирандықтарда адамды отпен сынау салты бар еді. Сияуышта осы дәстүр бойынша жалындаған оттың арасынан өтуі керек болады. Нәтижесінде Сияуыш оттан еш кедергісіз өтіп, өзінің адалдығын дәлелдейді.

Сияуыш батырдың өміріне қатысты жоғарыда баяндалған эпизод «Қисса хазірет Жүсіп аләйхиссалам илән Зылиханың мәселесі» атты дастанда да кездеседі. Екі туындыны тек аяр әйелдің құйтырқы амалдары мен ер жігіттің төзімділігін танытатын эпизодтар ғана байланыстырады. Басқа детальдарда өзгешеліктер көп. «Жүсіп-Зылиха» кейіпкері – құл, ал Сияуыш туралы эпизодта ол – батыр, күйеуінің ұлы. Зылиха мен Судабенің жас жігіттердің көңілін аудару жолындағы ойларын жүзеге асыру амалдары мен ойға алған түпкі мақсаттарына жете алмайтынын түсінгеннен кейінгі әрекеттері бірін-бірі қайталамайды[4,137].

Жүсіп пен Зылиха туралы қисса қазақ арасында ертеден-ак мәлім болған. Дастанда Таймус патшының қызы Зылиханың Жүсіпке деген махаббаты сөз болады. Мысыр патшасы Қытфирдің әйелі Зылиха да Жүсіпке ғашық болып, жала жабады. Жүсіпте зынданға салынады. Бірақ бұл дастанда оқиға өзгеше өрбиді. Қытфир дүние салған соң Зылиха Жүсіпке деген махаббатын дәлелдейді. Қолындағы қамшысын ерітіп, сөзіне нандырады. Жүсіпке де Жәбірейіл келіп, Алланың әмірін жеткізеді. Осылайша Жүсіп өзіне өмір бойы ғашық болған Зылихаға некелеседі.

Өгей шешенің ғашықтығы сөз болатын «Федра-Ипполит» мотиві бұл дастанында басқаша көрініс тапқан. Мәселен, осы қарастырылған дастандардың барлығында өгей шеше нәпсінің дегеніне еріп, қателікке бой алдырады. Өз күйеулері бола тұра, өзгеге көз тігеді. Зылиханың да күйеуі бола тұрып, өзгеге көз тігіп, Жүсіпке жала жауып, зынданға тастайтын тұсы бар. Бірақ Зылиханың ғашықтығы ол Қытфирмен некелеспей тұрып басталады. Зылиха қыз кезінде Жүсіпті үш жыл түсінде көреді. Яғни бұл эпизод «сырттай ғашық болу» мотивімен толыққан. Ал Жүсіп деп ойлап үйленген Мысыр патшасы Қытфир болып шығады. Зылиха Қытфирмен некелесе де, әр түн сайын Қытфир Зылиха деп ойлап жын қызын құшады. Солай Зылиха әр түн сайын сақтанып жүреді. Дастанның соңында Зылиха Жүсіпке шын ғашық екендігін дәлелдейді. Ал Жүсіп Зылихаға некелеседі. Бірақ Зылиханың Жүсіпке деген шынайы сезімінің болуы, әрі оны Қытфирге үйленбей тұрып, о бастан түсінде көріп, сырттай ғашық болғаны оның кейбір әрекеттерін ақтап алады, әрі өзге кейіпкерлерден (өгей шеше) ерекшелейді десек те болады. Інжіл мен Құранда көрініс тапқан «Зылиханың ынтызарлығы» эпизоды мұнда іс-әрекетті байланыстырушы қызметін атқармайды. Ол басқаларға қарағанда маңызы жағынан кейін тұр. Мұның екі себебі бар: а) Жүсіптің қожайынына деген адалдығын, шын берілгенін көрсету; ә) оның нәпсіге ерік бермейтін жан екенін, яғни адамгершілігін, иманына берік екенін көрсету [2,242].

Өгей шешенің нәпсіқұмарлығы мен аярлығы сөз болатын «Федра-Ипполит» мотиві Едіге туралы қаһармандық эпостың

бірнеше нұсқаларында кездеседі. Мәселен, «Мәулімнияз-Едіге» және «Едіге, Нұран» атты нұсқаларында.

Едіге туралы қаһармандық эпостың «Мәулімнияз-Едіге» деп аталатын нұсқасын XIX ғасырда өмір сүрген Нұртуған Кенжеғұлұлы жырлаған. Ақын мұраларының басым бөлігі – батырлық жырлар, елдік пен еңбек жайлы, адамгершілік хақындағы дастандар. Көлемі бес жарым мың жолдай «Мәулімнияз-Едігені» жазып бітіргенде жиырма бір жаста болған [5,15].

Дастанда жетім қалған Едіге әркімнің үйінде бір жүріп күн кешеді. Едіге он екіге толғанда бір бай өзіне малшы етіп алады. Солайша Мәулімнияз бен пері баласы Едіге Құбыл атанып, қой бағады. Бірде қой бағып жүргенінде екі адамның дауласқанын көріп, екеуінің дауын шешіп, төрелік етіп, дұрыс шешім шығарып, татуластырады. Бұл әңгіменің шеті Тоқтамыс ханның да құлағына жетеді. Тоқтамыс хан Едігені өзіме бала қылам деп той жасап, қолына жілік ұстатып, той жасайды. Дастандағы осы оқиғалардан соң, келесі бір сюжеттерде біз қарастырып отырған «Федра-Ипполит» мотиві сюжеттің дамуына леп береді. Едіге жиырма жасқа келгенде Тоқтамыстың Құлқаныс есімді әйелі бұған ғашық болады. Едіге қарсылық танытады, оған жала жабылады. Әйелінің сөзіне ерген Тоқтамыс Едігені (Құбылды) өлтірмек болады. Дастанның соңында Едіге мен Тоқтамыс арасындағы бітіспес дұшпандықтың ақыры Тоқтамыстың өлімімен аяқталады. Ал күнәсіз жігітке жала жапқан әйелдің жазаланғаны әңгімеленбейді.

«Едіге-Нұран» дастанында Едігенің ерекшелігіне көзі түскен Мұхтар хан оны той жасап, бала қылады. Мұхтар хан жас әйелі Жамалға Едігенің тәрбиесін сеніп тапсырады. Уақыт өткен сайын хан әйелі Едігеге басқа көзбен қарайтын болады. Бұл жерде де Едігенің қарсылығына ызаланған Жамал оған жала жабуды ойластырады. Нәтижесінде Едіге мен Мұхтар хан екеуінің арасына от салады. Хан Едігеге қастандық жасамақшы болады. Бірақ Едігенің жақын досы Аңғысын ұйымдасқан істің барын біліп, оны Едігеге айтып, алдын-ала сақтандырады.

Қазақ дастандарындағы өгей шешенің өкіл немесе бел баласына деген ғашықтығы, құмарлығы әрі қырсығы сөз болатын

оқиға Оғыз аңызы Әбілғазы ханның «Түрікмен шежіресінде» де кездеседі. Осы кітаптың «Қараханұлы Боғраханнның патшалық құрғаны туралы» атты бөлімінде мынадай аңыз-эпсана бар.

Боғрахан кәрілік жеңіп, шау тартқан тұсында патшалықты ортаншы ұлы Қозы Тегінге табыстайды. Әйелі қайтыс болған Боғраханға ұлы «Бектердің ханның төсегін жаңғыртайық» деген тілегін жеткізеді. Оның қарсылығына қарамастан аушар тайпасының Көркелі Жақсы атты сұлуына үйлендіреді. Ол кәрі ханның әйелі атанғанымен, жас билеуші Қозы Тегінді қарату мақсатымен бірнеше рет қауіпті қадамдарға барады. Мұнда да ойламағанына қол жеткізбеген өгей шеше Қозы Тегін зорлық жасамақшы болды деп айғай-шу шығарады. Алайда аяр әйел көп ұзамай тұтылады, жазасын алады [20,139].

«Федра-Ипполит» мотиві «Бердібек пен Шаһизат» атты дастанда да көрініс тапқан. Шығарманың басты кейіпкері – Имам атты патшаның ұлы Бердібек. Дастан патшаның ерке жас тоқалы өзінің өгей баласына ғашық болып, оған көңілін білдіруінен басталады. Өзге де дастандардағыдай өгей шеше Бердібекке жала жауып, айып тағады. Бұл дастанда өкіл баласына жала жапқан өгей шеше жазаланбайды. Әрі басқа дастандардағыдай бас кейіпкердің өзі немесе сыртқы күштер де әрекет етпейді. «Федра-Ипполит» мотиві мұнда о баста сюжеттің дамуына леп береді. Өгей шешенің залымдығын бейнелейтін эпизод та бас кейіпкердің үйден кетуіне бірден-бір себеп болады. Бірақ осы оқиғадан соң сюжет желісі мүлде күтпеген оқиғалармен жалғасып, басқа арнаға түсіп, өзгеше өрбиді.

Қорытынды. Сонымен «Федра-Ипполит» мотивіне қатысты жоғарыда талданған мәтіндерде опасыз әйел күйеуінің бел баласына немесе өкіл баласына көз салады, меселі қайтқан әйел, әдетте, өкіл баласына жала жабады, күйеуі оның айтқанына сеніп, ұлын немесе өкіл баласын бірден өлтіруге үкім шығарады. Алайда, архаикалық фольклорлық жазықсыз қуғынға ұшырағандар сюжетінің даму заңдылығы бойынша кейіпкер өзге біреулердің, қасиетті пірлердің көмегімен аман қалады. Шындықтың беті ашылады, үнемі болмаса да көп жағдайда өгей шеше жазаға тартылады.

Бұл мотив барлық шығармада іс-қимылды байланыстырушы рөлін атқарады, яғни сюжеттің дамуына леп береді, алайда шығармалар әр түрлі сюжетке құрылған, кейіпкерлердің рөлдері мен функциялары, олардың белсенділігі де әртүрлі, оқиғаның соңы да кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен байланыспайды [2,240].

Қорыта айтқанда, қазақ дастандарындағы «Федра-Ипполит» мотивінің көркемдік қызметін жүйелі түрде қарастыру қазақ әдебиетінің бай мұрасын тереңірек түсінуге, оның әлемдік әдебиетпен байланысын анықтауға ықпал етті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдікұлова Р. Жанр және шығарма: зерттеулер, әңгімелер. – Алматы: Дәстүр, 2016. - 287 б.
2. Өзібаева Б. Қазақ эпосының сюжеттері. Сюжеты казахского эпоса: Монография. – Алматы: Service Press, 2014. - 575 б.
3. Қыраубайқызы А. Шығыстық кисса-дастандар. Монография. – Алматы: Рауан, 1997. - 140 б.
4. Бисенбаев П. Қ. Шығыстық кисса дастандар: нұсқалары мен типологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 142 б.
5. Кенжеғұлұлы Н. Шығармалары. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2008. - 367 б.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТ ТАҒАМДАРЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Оразбек Анар Жамбылқызы
ҚазҰПУ 2-курс магистранты
Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі ет тағамдарына байланысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты қарастырылады. Қазақ және түрік халықтарының тағам мәдениеті, тарихи сабақтастығы, тілдік ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданып, негізгі ет тағамдарының атаулары салыстырмалы түрде зерттеледі. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы бұл атаулардың мәдениеттегі орны айқындалады. Зерттеу нәтижесінде екі халықтың да мал шаруашылығына негізделген дәстүрлі тағам мәдениетінің тіліне

тікелей әсер еткені анықталды. Ет тағамдарына байланысты атаулардың мағынасы мен қолданылу ерекшеліктері этнолингвистикалық тұрғыдан сипатталып, олардың түркілік тамыры мен ұлттық болмысқа қатысы айқындалды.

Кіріспе. Тіл – халықтың мәдениеті мен дүниетанымының айнасы. Әрбір ұлттың өмір салты, дәстүрі, шаруашылық жүйесі сол халықтың тілі арқылы көрініс табады. Қазақ және түрік халықтары – ортақ түркілік негізден шыққан, тарихи тамыры тереңнен басталатын ұлттар. Бұл екі халықтың өмірінде мал шаруашылығы ерекше рөл атқарғандықтан, олардың ас мәзіріндегі ең басты тағамдардың бірі – еттен жасалған өнімдер. Осыған байланысты, қазақ және түрік тілдеріндегі ет тағамдары атаулары тек лексикалық бірліктер ғана емес, сонымен қатар, этнолингвистикалық құндылықтарды да қамтиды.

Мәдениетті танып білудің құралы тіл [1, 13 б.]. Тіл таңбалар жүйесі ғана емес, ол – осы жүйені көмкеріп тұрған мәдениет, сондықтан да ол әрбір халықтың ұлы мұрасы, ұлттық тарихи жетістігі [2, 21 б.]. Әрбір халықтың мәдениеті, дәстүр-салты, танымы мен талғамының арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Мәдениет жарыққа шығу үшін ұлт тілін пайдаланады. Соның әсерінен сөздер мен басқа да тіл бірліктері тілде қосымша мәдени семантикаға ие болады [3, 123 б.]. Ұлттық тілде көрініс табатын материалдық және рухани мәдениеттің берілу тәсілдері әртүрлі болып келеді. Бұл ерекшелік мәдениеттің қоғамдағы орны мен атқаратын рөліне тікелей байланысты. Сондықтан да негізгі болып табылатын тағам мәдениетінің тілін зерттеу арқылы тұтас ұлт мәдениетін зерттейміз деп айта аламыз.

Академик Ә. Қайдардың пайымдауынша, «Тіл – бүтіндей тарихты бойына сіңірген құбылыс». Тілдік деректер деп лексикалық бірліктерді, тұрақты сөз тіркестерін, фразеологизмдерді, паремиологиялық бірліктерді (мақал-мәтелдерді) қарастырамыз. Осыған сәйкес, зерттеуіміздің мақсаты – аталмыш тілдік материалдар негізінде халқымыздың тағам мәдениетімен сабақтас салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, діни-наным сенімдерін жан-жақты ашып көрсету. Бұл тұрғыда зерттеуші А. Левшиннің «Халықтың тағамдары мен сусындарына қатысты тарихи сипаттамасы оның ағартушылық

деңгейін, материалдық әл-ауқатын, тұрмыс мәдениетін және мінез-құлық жұмсақтығын анықтаудың көрсеткіші бола алады. Екінші жағынан, қоғамның білім деңгейі оның тұтынатын тағам түрлерімен де сипатталады» деген тұжырымын негізге алуға болады [4, 11].

Негізгі бөлім. Қазақ және түрік халықтарының тағам мәдениеті. Қазақ және түрік халықтарының тағам мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысып, ет, сүт өнімдерін негізгі азық ретінде тұтынса, түрік халқы да көне түркілер заманынан бері ет тағамдарын ас мәзірінде маңызды орынға қойған. Бірақ түрік мәдениетіне кейіннен Византия, араб және парсы тағам дәстүрлері әсер етіп, олардың асханасы біршама өзгеріске ұшырады.

Қазақ халқы етті көбінесе қайнатып, сүрлеп, қақтап немесе қуырып пайдаланса, түрік тағамдарында етті грильде пісіру (кебаб жасау) кең тараған. Екі халықтың да дәстүрлі тағамдарында қой, сиыр және жылқы еті маңызды рөл атқарады, алайда түріктер шошқа етін мүлде тұтынбайды, ал қазақтар жылқы етін ерекше бағалайды.

Ет тағамдарына қатысты негізгі атаулар және олардың мағыналары. Қазақ және түрік тілдеріндегі ет тағамдарының атауларын салыстыра отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көруге болады.

Қазақша атауы	Түрікше атауы	Мағынасы және ерекшеліктері
Қазы	Sucuk (кейбір түрлері)	Жылқы етінен жасалған шұжық. Түріктер sucuk-ты сиыр етінен дайындайды
Қарта	Pastırma	Қазақтар жылқының ішек-қарын бөлігін пайдаланса, түріктер сиыр етін кептіріп жасайды.
Бешбармақ	Etli ekmek (ұқсас тағам)	Бешбармақ – қазақтың ұлттық тағамы, қамыр мен еттен жасалады. Түрік тағамдарында да ет пен
Қуырдақ	Kavurma	Көбіне малды жаңадан сойғанда ыстық майға қуырылып жасалынатын тағам.

Бұл атаулардың көпшілігі мал шаруашылығына және көшпелі өмір салтына байланысты қалыптасқан.

Этнолингвистикалық талдау және мақал-мәтелдердегі көрінісі. Ет тағамдары халық мәдениетінде маңызды рөл атқарғандықтан, олар тек ас мәзірінде ғана емес, тілдік бірліктерде, тұрақты сөз тіркестерінде, мақал-мәтелдерде де көрініс тапқан.

Қазақ тіліндегі етке байланысты мақал-мәтелдер:

- "Ет етке, сорпа бетке" – еттің негізгі тағам екенін көрсетеді.

- "Ет жесең тісіңе кіреді, сөз жесең – ішіңе кіреді" – сөздің әсері де, тамақтың әсері сияқты маңызды екенін білдіреді.

- "Қазан толса, қарын тоқ" – молшылық пен тоқшылықтың белгісі.

Түрік тіліндегі ет тағамдарына қатысты мақал-мәтелдер:

"Et ile tırnak gibi" (Ет пен тырнақ сияқты) – ажырамас дос немесе туыстар туралы айтылады.

"Azıcık aşım kaugısız başım" (Аз ғана асым – уайымсыз басым) – қарапайым өмірдің қадірін білу туралы.

Ucuz etin yahnisi yavan olur. Anlamı: Kalitesiz veya ucuz bir şeyden beklenen verim alınmaz. Мағынасы: Арзан еттің сорпасы татымсыз болады. Қазақта осыған ұқсас «Арзанның сорпасы татымас» деген аталы сөз бар, Мағынасы да дәл түрік тіліндегі мақалға өте жақын. «Сапалы болмағанның сорпасы да дәмсіз, арзан деп қызықпа, бағамда» деген мағынада қолданылып тұр. Бұл мақал-мәтелдерден екі халықтың да етті тек тағам ретінде ғана емес, мәдени құндылық ретінде қарастыратынын көруге болады.

Қазақ тілінде «Жүрген аяққа жөргем ілінер» деген мақал бар. Бұл тұрақты тіркес адамның белсенді әрекет етуі нәтижесінде белгілі бір табысқа немесе олжаға кенелетінін білдіреді. Яғни, қарап отырмай, еңбектенген, жолаушылап жүрген адамға ырыздық-несібе өздігінен кездесіп отырады деген мағынаны меңзейді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жөргем» сөзі екі мағынада беріледі:

1. Бір бума ішек;

2. Олжа, пайда.

Бұл сөздің мағыналық өрісі түркі халықтарының көпшілігінде сақталған. Жөргем тағам атауы ретінде Қазақстанның кейбір аймақтарында, сондай-ақ Алтай автономиялы облысының Қошағаш ауданы мен Моңғолия қазақтары арасында жиі қолданылады. Онда жөргем ащы ішекке ет пен майды байлап, арнайы әдіспен әзірленетін тағам ретінде белгілі.

Түркі тілдеріндегі жөргем сөзіне қатысты салыстырмалы мәліметтер:

Қырғыз тілінде: жөргем – өкпе мен ішек-қарыннан жасалатын тағам (К. Юдахин); Чуваш тілінде: сурме – ішек-қарыннан жасалған тағам; Моңғол тілінде: зүрмә, зүрәм – ет, өкпе-бауыр, ішек-қарыннан жасалған шұжық; Түрік тілінде: чаргант – шұжық тәрізді тағам; Алтай тілінде: йөргөм – қой ішегінен дайындалатын ұлттық ас.

Түркітанушы В.В. Радлов өз сөздігінде жөргемді «пища из бараньих кишек» деп сипаттайды [5; 449]. Бұл деректер жөргем сөзінің бастапқы мәні «бір бума ішек» емес, «қойдың ішек-қарнынан жасалған тағам» екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Жүрген аяққа жөргем ілінер» деген мақал саяхатшылардың, жолаушылардың жол бойында тағамнан тарықпағанын, ел аралап жүрген адамның ырыздықсыз қалмайтынын меңзейді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақ және айырмашылығы бар атаулар. Қазақ және түрік тілдеріндегі ет тағамдарына байланысты атаулардың ұқсастығы мен айырмашылығы тарихи, географиялық және мәдени факторларға байланысты.

Ортақ сөздер: "шұжық" (sucuk), "куыру" (kavurma)

Айырмашылықтар: Қазақта жылқы еті кең таралса, түріктерде сиыр мен қой еті жиі қолданылады. Бұл ерекшеліктер екі халықтың өмір салты мен тарихи даму жолына байланысты қалыптасқан.

Қорытынды. Қазақ және түрік халықтарының тағам мәдениеті – олардың тарихи сабақтастығының айқын көрінісі. Екі халық та етті негізгі тағам ретінде тұтынған, сондықтан олардың тілінде етке байланысты көптеген атаулар мен тұрақты тіркестер сақталған.

Қазақ тілінде жылқы етінің, сүр еттің, бесбармақтың, қазы-карта секілді тағамдардың маңызы зор болса, түрік тілінде кебаб, пастырма, sucuk сияқты атаулар кең таралған. Ортақ сөздер мен ұқсас тағам атаулары түркі халықтарының тарихи байланысын көрсетеді.

Халық арасында "Ас – адамның арқауы" деген нақыл сөз бар. Бұл мақал қазақ пен түрік халықтарының да тамақтану мәдениетіне сәйкес келеді. Осы зерттеу арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі тағам атауларының этнолингвистикалық сипаты жан-жақты қарастырылып, олардың мәдени маңызы анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304б
2. Қайырбаева Қ. Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол.ғылым.канд. ...автореф., - Алматы, 2004, - 29б
3. Плужаров О. Культурный компонент в семантической структуре слова кум в русском и сербском языках// Материалы международной конференции. – Киев, 1977, - 123б
4. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. 3 часть: этнографические известия. Карла Крайя, - 1832
5. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. М.: Издательство Восточной литературы. – 1963

НОВАЯ АУДИТОРИЯ СТАРЫХ ТЕКСТОВ: КАК УСПЕШНЫЕ ЭКРАНИЗАЦИИ ПРОБУЖДАЮТ ИНТЕРЕС К ЛИТЕРАТУРЕ

Есенбекова Жансая

магистрант I- курса специальности

«Литературоведение» КазГУ имени Аль-Фараби

Казахстан, Алматы г.

То, что проверено временем, остается востребованным и вызывает интерес, – это классика.¹ В современном мире

¹ Литература на экране / под редакцией А.А. Мелик-Пашаева, Н.Л. Карповой, Н.А. Борисенко, С.Ф. Дмитренко. – М.: Ассоциация школьных библиотекарей русского мира (РШБА), 2018. – 21 С. – (Профессиональная библиотека школьного библиотекаря: Приложение к журналу «Школьная библиотека»: Серия 1; вып. 4). Ч. 1. – В помощь педагогу-библиотекару. – ISBN 978-5-9500443-3-5

большинство литературных произведений приобретают другой оттенок восприятия. Все больше и больше становится интерпретации работ писателей. Экранизация определенных произведений остаются успешными по сей день, возможно даже лучше оригинального текста.

В Большой советской энциклопедии к экранизации дается такое толкование: *«это интерпретация средствами кинопроизведений другого вида искусства — прозы, драматургии, поэзии, песен, оперных и балетных либретто»*².

На начальном этапе этого исследования нас интересовало роль экранизаций в популяризации литературных произведений. Обращение к первоисточникам не всегда дает положительный результат, но в деле не только любители книги, но и киноманы тоже возвращаются на начальный пункт. Интерес к проблеме экранизаций обусловлен с выходом множества кинокартин на большом экране. В 2024 году многие смогли стать свидетелями премьеры, и в конце года издательство АСТ опубликовало статью, посвящённую лучшим экранизациям этого год³. В список попали 8 экранизаций художественных произведений. Роман «Все совпадения случайны» Рене Найт, был переведен на 25 языков, если в 2015 году вышел оригинал самого детектива, в прошлом году мы увидели интерпретацию от режиссера Альфонсо Куарон. Пожалуй, в Казахстане среди экранизаций популярным стал фильм «Граф Монте-Кристо», роман А. Дюмы. Не секрет, что после фильма в книжных магазинах он стал часто покупаемой книгой. Атмосфера другого века, драма наряду с любовными линиями, возвращение классики... Помимо этих экранизаций, лучшими стали одноименный роман Вьет Тхань Нгуена «Сочувствующий», фильм «Тайны Карениной», где сам писатель П. Басинский участвует в роли эксперта в съемочной площадке. А экранизация романа Ф. Герберт «Дюна» даже стал претендентом на «Оскар». В экранизации хорошо передаются звуковые эффекты, получаешь визуальное наслаждение, и сразу же хочется прочесть саму книгу. Классическое произведение в

² <https://gufo.me/dict/bse/%D0%AD%D0%BA%D1%80%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F>

³ <https://ast.ru/news/8-luchshikh-ekranizatsiy-2025-goda/>

направлении магического реализма, роман Габриэля Гарсиа Маркес «Сто лет одиночества» тоже вошел в топ-фильмов, где зрители ушли довольными. В целом, 2024 году почин открыл «Мастер и Маргарита» своими невероятными актерскими играми, визуальной красотой и как образец фильма, который вступает в соавторства с классиком. Классика на то и классика, что снимая даже каждые 10 лет, мы увидим следы того времени и отражении своего времени с помощью интерпретаций режиссера.

Тем не менее, в чем причина появления экранизаций? В Международном научном журнале «Молодой учёный» вышла статья А.А. Кузнецова «Кино как форма киноискусства»⁴, где он рассуждает об интересе кинематографии к произведениям литературы. Автор предполагает, что на это повлияла несколько причин: возможно желание режиссера, который хотел показать литературный мир в другой окраске. Кроме этого, когда впервые появились фильмы в целом, готовых сценаристов не было. Поэтому пришлось обращаться к готовым текстам, которые уже были в литературе. Мы еще не можем исключить тот факт, что тогда люди много читали, и режиссерам было проще найти аудиторию, которые уже знакомы с оригинальным произведением. Благодаря этому кино считается самым массовым, хотя и самый молодой среди искусств.

Предлагаемая работа акцентирует свое внимание в мире экранизаций именно работе Дж. Остин «Гордость и предубеждение». Романы автора не раз были экранизированы и считаются, как самые известные экранизированные книги в истории английской литературы. Зная, что данный роман на русский язык был переведен несколько раз, перед нами была задача выбрать более нейтральную версию книги, где есть не только перевод текста, а улучшение переводчиком авторские слова. Перевод Маршака (1967) является самым классическим переводом среди русскоязычных читателей. Наряду с этим нами

⁴ Кузнецов, А. А. Экранизация как форма киноискусства / А. А. Кузнецов. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 46 (232). — С. 429-431. — URL: <https://moluch.ru/archive/232/53721/> (дата обращения: 11.03.2025).

было выбрано также классическая экранизация среди современных зрителей с участием Кира Найтли (2005).

Начнем с того, что среди современных молодежи эта книга является классикой вечной любви, молодой Дарси образцом мужчины, а Элизабет - остроумной, самодостаточной и воспитанной девушки. Образ персонажей, атмосфера и музыка стали мостом между книгой и кино. Трудно даже определить, что лучше: кино или книга? После прочтения книги, чтобы закрепить прочитанное, людям было приятно смотреть фильм. Визуально красивое, определенные детали заставляли их снова и снова пересматривать. А их речи стали цитатами, где одним словом можно было высказать все свое состояние.

История любви двух молодых людей, где у одного гордость не позволяет опуститься ниже, а у другого уже есть предубеждения касательно второго. Несмотря на все это, они преодолели социальные и личные предрассудки, пройдя множества препятствий и трудностей. *«Все знают, что молодой человек, располагающий средствами, должен подыскивать себе жену»*⁵. Так начинается роман. Уже с первых строк автор дает нам подсказку, что тема романа будет связана с женитьбой. Кроме этого, в романе поднимаются такие темы, как истинная любовь, брак по расчету, себялюбие, место социального статуса и т.д. Поднимая такие актуальные темы общества, Дж. Остин хотела показать обратную сторону медали. Хотя и Элизабет была против, но мама чуть не выдала ее замуж за мистера Коллинза. Это неуважение по отношению к судьбе дочери, хотя матери волновало это мало, ведь они могли остаться без дома. В то же время многие барышни выходили замуж, лишь бы спасти семью от таких проблем, либо же чтобы жить в достатке. Семейная ценность учитывалась нечасто. Кроме этого, гордыня состоятельных людей ясно описывается в произведении. Мисс Бингли, мистер Дарси оценивали ум и интеллект людей, смотря свысока на их одежду, считали их глупыми и невоспитанными. А семья Элизабет смогла доказать обратное, ведь их отец был начитанным человеком. Благодаря этому, Джейн и Элизабет

⁵ Гордость и предубеждение/ Джейн Остин: [перевод с английского И. Маршака]. – М.: Эксмо, 2022. – С. 5. – (Магистраль. Главный тренд).

произвели в первом балу приятное впечатление мистеру Бингли. В конце даже мистер Дарси признает, что полюбил её за живой ум.

Экранизация и оригинальное произведение не могут быть в одинаково точь-в-точь, ведь в фильме присутствует некая деталь, импровизированная режиссером. Сокращение некоторых линий, в данном случае история Коллинза и Шарлотты, изменение некоторых эпизодов, то есть добавление сцены с дождем и рассвет в финале и т.д. Если книга завершается о новости выхода в замуж двух сестёр Беннет, то финал фильма нам дает просто намеки на это. Ведь зрители сами продолжать в мыслях, как они разыграли свадьбу и стали счастливыми до конца.

Таким образом, перечисляя некоторые моменты из книг и из фильмов, мы пришли к выводу, что экранизация не является полностью отражением книги. Оригинальный текст всегда точный и полный описанием детали, а в фильме мы видим это все глазами, незаметные детали в обстановке, дополняют всю картину. Но все же, экранизации помогают широкой аудитории познакомиться с классической литературой, включая тех, кто не прочитал оригинал. Однако, при этом, они неизбежно интерпретируют и изменяют произведение, что может привести к переосмыслению основных тем и образов. Для романа экранизации добавляют визуальный и эмоциональный компонент, которого нет в книге. Это помогает более глубоко понять атмосферу эпохи, отношения между героями и социальные контексты. В то же время экранизация может подчеркивать определенные аспекты истории (например, романтические элементы), что может затмить другие важные темы, такие как социальная структура, моральные дилеммы и женская независимость, которые столь ярко представлены в оригинальном произведении.

Экранизации не только делают литературу доступной для широкой аудитории, но и вносят изменения в ее восприятие, акцентируя внимание на разных аспектах текста. Экранизация может как обогатить, так и ограничить восприятие оригинала, заставляя читателя или зрителя воспринимать историю с другой точки зрения, чем было задумано автором.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

3-СЕКЦИЯ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕР

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа: Мақалада М.Жұмабаев шығармаларындағы символдық мағынаны зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері мен ұстанымдары нақтыланады. Мағжан шығармашылығы қазақ халқының асыл мұрасына айналып, оның қаламынан туған классикалық шығармалар ұлт әдебиетін белгілі бір көркемдік дәрежеге көтерді. Ақынның көркем туындыларындағы эстетикалық таным өз бастауын ұлт тарихынан, халық ауыз әдебиетінен, халықтық мәдениеттен алып, символдық бейнелердің қалыптасқан шебер үлгісін ұсынады.

Мағжан өлеңдері символға толы, сезімді жаулап алатын ұлы қасиетке ие. Автор символдарды өз өмір тәжірибесі арқылы тұлғалық санада және ұжымдық санада дүние бейнесінің таңбалану ерекшелігіне назар аударып, мәнді сипаттайды.

Түйін сөздер: Символдық бейнелер, рухани қазына, суректерлік шеберлік, лирикалық кейіпкер.

Кіріспе. Әдебиет – халықтың ұлы мұрасы, ұлтымыздың тарихи жетістігі. Әдебиет бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мұра болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен көркем туындылар, рухани байлық. Ал символдар – образ тудырушы құбылыс.

Символдың шығу төркіні тереңде жатыр. Дегенмен, бүгінгі таңда символдың қалыптасу тарихы арыда жатса да, «символ»

ұғымының ауқымы кеңіп, лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифпоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Мұның өзі символдың табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйенудің жеткіліксіздігін танытады. Яғни, символдың қай қырынан қарасақ та, өзге ғылым тұжырымдарымен де санасуымыз керек.

«Символ Ахмет Байтұрсынов тарапынан бернелеу, Қажым Жұмалиев тарапынан психологиялық егіздеу түрінде әдебиетімізде ежелден келе жатқан көне ұғым екендігі айтылғанмен, ағым ретінде Ж.Аймауытов көрсеткендей, қазақтың өз ішінен шықпайды. Мағжан мен Берниязға орыс символизмі арқылы «аударылады» және ол, бірқатар автор тұжырымдайтындай, кеңес тұсындағы тұрпайы социологияға наразылықтан тумаған. Схемалық түрде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, символизм жаңа заман әуеніне көшу сатыларын өткерген», – деп пайымдайды Ш.Елеукенов [1, 55].

Символдық ұғым кең мағына сында белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу деп түсініледі. Бұл орайда кодтау үрдісімен сәйкес. Ал тар мағынасындағы символ дегеніміз жалпыланған мәнді, дерексіз мазмұнды көрнекті модель, сезімдік бейне арқылы беру. Сөйтіп, ол негізінен, танымның «ішкі тектерін», яғни қырларын сипаттайды.

Символ – таңба. Алғашқыда бұл сөз құпиялы, шартты мағынаға ие кез-келген заттық белгіні білдірген. Сонау көне дәуірдегі символ «жеке куәлік» ретінде қолданылған. Қазақстан энциклопедиясында символға: «Символ – белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Символданған образ көбінесе айқындықтан айырылып, бұлдыр түсінік береді, символ жалпы адам санасының даму тарихына сай өрбіген көне категорияның бірі. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі түсініктер, наным-сенімдер – символдың шығуына әсер еткен құбылыстар» [2, 157], – деген анықтама беріледі.

Символ – поэтикалық образ жасаудағы ақындар пайдаланған тәжірибеден өткен өнімді тәсілдердің бірі. Символ поэтикалық суреттеу құралы. Әдебиет тарихынаан символды әдіс-тәсіл

шеңберінен шығып, оны тұтас бір дүниетанымға айналдырып, әдебиет пен өнерде, философияда белгілі бір ағым, мектеп жасаған әдебиет, өнер, философия өкілдері белгілі. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген символизм бағыты. Символистер үшін символ тек ғана жай бір қабылданған белгі емес, ол олардың өмірге деген дүниетанымдық көзқарастарын белгіледі.

Символизм бағытының көрнекті өкілі А.Белый символды ойлаудың, өмірдің бейнесі ретінде таниды: «Символ – көрінбейтін, танымнан, сезімнен тыс, сөзге тән емес нәрсені нұсқау. Ол – көркем образ, бейне, құпия, сырлы әлемге апарар жол, ақиқат дүниенің категориясы» [3, 5].

Негізгі бөлім. Қазақ ғылымында символды зерттеу өз бастауын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінен алса, символға көптеген әдебиеттанушы ғалымдарымыз өзіндік бағасын берген деуімізге болады.

«Әдебиеттегі, поэзиядағы символ көбінесе келістіріліп жасалған, астарлы мағынасы терең, бүтін бір сурет-бейне қалпында көрінеді» [4, 45]. Әдебиет теоретиктері Қ.Жұмалиев пен З.Қабдолов символды троптың (құбылтудың) бір түрі ретінде көрсетеді де, «бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу», - [5, 244] деп түсіндіреді.

Ал әдебиетші ғалым З.Ахметов болса әдебиеттегі символды анықтауда символды образға теңестірген [6,15]. Соның өзінде осы екі тұжырымның тоқайласар тұсы – «символдың астарлы мағына, жасырын сурет» деген тұжырым болмақ.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымының жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, гүл жастықтың символы, ал көгершін бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ тұспалдауға

(аллегорияға) өте жақын келеді» [7, 299],-деген тұжырым берілген. Поэзияда символ көбінесе астарлы мағынаны беру үшін жұмсалып, терең бір бүтін сурет – бейне қалпында жұмсалады.

Ғалым З.Ахметовтің «Бұл жағынан алғанда символ мен тұспалдау (аллегорияға) өте жақын болатынын көреміз. Кең мағынасында астарлы мағына беретін метафора, теңеу сияқты салыстырулардың көбінде символдық мән болатынын байқау қиын емес» [6, 205],- деп беруі өте дұрыс жасалған қорытынды екендігін бірден аңғаруға болады.

Сонымен, символ – жан-жақты, көп қырлы категория, әрбір ғылым саласында символды сол ғылымға тән қырынан қарастырып, өзінше баға береді. Символға төмендегідей сипаттар тән:

- адам санасының даму тарихына сай өрбіген категория;
- символ – мәдениеттің тұрақты элементі, «мәдениет ескерткіші»;
- символ – белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу.

Символ кез келген тілдік бірлік тәрізді әр халыққа тән мінез-құлық, наным-сенім, салт-дәстүр, таным-түсініктерін танытады.

Ж.Аймауытов: «Қазақ әдебиетінде Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмінің (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыка) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тіпті ұстартты» [8, 26], - деп бағалағанындай Мағжан қазақ әдебиетіне орыстың символизм мен сентаментализм ағымдарының нұсқаларын әкелді. Аудармалары арқылы ғана жаңалық енгізген жоқ. Сонымен қатар, өлеңдері арқылы, бейнелілік, әуезділік, образдылық, өлеңінің құрылысы т.б. арқылы қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерді. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясына соны әдіс-тәсіл енгізген, сыршыл өлең әкелген Мағжан Жұмабаев болды.

Мағжан поэзиясының көркі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатына иелендіріп, бәрін өзіне тәнті еткен. Мағжан поэзиясының осынау күдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі

жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. Жүсіпбек Аймауытов пікірлері Мағжанның сыршыл өлеңдерінің құпиясын ашып берді. Талантты ақынды Ж.Аймауытов Пушкинге теңеген. Мағжанның ақындығын нақ танып, дұрыс та әділ бағалаған.

М.Әуезов Мағжан туралы: «Қазақ ақындарынан, әрине, Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қордалы ауылында туып Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезінген боламын. Мағжан културасы зор ақын. Сыртқы кестесінен келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылар газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәрімізді күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [9]. - деген ой айтады. Мағжанның шығармашылық өмір жолы бүгінгі таңда әдебиетші ғалымдарымыздың зерттеу тақырыбының нысаны болды. Ақынның еңбегі, өмір жолы жайлы зерттеу еңбектер бар. Қазақ поэзиясына өзінің символдық поэзия өнеріне тән шығармасын әкеліп, қайталанбас ерекшелігімен, сырлы дүниесімен Мағжан ақын халық жүрегінен орын алды.

Мағжан шығармаларына ғалымдарымыз бүгінде әділ бағасын беруде. Мысалы, ғалым Б.Ыбырайым: «М.Жұмабаев творчествосы – отаршылық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық- көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық. Ол поэзиямыздың эстетикалық әлемін тың бояулармен, күрделі сезімдік әлеммен байытып, жаңа биікке көтерді» [10,6]. Анығында, Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы лирикалық қаһарманда қазақ өлеңдеріндегі кейіпкерлерге ұқсамайды. Сезім-толғаныстарын, жан сырын, сезім арпалыстарын шынайы түрде жайып салады.

Ғалым Б.Ыбырайым: «Мағжанның поэзияға әкелген

жаңалығы «бейнелеу мүмкіндіктерін молайтатын, көркемдік әлемді байыта түсетін эстетикалық конструкцияны көркемдік концепцияны жеткізуге шебер пайдалануы» [10, 7],- деп атап көрсетеді.

Оның «Мені де өлім әлдиле», «Жел», «Ой», «Күзді күні», «Алдамшы өмір», «Альбомына», «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «З-ға», «Бүгінгі күн өмір, өлім менікі» т.б. өлеңдері ақынның түңілу сарынында жазған шығармалары. «Қазақ өлеңі тарихының XX көгінде Мағжан поэзиясы Шолпан жұлдыздай оқшау тұр... Мағжан – қазақ өлеңіне Абайдан кейін дүбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Мағжан өлеңге романтикалық өң береді. Адам мен табиғатты қатар алып араларынан өзгеше байланыс іздейді...» [1, 73-74].

Символ – сөзді қолдану шеберліктің бір қыры. Символды қолдану ақынның айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде де символ жиі қолданылғандығы белгілі. Қазақ әндерінде жусан деген шөп символ ретінде жұмсалады.

Абай өлеңдерінде қыз бейнесі – *шолпы символы* арқылы берілген.

Абай:

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты.

Сұлу қызды көріп пе ең мұндай түрін? [1, 156] - деген өлең жолдары «Абай жолы» эпопеясында қара сөзбен өрнектеледі: «Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай басып, тағы біраздан соң андасанда ғана бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті» [14,313]. Шолпы- махаббаттың символы ретінде танылған.

Мағжанның «Шолпы» өлеңіне назар аударайық,

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Қанымды қайнаттың құрғыр
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қыз санадан солғыр [1,22].

Қазақ қызының бейнесін сомдауда, сүйген жүректердің сезім иірімдерін ажарлауда үш қаламгер – Абай, Мағжан, Мұхтар – шолпы сөзін қазық етіп, соның айналасында әркім өз қаһарманының образын жасайды. Сонда Абай мен М.Әуезов шолпыны қыз бейнесін танытатын, толықтыратын деталь ретінде алса, Мағжан образдың өзі ретінде қолданған. Десек те, осы үш автор да шолпыны – сұлулықтың, сымбаттылықтың символы ретінде қолданған, ол сұлулық тек сыртқы тән сұлулығы еместігін ерекше сезімталдықпен тап басып көрсетіп, сүйіспеншілік сезіммен астастырған.

Жүрегін жаралаған алғашқы махаббатты Тоғжанның бұрымына тағылған шолпы, шолпының сылдырына дейін Абай өз ынтықтығын білдіреді. Жүрек дүрсілі шолпының сылдырымен үндеседі. Мағжан шолпы арқылы терең сүйіспеншілігін, өзекті өртердей махаббат сезімін суреттейді. Асау сезім тек шолпының сылдырына ғана бағынып, табына түседі. Демек, символ образ ретінде танылады, сондықтан оған образдылық сипат тән. Бірақ кез келген сөз әрі символ, әрі образ ретінде танылу үшін, ол осы екеуіне тән сипатқа ие болуы тиіс.

Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тану мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты. Мағжанның өлеңдерінде «жел» - символ. Ақын шығармасында кездесетін «Жел» бейнесі, бірде рахат тыныштықтың, бірде тағдырдың символы, енді бірде *жел сөз, өсек-аяң, сыбыс, хабаршы* мағынасында да жұмсалады. Енді бірде «жел» бейнесі елде болып жатқан жамандықты жеткізуші хабаршының баламасы ретінде де алынады.

Мағжан поэзиясындағы «жел» бейнесі. Мағжан Жұмабаевтың фольклордағы қара күш иелерін өлеңдерінде символ ретінде пайдалануында өзіндік әдісі бар. Мағжан шығармаларындағы қара күш иелері қазақ ұғымына жақын, қазақ топырағына лайық пері, сайтан образында алынады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын халық сенімінде, санасында иен далада, елсіз мекендерде жүреді. Қасына жақын барған адамдарға қастандық жасайды. Сондықтан ұлттық ұғым бойынша олардың қасына ешкім жақындамайды. Мағжан Жұмабаев өзінің өлеңдерінде ұлттық санада қалыптасқан бұл түсініктердің қаймағын бұзбайды. Мәселен:

Қараңғылық қаптады,
Қайғы ма басқан, түн бе екен?
Сыбдыр-сыбдыр әлде не, -
Жел ме?
Жүрген жын ба екен ?

– деп жындардың түнде жүретінін білдіретін ұлттық санадағы ұғымды көреміз. Бірақ оны ақын халық басына төніп келе жатқан қатердің хабаршысындай етіп, соған балап суреттейді. Елге бір қара түнектің төніп келе жатқанын айтуда халықтың өз ұғымына сай, өз түсінігіне ыңғайлы сөздерді қолдана білген.

Қарашы кейін бұрылып,
Таудай болып созылып
Қала – бір жатқан дәу пері.
Айналасы – тұман, түн,
Дем алысы – от, түтін.
Жарқ-жұрқ етер көздері [1].

– дей келе, Мағжан қолқаны атқан көк түтінге оранған қала тірлігінің, ауылдың жұпарлы ауасымен салыстырғанда жан төзгісіз екендігін ауыл халқына түсіндіру үшін *«қала – бір жатқан дәу пері»* деп оны ұлттық санаға жақындатады. Ұлттық ұғымда дәу, перілер адамдарға тек жамандық жасаушы, қара күш иелері. Ендеше қала адамдарының қолқасына еніп алған көк түтіннің адамдарға ауру әкелуден басқа жақсылығы жоқ. Міне, осылайша ауыл адамдарының санасына қала тіршілігін жеткізеді. Ұлы суреткердің шығармашылығында тарих тұңғығын терең түсіну, болашақты болжай білу, бүгінгі өмірдің ақиқатына көз

жетізу сияқты терең толғаныстар заманның астан – кестен аласапыран жайымен астасып жатады.

Мазасы жоқ жел ерке
Оянып ап тым ерте,
Жорғалай басып кетеді,
Тыныш жатқан түс көріп
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді [1].

Жел – еркіндіктің символы. Оның еркелігін, ешкімге мойынұсынбау еркіндігін баса жырлайды. Өйткені, ақын жаны сол еркіндікті аңсайды.

Оттың концептуалды өрістері тілімізде тілдік бірліктерде, сөз қолданыстарында, мақал-мәтелдерде, көркем әдебиетте, тұрақты тіркестерде молынан ұшырасады. Көне замандарда отқа байланысты наным-сенімдер болған. Қазақ тіліндегі от басы, от берді, оттай жанды, т.б. фразеологизмдерден көне замандағы оттың құдіретіне сенушіліктің, оған табынушылықтың белгілерін байқауымызға болады. Шынында да көпшілік халықтар, соның ішінде түркі халықтары отты ерекше қадірлеп, отқа байланысты түрлі ырымдар жасаған т.б. отты беріктік ретінде қабылдап жас отауға отқа май құйғызған. Ал ерте дәуірлерде от жер бетіндегі тіршілік атаулыға әсер етеді деп сеніп, отқа табынған. Мұны қазақ арасындағы отқа қатысты наным-сенімдерден көруімізге болады.

Мағжан поэзиясындағы «от» бейнесі. Жалынды ақынның поэзиясында «От» сөзінің де символикалық мәнге ие болғаны анық. Ежелгі түркі жұртының киелі тотемі саналатын «от» ұғымы Мағжанның «От» деп аталатын өлеңінде негізгі ойды білдіріп, өзінің ішкі болмысын, рухын танытқандай. Мысалы:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ [1],

- деп жалындаған. Сөзден сурет салып, жан бітірген Мағжанның кез келген өлеңін алсақ та, әсем әрленген, шебер кестеленген бейнелі сөздерді кездестіреміз. Ең бастысы, ақын ұлтжандылықты дәріптеген, оның айтқан әрбір сөзінен, әрбір дыбысынан ұлттық намысыңды оятатын, жаныңды жігерлендіретін рухты сезінеміз. Ақын поэзиясының негізгі идеялық нысаны – азаматтық сенім. Ол қазақтың көне тарихын жырлағанда оның артта қалушылығын емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін жырлады. Оның көптеген өлеңдерінің басты ойы елінің болашағына алаңдау, оны небір зұлматтардан сақтап қалсам деген жан айқайы болып табылады.

Жалпы, қазақ ұғымында от жүрек деген тіркес бар. От батылдық пен батырлықтың символы. От сонымен қатар, жамандықтың да белгісі болып табылған. «Отқа қарады», «отқа оранып, суға сүрінді» т.б. Отқа байланысты қатысты алғыс-қарғыс сөздер: оты жанбаған, отын өшірді, отқа түсті т.б.

Жоғарыда аталған отқа қатысты наным-сенімдер мұсылман дінінен бұрынғы түркі халықтарындағы табиғатқа табынудың белгілері болып табылады.

Оттың символдық мән – мағыналарын құрамында осы атау бар тіліміздегі фразеологизмдерден аңғаруымызға болады. Бұларға қазақ тіліндегі көркемдегіш құрал ретінде қолданылатын мынадай тұрақты теңеулерді атай аламыз: от жүрек, оттай жану, отты көз, от ағасы т.б.

Жалпы, халқымыз көне замандарда оттың құдіретіне сеніп, оған табынса, бертін келе олардағы құбылыстарды, өзгерістерді өздерінше танып, біліп, мұны өмірдің қажетіне пайдалана алған. Сонымен қатар, бабаларымыз отты бейнелі сөз тудыру үшін де қолданған.

Отқа табыну – қазақ халқының ежелгі заманнан бері жалғасқан нанымдарының бірі. Отты халық өте жоғары бағалап, қасиетті әулие деп ұқты. Алғаш күн күркіреп, найзағай ойнағанда, «сүт көп, көмір аз» деп үйді айнала жүгіріп ожаумен ұру ырымы да оттың құдіретті күшіне жалбарырудан шыққан болу керек. Ойымызды Ш.Уәлихановтың: «Түркі халықтарында,

әсіресе қазақтарда отқа әулиеше табыну бар» деген тұжырымы дәлелдей түседі [10, 208]. От сөзінің өте жоғары қастерленіп, құдай сөзімен тең қолданылғанын тіліміздегі «От ана» тіркесінен байқауымызға болады. «От инее», «От инезі» тіркестері де әйел құдайына қаратып айтылған сөздер, оның қазақша мағынасы «От ене, от енесі, от иесі». «От иесі» матриархат дәуірінен қалған. Осыған байланысты әдет-ғұрыптар, аңыз-ертегілер көптеп кездеседі. Бұл ертегілердің кейбіреулерінде жалмауыз кемпір бейнесі от (ошақ) иесі ретінде суреттелінеді. Оты сөніп қалған қыз жалмауыз кемпірден от алып, үйіндегі ошақты жағады. Осыдан келіп қазақ елінде үй ошағынан «от алу» ғұрпы шықса керек. От культіне байланысты әдет-салт, ырым-жоралар өте ерте заманнан жалғасып келеді.

Жоғарыдағы мысалдардың кез келгенін көшпелілердің өмір салтында бұрыннан қалыптасқан отқа табынатын наным-сенімнен туған деп кейде біржақты кесіп айту қиын. Санаға тұрмыстың әсер етпей қоймайтынын ескерсек, ежелгі адамдардың мифтік-діни танымы мен көшпелі салттың қалай дегенмен де қоршаған ортаға тәуелділігінен туатын таным түсінікті салыстыруға болмайды.

Ошақтағы отты күлмен көміп, келесі кеш келіп қонғанша, сөніп қалмауын ескерген. Бұл бертін келе ұзақ уақыт малшылар тәжірибесінде кездесіп отырды. Мәселен, жер ошаққа сексеуіл, көкпек сияқты ұзақ жанып, қызуын сақтайтын отын түрлерін молдау етіп күлге көміп кетсе, көпке дейін от сөнбей жатады екен.

Адамның тіршілігінде оттың алатын орны зор, оның бірнеше бейнелік, символикалық қасиеті бар.

Біріншіден, ертеде отты тамақ пісіруге, үй жылтуға, қараңғы түнде жарық етуге пайдаланды. «Жаурасаң от жақ, қорықсаң от жақ, қарның апса от жақ» деген нақыл сөз осыдан келіп шыққан.

Екіншіден, отта аластатқыш қасиет бар. Отта бәле-жаладан сақтаушы, күнәдан тазартушы күш бар деп есептейді. Соған сәйкес ертеде ел бір жұртқа көшкен кезде жұрттың орнына от жағып, адамды да, малды да екі оттың арасынан өткізіп тазартады. Бұл әдет, яғни ырым – аластау деп аталады. Аластаған

кезде: «Алас, алас, әр пәледен халас, от, от тазарт бізді әр пәледен» – деп айтады. От түтінімен аурудың төсегін, жас баланың бесігін, киімдерін аластайды.

Үшіншіден, оттың тазартқыш қасиеті бар. Қазақ, қырғыздар отқа табынып, оны барлық жаманшылықтан сақтаушы, тазартушы ретінде құдірет тұтады. Анимистік наным бойынша өлген адамның жаны оттан, от жарығы шырақтан қорқады. От адамға қамқорлық етумен бірге, ол оның жауы да болады. Өйткені, ол мылқау, мейрімсіз, тілсіз жау.

От символына байланысты тілімізде отағасы деген сөз бар. Отағасы ертеден қасиетті сөз болғанға ұқсайды. Отағасы, яғни, шаңырақтың иесі деген сөз от сөзінің ұйтқы болуымен жасалған болуы керек. От басы – «бала-шаға», «үй іші» деген ұғымдарды береді. «Отыма оттық сал» – бала туғанда, шешек шыққанда айтылатын ырым бар. От символына байланысты түрлі фразеологизмдер, мақал-мәтел, тыйым сөздер т.б. мәдени құндылықтар бар. Мысалы, «үйден от кетпесін, алдан ас кетпесін», «отының басынан, ошағынның қасынан бер» деген бата бар, отау, ақ отау, отау тікті, отау түсті, отау құтты болсын, отаса алмады, т.б. шаңырақ, жеке үй болу осы от сөзінен өрбіген сөздер.

Қалай да адамға тән ошағының оты сөнбей, түтінінің өрлей беруі бақыт. Бұл – қазақтың аса зор арманы. Отау тігіп, түтін түтеткен қазақ баласы осы салттың туын берік ұстап, жоғары көтеруге тиіс.

Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен етене байланысты. Ол тек қана сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне байланысты. Сондықтан, тіл тек ақыл-ойдың хабаршы қызметін атқарып қоймайды, ол тарихи, мәдени құндылықтарды насихаттаушы ретінде көрініс табады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі «күн», «барыс», «тұлпар», «қыран», «жұлдыз» т.б. символдардың тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рәміздері мен ел болашағын айқындайтын мемлекеттік маңызды бағдарламалардың нышанына айналуы оның ұлттық дүниетанымы мен көрегендігін, философиялық ой тереңдігімен

қоса, елінің жарқын болашағына сенген оптимистік рухын айқындап тұр. Мағжан поэзиясы елімнің ертеңіне баруға лайықты қазынамыздың бірі деп айтуға толық негіз бар.

Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тану мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланыста.

Символ – адам санасының дамуымен байланысты, дүниетанымның тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше құбылыс екенін дәделдейді. Символ – халықтың салт -дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным - сенімі рухани, мәдениеттің негізі.

Мағжан поэзиясындағы жарқырай көрінетін Жел, От, Күн ұлы бейнелері арқылы символдың мәні мен мағынасы ашылады. Сондықтанда «Жер жүзіне нұр беруге, Күн беруге» ұмтылған Күн ұлы, От бейнелерін туғызды. Аталмыш бейнелер де – қазақ ақыны М.Жұмабаевтың суреткерлік шеберлігін танытады.

Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы символдық бейнелерді анықтап зерттеу – әдебиеттанудағы ғылыми-теориялық негіздер мен ұстанымдарды нақтылай түсуге, айқындауға өз деңгейінде үлесін қосады деген ойдамыз.

Мағжанның шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, уақыт өткен сайын маңызын жоймайтын рухани қазынасы, зерттеудің көзі болып табылады. Мағжанды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Мағжанды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. –Алматы: Жазушы, 1990, -361 б.
2. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы, 1989.- 198 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005, -272 б.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1983, - 326 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1982, -456 б.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973, -226 б.
7. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1996, -384 б.

8. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995, -207 б.
9. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Жиырмасыншы том. – Алматы. «Жазушы», 1985
10. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. 1968, – Алматы.-264 б

ДИДАР АМАНТАЙДЫҢ «ГҮЛДЕР МЕН КІТАПТАР» РОМАНЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДЕР

Алмасханқызы А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

8D02304- «Әдебиеттану»

мамандығының I-курс докторанты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор

Темірболат А.Б.

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасындағы интермәтіндік үрдістер әлемдік әдебиеттің дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Постмодернизм эстетикасы шеңберінде жазылған шығармаларда интермәтіннің алатын орны ерекше. Динар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы – қазақ әдебиетіндегі осындай постмодернистік ізденістердің жарқын үлгісі. Романда интермәтін әртүрлі деңгейде көрініс тапқан: әдеби, философиялық, діни-мифологиялық және мәдени контекстерде әртүрлі мәтіндермен байланыс орнатылады. Бұл мақалада аталмыш шығарманың интермәтіндік құрылымы талданып, оның көркемдік қызметі қарастырылады.

Интермәтін теориясын ғылыми айналымға алғаш енгізген Ю. Кристева бұл құбылысты «мәтіндер арасындағы диалог» ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, әрбір жаңа мәтін – бұрынғы әдеби туындылармен байланыстағы семиотикалық жүйе. Ж. Деррида, Р. Барт, М. Бахтин сынды зерттеушілер де интермәтіннің көпқабатты құрылымына назар аударған. Осы тұрғыдан алғанда, «Гүлдер мен кітаптар» романы интермәтіндік байланыстар арқылы күрделі көркемдік кеңістік жасайды [1].

Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романында көптеген мәдени, тарихи және әдеби тұлғаларға сілтемелер жасалады. Бұл сілтемелер интермәтіндік байланыстар құру арқылы шығарманың мағыналық өрісін кеңейтіп, оның

философиялық, әдеби және діни қабаттарын күрделендіре түседі. Роман тек оқиғалар желісімен ғана емес, сонымен қатар символикалық бейнелермен де ерекшеленеді. Осындай маңызды символдардың бірі – Көк бөрі бейнесі. Бұл образ дәстүрлі түркілік мифологиядан бастау алғанымен, оны автор жаңа философиялық және экзистенциалдық мазмұнмен толықтырады. Көк бөрі романда азаттықтың, рухани ізденістің және ұлттық болмыстың символы ретінде көрінеді.

Көк бөрі – түркі халықтарының рухани дүниетанымында маңызды орын алатын мифологиялық бейне. Ол көбінесе: Ұлы жаратушының елшісі, Түркі халықтарының түп-тамыры, азаттық пен көшбасшылықтың символы ретінде көрініс табады.

Түркі қағанаты дәуіріндегі аңыздарда Көк бөрі жауынгерлердің жебеушісі, халықтың қорғаушысы және қиын-қыстау кезеңдерде жол көрсетуші ретінде бейнеленеді. Бұл концепция көне дәуірден бастап, бүгінгі қазақ әдебиетіне дейін жалғасып келеді.

Негізгі бөлім. Автор романда түрлі діни, философиялық және әдеби интермәтіндерді шебер қолданады. Соның ішінде Мұса (Моисей), Иса (Иисус Христос), Мұхамбет (Мұхаммед пайғамбар) бейнелері ерекше орын алады. Бұл есімдер тікелей діни мағынада ғана емес, рухани ізденіс, моральдық таңдаулар және адами құндылықтарды іздеу тұрғысынан қолданылады.

Романда бұл үш тұлға мифтік және символдық образдар ретінде көрініп, кейіпкердің өмірлік сұрақтарына жауап іздеуде өзіндік мәнге ие.

Бұл үш тұлға романда кейіпкердің рухани ізденісін, қоғамнан жатсынуын, өзін-өзі табу процесін көрсету үшін қолданылады.

«Гүлдер мен кітаптар» романындағы Мұса, Иса, Мұхамбет бейнелері тек діни контекстпен шектелмейді. Олар адамзаттың рухани дамуының үш түрлі кезеңін, кейіпкердің дүниетанымдық дағдарысын және заманауи адам мен дәстүрлі құндылықтар арасындағы қақтығысты бейнелейді.

Дидар Амантай бұл интермәтіндік сілтемелерді қолдану арқылы романның философиялық тереңдігін арттырып, оқырманды өз болмысы мен құндылықтары туралы ойлануға жетелейді.

Сондай-ақ, романда кездесетін Дао, Бұдда және Құнфұдзы есімдері ерекше мәнге ие. Бұл тұлғалар – Шығыс философиясының басты өкілдері, олардың ілімдері мыңдаған жылдар бойы адамзаттың рухани дамуына ықпал етіп келеді [2].

Романда бұл бейнелер кездейсоқ қолданылмаған. Олардың әрқайсысы рухани ізденіс, өмірдің мәнін түсіну және моральдық-этикалық қағидаларды бейнелейді. Автор кейіпкердің ішкі дағдарысын көрсету үшін әртүрлі философиялық жүйелерге сілтеме жасап, оқырманды терең ойға жетелейді.

Дао, Будда және Конфуций бейнелері – рухани ізденістің, қоғам мен жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықтың символдары. Бұл бейнелер арқылы автор заманауи адамның дәстүрлі мораль мен қазіргі құндылықтар арасындағы дағдарысын көрсетеді.

Романның философиялық астары Шығыс пен Батыс идеяларының қақтығысы, экзистенциалдық ізденіс және моральдық тұрақтылықтың дағдарысы секілді күрделі тақырыптарды қамтиды.

Бұл еңбекте кездесетін тағы бір философиялық бейне ол Заратуштра бейнесі. Заратуштра есімі әлемдік мәдениетте бірнеше мағынаға ие:

1. Тарихи тұлға ретінде – Заратуштра (Зороастр) – зороастризм дінінің негізін қалаушы, ежелгі пайғамбар.

2. Философиялық концепт ретінде – Фридрих Ницшенің «Заратуштра осылай деген» (Also sprach Zarathustra) еңбегіндегі символдық кейіпкер [3].

Ницшенің басты идеялары:

«Құдай өлді» – яғни дәстүрлі дін мен моральдық жүйе өз күшін жойды.

Асқан адам (Übermensch) – адам баласы әлсіз моральдан бас тартып, өзінің жеке болмысын жасау керек.

Моральдың қайта бағалануы – жақсылық пен жамандық туралы дәстүрлі түсініктерді қайта қарау қажет [4].

«Гүлдер мен кітаптар» романындағы Заратуштра есімі – адамзаттың рухани дағдарысын, моральдық құндылықтардың шайқалуын және жаңа болмысқа ұмтылуды білдіретін интермәтіндік символ.

Роман кейіпкері осы екі жолдың арасында өзін іздейді, бірақ біржақты шешімге келе алмайды. Бұл арқылы автор қазіргі заман адамының рухани және философиялық дағдарысын шебер бейнелейді.

Бұл шығармада шығыстық, батыстық және түркілік дүниетанымдар тоғысады. Солардың бірі – Тәңір бейнесі.

Тәңір – түркі халықтарының ежелгі діни және философиялық ұғымы, ол табиғатпен, аспанмен және жаратылыспен тығыз байланысты. Романда Тәңір бейнесі құдайлық күш, моральдық бағдар және рухани тұрақтылықтың символы ретінде көрініс табады.

Тәңір – көне түркілердің жоғарғы құдайы, ол аспанды, табиғатты және әлемнің тәртібін басқарады. Тәңіршілдіктің негізгі ұстанымдары:

Тәңір – жаратушы, аспан әміршісі.

Адам табиғатпен үйлесімде өмір сүруі тиіс.

Тағдыр (жазмыш) мен ерік бостандығы қатар жүреді.

Билік пен әділдік Тәңірдің қалауымен беріледі.

Тәңір концепциясы түркі халықтарының дүниетанымы мен моральді қалыптастырған басты факторлардың бірі.

Романда тек гүлдер атауына арналған 2-3 бет, тек кітап атауларынан тұратын 3-4 бет және тек қаламгер атауларына арналған 3-4 бет бар. Автор қазақ, орыс, шетел кітаптары мен қазақ, орыс, шетел авторларының барлығын да түгендеп шыққан іспетті. Әрине, романды ашуда мұның өз қажеті болғаны анық.

Қорытынды. Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы – қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік ізденістердің жарқын үлгісі. Шығармада заманауи адамның рухани дағдарысы, қоғам мен тұлға арасындағы қайшылық, мәдениетаралық диалог, өмірдің мәнін іздеу сынды күрделі философиялық мәселелер көтеріледі.

Романның интермәтіндік құрылымы, философиялық және діни концепциялардың үндестігі, экзистенциалистік және постмодернистік стильдік ерекшеліктері оны дәстүрлі әдебиеттен өзгеше етеді. Автор Ницше, Будда, Конфуций, Заратуштра, Тәңір, Мұса, Иса, Мұхаммед секілді діни-

философиялық бейнелерді пайдалану арқылы кейіпкердің ішкі ізденістерін тереңдете түседі.

Шығарманың басты ойы – рухани ізденіс пен өзін-өзі тану процесі. Кейіпкердің өмірдің мәнін іздеуі арқылы роман оқырманды да ойлануға, өз болмысын саралауға жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда, «Гүлдер мен кітаптар» – қазақ әдебиетіндегі постмодернистік сипаттағы ерекше философиялық туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Амантай, Д. (2006). Гүлдер мен кітаптар: роман. Алматы: Атамұра.
2. Крестева, Ю. (1969). Семиотика: исследования по семанализу текста Москва: Академический проект, 2001.
3. Бахтин, М. М. (2002). Әдебиет теориясы және эстетика мәселелері. Алматы: Ғылым.
4. Ницше, Ф. (1883). Так говорил Заратустра Алматы: Фолиант, 2018.

ЖАС ЖАЗУШЫЛАР ӘНГІМЕЛЕРІНДЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Атаханова Н.А.

8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»

*білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің отыз жылдығы қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, «Руханият» КММ қолдауымен бір топ «тәуелсіздік құрдастарының» прозалық шығармалары «Өскелең» деген атаумен жарық көрді. Жинаққа негізінен әңгімелер мен М.Әбілдің «Тілсіз жау» драмалық шығармасы топтастырылған. Жинаққа енген шығармалардың ішінде Айнұр Шәмшінің «Арманның арманы», «Жұмыр жұмақ», «Сағыныш пен өкініш» әңгімелері де бар.

«Арманның арманы» әңгімесінде анасы қайтыс болғанда бір үйде жалғыз қалған Арманның мектеп бітірген соң, оқуға түсе алмай ауылда қара жұмыс істеп жүргеніне кез боламыз. Талабы таудай баланың бірде-бір жанашыры болмағанына жаның күйзеледі. Нағашысы барда жыл сайын ауылға баратын бала үш

жыл өткенде келгенмен нағашы жеңгесі жиенінің жағдайын сұрауға құлықсыз болса, нағашы ағасы не бұйымтаймен келгенімен шаруасы болмайды. Екі күн қонып, не бұйымтаймен келгенін айта алмай кетіп бара жатқан жиеннің «Келмегеніме үш жыл болған жоқ па, мені сонда бұлар сағынбай ма? Ой, не айтып кеттім, мені сағынушы ма еді, жалғыз қыздарына да жылы сөйлемейтін сорлы ата-ана» деген сөзі жалғыз қыздары Жанарға жылы шырай танытпайтын ата-ананың болмысын оқырманның есіне салады. Оқуға түсуге көмек сұрамақ болып нағашысына барған жігіттің төбесінен күн өтіп, үйіне келе жығылады.

Көзін ашса, көзінің жасын сығып ауылдың сыртында тұратын атасының туыс қарындасы отыр. Ақсандай басып үйден шыққан әже самауырға шай қойып, әне-міне дегенше екі иығымен дем алған сары самаурын үйге кіріп, әжесі екеуі рахаттанып шай ішті. Қай дәуірде де жетімдердің тағдыры оңай болмағанын, екі күн ауырып жатып жұмысқа барғанда, кешіккен күнінің есесіне колхоз қойларының қорасын тазалап шығу тапсырылғанынан көруге болады. Араға жыл салып оқуға түскенде қуанышын бөлісетін адам таппаған, жасы ұлғайған жігіттің кілең қыздардың ішінде жалғыз отырғанмен болашақ арманы үлкен еді. «Мен осы ағай секілді мұғалім болсам ғой, жоқ, мен дәрігер боламын, қолымнан келген жақсылықты аямай, біреулер жыласа жұбатып, ал біреулер күлсе бірге күлемін», – дейтін жігіттің арманында үлкен мақсат жатыр [1, 12]. Жастай әкеден, ес біле анадан айырылған жігіт өзі көрген тағдыр тауқыметін өзге жанның көргенін қаламайды. Ана мен баланың бірге болуын қалаған оның дәрігер болуды армандауы түсінікті. Жүрегі жаралы жанның адам баласына мейіріммен қарауды армандауы да жетімдіктің тақсіретінде жатыр. Жазушының әңгімесі қазақ әдебиетіндегі жетім балалар туралы әңгімелердің қатарын толықтырады.

«Жұмыр жұмақ» әңгімесіне ата-анасы Ерік пен Айымның тәрбиесін алған ұлдары Жайықтың газет бетіндегі мақаласы жасы ұлғайғанша қалтасынан шыны бөтелкесі түспейтін шалды дұрыс жолға салады. «Ешкімге керексіз жандай едім, жоқ, қазір мен елге керек екенімді сезіндім. Мұң басып, жабырқаған жүрегіме қуат сыйлағаның үшін көп рақмет, балам.

Атай кемсеңдеп жылап қалды.

– Ата, сізге көмектескенім үшін қуаныштымын. Өмірдің керемет екенін сезбейтін жандарға сәл болса да, өз үлесімді қосып, алға жетелегенім үшін қуанамын», – деген мектеп оқушысының сөзінен оның болашағынан мол үміт күтуге болады [1, 21].

«Сағыныш пен өкініш» әңгімесінде қысқы каникулдан ауылға қайтып келе жатқан Гүлсана мен Абайға жолығамыз. Поезд станциясынан түскен екі студент ауылға жеткенше ұзақ жүретіндіктен, олар жолай әңгімелесіп келеді. Сол қыста суық тиіп қатты ауырған қыз көп ұзамай қайтыс болады. Абаймен қоштасарда келесі демалыста осылай күтіп аламын деген қыз көрінбеген соң, Абай: «Ауылдың шетіндегі қырға шығып, «Гүлсана, Гүлсана, қайдасың, Гүлсана? Неге пойыздан түспедің?» деп дауыстай айғайлайтын. Қасында аппақ көйлегі желмен ұшып желбіреп, қиыла қарап тұрған Гүлсананы көрмейтін еді» [1, 27]. Жазушы Гүлсананың елесімен екі дүние арасындағы тылсым күш пен көзге көрінбейтін байланысқа назар аударған. Әруақ, елес мистиканың белгісі болса, жазушы осылайша көркемдік ізденістерге барған.

Ауғанбай Санақұлының «Құлын ғұмыр», «Әлібектің әлегі», «Далабай», «Секеңкөк» әңгімелеріне ортақ ерекшелік – өмірден алынған шынайы оқиғаға құрылуы. Әңгімелерде қала мен ауыл тіршілігі қатар өрбитін оқиғалардың параллел суреттелуінен ауылмен бірге қала тұрғындарының да өмірінен хабардар боламыз.

«Құлын ғұмыр» әңгімесінде адам мен жылқы арасындағы ұқсастықты параллел суреттеумен ұрпақ жалғастығына көңіл аударған. Әңгіме жанры туралы З.Ахметовтің: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма», – деген пікірін еске алатын болсақ, шағын оқиға Сәрсеннің көзімен баяндалады (2, 56). Атасының тапсырмасымен жылқыларды қарап келуге барған Сәрсен шайнап тастайтын қатыгез айғырдан құлынды құла биені бөліп алып, қорғап жүрген Қалдыторының ісіне қайран қалады. Қалдыторының енесі жағынан құла биімен туысатынын атасынан естіген ол жылқы малының бауырмалдығын

адамдармен салыстырып: «Бүгінде бірге туғанын танымай бара жатқан адамдармен салыстырғанда, бұл жануардікі – хайуан да болса, ерлік екен», – деп түйеді [1, 32].

Қазақ халқы жылқы мінезді деп жатамыз, жылқы малына берілген осы қасиет бүгінде адамдардың бойынан жоғалып бара жатқанына заманды ма, адамды ма кімді кінәлауды білмейсің. Бүгінгі таңда аталас ағайын түгіл, бірге туған бауырлардың өзі бірінен-бірі суынып, арасы алшақтап жатуы – өмір шындығы болса, жазушы ХХІ ғасыр дертіне айналған осы мәселеге көңіл аударған. Бір құлын өмірге келгенмен, бір биені қасқыр тартып кеткенін, өлексенің құзғындарға жем болып жатқанын немересі Сәрсеннен естігендегі атасының: «Ее, балам, есінде болсын! Бір құлын туып, бір бие өлгені сияқты, адам баласының да бірі күліп келіп, бірі күңіреніп өмірден өтіп жатады» деген сөзінен өмір бар жерде өлімнің қатар жүретінін аңғарамыз [1, 33]. Осы сөзімен атасы жанына батып жүрген аурудың меңдеп жүргенін, сол бір қаралы күнге немерелерін сөзбен дайындаса, көп ұзамай өзі де өмірден өтті. Мектеп бітірген соң қалаға оқуға түскен Сәрсен әр каникулда кіндік кескен туған жеріне сағынышпен оралатын болды. Шағын оқиғаға құрылған әңгімеде өмір мен өлім туралы, бүгінде жоғала бастаған бауырмалдық туралы философиялық мәселелер көтерілген. Оқиға өмірден алынған шынайылығымен баурайды.

«Өлібектің әлегі» әңгімесінде жастардың жар таңдауда қателеспеуі көтерілген. Өлібек мектепте оқып жүргенде Қалампырды ерекше жақсы көретін, болашақта отбасылы болуға дейін армандайтын. Бірақ екеуі екі қалаға оқуға кеткен соң, «Көзден кеткен көңілден де кетеді» дегендей, Өлібек қалада өскен Махаббатпен танысты. Енді ол үшін Махаббаттан артық жан жоқ тәрізді. Бір үйдің жалғыз баласы Өлібек егде тартып қалған ата-анасына қарайтын келін апарайын десе, сүйген сұлуы Махаббат «Егер, қалада тұрсаң ғана тұрмысқа шығамын» деген талап қояды. Әңгіменің шарықтау шегі – Махаббатты ауылға алып қашып, басына орамал салу. Ауылға апарған соң, кемпірлердің айтқанынан шықпайды деп сенген Өлібек Махаббатты ата-анасымен таныстырамын деп алдап апарып, басына орамал салғанда үлкен жанжалға тап болады.

«Мен Әлібекті жақсы көрмеймін, студент кезде оны ақшасы үшін ғана жақсы көрдім және ешқашан ауылға келін болмаймын, жіберіндер мені», – деп қиғылық салады. Сабағын оқи жүріп жұмыс істеп, бар тапқанын сүйгеніне жұмсаған Әлібек кателескенін түсінді де: «Досжан, мына қызды қаладағы алған жерімізге апарып таста, бұдан былай бұның бет-жүзін де көргім келмейді», – деді ашулы үнмен.

Ағайын-туысын кешке ақсарбасына шақырып қойған ата-ана тығырыққа тірелгенде, анасы жол табады. Ол: «Мен адам танысам, Қалидың қызы әлгі өзіміздің Қалампырға жетер қыз жоқ, қазір үйінде. Бар да, қалай көндірсең, солай көндір, «есік көргенді емес, бесік көргенді ал» деп бабаларымыз бұрын айтып кеткендей, сол қызды алып келетін бол! Жұрт алдында бізді қарабет қылма ұлым!», – деген аналық ақылын айтады [1, 36]. Осыдан кейін 5-6 жігіт Қалампырға барып, сныптастарын бір үйде бас қосуға шақырып, Әлібектің үйіне келгенде басына ормал салады. Ауылдың қызы Қалампыр ата жолынан аттамай, айқай шу шығарып үсті-басын жұлмай, мәуелі ағаш тәрізді иіле берді.

Таңертең ерте оянған Әлібек ұйықтап жатқан Қалампырдың шашынан иіскейді. «О, ғажап! О, күдірет! Оның шашынан әжесінің қалампыр шайының иісі аңқиды. Әлібек аң-таң.

Жо-жоқ, бұл жай шайдың иісі емес-ау, бұл – алтын құрсақ аналардан келе жатқан дәстүр жалғастығының, солардан қалған тектіліктің бір белгісі болар» [1, 37]. Автордың айтпағы – жастардың ата жолынан аттамай, дәстүрлі жолды жалғауы болса, авторлық ұстаным кейіпкер сөзімен беріліп отыр. Қазақта «тең теңімен, тезек қабымен», «Ұзақтан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген аталы сөз бар. Қазіргі таңда жастардың көпшілігі өзі дұрыс танымайтын қыздарға үйленіп, арада көп уақыт өтпей қайта ажырасып жатады. Автор аналардың ақ тілегін тыңдаған баланың бақытты болатынын, олардың ақыл-кеңесін тыңдауды жастардың есіне салады. Күйдім-сүйдім деп, бар тапқанын ата-анасына емес, сүйген сұлуы Махаббатқа жұмсап жүрген Әлібектің тірлігімен уақытша сезімдерге арбалмау керектігін ескертеді. Бала күнгі махаббаты Қалампыр қанша дегенмен ата-ананың тәрбиесін алған тәрбиелі қыз, сондықтан да ол ақ

босағаны аттаған соң ешқандай қарсылық танытпай үлкендердің айтқанына көндігіп отыр. Махаббат дегеннің өзі бірін-бірі түсіну, сыйлау екенін жастар осы кейіпкерлердің ұстанымдарынан, көзқарастарынан түсінсе керек. Қазақ әңгімелерін зерттеген ғалым Р.Рүстембекованың: «Этика, мораль бүгінгі жазушылар творчествосынан үлкен орын алып жүрген мәселенің бірі. Мұның өзі моральдық жағынан азғындаған кейіпкерлер тұлғасын көркем әдебиетте әшкерелей суреттеудің қажеттілігін де танытады» [3, 50], – деген пікірін еске алатын болсақ, жазушы Махаббат пен Қалампыр сияқты бір-біріне қарама-қарасы кейіпкерлерді параллел суреттеу арқылы адамгершілік мәселесін көтерген. Әр жазушының міндеті – оқырманға ой салу болса, жазушы шағын оқиғамен жастарға жар таңдауда қателеспеуге кеңес береді.

«Далабай» әңгімесінде қалада тұрып жатқанына он екі жыл болған, отбасылы Қалабайдың тіршілігімен танысамыз. Азан шақырып қойған аты «Далабай» болғанмен, достары қалаға келіп оқуға түскен соң, Қалабай атап кеткен бұл жігіттің қалада тұрақтап қалуы да қызық. Ата-анасының «жастар оқыңдар, қазір оқығандардың заманы» деген ақылын тыңдап, қалаға келіп оқыды, оқуын бітірген соң қалада жұмыс істеп қалып қойды. Жазушы ауылда өскендердің «қуы мен шуы басым бас қалаға» үйреніп кетуі оңай еместігін Қалабайдың мына көзқарасына сыйғызған: «Көп қабатты үйлердің балкондары оған – әжесінің құрт, ірімшік салатын қалтасына, деңкиген-деңкиген денелі джиптер – құйрықты еркек қойларға, неше түрлі ірілі-ұсақты техникалар – қоңыз бен бал арасы бейнесінде елестеп, туған ауылын еріксіз есіне салатын» [1, 39].

Қалада қанша жыл жүрсе де ауылын аңсап жүретін Қалабай қаланың қатал өміріне әжесінің аялы алақанындай жұмсақтық пен мейірімнің, жылулықтың қажет екенін күн сайын сезінетін. Мектепке бара жатқан баласының қолынан тастай етіп ұстаған замандасына қарап, ауылдың еркіндік пен мейірімнің отаны екенін есіне алады. Шағын ғана оқиғаға құрылған әңгімеде ауыл мен қала тіршілігі параллел сипатталған. Ауылын үнемі ойлап отыратын кейіпкердің көзқарасынан қала өмірінің қаталдығы байқалады.

«Секеңкөк» әңгімесінің оқиғасы бала Сейсеннің атынан баяндалған. «Оңқатыны ежелден мекен еткендердің бірі – Тағай ақсақалдың ауылы. Көктемде малын төлдетіп, сары күзді қарсы алатын атақонысы. Жайлауға шығар мерзімі жеткенде адам баласын қойып, жарықтық мал да мазасызданып, жерсінбей кететіні ақиқат» [1, 42]. Осылайша, бұл ауыл күн жылына төрт түлігін алдына салып жайлауға бет түзейді. Малшылардың өмір тіршілігі, олардың көші-қон суреттері қазіргі таңда жастар шығармасында ұмытыла бастағанын еске алатын болсақ, жазушы мал жайылмаса – сәні болмайтын киелі жайлаудың құлпырған өмір тіршігіне жан бітірген. Секеңкөктің құлын кезінен бастап, бесті шыққанға дейінгі аралықтағы жайлаудағы той-тілеуде бәйгенің алдын бермейтінін тілге тиек ете отырып, атадан балаға мирас болған ұлттық ойындарға көңіл аударған. Серікжанның жан серігіне айналған Секеңкөк байқаусызда омақаса құлап, бойын тіктей алмады. Оны автор былай түсіндіреді: «Секеңкөк» аттың жұлыны үзіліп, мойыны шықты ма, әлде тіл-көз тиді ме, оны ешкім де біле алмады. Тек «Секеңкөк» аты одан сайын жаңғырып, Секең мінген – «Секеңкөк деп ел ішінде аңызға айналып кетті» [1, 52]. Қазақ халқында жаңа туған балаға бәсіре атау бар, құлын кезінен өзіне аталған жылқыны иемденетін балалар оған ерекше күтім жасайды. Әңгімеде Секеңкөк Серікжанның өмірінің бір бөлшегіне айналғаны нанымды бейнеленген. Жазушы бір кейіпкердің төңірегіндегі оқиғалармен малшылардың өмір-тіршілігінен хабар берген.

«Жаңбыр жауса екен» жинағының авторы Айгүл Жұбаныштың «Бөрте» әңгімесінің кейіпкерлері – кішкентай балалар. Оқиға автор-кейіпкердің атынан бірінші жақтан баяндалады. Ақпанның ақ түтек боранында лақтаған қара ешкі ақ лағын бауырына алмаған соң, анасы оны үйге алып келіп, 2-3 күн сиырдың сүтін беріп, кейін енесінің сүтін сауып беріп жүріп аяқтандырады. Оны автор былай баяндайды: «Бөтелкеге құйылған сүтті көргенде, Бөрте алыстан ойнақтап келеді. Біз Бөртеге оң қолын беріп амандасуды, алдыңғы екі аяғын көтеріп билеуді үйреттік. Бөртенің қылығы сондай тәтті еді...

Бөрте мені таңертең мектепке шығарып салады, түсте күтіп алады. Үйге келе жатқанымды көрсе, маңырап, алдымнан жүгіріп

шығады. Бізбен бірге ойнайды, тіпті сенсеңіз, көлге де еріп баратын. Бөртенің қылығына, сүйкімділігіне көршілеріміз де қызыға қараушы еді...» [1, 37].

Бір отбасының үш баласына ермек болған сүйкімді Бөрте күндердің күнінде ізім-қайым жоғалып кетеді. Бір күні әкелерінің оны көрші ауылдан тауып әкелуі балаларға үлкен қуаныш сыйлағанмен, қуаныштары ұзаққа созылмады. Бірінші сыныпты үздік бітірген қызының қуанышын ауылдастарымен бөлісіп, кішігірім той жасауды ұйғарған әкелері Бөртеңі сойып қонақ шақырады.

Осы оқиғадан кейін кішкентай кейіпкерлердің ешкі етін жемейтіні, келесі жылы ақпанда туылған лаққа қарамай, теріс қарап жатып алғандарынан олардың Бөртеңің өлімін жүректеріне жақын алғаны байқалады. Ақ лағын бауырына алмағаны үшін әкесінің мал соятын пышағын қара ешкіге ала жүгірген кейіпкердің әкесіне шамасы келмегені, ақ лақты пышақтан алып қала алмағаны бала психологиясын танытса, автордың балаларға арналған әңгімесінде бала психологиясын еркін меңгергені байқалады. Оны балалардың іс-әрекеттері мен сөздерінен көруге болады.

Темірлан Қылышбектің «Қарабас», «Инелік жыры», «Дәрия», «Шам», «Жылқыбұлақ басында», «Өсек» әңгімелеріне ортақ ұқсастық – оқиғалардың өмірден алынған шынайылығы. «Қарабас» – ақ өлең үлгісімен жазылған бір беттік шағын әңгімеде оқиға жоқ. Тек автордың көңіл күй сезімдері мен ішкі монологына құрылған.

«Қарабас, қасиетті Қарабас! Сен – тауымсың, мен – ұлыңмын. Сен соны сеземісің?!

Сезесің...

Сезесің...

Сенде жан бар. Бар, оған күмәнім жоқ. Сен – асқақсың. Сен – өрсің. Ал мен ше?» [1, 63].

«Инелік жылы» әңгімесінде не бары үш кейіпкер бар: Есен, шаштараз, дүкенші. Инелік, жарқанат, шегіртке, жарқанат, инелік жылдарының шілде айында шаштаразға келетін кейіпкер әр келген сайын бір жаңалықты естіп кетеді. Шаштараз өз ісінің кәсіби шебері болғанмен, оның жиі темекі тартуы, стаканға

құйылған арақты жиілетіп сіміруі мен мешіттен азан даусының естіліп тұруын автор параллел суреттеген. Арада жылдар өтсе де ешқандай өзгермеген шаштараздың тіршілігі оқырманға ой салады. Оқырманды шаштараз ең болмаса, азан дауысы естіліп тұратын қасындағы мешітке барса, өмірі өзгерер ме еді деген сауал мазалайды. «Иә, біздің қыз күйеуге шықпай екіншісіне жүкті, – осы сөзін баяу айтып, қайнап жатқан шелектегі суға қарады. Сосын ұйқыдағы дүкеншіге. Артынан стаканға ақтан құйып, тағы қылғытты» [1, 70]. Шаштараздың бір шелек ыстық суды дүкеншінің үстіне шашып жіберуінен қызының оң жақта отырып екінші балалы болатынына дүкенші баласының тікелей қатысы бар ма деген болжам жасайсың.

Екі беттік «Дәрия» әңгімесіне шешек ауруы арқау болған. Дәрия жағасындағы ауыл тұрғындары үстіне шешек шыққандарды қайыққа отырғызып, дәрияның ортасына апарып өртейтін болған. Анасының қайық үстінде өртенгенін көрген кейіпкердің төсіне де анасының тұла бойын жайлаған қара қотыр шығыпты.

«– Шеше! – Көз алдында асылы өртеніп жатыр.

– Әке! – Асқар тауы шарасыз отыр.

– Тәңір! – үнсіз.

– Неге?» деген сауалдармен автор кейіпкердің жан айқайын жеткізген [1, 73].

«Шам» әңгімесіне жазушы Ақыттың «Құсайын сақшы» әңгімесін қалай жазғаны арқау болған. Қытай түрмесінің басшысы Бао Цзин қазақ, ұйғыр, дүнген сияқты мұсылман халқының жазаланушыларын атуды Құсайын сақшыға тапсыратын. Өлгендердің қатарында болып, шекарадан аман өткен Исмайылдың: «Жарықтық ғұмыр бойы қара басын қатерге тіксе де, барша мұсылманның шыбын жанына араша түсіп еді. Қарттығында қал сұрауға да жарамадық қой, – деп еңкілдеп жіберді» [1, 78], – деген сөзінен Құсайын сақшы аспанға атылған оқтарды санап тапсырғанмен, ату жазасына кесілген мұсылмандарды қашырып жіберетінін түсінеміз.

«Жылқыбұлақ басында» әңгімесінде дүлдүл сәйгүлік «Марданкөк» туралы оқиғаға қанығамыз.

«Біздің ауылда не болса да, бәрі Шынарбектікі! Ең сұлу әйел де, ең еңселі үй де, ең әдемі көлік те. Енді міне, ең жүйрік жылқы да Шынарбектікі болмақ. Әкімнің өзі жиын-тойларда «Шынарбек – құдайдың маңдайынан сүйген ұлы» деп сөз береді. Ақшаны аспаннан алатындай, бар тірлігін тиынмен шешіп жүрген ауылымыздың дөкейі. Ал, Ақан ата – сол үйдің малын қарап, шайлығын айырып жүрген қарапайым қызметші» деген анықтамадан кейіпкерлер туралы мол мағлұмат алуға болады» [1, 81]. Алматыдан сатып алып, Наурыздағы үлкен бәйгеге Марданкөкті дайындағанда ол қасына Қасымнан басқа баланы жуытпағандықтан, аламан бәйгеде сәйгүлікке Қасым отыратын болып шешіледі. Тәуелсіздік тұсындағы проза туралы Р.Тұрысбек: «Тәуелсіздік кезеңінде қазақ прозасы да жан-жақты жетілу, даму үстінде көрінді. Жаңа уақыт пен қоғамдық құбылыстар, адам еңбегі мен ақыл-парасатындағы өзгешеліктер, нарықтық қатынас пен руханият әлеміндегі артық-кем көріністер ұлттық прозаның шағын, орта һәм үлкен көлемді туындыларынан айқын аңғарылды», – деген болатын [4, 40]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Шынарбек – нарықтық қоғамның ерекшелігін танытатын өмірден алынған шынайы кейіпкер.

Асау үйретем деп жүріп бір аяғын сүйретіп мүгедек болып қалған Дәулет Айторысын сойып сатқаннан кейін ішімдікке салынып, баласын да жылқы малына жолатпай қойған. Бірақ бір рет Майданкөкке отырып көрген Қасым күн санап оған қалай жақындап кеткенін өзі де білмей қалды. Жазушы ат қадірін білмейтін Шынарбектің төртінші болып мәре сызығын кескені үшін: «Өй, әкеңнің жануары, арам қат, арам қатқыр, – деді де, қолындағы темір шынжырымен Марданкөктің сан етінен бірнеше рет салып келіп қалды. Мен жылқының өкіргенін сонда көрдім. Ауыздықты қарш-қарш тістеп тіке мөңкігенде, қара жерге қайта құладым. Көзімді ашсам, жүгені мен сан етінен аққан қан жер сызып кеткен Майданкөк Жылқыбұлаққа қарай мөңкіп барады екен. Мен орнымнан атып тұра, соңынан жүгірдім. Артымнан балдағын құшақтаған әкем:

Қасым, барма онда, барма, – деп қолын бұлғап қала берді» [1, 91]. Шынарбектің «сәйгүлік емес, сілімтік екенсің» деп Марданкөктің басынан тебуінен, ері суымай, бұлақтан су ішкен

Марданкөктің тышқаншық болып өлуінен, ұзақ күткен бәйгеден бәйгесіз қалған Қасымның жаз бойы өзіне серік болған сәйгүлігін қимай кемсендеп жылауынан атқа деген құмарлығын көрсек, Шынарбектікі тек мақтан. Оған Майданкөктің өзі емес, тек бас бәйге ғана керек. Жазушы адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан даңқ пен дақыртты осы оқиға үстінде шеней білген.

«Өсек» әңгімесінің оқиғасын автор «мен бұл әңгімені ұзақ сапарда жолыққан жолсерігімнен естідім» дейді. Мақсұттың айтуымен өрбіген оқиғаға оның мектепте бірге оқыған досы Жасынның қасіретке толы тағдыры арқау болған. Мақсұт ел ішінде лапылдап лаулаған өсектің адамды өлтіретінін, қалаға барып үйлеген Жасынның келіншегі кезінде жезөкше болғанын, жесір Күләшқа жылына бір келетін еркектің оны танып қоюымен өсектің қалай өрбітініне көңіл аударған. Алақандай ауыл арасында сыпсыңдаған сөзден қашқан қарт ана содан кейін үйінен аттап шыға алмай қалса, төсек тартып жатқан қария сол жатқаннан қайта тұра алмады. Шалы қайтыс болғанда, жалғыз баласы келіп топырақ салмағанына күйінген ана, қартайған шағында төркінге көшіп кетті. Араға біраз уақыт салып қаладан келген Жасын ауыл сыртындағы жан адам аяқ баспайтын тоқал тамның есік терезесін тұмшалап, үйіне тірі пенде кіргізбей сол жерде жападан жалғыз тұрып жатты. Тоқал тамда Күләштің күйеуі Естай бөтелкелесін балталап өлтіріп, өзі асылып қалғанын білетіндер бұл жаққа қарай аттап баспайтын.

Жасын қалтасындағы бар ақшасын Мақсұтқа беріп, күніне екі шыны сүт, аптасына дүкеннен тамақ тасып беруін өтінеді. Өзінің ел бетіне қарайтын мұршасы жоқ, жезөкше қатынын, әкесіне топырақ салмағанын пыш-пыштайтындардан қашып, қараңғы үйден шықпайды. Ең сорақысы – Жасынның аурушаң нәрестесін ел көзіне көрсетпей жасырып асырауы. Бірде сүт алып келген Мақсұт Жасын дауыс бермеген соң, ептеп үйіне кіреді. Кереует үстінде қыбырлағанды көріп қасына келеді. «Жүрегім шайылып, жанына таядым. Құдай-ау, шақалақ. Жанары жұмулы. Басы денесінен әлде қайда үлкен. Құр сүйек. Жылағысы келгендей бетін тыржитады. Тек дауысы жоқ. Аяқ-қолын әлсін-әлсін қимылдатқанмен, қауқарсыз екені көзге ұрып тұр. Сәбиді қолыма алып көтеріп едім, қаңбақтай жеп-жеңіл. Қозыдай да

салмақ жоқ. Түр-әлпеті сау нәрестеге ұқсамайды. Бас сүйегі керіліп тұр. Жүрегім атқақтады. Мен білсем, бұл – Жасынның жезөкшеден туған баласы. Қаладан көтеріп келген қара сөмкесінің ішіне жасырғаны осы болса керек-ті. Жұрт көзінен жасырынып, есік-терезесін тастай тұмшалауының себебін енді түсінгендеймін» [1, 106].

Осыдан кейін алты күн бойы жан адамға жақ аспаған Мақсұт таң атпай ауыл сыртына шығып отырғанда, бейіт жақтан оң қолында күрегі, сол қолында қызыл барқыт матаның жырымы бар Жасын келе жатты. Шақалақты ораған жаялығын жазбай тануынан, өз сәбиін өзі жерлеп келе жатқан Жасынды аяуымен адам бойындағы күйініш сезімдері ашыла түскен.

Қазіргі қазақ прозасы туралы Г. Орда былай деген болатын: «Қазіргі прозаның негізгі жетістіктерінің бірі – өмірдің күнгейін емес, көлеңкелі жақтарының шынайы бейнеленуі. Сондықтан ұлттық әдебиетте әулет жүгін арқалаған қыздардың, жатырынан айрылған немесе жатырын жалға берген бейкүнә аналардың, көше кезген қаңғыбастардың, тастанды балалар мен тұлдыр жетімдердің, шалғайдағы ауылдан үлкен шаһарларға жұмыс іздеп келген жігіттер мен қыздардың шынайы өмірден алынған нанымды бейнелері жасалды» [5, 63]. Ғалымның осы пікірне сүйенетін болсақ, әңгімеге өмірдің көлеңкелі тұсы арқау болған. Жазушы бір әулеттен қалған азаматтың тағдырының тәлкекке түсуін жар таңдауда адасуынан іздейді. Тепсе темір үзетін, қалаға кеткенге дейін келбетті, сымбатты жігіттің ауылға келгенде шаштары өсіп, азып-тозып келуінен оның қаладағы өмірінің ел ойлағандай болмағаны байқалады. Әкесінің қазасына келе алмауының басты себебі – қалада тұрақты мекен-жайының болмауы болса, бұл – үлкен қалаға жұмыс іздеп келген әр қазақтың басындағы қасірет екені жасырын емес. Осылайша, жазушы бір кейіпкердің қасіретімен қазақ трагедиясын көтеруге тырысқан.

«Алтын тобылғы әдеби байқауының лауреаты Зәуре Төреханованың балаларға арналған «Біздің сүйікті қаламыз Алматы», «Ел жүрегі – ажарлы қала Астана» тәрізді шығармалары мен «Әмина Тұран көшпенділер елінде» деген тұңғыш фэнтези романы бар. Қолымыздағы жинаққа енген

«Шұбат», «Алтын балық», «Суперқаһармандар», «Құм үстіндегі ауыл», «Алма» тәрізді балаларға арналған шағын әңгімелерінің кейіпкерлері – қаладан ауылға келген бес жасар Әлия мен төрт жасар інісі Мәди.

«Шұбат» әңгімесіне Әлия мен Мәдидің ауылға бара жатып станцияда түйе көргені, атасының немерелеріне шұбат туралы айтқан әңгімелері арқау болса, «Алтын балық» әңгімесінде Әлия мен Мәдидің өзен жағасындағы балықшылардан сұрап алған «алтын балығын» үлкен әжесінің мысығы жеп қояды.

«– Енді үйде аквариум болғанын қаламаймын.

– Иә, мен де! Балықтар өзенде еркін жүргені дұрыс. Әлияның ренжігені сондай, ол күні бойы қабағын шытып, бірауыз сөз айтқан жоқ» [1, 113].

«Суперқаһармандар» әңгімесінде бір-біріне су шашып қаһарман болып жүрген балалардың қаздан қорыққанына кездессек, «Құм үстіндегі ауыл» әңгімесінде ата-әжелеріне еріп құм ішіндегі ауылға тойға баруы, «Алма» әңгімесінде олардың көрші үйдің балалары Есет пен Медетпен танысуы арқау болған. Алма жегісі келген көрші үйдің балаларын алмамен атқылаған Әлия мен Мәди оларға алманы шелекпен теріп алуларына рұқсат береді. «Біраздан соң көрші балалар екі шелекті арқалап келді. Әлия мен інісі оларға алма жинауға көмек берген соң, шелектері алмаларға тез толды» [1, 119].

Жазушы аталған әңгімелерінде қаладан ауылға келген балалардың әр затқа таңырқап қарауымен бала психологиясын ашуға тырысқан. «Балалы үй – базар», «Бала тілі – бал» екенін олардың сөздері мен қылықтарынан көруге болады.

Тарихта болған оқиға ізімен жазылған Бауыржан Бөгенбайдың «Шашамбай болыстың өлімі» әңгімесі Қарауылдағы 15 ауылдың иесі Шашамбай болыс туралы. Жыланшық жағалауынан ұзап бара жатқан қалың көшті бастаған Шашамбай: «Иә, алла... діттеген жерге шығынсыз жеткізе гөр...» – деп, ішінен күбірлеп, Тәңірінен тілеуін тілеп келеді».

«Ертеңгі күні түс ауа Шашамбай болыстың жайлауға беттеген көші Торғай бойына кеп ат басын тіреді. Бұндағы жамағат алты ай қыс көрмей сағыныштан сарғайған ағайындарын көріп, мәресәре күй кешуде. Әр киіз үйде қонағасы беріліп, тамылжыта

шырқалған ән де естіліп қалып жатыр арасында» [1, 157]. Қыстан аман шыққан ағайын бес күн бойы бір-біріне қонакасы беріп қимастықпен қоштасады.

«Қарауыл төбеде» түрлерін бет пердемен жасырып алған ұрыларды Ақмоншақ атпен қуған Шашамбай оққа ұшып мерт болады. Танаш батырдың айтуымен Манатай мен жылқышылардың үлкені Жаманды ел аралатып, болыстың қазасы туралы дерк жинауға аттандырады. Бір ауылда асық ойнап отырған балалардың ішінде сары баланың «Шашамбайша қатырайын асығын» деген сөзін естіген Жаман баланы сөзге тартады. Мақтау сөзге еліріп алған бала: «Біздің ауылдың пәленше, түгенше деген ұрылары Шашамбай деген кісіні атып өлтіріпті», – дейді. Осылайша Жаман арғын Аққошқар бидің елінен шыққан ұрылардың сыбысын біліп елге қайтады. Наурызбай бастаған жоқшылар қыпшақ Шашамбай ердің құныкерлерін іздеп Аққошқар биге келеді. Би «Шашамбай шашасына шаң жұқпаған тұлпар, әуелей ұшса сұңқар болатын» болыстың құнын төрт ердің құнымен бағалайды. Аққошқар бидің бұл шешіміне тандана сұрағандарға ол былай жауап береді:

«О, тоба! Мен ұқпайды дейсіңдер ме соны? Бәрін де түсінем. Сендер әлгінде жас жігіт деп отырған Наурызбайдың ашына сөйлегенде қос иығында екі жолбарыс маған тап беретіндей айбарын төкті емес пе?! Иәәә, сендер бақыламадыңдар оны, ал мен көрдім. Мені жейтіндей тап бергенде, сөз таппай састым. Сосын ештеңе сезбегендей, айлаға бастым. Екі ердің құнын төлейік дегенім де сондықтан. Ал, Наурызбай төрт ердің құнын сұрағанда, бірден келістім. Өйткені Шашамбайдың бір басы, мың басқа татырлықтай ер еді. Міне, мәселенің мәні қайда жатыр...» [1, 170]. Үзіндіден көріп отырғанымыздай, сөз ұстаған билер мен көсемдерді қолдап жүретін киесі болады. Алла аузына сөз салған Жамбылдың қызыл жолбарысы сияқты, Наурызбайдың да екі иығында отырған жолбарыс – оны желеп-жебеуші киесі. Жазушы сөзге тоқтаған қазақ халқының негізгі ерекшелігін сөз ұстаған билердің қара қылды қақ жаратын әділетті шешімдерімен түсіндірген. Аққошқар бидің шешімін бір елдің тізгінін ұстаған марқұмның басын қадірлегені деп түсінген жөн. Сонымен бірге

балалы үйдің ұрлығы жатпайтынын, асық ойнаған балалардың құныкерлерді ұстап беруінен көреміз.

Мирас Әбілдің «Тілсіз жау» драмалық шығармасына Мұхтар, Сәбен, Ғалия, Полигон, Жанұзақ, Ертай тәрізді санаулы кейіпкер қатысады. Драмалық шығармаларда тартысқа көп көңіл бөлінетін болса, бұл туындыдан шиыршық атқан тартысты байқай алмаймыз. Автор бір ауылдың 5-6 тұрғынымен адам баласының ниеті бұзылғанын көрсетуге тырысқан. Өзекті ауылын өрт орағанда, Сәбен мен әйелі екеуі Мұхтардың сиырын ұрлап сойғанмен, көшіп кеткен соң қорасының артынан табылған тері айғақ болып түрмеге қамалса, ауыл арасына машина мініп жүретін әкімнің орынбасары Жанұзақтың Мұхтарды күйік шалғанда, оны жылдам ауруханаға жеткізудің орнына «бензин қымбат еді» деп қипақтауынан адамдардан мейірімнің кеткені байқалады. Автор айтпағын кейіпкері Мұхтардың аузына салған: «Табиғаттың өрті жанар, сөнер, адамзаттың өрті келе жатыр, оны кім сөндіреді. Тілсіз жауға төтеп бере алар кімнің бар?» [1, 182].

Ауыл дәрігері ауырғандардың барлығына полигонның кесірі деген диагноз қойған соң, өз аты ұмытылып «Полигон» аталып кетеді. Енді бүкіл ауыл өртке оранған соң, оларға қаладан пәтер беріп, жұмыспен қамтамасыз ететін кезде азан шақырып қойған есімімен Дәулет атанғалы отыр. Шығармадағы әр кейіпкер белгілі міндет атқарып тұрғанын қырыққа келсе де елдің бәрін суретке түсіріп жүретін ақыл есі кем Ертай – полигонның зардабын тартқандардың жиынтық бейнесі болса, ауылды өрт орап жатқанда ауылдағы жалғыз телефонға жабысып отырған Жанұзақ – ауыл басшыларының жиынтық бейнесі. Кішкентай ауылда пультпен басқаратын машина мініп, таяқ тастам жерге көлікпен баратын ол ел үстінен күн көрген атқамінерлерді еске салады. Ел қамын ойлайтын Мұхтардың өртті сөндірем деп жүріп күйік шалып, өмірден өтуі оның көптің қамын ойлайтынын, елі мен жері үшін бәріне дайын екендігін көрсетеді. Бір оқиға үстінде сынға түскен ауыл тұрғындарының артында қалған бір естелік – кезінде Ертай түсірген суреттер ғана. Ауылды өрт ораған соң, халықты қалаға көшірді, бүгінде Өзектіні тек қарлығаштар ғана мекендейді. Автор ауылды өрттен алып қала алмаған басшылар мен берекесі кеткен тұрғындарын сынға алады. Бір ауылдың

камқоры болған Мұхтардың өртті сөндірем деп жүріп күйіктен қайтыс болуы өкінішті. Автор оқырманға Мұхтар тәрізді ел камын ойлайтын енді кім бар? деген сауал тастайды автор.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазіргі таңда «тәуелсіздік құрдастары» деп аталып жүрген жастардың қысқа жазу формасын игеріп алғанын баса айтуға болады. Т. Қылышбектің 1 беттік «Қарабас» әңгімесі ақ өлең үлгісімен жазылса, 2 беттік «Дәрия» осы қатарды толықтырады. Балаларға арналған А.Жұбаныштың «Бөрте», З.Төреханның «Шұбат», «Алтын балық», «Суперқаһармандар», «Құм үстіндегі ауыл», «Алма» әңгімелерінде бала психологиясы кішкентай балалардың сөздерімен, іс-әрекеттерімен ашылған. Б. Бөгенбайдың «Шашамбай болыстың өлімі» әңгімесіне тарихта болған оқиға арқау болғандықтан, оны өмірдің көркем шежіресі ретінде қабылдауға болады.

«Шашамбай болыстың өлімі» әңгімесінен ел ішіндегі ұрыларды ауыл билерінің жазалауын көрсек, Т.Қылышбектің «Жылқыбұлақ басында» әңгімесіне бүгінгінің атақ пен бәсеке қуған байларының өмірі арқау болған. Жазушы Майданкөктің қазасымен жылқы жануарының тектілігін есімізге салса, «Өсек» әңгімесінде ауыл үйді сыпсыңдап аралайтын өсекшілердің өсегі адамды өлтіретініне көңіл бөлген. Қазақта «Сөз – бас жарады, бас жармаса, тас жарады» деген аталы сөз бар, сол айтқандай, бір әулеттің түбіне жеткен өсектің зардаптары кеше, бүгінмен бітпейтіні анық. Тұтастай алғанда, жоғарыда сөз болған әңгімелерде өткен тарихымыздан бастап, бүгінгі күнге дейінгі түрлі тақырыптағы оқиғалар қамтылған. Жазушылар өткеніміз бен бүгінімізді, ауыл өмірі мен қала тіршілігін салыстыра отырып бейнелеуде қаланың қатал тіршілігі мен замандастарымыздың бойында адамгершілік қасиеттердің жоғалуын сынға алған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өркен: проза антологиясы / Құастырушы: Ауғанбай Санақ. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 184 б.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.
3. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. Әдебиет сын-зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 176 б.

4. Тұрысбек Р. Қазіргі әдебиет. Оқу құралы. – Астана: ЖК «Дана» баспасы, 2019. – 284 б.

5. Орда Г. Сөз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ХАҚЫНДА

Муужигова Г.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

8D02304 – «Әдебиеттану» мамандығының докторанты

Сейсенбиева Э.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD, аға оқытушы

Қазақстан, Алматы қ.

Андатпа. Мақалада қазақ ертегілерінің зерттелуі туралы қазақ ертегілеріндегі қара шаңырақтың иесі, бір әулеттің ұйтқысы болған кенже баланың орны туралы да зерттеулер жүргіземіз. Біздің сап алтындай сонау ерте дәуірден жалғасып келе жатқан құндылықтарымыз, салт-дәстүріміз, тіліміз, дініміз, діліміз ХХ ғасырдың бел ортасынан бастап жат жұрттың шапқыншылығынан орны толмас ойранға ұшырай бастады. Сөйтсе де халық руханиятының сөнбес шырағындай болып келген халық ауыз әдебиетіміз, соның ішінде ертегілер, ескі жырлар тарихи жадымыздағы кейбір ұйықтап кеткен түйсік-танымдарымызды оятуға үнемі түрткі болып келеді. Сол танымның негізінде түркі жұртының бір қолдың бес саласындай бірігу үдерісі жүріп жатқаны да анық.

Кілт сөздер: Миф, ертегі, мифология, фольклор, қиял-ғажайып, батырлық эпос, тұрмыс-салт.

Кіріспе. Ертегі жанры фольклордың негізгі жанрларының бірі болып табылады. Ертегі халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни көркем проза. Ертегінің мақсаты – оқырманға тәлім-тәрбие, ғибрат, өсиет ұсынумен бірге эстетикалық ләззат береді. Жалпы, ертегінің көркем әдебиетте атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрініс табады. Сол себепті де ертегілік прозаның ең басты міндеті –

сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп оқырманға баяндау. Бұл тұрғыда ертегі шындыққа бағытталмайды. Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге, насихаттауға бағытталып, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Бұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді.

Ертегілер жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Ертегі бірнеше жанрға бөлінеді:

- 1) жануарлар туралы ертегілер;
- 2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер;
- 3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер.

Сонымен қатар, ертегілердің сюжеттері тек қазақ халқына ғана тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер кездеседі. Бұл ертегілердің көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетикалық, яғни туыс халықтарға ортақ, мәселелен түркі халықтарына ортақ болып табылады, кейбір ертегілер тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сондықтан да, қазақ ертегілерінде таза ұлттық салт-дәстүр, көшпелі сюжеттер де кездеседі.

Қазақ ертегілерінің жиналуы мен зерттелуі 18 ғасырдың 2-жартысында басталды. Алғашқы жүз жылда, негізінен, Қазақстанға Ресейден келген адамдардың кейбірі қазақ жұртының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер жинап, солардың қатарында фольклор жайында жалпылама мәліметтер жариялап жүрді. Ертегілердің көбірек жиналып, жарық көрген тұсы – 19 ғасырдың 2-жартысы. Бұл кезеңде қазақ ертегілерін ғылыми мақсатта жариялаған жинақтар да болды. Әсіресе, В.В. Радлов, И.Н.Березин, Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, Ә.Диваев жинақтарында ертегілердің көптеген мәтіндері жарық көріп, олар туралы аздықөпті ғыл. пікір айтылды. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ертегілерді арнайы түрде жариялап отырды.

Ш.Ш.Уәлиханов бастаған зерттеу ісін Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ә.Бөкейхановтар да жалғастырды. Ертегілерді ғылыми әрі ағартушылық мақсатта жинап, жария ету, зерттеу жұмысы 20 ғасырда кеңінен қолға алынды. Бұл кездерде А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедовтің, М.О.Әуезовтің,

С.Сейфуллиннің оқулық іспетті жарық көрген кітаптары, С.Мұқановтың, Б.Кенжебаевтың, Е.С.Ысмайыловтардың мақалалары қазақ фольклортануы ертегі жанрына да арнайы көңіл бөлгенін айғақтады. С.А.Қасқабасовтың қиял-ғажайып ертегілерге, Е.Д.Тұрсыновтың тұрмыс-салт ертегілерінің шығу тегіне арналған монографиялары 1972–1973 жалы баспадан шықты. С.Қасқабасовтың ертегі жанры бүкіл халық прозасы жүйесінде «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде жан-жақты зерттеліп, ертегі туралы үлкен еңбегі жарыққа шықты.

Негізгі бөлім. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері есте қалмаған ерте заманда туып, талай ғасырмен бірге жасап біздің дәуірімізге жетті. Ол өзінің қалыптасу, даму жолында көптеген өңдеу- өзгерістерге де ұшырады. Бірақ, солай бола тұрса да, қиял-ғажайып ертегілері негізгі тақырыбы жоймағаны, қайта оны жетілдіру, ажарлап айту үстінде болғаны байқалады. Мұхтар Әуезовтың зерттеулеріне қарағанда, қазақтағы қиял - ғажайып ертегілерінің алғашқы тақырыптары аңшы- мергендер, бақташы- малшылар жайында болған.

Ертегілердің классикалық типі қаһарманды басқа дүниеге аттандыру, ғажайып құралдарды табу, қиын тапсырмаларды орындау, құда түсу, жауыз күштерден құтылу сияқты композициялық бөлшектері қамтиды. Ол көбіне қаһарманның үйленуімен және таққа отыруымен аяқталады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер кездеседі, сондай- ақ тұрмыс-салтты аватюралық шығармалар да ұшырасады. Демек, ертегінің бұл түрі жанр жағынан синкретті.

Қазақтың «Ер Төстік» ертегісінің сюжеттік құрылысы өте күрделі. Ондағы оқиға бірде жердің бетінде, бірде астында, бірде бұлттың үстінде, бірде көлдің түбінде өтеді. Осындай фольклорлық классикалық шығармасы бір елдің шеңберінде шектеліп қалмайды, ол- тілі тектес, жер жағдайы шекаралас, тарихи тағдырлас көрші, туыс елдерге тарайды.

Қазақтың «Ер Төстік» ертегісі мен қырғыздың «Эр Тештук» жырының арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Қазақ ертегісі таза көшпелі халықтың сюжетте қалатын болса, қырғыз

жырында парсы, ауған ертегілерінің сюжеттерінің араласқандығын байқауға болады. Бір ғана мысал: ертегіде Ер Төстік кемпір мен шал керегеде ілулі тұрған төстікті алып асып жегеннен кейін дүниеге келсе, қырғыз ертегісінде жағдай басқаша өрбиді: «Зеңгір зеңгір таулар мен әртүрлі шөлдерден өткен Еламан мен кемпірі Баабеддин әулиенің мазарына түнейді. Еламанға түсінде қызыр кіріп, тоғыз қызғылт алма және бір қызыл алма береді. Соңғы туған ұлының атын Төстік қоюын ескертіп, оны суға салсаң батпайтын, отқа салса күймейтін ерекше батыр болатындығын айтып ғайып болады.». Ертегілерді салыстыру арқылы «Эр-Тештук» эпосы мен қазақ халқының «Ер Төстік» ертегісінің сюжеттік шығу тегі мен жасалу жолдары әр дәрежеде бірдей болуымен қатар, әр шығарманың өзіне тән ұқсастықтары мен өзгешеліктерінің бар екендігін айқын аңғарамыз.

Революцияға дейін «Ер Төстік» әр түрлі варианттарын В.В.Радлов, Г.Н.Потаниндер жарияланған. Совет дәуірінде қырғыз фольклористі Ж.Суванбеков «Эр-Тештук» «Қырғыз халқының батырлық эпосы» деген еңбегін жазды (1963). «Зерттеуші «Эр-Тештук» эпосының төрт нұсқасына әртүрлі салыстырулар жүргізген, әр көркемдік сөз кестесіне жан-жақты талдау жасаған. «Эр Төштүк» эпосы көне қырғыз халқының мифологиялық әлем бейнесін жинақтаған таптық дәуірдің классикалық туындысы болап табылады. Эпос батыры жер асты әлеміне саяхатқа аттанып, құбыжықтар және алып-дәулермен соғысады, ұрланған адамдарды тұтқыннан босатып, туған жеріне қайтып оралтады. Мұндай эпикалық өлеңнің сюжеті көптеген Оңтүстік Сібір және Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтарда кең танылған. Ал қазақ, башқұр, татар және өзбек халықтарында аталмыш эпостың ертегілік нұсқалары бар [1, 61 б.].

Иран, ауған ертегілерінде түгелге жуық баласы жоқ патшаға не байға бір дәруіш келіп, қолына бір алма, не жарты алма ұстатады да, тоғыз ай, тоғыз тоғыз күннен кейін балалы болатындығын айтады. Мұнысы қырғыздың жырына белгілі бір мөлшерде парсы фольклорының әсері болғандығын байқалады. Немесе «Еламан он ұлына он қалыңдықты бір үйден табу үшін жолға шығады. Оған жолда кездескен көрместі көріп,

естімейтінді еститін сәуегей кемпір Ер Төстіктің болашақта бастан кешетін оқиғаларын айтып, Сарыбайдың он қызына құда түсіп, ең кішісі Кенжекені Ер Төстікке қосуын өтінеді». Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің сюжетіне поэтикасы мен құрылысында батырлық жырлар үлкен ықпалын тигізген болса, ауған, тәжік, парсы елдерінің ертегілерінің сюжетінде ислам дінінің ықпалын көруге болады. Әдетте сюжеттің прологында ертегі қаһармандарының кәрі ата анасы мен оның тууы туралы баяндалады: қартайғанша перзент көрмей кубас атанған кемпір мен шал құдайдан бала сұрап, әулие әнбиелердің басына түнеп жалбарынады.

Мұрагерлік құқық аса қатты дәріптелетін ертегілердің бірі - «Ер Төстік» ертегісі. Ертегінің негізгі идеясы – адам баласына қастандық жасаушы жауыздық күштерге қарсы күресу, оларды қарапайым адамның қалайша жеңгенін көрсету [2, 106 б.]. Алайда осындай ауыр міндет Ер Төстіктің мойнына артылады. Қаһарманның, ең алдымен, жасайтын ерлігі ағаларын құтқарып әкелу болмақ. Ер Төстік бұған бөгде адамдардың араласуынсыз өзі барып, жеңіске қол жеткізеді. Демек, бұл кейіпкердің өз бетімен жасаған үлкен әрекеті. Оның алдында тосылып тұрған сынақтардың бастауы десек те болады. Кенже ұлдың күмәнсіз басқалардан артықтығы осыдан көрінеді.

Ер Төстік өзінің қанғып кеткен сегіз ағасын жалғыз іздеп шығады. Бұл жолда ол көптеген қиындықтарды бастан кешіреді де, ағаларын тауып әкеледі. Ер Төстіктік бұл ісі ертегіде батырлық әңгіме ретінде алынады.

Дүниедегі ең күшті алып самұрық құс қаншама мықты болса да, жыл сайын Әкесі Ерназар Төстік пен сегіз ағаларына қалыңдық іздеп жүргенде, сегіз ұлым бір төбе еді де, Төстігім бір төбе еді деп сырын ақтарып салады. Әкесінің Төстікке үміт артатыны, оны басқаларынан артық көретіні байқалады. Ер Төстіктің айдаһарды шойын құлақты жеңуі оның батырлық бейнесін кеңінен аша түседі.

Қорытынды. Қорытындылай келе, ертегілердің тәрбиелік, көркемдік, танымдық қуаты төтенше. Ертегіні көп оқып, содан тәлім – тәрбие, өнеге алмаған бала ел тарихын, оның сан заманғы фантазиясын, келешектен күткен арманын ұғып, соған өзі қандай

үлес қосуға тиіс екенін түсіне алмайды. Қазақ фольклорында ертегіге тең келерлік өнер кем. Өйткені ол – халықтың психологияның көрсеткіші.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайыпов С. Т. Проблемы поэтики эпоса «Эр Тештук» – Фрунзе: Илим, 1990. – 320 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 2014ж. – 272 б.
3. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2017. – 264 б.
4. Қасқабасов С. Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы. – Алматы, 2011ж. – 317 б.
5. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 2008. – 320 стр.
6. Шахажанова Г.К. С.Қасқабасов – фольклортанушы ғалым. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Павлодар, 2023. – 154 бет.

БҰҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Серікжанова М.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

8D02304 – «Әдебиеттану» мамандығының докторанты

Сейсенбиева Э.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD, аға оқытушы

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі бұқаралық әдебиет жанрының зерттелуі мен ерекшеліктері туралы жазылады. Авторлар ғылыми мақалада бұқаралық әдебиеттің шығу тарихына теориялық түсініктер мен шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын қарастырады. Сонымен қатар, мақалада қазіргі бұқаралық әдебиеттің жанрлық өзгерістері контекстіндегі интерактивті әдебиет ұғымына да түсінік беріледі

Кілт сөздер: бұқаралық әдебиет, беллетристика, классикалық әдебиет, детектив, фантастика.

Кіріспе. Бұқаралық әдебиеттің басты шарты шындықтан алшақтау және конформизмінің даму алғышарты болып табылады. Бұқаралық әдебиеттің жанрлары өмірдің жеңілдетілген түрі. Бұқаралық әдебиетте манипуляция сөйлем және түсінік негізінде пайда болады. Жалпы, бұқаралық әдебиет дегеніміз не деген сұраққа жауап іздеп көрейікші: бұл бұқара оқитын әдебиет пе, әлде бұқара қолданатын өнім бе? Бұқаралық әдебиет бұл алдымен нарықтық термин. Себебі, бұқара оқырманның сұранысына ие тақырыпта жазылатын шығармалар. Бұқаралық әдебиет жанрының ең алғашқы түріне Даниель Дефоның «Робинзон Крузо өмірі мен таңғажайып оқиғалары» атты романын айтуға болады. Сол уақытында романның құны ер адамның костюмі немесе жылқының жарты бағасымен бірдей болса да, оны тез арада сатып алып көпшілік оқырман қызығып оқыды. Осы тұрғыда бұқаралық әдебиет жанрының шығармалары тілі қарапайым, қарабайыр, бір оқығанға жеңіл әрі тез ұмытылатын шығарма деп баға берілсе. Д.Дефоның «Робинзон Крузо өмірі мен таңғажайып оқиғалары» атты романына үш ғасыр уақыт өтсе де, Робинзонның қызықты оқиғалары әлі күнге дейін оқырмандарды жалықтырған емес. Ал, романның басты кейіпкері Робинзонның таңғажайып тарихының шынайы деректі негізі бар екенін бірі білсе бірі біле бермейді. Бұқаралық әдебиеттің жалпыға ортақ сауаттылық заңы туралы алғаш 1870 жыл Ұлыбританияда бұқаралық оқырманның әлеуметтік құрылымын қамту қажеттілігінен туындағаны айтылады. Алайда кейбір жағдайда бұқаралық әдебиет жанрында өзгешеліктер болып тұрады. Ол бір шығарманың ішінде бірнеше жанрлар көрініс табуы мүмкін. Бұндай жағдайда кейде тіптен классикалық әдебиет жанры шығармасында да бұқаралық әдебиеттің көрінісі болуы ықтималдығы бар.

Жалпы, бұқаралық әдебиет көбіне мәдениет пен әдебиеттің даңғыл жолдарынан хабары жоқ, қарапайым оқырманның сұранысына орай жасалады деген пікірдің өзіне де кей жағдайда келіспеуге болады. Себебі, бұқаралық әдебиеттің өз дәуірінің әдеби процесіне белсене араласуы – әлеуметтік және мәдени өзгерістердің белгісі болып табылады. Бұқаралық әдебиеттің өзінің жанрлық, тақырыптық мызғымас канондары бар, оның

ішінде белгілі бір сюжетті схемалар негізінде құрылған, типті кейіпкерлері көрініс беретін прозалық шығармалардың формальды модельдері де болады. Композициялық стереотиптер, эстетикалық шаблондар бұқаралық әдебиеттің барлық жанрлық-тақырыптық белгілерінде (детектив, триллер, мелодрама, криминал, фантастика, фэнтези, шытырман-тарихи романдар және т.б.) көрінеді. Осылайша оқырмандардың сұранысы бойынша жазылған шығармалар дүниеге келе бастайды. Қазақ әдебиетінде кітап жарнамасы болмағандықтан, бұқаралық әдебиет жанрлары бізде қазір интернетте көрініс таба бастаған секілді.

Негізгі бөлім. Бұқаралық әдебиет туралы қазақ жазушыларының да пікір-көзқарастары әртүрлі. Мысалы айтар болсақ, классик жазушы Мұхтар Әуезов бұқаралық әдебиетті халықтың мәдени және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңызды құралы ретінде қарастырса, Ғабит Мүсірепов бұқаралық әдебиеттің әлеуметтік маңызына назар аударып, оның халық арасында таралуының қажеттілігін айтқан болатын. Сонымен бірге, қазіргі заманауи қазақ жазушылары да бұқаралық әдебиетті бір жағы жастардың рухани тәрбиесі мен мәдени білімін арттыруда үлкен рөл атқаратынын жеткізеді.

Жазушы, ғалым, аудармашы Д.Мәсімхан М.Әуезов пен Лу Шүн шығармашылығын салыстырмалы зерттеуінде бұқаралық әдебиет туралы былай деген: «...әдеби ортаға «елді қорғау әдебиеті» және «ұлттық төңкерістік соғыстағы бұқаралық әдебиет» деген секілді саяси ұран тасталды. Яғни ендігі әдеби тірлік осы екі бағытта болуы керек болды» [1, 102 б.].

Юрий Лотман бұқаралық әдебиетке қатысты өз пікірлерін «Культура и взрыв» және «Семиотика кино» сияқты еңбектерінде білдірген. Ғалым Ю.Лотман аталған еңбектерінде мәдениет пен әдебиет арасындағы байланысты, әсіресе бұқаралық мәдениеттің әсерін зерттеген. Ю.Лотман бұқаралық әдебиетті мәдени кодтың бір бөлігі ретінде қарастырып, оның халықтың эмоционалдық және әлеуметтік дүниетанымын көрсету қабілетін ерекше атап өткен. Ол бұқаралық әдебиеттің мазмұны мен түрлеріне, әсіресе, мәдениетаралық диалогқа әсерін зерттеп, талдай отырып, оның қазіргі қоғамдағы рөлін ерекше назарда ұстаған болатын.

Ю.Лотманның пікірінше, бұқаралық әдебиет қарапайым халықтың күнделікті түршілік өмірін, тілін және мәдениетін көрсетудің маңызды құралы болып табылады деп пікірін білдірген.

«1990 жылдардың аяғында айқын мәдениеттің кейбір түрлерінде маргинализация және коммерцияландыру болды. Әдебиет қазіргі заманда бұқаралық коммуникация арналарының біріне айнала бастады. Жаппай тұтынуға деген көзқарас әдебиетті көркем бейнелеудің нақты құралдарын, арнайы эстетикалық кодты қолдануға мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда бұқаралық әдебиет мәселесі мәдениет әлеуметтануының кең ауқымға, атап айтқанда әдебиет әлеуметтануы контексіне енуде» [2, 5 б.] – деп М.А.Черняк әдебиеттегі жаңа әдеби жанрлардың пайда болуы мәтінде интерактивті стратегияларды қолдануға бағытталғанын атап айтқан. Ал, интерактивті әдебиет жанрының пайда болуы қазіргі оқырманды көркем шығарманы оқуды жеңіл әрі көңіл көтеруге бағытталып барады.

Бұқаралық әдебиеттің бұрынғы жанрларын салыстырмалы тұрғыда қазіргі әдеби жанрлармен қарастыратын болсақ тіптен жарамсыз деп айтуымызға болады. Себебі, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында детектив, фантастика, фэнтези сияқты роман түрлері сол ғасырда ғана дами бастады.

Бұқаралық әдебиет уақыт өте келе өзінің өзектілігін жойып, оқырман ұмыта бастайды, ол қайта оқуға, эстетикалық қазына ретінде сақтауға арналмаған. XIX ғасырдың соңында детективтер мен шытырман оқиғалы романдарды, мелодрамаларды «бір реткі әдебиет» немесе «вагонды беллетристика» деп атағандары бекер емес болар.

Біз осы жанрдың контекстінде ойын-сауық компонентінің болуын лексикалық деңгейде растаймыз: интерактивті әдебиет – бұл ағылшын тіліндегі «интерактивті фантастика» ұғымының орыс тіліндегі аналогы, ол ағылшын тілінен аударғанда интерактивті фантастика дегенді білдіреді.

Жаппай тұтынуға деген көзқарас әдебиетті көркем бейнелеудің нақты құралдарын, арнайы зерттеуді қажете ететін эстетикалық кодты қолдануға мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда бұқаралық әдебиет мәселесі мәдениет әлеуметтануының, атап

айтқанда әдебиет әлеуметтануының кең контекстіне зерттеуді қажет ететін әдебиеттің бір жанры.

Қазіргі жаһанадану заманында, өнер туындыларын жарыққа шығару мен жарнамалау, таратудың негізгі кеңістігі нарық болып табылатындықтан, қоғамның талабы бұқаралық әдебиеттер мәдени нормалардың тасымалдаушысы гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында да, көркемдік тәжірибеде де рефлексия тақырыбына айналады.

Бұқаралық әдебиет – бұл кең аудиторияға арналған, көпшілікке түсінікті және қолжетімді түрде жазылған шығармалар. Ол әдебиеттің бір түрі ретінде әлеуметтік, мәдени, экономикалық контекстте маңызды рөл атқарады. Бұқаралық әдебиеттің ерекшеліктері мен оның қоғамдағы орнына тоқталар болсақ. Бұқаралық әдебиеттің ең басты ерекшелігі – оның кең жұртшылыққа түсінікті болуында. Шығармалар қарапайым тілмен жазылады, күрделі әдеби терминдер мен концепцияларды қолданбауға тырысады. Бұл оны әр түрлі жастағы, білім деңгейіндегі адамдар үшін оқуға жеңілдік береді.

Бұқаралық әдебиет жанрлары өте көп, оған роман, повесть, әңгіме, поэзия, эссе, детектив, фантастика, романтика және тағы басқа да жанрларды жатқызамыз. Сонымен қатар, бұқаралық әдебиет тақырыптары да әр алуан болып келеді: махаббат, достық, әлеуметтік мәселелер, табиғат, тарих, ғылым және т.б. Тақырыптың әртүрлілігі де оқырмандардың шығарманы оқу қызығушылығын арттырады. Жалпы алғанда бұқаралық әдебиет жанрлары көбінесе коммерциялық мақсатта жазылып, таратылымы жағынан да оқырманға тез жетеді. Авторлар мен баспалар оқырмандардың назарын аудару үшін қызықты сюжетті, тартымды кейіпкерлерді және динамикалық оқиғаларды пайдалануға тырысады. Бұл бір жағынан әдебиеттің коммерциялық табысы мен сұранысын арттырады. Осы тұрғыда кітап жарнамасының да ролі ерекше болады. Қазақ әдебиетінде кітап жарнамалау әлі де болса артта қалып отыр.

Бұқаралық әдебиет жанрлары қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді қозғап, қоғамның келеңсіз мәселелерін ашық айтып, көрсетуі де мүмкін. Оқырмандардың назарын аудару арқылы

авторлар әлеуметтік әділетсіздік, экология, саясат, мәдениет сияқты тақырыптарға көңіл бөледі.

Сонымен қатар, бұқаралық әдебиет классикалық әдебиетпен де қатар, әдебиеттің дамуында маңызды рөл атқарады. Ол жаңа таланттарды ашады, әдеби эксперименттерге жол ашады және халықтың әдебиетке деген қызығушылығын арттыра түседі.

Қорытынды. Бұқаралық әдебиеттің барлығының көркемдігі төмен деп кесіп айта алмаймыз. Александр Дюма, Агата Кристи, Джек Лондон сынды жазушылардың шығармалары да өз заманында бұқаралық әдебиет ретінде қабылданған. Бірақ бүгінде классикаға айналды. Артықшылығына тоқталар болсам, ең алдымен, тілі қарапайым да түсінікті. Бұл әсіресе әдебиетке енді ғана қызыға бастаған адамдар үшін маңызды. Қызықты сюжет, динамикалық оқиғалар мен тартымды кейіпкерлер бұқаралық әдебиеттің басты артықшылығы. Ол оқырманды бірден баурап алып, оқуға деген ынтасын арттырады. Сосын көбіне оқырманның эмоцияларына әсер ететін оқиғаларға негізделеді. Эмоция тапшылығы белең алған заманда бұл да адамға аса қажет. Ал енді кемшіліктеріне тоқталар болсақ, ең бірініші, әдеби стильге көнбейтіні. Тіл көркемдігі мен ой тереңдігіне де көңіл бөліп жатпайды. Бұқаралық әдебиет көбіне трендтерге сүйенетіндіктен, тез баурап, тез ұмтылады. Бүгінгі өкілі ретінде Пауло Коэльоны атар едім. Алайда қандай да бір талантты жазушының қолынан шыққан шығарма болса, өтпелі құбылыс күйінде қалмай, уақыт сынынан сүрінбей өтіп, классикалық туындыға айналады деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, бұқаралық әдебиет адамдарды шығарма оқуға қызықтырады десек қателеспейміз. Бірақ сапасыз шығармалар кең тараған сайын, оқырманның талғамы төмендеп, күрделі әдебиетті қабылдау қиындайды. Қоғамдық сұранысқа жауап беру әрдайым сапаны төмендетеді дей алмаспыз, бірақ қандай да бір мәдени өзгерістерге әсер етуі мүмкін. Бұл процесті Платонның «Миф пен шындық» теориясы арқылы түсіндіруге болады. Егер адам мифтен (жеңіл әдебиеттен) ары қарай тереңдікке ұмтылмаса, ол иллюзия әлемінде қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәсімханұлы Д. Мұхтар Әуезов және Лу Шүн. Монография. «Балалар әдебиеті» баспасы. Алматы: 2007. – 356 бет.
2. Черняк М. А. Массовая литература XX века: учеб пособие. – М.: Флинта: Наука, 2007.
3. Кузьмина Н.А. Интертекст тема с вариациями: Феномены языка и культуры в интертекстуальной интерпретации. Монография, М.: 2018. – 272 стр.
4. Лотман Ю. М. Культура и взрыв. - М.: Гнозис; Издательская группа «Прогресс», 1992. – 272 стр.
5. Кветна И. ARG в литературе: вирусный маркетинг на службе писателей. –[Электронный ресурс]: <http://blog.orz.com.ua/arg-v-literature/>.
6. Урусинов Д. С. Эволюция жанра «interactive fiction»: от нелинейного романа к текстовому квесту // Жанрологический сборник. – Вып. 1. – Елец: ЕГУ им. И. А. Бунина, 2004. – С. 132 – 138.

ЕРЖАН АЛАШТУҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Асқар А.Қ.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің І-курс магистранты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Тәуелсіздік кезеңінде әдебиетке келген шоғырда айрықша дараланған, рухты да өр жырларымен көпке танылған, дара дарын Ержан Алаштуғанның шығармашылығын зерделеу қазіргі және келешектегі қазақ әдебиеті үшін өзекті. «Алтын көпірліктер» буынының алдаспанына айналған тау тұлғаның, биік парасат иесінің сан арналы шығармашылығы терең танымды, жан-жақты талдауды қажет етеді. Оған қоса, ақынның көп жылдарының «қолдан бұғатталып», қилы тағдыр кешуі, өзге қаламдастарынан мүлде өзге ғұмыр соқпағын жүріп өтуі бұл зерттеудің маңыздылығын арттыра түседі.

Ержан Алаштуған – ақын, тәржімашы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Е.Алаштуған «Тақсыр, Күн!», «Толағай-Талай», «Ашиналардың аспаны», «Номад» (орыс тілінде), «Жалғыз аспан» жыр жинақтарының, «Тарақ таңбалы тарлан», «Әуезов әлемі», «Акселеу биігі», «Ұлттың ұлы ұстазы», «Дәстүр мен даналық», «Жауһар жәдігер» сынды танымдық еңбектердің, «Қазақ қала құрылысының тарихы немесе сәулеткерлік сәулесі» монографиясының авторы. Сонымен қатар,

қалам иесінің «Қазақ әдебиетіндегі» «Алпауыт ақындар», «Жаһан жыры» айдарларындағы әлем поэзиясы жауһарларын ана тілімізде сөйлетіп, қазақ әдебиет кеңістігінің өрісін кеңейткен жанкештілігін де айтпай кетуге болмас. Бұл – қаламгердің отандық, халықаралық антологияларда жарық көрген туындыларын қоспағандағы еңбектерінің бір парасы ғана. Ұлтымыздың әдебиетіне қалтқысыз қызмет етіп жүрген тау тұлғаның шынында да шығармашылық мұрасы кең көлемді. Ержан Алаштуғанның шығармаларына, оның көркемдік ерекшелігіне тоқталмас бұрын, ақынның тағдыр жолына, тылсым әлеміне үңілейік.

Негізгі бөлім. Өмір және өлең. Осы екі ұғымды қатар алып, байланыстыра зерттегенде ғана біз шын мәніндегі ақын тудырған өнердің, өлеңнің болмысын тап басып тани аламыз. Себебі, өлең ақын өмірінің айнасы, бәлки, ғұмырының көркем бейнесі іспетті. Жасыратыны жоқ, Алаштуғанның тағдыры да өзінің шығармашылығы секілді сан тарапты, күрделі әрі қатпарлы. Оны ақынның өзі былай баяндайды: *«Мен тұтастай от болдым. Өз отыма өзім ие бола алмадым, сол отыма өзім өртеніп кеттім. Маған саяси көзқарастарымыз үшін шартты түрде екі жылға мерзім кесті. Аяғында мұның барлығы түрмемен аяқталды. Бірақ сол екі жылым шексіздікке ұласты. Маған жүйеде 9 рет жаңа мерзім қосты. Нәтижесінде мен 14 жыл 7 ай 6 күн түрмеде отырып шықтым. Менің сол мерзімім тек 2019 жылы 28 желтоқсанда аяқталды»* [1].

Иә, «тағдырын ешкім таңдап алмайды». Адуынды ақын ғұмырының он бес жылға жуық уақытын темір қапаста өткізіп, 2019 жылы ақталып, бостандыққа шықты. Оған тікелей себепкер болған аңыз тұлға – Олжас Сүлейменов. Ержан Алаштуғанға батасын беріп, ақ жол тілеген әрі ұлы мұраттың жолына нұсқаған да осы «дегдар болмыс иесі».

Еркіндікке қол жеткеннен кейін қалам иесіне еңсе тіктеу де оңайға соқпағаны анық. Алайда ақын асқақ рухының, дара болмысының, асқаралы үміті мен сенімінің арқасында әдебиетке бұрынғыдан да биік парасатпен қайта оралды. Ержан Алаштуған расында да «Алтын көпірліктердің алдаспанына» айналған тұлға. Көпке, тіпті, әдеби ортаға, әдебиеттанушы ғалымдарға да «Алтын

көпірліктер» ұғымы таныс болмауы мүмкін. Әуелі осы ұғымның мәнін ашайық. Бұл туралы Ержан Алаштуған: *«Алтын көпірліктер деген Маралтайдың аузынан шыққан сөз. «Біз Алтын көпірлігіміз» деген. Бір мемлекет жойылды, әлі екінші мемлекет пайда болған жоқ. Міне, біз осындай алмағайып шақта, тәуелсіздік кезеңінде сандырақтап жүріп әдебиетке келдік. Мас болдық, жас болдық, аш болдық. Жатақхана, сырахана дегеніміз жоқ, өлең оқыдық. Өлеңді қағаз жоқ болса, қабырғаға жаздық. Еденге жаздық, газеттің шетіне жаздық. Қайда қалмады ол өлеңдер. Маралтай айтатын сол Алтын көпірліктер буынымыз».* Айтпай өтуге болмас, 2023 жылы Мәскеуде өткен Қазан форумында Ержан Алаштуған өз баяндамасында осы «Алтын көпірліктер» ұғымын тілге тиек етті. Талқылау барысында тәуелсіздік кезеңінде әдебиетке келген қаламгерлер буынын он бір мемлекет бірдей «Алтын көпірліктер» деп атайық деген қорытындыға келген. Ақынның айтуынша бұл ұғым қазір термин ретінде ТМД елдеріне енді.

Қынжылатынымыз, түптің түбінде бұл терминнің қазақтан бастау алғанын ұмытып, ғайыптан танып білмей қалуымыз да мүмкін. Бұл сіз бен біздің, әсіресе, әдебиеттанушылардың назарында болатын дүние еді. Дұрысында қазақ поэзиясының «Алтын көпірліктері» Маралтай Райымбекұлы мен Әмірхан Балқыбектен басталып, Рүстем Есдәулетпен аяқталатын жиырма шақты қаламгер шоғыры. Міне, осы бір өкілдердің ерегі, дара болмысты, қайсар ақыны, алдаспаны Ержан Алаштуған екені даусыз.

Алаштуғанның шығармашылығы рухты да батыл үнімен, көркем сөз дестесімен, ой еркіндігімен ерекшеленеді. Ақын өзі тәлім алған «құтханасында» жүргенде-ақ әдеби ортаға кеңінен танылған еді. Оны өзгеден ерек етіп танытқан ақынның дара дарыны, рухты болмысындай асқақ жырлары болды. Оның небәрі 22 жасында жазған «Серт» атты өлеңіне зер салайық:

*Жырдан жылу іздеген, бірімін гой бағы аздың,
Жиып тастап отырмын қиындысын қағаздың.
Араздасқам түнменен, маған енді таң үлгі!
«Ақ тебен ғып қаламды, жібек жіп қып қаныңды,*

*Жамасаңшы», - деп тұр-ау, ~ «жырыңдағы жыртықты»,
 Ашулы еді әлгінде, күлімдейді күн тіпті!
 Алғыр, жаңа ырғақ бар, мақам да бар тым көне,
 Айы туса оңынан, жыртылады жыр неге?!
 «Ашына», - деп, - «Шолпанмен», болды ма екен Ай да араз?!
 Ай мен Нұрды айтпай-ақ, Алашқа да пайдам аз!
 Алашты да жыр еткем, ап шықсам деп түнектен,
 Аруды да жыр еткем, ән суырып жүректен,
 Аққайыңды жыр еткем, самал сүйсе,дір еткен...
 Жарытпады жыр болып... көз тиген,я,тіл өткен!
 Ақын болып ішімнен, актер қылдым сыртымды,
 Аймалады періште, кезек күтіп жын тұрды.
 Арманымды түр-түрлі, абыройсыз құлқынды,
 Жыр етіп ем,жыртылды! Тия алсамишы күлкімді...
 Ақ қағазға шатпақтап, жырта~жырта терлегем,
 АРҒА ЖАЗАМ ЕНДІ ӨЛЕҢ АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕНЕН! [2,33]*

Тамсандырмай, таңғалтпай қоймайтын тарпаң туынды!
 Осы жырда ақынның өлең өлкесінде өзіне мұрат етіп алған миссиясын аңғарамыз: «АРҒА ЖАЗАМ ЕНДІ ӨЛЕҢ АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕНЕН!». Өлеңдегі жырдан **жылу** іздеу, жырдағы жыртық, жырдың жыртылуы біз естімеген тосын тіркестер, дара толғамдар. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады: түнмен араздасу, таңды үлгі ету... Алаштуған бұл өлеңінде кейіптеуді шебер қолданған: күнді ашуландырады, күнді күлімдетеді. Ай, күн, Шолпанға жан бітіріп онымен тірі жан иесіндей тілдеседі. Біз назар салатын тармақ: *Қалам~ақ тебен, қан ~жібек жіп*. Ақ тебенге жібек жіпті сабақтап жыртықты жамағандай, қаныңмен қаламның басын қосып жырыңның жыртығын жамау. Ерек ой! Өлеңді осындай ұшқыр қиялмен, көркемдік тәсілмен өре отырып, ақын өзі өмір сүріп жатқан реалды әлемді, ондағы жайтты да қатар жырлайды: *Ай мен Нұрды айтпай-ақ, Алашқа да пайдам аз!* Сонымен қатар өлеңді көркемдік тұрғыдан тұтас етіп тұрған ой беріктігіне де үңілу қажет. Әр тармақта ақын ойы дамып, түрленіп отырады әрі өзара берік байланысын сақтайды.

Талдай келе, Алаштуғанның «Серт» өлеңі көркемдік қуаты зор, түрлі тәсілдер шебер пайдаланған тұтас туынды екеніне көз жеткіздік.

Келесі, каламгердің «Сегіз сөз» (өсиет) өлеңіне тоқталайық. Жырдың бір шумағына үңілсек:

*Сұрме ғұмыр Ұлт үшін жалын атпай,
Сақта Ұжданын ұлықтап, Арын ақтай,
Сал жаныңды, Рух сайла, жанып оттай,
Сенен басқа Қазақтың бағы жоқтай,
Сайын Дала бір бүтін Шаңырақтай! [3,81]*

Аталған өлең әр шумағы бес тармақтан құралған сегіз шумақтан, 11-12 буыннан тұрады. Әр шумақ өзара ұйқасқа құрылады. Бұл туындының тек сыртқы формасы. Ішкі мәніне үңілсек бұл автордың өзінен кейінгі буынға айтқан өсиетіндей, асыл ғұмырында жадында жаңғыртып, арманындай әлдилеген ұлы мұраты іспетті. Аталмыш туындыда аллитерация тәсілі қолданылған. Айта кету керек, Алаштуған жырларынан аллитерация мен ассонансты мол ұшыратамыз. Бұл туындының көркемдігін одан сайын арттырып, әсерлендіреді. Алайда ақын көркемдегіш құралдың жетегінде құр кетпейді. Мұнда ой өз өзегінен, бағдарынан мүлде ажырамайды.

Ержан Алаштуған поэзиясында рухты жырлардың еншісі мол, әрине. Десе де, оның шығармалары тек осы тақырыпты қамтиды десек қателесеміз. Жоғарыда айтқандай, Алаштуғанның шығармашылық мұрасы күрделі әрі қатпарлы, сан тақырыпты.

Лирика жазбайтын ақын болмайды. Себебі нәзік те сыршыл сезім әр адамның болмысында әу бастан қоса жаратылған. Ал ол сезімнің ақынның бойында біз есептей алмайтын мөлшерде еселеніп тулап жататынын жоққа шығара алмаймыз.

Ержан Алаштуғанның шығармашылығының арынды бір саласын оның аудармалары құрайды. Ақын ұлы мұратты арқалап жүріп арнайы «Қазақ әдебиетіндегі» «Алпауыт ақындар», «Жаһан жыры» айдарларында әлем поэзиясы жауһарларын ана тілімізде сөйлетіп, оқырман қауымға ұсынды. Бұл – қазақ әдебиеті үшін зор табыс.

Аудармада біз назарда ұстау керек шарт бар. Мұны ақын былайша жеткізеді: *«Сөзді аудармау керек. Мәтінді аудармау керек. Ойды аудару керек»*. Ал екінші шарт «Қазақ қалай сөйлейді, мұны қазақ қалай айтар еді?» деген дүние. Екі шарт та маңызды. Осы қос талаптың да үдесінен шығып, қалтқысыз

орындалған аударманы іздесеңіз, сөзсіз, Алаштуған тәржімаларына ораласыз. Ол аудармалар ақынның төлтумасындай әсер етеді.

Мәселен Алаштуғанның орыс ақыны Сергей Бирюковтан аударған «Сағат» өлеңіне зер салайық:

*сағаттар қалай жүрмек керек
сағатты қалай білмек керек
сағатқа қалай кірмек керек
жөні бар деп ең жолы бар деп ең
әлбетте
сырт сырт
сырт сырт
сырт сырт
қалды ептеп бар ма өкпең [4,73]*

Өлеңнің «Часы» атты түпнұсқасы қалай болған екен:

*как следует часам идти
как следует идти в часах
как следует внутри часов
идти
вот так
тик так
тик так
тик так
вот так [4,72]*

Қазір әлем елдерінің өлең өлкесінде түрлі өзгерістер бар. Әсіресе, сыртқы форма, ұйқас турасында ерекшеліктер жетіп артылады. Тіпті сансыз атаусыз өлең өлшемдерінің бар екені жасырын емес. Жоғарыда аталған өлең де сол қатардан көрінеді.

Аудармаға ойысайық. Әуелі, ұйқас мәселесі. Түпнұсқаның ұйқасқа құрылмағанын аңғардық. Ал Ержан Алаштуған аудармасында ұйқас, ырғақ бар. Бұл қазақ болмысының өнердегі шебер көрінісі деп танимыз. Себебі, қазақтың өлеңі түгіл, сөзінің өзі ұйқасқа құрылып, ырғақпен айтылады емес пе!? Келесі назар аудартарлық дүние: тик так – сырт сырт. Алаштуған өлең түпнұсқасындағы «тик такты» «сырт сырт» деп береді. Мұнда да ақын қазақтың танымын ескеріп, ұлтымыздың ұлы тілінің кемелдігін танытып, болмысын бүтіндеп отырғандай сезіледі.

Қорыта айтсақ, Алаштуғанның аударма саласындағы шеберлігі мен жанкештілігі де лайықты бағаланып, ақын шығармашылығының қуатты арналарының бірі ретінде зерделенуі тиіс.

Қорытынды. Алаштың бағына біткен тау тұлғалы азамат, қазақ әдебиетінің арда өкілі, шын жанашыры Ержан Алаштуғанның шығармашылығын шама шарқымызша, өре жеткен жерге дейін ұғынуға, тануға, танытуға тырыстық. Болмысы дара, бітімі бөлек тұлғаның өлеңі де, өмірі де - аңыз. Шынында шынайы да таза, арлы, батыл Алаштуған болмысы, Алаштуған әлемі сіз бен біз алыстан көз сала тамсана қарайтын биікте.

Қаламгер биыл «Құмайын» атты романын, «Көшкін» атты жинағын (поэмалар мен либретто), «Лирика ғана» атты лирикалық өлеңдер кітабын шығармақшы. Иә, Алаштуған толдым демейтін әлі ізденіс үстіндегі, шығармашылық толысу жолындағы ақын. Олай болмағанда ше! Алаштуғанның Алашқа әрі бергенінен берері мол екеніне сенеміз.

Қорытынды ретінде, ақынның мына бір ойына зер салайық: *«Өлеңнің басты талабы жүрек қой. Қарапайым тілмен айтқанда өлең жазылатын шығарма емес. Өлең туынды ғой. Шынтуайтында, ол туындыгер жүрегінің перзенті»*. Өлеңге осындай өремен, осындай дара өлшеммен қарайтын ақын жырлары сөзсіз өз құндылығын жоғалтпай, мәңгілікке ұласпақ!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://youtu.be/z81wiOxn_VA?si=D5SsHuZE8N26NIzp
2. Алаштуған Е., Тақсыр, Күн! Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2001. - 48 б.
3. Алаштуған Е., Жалғыз аспан. Алаштуған – Алматы: Аспан, 2021. -362 б.
4. Заманауи орыс поэзиясы. Антология. Құрастырушы Максим Амелин. – Алматы: «Ар» баспа үйі, 2022. -703 б.

Б. НҰРЖЕКЕЕВТІҢ «КІНӘЛІ МАХАББАТ» ПОВЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ

Әбділәшім А.Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

І-курс магистранты

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Қазақ әдебиеттану ғылымында әйел образы мәселесі бұрыннан әңгіме болып келе жатқаны белгілі. Себебі, бүкіл тарих әйелсіз өмір жоқ екенін әлдеқашан әйгілеп қойған. «Әйел тақырыбына көркем әдебиеттің қызмет жасауы – заңдылық» [1, 213] - деп қарап, Бексұлтан Нұржекеев өзінің «әйел жайында жазуды өте жақсы көретінінің, әрі өте жоғары бағалайтынының» себебін көрсетеді. «Егер әдебиет адам баласын сезімталдыққа, шынайы сүйіспеншілікке үйретеді десек, сезімталдық пен сүйіспеншілікті әйелсіз-ақ жазу мүмкін бе? Мүмкін болсын-ақ дейік, бірақ ондай әдебиет қажет пе? Әдебиеттің тағы бір үлкен міндеті адам жанының сұлулығын, рухани тазалығын көрсету десек, оның бәрін әйел қатыстырмай қалай айтуға болады? Өйтіп айтқаның кімге әсер етеді, кімді иландырады?» [1, 213]. Тіршіліктің мәні мен сәнін, әсемдік, нәзіктік, инабаттылық секілді ең асыл қасиеттерді әйел бойынан іздеу қазақ халқы үшін қай уақыт та да кемсін қылық көрмегені анық. Оның ақиқаты әдеби шығармалар бойында менмұндалап тұр.

Әйел психологиясының небір жұмбақ құбылыстарын суреттеуге ұмтылыс және бейнелеу – прозада бұрыннан орныққан дәстүр. Әлемдік әдебиетке бармай-ақ, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов туындыларына зер салсақ, әйел психологиясының тылсым әлемі әр жағдайда әр қырынан көрінеді. М. Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімелерінің құдіреті – қайталанбас әйел жанының терең ашылуымен сабақтас. Бұл туралы ғалым-жазушы Т. Жұртбай: «...бірақ қазақ өнеріне осы бір қымсынудың астарындағы күйініш-сүйінішті, шырмалған сезім арпалысын ашып, «ұят» шымылдығын серпіп тастаған жазушы – М. Әуезов. Ол сыртқы киімді, оқиғаның ұзын-ырғасын мөлдіретіп

баяндаудан бас тартып, адамның сана-сезіміндегі жасырын құбылыстарға үңілді. Сыртқы сұлу қуыршақтан гөрі іші-сыртының ыстық-суығы араласқан, ұят пен тілек, әдеп пен нәпсі шарпысқан әйелдің бейнесін қалам арқылы тірілтіксі келді, кәдімгі адамға тән – сүйе алатын, сүйікті бола алатын, менменшіл де тәкаппар әрі кішіпейіл қасиеттерді бірдей бойына сіңірген әйел затына көркем шығарма арқылы жан бітіреді» [2, 76] - дейді.

Қашанда әйел жанының нәзік иірімдері мен қалтарыс-қабаттарын, тылсым құпияларын, өзгеше жаратылыстың өзіндік жұмбақтарын ашуды, сол арқылы әсемдік пен сұлулықты әңгімелеуді мақсат тұтқан қаламгер Бексұлтан Нұржекеев шығармашылығы айрықша эстетикалық көркемдігімен көзге түспек.

Негізгі бөлім. «Кінәлі махаббат» шығармасында автор Ұлы Отан соғысы жылдарындағы күрделі әлеуметтік, психологиялық, моральдық мәселелерді көрсету арқылы халық тұрмысынан сыр шертеді. Қазақ халқының басына үйірілген қара бұлтты бас қаһарман – Зереннің тағдыр тәлкегіндегі күренсіз күндерімен теңестіре отырып, ел басына күн туғанда, ең алдымен әйел тағдырының сынға түсетініне тағы бір рет көз жеткізеді. Бұл шығармада қаламгер шеберлігін баяндау стилінен байқаймыз. «Әдебиет поэтикасында автор мен баяндаушы бір ұғым емес. Автор да, қаһарман да, әңгімеші де баяндаушы міндетін атқара алады» [3, 90]. Бұл повесте негізгі баяндаушы қаһарманның өзі, яғни шындықты бейнелеу «ішкі монолог» аясында өтеді. Автор бірінші жақтан баяндау арқылы кейіпкердің қоршаған орта туралы субъективті қабылдауын елестетіп, шығармадағы барлық компоненттерді олардағы жекелік көңіл-күй сезімдерімен қоса құрамына алатын ұлғайтылған ішкі монолог формасына енгізеді. Әйел бойындағы физиологиялық, биологиялық ерекшеліктерді, әйел сырын оның өзіне айтқызады. Автор бұл баяндау стилін таңдау арқылы Зереннің жалғыздығын, шарасыздығын оқырманға тікелей сездіргісі келеді. Иә, жалғыздың серігі – ой, ішкі ой екені дәлелсіз шындық. Сондықтан да Зерен өз ойымен өзі болуға, өзімен өзі сөйлесуге, өзі ғана шешім қабылдап, оны да тек өзі шешуге мәжбүр. Тығырықтан шығар жол таппай жанталасқан әйел қасіреті де осы ішкі ойда, яки монологта

жатыр. Күрделі адам санасына сай стильде, тың тәсілде жазылған шығармада дауыс, ырғақ, диалог, монолог секілді өзге де көркемдік тәсілдер образ табиғаты, оның психологиясы арқылы ашылады. Ішкі ой арқылы образ логикасын дәл беруге бейім автор адамның психологиялық қалтарыстарын табиғи әрі жіті қадағалай жеткізуге шебер. Повестегі бар оқиға образ бойындағы осы шынайы драматизм негізінде өрбиді.

Бас кейіпкер Зереннің жанында балалары, ата-енесі, әкешесі болса да, осынша адамның ішінде өзін жалғыз сезінеді. Зерен өмірінде Жақыптың, Нұржанның, Имаштың, Тұраштың болу себебі «жалғыздық» деген дерттен қашу жолы секілді. Автор кейіпкердің ішкі ой ағынын оқырманға ақтару арқылы Зереннің дерті жалғыздықтан қорқуында екенін жеткізгісі келді. Сол үшін оның махаббатын жұрт – «кінәлі махаббат» деп есептеді. Ал, Зерен бойындағы бұл үрейдің пайда болуына кім кінәлі?

«Жат босағаға барып жаулық салғаным – он алтымда. Қолдарын жайып, қолтығыңнан демеп; әке-шешең иіліп төсек, жайылып жастық боп тұрса, ол кезде «махаббат» деуге мұрша қайда?»

Оған дейін шашымды әлі жөндеп те өре алмаймын ойын баласы едім. Ата-анамыздың өкіметтен қорқып оқытқанын қайдан білейік. Шікімнің қаңылтырмен жапқан қызыл кірпіш үйіне емін-еркін кіріп-шыққанымызға тап бір жұмақтың төрінде жүргендей қуанатынбыз. Жазу-сызуды меңгеріп, кітап оқуға кәдімгідей төселіп қалғам. Әсіресе жыр дастандарды жақсы көріп жаттайтынмын және, бір қызығы, екі-үш естіген жерлерімді он-оңай есімде сақтап алатынмын. Оның бәрін есепке алған әке-шеше жоқ, өздері жөн деп тапты да, жылағаныма қарамастан, Жақыпқа апыл-ғұпыл жөнелтті. Енді ойласам, өкімет араласпасын деп асыққан сияқты» [4, 189]. Міне, мәселенің басы заманынан қорыққан ата-ананың уайымында жатыр. Ойын баласы үшін ересек өмірге аяқ бастау, жат босағаға бару кейіпкер бойындағы жалғыздықтың пайда болуының алғашқы ұшқыны еді. Жақыппен отау құрып, үй болуы сол жалғыздықтың емі бола алмады. Қолы мен сөзі байлаулы келіндік өмір, ауыл арасындағы, абысын арасындағы

бітпейтін мәнсіз өсек, ер мен әйел арасындағы басына жүген салдырмас қызыл қызғаныш қайта тереңдетіп, жараға айналдырды.

«Түн ойлап, күн ойлап келген қорытындым: жар деген – Жақып емес. Жар деген әйелдің күйеуінен өзге кімі болмақ, ол жағы тағы жұмбақ. Бәдік жүрістерге бұл бағаның берілмеуі хақ, көңілім күңгірт те болса хабардар. Шын ғашық, адал жардың әңгімесін ел ішінде қай қыз естімей өсуші еді? Өзімді өле сүйген құштар ғашық менің де бір мұқтажым болды. Қозы Көрпештей көркем болмаса да, қылық әрекеті, құшақ-мейірі Қозы іспетті әлдекімнің кез келмегеніне қапа болам» [4, 211]. Қыз арманын, қыз қиялын кейіпкерлерінің аузына салғанда автордың ер азамат екенін ұмытып шығарманың ішіне кіріп, кейіпкерлермен біте қайнасып кетесіз.

Бойын үрей басқан Зереннің ендігі бар қалауы жалғыздықтан құтылу. Автор оның ашық себебін кейіпкердің Нұржанға ауған көңілімен көрсетеді. Зерен үшін сана түбінде болып жатқан тартыстар жаңа өмірмен шешім табардай көрінді. Жүректегі қайғыны, Нұржан көңіліндегі қуанышпен толтырғысы келді. Анығында солай болды, бірақ уақытша. Соғыс жылдары енді бақытқа жеткен көңілді бір сәтте қыршынан қиды. *«Уайымымыз – Нұржан. Күзден бері хабар жоқ. Жүрек күпті. Хабар жоқтар көбейіп барады. Көңіліне қаяу түспеген кім қап еді, өзімен кетсін, еске алғанның өзі артық азап, көздері жасты кәрілер, қобалжұлы ғашық жар, жүдеу-жүдеу күндер еді ғой кәпір» [4, 223].*

Бақытсыз күндер көп созылып, «жесірлігі – дауасыз дертіне» айналып енді шынайлап жалғыздықтан қашуға айналды. Сезімнің бір түкпіріне оралар деп үзілген үмітімен Нұржан есімін мәңгіге кілттеді де, жүректің емес көңілдің дегеніне жығылды. Үміті сөнген, есі жоғалған жан қалай адаспасын! Қараңғыда жалғыздықтан қашамын деп өзінің түбіне жеткенін де байқамады. Жеңілтек уақытша сезімнің соңынан Имашпен бірге от басты, ендігі жерде әлі де қалмай, шарасыздықтан Тұрашпен бас қосты. *«Мен көп қателескен әйелмін. Үлгі алатындай ештеңем жоқ. Бақыттымын деп те, бақытсызбын деп те кесіп*

айта алман. Нұржанмен бірге қартайсам, бақыттымын дер ем, ол жоқта бақытты болдым деуге қақым да жоқ.

Мен бақытымнан айрылғанымды білгенде, оның енді екінші қайтып бастапқы қалпына келмейтінін де білгем. Ол өкінішім, ол назам әлі басылған жоқ. Өлмей басылмайды да» [4, 254].

Автордың образ жасауда өзіндік ұстанымы бар. Оңай шешімге бара салмай, күрделі-қиынға құлаш ұру – жазушы қаламына тән ерекшелік. Повестегі Зереннің бір сәттік әлсіздігі нанымды ма және ол образға қандай серпін әкелді? Біздіңше, автор стандарттан әдейі бас тартып, адам деген жаратылыстың күрделі де қайшылықты болмысына ден қояды. Бір сәтке болса да салқын ақылды, ар-ұятты тұмшалап тастайтын адам бойындағы қуатты табиғи сезімдер, құштарлық оянады екен. Мұндай алды-артына қаратпайтын қуатты күштің психологиялық тереңдікпен суреттелуін М. Жұмабаев, М. Әуезов әңгімелерінен де байқаймыз. Бір жақын болған Шолпанның кейін Өзімбайдың қолын қаға алмауын, түн жарымында күйіп-жанып, өз-өзімен арпалысқан сұлудың қойшы шалды құшағына тартуын бір жағынан моральдік тұрғыдан мансұқтасақ та, адам бойындағы табиғи күшті, жаратылысты жоққа шығара алмайсыз. Зерен де осындай әлсіздікке ұрынады және осы әлсіздік оның кейінгі тағдырына да ерекше әсер етеді. Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіреті, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл кейіпкердің ішкі табиғатынан сыр берер, оның характерін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет.

Қаламгердің пейзаж жасаудағы бір тартымды ерекшелігі табиғат болмысы мен шығармадағы негізгі оқиғалық желіні сабақтастыратын мәнді символикалық параллелизмге ұмтылудан танылады. Табиғат көріністері Зереннің жан әлемімен бірлікте бейнеленеді. Суреттемелер қаһарманның ішкі толғаныстарымен сабақтас келіп, мінез танытушылық жүк көтеретін үзіктерге толымды сүйемел жасайды. Жазушы көбінесе кейіпкердің ой көгін, уайымын, өткені мен бүгінін таныстыруды Зереннің өзіне тастайды. Осылайша, Зерен көзімен суреттелген табиғат құбылыс оның ой санасынан сыр шертіп, оқырман танымында

бейнесі жасала бастайды. Кейіпкерге бір қадам жақындай түсіп, ендігі жерде бауырындай уайымдай түсесің. Жазушының негізгі мақсаты да осы – оқушы санасында кейіпкер бейнесін орнықтыру.

Жазушының табиғаттың түрлі құбылысын бейнелеудегі троптары да сырттан жапсырылған әшекей сөздер емес, сол құбылыстың болмыс-бітімін дәл беру үшін қажеттіліктен туындаған қолданыстар екенін байқаймыз. *«Қан жайлау, қарғыс атсын сені! Неғып биыл жайқалып едің? Жесірлердің көз жасына қуанамысың, жетімдердің жылаганына жетісемісің! Сенің жайнап құлпырғаның қай жоғымның орнын толтырады, адам боп өне ме о немең?!»* [4, 229].

Үзіндіде Зереннің келбетіне ішіп-жеп, олақ назар қадаған Имаш іс-әрекетінен кейінге кейіпкердің жан айқайы баяндалады. Жесірлігі шарасыздығына айналып, ажары қасында күйеуі болмаған соң, жесір күйде жау шақыратын жалау болған шак. Зереннің өзі де жесір, көз жасы да жесір. Себебі, ішіндегісін ақтарып, көз жасын төгер даладан басқа ешкімі жоқ. Текст семантикасы шынайы реализмнен ауа райын дәл бейнелей отырып, осы құбылысқа байланысты Зереннің көңіл-күйінің соңғы қатарлар тұспалдайды. Алғашқы абзацтарда кейіпкер жайын табиғатпен қарама-қарсы сипаттау арқылы автор кейіпкердің бақытсыздығына шындап сендіргісі келгендей. Қазақ ұғымында «жайлау» мереке мен берекенің, молшылықтың, қуаныштың бейнесі. Табиғат пен тіршілікке оң кіріп, құлпырған сәт. Бірақ, сол жайқалған жаз Зерен тағдырына келмеді. Келесі кезекте, табиғат құбылыстарын кезек бейнелеп көрсету арқылы (қара бұлт торлау, жауын жауу, найзағай ойнау) кейіпкердің ішкі әлемінде орын алып жатқан арпалыстың күшею сатысын көрсетеді. Автор кейіпкер табиғатын ашуда қатал сынға салады: табиғат құбылысымен арпалыс және өз-өзімен ішкі жанталас – кейіпкердің ішкі-сыртқы болмысымен толық көрсетудің жолы.

Қорытынды. Қаламгердің табиғат көрінісін берудегі бір ерекшелігі – оқырманды алда баяндалатын оқиғаға дайындап, болашаққа сілтеме жасайды. Бұл үзінділерден де осыны байқай аламыз. Әрі әр деталды символ ретінде қолданып, шығарма көркемдігін арттыра түседі. Мұндағы «қара бұлт» Нұржаннан

айырылған Зереннің бақытсыздыққа толы қара күндері. Артынан жауған «жауын» Имаш көңілі. Қайда қашса да соңында сол жауыннан құтылмады. Оның арты найзағайға ұласып, жабырқаулы көңіл күйреп тынды. Міне, осылайша автор әр табиғат көрінісіне өзінше мағына үстеп, ауа-райы кейіпкердің тек бүгінгі көңілін емес, ертеңін де сипаттап тұр.

Жазушы образ жасауда өзі жақсы білетін ел адамдарын туындыларына мінез-қылығымен, тіпті есімін де өзгертпей енгізіп отырған. Бір қарағанда бірінші жақпен, яғни бас кейіпкер атымен баяндалатын туындының өрісі образ танымымен тарылып, автордың эпикалық құлашына, оқиға қоюлығына, өзге кейіпкерлердің тұлғалануына тұсау салатын секілденгенмен, нәтижесі басқаша көрінген. Біз байқағандай, жазушы шеберлігі, қалам қуаты да осында. Повестегі тағы бір даралық – бүкіл оқиғаның Зереннің қатысуымен өрбуі дер едік. Бұл образды туындыдағы негізгі қозғаушы күшке айналдырып қана қоймай, оның жан дүниесіндегі әр алуан сезімдер мен сілкіністердің кеңінен суреттелуіне мол мүмкіндік берген.

«Күнәлі махаббат» повесі Б. Нұржекеевтің адамның іс-әрекетінен гөрі ой-санасындағы сезімдік құбылыстарды «жан бітіре» суреттей алатын, яғни аналитикалық психологизмге шебер екендігін танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұржекеев Б. Әйел – табиғаттың ең талантты туындысы // Парасат. – №2. – 2001, – 12-15 б.
2. Жұртбай Т. Қ. М. О. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі: филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы. – Алматы, 2000. – 379 б.
3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
4. Нұржекеұлы Б. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 432 б.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТЕРЕОТИПТЕРІ

Болатханқызы Ғайни

*«7M02104 – Медиадизайн» білім беру
бағдарламасының 1-курс магистранты*

Мадиев Сансызбай Шарапиұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан, Алматы қ.

Андатпа. Кез келген халық мәдениетіндегі стереотиптер әлемнің этникалық және тілдік бейнесі, этникалық тілдік тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынас сияқты негізгі ұғымдардың аражігін ашып қана қоймай, оларды түсіндіреді. Соңғы жылдары стереотип және оның түрлері мәселесі мен әлеуметтік стереотип, этникалық стереотип феномені - лингвистердің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушылар, этнографтар, когнитологтар, психологтар, этнопсихолінгвистердің жұмыстарында кеңінен қарастырылып, зерттеушілер қызығушылығын тудырып отырған мәселе.

Түйін сөздер: Сөйлеу әдебі, әдепті сөз, жүйелі сөз, қанатты сөздер, этникалық стереотип, мәдениетаралық стереотиптер.

Кіріспе. Тіл де мәдениеттен тысқары болмағандықтан, лингвистикалық мәдениеттану ғылымының негізгі бір саласы ретінде анықталады. Халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеті тек адам санасы арқылы ғана емес тіл арқылы да ұрпақтан ұрпаққа беріліп, тіл арқылы да сақталып, тіл арқылы көрініс табатындықтан лингвомәдениеттану тіл білімі ғылымының да негізгі бір саласы. Лингвистикалық мәдениеттану тіл білімі мен мәдениеттану ғылымының тоғысуында пайда болған, халық мәдениетінің тілге әсер етуін, халық мәдениетінің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым.

Қазақ халқы этникалық стереотиптерінің мазмұны мен типологиясын зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанымен,

фольклор зерттеушісі С.Қасқабасовтың еңбектерінде қазақ фольклорлық стереотиптерінің ерекшеліктері туралы айтылады.

Қазақ ертегілері – халықтық көркемөнердің керемет түпнұскалық үлгісі болып саналады. Қазақ ертегілерін зерделеудің бағалылығы халықтың сол кезеңдегі ойлау өрісінің, дүниетанымының, өзін қоршаған ортаны қабылдауының тілдік қабатта сақталуымен айқындалады. Ауыз әдебиетінің озық үлгісі – ертегілер ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарайтындықтан, ертегілер тілінің табиғаты өңделу, сұрыпталу кезеңдерін бастан кешіріп отырады [1].

Қазақ халық ертегілерінде сақталған ұлттық сипаттар мәдени құндылықтар әлеміне жол ашады. Ертегілерді оқу, тыңдау барысында балалар өз ұлтының салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарына бейімделе бастайды. Ертегілер балалардың рухын, қиялын тәрбиелейді, олар өздері аңғармастан, ойлау қабілеті артып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазіргі кезде отандық тіл білімі ғылымында жалпы этнолингвистика, этнопсихология мен лингвомәдениеттану саласына арналған біршама еңбек бар. Атап айтар болсақ, Ә.Қайдардың қазақ халқының ұлттық ділдік ерекшелігін көрсететін «Қазақтар қандай халық?» атты көлемді еңбегі бар [2]. Онда этностың болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы мен синтезін танытуға тырысады. Осы мағыналық бірліктер арасынан этникалық стереотиптерді де кездестіруге болады. Сондай-ақ, А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты ғылыми-танымдық еңбегінде де қазақ халқының жаратылысынан туындайтын көптеген сөз мағыналары талданады. Олардың қатарында стереотиптер де бар [3].

Қазақ сөздерінің лексикалық қабаттарын зерттеуде ғалым Ж.Манкееваның үлесі зор. Ғалым «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясында халық зердесінде ұялап, санасында сақталған көне тамырлы этномәдени атаулардың ұлттық табиғатын ашып, ұлттық құнары мен әрін, ұлттық нақышы мен мазмұнын түсіндіруді мақсат еткен [2].

Гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға (әлеуметтану, мәдениеттану, психология, когнитивистика, лингвистика) және осы сияқты ғылым салаларындағы олардың дамуына қатысты стереотип түрлеріне сипаттама беруге тырысады. Кейбір ғалымдар өз ғылыми идеясының бағыты негізінде стереотип туралы жалпы ұғымнан (этникалық, әлеуметтік, мәдени) ауызша қарым-қатынас стереотиптеріне дейін жүріп өтуді мақсат етеді, осы бағытта стереотиптерді талдап-талқылайды. Өз кезегінде, «ауызша қарым-қатынас стереотипі» ұғымының құрылымы (сөйлеу, тілдік, ділдік және тілдік қарым-қатынас стереотиптері) тілдік қатынас және мінез-құлық үлгілерін қамтиды.

Этникалық стереотиптер талдауын негізге ала отырып, стереотип тек тіл үшін ғана емес, сондай-ақ жалпы мәдениет үшін маңызды ұғым ретінде соңғы жылдары ұлттық мәдениет бейнесін қалыптастыратын және этномәдени сәйкестендіргіш рөліндегі сөйлеу және ділдік стереотиптерді зерттейтін мәдениеттану объектісіне айналып келе жатқанын ескереміз. Әдетте, этникалық (этномәдени) стереотиптер дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі фольклор туындылары мен аңыздар негізінде қалыптасқан бейнелер негізінде жасалады.

В.А.Маслованың пікірінше, этномәдени стереотиптер - бұл қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыланған көрініс болып табылады. Мысалы, әр ұлт өкіліне қатысты қолданылатын тұтас халық туралы стереотиптер бар: немістің мұқияттылығы, орыстың «мүмкіні», қытай рәсімдері, африкалық темперамент, итальяндықтардың қызбалығы, финдердің қырсықтығы, эстондардың асықпауы, поляктардың сыпайылығы [2].

Негізгі бөлім. Әр халықтың өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Сол секілді қалыптасқан сөйлеу әдебінің бар екені анық. Соған сәйкес сөз әдебінде сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, тілек білдіру, алғыс айту, кешірім сұрау, көңіл айту, жұбату т.б. қалыптасқан құрылымдары кездеседі. Дегенмен, бүгінгі ХХІ ғасыр, жаһандану заманында атадан балаға беріліп келе жатқан ұлттық сөз әдебіміздің қолданылу аясының тарылып бара жатқаны жасырын емес.

Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой-пікірін қысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Мысалы, қазақ халқының «Көп сөйлеген езбе болады, көп қыдырған кезбе болады», «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын», «Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрдасынан айырылады», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді», «Аңдамай сөйлеген- ауырмай өледі», «Сөз қуған-бәлеге жолығады», «Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі», «Бір жақсы сөз мың сөгістен артық», «Жақсы сөйлеген-ас жер, жаман сөйлеген-тас жер», «Жақсының сөзі-назалы, жаманның сөзі-ызалы», т.б.мақалдарында сөйлеудің алуан түрлі сипаттары тамаша бейнеленген [4,17].

Әйтеуір сөйлей алады екенмін деп, тасырандамай, абайлап сөйлеу-ақылдылық, инабаттылық белгісі. Өзің опық жеп, өкініп жүрмеу үшін, өзгенің жанына жазықсыздан жара түсірмеу үшін, байқап, бағымдап сөйлеудің мәні ерекше зор. Қазақтардың: «Айтылған сөз-атылған оқ», орыстардың: «Сөз шымшық құс емес, ұшса, қайтып қонатын» деген мақалдары мен ежелгі скиф елінің шешені Анахарсистің: «Тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұста»,-дегендерінің түп төркіні бір жерден шығып жатуы тілге абай болудың жүрдім-бардым қарайтын мәселе емес екенін көрсетеді. Әйгілі авар ақыны Р.Ғамзатовтың: «Сөйлеуге үйрену үшін, адамға екі жыл керек, ал тіліне ие болуға 60 жыл керек»,-дейтін әзілінде үлкен өмір шындығы, терең мән бар. «Тілімнен жаздым»,-деп кейіп, жүрмес үшін, алдын-ала ойланып алуды әдетке айналдыру жақсы қасиет саналады.

Бұл өзі-ғылымда да дәлелденген шындық. Атақты академик ғалым И.П.Павлов адамдардың дансаулығын сақтауда, әсіресе жүрек-қан тамырларының сырқатына шалдықпауда айналадағы адамдар сөзінің әсері зор екенін анықтаған. Сондықтан шәкірттерге айналасындағы адамдар «ей», «сен» деп, дөрекі тіл қатпай, «сіз» деп, сыпайы сөйлеудің мәдениеттілік, ізеттілік қана емес, қарым-қатынасқа жұмсақтық, жайдарлық дарытатын күш екенін ұғындырып отырған жөн. Жылы шырай – тек сәлемдескенде ғана емес, адамдарға тіл қатқанда, сөйлескенде де керек нәрсе. Сөйлеуге «ғафу етіңіз», «құлағым сізде», «ләббай» деген сияқты сөздерді орнымен кірістіріп отыру жағдайды

жайландырып отыратыны есте болуға тиіс. Ондай жұмсақ, жайдарлы жүзділік-сәлем беру, тіл қату, сөйлесуде қандай қажет болса, тыңдау үшін де сондай қажет сипат. Халықтың аса жоғары бағалап, «иман жүзді» дейтіні де содан шығады. «Жүзінде күлкі шырайы жоқ адам дүкен ұстауға тиіс емес», -деп, тектен-текке айтылмаса керек.

Отбасы мен қоғамда бұрқ ете түсетін үлкен-кіші ұрыс-керістер мен кикілжіңдердің түпкі себебі дөрекі, қопал айтылған түрпі сөз екеніне зер салып тексерген кісінің көзі айқын жетеді. Және дөрекі де анайы ауыр сөз, дүт мінез бен тұрпайы қылық тәрбие көрмеген, тас бауыр, пәс адамдардан шығатыны әмбеге аян. «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман адамның тілі ащы», «Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен», «Білген тайып айтады, білмеген қауып айтады» сияқты мақалдар халық тәжірибесінен қорытылған шындық екені даусыз. Ондай сөздер қоғам ісіне ауыр зардап тигізіп, жеке адамның да көңілін калдырып, жанын күйзелтеді. Ә.Науаидың:

Аузына келгенін айту-наданның ісі,

Алдына келгенін жеу-хайуанның ісі [5,53],- деп айтуы де сондықтан. Тәрбиесі аз адамдар мәнсіз, орынсыз, дөрекі сөздердің ауыр зардаптар келтіретінінде шаруасы болмайды. Ұрпақты ондайлардан бойын аулақ ұстап, қандай жағдайда да «сұрқия сөздерді» қолданбауға үйреткен абзал.

Ашық-шашық, қора-қопсыға, есік-тесіктен ит те, мысық та, мал да кіріп-шыға береді. Сол сияқты «қақпақ қойылмаған» ауыздан да «ақ ит кіріп, қара ит шыға беруі» мүмкін.

Хайуаннан артық сөзімен адам,

Былапыт сөйлесе одан да жаман [5,58],- деген ақын Сағди Шерази тұжырымына қосылмасқа бола ма? Қолдан келсе, ауыздан біреудің көңілін қалдыратын суық, жаман сөз емес, адамның мерейін өсіріп, жанына жылы тиетін әдепті сөз шыққанына не жетсін!

Әдепсіз сөйлемеу, әсіресе, балалар мен әйелдер отырған жерде дөрекі сөз айтпау, үлкендерге кішілік ізетпен тіл қату әдептіліктің негізгі шарттарына жатады. Тіпті үлкен кісілер отырған жерде ділмарсып, орынды сөз айтудың өзі де оғаш, ерсі көрінетін кездері болады .

Сөйлеудің қасиеті әдептілігі мен әдемілігіне қоса, сайып келгенде, шындығында, жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке жатпайды. Халық өтірікшінінің қылықтарын жек көре отырып, айыптайды. Жеткіншек ұрпақты: «Өтірік сөз өрге баспайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді», - деп, жалған сөйлеуден жирендіріп, шыншылдыққа үндейді. Тегінде шын сөйлеу-әдептіліктің ең негізгі белгісі. Суайт адамды – адамгершілігі жоқ, жан дұшпаны бар, олар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, - деп Абай өлеңдерінде нақты көрсетеді [6,45].

Сөйлесу кем дегенде екі адамның тілдесуінен тұрады. Кейде мұндай сөйлесуде әркім өзі көбірек айтып қалуға тырысады, екінші адамның да айтқысы келіп отырған сөздері барын ескере бермейді. Ал сөйлеу әдебі сол екінші әріптесіне мүмкіндік беріп, сезімталдық көрсетуде. Бұл-сөйлесудің мәнін арттырып, екі жақтың да қанағат сезімін тудырады. Көпшілік жағдайда сөйлеуге қатысқан адамдар өздері өте мәнді санаған ой-пікірлерін ортаға салып, бір-біріне жаңалықтарды, тың деректерді жеткізгісі келеді, өзін толғандырған мәселелер жөнінде басқалардың салиқалы, дәлелді пікірін білуге талпынады. Сондықтан ондай сөйлеуге жеңіл-желпі қарамай, өз тарапынан лайықты ілтипат көрсетіп, ұстамды, ойлы жауап беру парасаттылық болып табылады. Атақты Әйтеке бидің: «Билер, сендерде бір мін бар-басқаға сөз бермейсіңдер», - деуі соған меңзейді.

«Іші пысқандықтан», «зеріккендіктен» басқаны әңгімеге тартып, көр-жерді сөз етіп, ғайбат-өсек айтып, «құмарынан шығатындар» да кезігеді. Ол-уақытты босқа өткізетін әр адамдар арасында жік салатын, әділдік, туралық жолынан тайдырып, аздыратын зиянды әдет.

Жалпы алғанда, сөз орынды іске бағытталған, адамды рухани байытуға септігін тигізетін және сындарлы сипатта болуы тиіс.

Сөйлесетін адамның мінез-құлқын, мәдени деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін білген, ескерген жөн. Мәселен, орынсыз әзіл айту немесе тыңдаушыға қызықсыз әңгімені суыртпақтап тұрып алу, көңіліне дақ түсіретін жөнсіз мақтау не кінәлау әдептілікке жатпайды.

Сөйлеп тұрған адамға үшінші адам қосылғанда, ол осыған дейінгі әңгіменің қысқаша мазмұнынан хабардар етілуі керек. Егер оны әңгімеге тартудың, араластырудың қажеті болмағанда, сөзді бірден шорт тоқтатпай: «Әншейін, өткен-кеткенді айтысып тұр едік», -десе де жөн болады. Әңгіме үстіне үшінші адам келіп қалғанда, оны қатыстырудың қажеті жоқ жайтты ары қарай астарлап, жұмбақтап сөйлеу жараспайды. Әрі ол кісіге жайсыз, ыңғайсыз соғады, әрі күдік-күмән туғызады. Көптің ішінде сыбырласып жату да ерсі. Бұл басқаларға қолайсыз тиеді.

Сөз арқылы ой-пікірінді, сөзімінді, қуаныш-қайғынды айтып жеткізу арқылы басқаның да жан дүниесіне еніп, сыр-сипатын танып, өзара түсінісу жүзеге асады. Сөз арқылы біреуді риза етуге, көңілін жайландыруға, қиын қыстау жағдайда дем беріп, жігерлендіруге, инабаттылық жолына бағыттауға болады [7,68].

Қазақтың: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - деген мақалы да адамгершіліктің, мұсылманшылықтың, соның қатарында сөйлеу әдебінің де басты өлшемі әділдік екенін айқын аңғартады.

Дегенмен, шындықты айтуда да абай болатын жәйттар аз кездеспейді. Шәкіртке ақыл-қабілетінің аздығы, ауруға халінің мүшкілдігі, мүгедекке кемтарлығы туралы «шындықты бетке айту» адамшылыққа жата ма? Жазмыштың жазуымен жаны жаралы болып жүрген адамға кемістігін есіне түсіріп, көңіліне қаяу салатын сөз, ишарадан қатты сақ болған жөн. Осы орайда көне заманнан келе жатқан мына бір ойлы аңыздың тағылымы есте болғаны абзал.

Иран жұртының даңқты патшасы Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалады. Ерте тұрып, түс жорушыны шақыртып, түсінің мазмұнын айтады. Жорушы: «Ей, әміршім, сенің жақын ағайын-туыстарыңның бәрі өліп, өзіңнен басқа ешкімде қалмайды екен», - дейді. Харун Рашид: «Менің бетіме баттитып қайғы толы қаралы сөз айтуыңа жол болсын? Егер менің барлық ағайын-туғаным қырылып қалса, мен күнімді қайтіп өткізбекпін?», - деп түс жорушының жонына жүз дүре соғуға бұйырады. Содан кейін басқа бір түс жорушыны шақырып алып, көрген түсін айтып, түсімді жорып бер дейді.

Бұл түс жорушы: «Ей, әміршім, барлық ағайын-туысқандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен», - дейді. Харун Рашид: «Жалпы, ақылдың жолы – біреу-ақ, екеуінің де жоруы бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жору мен соңғы жорудың парқы аспан мен жердей», - деп Халифа кейінгі түс жорушыға жүз ділда беруді бұйырады [4,73].

Тыңдаушылардың ынта-ықыласы, көңіл ауанымен санаспай, орынға, жағдаятқа қарамай, нәрсіз, мәнсіз ұзақ сонар сөздерімен басқалардың уақытын алу, мезі қылу, әрине, үлкен әдепсіздік. Ондайлар *мылжың*, *мыжсау* деп аталады. Мылжындарды жұрт жақтырмайды, сырын білетіндер олардан сырт айналып, қашқаптап жүреді. Сөйлеудің бір-біріне кереғар екі түрі жайында академик-жазушы З.Қабдолов: «*Көп біліп, дөп сөйлеген-шешен, аз біліп, көп сөйлеген-мылжың*», - [8,34] деп әдемі түйіндеген.

Сөйлеуге қатысты әдептіліктің тағы бір түрі-орынды, әділ сөзге тоқтау. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен дана да шешен халқымыздың ата салтында жүйелі уәжге тоқтамаудан өткен пәтуасыздық жоқ. Мысалы, «*Аталы сөзге ақымақ тоқтамайды*», -деп халық өте орында айтқан. Бүкіл әлемдік шешендік өнердің үздік үлгілеріне жатқызуға болатын билердің ұлан-ғайыр айтыстарының бірде-бірінде дөп айтылған әділ сөзді аттап өтушілікті кездестірмейміз. Ал аузымен құс тістеген айтыскер ақындарымыз әріптестері сөзден сүріндірген жерде дереу тоқтап, жеңілгендерін ашық мойындап отырған, онымен де қоймай, әлгі айтысты жалпақ елге жария етіп айтып жүрушілер де өздері болған. Қазақтағы әйгілі айтыстарды таратушылар, әдетте жеңілген жағы болып келеді. Демек, сөз қадірін танып, мойындау да ірілікті, кісілікті білдіреді. Мәселен, атағы жер жарған қаһарлы Ақсақ Темірге қатысты бір әңгімеге тоқталғанды жөн көрдік.

Өмір Темір Үндістанға барған сапарында сол жердің өнерпаздарын шақыртып алып: «Осы шаһарда асқан бір сазгер бар дегенді үлкендерден естігенім бар еді», -дейді. «Ол-мына кісі», -деп бір соқырды Өмірдің алдына алып келеді. Сазгердің өнеріне әбден риза болған патша одан: «Есімің кім болады?» - деп сұрайды. «Атым - Мемлекет (өзбекше Дәулет)», - дейді сазгер. «Мемлекет те соқыр бола ма екен?» - дейді патша жымыш.

Сонда зағип сазгер: «Егер мемлекет соқыр болмаса, ақсақты үйіне кіргізбес еді гой!» -депті. Сазгердің тапқырлығына риза болған Темір оған сый-сыяпат беріп, шығарып салған екен.

Жарты әлемнің әміршісі дәстүрді аттамай, жүйелі сөзге жығылу арқылы ірі мінез, инабаттылық көрсеткен. Қазақтың көне аңыздары мен шешендік айтыстарында мұндай мысалдар толып жатыр. Олар сөз қадірін, өз қадірін білген, би-шешендеріміздің ұрпаққа аманат етіп қалдырған «асыл сөз» қазынасы болып табылады.

Қорытынды. Бүгінде жұрт аузына көп ілінген Расул Ғамзатовтың: *«Туған тілім болса ертең құрымақ, өлуге де мен дайынмын бүгін-ақ»*, -деген қанатты сөзі сол кезде айтылған-ды. Түркі елдеріне түгел танымал ғалым Ахмет Байтұрсыновтың: *«Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады»*, -деген сөзі ана тіліміздің қанат жайып, өркендеп дамуына бағытталған.

Еліміздің егемендік алуына байланысты бүгінгі ана тіліміздің қоғамдық өмірдің барлық саласында өз мәртебесіне сай орнын алу барысы күрделі жағдайда жүріп жатыр.

«Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шындап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған.

Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Ана тілінде сөйлеу, оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелік, әдептілік өлшемі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. Тандамалы. – Астана: Фолиант, 2014
2. Қаирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. – Алматы, 2004

3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002
4. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Қазақстан, 1971
5. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Қазақ университеті, 1999
6. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы, 1993
7. Серғалиев М. Сөйлеу мен жазу мәдениеті. – Алматы: Жазушы, 2006
8. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992

ТАРИХИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Диярова Назерке Алпамысқызы

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ 2-курс магистранты

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. XX ғасырдың басындағы діни-ағартушылық бағыттағы ақындардың бірі – Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы. Мақалада елдегі тарихи жағдайдың ақын шығармашылығындағы көрінісі өлеңдерінен үзінді келтіре отырып талданады. Ақынның тарихи оқиғаларға, тарихи шындыққа берген бағасы қарастырылады.

Тірек сөздер: Зар заман, діни-ағартушылық, би-болыс, хандық дәуір, азаттық, отар, штат.

Кіріспе. «Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде жан-жақты талдау жасады. Зар заман дәуірін Абылай тұсынан бастап, Абаймен аяқталатын жүз жылдық кезеңге әкеліп тіреді. Сондықтан Әбубәкір Кердері Боранқұлұлын да зар заман ақындарына жатқызуға толық негіз бар. Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиев бұл ақындардың өлең-жырларына тақырып болған құбылыстарды, жалпы 19 ғасыр бедеріндегі оқиғаларды жан-жақты саралай келе, осыған қатысты көзқарасын былайша білдіреді: ««Зар заман» ағымы өкілдері өз творчествосында қазақ қоғамының сол кездегі екі жауын айшықтап көрсетіп береді. Олар, біріншіден, қазақ даласын, оны мекен еткен елді билеп-

төстеуді мақсат еткен билік, онымен бірге ере келген, онсыз да алауыз қоғамды бөліп-жаруға қызмет еткен тәртіптер болса, екіншіден, сол жаңа билікпен ымыраға келіп, оның арзан, жалдамалы құлына айналып, түптеп келгенде, еңбекші бұқараны сыртқы жаумен бірге соруға ықыласты жергілікті бай сұлтан, атқамінерлер еді» [1].

Ақынның поэзиясынан заманының мұны, зары, әлеуметтік мәселелері анық көрінеді. Ақын өмір сүрген кезең 19 ғасырдың 60-жылдарының орта шенінен бастап, Ресей империясы қазақ даласын түпкілікті билеу мақсатында бірқатар реформалар жүргізді. Ұлыстарды бөлшектеді, оларды губернияларға, округтерге бөлді. Ресей үкіметінің отарына айналған қазақтар ақшалай алым-салық төледі.

Негізгі бөлім. «XIX ғасырдың алғашқы жартысы – Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни саяси, мемлекеттік еркіндіктен біржола айырылып, отарлық ахуалдың, саяси тәуелділіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты. Егер бұл мезгілді шартты түрде өтпелі кезең ретінде алсақ, саяси дербестіктен отарлық тәуелділікке өтудің өзіне лайық рухани болмысы болатындығы мәлім» [1].

Зар заман поэзиясында бейнеленетін ізгі мұраттар өткен шақтың еншісінде. Жалпы адамзат үшін артта қалған тіршілікте бастан кешкен нәрсенің бәрі қадірлі. Егер бұған осы шақтағы бүліншілік пен келер шақтағы қауіп-қатерді қоссаңыз өткен өмірдің бағасы арта түседі. Оның үстіне көшпенділік дағдысынан көп алыс кете қоймаған қазақтың қол созым жердегі кешегі дәурені алыстаған сайын қимас кезеңге айналады. Сөйтіп, бұл дәуір зар заман ақындарының шығармашылығында идеалданған заман бейнесінде көрініс тапты. Мәселен, келешекке күмәнмен қарап, өз заманынан жиренген Әбубәкір Кердері («Дүние бізді алдап жүр, алдына ажал жарлап тұр») тарихтың қойнауына кеткен уақыттың игі нәрселерін аңсап торығады («Заманның түбін барлаймын: Бұрынғының бірі жоқ, Жақсылардың күні жоқ, Соларды жоқтап зарлаймын») [1].

Әбубәкір Кердері «Заманның опасыз халіне айтқан өлеңі»:

Ғаділдік сипаты еді бір алланың,

Билерім ғаділ болып тұра алмадың.

Он тиын жан қалтаңа пара кірсе,
Фақырға неш шапағат қыла алмадың
Тағы осы өлеңінде:
Қор болды бұл заманда алты нәрсе,
Нанарсың айтқаныма көзің көрсе.
Әуелі қор болғанның бірі билік,
Тұрады қатындар да ақша берсе....
Қор болды екіншіден сопы жолы,
Бұл жолды ұстаушы еді ердің зоры...

Өлеңнің аты айтып тұрғандай бұрынғы қазақ хандығы дәуіріндегі қазақтың ұлттық құндылықтары, ұстанымы мен адамгершілік асыл қасиеттері әлсіреп, орнын жеңіл, арсыз нәрселердің басқанын қайғыра жырлайды. Әрине бұл өзгерістер Ресей империясың отарлау саясатымен, ата-бабамыздың сара жолын, салт-дәстүр құндылықтарына берік болмағандығымызбен байланысты.

«Қазағым» өлеңінде:

Қыс болса қыстаушы еді қырға барып,
Көлденең шыңыраулы шыңға барып.
Жаз болса көшуші еді нуды жарып,

Көлденең өтуші еді суды жарып,- бұл өлеңде тыныштығы бұзылмаған, сән-салтанаты жарасқан, берекелі-мерекелі, жаймашуақ қазақ көші, тіршілігі елестейді. Бір жағынан, патша үкіметінің 1889 жылғы орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру туралы заңның шығуы, орыс шаруаларының ағылып келуі, қазақтардың қонысының тарылуы сөз болып тұрғандай.

Ресей патшалығының қазақ еліне өктемдігін күшейте түскен 1867-1868 жылғы реформалар ұлт болып ұйысқан қалың жұрттың ішіне іріткі салды. Отаршылдық жүйе халықтың арасынан шыққан жағымсыз жандайшаптар мен арамза атқамінерлерді шебер пайдаланды. Хандық құрылыс жойылып, округтік-территориялық бөліністің орнығуы, аға сұлтан мен болыс мәртебелерінің белгіленуі қоғамдық ахуалды ғана емес, ұлттық психологияны да өзгерте бастады. Жұртшылық арасында «Жаңа низам» деп аталған 1868 жылғы реформа – зар заман

поэзиясының негізгі тақырыбы болды. Бұл мәселе ақын шығармашылығынан да көрініс тапты:

Қазаққа штат деген хабар тиіп,

Жылында алпыс сегіз хауа болды..

Қоныстан бірнешелер көшті үркіп,

Штаттың хабарынан білмей қорқып...

Ақын енді бір өлеңінде патша үкіметінің жақсы тұстарын тілге тиек етіп:

Қазағым, қапыл болмаңыз,

Өнерден босқа қалмаңыз!

Жәрдем етіп ақ патша,

Түрлі ғылым шығарды,

Оқып, біліп жолдаңыз.

Орысша ғылым білмесе,

Еш пайдаға аспады

Мұсылманша молдаңыз,- яғни, орыстың ғылым-білімін, өнерін үйрену керектігін насихаттап, бұрынғыша тек молдамен шектеліп қалудың жеткіліксіз екендігін айтады.

Қорытынды. Ақын елінің жоқтаушысы, шындықты тайсалмай айтатын жырлаушысы, бағыт-бағдар беретін жол сілтеушісі. Осындай асыл қасиеттер Әбубәкір Кердері Боранқұлұлының бойынан табылады. Ақынның азаматтық тұлғасын шығармашылығын танып, оқу арқылы айқындай аламыз.

Ресей империясының отарлау саясатының қалай жүзеге асқандығы, отарлаудың біздің тарихымызға, ұлттық құндылығымызға, жалпы қазақи болмысымызға қаншалықты, қалай әсер еткендігін ақын шығармашылығынан көруге болады. Ақын шығармашылығын оқып, талдай отырып түйген ойым, біз үшін, қазақ елі үшін ұлттық болмысымыз, ұлттық құндылығымыз, салт-дәстүріміз қашан да құнды, маңызды. Біз, келешек ұрпақ оны сақтап, қастерлей білуіміз керек. Ал, ақын айтпақшы жаңа ғылым-білімді, ілімді, өнерді қашан да игеріп, жаңашылдыққа, дамуға ұмтылуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омарұлы Б., Зар заман әдебиеті. – Астана: «Елорда» 2005. -265б.
2. Бес ғасыр жырлайды. 2 -Том. – Алматы: «Жазушы» 1989. 267-268 б

3. «XX ғасыр басындағы әдебиет» хрестоматия. – Алматы «Білім» 1994
4. Сүйіншалиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1981.

ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙДАҒАР КӨРІНІСІ

Жұбатқан Мариям

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Карбозов Е.К

ф.ғ.к доцент

Аңдатпа. Жылан культі мәселесі, атап айтқанда айдаһар бейнесі этнологияда әрқашан ерекше қызығушылық тудырып келеді. Оның пайда болу, қалыптасу мәселелері әлі күнге дейін даулы күйінде қалып отыр. Сондықтан айдаһар аспектілерін талқылайтын зерттеулер өзекті.

Алғаш рет «Энума Элиш» жаратылыс дастанында Ежелгі Таяу Шығыс мифологиясында, атап айтсақ Месопотамия әдебиетінде айдаһарды жылан ретінде бейнелейді. Бұл аңызда айдаһар батырлар немесе құдайлар күрескен мәңгілік зұлымдық ретінде әрекет етті. Көптеген ғалымдар әлем халықтарының мифологиясында айдаһардың ұқсастығын және жаһандық таралуын сөз етеді. Аса ірі жылан тектес ұша алатын айдаһар типі Шығыс Азияда, Австралияда, Еуропа мен Америка мифтерінде де кездеседі. Бұл тіршілік иелерінің өмір сүрмегенің есептемегенде, айдаһардың әлем халықтары мифологиясындағы ортақ мотиві неде?

Кіріспе. Ежелгі Месопотамиядағы шумерлердің «Энума Элиш» (Көктің жаратылу эпосы) атты мифінде Құдай Мардук Тиаматты өлтіріп, ғаламды жаратқан [1]. Гильгамеш дастанында батыр Гильгамеш Хубаба атты айдаһарды (Хувава) өлтіріп, елін бұл қорқынышты жаратылыстан құтқарады [2]. Хетт мифологиясында Көк Тәңірі Тешуб зұлымдықтың символы болып саналатын Иллуянканы өлтіреді [3]. Мысыр мифологиясында Күн Құдайы Ра алып Аепті жеңіп, таңның атуына жол ашады [4]. Үнді мифологиясында ең күшті құдай Индра Вритраны жеңіп, әлемді жамандықтан арылтады [5].

Грек мифологиясында бас құдай Зевс анасы Гайяның өзін өлтіру үшін жіберген алып құбыжық Тифонды найзағайларымен жайратады [6]. Зевстің ұлы, жартылай құдай, жартылай адам Геракл (Геркулес) суда өмір сүретін, басын кескен сайын қайта өсетін 9 басты Гидраны жеңеді [7]. Скандинав мифологиясында ең күшті құдайлардың бірі Тор әлем суларын улайтын Мидгард жыланды өз өмірін құрбан етіп өлтіреді [8].

Азия мифологиясында айдаһар көбіне оң қасиеттерге ие бейне ретінде қарастырылған. Ол түркі және қытай мифологиясында молшылықтың, құнарлылықтың және жақсылықтың символы болған.

Шығыс елдерінде айдаһардың әлемдік мифтерден айырмашылығы мұнда айдаһар-құдайлар бар. Қытай айдаһар құдайы жас немесе кәрі адам, сүйкімді қыз немесе қорқынышты кемпір, тышқан, жылан, балық, ағаш, қару немесе құрал түрінде көрінеді. Бірақ қандай бейнеде болмасын, айдаһар сумен тығыз байланысты. Ол «Жаңбыр иесі» саналып, сол себепті күн күркірететін құдаймен байланыстырылады. Бұл сарын орта ғасыр әдебиетінен бастап қазіргі заманауи фантастикаға дейін жалғасып келеді. Орта ғасырларда айдаһармен шайқас қаһармандықтың көрінісі ретінде қабылданып, аңыз-ертегілерде, эпостарда кеңінен қолданылды. Мысалы, ағылшын әдебиетіндегі әйгілі «Беовульф» дастанында батыр айдаһармен шайқасып, ерлік пен құрбандықтың символына айналады. Сол сияқты, заманауи кино мен әдебиетте де айдаһар бейнесі кең таралған. «Жақсылық пен жамандықтың шайқасы» мотиві «Жұлдыздар соғысы», «Сақиналар әміршісі», «Гарри Поттер» сияқты фильмдерде көрініс табады.

Негізгі бөлім. Қытайдың мәдениеті мен өркениетінің бір бөлігі болып қалыптасқан айдаһар Түрік мәдениетінде ғұн заманынан бастау алады. Әлем тарихында біздің заманымызға дейінгі VI ғасырларда өмір сүрген Азиялық ғұн империясының билеушісі Мөде айдаһардың ұрпағы деген қауесет бар. Сондай-ақ сақ жауынгерлерінен бастап қарахандық сарбаздарға дейінгі түркі әскерлері айдаһарды бейнелейтін жібек жолақтарды аттарына байлап жүрген. Сонымен қатар айдаһар төңірегіндегі

культ, ғұндардың « Жатқан айдаһар» немесе «Лунг-чэнг» сияқты қала атауларынан да қалыптасқан.

Қытайлар сақтаған дереккөздерге қарасак, ғұндардың айдаһар мерекесін ұйымдастырғаны, аспан пен жерге табыну туралы айтылады. Хуиун-ну (яғни ғұндар) астаналарының айдаһар қаласы деп аталуының өзі түрік қоғамында айдаһар туралы мифтің бар екенін растайды.

Қытай мәдениетінде Лу түркіленген түрі (Улу) деген атпен белгілі. Түркілер мен моңғолдардағы бұл болмыстың түсінігін қытай ықпалдары қалыптастырады. М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде айдаһарды «Йілбүке» деп көрсетеді. Түркі мифологиясында «Лу» су иесі және көк тәңірлерінің бірі ретінде белгілі. Қыпшақ түріктерінде ол отбасы ошағының қорғаушысы саналған. Айдаһарды түрік және алтай мифологиясында «Эбрен» немесе «Ғалам» деп те атайды. Евриетістігінің түбірінен сын есім ретінде жасалған бұл сөз айдаһардың түркі космогониялық ой-пікірінде ерекше тіршілік иесі ретінде ойластырылған.

Түркі халықтарының тілдерінде айдаһар бастапқы мағынасына сай жаман рух мағынасында да кездеседі. Мысалы, түркмен тілінде ол «Ajder-Ajdarha», қырғыз тілінде — «Ajdaar», ноғай тілінде — «Azdaa», татар тілінде — «Ajdaha» және «Az'd'aki» деп айтылады. Бұл атау түркілер тарапынан «Ajday-ya» және «Ajder» деп қолданылады, әрі Балқан аймағындағы сербтер мен болгардар сияқты славян халықтарының тіліне де енген. Түрік тілінде бұл мифтік тіршілік «Ejderha» кейде «Evren» деп те айтылады. Чуваш тіліндегі «Astaha» сөзі екі мағынаға ие: бірі — аңыздарда кездесетін қанатты жылан, ал екіншісі — азап шеккен рух дегенді білдіреді. Чуваш аңыздары мен риуаяттарына сәйкес, ол көп басы бар, адамдар мен жануарларды жұтатын мифтік тіршілік ретінде бейнеленеді [9].

Түрлі түркі халықтарының сенімдерінде айдаһардың мекен ету орны әртүрлі: өзбек, түркмен және қазақ мифтік-фольклорлық мәтіндерінде оның жер асты үңгірінде өмір сүретіні және сол жерде қазынасын қорғап отырғаны баяндалады, ал азербайжандықтар мен басқа түркі халықтарының пікірінше, ол сумен өмір сүреді. Батыс Сібір түркілерінде айдаһар орманда

мекен етеді. Башқұрт демонологиясында бұл тіршілік өте үлкен және қараңғы түсті жылан ретінде сипатталып, кең далалар мен көлдерде өмір сүріп, адамдар мен жануарларды жұтып жейді. Башқұрттар арасында сақталған бір пікір бойынша, айдаһар өмір сүретін көлдің атауы «бездонный, тойымсыз» деген мағына береді. Бұл мағыналық тұрғыдан Алтай халықтарының сенімінде шайтан Erlik-ке жақын, оның патшалығынан ағып жатқан «Тоубадым» өзенін еске түсіреді, оның мағынасы «Мен тоймадым» дегенді білдірсе керек.

Алтайдың «Кан-Сулутай» аңызында, батыр тас жастыққа бас қойып, аузынынан от шығарып, сегіз басы бар айдаһардан отыз көкіректен сүт алғаны айтылады. Осылайша, айдаһар мотиві мифологиялық Ұлы Ана тұтастығының көптеген сызықтарын бейнелейді. Азербайжан текеметтерінің кілем үлгілерінде кездесетін бұл тіршілік үйді қорғаушы ретінде де қарастырылады [10].

Түркі халқы мифологиясында айдаһар көбінесе аспан мен суға байланысты кеңістік пен табиғи элементтер аясында бейнеленеді. Алтай мен Сібір түркі халықтарының түсінігінде күннің күркіреуі жануар кейпінде елестетіліп, ол көбінесе айдаһар немесе оған ұқсас бейнеде сипатталған. Түркілердің мифтік көзқарасында ғаламның ең төменгі нүктесін аспан айдаһарлары қоршап тұр деп есептелген. Көк-Луу деп аталатын аспан айдаһары уақыт пен аспанның символы ретінде қарастырылған.

Түрік мифтерінде айдаһарлар көбіне тауларда кездессе, кейде олар үңгірлерде, жер астында өмір сүреді. Табиғаттағы тағы бір кең таралған орны – су көздері. Көптеген мифтерде ол өзендердің бастауын иемденіп, жағасында өмір сүреді. Кейбір аңыздарда айдаһар аспаннан түсіп, бұлт, найзағай және жаңбырмен бірге жүреді. Сонымен қатар кейбір мифологиялық мәтіндерде ол ғибадатханалармен де байланыстырылады.

Айдаһар көбінесе адамдар мен олардың малдарына қауіп төндіретін жыртқыш ретінде сипатталады. Ол тірі жандарды жеп қана қоймай, судың басын ұстап, адамдарға су бермей, зиян келтіреді. Кейбір аңыздарда оның пайда болуы – адамзаттың жойылуына әкелетін апаттың белгісі ретінде суреттеледі.

Алайда мифтік мәтіндерде айдаһардың жойылуы да маңызды орын алады. Ол әдетте адамдардың дұғасының күшімен тасқа айналады. Кейбір аңыздарда айдаһардан қорыққан қыз оның шабуылынан құтылу үшін тасқа айналуды тілейді. Айдаһарды жою құдайдың күдіретімен жүзеге асады: кейде оны періштелер аспанға көтеріп алып кетеді, ал кейде оның басына тас түсіріп немесе жаңбыр жауады.

Көптеген халықтардың иконографиясында айдаһарды жылан түрінде бейнеленген, сондықтан олар айдаһарды жыланмен, жыланды айдаһармен теңестірген. Батыс мәдениетінде айдаһар көбінесе қауіпті құбыжық ретінде суреттеледі. Уэльс туында қызыл айдаһар бейнеленген. Бұл рәміз британдықтардың қорғаушысы ретінде қабылданса, оған қарсы ақ айдаһар жаудың символы болып есептеледі. Сербияның орта ғасырлық әскери белгілерінде айдаһар бейнесі қолданылып, серб патшалары өздерін "Айдаһардың ұрпақтары" деп атаған. Бұл олардың батылдығы мен жауынгерлік рухын көрсеткен. Черногорияның тарихи елтаңбаларында алтын айдаһар бейнеленіп, елдің күшін, биліктің тұрақтылығын және рухани дәстүрлерін айқындаған. Айдаһардың оң мағынада бейнеленуі әсіресе Шығыс халықтарына тән. Бутан туындағы ақ айдаһар (Друк) елдің рухани күші мен тұрақтылығын бейнелейді. Бұл рәміз Бутанның "Айдаһар елі" деп аталатындығын айғақтайды және буддистік дәстүрлермен тығыз байланысты. Вьетнамның тарихи елтаңбаларында да айдаһар бейнесі кездеседі, бұл императорлық биліктің күдіретін білдіреді. Жапонияда айдаһар самурайлардың әскери рәміздерінде қолданылған, ал ғибадатханаларда бұл киелі бейне даналық пен қорғаныштың символы ретінде көрініс тапқан.

Түркі халықтарында да айдаһар қасиетті бейне ретінде қалыптасқан. Татар халқының тарихи рәміздерінің бірі – Қазан қаласының елтаңбасындағы Зилант айдаһары. Бұл бейне ежелгі түркі және фин-угор халықтарының мифологиялық түсініктерімен байланысты. Татар аңыздарында Зилант даналық пен ұзақ өмірдің символы болып саналады. Қанатты айдаһар қаланың қорғаушысы, күш пен биліктің белгісі ретінде қабылданған.

Қорытынды. Көптеген көне өркениеттерде айдаһар бейнесінің қолдануы олардың географиялық, діни, мәдени және сауда байланыстарының ықпалымен пайда болған болуы мүмкін. Скандинавия мен Қытай сияқты бір-бірінен алыс орналасқан мәдениеттердің осындай ұқсас бейнені жасауы – адамзаттың ойлау жүйесінің, мифтерінің ортақ тұстарының айғағы. Бұл халықтардың қоршаған ортадағы табиғи құбылыстарды, белгісіз қауіптер мен хаосты айдаһар бейнесі арқылы бейнелеп, оған әртүрлі мағына бергенін көрсетеді.

Мысалы Қытай мифологиясында айдаһар даналық пен биліктің символы ретінде қарастырып, оны императорлық әулетпен байланыстырса, Еуропа мен Таяу Шығыс халықтарында айдаһар көбінесе жойқын, қауіпті құбыжық ретінде суреттеледі. Үнді, Месопотамия, Грек және Скандинав мифологияларында айдаһармен шайқасатын құдайлар мен батырлар бейнесі ерекше орын алады. Бұл мифтерде батырдың айдаһармен күресуі зұлымдық пен әділетсіздікке қарсы тұрудың метафорасы болып табылады. Батырдың айдаһарды жеңуі – хаостың орнына тәртіп орнату, жаңа дәуірдің басталуы немесе адамзаттың қауіптен азат болуының белгісі.

Осылайша, айдаһар бейнесі түрлі өркениеттердің мәдениеті мен мифологиясында ерекше орын алып, адамзаттың дүниетанымын, қорқыныштары мен үміттерін бейнелейтін әмбебап символдардың біріне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://faculty.gvsu.edu/websterm/Enuma_Elish.html
2. <https://www.worldhistory.org/article/2132/gilgamesh-and-huwawa/>
3. <https://aratta.wordpress.com/2013/05/21/the-cult-of-the-dragon-and-the-god-of-thunder/>
4. <https://www.historyskills.com/classroom/ancient-history/apophis/?srsltid=AfmBOorVFtKlAnQv62blb0eX2Thkju4NRyz3eoc5jEh3fk21VU66S1a>
5. <https://www.realmofhistory.com/2018/09/18/major-hindu-gods-goddesses-facts/>
6. <https://www.theoi.com/Gigante/Typhoeus.html>
7. <https://mythologysource.com/hydra-serpent-greek-myth/>
8. <https://kinnu.xyz/kinnuverse/culture/norse-mythology/stories-and-legends/>
9. Turk_Mitolojisi_Ansiklopedik_Sozluk.pdf
10. <https://azerhistory.com/?p=37369>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ- ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Асқарова Гулназ Медетқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«Қазақ филологиясы» мамандығының

1 курс магистранты

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасы, оның ішінде, күрделі де қызықты әңгіме жанры заман талабынан артта қалмай, қоғамда орын алып жатқан түрлі өзгерістермен бірге даму үстінде. Бұл жанр өзінің жинақылығымен, эстетикалық қуатымен және тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді. З. Қабдолов атап көрсеткендей, «Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің соңғы жүз жыл ішіндегі нағыз классикалық үлгісі. Әңгіменің сыр-сипаты біржола кесіп-пішуге көнбейді, бірыңғай анықтама шеңберіне сыймайды» [1, б.319]. Заман өзгерісіне қарай қазіргі қазақ әңгімелері тақырыптық-идеялық жағынан толығып, күрделене түсті. Қаламгерлер қоғамда орын алып жатқан мәселелерді, жаңа заман адамдарының іс-әрекеті мен көзқарасын, қарым-қатынасын зерделеуде проза жанрында бұрыннан қалыптасқан дәстүрден бөлек, жаңа тақырыптық, мазмұндық, эстетикалық ізденістерге, көркемдік әдіс-тәсілдерге жол ашты. Тәуелсіздік алғаннан кейін әңгіме, повесть жанрларының дамып, өсіп, түрленгені туралы ғалым Г. Балтабаева былай дейді: «Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды» [2, б.6]. Ал мұндай өзгерістердің орын алуы жазушы шеберлігінен туындайтыны анық. Соңғы бес жылдықта жазылған қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырыптық-идеялық бағыты дәстүр жалғастығын сақтаумен қатар, жаңа, тың тақырыптар желісін де қалыптастырды. Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мәселесі, қоғамдағы әлеуметтік

хал-ахуал, «Адам-Табиғат-Жануар» үштігі, жатсыну, құбылу, жалғыздық мәселесі, т.б. әңгіме жанрының басты тақырыбында көрініс тапты.

Қазіргі қазақ әңгімелеріне көп арқау болған өзекті тақырыптың бірі – ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мәселесі. Әлеуметтік қоғамдағы жаһандық өзгерістер мен жаңарулар, ғылыми-ақпараттық технологиялардың өркендеуі қоғам мүшелерінің, яғни, адам санасының, талғамы мен жан дүиесінің өзгеріске ұшырауына ықпал етті. Проза жанрында қалыптасқан бұл мәңгілік тақырыпты қазіргі таңда өзінің шығармасына арқау еткен, озық туындылары арқылы оқырман көзайымына айналған жазушылардың қатарында А. Алтай, Н. Ораз, Ы. Дәбей, Ұ. Нұрғалымұлы, Н. Ақыш, Д. Рамазан, Қ. Әбілқайыр, Қ. Түменбай, Н. Дәутайұлы, т.б. қаламгерлерді атауға болады. Олар өздерінің әр шығармаларында адам мен қоғам арасындағы шиеленісті астарлап жеткізуді, адамның жан дүниесі мен ойлау жүйесіне үңілуді, сонымен қатар, сана сезімінде орын алып жатырған шырғалаңдар шындығын ашуды басты негіз етіп алған.

Негізгі бөлім. Қазақ танымында ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүріміз мен әдет-ғұрыптарды, ұлттық мінезімізді жоқтаушы қаламгердің бірі әрі бірегейі – Ұларбек Нұрғалымұлы. Қай шығармасын оқысақ та, қазақтың қанына біткен тектілікті, ұлт санасынан өшіп кеткелі тұрған рухани құндылықтарды барша қазақтың атынан сағынатыны, аңсайтыны байқалады. Қазақ халқы әр уақытта жасы үлкен қарияны сыйлауда, олардың ақыл-кеңесін тыңдап, батасын алып, құрмет көрсетуде алдына жан салмаған. Бұл жайында Ұ. Нұрғалымұлының «Ауылды «ұстайтын» апа» әңгімесінде керемет баяндалады. Шығарманың тақырыбы әңгіме атауымен сәйкес, тек өз үйінің ғана емес, бүкіл ауылдың қыз-келіншектерінің тәртібіне, тәрбиесіне, тіпті, жүріс-тұрыстары мен киетін киімдеріне дейін қадағалап, жөн сілтеп отыратын Женейдің «асау апасы» немесе «Сақшы кемпір» туралы. Оқырманды қызықтыра түсу үшін жазушы шығармасын *«Ауылды «ұстайтын» жігіттер дегенді білесіз, ауылды «ұстайтын» кемпір дегенді естіп пе едіңіз?»* деп сауал қою арқылы бастайды [3, б.52]. Әрі қарай Женейдің апасы неліктен

«ауылды ұстайтын апа» екендігі туралы, нақтырақ айтқанда, ол кісі отырған жерге етегі қысқа, көйлегінің жағасы төмен тұрған қыз-келіншектер аяқ баспайтындығы, олай болған жағдайда, әлгіге бетінің оты шыққанша қатты кесіп айтып тастайтындығын, үйіне орамал таппаған келіншекті кіргізбейтіндігін, тіпті, ғибадат орнындағыдай босағаға орамал тізіп іліп қоятындығы, т.б. жайында баяндалады. Кейін осы «Сақшы кемпіріміз» Талдықорған қаласының Көкөзек деген ауылына келіп қоныстанады, мұндағы жас келіншектер мен Женейдің апасын контрастты бейнеде алу арқылы автор қазақтың бала тәрбиесіндегі бірі біліп, бірі білмес қызықты әдетінен, атап айтқанда, көшпелі тұрмыс кезінде баланың кіші дәретке отыруына ыңғайлы болуы үшін екі-үш жасқа дейін шалбарының ауын ашық етіп қоятындығын, кейін ақылы толыса бастаған шағында тігіп беретіндігінен хабардар етеді. Бұл туралы білмейтін әрі мұны қызық көріп, немересін мазақ қылған келіншектерге апамыздың *«Біз сендер құсап әбден үлкейгенде ашпай, кішкентай кезінде ашып қоямыз. Таза болады»* деп әзіл-шыны аралас жауап беруі де сүйсінтпей қоймайды [3, 6.52].

Жалпы әңгіменің мазмұны жеңіл болғанымен, көтеріп тұрған жүгі, дәйектілігі жоғары. Шағын ғана шығармада қазақтың мінезі, тұрмысы, ұмыт болып бара жатқан ескі әрі есті әдеті көрініс тапқан. Басты сюжет иесі ретінде бейнеленген Женейдің апасы арқылы әдеби фонда барша дана қазақ әйелінің болмысының көрініс табуы жазушының қаламына тән нағыз шеберлік үлгісін көрсетеді. Қазіргі таңда бүкіл ауыл тұрмақ, үйдегі қыз-келініне сөзі жүрмейтін немесе айтар ақылы, көрсетер даналығы жоқ, Н. Ақыш айтқандай, «бабушкалар» бар екені жасырын емес. Шығарманы оқыған әр адам «менің де апам Женейдің апасындай болса ғой, «ауылды ұстайтын апа» еліміздің әр аймағынан табылса ғой» деп арманда қалатыны белгілі және бұл автор жеткізгісі келген ойдың ақталуы. Жазушының әңгіме аяғын *«Сақшы кемпір қашанғы жүрер дейсің, бір күні ол да кетеді ғой...»* деп тәмамдауы, дана, көпті көрген апаларымызға деген сағынышын әрі осындай ұлы жандардың тәрбиесінен өткен келіндеріміз әрі қарай да бұл сабақтастықты жоймай, жалғастырар деген үмітін аңғартады деп түйіндейміз [3, 6.53].

Жазушының шығармашылығы өміршең болуы үшін қаламынан туған әр туындысында өмір шындығы мен әдеби шындықтың жымдасуы, тілінің шұрайлы болуы және ел ішінде орын алып жатқан өзекті мәселені шығармасына арқау етуі маңызды. Заман талабына сәйкес, қоғамда орын алған әр оқиға қаламгерлердің назарынан тыс қалмауда. Солардың бірі 2020 жылдың көктем мезгілінде бастау алып, әлемді дүр сілкіндірген, елімізге ең үрейлі ауру түрі болып жеткен – пандемия індеті. Оның адамзатқа тигізер зияны мен қаупін таныту, халыққа жұқпалы дерттен сақтану бойынша кеңес беру мақсатында жазылған әңгімелер қатарына Д. Белдеубайдың «Скафандр», Н. Қапалбекұлының «Бір ауыз сөз», Т. Әлжантегінің «Пандемия сілікпесі», т.б. жатады.

Н. Қапалбекұлы «Бір ауыз сөз» әңгімесінде өзі және Мақсат атты кейіпкердің диалогы арқылы ел-жұрттың бастапқыда коронавирус індетіне салғырт қарағанын әрі әлеуметтік желіде тараған «бұл індет өтірік, ойдан шығарылған нәрсе» деген жалған ақпаратқа алданып, денсаулыққа жауапсыздық танытқанның кесірінен, ауруды асқындырып алғанымызды ашық айтады. Қазақшылыққа салынып, үйде ем-дом қабылдап жатып қалған Мақсаттың вирус екі өкпесін жеп қоюы себебінен қаза табуын, өлер алдындағы айтқан өкініш сөздері мен артында жетім қалған бес ұлының халін суреттеу арқылы автор оқырманға «ауру - өлімнің елшісі», «он екі мүшенің саулығынан асқан байлық жоқ» екенін еске салады [4, б.15]. Н. Қапалбекұлы шығармада «Өмір – бумеранг. Жақсылық жасасаң да, жамандық жасасаң да өзіңе кері айналып келеді» деген тұжырымды баса ұстанады. Оны шығармадағы жылқышы Мақсат пен Кетік Кәтіштің арасындағы тартыстан аңғарамыз. Мақсаттың үйіріне бірнеше мәрте ұрлыққа түскен, соны кәсіп көріп байыған Кәтіштен кек алу жылқышы жігіттің басты қалауы еді, алайда індет кесірінен орындай алмады. Дегенмен, шығарма соңында әккі ұры Кәтіштің жол апатынан қайтыс болғанын, өзгеден тығылып-пысылып жинаған дүниесінің қызығын өзі де көре алмағанынан хабардар боламыз. Ал әңгіме соңында автор жемқорлық, індет кезіндегі дәрі, емхана тапшылығы, бағаның күрт өсуі, барлық проблеманы тек таныс-тамырмен, ақшамен шешу сынды қоғамдағы өзекті

проблемаларды «коронавируспен бірге жойылса екен» деу арқылы астарлап жеткізген.

Жазба әдебиетте қай заманда да маңыздылығын жоймай, көркем ойды жеткізудің өзегіне айналған мәңгілік тақырыптардың бірі – «Адам-Табиғат-Жануар» үштігі. Бұл тақырыпта жазылған шығармалар тек адам мен табиғат және өзге жаратылыстар арасындағы байланысты ғана сипаттап қоймай, қоғамда орын алып жатырған елеулі мәселелерді, атап айтқанда, *ұлттық, адами құндылықтар деңгейін, кие, обал, сауап ұғымын, адам-табиғат экологиясын* қамтиды. Қазақ прозасында «бөрі», «көкжал» тотемі және «жылқы», «жылан», «аққу» сынды өзге де қазақ танымында киелі болып саналатын жануарлар бейнесі көрініс тапқан бірнеше әңгімелер жарық көрді және әлі де жалғасын табуда. Солардың бірі, әлеуметтік желіде тараған жалған ақпаратқа сеніп, оңай олжа табуды ойлаған жастар мен соның құрбаны болған жарғанаттар туралы жазылған Ы. Дәбейдің «Жарғанат» әңгімесі. Ы. Дәбей шығарманың ең басты проблематикасы етіп әлеуметтік желіде тараған «амрита кокон» деген зат жарғанаттың ұясы екендігі, ол обыр ауруынан айығуға көмектесетінін, оны тауып әкелген адамға арабтар 250 мың доллар көлеміне дейін ақы төлейтіні жайында мәлім етілген бейнежазбаны алған. Берік те осы ақпараттың құрбаны болып, Қараүңгірдегі жарғанаттың ұясын олжалау мақсатымен біраз уақыт бармаған өзінің туған жеріне аяқ басады. Жақын ағасына келіп, аман-саулық сұрасып болғаннан кейін келген шаруасын баяндағанда, ағасы ішіп отырған шайына шашалып, таңырқап қалады. Оның себебі, жарғанат ұя салады дегенге сеніп, Берік сықылдының талайы осы жалған мәлімет негізінде Қараүңгірге келіп кеткен екен. Сонымен бірге, әңгімеде жарғанатқа қатысты әр елдің наным-сенімдері мен оған ғана тән ерекше сипаттарды аша түсетін Сүлеймен мен Ғасса пайғамбарларға қатысты діни-аңыз да баяндалған. Осының ішінде ерекше назар аудартатыны, кей халықтың *«жарғанатты адам жаны деп кие тұтып, егер бір жарғанат өлтірген болсаң, бір адамды өлтіргенің»* деп сенуі [5]. Берік өз көзімен жарғанаттарды көрмек боп, ағасының нұсқауымен әрі *«ұйықтап жатырған жарғанаттарды оятып алма, суықта өз температурасын жоголтып бірдеп үсіп өледі,*

ұңгір алдынан талайын көргем» деген ескертуін ескеріп Қарауңгірге барса да, абайсызда бір жарғанатты жазым қылады [5]. Кейін үйіне қайтқанда өзі тұратын жатақханадағы көрші әйелдің күйеуі ұрып, зорлық-зомбылық көрсетуі нәтижесінде қайтыс болғанын біледі. Осы оқиға негізінде Ы. Дәбей адамның қолынан табиғаттың тылсым күші мен қасиетін бағындыру келмейтінін және оның мүмкін еместігін еске салады.

Шығарманың идеясын әңгімедегі автордың *«Кейбір қазақтар кездейсоқ олжа тауып, оңай байығысы келеді. Өзінің әрекетсіз, қызмет жасамай отырғанын жоғарғы жақта отырған өзгелерден көруге бейім»* сынды көркем ойы толықтыра түседі [5].

Қорытынды. Сөзімізді түйіндер болсақ, әр кезеңнің күнделік жазбасына айналған әңгіме жанры жаһандық өзгерістерге сәйкес дамып, ұлттық әдебиетіміздің туын биіктетіп, өзінің тақырыптық-идеялық негізін нығайтуда. Соңғы бес жыл көлемінде жазылған әңгімелердің тақырыбы мен жазылу стилі, құрылымы бұрыннан қалыптасқан жазу дәстүрінен үлгі ала отырып, жаңа бағытқа көшкені анық байқалады. Мәселен, жазушылар «Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мәселесі» тақырыбына қалам тарту арқылы қазіргі заман адамдарының ұлт құндылығын ұмытып, аяқасты етуінің негізінде рухани құндылығы да сарпылғанын, қарбаластық пен бәсекеге толы қоғамда өздерін жалғыз сезінуін әрі мына әлемді жатсынуын жеткізгісі келсе, «Әлеуметтік хал-ахуал» тақырыбы бойынша елімізде орын алып жатқан түрлі оқиғаларға (Пандемия індеті, Қаңтар оқиғасы, т.б.) халық атынан үн қосқысы, пікір білдіргісі келетіні анық, ал «Адам-Табиғат-Жануар» үштігі тақырыбында жазылған шығармалардың ең басты идеясы – қазақ танымында әуелден қалыптасқан обал, сауап, кие ұғымын сақтау арқылы жан-жануарларға себепсіз жәбір көрсетпеу әрі табиғаттың тылсым күштеріне, заңдылығына бағыну.

Алдағы уақытта зерттеу жұмысымызда соңғы он жыл аралығында жазылған әңгімелердің тек тақырыптық-идеялық ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар, стильдік-құрылымдық жаңашылдығын да қарастыру арқылы жас жазушылардың, атап айтқанда, Ә. Байбол, Д. Жылқыбай, А. Әділбек, Б. Сәрмекова, Е.

Нұрахмет, Ә. Жақсылық, т.б. шығармаларын зерттеу нысанымызға арқау еткіміз келеді.

Қорыта келгенде, сөз өнері бәйгесінде алдыңғы қатардан табылып жүрген шағын проза жанры әдебиетіміздің келешегіне дұрыс әрі жаңа бағытта жөн сілтеуде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
2. Балтабаева Г. Қазақтың жаңа прозасы: Монография. – Алматы: Астана Медиа Пресс, 2014. – 336 б.
3. Нұрғалымұлы Ұ. Дайағашшы: эссе, әңгіме, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
4. Қапалбекұлы Н. Бір ауыз сөз // Қазақ әдебиеті. - 2020. - №33. - Б. 14-16.
5. Дәбей Ы.: Жарғанат. - 02.05.2020. – Алматы [Электрондық ресурс]: URL: Ырысбек Дәбей. Жарғанат | “Адырна” ұлттық порталы (adyrna.kz)

А. ЕЛГЕЗЕКТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ

Амангельдина Кания

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің І-курс магистранты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. «Ақын-жазушының мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, қарым-қатынасы, әдеби қолтаңбасы – түгелдей дерлік оны қоршаған ортаға, шыр етіп дүниеге келіп, пыр етіп жаны ұшып кеткенге дейінгі көкейкескен қуаныш-бақыт, қасірет-қайғы – бір сөзбен айтқанда айтылмыш дарын иесінің өзі бастан кешкен дара тірлігіне байланысты. Демек, творчество адамын түбегейлі дұрыс түсінгісі келген ниеті түзу сыншы, не қатардағы оқырман, әдебиет жанкүйері оның өміріндегі келелі-келелі, өркеш-өркеш күрделі кезеңдермен қоса, екіншісі бірі мән бере қоймайтын кішігірім, кейде, тіпті, өте ұсақ, болымсыз құбылыстардың өзін көңіл назарынан сырт қалдырмауға тиіс» [1, 26].

Бұл – ұлтының ұлы перзенті Қадыр Мырза Әлінің пікірі. Ақын әрі жазушы шығармашылық адамның өнеріне бойлау үшін оның жан дүниесіндегі арпалысты, өмірлік ұстанымын, жүріс-

тұрысын, көзқарасын біліп алу маңызды деп санайды. «Жалпы творчестволық іс-әрекет, жүрек пен сана процесі күні бүгінге шейін тірі жанға сыр ашпай, ешкімге емеурін білдірмей, бар құпиясы мен жұмбағын қырық қабат қыртысына қыстырып жатқан аса қиын, аса тылсым тұйық құбылыс. Оны зерттеу үшін жалғыз ғана өнер заңдылығын сезіп-біліп, сонымен ғана өлшеп-пішу мүлдем аздық етеді. Творчество – әдебиетші немесе өнердің басқа бір саласында жүрген суретші, композитор, сәулетші болумен қоса, биологтың, генетиктің, психологтың, невропатологтың, педагогтың, философтың, басқа да толып жатқан алуан-алуан ғалым, мамандардың да объектісі» [1, 26].

Ал енді Ақберен Елгезектің жеке шығармашылық ұстанымы мен көзқарасына, жазушының жүріс-тұрысына, салт-санасына әсер ететін жайттар мен әдеттерді қарастырсақ. Бұрынғы ақын-жазушылардың осындай әдеттерін зерттей отыра, ендігі кезек Ақберен Елгезекке де келді. Мысалы, Қадыр Мырза Әлі өзінің жоқшылық заманында өскенін айтып, жазу үшін ақ парақтың тапшы екенін жеткізеді. Жазарға қағаз тапшы болып, архивтерді ақтарып, жарты беті жазылған қағаздарды әкеліп, бос жерін пайдаланса керек. Ал қазіргі таңда ақын-жазушыларда ондай проблема кездеспейді. Қазір, шыны керек, бірін бастап, бірін тастайтындай байлық қой. Бүгін қағаз да, қаржы да жетіп жатыр. Қадыр Мырза Әлі кейінгі кездің өзінде бір ақ парақты екіге бүктеп, үнемді пайдаланған көрінеді. Соған қоса, бұрын жазушылардың көбі қарандашпен жазған. Егер жазғаныңнан көңілің қалып, ұнамай жатса, өшіріп, қайта жазасың, демек, екі есе уақыт, екі есе қағаз үнемделеді. Қазір бұның барлығы өзгерген.

Негізгі бөлім. «Жазушылар үшін неге, қандай нәрсеге жазу ғана емес, немен жазудың өзі проблема. Біздің көптеген қазақ қаламгерлері о бастан қарандашқа әдеттенсе, француз әдебиетінің ұлы өкілдері Виктор Гюго мен Анатоль Франс темір қаламұштың заманында қауырсын қаламдарын тастай алмаған. Юрий Олеша автомат қаламның тасы өрге өрмелеп, бағы жанып тұрған дәуірде мектеп оқушыларының темір тұмсық, ағаш сапты жұпыны қаламымен жазған. Алексей Толстой бірер бет қолмен жұмыс істегеннен кейін оны бірден машинкаға басып, ізін

суытпай іле түзетіп отырған. Константин Симонов, қаламдастарының айтуына қарағанда, үнемі машинкамен жұмыс жасаған. Америка мен Батыс Европа жазушыларының барлығы дерлік дәстүрлі қаламнан бас тартқан. Бірден машинкаға отырады» [1, 29]. Ал Ақберен Елгезек ше? Қазіргі дамыған заманның көшіне ілескен ақын-жазушы жетерлік. Қазіргі жазушылар уақыттарын екі есе кетіріп, қолмен жазып, оны өшіріп отыруға артық уақыт жұмсамаса керек. Ақберен Елгезектің айтуынша, ол жазу құралы ретінде ақ парақ пен қарасияны пайдаланбайды. Ол өзіне ыңғайлы гаджеттерді қолданады. Мысалы, жазушы повесть пен романды бірден ноутбукқа тереді. Егер қателессең, өшіріп, кері түзетуің де оңай дейді. Ал өлеңдерін ұялы телефонға жаза береді. Бұл тәсіл оған өте ыңғайлы көрінеді. Бұрынғы кездері әрі кетсе екі-үш өлеңін ғана қаламмен жазған екен. Бірақ қазір заманның ағымына ілесіп, электронды құрылғыларды пайдаланады. Ал қателесіп, қағаз құрту жайы ақында көп кездесе бермейді. Себебі, өлеңді өзі емес, тылсым күш жазады дейді. Сол үшін оны кері түзетіп, өзгеріс енгізбейтінін айтады.

Келесі мәселе – жұмыс үстелі. Ақын-жазушыға ыңғайлы мекен, орта керек. Өзіне қолайлы жерді тапқанда жаны да жай табатын секілді. «Творчество үшін оңаша отыратын оңтайлы бөлме мен ыңғайлы жазу столың да көзіңе көрсетпей көп әсер етеді. Толғаныс үстінде ең басты мәселе – көп алаңдамау, ойды бөлмеу, сезімді суытпау. Кез келген оқыс дыбыс, көзге түрткі болатын басы артық оқшау дүние, әсіре қызыл бояу, жат иіс – қысқасы, не болса сол жүйкеңде ойнайды» [1, 30]. Бірақ осы ойдың иесі Қадыр ақынның өзі жазу үстеліне кешірек келгенін айтады. Арнайы жазу үстелін жоқтатпай, талай кітапты шығарғанын біле аламыз. Әр жазушының әдеті әр түрлі болып келеді. Мысалы, европалық классиктердің бірі Вольтер ғана жамбастап не болмаса креслода шіреніп жатып жазады екен. Ал Эрнест Хемингуэй мен Эммануил Казакаевич секілді тұлғалар түрегеп, тізе бүкпей жазғанды ұнататын көрінеді. Біздің автор Ақберен Елгезек ше? Ақын үшін жұмыс үстелі болуы маңызды. Бірақ шабыт келіп тұрса, ол жер талғамайтын көрінеді. Ол қызметте де, көлікте де, ұшақта да жаза береді. Егер тылсымнан

ойына түрлі тіркестер келіп, сөздері өздігінен шығып жатса, ақын оларды қай жерде болмасын ұстап қалуға тырысады. Кейін есінен шығып, ойынан ұшырып алып, өкінбеу үшін бұл да бір жақсы қасиет деп білемін. Ал жазушының жеке жұмыс үстеліне келер болсақ, ол, тіпті, үйде диванда жатып та жаза беретінін айтады. Алайда арнайы жұмыс үстелі бар. Оны барынша ыңғайлы, жазуға қолайлы етіп қойған. Өзіне ыңғайлы креслосында отырып жазады. Соған қоса, Ақберен Елгезектің үстелі Малайзиялық қызыл ағаштан жасалған, жазушыға арнайы сыйға тартылған үстел көрінеді. Жазушы көбіне прозалық шығармаларын осы жұмыс үстелінде жазады.

Жазуға мүмкіндік болмаған кезде жаз деп жатады. «Жазу процесінде тыныштықтың атқаратын рөлі өз алдына бір төбе. Оны ұнатпайтын, іздемейтін жазушы бүгінгі таңда мүлдем жоқ шығар. Атақты Марсель Пруст шыбынның ұшқанын көтере алмайды екен. Сондықтан ол өзінің жұмыс бөлмесін дыбыс өткізбейтін тығыз тығындармен тұмшалап тастаған. Ал сапарда жүргенде қонақ үйлерде жазуға тура келсе, жатқан бөлмесіне іргелес екі бүйір бөлмені қоса жалдап ап, бос ұстайтын болған. Басқа бір жазушы, оның аты да әлемге әйгілі, беріліп жұмыс істеп жүрген кездерінде әйелінің аузын апталап аштырмай қоятын дейді замандастары. Жұбайы сондай бір сыпайы, момын адам болса керек. Бәріне көнген. Күйгелек Карлейльді түсіне білген. Ешқашан ренжімеген» [1, 31]. Ақберен Елгезек үшін де жазу барысында тыныштықтың рөлі басым. Сапылысқан дүниеде емес, өзімен-өзі қалған тыныштықта жазғанды ұнатады. Ал, егер, көпшіліктің ортасында ұйқас пен ой оралымдары келіп жатса, есінен шығып, ұмытып қалмас үшін оны қағазға түртіп алады. Кейін өзіне ыңғайлы уақытта жазуға отырған кезде еске алады. Оның жаны тыныштықты сүйеді, жалғыз жүргенді қалайды. Ол сабылысып, шулы ортада бірдеңе шығарып қалуды ойламайды. Жаны тыныштық табатын жайлы ортаны іздейді. Көпшіліктің ортасында емес, үйде болғанды ұнатады. Ақынның негізгі миссиясы осы – жазу. Ал бос уақытындағы хоббиі ретінде бильярд ойнауды таңдайды. Соған қоса, тыныштықта шахмат ойнағанды ұнатады.

Кадыр Мырза Әлі «Жазушы әдеті жайында» шығармасында жазу барысында ақын-жазушының үстіндегі киіміне дейін тілге тиек еткен. «Басқаларды білмеймін, өз басым көшеден келе сала жұмыс киімін шешпестен сол күйімде жазу столына жедел отыра қалған кезім болған жоқ. Қолыма қалам аларда етім әбден үйренген көне киімдерді ұнатам» дейді [1, 31]. Жазушы Ақберен Елгезек үшін де дәл осылай. Ол арнайы киім киіп жүрмейді. Жазу кезінде өзіне ыңғайлы үй киімдерімен отырғанды ұнатады. Бұл Ақберен Елгезек үшін қолайлылық тудырады. Бірақ неше түрлі жазушылар бар. Мысалы, Константин Паустовский жұмыс үстелінде әдемі киініп отыратын болған. Кенеттен келген қонақ болса, оны жинақы, ресми күйінде көреді екен. ал жазушы Пьер Лоти жазу барысында әрқашан шығыс шапанын киетін болған.

Ал жазушының жұмысы қарқынды болып, қаламының тоқтамауына күннің уақыты да әсер етеді. Біреулер үшін таңғы уақыт шабыт шақырар болса, ал кейбіреулерге түн ұйқы үшін емес, өнер тудыру үшін жаралғандай. Ақберен Елгезек тәуліктің қай уақытында да жаза беруге даяр. Ол уақыт талғап, тәуліктің арнайы бір бөлігін бөлмейді. Қай кезде ойына не келеді соны жазып қалуға тырысады. Дегенмен, роман, повесть жазу барысында тәртіптің де керек екенін білеміз. Автор үшін кешкі уақыт қолайлы болса керек. Көбіне уақытын бөліп, жазуға ниеттенетін кезі де осы – түн іші. Тіпті, жазушының әлі жарық көрмеген, жазу үстіндегі үлкен көлемдегі романы да оның ойына түн ішінде келген екен. Ұйықтап жатқан жерінен түсіне кіріп, белгі берсе керек. Кейін автор ізін суытпай, жазуға кіріскен көрінеді.

«Жыл он екі ай бойына тер құрғатпастан күн сайын біркелкі еңбек ету мүмкін емес. Біреудің күндіз, біреудің түнде жақсырақ жұмыс істейтіні тәрізді жылдың әр мезгілі әр жазушыға әр түрлі әсер етеді» [1, 32]. Иә, жазушы үшін өзінің сүйікті жыл мезгілі оның қалам тербеуіне әсер етеді. Егер көңілің көктемді қалап, ал өзің шымырлаған аяздың құшағында жүрсең, әрине, жаныңның жай таппасы анық. Негізінен, біраз жазушылар үшін көктем мен күз мезгілі қолайлы секілді. Мысалы, осы ойлардың иесі Кадыр Мырза Әлінің өзі күз мезгілін ұнататынын айтып, қатарынан көптеген туындыны жарыққа шығаратынын сөз етеді. Осы шақ

жазушы үшін нағыз шығармашылығының қызатын тұсы көрінеді. Көптеген алып тұлғаларға жылдың қай мезгілі болсын бәрібір болады, олар мезгілді аса қатты талғамауы мүмкін. Бірақ өзіміз білетін Пушкин мен Паустовский өнімді жұмыс жасайтын мезгіл ретінде күз айларын таңдайды екен. Ал Шиллер көктемді ұнатқан. Кейбір ақын-жазушылар кей мезгілді өзінің өнеріне де қимай қалатын көрінеді. Сол мезеттерде ерекше жалқауланып, бір-екі ауыз сөз шығарудың өзі азапқа айналады екен. Енді Ақберен Елгезектің сүйікті жыл мезгіліне оралсақ. Автор күз және көктем мезгілін ұнатады. Осы мезгілдерде барынша көп жазуға, шығармашылықпен айналысуға тырысады. Себебі өзіне ұнайтын кезде сүйікті іспен айналысудың өзі саған бақыт әкелері анық. Кейде жаныңнан қиналып жарыққа шығара алмаған дүниелерді осы кезде төгілтіп тұрып жазып тастауың ғажап емес. Соған қоса, Ақберен Елгезек жаңбырлы ауа райын қатты ұнатады. Жаңбыр жауған кезде де жазуы өнімді жүрсе керек.

«Жазу үстелінде әр ақын өзін әр түрлі ұстайды. Біреу бұрқыратып шылым шегеді. Темекі тартқанда да үзбей тартады. Бірін бітіре сала екіншісін бастайды. Әйелдігіне қарамай Жорж Сандтың өзі стол басында үнемі сигара тартқан. Біреулер Бальзак секілді кофеден басын алмайды. Бальзак қана емес, Вольтер де, Дидро да, Гримм де – бәрі де жақсы көрген кофені. Жазу науқаны кезінде тоңазытқышты салқын сыраға толтырып қоятын жазушыларды да жақсы білем. Үйренуге, әдеттенуге байланысты ғой. Әйтпесе, нағыз жауапты сәттерде алкогольі бар сусын ішу – творчество үшін қиянат деп түсінем. Марқұм Ғали Омаровтың өз аузынан құлағыммен естідім: Илияс Жансүгіров ағамыз ұйқыңды келтіріп, жұмыс істетпейді деп, ата сусын қымыздың өзіне жоламайды екен» [1, 33-34]. Қадыр Мырза Әлі жазушының әдетіне оның не ішіп-жейтініне дейін қосады. Бұл да жазу барысында ерекше әсер етсе керек және оны тек шығармашыл адам ғана түсінетін шығар. Ақберен Елгезек жазу барысында шай ішкенді ұнатады. Соған қоса, қосымша әдеті ретінде темекі тартады. Жұмыс істеуі үшін осы екі нәрсенің өзі жетіп жатыр. Шай демекші, жазушы үйде әзірленетін тағамдарды қатты ұнатады. Жұбайы Дина Елгезектің тамағынан басқа тамақты аса қатты ұнатпайтынын айтады. Тіпті, шет жаққа кетсе де, сағынып

жүретін көрінеді. Сүйіспеншілікпен ұнататын тағамдарына ет, палау, қуырдақ кіреді. Жазудағы әдеттерге оралар болсақ, Ақберен Елгезек жазу барысында артық іс-әрекеттер жасамайды. Күй тындау, музыка қосу, ойын ойнау секілді әдеттерге жоқ. Жазушының айтуынша музыка кейде оған кесел келтірсе, ал кейде жанын керемет сезімге бөлеп, жазуға көмектесіп те қалады. Бірақ, көп уақытта ойын әр нәрсеге бөлмей, тыныштықта отырып жазуды жөн санайды.

Әр ақын-жазушы өзінің бос уақытында түрлі қызықты істермен айналысып, біраз нәрсені ермек етеді. Бірі құс атып, аң аулауға шықса, енді бірі табиғат аясындағы тыныш демалысты ұнатады. Өзгелер үшін демалыс тәніңді демалтып, ұйқымен өткізу болса, енді біреулер демалысын көңілді өткізеді. Ал Ақберен Елгезектің айтуынша, жазушыда бос уақыт жоқтың қасы. Ол, әрине, қызметте болғаннан соң бос уақыттың тапшы болуы заңды шығар. Ал қолы босай қалған кезде, кітап оқығанды ұнатады. Қосымша әдебиеттерден мәліметтер жинап, көңіл көкжиегін кеңейтіп, ақпараттар алады. Жазушы кітап оқуды өзі үшін үлкен демалыс деп санайды.

Жазушының қоғамдағы келбеті қандай? Ұлт мүддесі үшін қандай қызметтер атқарып, не тындырып жүр деген сауал туындауы шартты. Ел ішіндегі жағдайды, халықтың мұң-мұқтажын, жай-күйін елеп-ескеріп, оны бұғып қалмай, жарыққа алып шығу – үлкен ерлік. Атойлатып, айқай салмаса да, көп нәрсені іспен дәлелдеп жүрген Ақберен Елгезек үшін ұлттың келешегі өте маңызды болып саналады. «Жазушы – шын мәнінде өмір мен оқырман арасын жалғайтын дәнекер. Тілdestіретін тілмаш. Бірақ бұл жеткіліксіз. Шынайы қаламгер әрі адамзат қоғамының маңызды мәселелерін зерттеуші де. Ол – халық өз келбетін көріп танытын айна іспетті десек болғандай» [2, 29]. Иә, жазушы да, ақын да қоғам қайраткері ретінде қоғамда болып жатқан түрлі мәселелерді қарастырып, көпшілікке ұсына алуы қажет. Ақберен Елгезектің ойы осы тұста екіге жарылады. Ақын өлеңді қару ретінде қолданғысы келмейді. Өлең ақын үшін тылсымнан келіп туатын шығарма. Оны арнайы тапсырыспен немесе бір қажеттілік үшін жазып, жасандылық танытудың қажеті жоқ деп есептейді.

Әкім Тарази жазушылықты тек таланттылықпен байланыстырып қоймайды. «Жазушы дегеніміз – талант плюс өмірбаяндық хикаят. Көргенің неғұрлым көп болса, сол көргенінді екшейтін талантың болса, сол екшегенінді қауызынан айырып халыққа ұсына білер даналығың болса – сен қаламгерсің. Қайтадан айтамын, қаламгерге өмірбаян керек. Демек, қасірет керек дегенім» [3, 8].

Қорытынды. Ақын Ақберен Елгезек те жазушылық жолына осындай қиын тағдырының арқасында бет бұрды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ол балалық шақтың бал дәмін татпады. Тағдырдың талай соққысын көрді. Ал өзіне берілген қасиеттің арқасында өткен тағдырын керемет суреттей білді. Ақын үшін бұл сценарий Құдайдан. Бұл «Болмаған балалық шақ» повесі де Құдайдың жазуымен орын алғандай.

Қаламгердің жазуына өзгелердің өмір туралы ойлары мен ұстанымдары әсер етері сөзсіз. Бірі еліктеу деуі мүмкін, енді бірі үлгі алу деп ойлайды. Бірақ әр ақын-жазушы өзінен бұрынғы арба дөңгелегіне қарап, бағыт алары анық.

Қорыта айтқанда, Ақберен Елгезек – шын талант иесі. Ол үшін өнер мен өлең еріккеннің ермегі бола алмайды. Әр жазылар өлең шабыт пен шынайы өмірінің таза бейнесі екенін біле аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сөзстан. 5-кітап – Алматы: Жалын, 1984. – 224 бет.
2. Сөзстан. 1-кітап – Алматы: Жалын, 1980. – 208 бет.
3. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. – Алматы: Санат, 2000. – 240 бет.

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Жумадилова Майра Бахтыновна

*Алматы қаласы, Алмалы ауданы
№ 15 гимназия КММ Қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Ж.Нәжімеденовтің суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ақынның табиғат, махаббат суреттеріне арналған өлеңдеріне талдау жасалынады. Ақын лирикаларында лирикалық кейіпкердің туған жерге деген сүйіспеншілігін, табиғатты бейнелеуінде оқырманды еріксіз елітетін әсем суреттеулер, сүйіспеншіліктегі жалған сезімге қарсы бағыттағы шынайылықты дәріптейтінін көреміз. Қаламгер бұл толғаныстарында поэзияның құпия қыр-сырларын ашады. Суреткердің оқырман алдындағы парызын, міндет-мақсаттарын анықтайды, шеберлік жолындағы ізденістері, өлең жазу процесіндегі сезім-күйлері арқылы беріледі.

Түйін сөздер: Лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

Кіріспе. Жұмекен Нәжімеденов шығармашылығының дені поэзия, сондықтан оның қаламгерлік бітімі, шеберлігі, әдебиеттегі орны ақындығы арқылы белгіленеді.

Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, теңеулермен, өлең өрнегі дыбыстық әсем айшықтармен байытқан. Айшықтаудан Жұмекен Нәжімеденов тудырған тың арнаулар, қайталаулар, эпифора мен анафора психологиялық егіздеу қазақ поэзиясының бұл саладағы поэтикалық үлгісі болып табылады.

Суреткердің лирикасын талдамас бұрын оның лирикалық қаһарманы жөнінде айта кету жөн. Ақынның лирикалық қаһарманы — үлкен интеллект. Ол ұсақ-түйек төңірегінде, отбасы, ошақ қасында қалып қоймайды. Оның басты міндет етіп

көтеретіні — адамгершілік, ар алдындағы борыш, ізгі қасиеттер үшін күрес, күллі өмірдегі адам ар-ожданына кереғар ұқсастықтардың бәріне қарсы майдан ашу, халықтық проблемалар, керек десеңіз, бүкіл планеталық мәселелер. Оның ойлайтыны — жеке бастың қамы емес, халық мүддесі [1,52]. Осындай биік парасаттылықты ту етіп көтерер қаһарман айналасындағы қиян-кескі құбылыстарға бейқам қарай алмайды.

Тыныштық өмір оған жат. Айнала етектен тартқан ескілік, мансапқорлық, көрсоқырлық, аярлық, опасыздық, қанпезерлік тынышын алып, түн ұйқысын төрт бөледі. «Өлең – сирена», - дейді Қадыр Мырзалиев. Бұл шындық екенін Жүмекен поэзиясы дәлелдейді. Әр өлеңі - ақын сезімінің сиренасы. Нәжімеденовтің лирикалық кейіпкері өзін әлем алдында, адамзат баласы алдында жауаптымын деп сезінеді.

Әр ақынның лирикалық кейіпкерінің өзіне тән мінезі, қан қызуы, яғни темпераменті болады. Қазақ ақындарының лирикасында ондай мінездің алуан түрін кездестіреміз. Ал Жүмекен кейіпкерінің мінезі басқа ешбір ақынның кейіпкеріне ұқсамайды. Демек, бұл - ақынның лирикалық кейіпкер мінезін даралауда суреткерлік шеберлікке жеткендігінің белгісі. Жүмекеннің лирикалық кейіпкері байсалды, байыппен сөйлейтін, асықпай ой салмақтайтын, асып-таспайтын, еш нәрседен саспайтын, қандай іс-әрекет, құбылысқа болсын қарапайым да сезімтал жүрегімен қабылдап, жүрегімен дәріптейтін, жүрегімен айыптайтын парасатты тұлға. Онда жайлап айтса да, алыстан орағытып, тыңдаушысын да байсалдылыққа шақыратын, терең ойландыратын, алды-артын аспай-саспай бағдарлайтын қасиеті бар. Л.И.Тимофеев пен Н.Венгровтың «Краткий словарь литературоведческих терминов» деген сөздігінде мынадай анықтама бар: *«Гражданская поэзия — поэтические произведения, идеи, темы, образы которых непосредственно связаны с общественной жизнью и борьбой народа за свободу и счастье...»* [2,38.]. Осы айтылғанға сүйенсек, қай ақынның да шығармаларын оның азаматтық лирикасын талдаудан басталады. Сол себептен біз де Жүмекеннің азаматтық лирикасын сөз басы еттік. Азаматтық яки әлеуметтік-саяси лириканың өзі шартты түрде бөлінген басқа

лирикалардай емес, алуан түрлі тақырыптарға тарамдалып кететінін есте тұтқан жөн. Сол себептен бұл қомақты поэтикалық топтаманы талдауда жүйелілік болу үшін әр тақырыпты жеке-жеке қарастырамыз [3,68].

Ж.Нәжімеденовтің азаматтық үні *«Жүрегімде бір тамшы қан болса егер»* деп басталатын өлеңінде-ақ көрініс береді. Әп дегеннен ақын ойлары кесек айтылған бұл шығарма Жүмекеннің күнделікті ұсақ-түйекті тілге тиек ететін ақын емес, кесек ойлы, ірі де іргелі қаламгер болатындығынан хабар берген еді. Кеудеден шымырлап қайнап шыққан көңілдің ақ жамбысындай үлкен толғанысты туынды - ол. Кейіпкер өзін денені аралайтын бір тамшы қанға балап, сол қан сияқты туған жерді аралайтындығын айтады. Адам денесі қансыз өмір сүре алмайтын болса, ел де адамсыз өмір кешуі мүмкін емес. Адамға еш уақытта да тоқтау жоқ, сол әрекетінде мақсат-мұраттар мол. Адам демі - туған жердің демі. Тамшы қан тіршілік нәрі болса, кейіпкер де тіршіліктің биігін аңсайды, өзін елден бөлектей алмайды. Мәселен:

Мен кідірсем терім сүртіп бір сәтке,
Бүкіл дүние тұрып қалар секілді.

Осы екі-ақ тармақтағы мағынаға толы жолдарда өлеңнің бүкіл идеясы бар. Шындығында да, адамсыз, адам әрекетінсіз дүние қаңырап қалар еді. Қысқа да нұсқа бұл өленді Жүмекеннің азаматтық поэзиясының лейтмотиві дер едік. Басқа шығармалары осы өлең төңірегіне шоғырланып, биік идеяларға нұсқайды. Лирикалық кейіпкер өзінің ұлағатты сөзін барлық жылы жүректі, парасатты, ешкімді алалау дегенді білмейтін кеңпейіл адамдардың атынан айтады. Оның мінезінен терең идеяны адам өзін өмірден, тіршіліктен бөлек санамау қажеттігін, бар болмыс әлем бір-бірімен диалектикалық бірлікте екенін, шындықтан, өмірден оқшау өмір кешу мүмкін емес екенін айтады.

Негізгі бөлім. Ақын - заман перзенті. Оны айқындай түссек, ақын заман дүбірімен үндес, заман ағымымен бірге болуы керек. Заманның сағат сайын қояр сауалына жауап беру үшін жауапкершілікті сезіну - әр қаламгердің ең басты азаматтық борышы. Қоғамның жазылмаған заңы қалам қайраткерлерінен үнемі сергектікті талап етеді. Ақын Жүмекен мұны терең

сезінген. Оның кез келген өлеңінен өмірге деген ерекше құштарлықты көретініміз де осыдан. *"Жүрегімде бір тамшы қан болса егер..."* деген өлеңімен үндесіп жататын *"Соқ, сағат"* дейтін топтаманың да мәні терең. Лирикалық кейіпкердің пікірі әр оқырманның жүрегіне жол тапқандай, оқырманның өз сөзіндей болып естіледі. *"Өз көзіммен"* деп аталатын, ақынның өмірге өзінше қарау кредосының жүзеге асқандығын дәлелдейтін жинағына енген өлеңдер бес бөлімнен тұрады. Ақын уақыт, заман, өмір туралы ой-сезімдерін бес өлеңге тұтастырады. Бір-бірін күрделендіріп, байыта толықтырып тұрған әр бөлім нақты бір ой діңгегіне ұласып, тарамдала дамиды [4,32].

Лирикалық кейіпкер заманның құбылмалы характерін дөп басып, дәл бағалауды мұрат тұтады. XX ғасыр - аласапыран төңкерістер, қарама-қарсы қаһарлы қақтығыстар ғасыры, есулер мен өшулер, жарылыстар мен жаңғырықтар, түрлі кереғарлықтар қаптаған, адам ойын талқандап, адам жүрегін тебіrentкен ғасыр. Секунд сайын елең еткізіп өмірде есепсіз проблемалық шиеленістер туындап, жаңалықтар да ашылып, самғаулар мен шарықтаулар болып жатқан ғасырда ақында жайбарақаттық болуы мүмкін емес. Құлшынысқа, ұмтылысқа, өмірдегі өзгерістерге барлық жақсылықтар мен жамандықтарға сезімтал жүрек: *«Тағы бір ғажайып түн өтті - тек қана үлгірдім құмартым»* деп зулап бара жатқан заман екпініне, уақыт жүрдектігіне ілесу қиын екендігін ескертеді. Ақын түннен кейін таң, бір таңнан кейін тағы бір таң жырын жаңа туған тәулікке үндестіре алмай дал болады.

Әдебиет зерттеушісі Төкен Ибрагимов бұл өлең жөнінде: «Жас та елгезек кейіпкер (лирикалық кейіпкер) таңмен таласа тұрыпты. Мезгіл үнімен ояныпты. Кешегі өткен түннің, бүгінгі таңның құрдасы. Ойлана, сезіне тұрып, өмірді уақытпен, ойын жырмен өлшемек. Өзіне кексенің міндетін жүктеп, жастық құлшынысын құпнатпақ, ет қызу, елегізу бар бойында. Елегізе беретіні - асығыс... Ендеше ақын тыншымайды, ғасырымыз тыншытпайды. Ақын рахаты ой үстінде» [5,175].

Сыншы ақынның уақыт алдындағы парызы жөнінде дөп айтқан. Ақынның лирикалық кейіпкері адал азамат атынан сөйлеген. Асығу, заман, қоғам көшіне ілесу, тіпті одан оқ бойы

оза жүру ақынға ғана емес, ең бастысы, планета алдындағы жауапкершілігін сезінген адамға қажет.

Лирикалық кейіпкердің асығуы - жай ғана асығу емес, адам баласының бақыты үшін еңбекке құлшыну. Ал еңбек - алда не болатынын болжамай қара терге малшынып мақсатсыз жер қаза беру емес, «қол мен кеудеде сенім бар, бағыты бар еңбек - нәтижелі мәресі алдағы еңбек. Қай заман, қай қоғамда өмір сүрсең де өмір тірегі - осы еңбек екені айдай анық шындық, әлемді алақанымен аялап тұрған да еңбек», - дегенді айтады ақын. Кейіпкер адамзат баласының игілігі үшін бәріне де әзір. Ақын үні өз замандастарымен бір арнада, бір дауыспен, бірақ бөлек, өзіндік әуенмен шығады. Ол құштарлық үнімен өмірге, тіршілікке деген қамқорлығын сездіреді.

Ал бірақ сөгілсе дүние ұлтаны,

Өзімді шеге қып қағамын, -

деу лирикалық кейіпкердің қандай пікірдегі азамат екендігін айқындайды. Өмір өзгерісі күнмен, жылмен ғана шектелмейді. Онда сағат пен минуттан озуға талпыныс керек, себебі уақыт өзі-өзін қусырып келеді.

Секундтар қуалап бір-бірін,

Толқын боп соғады жарына.

Секундтар бір-бірін соққылап жатқанда, адамда қаперсіздік пен тыншу болмауы жөн. Адам бүгін істеген ісінің келбеті болашақ күнде тұруы үшін қызмет етуі қажет. Ақынның:

Алдағы күндердің жүзінен

Күлкімді көруге келем мен, - деуі содан.

Әр азамат мезгіл маусымындағы әр ісін салмақтап саралайды. Өйткені, лирикалық кейіпкер бүгінгі кеткен қателіктің қайта қайталанбауын, сөйтіп, уақытқа кесір-көлеңкесін түсірмеуін ойлаған қаракетінде «таң ата бала боп оянып, күн бата шал боп жататынын» айтып, жар салады. Өзгелерді де осыған шақырады.

Соқ, сағат!

Үш, қиял!

Ой, ізден!

Міне, үзеңгі қағыстыратын сағат, қиял, ой сияқты үш тұлпарды ақын осылайша ерекше атайды. Осылардың қайсысы бәйгенің жүлдегері болмақ. Ақынның оқырманды жетектеген ой

өзегі - тек қана озу. Бұл жарыс додада кейіпкер «бар күшімді пайдаланам», - дейді. Өйткені асығу - өмір заңы.

Лирикалық кейіпкер өзінің құдіреттілігін, биіктігін де жария етеді. Өршіл оптимизм өлеңдердің бәрінің өн бойында үзілмейтін өрнек тапқан. Кейіпкер ғасыр дүбірін ауаның дірілінен-ақ түсінеді. Ол аспанның көп жұлдызының ішінен бірін алып жарына сырға қып ұсынады. Осындай ғажайып істермен аяқ басса ғана «секундтар саусағы санайды жүректер дүрсілін». Өлеңнен уақытпенен бірге аттаған «ертең мен бүрсігүнді» бүгінге айналдырған құдіретті адам бейнесін көреміз.

Жұмекен шығармашылығының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ сәтті туған өлеңдер мол. Ақынның бұл кездегі жырлары оқырман көңілінен шықты. Сонымен бірге ол әдебиет сыншыларын да бейқам қалдырған жоқ. Өйткені, балғын қадам туындылары лирикалық кейіпкерлерінің бітімі бөлек, кесек еді. Алғашқы жинақтың өзіндегі **"Отан"** атты өлеңде туған ел алдындағы борышын ұғынған, өмірдегі өз орнын анықтаған адам бар. Ол өзінің өмірдің қонағы емес, қожасы екендігін жария етті.

Бел балаң ем, өсейін де шынығып,
Заводтарда болат илеп, шыны үгіп,
Семіруге келгенім жоқ өмірге,

Аулақ жүріп, ауа жұтып, тынығып, - деген жолдар халық алдындағы үлкен міндетін сезінген адамның сөзі. Лирикалық кейіпкер өмірдегі жақсылық-жамандықты айыра отырып, оларға деген көзқарасын білдіреді. Қас шындықты жасырмай ашық айтады. Жаңа заман психологиясының адамы әрдайым осындай айқын да батыл ойлы, басқаша болуы шындыққа кереғар.

«Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?» деп басталатын өлеңінде адам қасиеттері мен мінездерінің қалтарыстарын, адамға байланысты басқа да болмыстарды қарапайым да қысқа өлең жолдары арқылы саралап береді. Өзі шағын болса да, идеясы қомақты шығарманың жүгін арқалап тұр. Өлеңдегі батырлық, байлық, адалдық, жалғандық, бақыт, арман сияқты дерексіз ұғымдар жанды бейнеге айналып, нақтылана көрінеді. Ақын қиялына, бұл адамдық белгілер оқырман санасында әртүрлі іс-әрекеттер жасайды. Мәселен, бейнелер лирикалық кейіпкердің үніне келеді. Ал лирикалық кейіпкер

болса, сезіміне нұсқау бере сөйлейді. Бейнелер кезектесе келген сайын «*Кім болды екен, сол емес пе екен?*» деген болжамды сұрақ қояды.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен,
Батырлық па? - өз төрімде жайрандатам, түнетем.
Байлық болса, қулау болар, тура қара көзіне,
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Өлең осылай басталады, бейнелерге қойылар сауалдар жалғаса береді. Өлеңде бейнелер болмысына қарай екі түрлі көзқарас кезектесе алмасады. Оны кейіпкер басындағы драмалық ойлар туындатады. Кейіпкер табиғаты таза, адал адам, тірі пендеге жақсылық тілейтін, жақсылық жасайтын ғана қасиетке ие. Сондықтан оны жағымсыздық пен жақсылық жарыса отырып, карама-қарсы ойларға жетелейді. «Өз төріме жайрандатам», «барым - әзір, көңіл хош», «кілем таста, дастарханым жаямын», «өмір бақи арқалайын, төзейін» деген тіркестер «қулау болар, тура қара көзіне», «тулақ таста, сүртіп шықсын аяғын» дегендерге тұп-тура қайшы пікірлер. Шығармадағы мұндай карама-қарсы пікірлер ақынның идеясын айқындай түсу үшін ерекше қызмет атқарады [5, 26].

Қорытынды. Өлеңінен - өлеңіне ауысқан сайын күллі адам санасына қараңғыда жол көрсеткен шамшырақтай боп ақынның азаматтық үні алға бастап отырады. Адамгершілік парасат жылы жүректі адамдардың көкірегіне ұялай қалатын, қарапайым оқырман ойына келе қоймайтын, ол байқай алмайтын өмір қалтарыстарындағы құпиялар, ақынның өткір ойы қызықтыра береді.

Қорыта келгенде, аса талантты ақын Жүмекен Нәжімеденов өзінің қысқа өмірінде ұзақ ғұмырлы, өлмес, өшпес, әдеби мұра, саңлақ суреткерге ғана лайық өзінің әсемдік әлемін жасады. Оның ақындығының айрықша асыл, қайталанбас кастерлі құны мен қасиеті осында деп білген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нәжімеденов Ж. Темірқазық. – Алматы: Жазушы, 1982. – 187б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1960. – 404б.
3. Юсупов Қ. Жүмекен Нәжімеденовтың ақындығы. – Алматы, 1996. – 192б.

4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212б.
5. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 253б.

ЖҰМАБАЙ БІЛӘЛҰЛЫ – ҚАЗІРГІ ЗАМАН МОДЕРНИЗМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тілеубек Ермек

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

І-курс магистранты

Қазасқтан, Алматы қ.

Кіріспе. «Келген ізім – далам, беталысым – ғалам. Жеткен жері – осы заман, осы өмір. Осылай бір басы – дәстүр, бір басы – даму. Екеуі де бірдей қымбат. Тепе-теңдік сырығын қолына ұстап, болат арқанның үстінде қалтырақтап келе жатқандай бейнеленетін». Қытайдың осы заманғы қазақ жазушысы Жұмабай Біләлұлының шығармаларында осындай образдар кездеседі.

Жазушы әр уақыт осылай жатса-тұрса, баласының бақытын тілеп сиынған кейуанадай, ұлты тап болған түрлі тағдырларға күйіне көз салып, әрнені зерделеп, қадағалап отырады. Ұлтының жарқын болашағын армандайды. Ұлы идеялар ұқсас демекші, оның ұлт мұратын, ұлт мұңын арқау еткен ойлары табиғи түрде күллі адамзаттың армандарымен ұштасып кетіп жатты. Осынау ауыл жазушысының толғамы мен талғамы бүгінде миллиардтар арасындағы мықтылардың, тіпті әлемнің мықтыларының да көзілдірігін түсіріп, үңіле қарауына мәжбүр етіп отыр. Ұлтжанды осы жазушының ұлт жайлы қиялы мен армандарын көркем әңгімелерінен де, романдарынан да көруге болады. Осы мақалада Жұмабай Біләлұлының Қытайдағы қазақ әдебиетіне қосқан орасан зор еңбектерімен танысып, саралаймыз.

Негізгі бөлім. Жұмабай Біләлұлы 1940 жылы Қытай Халық Республикасы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районы Тарбағатай аймағы Дөрбілжін ауданында дүниеге келген. Қытай қазақтары арасынан шыққан шоқтығы биік жазушы. Алғашқы сауатын медреседе ашып бастаса, кейіннен Дөрбілжін орталау мектебін бітіріп, Шыңжаң университетінің қытай тілі мен әдебиеті

факультетіне оқуға түседі. Алайда отбасылық жағдайына байланысты оқуын орта жолда тастап кетуге мәжбүр болады.

Тағдырдың қатал ызғырық желі қайтпас қарағайдай қайсар жазушыны шарпымай өтпеді, Қытайдағы 1960-1970 жылдар аралығындағы қуғын-сүргінді басынан өткізіп, 10 жыл жазықсыз айдауда болды, тек 1979 жылы ғана қайтып ақталды. Қайсар жазушы тағдырдың бұл сынағына мойымады. Керісінше, бар ерік-жігерімен ауылда сиыр бағып жүрсе де, ұлты үшін, артындағы ұрпақтарына мол мұра болып қалатындай, еңбектер жазып қалдырды. Тіпті кейбір шығармаларының тартымдылығы мен ауқымының кеңдігі соншалық – көршілес өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығын оятты. «Арулар» атты романы ханзу тіліне аударылып, кең көлемде таратылды. Ал «Үш қиық» атты әңгімесі жапон тіліне аударылып жарияланды.

Әлем әдебиетімен, орыс және кеңес әдебиеттерімен бала кезінен сусындаған жазушы әдебиет теориясына бағынбай, өз ойын еркін әрі нақты жеткізді. Ол әрқашан мықты бір жазушының мақаласы немесе романы жарыққа шығып, халық көңілінен орын алып жатса, оны міндетті түрде зерттеп, зерделейтін. Сол жазушының шығармашылық тәсілінен өзіне қажет дәнін алып, қауызын тастап отыратын. Сондықтан болар бүгінгі таңда арғы бетте миллиардтардың мықтыларымен үзеңгі қағыстырып жүргені.

Міне, осының куәсі ретінде «Апан сері», «Неке», «Үш қиық», «Сүрі қар», «Білеу», «Зәңгінің рухы», «Шаңқан боз», «Өлместің күнін бер», «Қоңыр таудың күңгірі», «Ақселеу», «Дала торғайлары», «Арулар» қатарлы әңгімелері мен романдары көптеп жарық көрді. Олардың басым көпшілігі ханзу тіліне аударылып, оқырмандар тарапынан үлкен сұранысқа ие болды. Тіпті ханзу ұлтының атақты сыншыларының өзін мойындатып, жоғары бағасына ие болды. Мысалы, Қытай ұлттар әдебиетін зерттеуші, сыншы, профессор Чің Байжүн: «Жұмабай шығармалары таяздан тереңге, көп қатпарлыққа құлаш ұрған заманымыздың шоқтығы биік туындыларының қатарынан орын алды», [1] – деп жоғары баға берсе, 1987 жылы Шанхай Қоғамдық ғылым академиясы шығарған «Қытай жазушылар қыбыламасы» атты кітапта: «Жұмабай Біләлұлы өзінің ұлттық

казынасын қазіргі заман модернизм әдебиетінің деңгейіне көтере білді» [2], – деп жазды.

Бұдан бөлек, бүгінге дейін Жұмабай Біләлұлының әдеби туындылары туралы ханзудың Чің Байжүн, Шың Уй, Жаң Уй сияқты белгілі сыншылары мен әдебиеттанушылары жазған пікір-мақалалар «Тереңдік» атты жеке кітапқа айналып отыр [3]. Осындай еңбектерінің арқасында Қытай Жазушылар одағы төрағасының құрамына кірген екі қазақтың бірі Жұмабай Біләлұлы болып отыр.

Жұмабай Біләлұлының шығармалары тақырыптық ерекшеліктерімен: адамның ішкі жан дүниесін, қоғамдағы орнын, рухани ізденістерін бейнелеу арқылы оқырманды терең ойға жетелесе, көркемдік әдістері арқылы: сюжет құрылымындағы эксперименттер, уақыт пен кеңістікті еркін пайдаланып, символизм мен метафораларға бай тілдік қолданыстарды пайдаланады.

Қорытынды. Кейіпкерлер арқылы ішкі жан дүниесі күрделі, өмірдің мәнін іздеген, қоғаммен үйлесім табуға тырысқан тұлғаларды суреттеп бейнелейтін. Бөгенайы бөлек, дара жолы бар, жеке талғамы ерекше жазушы ретінде қазақ әдебиетіне жаңаша бағыт алып келді. Оның модернистік әдістерді қолдануы қазақ прозасының мүмкіндіктерін кеңейтті.

Жазушының туындылары тек Қытайдағы қазақтар арасында ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінде төрден ойып тұрып, өзіндік орнын тапты. Ол ұлттық әдебиетіміздің байлығын арттырып, жаңа көркемдік ізденістерге жол ашты. Жұмабай Біләлұлының шығармалары оқырманды терең ойға жетелеп, рухани әлемін байытады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ли Жянжүн. «Жұмабай – жаңашыл жазушы» // Қазақ әдебиеті газеті. 2012. № 21-22.
2. Мұрат Шаймардан. Қытайда көп оқылатын қазақ жазушысы. – Алматы: Жазушы, 2021.
3. Мұрат Шаймардан. «Қытайдағы Қазақ қаламгерлері» // – Алматы: Жазушы, 2019.
4. Әлімжан Әшімұлы. «Модернизмнің негізгі бастауы ретінде» // stud.kz. (Қол жетімді: 21.02.2025).

МИФ ЖӘНЕ ЕРТЕГІ ЖАНРЫНДАҒЫ ЖАСАМПАЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ІЛКІ АТА БЕЙНЕСІ

Сагидоллаева Балым Саламатқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2- курс

магистранты

Ғылыми жетекші: А.С. Кушкимбаева, PhD

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, өзіне тән қызметі мен құрылымы бар. Соның ішінде ертегі жанрының құрылымдық ерекшелігі өте кең. Өйткені фольклор саласының ішіндегі ең пәрмендісі, ең көркемдісі, ең қуаттысы – ертегі. Ертегінің кейбір тұстарында мифтік сюжеттер топталып келеді немесе бір ертегінің толықтай үлгісі мифке құрылады. Кейбір ертегілердің мифтен айырмашылығын да таба алмай жатамыз. Тіпті кейбіреуі оны мифпен шатастырып жатады. Шындығында, ертегі деп жүрген кейбір ертегілеріміз миф болып шығады. Бірақ қанша дегенмен де, жалпы ертегілер деген ұғымды айтқан кезде, олар – жеке-дара өз алдына бір сала. Қандай да бір жанр екінші бір жанрға көшкен кезде, сол жанр өзінің бойындағы қасиетін, ерекшелігін, бойындағы нәрін келесі жанрға «өткізеді». Міне, осындай аралық кездерде екі жанр бір-бірімен қосылып, жігі білінбей кететін кездер де болады. Яғни ол алғашқы жанрдың кез келген тұсынан бастау алады да, келесі жанрдың алғашқы сатыларынан, ең ежелгілерінен ғана көрініс табады. Мәселен, белгілі бір миф қиял-ғажайып ертегілерде молынан кездеседі. Ертегілердің ең алғашқы сатысында осы ертегілер тұрғандықтан, таза мифтік сана көрініс табады. Немесе белгілі бір ертегі эпосқа айналу жолында ол тек көне (архаикалық) эпоста өзінің қасиетін сақтай алады. Ал миф бірден эпосқа өз сәулесін түсірмейді. Ол эпоста бұлыңғыр күйде көрінеді. Қазақ ертегілерін әр ғалым түрліше жіктейді. Соның ішінде ғалым Ә.Қоңыратбаев мынадай үш топқа бөледі:

1. Қиял-ғажайып ертегілер.
2. Жан-жануарлар (хайуанаттар) жөніндегі ертегілер.

3. Тұрмыс-салт (реалистік) ертегілер [1, 52-б.]. Бұл ертегілердің негізгі 3 тобы олардың мағыналық-тақырыптық, идеялық негізіне байланысты жіктелген. Осы арада иерархиялық үлкен кеңістік бар. Жанрдан-жанрға емес, тіпті, жанрдың ішіндегі құрылымдар белгілі бір келесі құрылымдық жүйеге өткен кезде кезде аралық қасиетін сақтайды. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерде таза мифтік қасиет, ежелгі таным, халықтық қиял, әдемі өмір кеңінен сипатталады. Қиял-ғажайып ертегілер аты айтып тұрғандай, белгілі таңғажайып құбылысқа құрылады, алдағы өмірді, келешекті әдемі аңсайды, соған ұмтылады, қанша қатерлі қауіп болса да, соны «жеңемін» деген сенім, бақытты өмірге деген ұмтылыс, оқиғаның баянды, қайырлы болып бітуімен өмірді өзектестіреді. Ал жан-жануарлар жөніндегі ертегілердің бастапқы (ежелгі) нұсқаларында мифтік қасиет басым болады, ал кейбір осындай ертегілердің тіпті этиологиялық мифтерден еш айырмашылығы болмай шығады. Хайуанаттар жөніндегі ертегілердің толысқан, ауқымды, композициялық құрылымы күрделі түрлерінде, керісінше, тұрмыс-салт (шыншыл) ертегілердің қасиеті молынан кездеседі. Сонда қай жанрды алсақ та, онда аралық жік деген мәселе болады. Айтып отырғанымыздай, жан-жануарлар жөніндегі ертегілердің алғашқы стадиясында мифтер кездессе, ал кейінгі, соңғы түрлерінде шыншылдық, таза тұрмыстық сипат орын алған.

Ғалымдардың пікірінше, қиял-ғажайып ертегілер олар – мифологиялық ертегілер.

Шындығына келсек, ертегінің алғашқы даму сатысында адамның тылсым күшке сенімі, қоршаған орта мен айналаға көзқарасы, риясыз, таза, балғын арманы, қиялы жарқын көрініс береді. Ғалым Ә.Қоңыратбаев бұл ертегі түріне мынадай түсінік береді: «Бұлар адам табиғат сырын түсінбей тұрған кезеңдерде туа бастайды. Қазақ мифологиясы космостық (күнге, айға, жұлдыздарға табыну), тотемдік (аңдар мен жан-жануарларға сыйыну), шамандық (өлі мен тірі аруаққа сыйыну, адамды қасиеттеу) түрінде жасалған. Қиял-ғажайып ертегілерінде өмір көрінісі аздау болады. Болса ол адам бейнесінде антропологиялық мифтер туған заманда пайда болады (Шопан-

ата, Желаяк, дәу, мыстан)» [1, 54-б.]. Яғни ғалым ежелден келе жатқан жамандық пен жақсылықтың тартысын, оның ар жағында ұнамды және ұнамсыз мифтердің бар екендігін және солардың ертегілерде диалектикалық сипатпен келетінін айтады. Ұнамды және ұнамсыз мифтер дегеніміздің өзі – түбі жақсылықпен, адамның «өз» еркімен істейтін және қолынан «келетін» мифтер де, ұнамсыз мифтер – түбі жамандықпен аяқталуы ықтимал, бірақ ол адамның ықтиярынсыз болатын эсхатологиялық мифтер. Міне, бұлар - (диалектикалық мифтер) ертегілерде көрініс табатын кемелденген, ұлғайған түр. «Мифология монотеистік емес, политеистік ұғымдар кезеңінде туған. Адам табиғат сиқырын түсінген күннен бастап, мифология жойылады» [1, 54-б.], - деген Ә.Қоңыратбаевтың пікіріне сүйенер болсақ, мифология – белгілі бір кезеңде туып, сол сәтте өмір сүреді, ал адамзат табиғаттың қыр-сыры мен мән-мағынасын ұғынғаннан кейін, ол таным жүйесі «жарақсыз» болып табылады да, кейінгі жанрларға сәулесін төгіп, жаңғыртады. Сонда ғалымның айтпағы: «Миф дін емес, поэзия, көркем ойлау мен ғажап фантазияның көрінісі болмақ» [2, 54-б.]. Шындығында, миф – наным мен сенімге құрылған, әр дәуірде түрленіп тұратын, әрбір құбылыс пен нәрсенің жаралуы турасында түрліше пікір-пайымдауларды өз арнасына жиыстыратын, жоғарыда ғалым айтқандай политеистік ұғымдарды өн бойына сыйдыратын танымның ерекше түрі. Оның дінмен ешқандай өзегі де, байланыс-бірлігі де жоқ. Бірақ діни мифтер кездеседі. Оның өзіндік құрылымдық ерекшелігі өз алдына басқа.

Негізгі бөлім. Айналма процесі мифологияда өте тез жүреді. Өйткені адамның ойы бір орында тұрмайды. Түрлі «тұрақсыз» өзгеріске ұшырап тұратын нанымнан кезек-кезегімен оқиға ауысып отырады. Мәселен, тотемизм ең ежелгі дәуірде туған наным. Қарапайымнан бастар болсақ, адам баласы аңшылық, бақташылық кәсіппен айналысқан кезде, сол кәсіптен айырылып қалмау мақсатында мәпелеп, әлпештеп, дегенін істеп, ақыры аяғында оларға сыйынды. Тек оларды ғана емес, сол төрт-түлік малдың иесі, «құдайы» деп Шопан-ата, Жылқышы-ата (Қамбар), Зеңгі-баба, Ойсыл-қара, Шекшек-ата секілділерді мойындаған. Сонда бұлар тотемизмге де жатпайтын жартылай миф, жартылай

адам жасампаз қаһармандар. Өйткені бұлар басқа образдар сияқты тың, тысқары жерден келген кейіпкерлер емес, өсінді жасампаз қаһармандар. Яғни бұл қаһармандардың басында кәсіптік тотемдер тұрды да, олардан «пірлер», яғни «жасанды» адамдар пайда болды. Бұл құбылыс – аталық қоғамда пайда болған дүниелер. Осы мифтердің сарынымен қиял-ғажайып ертегілер туындай бастады. Бірақ бұнда аналық дәуір мен аталық дәуір әрқашан қайшылықта келеді. Оларға мысал ретінде «Алтын сақа», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Жерден шыққан Желім батыр», «Ұшар ханның үш баласы», «Аламан мен Жоламан», «Керқұла атты Кендебай» сияқты ертегілерді жатқызуға болады. Атап өткеніміздей, аталық дәуірдің белді жас өкілі ретінде Ер Төстікті алуымызға болады. Төстіктің досы гигантомандық кейіпкерлер әрі жалмауыз кемпір, перілер. Осы жерден де матриархат пен патриархат арасындағы күрес, қайшылықты көреміз. Ендігі жерде олардың жауы тотемдер емес, дәуір мен жалмауыз кемпір, перілер. Тотем болса, символданып, трансформацияға ұшырайды.

«Алтын сақа» ертегісінде түлкілердің кулық әрекеті, қарғалардың берекетсіздігі танымдық тұрғыда жағымсыз образдар негізінде ашылса, жағымды бейне ретінде қарлығаш және төбет тотемдері көрініс табады. Немесе осындай «қасқыр», «ит», «төбет» тотемі «Сырттандар» ертегісінде беріледі. Бұл ертегілерде тотемдер символдық мәнге ие болған. Сондай бір аналық-аталық дәуірдің қайшылығынан жұбайлы неке үшін күрес деген оқиға желісіне негізделген идеясы биік ертегілер туындайды. Сонда аналық дәуірді «қолдап», жұбайлы неке үшін қарсы хикаялық мифонимдерге мыстан, жалмауыз кемпір, Жалғыз көзді дәу секілді ескі, ежелгі образдар жатса, аталық қоғам салты үшін күресушы «жаңа буынды» мифтік қаһармандарға Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар, Тыңшы секілділер жатады. «Ер Төстік» ертегісін ежелгі көктүріктер тайпасының аңыздық деректерімен байланыстыруға болады. Ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінде жаратылыс сырына бағыну деңгейімен сараланады. Бұл ертегідегі негізгі идея – жақсы өмірді, әдемі ғұмырды аңсау, соған қол жеткізу жолында барлық істерді жеңу. Ал бұл ертегіде ежелгі танымның 3 әлемі де қатар айтылады. Жер

үсті, жер ортасы, жер асты ұғымдары өз арнасымен шектеледі. Бұл мифологиялық кеңістік ертегілер мен эпостарда кеңінен қолданыс табады. Себебі бұл кеңістік шарықтау шегіне тек үлкен эпикалық орта мен кең композицияда қолданылғанда ғана жетеді. Ер Төстік жердегі зұлымдық, қатыгездікті жоюшы жасампаз қаһарман болумен қатар, жер астындағы өмірмен де тығыз байланыста болады. Мұндағы негізгі идея мынада:

1. Жер үстіне жақсылық атаулыны орнатумен шектеліп қоймай, жер астындағы қара ниеттілерді құрту, көзін жою;

2. Екінші бір өмірдің, мәңгілік о дүниенің бар екенін сездіріп, тірілер әлемі мен өлілер әлемінің қатар келетінін (грек мифологиясындағы Аид патшалығы), адам өлсе де өмір сүретінін шамандық ескі нанымда түсіндіру;

Осындай басты екі мақсатпен жер асты өмірін кеңінен суреттейді. Ал «Бекболат» ертегісін алатын болсақ, қаңғырып келе жатқан Бекболаттан қиналған сәтте көмек сұраған мақұлықтардың болашақта пайдасы тиетіндей, өздерінің денесіндегі бір бөлшегін тастап кетуі – үш дүниенің «өкілдерінің» бір белгісі ретіндегі сипатын беретін сюжеттер. Мәселен, балық (жер асты), боз тайлақ, түлкі (жер ортасы), самұрық құс (жер үсті) секілді хайуанаттардың Бекболатты әрқайсысы (балық – дарияның түбі, самұрық – жеті қабат көк, тайлақ – қалың тоғай, түлкі – бейтарап кеңістік (ін)) кеңістік ыңғайына сәйкес орналастырады.

Қиял-ғажайып ертегінің қайсысын алсақ та, біз үш түрлі жанр аясынан қарастыра аламыз. Ол:

1. Ертегілік миф.

2. Мифтік ертегі (қиял-ғажайып).

3. Ең көне эпостық жыр. Сонда ертегіден біз бірнеше жанрдың басының біріккенін көреміз. Біз ертегіні мифке де, көне эпосқа да тиемелдеуімізде үлкен мән бар. Қай нәрсенің болса да жалғасу «зандылығы» мен шығу тегі болуы міндетті зат. Мифтің ең соңғы шарықтау шегінде – ертегі тұрады. Миф пен ертегі қатар әрекеттескенде, ол мифке де, ертегіге ұқсас бейтарап жанр болады. Ал көне эпостық жыр дейтін себебіміздің шешуіне ғалым Әлкей Марғұлан былай жауап береді: «...«Ер Төстік» ең ескі дәуірде шыққан бақташылық жырдың бір ерекше түрі. «Ер

Төстік» - тарихи дәуірден қалған әңгіме, ерлік жыры. Онда кездесетін жер аттары да сондай ескі, алғашқы қоғам дәуірін көз алдымызға келтіреді» [3, 66-б.], - дей отырып, «Ер Төстік» ертегісін «Манас», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырымен байланыстырып, бұл ертегіден бірнеше батырлық жырлардың туындайтынын айтып, оларға «Төлеген батыр», «Сұр мерген», «Арғы мерген», «Аламан мерген», «Жерден шыққан Желім батыр» секілді әңгімелерді жатқызады. Ғалым: «Ер Төстік» бір кезде көлемді ұзақ әңгіме болған. Ол сол қалпында осы күнге дейін қырғыз халқының «Манас» жырының бір бөлімі болып айтылады» [3, 70-б.], - деп, ертегіні қара сөзге айналған эпос жыры дейді.

Ғалымның пікірінше, «Ер Төстік», «Шолпан мерген», «Арғы мерген», «Қара мерген» (Қара хан), «Ақ Көбек» сияқты ертегілерді бір кезде эпос болған, бірақ уақыт өте келе, трансформацияланып, эпикалық баянға түсіп, ертегіге айналып отыр дейді. Керісінше, бұл жерде, біздің айтпағымыз, ешқандай жанр артқа шегініс жасамайды. Эпос ертегіге, ертегі мифке айналуы мүмкін нәрсе емес. Сондықтан да біз бұл ертегілерді эпостан туындады демейміз. Бұл ертегілер – эпостың түпкі қайнар бұлағы. Осы мифтен ажыратылмай, тұтас күйінде тұрған қиял-ғажайып ертегі – эпосқа айналушы бастапқы жанр жүйесі. Қанша дегенмен де, бұл аталғандар ертегі жанрына жататын формалар болып табылады. Қиял-ғажайып ертегінің ішінде «Ер Төстікті» екі негізде қарастыруымызға болады. Төстік – мифтік (жасампаз) қаһарман, Төстік – эпикалық қаһарман. Бірақ мұның дәрежесі мифке де, эпосқа да жете алмайды. Алғашқысына қиял әлемі, кейінгісіне тарихи шындық жетпейді. Мифтік ертегі дейтініміз – Төстікті грек мифологиясындағы Одиссеямен салыстыруға толық негіз бар. Осы типологиялық байланысты ғалым Әлкей Марғұлан мынадай негіздермен дәлелдейді: «Одиссея Троя қаласын бұзып, кемесіне отырып еліне қайтқанда, жолда сұрапыл қара дауыл соғып, Одиссейдің кемесін толқын айдап, жалғыз көзді дәу – Полифемнің ордасына алып келеді. «Ер Төстік» жырында Ер Төстік жалмауыз кемпірден егеуін алып, Шалқұйрықпен жосытып келе жатқанда, жер қақа айырылып, жер астының жылан патшасының қолына барып түседі. Мұндағы

айырма – Одиссей теңіз стихиясында кемемен жүзсе, Ер Төстік даланың жүйрігіне мініп, сар даланың құба жонымен жортады. ...Ер Төстіктің қасындағы тауды тауға соғатын көлдің суын бірақ ұрттайтын жайын алыптары – гректің Тезей, Зевс, Уран сияқты алыптарымен бірдей. Уран теңіз дәуі Кронспен соғысса, «Ер Төстіктегі» жайын алып – теңіз түбінде жататын Долман алыппен алысады. Зевс жұртқа тыныштық бермейтін дәуірді құрту үшін Олимп тауында жұртты шақырып жаумен соғысады. Соғыста Зевс Олимп тауының басына шығып, барлық дәуді жеңіп, олардың сүйегін отқа өртейді. Ер Төстік жалмауыз кемпірден туған Шойынқұлақ дәуді жапан түзде жеңіп, оның бесікте қалған баласын теңізге тастайды» [3, 70-б.]. Сонда, «Ер Төстік» және оның сюжеттік желісі мен композициялық құрылымынан туындайтын ертегілер грек мифтерімен өзектес. Сол грек мифтері секілді бұл ертегілер – ең ескі заманның туындылары. Оның грек мифі сияқты таза мифке жатпауы сондықтан, біріншіден, мұнда эпикалық кеңістік пен эпикалық құлаш кең, екіншіден, композициялық құрылымы өте күрделі, үшіншіден, қалыпты өмір тіршілігі басым суреттеледі, төртіншіден, халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі, шаруашылығы ілгері дәрежеде бейнеленеді. Ал бұл ертегілерді эпосқа тиемелдейтін себебіміз – батырлық, ерлік, елдік тақырыбының эпикалық идеясының жоғарылығында. Сондықтан эпостың арна басында ертегінің тұратыны сондықтан. Ал ертегінің бұл түрінің таза эпостық туындыға мүлдем жатпайтыны – онда тарихи шындықтың болмауы және баяндау, берілу, жеткізілу мәнерінің, жалпы көркемдік құндылығының эпосқа қарағанда төмендігі.

Сонымен, қиял-ғажайып (мифологиялық) ертегілердің мифтен мынадай айырмашылығы бар:

1. Қиял-ғажайып ертегілерде аналық-аталық дәуір қайшылықта суреттеліп, әрқашан екі қоғамның адамдары күрес үстіндегі сюжеттерде көрініс табады;

2. Ертегілерде политеистік ұғымдар көп кездеседі. Яғни бір құбылысқа, белгілі бір наным-сенімге емес, бір ертегіде бірнеше күшке табыну, нану үлгілері болады;

3. Тотем элементтері көбіне символдық жүйе тұрғысынан келеді. Мәселен, қарлығаш – қайырымдылықтың, қасқыр –

зұлымдық, озбыр күштің, ит, төбет - адал достықтың, аққу-қаз – мейірімділіктің, қарға – қайырымсыздықтың, т.б. да тотемдердің бейнесі ретінде көрінуі;

4. Кейбір тотемдердің басқа халықтардан енуі. Айдаһар (қытай), тоты (шығыс) т.б. Мәселен, қазақта «тотыдай түрленген» деген тіркес бар. Қазақ жерінде тоты деген құс (немесе айдаһар) мекен етпейді. Ол халықтың басқа бір елден естіген «жаңалығы», тысқары құбылыстарға таңдануы, оларды жыр етуі. Немесе бөрі тотемі алтай халықтарында басқаша сипатпен көрінеді. Біріншісі ру тегі болса, бірде үйлену салтын білдіреді.

5. Кейбір этюдтердің «көшпелі сюжеттер» арқылы көрініс табуы. Қазақ мифтері өзіндік ерекшелігі бар құбылыс десек, оның құрылымынан кейбір басқа халықтарға тән ұқсастықтарды көреміз. Ал ертегілерде мұндай жағдайды ұқсастық дей алмаймыз. Яғни қазақ ертегілері сол кезеңде «сюжеттердің көшуі» арқылы немесе назирағөйлік үлгісімен жазылған дей аламыз. Әсіресе шығыс ертегілерінде кездесетін географиялық атаулар, наным-сенім, салт, ғұрып қазақтардікінде кездеседі. Немесе моңғол, орыс (Баба-яга), үнді (адам жегіш жалмауыз кемпір), грек, иран, түрік халықтарына сай сюжеттер молынан кездеседі. Өйткені қандай халық болмасын, бастарынан тотемизм, анимизм, магизм, шаманизм, зороастризм, дуализм сияқты наным-сенімді бастан кешіргені анық;

6. Ертегіде эпикалық кеңістіктің, өмірлік диапазонның шексіз, кең болуы;

7. Қиял-ғажайып ертегілерде сюжеттік желі мен композициялық құрылымның күрделі жүйе түзуінде;

8. Ертегіде көбіне диалектикалық байланыс өте мықты. Табиғат пен адам, өмір мен адам арасындағы түрлі тартыстар, қайшылықтыр үлкен орын алады;

9. Ертегіде характерлер құрылымының бай болуында. Мифтік бейнеде келетін хандардың, мерген, батырлардың, олардың туыстарының, ата-аналарының, жолда бөгет болатын жауыздар (мыстан, пері, жалмауыз кемпір, дәу), әрқашан көмекке келетін достары (гигантоманиялық (алыптар) және көзге көрінбейтін (қыл, қауырсын, қабық т.б.), асқан ақылды (Кенжекей) және өте

сиқырлы (Күнікейдің ханды – қасқырға, уәзірді – түлкіге айналдыруы) жарларының кең образды жүйе құрауында;

Міне, осындай негізгі мифологиялық ертегілердің басты ерекшеліктерін саралай келе, олардың арна басында мифтік сюжеттер, мифтік наным, таным, мифологиялық кейіпкерлер жүйесінің болатынын және мифтің шырқау биігінде, яки шарықтау шегінде іліп алып кетер аралық жанрды атқаратын түр – қиял-ғажайып ертегі деп нық айта аламыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аралық жанрдың құрылымына миф және ертегілердің ішінде қиял-ғажайып және хайуанаттар жөніндегі ертегілердің жататынын айтқанбыз. Бұл екі ертегінің тобында мифология кең көрініс табады. Жан-жануарлар турасындағы ертегілер турасында сөз қозғағанда, оның негізгі құрылымында этиологиялық мифтердің орын алатынын толық айта кету керек. Бірақ ертегінің бұл түрінің жартысы мифологиялық, жартысы шындық дүниеге құрылған. Өйткені қандай түр, жанр болмасын, оның алдындағы немесе одан кейінгі келетін жанр түрі қатарынан екі жақтан ықпалын тигізеді. Сондықтан бұл түрдегі ертегілердің алғашқыларында мифтік сарын мол. Мәселен, аңдар, жануарлар жөнінде айтыпты-мыс, болыпты-мыс деген халықтың танымы және соған сәйкес олардың мінез-құлқы, түр-тұрпаты, келбеті, шығу тегі, дене мүшелерінің өзгеру себептері сияқты құбылыстар халықтық наным-сенім тұрғысынан бейнеленеді. Түлкінің құйрығының неліктен ұзын болғаны, қоянның құйрығы неліктен қысқа болғаны, бөдененің құйрығының қырғауылдыкіндей ұзын болып, содан кейін қысқарғаны, қасқырдың ұлуы, жылқының адамға қызмет етуі, бұғының тағы болуы, түйе көрсе жылқының неліктен қалтырайтыны сияқты бүгінгі күндегі шындық өміріміздің «тарихи-мифтік» негізі осы ертегілерде көрініс тапқан. Бұл жерде де кейбір ертегілерді этиологиялық миф екен деп қаласың. Мәселен, «Бөдененің құйрығы неге қысқа?» деген ертегіні алайық: «Бұл былай болған екен. Ертеде мынау, төмен жақта бір биік тау болыпты. Ол таудан әрі қарай ешбір құс асып өте алмапты. Нелер ұшқыр, қыран құстар талаптанып көріпті. Бірақ шамалары келмепті. Бүркіттің ұшқыш қыраны келіпті, аса алмапты. Қырғидың атақтысы келіпті, аса алмапты. Ең соңында

«енді кім қалды?» - дегенде, бөденеден басқаның бәрі сыннан өтіп біткен екен. Бөдененің атактысы шақырылыпты.

- Тәуекел! – деп, бөдене ұша жөнеліпті. Ырқып көтеріліп барып, таудан ол да аса алмапты. Сонан соң ызаланған бөдене зымырап құйылғаннан құйылып кеп, тауды көкірегімен соққан екен дейді. Сонда ол таудың ар жағына бір-ақ түсіп кетіпті. Міне, содан бері қарай бөдене қонғандағ аяғымен қонбайды, көкірегін жерге соға қонады. Ал құйрығы нағып қысқа десек, әлгі тау тесігінің арасында жұлынып қалып қойыпты.... Әйтпесе бұрын бөдененің құйрығы қырғауылдың құйрығындай ұзын болса керек. Сөйтіп, биік таудан аса алмаған құстар ары қарай бөдене тескен тесіктен өтіп барыпты дейді» [2, 8-б.].

Бұл мысалда көріп отырғанымыздай, бір жағы ертегі, бір жағы миф. Ертегі болатын себебі – тақырыптық, мағыналық жағынан шындық болмысқа сәйкестігінде, қоғамдық қызметтің саналылық дәрежесінде болуы. Өйткені миф пен ертегі тек форма (түр, пішін) жағынан ерекшеленбейді, қоғамдық, әлеуметтік тұрғыдан сарапталуымен санасады. Ал миф болудағы негіз – жан-жануар, хайуанаттардың өзіндік ерекшелігінің, қасиетінің, даралық-жекелік сипатының сипатталуы және сол мифтің ертегіні ашудағы кілт ретінде қызмет атқаруы. “Уже давно замечено, что сказка имеет какую-то связь с областью культов, с религией. Строго говоря, культ, религия, также может быть назван институтом. Однако подобно тому, как строй манифестируется в институтах, институт религии манифестируется в известных культовых действиях; каждое такое действие уже не может быть названо институтом, и связь сказки с религией может быть выделена в особый вопрос, вытекающий из связи сказки с социальными институтами.В начале истории объектами этого отражения являются прежде всего силы природы... Но вскоре, наряду с силами природы, вступают в действие также и общественные силы, - силы, которые противостоят человеку в качестве столь же... необъяснимых для него, как и силы природы...” [4], - дейтін Пропттың пікіріне көз салсақ, ертегі өз құрамында белгілі бір нанымды (культ), дінді, сенімді, ғұрыпты, тарихты (уақытты, кезеңді) қамтиды. Сондықтан бұл ертегіні мифологиялық саралау

тұрғысынан ертегілік миф деп немесе өз қалпында хайуанаттар жөніндегі ертегі деп атаймыз. Өйткені бұлар – аралық жанрдың арасында жүрген бейтарап формалар. Жоғарыда айтқандай, ертегінің үлкен композициялық, кең ауқымды сюжетті құрылымы болады дедік. Бірақ басқа ертегілерде кездеспейтін бір ерекшелік – осы жан-жануарларға арналған ертегілердің ішінде алты-ақ сөйлемнен тұратыны бар. «Сәйгүлік тұлпар жылқы қайдан туады?» деген мысалды алайық: «Ұрғашы құлын есейген соң түсінде суынды көріп, ғашық болады. Ретін тауып, жарық айлы түнде теңіз жағасына барады. Сонда теңізден суын шығады. Суын – теңіз жылқысы. Өте әдемі, құйрық, жалы жерге сүйретіліп, үстінен тоқтамай су тамшылап тұрады-мыс. Міне, осы екеуінен тұлпар туады-мыс» [2, 6-б.].

Қорытынды. Осыдан көріп отырғанымыздай, ешқандай ертегілік құрылымға, теориялық негізіне сәйкес келмесе де, мұнда қоғамдық-тарихи, мифтік «шындық» бар. Теңіз жылқылары – негізінен, мифологиялық сәйгүлік, “жылқы” кеңістік ұғымына сәйкес туындайтын тотемдік, мифоним болғанымен, баяндалатын оқиға ертегілік сюжетке сыйып тұрған жоқ. Бірақ қоғамдық кеңістігінде идеялық байланысы ертегіге сәйкес болады. Сондықтан да осындай қысқа да нұсқа хайуанаттарға арналған ертегілердің алғашқы сатысында миф басымырақ болады. Себебі этиологиялық қасиеттерін кең баяндап, таным тұрғысынан бернелейді.

Сонымен, сайып келгенде, миф пен ертегінің аралығын көпірдей жалғап тұратын аралық бейтарап жанрлар барына көзіміз жетті. Соның ішінде қиял-ғажайып ертегілер мен хайуанаттарға арналған ертегілердің (бастапқы стадиясы) желісінде мифология толықтай қамтылады. Қай жанр болсын «көшпелі», «өтпелі» кезеңде (мифтің ертегіге өту кезеңі) қасиеті мен бояуын бірге алып жүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
2. Қазақ ертегілері. Т.5. – Алматы: Жазушы, 2000. – 272 б.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
4. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 бет

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН «АЖАЛ» ҰҒЫМЫНЫҢ КЕРЕҒАРЛЫҒЫ

Салауатов Бақдаулет Дарханұлы
Қадыр Мырза Әлі атындағы ЖББҚОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Педагог-сарапшы, магистр
БҚО, Бәйтерек ауданы

Кіріспе. Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә. Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы толғап жеткізеді.

«Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас» [6, 8 б.], -деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткендей, Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние.

Өзінің шығармаларымен қазақ әдебиетінің тарихынан мәңгілікке орын алып қана қоймай, оның ілгерілеуіне, дамуына айрықша үлес қосқан біртуар тұлға – Ә.Кекілбаев. Ә.Кекілбаевтің өлеңдері - оқыған адамды елең еттірмей қоймайтын өлмес туындылар. Өлеңдерінің тақырыптары сан алуандығымен, ойлылығымен ерекше. Әсіресе, сүйіспеншілік ұғымы әртүрлі суреттеліп, заманға, Отанға, елге, бауырға, тілге, т.с.с рухани құндылықтарға бағытталған. Ақынның ерекшелігі де сол, сүйіспеншілік ұғымына «ажал», «өлім» құбылыстарын шебер салыстыра суреттеп, өмір мен өлім аражігін ұғындырады. Мысалы, «*Анау бір кезде келіндер*» өлеңінде:

Жаркылдап жүр деп аналар.

Жамылмай **ажал** тұманын

Есен - сау жүр деп ағалар,-десе, [1, 43 б.]

«Дүние деген жәрмеңке» өлеңінде:

Дүние деген жәрмеңке:

Келдің екен - көріп кет!

Дүние деген жәрмеңке:

Алдың екен - беріп кет! [1, 48 б.],

-деп өмірге деген **сүйіспеншілікті** суреттей отырып, о дүние туралы да ерекше тебіренеді. Ал «*Жөргек*» өлеңінде тал бесік пен жер бесіктің арасын қас-қағым сәт етіп, кербін сөзімен жеткізген:

Өзіңнен басталыпты береке күн.

Басы сен бақыт пенен берекенің.

Мол **кебін** емес өзің ұқтырасың,

Мынау **жарық жалғанның** кең екенін. [1, 30 б.]

Негізгі бөлім. Мұндағы жөргек пен кебіннің адам өміріндегі орны тайға таңба басқандай көрініп тұр. Өмірге деген құштарлықты түрлі тақырыптарда шебер суреттеген Ә.Кекілбаев «*Танктер*» өлеңінде де өмір мен өлімді былай салыстырған:

Тажал табан ну шалғынды жайпады,

Алда - майдан, алда - **қаза**, алда - мұң.

Шойын дене жердің тәнін жаншады

Сездіргендей қасіреттің салмағын.

Қара жердің таспа тіліп жонынан,

Бара жатыр бауырымен қамшы өріп.

Жатыр окоп қызыл қанға шомылған,

Жайрап қалды қанша **ғұмыр**... Қанша **өлік**?! [1, 48 б.]

Автордың «*Тілек*» өлеңіне үңілсек, нағыз өмірге деген құштарлықты, балалықтан даналыққа ұмтылған адам өмірінің таспасын көргендей боласыз.

Атасақ **өлімнің** тек атын,

Біреулер алартар көздерін -

Адамның **ақырғы сағатын**

Жазатын мен үшін кез бе еді?

Жоқ! Соққан жоқ ол сағат,

Тірімін!

Дүниеде бармын мен!,-деп құштарланса,

Көрген жоқ мұрнымды
Жөргектің иісі қытықтап,
Ол түгіл мен өзім баламын,
Қырамын мұртымды қызықтап,
Десе де жан анам:
- Ерте ғой, қарағым! -
Қартаю ерте рас әлі де,
Шыққан жоқ мұрт маған
Ақ сақал түгілі, [3, 22 б.].

- деп өтіп кеткен уақытқа деген өкінішті, бала шаққа деген
сағынышты ұғамыз.

Бері ме, әлде әрі ме
Қабірдің сызы мен өлімнің дүбірі?

Болса екен алыста ләйім,
О достар, **өмірді сүйемін.**
Жеткізсін кәрлікке,
Ол емес уәйім,
Ауырсынбас сақалды иегім, [2, 13 б.]

- деген жолдардан өлімнің хақ екенін, өмірдің тәтті екенін
дөп басып бейнелейді.

Дүние, қанша ұлың құлады
Үйінен - күйінен алыста,

Өшкенде өмірдің шырағы

Бұйырмай **кебін** мен **табыт** та?! [2, 29 б.]

Бұл тармақтарда ақынның елін сүйген, жерін сүйген талай
боздақтарға туған жер топырағы бұйырмай, сай-салада
сүйектерінің шашылып қалғанын баяндайды.

Сондықтан қарттықты жек көрем мен неге!?

Әлемдегі барлық пендеге

Тілеймін ғұмырды

Сәби боп келетін,

Шал болып **өлетін!**, [2, 36 б.]

- деп өмірмен өрілген өлеңін өліммен аяқтайды.

Ө.Кекілбаев өлеңдерінен туған жерге, өмірге деген
сүйіспеншіліктен бөлек, бауырға, аға буынға деген
сүйіспеншілікте өлең болып төгіледі. «Қасымға» деген өлеңі
соған дәлел.

Ақынның **өшті** әр демі
Жаныңның сырын бүкпеген,
Бітіпті тірлік сөйлемі
Өлім деген нүктемен.
Тапсырып жерге денені,
Артына дастан сыйлапты.
Қағазға сыйған өлеңі
Қара жерге сыймапты. [4, 11 б.].

Бұл өлеңінде ақын эмоциясы, бауырға деген сүйіспеншіліктің сағынышқа айналуын байқатады.

Таппаған жолда аялдап бір күн тыным,
Өмірде бір салт атты жүргіншімін.
Қақтаса қырдың күні маңдайымнан
Жамылам көлеңкесін қыр бұлтының, [5, 10 б.]

- деп өзінше аяқтауынан өмірге деген сүйіспеншілікті аңғарамыз. Соңғы екі тармақтағы кейіптеулер өлеңдегі өмірге деген құштарлықты арттырып тұр.

Қорытынды. Қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғасы, абыз жазушы Әбіш Кекілбаев: «Өмір сүйген ақын азаматтық ақтық демі таусылар сәттің өзін әзірейіл көргендей шошына суреттеп, күнірене күйзелмей, қаншалықты парасатты бейнелейді. Бұл құбылыс – оның дара таланты.» деп өмір туралы көзі тірісінде ой түйген екен. Парасат пайымында, көңіл көкжиегінде, өмірдің ала тұстарында ғана адам бойындағы сүйіспеншілік оянып, бір нәрсенің қадірін қолдан ұшырып алғанда, мәңгілікке айырылғанда ғана түсінетініміз - ақиқат.

Әбіш Кекілбаев өлеңдерін оқып ұққаным осы. Сүйіспеншілік бір ғана бағытта көрініс таппайды: Отанға деген сүйіспеншілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілік, бауырға деген сүйіспеншілік және өтіп жатырған өмірге деген сүйіспеншілік. Олардың бағасын арттыратын: ажал, өлім, қабір және ақ кербін ғана. Бұл сөздеріме дәлел жоғарыда жазылған Әбіш өлеңдері. Адам өміріндегі сүйіспеншілік мәңгі емес. Ал өлім мәңгілік! Өлеңдегі сүйіспеншілік мәңгілік. Ондағы өлімнің де бітер жері жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 1 том. Алматы, «Жазушы» 1989 жыл.
2. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 2 том. Алматы, «Жазушы» 1989 жыл.

3. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 6 том. Алматы, «Өлке» 1999 жыл.
4. Кекілбаев Ә. Өнегелі өмір, өміршең өнер // Қазақ әдебиеті, 1982, наурыз. 7 б.
5. Кекілбаев Ә. Сарабдал суреткер // Мәдениет және тұрмыс, 1971, №10 (қазан).
6. Сұлтанов Қ. Кекілбаев кеңістігі // Білім шапағаты, 2013, 8. (наурыз)

ЭЛЕГИЯ ЖАНРЫНЫҢ ТЕРЕҢДІГІ: ӨМІР МЕН ӨЛІМ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Бақ Сымбат Кенжеғалиқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2- курс магистранты

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы

Сейсенбиева Элеонора Сәрсенәліқызы

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Әрбір адамның өмірінде жеңістер мен жеңілістер, қуаныш пен қайғы қатар жүретін қайшылықтар бар. Көңіл күйінің сан қилы сәттерін сипаттайтын бұл тақырып көркем сөз өнерінде өз айшықты көрінісін табады. Элегия жанры да осы құбылыстарды терең әрі нәзік түрде баяндайтын лирикалық шығармалар қатарына жатады. Элегияға қатысты әдебиетшілердің пікірлері біртұтас, әрі мағынасы айқын болып келеді. Орыс әдебиетінде Белинскийдің «қайғылы мазмұндағы ән» деген анықтамасы элегияның мәнін дәл сипаттаса, басқа да ғалымдар оны «өмірге қанағаттанбау, идеал мен шындық арасындағы келіспеушілікті білдіретін қайғылы өлең» (Г.Н.Поспелов), «қайғылы оқиғаға мұңын білдіретін өлең» (Г.Л.Абрамович), «мұңды, қайғылы сипаттағы өлең» (Л.И.Тимофеев) деп айқындайды [1; 6].

Антикалық дәуірде элегия жанры әртүрлі тақырыптарда жазылған, мысалы, біреуі махаббаттың қасіретін, екіншісі жеке адамның күйінішін бейнелеген. Орыс әдебиетінде бұл жанр «көздің жасына арналған жыр» немесе «жылау мен қасіреттің жыры» деп аталған. Қазақ әдебиетінде элегия жанры өзіндік орны бар, ол әсіресе лирикалық поэзияның негізгі түрі ретінде қабылданады. Әдетте, бұл жанрдың өлеңдері адамның

жүрегіндегі мұң мен қайғыны, ішкі күйзелісті жеткізуге арналған.

Орыс әдебиетіндегі элегия жанрын қарастырғанда, оны бірнеше түрге бөлуге болады. Олар: «Түнгі» элегия, «Қабірдегі» элегия және «Өлім туралы» элегия. Әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері мен терең мағынасы бар.

«Түнгі» элегия – бұл жанрда көбіне қараңғы, күнгірт көңіл мен өмірдің қараңғы тұстарын бейнелейтін өлеңдер орын алады. Мұнда түн бейнесі адамның ішкі әлеміндегі беймәлімдік, қайғы-қасірет пен тыныштықты бейнелейді. Түн мен өлім арасындағы байланыстың философиялық мағынасы зор, себебі түн – бұл өмірдің өтпелі, тұңғық күйінің көрінісі, ал өлім түннің метафорасы ретінде қолданылып, адам өмірінің соңғы шекарасы мен хаос арасындағы өткелді білдіреді. «Түн» мен «хаос» арасындағы байланыс өлімнен кейінгі тынышсыз, түсініксіз әлемді көрсетеді. Мысалы, Бобровтың өлеңдерінде түн тыныштықты білдірсе, Ломоносовта бұл образ табиғаттың әрбір құбылысына тәуелді болатын өмірдің әлсіздігін көрсетеді. Бұл жанрдағы ақындар түнді, өлімді, хаосты метафора ретінде қолдану арқылы болмыстың шынайы мәнін ашуға тырысады.

«Қабірдегі» элегия – бұл жанрдың негізгі тақырыбы өлім мен оның салдары, дүниенің өткіншілігі, қайғы-қасірет болып табылады. Грейдің «Ауыл зираты» өлеңі – осы жанрдың классикалық үлгісі. Мұнда зираттағы тастар мен қирандылар арасында тіршілік пен өлімнің тұрақсыздығы, адам өмірінің мәнсіздігі туралы терең ойлар айтылып, өлімнің әлеммен тығыз байланысы суреттеледі. «Қабірдегі» элегияда автордың ішкі қайғысы мен үмітсіздігі сезіледі, бұл әдетте монолог түрінде өрбіген, зират пен өлімді еске алу арқылы өмір мен өлімнің арасындағы қайшылықтар баяндалады. Бұл жанр орыс поэзиясында кеңінен танылып, көптеген ақындардың шығармашылығында маңызды орын алды.

Негізгі бөлім. «Өлім туралы» элегия – өлімнің адам өміріндегі орны мен оның мәнін терең зерттейтін жанр. Бұл түрде өлім жеке адамға арналатын, оның өмірі мен іс-әрекеттері туралы ойланатын өлеңдер жазылады. «Өлім» элегиясының басты тақырыбы – қайтыс болған адамды еске алу, оның өмірі мен ерен

еңбегін бағалау. Мұндай өлеңдерде өлімнің қайғысы мен оны жоғалтудың ауыртпалығы басты орын алады. Өлім туралы элегиялардың тағы бір ерекшелігі – олар көбіне белгілі бір адамға арналып жазылады. Мысалы, В.А.Жуковскийдің «Граф Каменский фельдмаршалдың өліміне» атты туындысы, И.Дмитриевтің «Элегиясы», Г.Р.Державиннің «Князь Мещерскийдің өліміне» деген өлеңдерде өлім мен жоғалтудың психологиялық және философиялық салдары баяндалады.

Осылайша, орыс әдебиетінде элегия жанры әртүрлі кезеңдер мен бағыттарға байланысты түрлі образдар мен тақырыптармен өрнектеліп келеді. Әрбір жанрдың өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары бар, олар өлім, қайғы мен табиғаттың құбылыстары арқылы адамның өмірге деген көзқарасын бейнелейді. [2; 73]

Адамның жеке өміріндегі қайғы-қасіретін суреттейтін элегиялық өлеңдер адамның көңіл күйінің қараңғы сәттерін көрсетеді. Кейде бұл өлеңдер адамның ауыр мұңға батқан сәттеріне арналады немесе адамның қасіретінің бір сәттік бейнесін суреттейді. Осылайша, «күңгірт көңіл» немесе «сұрғылт тартқан бейуақ» сынды тіркестермен адамның ішкі әлемін, қайғысын, қайшылықтарын ашып көрсетеді. Қазақ әдебиетінің классик ақыны Абай Құнанбайұлының «Көлеңке басын ұзартып» атты өлеңі элегия жанрының жарқын мысалдарының бірі. Бұл өлеңде ақын өз өмірінің қасіретті сәттері мен көңілінің тұйықталған сәттерін табиғаттың күйімен, уақыттың өзгерістерімен үндестіре бейнелейді. Мысалы:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса,
Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұндасар,
Ой жіберіп әр жаққа.
Өткен өмір — қу соқпақ,
Қыдырады талайды,
Кім алдады, кім таппақ,
Салды соны санайды,

Нені тапсаң соны тап,
Жарамайды керекке,
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке [3; 3].

Абай бұл өлеңінде «күңгірт көңілінің бейуақтағы» сәтін, өткен өмірінің «қу соқпағын» суреттеп, адамның көңіліндегі қараңғылық пен мұңды өз өлеңінде әсем әрі терең сезіммен жеткізеді. Ол өмірдің өткінші, мәнсіз жақтарын көрсетіп, адам баласының қасіретін бейнелейді. Өмірдің ұзаған көлеңкесін, сұрғылт тартып, көңілдің мұңды сәтін ерекше шеберлікпен сипаттайды.

Абайдың осы өлеңімен орыстың ұлы ақыны Пушкин элегиясын салыстырайық:

Есалаң өмірді ойлап қызығы өшкен,
Кісіден ауырлаймын шарап ішкен.
Қайғысы өткен күннің – тәтті арақтан,
Бұ жанға қанша тозса сонша батқан.
Жолым мұң кең теңізі келешектің,
Сияқты қайғы бейнет елестеткен.
Достарым, бірақ менің келмейді өлгім,
Тұруға ой, азаппен бар тілегім.
Ішінде дау, жанжалдың, қайғы, әуренің,
Барлығын рахатымның құп білемін.
Кей-кейде сусындаймын тәтті күйден,
Көзімнің, жазуыма жасын төгем,
Бекем бейуақ кешіне өмірімнің.
Қош деп күліп махаббат шашар нұрын [4; 24].

Абай мен Пушкиннің элегия жанрындағы өлеңдерін салыстырғанда, екі ақынның да қайғы мен мұңға толы жан дүниесінің көрініс тапқанын байқаймыз. Абайдың «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде ақын өмірдің өкінішті сәттеріне, өткен күндердің қайғысына, сол күндердің мәнсіздігіне мұңаяды. Мұндағы «күңгірт көңіл», «сұрғылт тартқан бейуақ» тіркестері адам өмірінің қараңғы және мәнсіз тұстарын бейнелейді. Абай өмірдің өткінші екенін түсініп, оның мәнін іздеуде. Өткен өмір мен қу соқпақ жайлы айтқанда, ақын адамның ішкі күйзелісі мен әлемнің қатал шындығын суреттейді. Осы тұста, Пушкиннің де

элегиясындағы мәнер мен тақырып ұқсас келеді. Оның өлеңінде өмірдің қызығы өшкен, өткен күндерге өкінішпен қарайтын ақынның көңілі «шарап ішкен адаммен» салыстырылады. Өткен өмірінің, түннің бейнесімен, қайғы мен үмітсіздіктің арасында ақын өз жан дүниесін тереңірек түсінуге тырысады. Пушкиннің «қызығы өшкен өмірі» мен Абайдың «өткен өмірі – қу соқпақ» деген өлең жолдары екі ақынның да көңіл күйінің жалғыздық пен қайғыдан туындағанын көрсетеді.

Екі ақын да өткенге көз жібере отырып, өз болашағына деген сенімсіздікпен күйзеледі. Пушкинде түн мен өлімнің метафорасы арқылы адамзаттың мәңгілік сұрағына жауап іздеу мен өмірдің өткінші екендігі туралы ойлар баяндалады. Абай да осы тақырыптарды айналып өтпей, өз өлеңінде уақыттың, өмірдің шексіздігін және адамның ішкі дағдарысын терең сезінеді. Олардың шығармаларындағы ұқсастық сол, екеуі де өлім мен қайғыны шынайы қабылдап, оған қарсы тұрудың орнына, оның мәні мен себебін түсінуге ұмтылады. [4; 151]

XX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы белді тұлғалардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың да элегия жанрында жазылған біршама өлеңдері бар. Оның элегиялық өлеңдерінің бір тобы махаббат, достық тақырыбында жазылған. Өмірдің көп қиыншылығын көрген, болашақтан үміті аз, ауруын да әрең жеңген жас ақынның көңілі сүйген ғашығымен бас қоса алмауы, жырақта жүрген дос-жарандарын сағынып, еске алуы, көпшіліктің арасында жүрсе де, өзін жалғыз сезінуі бірқатар айшықты өлең жолдарында айқын жазылады. Білім алып, толысқан шағында қажырлы қызмет етуі, тұрмыс жағдайын түзеуге бар күш-жігерін салуы жастық шағында серуен құрып, серілік құруды тіпті аңсамағанын байқауға болады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың элегиялары да осы екі ақынның шығармаларымен салыстырғанда өзіндік ерекшелікке ие. Оны мына өлең жолдарынан аңғарамыз:

Дүниеде жоқ сүйгенің,

Қасірет, қайғы үйгенің.

Көрініп тұрған нәрсе жоқ,

Не қылғаның күйгенің?

... Емексіме, теңің жоқ,

Аузыңа татыр жемің жоқ.
Мыңнан бірі жиһанның
Мұң ғып шағар жерің жоқ.
...Өзім сүйсем, кімде айып?!
Күн өткізем мұнайып.
Ондай жарды дүниеден,
Таба алмадым қол жайып [5; 151].

Ол махаббат пен достықтың жоғалуы, өмірдің мағынасыздығы және өлімге деген үмітсіздік сезімін өлеңдерінде жиі өрбітеді. Торайғыровтың шығармаларында өмірдің әділетсіздігі мен адамның әлеуметтік жағдайы да басты тақырыптар болып табылады. Оның өлеңдерінде өлім мен өмірдің қарама-қайшылығы, адам жанының қиналыстары ашық көрсетілген. Мысалы, Сұлтанмахмұттың «Дүниедегі қызықтың бәрі де арам мен үшін» деп басталатын өлеңінде ақын өлімді өзінің құтқарушысы ретінде көреді, себебі ол өмірдің барлық ауыртпалықтарынан босататын бірден-бір жол деп ойлайды. Мысалы:

Дүниедегі қызықтың
Бәрі де арам мен үшін
Дауасы жоқ бұзықпын,
Талпынбаймын ем үшін.
Тосқаным – қабір құшағы,
Қашан ол келіп құшады , - деп жырлайды.

Абай мен Пушкин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың элегияларында өлім мен өмірдің мәні туралы терең ойлар айтылып, адамның ішкі күйі мен тағдырдың әділетсіздігіне деген өкініш сезімі айқын көрінеді. Әрбір ақын өз шығармашылығында сол кезеңнің әлеуметтік және рухани жағдайларына сәйкес адамның жеке басының қайғысын, мұңын, қасіретін аша отырып, өз заманының ақындық шындығын көрсетуге ұмтылған. [5; 91]

Ақындар поэзиясы – өзін тануға, өз әлемін іздеуге бағытталған шығармашылық процес. Олар осы жалған дүниенің өтпелілігін терең сезініп, көбіне жалғыздық пен күйзелісті басынан өткереді. Бұл ақындардың өлеңдерінде ерекше мінез, тұнып тұрған шынайы ақындық табиғат байқалады. Нағыз ақын ғана өмірдің әділетсіздігіне шыдамай, оған қарсы тұрады.

Өлеңдерінде өмір мен жалғыздықтың мәнін түсінуге талпыныс бар, сол қиянат пен қайғыны жеңу үшін олар терең философиялық ойларға беріледі. Өмірдің қатал шындығына бой алдырған ақын жүрегінің күйі, тек жалғыздықтың ауыртпалығы мен мұнын ғана емес, оның күнәсі мен қасиетінің аражігін де ашады. Ақындар, көбінесе, жалғыздықтың шеңберінен шыға алмай, көңілдерінің бос, күйзелген күйін суреттейді, кейде олар өз өлеңдерінде түнгі кезеңдердегі қайғы мен мұнды бейнелейді. Өмірдің мәнін түсінуге деген құштарлық оларды өлеңге деген махаббатпен, сондай-ақ өз жанын терең ұғынуға деген ынтамен байланыстырады. Ақындар өмірдің түрлі қиындықтарына, кедергілеріне қарсы тұрып, сол күрестерінің нәтижесінде өздерінің ішкі жан дүниесін және жүрек толқыныстарын оқырмандарға бүкпесіз жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фризман Л.Г. «Жизнь лирического жанра». Москва: Наука, 1973. – 170 с.
2. http://litved.com/docs/Kozlov_elegia_new.pdf Ночная элегия. - 273 с.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы: Ғылым, 1977. – 154 б.
4. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288 б.
5. Рахымжанов Н.Н. С.Торайғыров шығармашылығындағы элегия жанры. Мақала. Известия Национальной Академии наук РК, 2012 (№2), 94

«ҚИССА ШЕРИЗАТ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ САРЫНДАР

Берікханова Арайлым Берікханқызы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
1-курс магистранты

Қисса – шым-шытырық оқиғаға құрылған ғашықтық тарихи-героикалық сипаттағы әңгіме. Аңыз түбінде келетін жазба әдебиеттің және фольклордың жанры. Бұл жанр Таяу және Орта Азияда кең жайылған. Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан. Арғы негіздері Фирдоусидің «Шаһнамасына», арабтың «Мың бір түн» ертегілеріне барып ұласады [1, 15].

Кисса сөзінің түп төркіні арабша: «Әңгіме, баяндау, оқиға, ертегі, мысал деген ұғымдарды білдіреді. Қазақ әдебиетіндегі кисса жанрына шығыс аңыз- әңгімелерінің сюжеті бойынша жазылған көлемді көркем шығармалар, жыр-дастандарды жатқызамыз. Сондай шығармалардың жарқын үлгісі ретінде әрі батыр, әрі асыл текті, арыстанның сүтімен ауызданған Шеризат пен оның сүйгені, өзінің әкесіне деген шексіз перзенттік махаббатымен даңқы шыққан Күлшат туралы дастандарды айтуға болады. Шеризат-Күлшатқа арналған дастандарды жырлап, халық арасына таратқандар – М.Ж. Көпеев, Ә. Найманбаев, Н. Нысанбайұлы, Е. Құнанбаев, К. Әлімбетов және т.б.

Шеризат және Күлшат туралы сюжеттің қазақ даласына қай кезде тарағанын тап басып айту қиын. Алайда, өлең үлгісіне түсіп, қағаз бетіне іліге бастаған кезі – XIX ғасырдың 70-жылдары. Қазіргі кезде осы тақырыптас, атаулары әр түрлі болып келетін, фольклор мен жазба әдебиет шеңберінде жырланған бір-бірінен бөлек сегіз шығарма белгілі. Олардың барлығы да парсылық нұсқаны тірек етеді. Белгілі дәрежеде олардың қай-қайсысы да түпнұсқадан ауытқымауға, оның сарынын сақтап отыруға тырысқан. Алайда, осыған қарамастан, бұл дастандардың әрқайсысы өз алдына дербес, бір-біріне ұқсамайтын шығарма болып келеді [2,55].

Ғалым А. Қыраубайқызының зерттеуінше, шығыстық кисса-дастан жанры өзіндік дәстүрлі жүйесі, ерекше стилі және қалыптасқан арнасы бар әдеби бағыт. Бұл жанрға тән тұрақты желілер қатарына «Балаға зарығу», «Мінсіз кейіпкер», «Патшаның тастанды баласы», «Аң асыраған бала», «Түс көру», «Иранбақты іздеу», «Теңіз оқиғасы», «Жолдағы қауіп-қатерлер» (аждаһа, дию, маймыл, зәңгі, Төбекөзбен кездесуі), «Жазира арал», «Сарай салдырған қыз», «Бақ пен бағбан», «Сарайдағы патша әскерімен соғыс» және тағы басқа сюжеттер жатады.

Сөз арқауындағы «Кисса Шеризатта» қиссасында осы аталған желілер мен қалыпты «көшпелі сюжеттер» кездеседі. Осы қалыптасқан дәстүрлі сарындарға жеке тоқталып өтейік.

«Балаға зарығу» желісі. Кисса-дастандардың сюжетіндегі тұрақты желілердің бірі – «балаға зар болған ата-ана». Яғни,

патшаның не болмаса байдың қанша жерден мал-мүлкі, байлығы болса да, жалғыз баласының болмауы. Баланы Құдайдан тілеп, сұрап алады. Дүниеге келген бала батыр да, мықты болып өседі. «Балаға зар болу» желісі сюжеттік оқиғаның басталуына себепші болады.

Қайғысы падишаның болды қатты,

Үйінде қырық күн тұрмай жылап жатты.

Қайғырып бір перзент тілеу үшін,

Жидырған пақыр, мүскін, жамағатты. [3,203]

Бүкіл шығыс әдебиетіне ортақ, оқиғаны шиеленістірудің бір тұрақты желісі – **бала тумай тұрып, әкесі аңға шығып кетуі**. Бұл сюжет «Қисса Шеризат» дастанының нұсқаларында кездеседі. Осы тұста бақытты әкенің қуанышын көре алмаған жауыздық күштер қастандық жасайды. Патшаның басқа әйелдері баланың анасына зұлымдық ойлайды. Кәрікін патшаның аңға кетіп, арыстанмен алысып өлгендігін пайдаланып, қастандық жасаушы – уәзірі Паракхат.

«Ғажайып туылу» мотиві. Көптеген халықтардың эпикалық жырларында бас кейіпкер ерекше жағдайда туылады. Болашақ қаһарманның дүниеге келу тарихын баяндайтын эпизодтар фольклортану ғылымында «ғажайып туу мотиві» (мотив чудесного рождения) деп аталады. Олар көптеген жырларда көлемді әңгімеге ұласып, эпикалық шығарманың үлкен бір бөлігін құрайды, Ертегі, эпос, дастандарда «ғажайып туу мотиві» – кейіпкерді әсірелеу үшін пайдаланылатын көркем тәсілдердің бірі.

Шеризат – көптің тілеп алған ардақтысы. Әкесі бұрынырақ дүние салған. Ал әкесінің дұшпандары өліп кеткен патшаның заңды мұрагерінен құтылу үшін екіқабат патшайымды өлтіруге ұйғарады. Бала өлі анадан туылады. Яғни кейіпкер төтенше, өте қайғылы, ерекше жағдайда жаратылады. Мұндай ерекше жағдай-оқиғалар аз болғандай, өлі анадан туған баланы арыстанның ұрғашысы емізіп, балаға арыстанның күш-қуаты, айбаттылығы дариды да, оған Шеризат есімі беріледі. Демек, Шеризаттың дүниеге келу тарихын баяндайтын әңгімеде ертеректе, ана еркі дәуірінде пайда болған тотемдік культтердің қалдықтары мен одан көп кейін феодализм заманында қалыптасқан «ерекше

жағдайда туу мотивінің» ең қайғылы көрінісі араласып, сабақтасып кеткен [2,58].

Шеризат пен Күлшат туралы парсы хикаяттарының және қазақ дастандарының негізгі арқауы – Шығыс пен Батысқа кең тараған **«жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар туралы сюжет»**. Осы сюжетке негізделген шығармалардың біразында бейкүнә кейіпкер анасының құрсағында жатқанда өлімге бұйырылады да, алуан түрлі себептермен (көбінесе андардың немесе басқа да көмекшілердің арқасында) тірі қалады. Ерекше ерлігімен көзге түсіп, өзінің кім екенін танытады. Сөйтіп, ақыр аяғында еліне оралып, дұшпанында кеткен кегін қайтарады. Жеңілген жауының қызына үйленеді де, әкесінің тағына отырады [2,56].

«Нұрдан жаралу» желісі. Қиссадағы ай, түн, нұр, жұлдыздарға қатысты теңеу, метафора т.б. тәрізді көркемдік қолданыстардың жиі кездесуі нұрдан, сәуледен жаралу, нұр болып көріну – көне түркі әдеби ескерткіштерінің, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнәме» т.б. аңыз эпсаналардың әсері, дәстүрі. Таһмас уәзірдің баланың жай-күйін тұмар ғып жазып кетуі-ертегілік, мифтік, сюжеттің қиссадағы трансформациялануы [4,221].

Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» қиссасында Нұр – інжу-маржан түрінде келеді. Онда жеті жұртқа патша болған Парақзат елден-ерек түс көреді. Айбаты күнбатысты қаптаған аждаһаға қарсы інжу-маржан шығады. Бұл жердегі көктен түскен інжу-маржан да қызықты деталь. Әсеттің «Ер Шеризатында» Гүлшат алыстан нұр болып көрінеді. Аруларды күн нұры, сәуле кейпінде суреттеу де мифологиялық ұғымнан туған.

Ешбір жан оған қарсы бара алмады,

Қолына қару-сайман ала алмады.

Бір інжу-маржан сонда көктен түсіп,

Алдына аждаһаның аяңдайды.

Бұл жердегі көктен түскен інжу-маржанның шешуі:

Дегенін інжу-маржан көктен түскен,

Бір сұлу ақылы кемел болар қызың. [7, 210]

Сонымен қатар Ә. Найманбаев жырлаған нұсқа бойынша Тамас уәзір ханымды өлтірген орманға келгенде, орман іші қып-

қызыл болып тұрады. Қызыл өрт деп ойласа, бұл жалғыз нұр екен. Яғни, ханымнан туған баланы нұрға теңейді.

Жақынырақ қасына барды жетіп,

Нұрды көріп келеді есі кетіп.

Шілдедегі шыққан күн сияктанып,

Нұр сиқы көздерінен барады өтіп. [7, 174]

Осы ежелгі мифтердегі «нұрдан жаралу» желісі адамзаттың жабайылық санасынан емес, даналық санасынан туған болуы керек. Шығыс пәлсафасы бойынша, ғалам нұрдан жаралған. Әл-Фараби: «Бүкіл дүние ғаламы басында бір шапаты ауданда болған нұр сәуле – жарық сәуледен жаралған», -дейді. Қазір өте дәл электрондық өлшеулер арқылы, алғаш дүние жаралғанда пайда болған нұр сәуленің қалдығы табылыпты. Сол қалдық сәуле, шығыс ұғымында, «әлмисақ». Қиссадағы нұр желісі әуел басында, «әлем күннен жаралды» дейтін ұғымның бөлшек тәнуінен пайда болса керек. Жалпы, тарихи тұлғалардың өміріне құпиялылық, ерекшелік беру мақсатында, олардың ана құрсағына нұрдан дарығаны туралы аңыздар айтылып, жазылып келген. Мысалы, Заратуштра, Будда, Иса пайғам бар мен Мұхаммед пайғамбар да нұрдан жаралған.

«Патшаның тастанды баласы» желісі. «Гүлшат-Шеризат» қиссасында бақытты әкенің қуанышын көре алмаған жауыздық күштер қастандық жасайтын сюжеттік желі орын алады. Кәрік патшаның аңға кетіп, арыстанмен алысып өлгендігін пайдаланып, қастандық жасаушы – уәзірі Парахзат. Парахзат ханымды өлтіруге тапсырма береді. Өлі анадан туған бала бала орманда өседі. Тастанды бала желісі дастанның оқиға жасаушы желі, сюжет ұйытқысы ретінде көрінетінін байқаймыз. Мысалы:

Ханның буаз ханымын өлтіресің,

Басын кесіп алдыма келтіресің.

Қасына екі жендет қосып берем,

Бір түн бұл қызметті бітіресің. [5,171]

«Аң асыраған бала» желісі. Қисса-дастандардағы «аң асыраған бала» желісін ағылшын этнологы Э.Б. Тайлор «тастанды бала» атты мифтер тобының жеке-жеке бөлшектері деп қарастырады. Патшаның тастанды баласы туралы оқиға желісі «Ер Шеризатта» сюжеттік байланыс, дәлел-мотивировка.

Өлі денеден туған баланы арыстанның емізіп, асырап өсіруі, баланың Шеризат аталуы (шері-арыстан) – көне заманнан келе жатқан, арыстан тотемін ардақтаудан туған мифтік элемент [6, 221].

Аң асыраған бала бейнесі қазақ әдебиетінде біздің заманымыздың бас кезіндегі Көк бөрі аңыздарынан көрінеді. «Көк бөрі» аңыздарының бірі б.д.д. I-II ғасырлардан бастап өмір сүрген үйсіндер тарихында кездеседі. Т. Жұртбаев: «Көк бөрі жөніндегі аңыз біздің дәуірімізге дейінгі V-IV ғасырларда көшпелі жұрттың арасына кең тарап, киелі аң ретінде сенімділік санаға әбден орныққан», - деген пікір айтады. Көк бөрі асыраған бала туралы түріктердің тағы бір аңызы әлемге әйгілі Түрік қағанатының құрылуына байланысты шыққан. Қисса-дастандағы аң асыраған бала желісі төтемдік түсінікке өте жақын. Түп төркіні төтемдік аңыздардан алынған болса керек.

«Гүлшат-Шеризатта» өлі анадан туған баланы жолбарыс бауырына басса, «Мұңлық-Зарлық» дастанындағы кейіпкерлерді киік асырап өсіреді:

Емізіп бір арыстан тұрды дейді,

Бала боп арысланға жүрді дейді.

Шер деген сөз арабша арыслан екен,

Шеризат деп оның атын қойды дейді. [5, 15]

Белгілі фольклортанушы Б. Әзібаева «аң асыраған бала» желісіне бойынша өз тұжырымын айта келе, қисса-дастандарда кездесетін бұл сарынды «ғажайып көмекшілер мотиві» деп атаған. Ертегілік эстетика бойынша «жазықсыз қуғындалған» кейіпкер әдетте өз мұратына жетіп, дұшпанынан өш алады. Мұндай жағдайға ол, көбінесе, «ғажайып» көмекшілерінің арқасында жетеді. Байырғы фольклорда «ғажайып» көмекшілер ретінде табиғаттың алуан түрлі күштері, киелі жануарлар, желеп-жебеуші аруақтар, кейінірек әулие-әнбиелер көрінеді. Ертегілік негізге құрылған Шеризат туралы дастандарда кейіпкерді арыстан емізеді. Жолбарыс бейнесі дүниежүзі халықтарының соның ішінде, әсіресе, Азия мен Еуропа халықтарының мифологиясына, фольклоры мен өнеріне тән екені белгілі. Қазақ фольклорында парсының байырғы және классикалық үнді әдебиетінде, иранның халық дастандарында, ортаазиялық

эпостарда арыстан мен жолбарыс бейнесі – кейіпкердің батырлық тұлғасын танытуда ұдайы қолданылып отыратын теңеулердің бірі. Яғни, жолбарыстың айбаты мен кайраты, жүректілігі мен жеңімпаздығы тұқым қуалайтын рулық қасиеттің символына айналған. Сонымен бірге, байырғы түркі әдебиеті мен иран халықтарының фольклорында арыстан мен жолбарыс бейнесіндегі ғажайып та мейірімді, қамқор да көмекші кейіпкерлер туралы сюжеттер аз емес [2, 59] .

«Ғажайып көмекшілер» мотивінің көрінісі ретінде кейіпкердің тұлпарын да мысалға ала аламыз. Дастанның «Қарқабат» нұсқасында Шерқуаттың Ақкекіл аты болады. Дастанда ат бәйгесі суреттеледі. Шерқуаттың алыс жолға камдануындағы оқиға желісін қазақтың эпостық жырлардағы көрініс табуымен байланыстыруға болады.

Ақкекілге қамшы ұрады,
Қолтығын созып кереді.
Тұлпарға қамшы басады,
Сүйегі тұлпар Ақкекіл
Есінеп аузын ашады.
Тұяғына тас тисе,
Артына оқтай атады.
Екпінімен тұлпардың
Ұша алмай құстар жатады. [7, 59]

«Түс көру» желісі. Түс көру, оны жору өнері көне замандардан келіп жеткен. Қазақтың төл фольклорына қарағанда дастандарда түс көру мотиві жиі қолданылады. Бұл мотив дастанның барлық түрінде, әсіресе, хикаялық және ғашықтық дастандарда көбірек кездеседі. Оларда түс көру мотиві кей-кейде бүкіл шығарманың негізі болып, бас кейіпкер сол түсті жүзеге асыру үшін әрекеттенеді. Жалпы, түс көру мотиві бүкіл әлем халықтарының фольклорына тән және оның атқаратын қызметі әрқилы: алдағыны болжау, кейіпкерді сақтандыру, кейіпкерге көмек беру, адамдарды белгілі бір іс-әрекетке шақыру, т.т. Бұл мотив қазақ фольклорына да жат емес. Алайда шығыстық сюжетке құрылған дастандарға қарағанда, қазақ фольклорындағы түс көрудің функциясы, көбінесе, алдағыны болжау мен кейіпкерді сақтандыру болып келеді.

– Құлақ сал, жұртым, уәзірім,

Бір түрлі бүгін түс көрдім.

Бәріңе баян қыламын.

Көп жылдан беру қураған,

Есігімнің алдында

Байлапты мәуе шынарым [7, 40]

Сондай-ақ «түс көру» мотиві адамдарды белгілі бір іс-әрекетке шақыруға да итермелейді. Мысалы:

Жаксылық Күлшатханнан сен көрерсің,

һәр басқан қадамдары құтлұқ болып.

Сол үшін сен жасатсаң бір үлкен үй,

Құдайым оған берер бір жақсы күй. [7,15]

деп патшаға түсінде аян береді. Нәтижесінде, патша Күлшат қызға арнап сарай салдырады.

«Сарай салдырған қыз» желісі. Дастанда басты оқиғалар көбінесе шаһарларда, немесе оның сыртында, жанында өтеді дедік. Ал, дастанның бас қаһарманы сырты қоршалған, есігі күзетілген әдемі бақ ішінде тұрады. Өзінің қарсыластарымен де көп жағдайда осы бақтың ішінде кездесіп, соғысады, немесе сүйіктісімен жолығып, рахат сезіміне бөленеді.

«Қисса Шеризатта» патша өзінің қызы Гүлшатқа Ирамбақтай сарай салдыртуға бұйырады. Қыз сарайын тауып келіп, бағбанды кездестіреді. Қыздың бір жігітпен жүргені әкесінің құлағына жетіп, соғыс болады. Қаһарман бәрін жеңіп шығады. Бұл сюжеттік желі «Таһир-Зуһра», «Зияда-Шаһмұрат» дастандарында да кездеседі.

Ирамбақ – қисса-дастандарда таңғажайып, жұмбақ жер, сұлу қыздар мен перілер мекені, жанға жайлы ерекше өлке болып келеді. О дүниедегі жұмақтың төрі – жаннат болса, жер бетіндегі жаннат – Ирамбағы деп есептелінеді:

Бір сарай сонда патша салдырады,

Әр жерден ұста болса алдырады.

Кіріптің бірі – алтын, бірі – күміс,

Көргенді таң-тамаша қалдырады. [7,111]

Кейіпкердің сүйген сұлуына бағбан арқылы кездесуі, келген жігіттің алдына неше түрлі ас қойып, қыздың күтіп алғандығы егжей-тегжейлі суреттелуі, көп қиындықтың қыз сарайындағы

тоймен бітуі талай қиссаларға ортақ қалыптасқан сюжетке жатады:

Қыз Гүлшат түрегеліп құрмет етті,
Шығарды кілем жайып бәрін төрге...
Бұларға Гүлшат қойып махаббатты,
Алдына бас келтірді балдан тәтті.
Жемістер дастарқанда неше түрлі.
Жеп қараса бірінен бірі тәтті. [3,221]

Қисса-дастандарда **сырттай ғашық болу, ата жауының қызына ғашық болу, қаһармандық үйлену** секілді мотивтердің кірігуі де орын алады. Дастанның бас кейіпкері Шеризатқа Күлшат қыздың сұлулығын, ол үшін салынған ғажайып бақшалы сарайды ұзақ сапардан қайтып келген көпестер әңгімелеп береді. Шеризат қызға сырттай ғашық болады да, дереу жолға шығады.

Ғашығының еліне келген соң, қызбен кездесіп тіл табысады, бірақ та қыздың әкесі бұларға қарсы болады. Шеризат қыздың әкесі бастаған қалың әскерді жеңіп, өзінің ғашықтық жолын күшімен орнықтырады. Алайда оның бұл сапары ғашығына қосылуымен тынбайды. Кешікпей-ақ, кейіпкер өзінің шешесін өлтірген ата жауы Күлшаттың әкесі екенің және бақ пен тақтан айырылуына да сол себеп біледі. Мұндай жағдайда, дүниежүзі халықтарының ертегілері мен эпостарына тән жүйе бойынша, Шеризат әділді үстем етіп, зұлымдықтың тамырына балта шабуға тиіс. Себебі, «Долг кровной мести, согласно обычаю, и восстановление законной, признанной народом власти лежат на сыне по погибшей]» [8, 94].

«Қисса Шеризат» дастанында кездесетін дәстүрлі сарынның бірі – Гүлшаттың «Мың бір түндегі» Шаһризада сияқты Шеризатқа қисса айтып беру мотиві. «Мың бір түн» дәстүрі бойынша, жазаланғалы тұрған адамның тағдыры ғибратты, қызықты әңгімеге ауысатын. Әңгімені айтып, патшаның не басқа кейіпкердің ашуын басушы жазалының өзі, болмаса оның жақын адамы болады. Сөйтіп, бір әңгіменің ішінен жалғамалы бірнеше әңгімелер туындап кете береді. Мұндай тәсілді айтушылар оқиганы қызықты ете түсу үшін пайдаланған [6,35].

«Көңілім ашылғандай қисса айтып берсең, әкеңнің жазығын кешем» деген Шеризатқа Гүлшат Мәһимәнзал сұлудың бастан кешкен уақиғасын айтып береді. Оның жолына бөгет болып, кесірін тигізген адамдар кінәсін қалай кешіп, қан төкпей қайырымдылық көрсеткендігін үлгі етеді. Ғибратты істер жайында ертегі айтып, ойын өткізген әйел болып та көзге түседі. Дастанның осы тұсын «Мың бір түн» ертегісінің желісімен байланыстыруға болады. Гүлшат екі әңгіме айтады, бірі 9 күн айтылады. Екінші әңгімесінде Маһиасар мен Маһиманзалдың қосылуына кесір болған Ақтар-Аярдың оқиғасы баяндалады. Шаһаризададан тәлім алғандығын аңғартқандай болған Гүлшат Шеризатты ақыры ақылына көндіреді.

Сонымен талдауымызды тұжырымдай келгенде, Шеризат пен Гүлшат жайындағы дастан махаббат хикаясына арналғанымен, экспозициялық бөлімінде «жазықсыз қуғындалған жандар» сюжеті орын алған. Бұл арада болашақ қаһарманның «ерекше жағдайда туу» сарыны алдыңғы шепке шығып, шығарманың лейтмотивіне айналған. Осы эпизодтар бойынша Шеризаттың әкесі ұлын көрместен қапыда қаза табады. Қайтыс болған патшаның жаулары енді болашақ мұрагерден құтылу мақсатында екіқабат патшайымды қаскөйлікпен өлтіреді де, бала осы өлі анадан туып, дүние есігін ашады. Жетім ұлды сол маңдағы бір арыстанның қаншыры емізіп, сол себепті асқан айбарлы, батыр мінезді болып өседі. Мұны білген ел оны Шеризат атандырады. Яғни, дастан мазмұнында тотемдік сенімдер мен матриархат кезеңінің кейбір белгілері және феодалдық қоғам тұсында көрініс тапқан «ғажайып туу мотиві» әдемі үйлесім тапқан. Сонымен бірге дастан нұсқаларында «ғажайып көмекшілер», «сырттай ғашық болу», «ата жауының қызына ғашықтық», «қаһармандықпен үйлену» тәрізді тұрақты фольклор мотивтері ұшырасады. Дегенмен, парсылық сюжет негізінде жырланып отырғандықтан, Шеризат қыздың әкесін өлтірмей, оған кешірім жасайды. Көне сюжеттердің бұлайша «жұмсаруы», бір есептен, Шығыстың отырықшы халықтарына тән болуы немесе қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістер мен рухани жаңғырулардың әсері ғана емес, зерттеуші жазғандай, «жалпы

дастандық шығармалардың дәстүрлі эпостан айырмашылық тұстарын да аңғартса» керек.

Қиссалар ермек үшін емес, өнеге, үлгі шашу үшін жырланған. Әдебиеттің тәрбиелік, өнегелік пәрменін ғылым ешқашан жоққа шығарған емес. Мақсаты айқын ақын қиссаны қазақ халқының түсінігіне, дәстүр салтына, ғұрпына орай жаңғырта жырлаған. Қиссадағы «әлқисса» түсініктер, «Гүлшат қызды сипаттап сөйлеу», қыздардың Шеризатты мақтап айтқан жырлары – халық әдебиеті дәстүрі. Қисса шығыс әдебиетінің әсерімен жазылса да романтикалық образ, фантастикалық оқиға, реалистік суреттеулер ұштаса дамиды.

Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игі әсері – қазақ ақындарының шығыстың көркем шығармаларының оқиға желісін, мазмұн-мағынасын қабылдай отырып, оны өзгерте, өрбіте жазу тәсілінің тиімділігі болды. Халықтық әдебиеттер арасындағы ежелгі заманнан орныққан байланыс, өзара әсер, сюжет алмасу – сөз өнерінің өрісін ұлғайтып, кемел деңгейге көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қыраубаева А. Қисса жанры //Қазақ әдебиеті. – 1981. – 20 ноябрь. – 15 б.
- 2 Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы: «Баспалар үйі» акционерлік қоғамы, 2009. – 288 б.
- 3 Көпейұлы М.Ж Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы. «Ғылым», 1990.– 273 б.
- 4 Қожағұлов С.Қ // Нәзира дәстүріндегі қисса жанры. ПМУ Хабаршысы, Серия филологическая. – №4. – 2016. – Б. 216-223.
- 5 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
- 6 Бөжеев М. Қисса-хикаялар // Жұлдыз. – 1972. – № 2. – Б. 212-216 б.
- 7 Бабалар сөзі: Жүзтомдық/ Ред. С. Қосан. – Астана: «Фолиант», 2004. Т.3: Хикаялық дастандар. – 2004. – 328 б.
- 8 Радлов В.В. Бозжигит// Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи Ч. III. Киргизские наречия. – СПб, 1870

ЖАСТАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ

*Утешова Асемгул Арыстанбаевна,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
I-курс докторанты*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жастар әдебиетіндегі мистикалық мотивтердің интерпретациясы жан-жақты зерттеледі. Автор шығарманың әлеуметтік, мәдени және рухани контекстіндегі рөлін талдап, мистицизмнің символдық-архетиптік, мифологиялық және психоаналитикалық аспектілерін ашады. Мақалада Р.Нұрғалидің, П.С. Гуревичтің, Г.В. Хлебниковтің, сондай-ақ Дж. Лейба, М. Остоу, А. Шарфенштайн және басқа да авторлардың тұжырымдарына сүйене отырып, мистика ұғымының адам ішкі жан дүниесін, рухани ізденісті және дәстүр мен жаңалықтың өзара әрекеттесуін бейнелейтін маңызды құрал екендігі айқындалған. Зерттеу жастар прозасындағы мистикалық мотивтердің қазіргі заман әдебиетінің ерекшеліктерін, оның қоғамдағы рухани рөлін және эстетикалық құндылықтарын терең түсінуге ықпал ететінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: мистика, жастар прозасы, символика, рухани ізденіс, психоаналитикалық тәсіл.

Заманауи жастар әдебиеті әрқашан өз дәуірінің әлеуметтік, мәдени және рухани іздерін көрсетеді. Осы орайда мистикалық мотивтер жастар прозасында ерекше орын алады. Мистицизм – бұл материалдық әлемнен тыс, адамның ішкі жан дүниесін, санасының терең қабаттарын бейнелейтін символикалық жүйе. Осы орайда Р.Нұрғалидің «Үздік үлгілерден үйренуге құмарлық, адамзат дәстүрлеріне ден қою, туған топырақ байлығынан қол үзбеу – әлемдегі барша талантты қаламгерлерге ортақ қасиет» деген сөзі ойымызға оралады[1,96.]. Жастар шығармашылығында ол жеке тұлғаның өзін-өзі іздеуі, өмірдің мәнін тереңдету және болашаққа сенім арту секілді мәселелерді көтереді.

Мистикалық мотивтер әдебиетте әдетте адамның жан дүниесімен, әлемнің сырлы аспектілерімен байланысқан

бейнелер, символдар және архетиптер ретінде көрініс табады. Философиялық және психоаналитикалық тұжырымдамаларда мистикалық мотивтер адам санасының терең құрылымына тиісті рөл атқарады. Олар арқылы авторлар оқырманға бейсаналық деңгейдегі ақпаратты жеткізуге тырысады. П.С. Гуревичтің анықтамасына сәйкес, мистика – сезімтал әлемнен алыстап, құдаймен жақын қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін, өз ішкі болмысының сырларына үңілу процесі болып табылады[2]. Г.В. Хлебников өз еңбегінде, И.Й. Зюдобрактың көзқарасын негізге ала отырып, мистика ұғымын адамның өз болмысын іздеген кезінде құдайға жүгінуі және әр діннің өзіне тән мистикалық қырлары бар екендігі ретінде түсіндіреді[3]. Бұл зерттеулер арқылы адамның түсінігінен тыс, ерекше жасырын мағыналарды білдіретін тылсым күштер мен психологиялық тәжірибелер айқындалады.«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша мистика – табиғаттан тыс күштерге деген сенім, яғни иррационализм мен аскеттілікпен тығыз байланысқан құбылыс ретінде түсіндіріледі[4]. Сонымен қатар, «Қазақ энциклопедиясында» мистика діни-идеалистік көзқарасты, экзотеризмді, құпиялылықты және рухани әлемді тануға ұмтылуды білдіретін амал-әрекеттер мен жаттығулар кешені ретінде қарастырылады[5]. Зерттеуші Г.Р.Сәулембек «Мистика – адамның тылсым әлеммен тікелей қарым-қатынасына деген сеніміне негізделетін жанр. Мистиканың әдеби жанр ретіндегі даму эволюциясына келетін болсақ, түп тегі фольклор және мистицизммен байланысты» деп, мистиканы іргелес жанрлармен шекарасын айқындауды ұсынады[6,173б.].

Жастар прозасы – әлеуметтік-мәдени өзгерістердің айнасы, қазіргі заман жастарының дүниетанымын, арман-ұмтылыстарын және жан дүниесінің күйзелістерін бейнелейтін жанр. Мұнда мистикалық мотивтер кейіпкерлердің тұлғалық өзгерістерін, қоғам мен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынасты, және дәстүр мен жаңалық арасындағы шиеленісті көрсетуге мүмкіндік береді. А.Ш.Аскарованың пайымдауынша, «Мистика – күрделі жанр, мысалы, мистикалық шығарманың кейіпкері дегеніміз біз білетін, танитын кәдімгі кейіпкер, қаһармандарға ұқсай бермейді, кейіпкер су перісі әлде елес болуы, оқиға орны аспан

не жердің жетінші қабаты болуы мүмкін, демек кейіпкер дерексіз, әлем тылсым деген сөз, содан шығар, бірыңғай мистикалық жанрда жазатын, ерекше мифтік кейіпкер тудырған жазушы бізде аз. Жалпы мистика жазатын жазушының өзі бізде саусақпен санарлық, тіпті жазды дегеннің өзінде оны бастан-аяқ мистикалық шығарма деп тану қиын, сондықтан мистикалық элементтері бар десек әділірек болар еді»[6].

Мистикалық мотивтер – көркем шығармаларда ақылға сыймайтын, тылсым дүниемен байланысты оқиғаларды сипаттайтын элементтер. Олар көбіне сенім, руханият, параллель әлемдер, аян беру, түс жору, шаманизм, басқа өлшемдерге саяхат сияқты тақырыптармен байланысты. Қазақ әдебиетінде мистикалық мотивтер фольклорлық, мифологиялық сюжеттермен ұштасады.

Қазіргі жастар әдебиетінде мистикалық элементтер әртүрлі тәсілдермен көрініс табуда. Бұл бағыттағы шығармаларда дәстүрлі аңыз-мифтерден алынған сюжеттер заманауи сипатта өңделіп, авторлық интерпретацияға ұшырайды. Кейбір шығармаларда басты кейіпкерлер түсінде аян алады немесе о дүниелік рухтармен байланысқа түседі. Мұндай сюжеттерде ұлттық дүниетанымның элементтері байқалады. Аягүл Мантайдың әңгімелерінде мистикалық сарын жиі кездеседі. Автордың кейіпкерлері тылсым әлеммен байланысып, түс арқылы маңызды ақпарат алады. Қазіргі прозада жын-шайтан, қараңғы күштер, зұлым рухтар бейнеленетін шығармалар да бар. Бұл мотивтер адамның ішкі қорқыныштары мен қоғамдағы карама-қайшылықтарды ашуға көмектеседі. Мысалы, Мейіржан Жылқыбайдың «Тылсым» повесінде кейіпкерлер белгісіз бір тылсым күштің әсерінен сандырақтайды, бұл олардың психологиялық күйзеліспен күресін көрсетеді. Мистикалық мотивтер көбіне уақыт пен кеңістіктің өзгеруін, кейіпкерлердің басқа әлемдерге саяхаттауын сипаттайды. Мұндай шығармалар ғылыми фантастикамен астасып кетуі мүмкін. Жастар прозасында өзіндік қолтаңбасымен ерекшелетін жазушылардың шығармаларындағы мистикалық мотивтерді талдап көрелік.

Лира Қоныс шығармашылығында мистикалық мотивтердің көрінісі ерекше нәзік әрі сезімтал бейнелер арқылы жүзеге асады.

Оның «Сиқырлы жұлдыздар» атты шығармасында табиғаттың сұлулығы мен түнгі аспанның жұмбақтығы кейіпкердің ішкі әлеміне әсер етіп, өмірге деген жаңа көзқарас қалыптастырады. Мысалы, шығарманың басты кейіпкері түнгі аспан астында жүрген кезде, жұлдыздардың жарқырауы оның жүрегіндегі ұмтылыстар мен өмірлік сұрақтарды оятатын метафора ретінде қабылданады. Мұндай символика оқырманды өзін-өзі тануға, өз өміріндегі жұмбақ сәттерді қайта бағалауға ынталандырады. Лира Қоныс шығармасындағы мистикалық мотивтер кейіпкердің ішкі жан дүниесінің тереңдігін, рухани ізденістерін және әлемнің көрінбейтін, бейсаналық қырларын аша отырып, әдебиет пен өнердің синтезін көрсетеді[7].

Дидар Амантайдың «Өмірдің жұмбақтары» атты шығармасында мистицизм тек табиғат бейнесі арқылы ғана емес, сонымен қатар уақыт пен кеңістік, өткен мен қазіргі арасындағы байланыс арқылы да көрініс табады. Шығармада уақыттың ағыны, көлеңкелер мен жарықтың қарсыластығы арқылы адам өмірінің өткінші сипаты мен оның ішкі қайшылықтары айқын бейнеленеді. Дидар Амантай кейіпкерінің арман-ойлары, бейсаналық көріністері мен естеліктеріндегі сиқырлы сәттер оқырманға адамның ішкі жан дүниесінің трансформациясы мен өзін-өзі тану үрдісін көрсетеді. Мұнда мистикалық мотивтер дәстүрлі мифологиялық элементтермен үйлесіп, қазіргі заман мәселелеріне жаңа эстетикалық шешімдер ұсынады. Автордың қолданысындағы символикалық жүйе оқырманды терең философиялық сұрақтарға, өмірдің мәні мен жеке тұлғаның өзгеру процесіне ой салуға мәжбүр етеді[8].

Аягүл Мантай шығармаларында мистикалық мотивтердің интерпретациясы заманауи эстетика мен дәстүрлі мәдени құндылықтардың синтезі ретінде көрініс табады. Оның «Рухтың шуағы» шығармасында табиғат пен адамның байланысы, жарық пен қараңғылықтың диалектикасы арқылы рухани жаңғыру мен ішкі тазалық идеялары баяндалады. Аягүл Мантай кейіпкері табиғаттың сиқырлы құпияларына үңіліп, өз-өзімен және әлеммен жаңа қарым-қатынас орнатады. Шығармада қолданылған символдар – гүлдердің ашылуы, таң атқанда пайда болатын жұмбақ көлеңкелер мен сәттілік белгісі ретінде көрініс

табатын жарық – кейіпкердің жеке тұлғалық өсуі мен өзін-өзі қайта қалыптастыру процесін бейнелейді. Мұндай тәсіл әдебиетте мистицизмнің психологиялық аспектілерін айқын көрсетеді, себебі оқырман табиғаттың бейнелеріндегі сырлы мағынаны, ішкі сезімдердің өзгеруін және өмірдің тұтастығын түсінуге мүмкіндік алады[9].

Осы авторлардың шығармаларындағы мистикалық мотивтер жастар прозасының негізгі мәселелерін – өзін-өзі тану, қоғамдағы өз орнын іздеу, өткен мен бүгінгі арасындағы байланыс пен болашаққа деген үміт – терең философиялық тұрғыдан қарастыруға жағдай жасайды. Лира Қоныстың шығармаларындағы нәзік табиғат бейнелері, Дидар Амантайдың уақыт пен кеңістіктің динамикасы, Аягүл Мантайдың рухани жаңғырығы арқылы мистикалық мотивтер әртүрлі деңгейде интерпретацияланады. Бұл интерпретация процесі оқырманның жеке тәжірибесі мен қоғамдағы рухани құбылыстарға деген көзқарасына әсер етіп, әдебиеттің әлеуметтік-философиялық функциясын күшейтеді.

Әдебиетте мистикалық мотивтердің интерпретациялануы көбінесе символдық-архетиптік әдістер мен психоаналитикалық талдаулар арқылы жүзеге асады. Жоғарыда аталған авторлардың шығармаларында көрініс табатын символика, көркем бейнелер мен метафоралар оқырманға тек эстетикалық ләззат сыйлап қоймай, оның ішкі жан дүниесіне әсер етіп, өмірдің көпқырлылығын түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, Лира Қоныс шығармаларында табиғат пен адамның байланысы, Дидар Амантай шығармаларында уақыт пен кеңістіктің философиялық мәселелері, ал Аягүл Мантай шығармаларында рухани жаңғыру мен ішкі өсу үрдісі жасампаз әдеби әлемнің ерекше көрінісін қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар прозасындағы мистикалық мотивтер қазіргі заманның әлеуметтік-мәдени өзгерістерін, жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің күрделі құрылымын және дәстүр мен жаңалық арасындағы өзара әрекеттестікті бейнелейді. Мистицизм әдебиеттің эстетикалық және философиялық аспектілерін тереңірек аша отырып, оқырманды өз-өзін тануға, рухани ізденіске және өмірдің мәніне

деген сұрақтарға үнілуге шақырады. Осындай әдеби зерттеулер жастар прозасының қазіргі заманғы әдебиет саласындағы ерекше орнын, оның қоғамдағы рухани рөлін және эстетикалық құндылықтарын анық түсінуге ықпал етеді

Қорыта келе, жастар прозасындағы мистикалық мотивтердің интерпретацияланауы қазіргі заман әдебиетінің маңызды құбылысы болып табылады. Бұл зерттеуде мистикалық мотивтердің символдық-архетиптік, мифологиялық және психоаналитикалық аспектілері қарастырылды. Жастар әдебиеті арқылы бейнеленген мистицизм жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін, қоғам мен дәстүр арасындағы байланыстарды және заманауи проблемаларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде жастар прозасындағы мистикалық бейнелердің трансформациясы, оның заманауи мәдени контексттегі орны мен әсері жан-жақты талдануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрғали Р. Шығармалары.- Астана: Фолиант, 2013. Т.3 Сөз өнерінің эстетикасы: монография. 1-кітап.-288б.

2. Гуревич П.С. Современный гуманитарный словарь-справочник. – Москва: Олимп, 1999. – 528 с. 3. Хлебников Г.В. Философская мистика и гностицизм: история и современность: Аналит. обзор /

РАН. ИНИОН. Центр науч.-информ. исслед. Отд. философии. – М., 2009. – 148 б.

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 752 б.

5. Сәулембек, Г. Р. Мистика: іргелес жанрлармен өзара байланысы мен кейіпкерлер жүйесі / Г. Р. Сәулембек // Керуен. – 2024. – Vol. 82, No. 1. – Р. 169-184.

6. Асқарова, А. Ш. Қазақ және шетел прозасындағы мистика / А. Ш. Асқарова // Керуен. – 2021. – Vol. 73, No. 4. – Р. 127-138.

7. Қоныс Л. Сиқырлы жұлдыздар. Алматы: «Жас Өнер» баспасы.-2020

8. Амантай Д. Өмірдің жұмбақтары. Нұр-Сұлтан: «Жастар» баспасы.-2021

9. Мантай А. Рухтың шуағы. Қарағанды: «Заманауи әдебиет» баспасы.-2022

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4-СЕКЦИЯ

РОЛЬ УЧИТЕЛЯ ЛИТЕРАТУРЫ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Ибрагимова Феруза Рустамовна
преподаватель кафедры
«Узбекский и русский язык литература»
УрГПИ, Узбекистан
F962711114@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются основные задачи, стоящие перед современным учителем: формирование критического мышления у учащихся, развитие их эмоционального интеллекта и способности к анализу текстов, а также воспитание нравственных ценностей через литературу. Также акцентируется внимание на необходимости адаптации педагогических методов к интересам и потребностям молодежи, что требует от учителя гибкости и креативности. В заключение статьи подчеркивается важность роли учителя как наставника и вдохновителя, способного пробудить любовь к литературе и научить учеников видеть в ней не только источник знаний, но и средство самовыражения и понимания мира.

Ключевые слова: Критическое мышление, эмоциональный интеллект, анализ текстов, нравственные ценности, педагогические методы, адаптация обучения, интересы молодежи.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ МҰҒАЛІМІНІҢ РӨЛІ

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі мұғалімнің алдында тұрған негізгі міндеттер қарастырылады: оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру, олардың эмоционалдық интеллектісі мен мәтіндерді талдау қабілетін дамыту, сонымен қатар әдебиет

арқылы адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу. Мұғалімнен икемділік пен шығармашылықты талап ететін педагогикалық әдістерді жастардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу қажеттілігіне де назар аударылады. Қорытындылай келе, мақалада оқушылардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін оятып, оны тек білім көзі ретінде ғана емес, өзін-өзі таныту мен дүниені танудың құралы ретінде қарастыруға үйрететін тәлімгер және шабыттандырушы рөлінің маңыздылығы атап өтілген.

Түйін сөздер: Сыни тұрғыдан ойлау, эмоционалды интеллект, мәтінді талдау, адамгершілік құндылықтар, педагогикалық әдістер, оқуды бейімдеу, жастардың қызығушылықтары.

THE ROLE OF THE LITERATURE TEACHER IN THE MODERN EDUCATIONAL PROCESS

Abstract: The article discusses the main tasks facing a modern teacher: the formation of critical thinking among students, the development of their emotional intelligence and the ability to analyze texts, as well as the education of moral values through literature. Attention is also focused on the need to adapt pedagogical methods to the interests and needs of young people, which requires flexibility and creativity from teachers. In conclusion, the article emphasizes the importance of the teacher's role as a mentor and inspirer who can awaken a love for literature and teach students to see it not only as a source of knowledge, but also as a means of self-expression and understanding of the world.

Keywords: Critical thinking, emotional intelligence, text analysis, moral values, pedagogical methods, learning adaptation, youth interests.

В современном образовательном процессе роль учителя литературы становится всё более значимой и многогранной. В условиях стремительных изменений в обществе и образовательной системе, когда доступ к информации и литературным произведениям значительно расширился благодаря цифровым технологиям, учитель литературы сталкивается с новыми вызовами и задачами. Классическая

литература, которая когда-то считалась основным источником знаний и моральных ориентиров, теперь требует переосмысления и адаптации к интересам и потребностям молодежи.

Современный учитель литературы не только передает знания о произведениях, авторах и литературных направлениях, но и играет ключевую роль в формировании критического мышления у учащихся, развитии их эмоционального интеллекта и способности к глубокому анализу текстов. Важность воспитания нравственных ценностей через литературу также не может быть недооценена, поскольку литературные произведения часто служат отражением человеческого опыта и моральных дилемм.

В этой статье мы рассмотрим основные задачи, стоящие перед учителем литературы в современных условиях, а также подчеркнем необходимость гибкости и креативности в педагогических методах. Мы проанализируем, как учитель может стать наставником и вдохновителем для своих учеников, пробуждая в них любовь к литературе и помогая им видеть в ней не только источник знаний, но и средство самовыражения и понимания окружающего мира.

Формирование критического мышления.

Критическое мышление стало одной из важнейших компетенций XXI века. В условиях, когда информация доступна в любом формате, ученики должны уметь анализировать, сопоставлять и делать выводы. Учитель литературы может использовать различные литературные произведения для создания дискуссий, которые побуждают учащихся задавать вопросы, выражать собственное мнение и отстаивать его. Анализ текстов, обсуждение их контекста и подтекста помогают развивать у учеников способность к критическому осмыслению информации, что является необходимым навыком в современном мире [1].

Развитие эмоционального интеллекта.

Литература — это не только набор слов, но и мощный инструмент для понимания человеческих эмоций. Чтение художественных произведений позволяет учащимся сопереживать героям, осознавать свои чувства и эмоции, а также развивать эмпатию. Учитель, создавая атмосферу доверия и

открытости, может направлять обсуждения на темы, связанные с эмоциональным восприятием, что способствует развитию эмоционального интеллекта у учащихся. Это умение становится особенно актуальным в условиях многообразия культур и социальных взаимодействий [2.]

Воспитание нравственных ценностей

Литература часто поднимает сложные моральные вопросы, которые могут служить основой для обсуждения нравственных ценностей. Учитель литературы, выступая в роли наставника, может помочь ученикам разобраться в таких понятиях, как добро и зло, справедливость и несправедливость. Обсуждение литературных произведений, в которых затрагиваются эти темы, способствует формированию у учащихся личной этики и ответственности. Это важный аспект, который помогает им стать не только образованными, но и нравственными людьми [3].

Адаптация педагогических методов

Современные ученики отличаются разнообразием интересов и потребностей, что требует от учителя гибкости и креативности в подходах к обучению. Адаптация педагогических методов к интересам молодежи становится необходимостью. Использование технологий, интерактивных форматов, а также мультимедийных ресурсов позволяет сделать уроки более увлекательными и доступными. Учитель должен быть готов экспериментировать с новыми методами, чтобы поддерживать интерес учащихся и вовлекать их в процесс обучения [4].

В условиях современного образовательного процесса роль учителя литературы становится более многогранной и значимой. Формирование критического мышления, развитие эмоционального интеллекта и воспитание нравственных ценностей — это лишь некоторые из задач, которые стоят перед педагогом. Используя литературу как инструмент для анализа и обсуждения, учитель помогает учащимся не только осваивать знания, но и развивать важные жизненные навыки.

Адаптация педагогических методов к интересам и потребностям молодежи требует от учителя гибкости и креативности. Внедрение новых технологий и интерактивных подходов делает обучение более увлекательным и эффективным,

позволяя каждому ученику найти свой путь в мире литературы. Таким образом, учитель литературы не только передает знания, но и формирует личность учащегося, способствуя его эмоциональному и нравственному развитию.

В конечном итоге, учитель литературы становится не просто носителем знаний, а настоящим наставником и вдохновителем, который пробуждает в учениках любовь к литературе и помогает им увидеть в ней не только источник знаний, но и средство самовыражения и понимания окружающего мира. Важно, чтобы каждый педагог осознавал свою значимость в этом процессе и стремился к постоянному развитию, чтобы соответствовать требованиям времени и вдохновлять новое поколение на поиск знаний и смыслов в литературе и жизни.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Чумаков А. (2017). Развитие критического мышления на уроках литературы. Вестник образования, 3(12), 45-50.
2. Козлова Е. А. (2019). Эмоциональный интеллект и его роль в образовательном процессе. Педагогика и психология, 2(1), 34-40.
3. Громова Т. А. (2020). Литература и нравственность: диалог культур. Вопросы философии, 5, 56-62.
4. Шамова Л. В. (2018). Адаптация образовательных технологий к потребностям учащихся. Педагогика и психология, 6(2), 34-40.

ІШКІ МОНОЛОГТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘЙЕЛ ЖАЗУШЫЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Мубарак Назерке Елубекқызы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің докторанты
Әділбекова Ләззат Махайқызы
ҚазҰҚПУ ф.ғ.к., профессор.м.а.,
Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Ішкі монолог – көркемдік бейнелеу тәсілі екендігі шығармадағы кейіпкер образын танытудағы жолдардан байқалады. Ішкі монологтың авторлық түрлері негізінен үш

жағдайда көрініс табады. Біз тәуелсіздік жылдарындағы әйел жазушылар шағырмаларынан ішкі монологты осыған сәйкес талдадық. Атап айтқанда, Р.Мұқанова, З.Ахметова, А.Кемелбаева, Мадина Омар, Лира Қоныс, Аягүл Мантай, Бану Дәулетбаева, Сағадат Ордашева, Сәулеш Шәтенова, Маржан Ершу сияқты қазақ әйел жазушыларының бүгінгі толқындарының шығармаларынан ішкі монологтың қандай сарында, қандай көңіл-күйде байқалатынын, тілі қалай екендігін анықтауды мақсат еттік. Сонымен қатар бұл тақырыпты оқыту бүгінгі таңда ерекше креативті талап етеді.

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыры да мол дүние. Әрбір қалам қайраткерінің, табиғи талантын, дүниетанымын, қабілетін, білім дәрежесін былай қойғанда, сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптауы өзінше бөлек болатыны сөзсіз. Көркем туындыда автор баяндауы жетекші орын алады. Бірақ белгілі бір тұстарда кейіпкерлерінің ойлануына жол береді. Бұл тілдегі диалог, монолог, ішкі монолог, ортақ төл сөздерді арқылы орындалады. Мысалы, Лира Қоныстың «Сәтсіз сегіз қадам» әңгімесінде: «Жасым жиырманың төртеуіне келді, ханзаданың балына барып, шыр үйіріліп билейтін шақ өтті, ханзаданы армандамаймын, маған лайығы – патша шығар деп күлімсіредім...[1]» - деген монологы қыз баланың өзімен өзі сырласуы, өзіне берген бағасы еді.

«...Несі ұнамады дейсіз бе? Сіздің басыңызда жазу арқылы хатқа түсіре де алмайтын, сөз арқылы баян етуге де қауқарсыз бір сезімдер болып па еді, міне, мен тап осы күйде едім. Оған деген соңғы қадамды алғанда жасанды «adidas» бөтеңкесін киген аяқтарым бөгелместен алға қарыш жасап кете барған [1]» - деп аяқталатын шағын әңгімеде қыздың өзіне лайық келгенмеген «джентльмен» жігіттің бетін қайтарғанын баяндайды. Жазушы қыздың баяндауында ішкі сыры мен сырласуы қатар көрініс табады.

Негізгі бөлім. Монолог – шығармада кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл [2, 509]. «Монолог, автор сөзі, ортақ төл сөз сияқты баяндау бөлшектерінде бірімен – бірі аралас келіп, бірінен – біріне білінбей ауысуы арқылы автор баяндауын кейіпкерлердің сөйлеу

мәнеріне жақындату, ой – сезім дүниесін жан – жақты ашу көзделінеді» [3, 81]. Бұл туралы ғалым Г.Пірәлиева ішкі монологтың екі түріне көбірек анықтама берген. Алғашқысы – шығарманың бейнелеу өрісіне монологқа айналған сана-сезімнің қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты көрінеді. Оның өзі үш түрлі жағдайда көрініс табады. Бірінші санадан, еркіннен мүлдем тыс ішкі монолог (безсознательность), екінші жарым-жартылай саналы, кейде санадан тыс сәттегі ішкі монолог, ол көбінесе, «ой ағысы» (поток сознания) тәсіліне ұласып жатады. Ал үшінші өзін өзі бақылай алатын, шын мәніндегі ойлау үрдісін білдіретін ішкі монолог. Оның қосалқы бір түрі автор өзі тікелей оқиғаға, әрекетке талдау жасайтын монолог. Жоғарыда біз келтірген монологтың түрі осы үшінші топтағы монологтың түрі деп санауға болады.

Тақырыпты оқыту мәселесіне бұратын болсақ, ішкі монологты монологтың өзге түрлерін бөле қарастыра оқыту айтарлықтай сарапталған оқу жоспарын қажет етеді. Мысалы, студенттерден «диалог пен монологтың айырмашылығын атап бер» деген сауалдан гөрі, «монологтың түрі мен өзіне тән ерекшеліктерді мысалдар арқылы көрсет» деу әлдеқайда айырмашылығы бар тапсырмалар. Оқыту әдістерінің заманауи технологияларын оқыту кезеңдеріне бөліп қарастыруға болады (мысалы, 15 апталық).

	Тақырыбы	Оқыту әдістері	Оқыту түрі
1- апта	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әйел жазушылар шығармаларындағы монолог түрлерін талдау	«Эссе»	Офлайн
2- апта	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әйел жазушылар шығармаларындағы диалог пен монолог айырмашылықтар талқылау	«ПОПС» формуласы	Офлайн
3- апта	З.Ахметжанова шығармаларындағы монологты талда	Мәселені талдау немесе	Офлайн

		«Балық қаңқасы»	
4-апта	А.Кемелбаева шығармаларындағы монологты талда	«Автордың орындығы» әдісі	Офлайн
5-апта	Жас әйел қаламгерлердің шығармаларындағы монологты талда	Мәтін мазмұнын интерпретац иялау	Офлайн
6-апта	М.Омар шығармаларындағы монологты талда	«Кубизм» әдісі	Офлайн
7-апта	Жалпы әлемдік және қазақ әйел жазушылардың тіліне талдау жаса	«Екі жақты күнделік» әдісі	Офлайн
8-апта	Әлемдік әйел жазушыларының тақырыбы мен қазақ әйел жазушыларының шығармаларының тақырыбын салыстыра талдау	«Бес жолды тұжырым» әдісі	Офлайн
9-апта	Р.Мұқанованың шығармаларындағы монологты талда	«Венн диаграммасы»	Офлайн
10-апта	Әлемдік әйел жазушыларының тілі мен қазақ әйел жазушыларының шығармаларының көркемдік тілін салыстыра талдау	«Семантикалық карта» толтыру	Офлайн
11-апта	Гендірлік теңдік тақырыбына талдау	Топтастыру ойындары	Офлайн
12-апта	Әлемдік әйел жазушылары мен қазақ әйел жазушыларының шығармаларының көркемдік тіліне баға беру	Постер қорғау	Офлайн
13-апта	«Әлемдік әйел жазушылары мен қазақ әйел жазушыларын шығармашылықта қолдау үшін қандай қоғамдық мәселені көтерер едің?»	«Кейс-стади» әдісі	Офлайн
14-апта	«Қазақ әйел жазушыларының шығармаларында көркемдік олқылық бар ма?»	«Инсерт» әдісі	Офлайн

15- апта	«Қазақ әйел жазушыларының шығармаларында қандай көркемдік артықшылық бар?»	Тақырыпқа шағын зерттеулер	Офлайн
-------------	--	----------------------------	--------

Аталған оқыту бағдарламасын біз болжалды түрде құрастырып шықтық. Жалпы, тақырыптар әртүрлі бола береді, тек әдістер мен олардың тиімділігі тұрақты нәтижеге жеткізері сөзсіз.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, шығармада автор кейіпкер ретінде келіп те, оқиға ішінде жүріп те монологтың түрлерін көрсете алады. Қазақ әйелдеріне тән құбылыс, монологтары сырбаз, сыршыл келеді. Көпке аша қоймаған, ашыла бермейтін сырларын баяндайды. Қазіргі қазақ әйел жазушыларының шығармаларындағы монологтың қолданысын талдай келе мына жайттарды анықтадық:

- кейіпкердің іштей сөйлеуі арқылы автор белгілі бір оқиғаны, іс-әрекетті бір-бірімен байланыста өрбітіп, айтылар ойды дамытады;

- монологта кейіпкерлердің көңіл-күйі мен ішкі жан дүниесі, толғанысы, тебіренісі баяндалады;

- ішкі монолог пен авторлық баяндауда кейіпкердің қалыптасқан жағдайға байланысты көзқарасы беріледі, т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://qalamger.kz/literature/proza/lira-onys-s-tsiz-segiz-adam/221> «Серіз қадам» Лира Қоныс
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж.
3. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994ж.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997ж.
5. Хализев В. Речь как предмет художественного изображения. – Москва, 1975г.

ӘДЕБИЕТТІ ИНФОГРАФИКА АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Әлиқан Қарлығаш Дүйсенқанқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Qazbilim ұлттық лицейі, Алматы қаласы
ҚазҰҚПУ 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы
Алиева Ж. А.

Андатпа. Инфографика – ақпаратты ұсынудың қысқа, креативті, жинақы графикті түрі. Инфографика пандемия кезінде кең таралды. Ал қазірде танымал әдістердің бірі. ХХІ ғасыр – технологиялар заманы, ақпаратты ұсыну да соған лайық болуы сапасын арттырады. Әдебиет сабағында инфографиканы қолдану әлі де көп зерттелмеген тақырып. Мақаланың негізгі мақсаты инфографика жасаудың жолдары мен инфографика арқылы оқытудың артықшылығын саралау, әдебиет сабағында инфографиканы қолдану туралы зерттеулерді анықтау болды. Бұл мақалада инфографика ұғымының зерттелуі мен қолданылуы, типтері мен жасалу жолдары қарастырылған. Мақалада шетел зерттеулері мен мақалалары талданады. Мақала мектеп мұғалімдері, оның ішінде әдебиет пән мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерге пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер. Инфографика, инфографиканың зерттелуі, оқыту, артықшылықтары, кемшіліктері, әдебиетті инфографика арқылы оқыту.

Кіріспе. Инфографика арқылы оқыту – оқушыға ақпаратты заман талабына сай, қысқа, ықшам түрде жеткізу. Технологияның қарыштап дамуына қарай ақпараттардың да көлемі арту үстінде. Ақпараттарды дер кезінде өңдеп, сұрыптап отырмаса, пайдасынан көрі зиянына тап болады. Ақпараттарды ықшамдап, тиімді ұсынудың бір түрі – инфографика болып табылады [1, 30-б.]. Инфографика латын тіліндегі «informatio» – яғни, хабарлау, түсіндіру, баяндау, грек тіліндегі «графикос» – жазбаша, «графо» – жазу сөзінен шыққан және ақпараттарды, деректерді, білім беруді ұсынудың графикалық әдісі [2, 40-б.]. Инфографика

қоғамдағы түрлі салаларда қолданылуда. Білім саласында ақпаратты ұсынуда тиімді әдістердің бірі. Америка Құрама Штатында инфографикамен айналысатын арнайы мамандар, оқыту курстары бар [3]. Ал қазақ тіліндегі инфографика туралы арнайы зерттеулер көп емес. Бұл зерттеудің өзектілігі болып отыр. Инфографика туралы зерттеулер, инфографиканы қолданудың артықшылықтары мен кемшеліктері, оның ішінде әдебиетте инфографика қолдану туралы еңбектерді анықтау – мақаланың мақсаты.

Негізгі бөлім. *Инфографиканың зерттелуі.* Инфографика ұғымы әлемдік зерттеулерде Ковид-19 пандемия кезінен бастап көбірек зерттелді. Себебі дәл осы кезде инфографика кеңінен таралып, бірнеше салалар инфографиканың көмегіне жүгіне бастады. Мысалы, денсаулық сақтау ұйымдары, бизнес салалары, білім беру ұйымдары, жаңалықтар. Пандемия кезінде Лондон қаласы, Western университетінің ғалымдары инфографиканы ғылыми коммуникацияның құралы ретінде тұрғындардың көзқарастарын анықтап, үлкен зерттеу жұмысын жүргізген [4]. Зерттеудің мақсаты ғылыми ақпараттарды ұсынудағы инфографиканың тиімділігін, инфографикадағы ақпараттың қаншалықты түсінікті екенін, инфографиканы қай салалардың көбірек қолданатынын анықтау болған. Зерттеу әдісі ретінде анкета алу әдісін қолданған. Анкета 29 маңызды сұрақтардан тұрады. Зерттеуге 375 адам қатысқан. Анкета толтыруға 30 минут уақыт берілген. 18-54 жас аралығын қамтыған. Зерттеу нәтижесінде инфографика қолдану аясында жаңалық мақалалар 78 %, теледидар бағдарламалары 43%, әлеуметтік желілер 59%, ғылыми журналдар 51%, басқасы 20% көрсеткен. Ал инфографиканы тиімді, әрі тартымды деп танығандар 76%. Үш себепті көрсеткен. Олар: визуалды ретті мазмұн 59,85%, минималды дизайн 54%, ықшамдалған тақырыптар 49%. Сонымен қатар инфографиканы тартымды санаған 53% себебі ретінде түстердің үйлесімділігі деп көрсеткен. 69% қатысушылар инфографиканы қолдану ғылыми журнал, мақалаларға қарағанда әлеуметтік желілерде қолдану тиімді деп санаған. 72% қатысушы инфографиканы құр сөзбен жазылған мақалалаға қарағанда тиімді деп ойлайды. 17% қатысушы нейтралды көзқарас

білдірген. 75% қатысушы инфографиканы өте сенімді деп тапқан. Ал 65%-ы сенімді білім ресурсы деп ұсынады. Қызығы, зерттеу соңында инфографиканы 74% инстаграмда, 8% фейсбукта, 17% басқа деп көрсеткен. 65% қатысушы жазбаша жазылған мақалаға қарағанда инфографика арқылы есте сақтау оңай, 86% қатысушы ақпаратты түсіну тез деп белгілеген [4]. Бұл зерттеу жұмысынан инфографиканы қолданудың тиімділігі байқалады.

Narmatha, Balasubramaniam (2023a, 2023b), Ibrahim, Alamro (2021), Бекежанова, Құрманбекқызы (2024) еңбектерінде инфографиканың артықшылығына назар аударған. Инфографика – тек қана білім беру мен ақпарат ұсынуда ғана тиімді емес, студенттің ақпаратты талдауы мен сыни ойлауын арттырады [5]. Инфографиканың үлкен артықшылықтарының бірі – визуалды оқытуды жақсартуы. Орта мектептің жоғары сынып оқушылары визуалды көрнекілікті тиімді деп санайды. Инфографика арқылы ақпараттың маңызды бөліктерін тез, әрі оңай түсіндіруге болады. Инфографиканың ақпаратты түсінуді жақсартатынын ғалымдар дәлелдеген [6, 100-б.]. Инфографика дайындау оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытады. Инфографиканы дайындау үшін түрлі сайттар қолданып, дизайнын құрастырады. Сайттар мен программаларды жиі қолдану АКТ құралдарын меңгеруге септігін тигізеді. Сабақты қызықты өтуге, әрі білім алушылардың белсенділігін арттырады. Уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі [7, 911-б.]. Ақпаратты қорыту, анализдеу, синтездеу, өңдеу секілді дағдыларын дамытады [8, 242-б.]. Қорытындылай келе, инфографиканың артықшылықтары оқушының дамуына әсерін тигізетінін көрсетеді.

1.1 Инфографиканың типтері

Инфографиканың типтері: карта, кесте, диаграмма, иерархия, топтау, графика. Қазіргі таңда инфографика түрлері көбейген. Инфографиканың типтері үлкен екі топқа жіктеледі. Олар: 1) Визуалды элементтерді қажет етпейтін инфографика тобы. Мысалы: кесте, диаграмма. 2) Визуалды элементтерді қажет ететін инфографика. Визуалды элементсіз ақпаратты түсіну мүмкін емес инфографиканың түрлері бар. Бұндай инфографика түрлерінде ақпаратты түсіну қиын. Мысалы: латын халықтарының резиденциясын демонстрациялау [3].

2.3 Инфографика жасаудың жоспары

1. Мақсатын анықтау. Бұл инфографика арқылы не жеткізгіңіз келеді? Мақсатыңыз қандай? Бұл сіздің мақсатыңыздан ауытқымауға көмектеседі. Фокусты ұстап тұруға мүмкіндік береді. Әрі мақсат белгіленген болса, сол мақсатқа жетуге септігін тигізеді, инфографика жүйелі шығады. Мақсат анықталмаса, инфографикадағы ақпараттар шашыраңқы болады. Мақсатын анықтау – сапалы инфографиканың бірінші сатысы.

2. Инфографиканың аудиториясын анықтау. Бұл инфографика кімдерге арналған? Инфографикада аудиторияны анықтау өте маңызды. Себебі жас мөлшері мен аудиториясы дизайн мен мазмұнның сәтті шығуын қамтамасыз етеді. Мысалы, асқорытудың бұзылуы тақырыбында 14 жасқа арналған инфографика мен оның ата-анасына арналған инфографиканың айырмасы көп. Ал ата-анасы мен инвесторларға жіберетін инфографика екеуі мүлдем екі бөлек болады [3].

3. Инфографиканың құрылымын жазу. Инфографиканың кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысын анықтау керек және тақырыптар қою қажет. Себебін және салдарын талдау немесе процессті талдау, шешімі, қорытындысын ұсыну секілді бірін таңдау керек. Құрылымы анық инфографика жүйелі, ретті болады. Сондықтан инфографиканың құрылымына мән берген жөн.

4. Ақпараттарды жинау. Инфографиканы жасамас бұрын, тақырыбыңыздың мазмұнын толық біліп алу керек. Ақпараттарды толық түсінгенде ғана мазмұнды инфографика шығады. Мазмұнын толық түсінбесе, ақпараттарды жинамаса, инфографикадағы маңызды ақпараттар қалып қоюы мүмкін. Инфографика маңызды ақпараттарды ықшамдау болғандықтан, мәтіндегі ең маңызды ақпараттармен таныс болу қажет. Маңызды ақпараттарды сұрыптап алғанда, инфографика сенімді бола түседі

5. Көмекші визуалды элементтерді таңдау. Мысалы: кесте, диаграмма, карта, сурет, иерархия, хронология, тірек-сызба. Инфографика жасауда біреуін немесе бірнешеуін таңдауға болады. Көмекші визуалды элементтерді ақпараттың түрлеріне

қарай таңдаған дұрыс. Сәтті таңдалған визуалды элементтер жақсы дизайн шығуына көмектеседі.

6. Инфографиканы жасауға көмектесетін интернет құралдары. Инфографиканы қолдану жылдан-жылға өсіп келе жатқандықтан, оны жасайтын түрлі программалардың да саны артуда. Олар: Canva, Datavisual, Escal.ly, Infogra.am, Lyra, Ryktochart, Plotly, Tableau Public, Visme. Бұл программалар арқылы инфографика жасау жеңіл, әрі сапасы арта түседі.

2.4 Инфографика арқылы оқытуға әдеби шолу (қазақ салымдары)

Бегларова Г., Тажибаева Д. 2024 жылы «Инфографика – ақпаратты визуализациялау арқылы білім беру технологиясы» атты зерттеу мақаласын жазған. Зерттеу мақсаты: Инфографика әдісін «Ағзалар мен жүйелердің патологиялық физиологиясы» пәнін оқытуда қолданудың тиімділігін бағалау. Зерттеу әдісі: сауалнама алу. Зерттеу нәтижесі: қатысушы 132 адамның 81,2 %-ы инфографика әдісін тиімді деп санаған, жоғары ұпай берген. 96%-ы оқыту мазмұны мен практикасы сәйкес келетінін белгілеген [9, 55-б.].

Бекежанова А., Құрманбекқызы Н. 2024 жылы «Болашақ информатика мұғалімдеріне инфографиканы пайдаланып объектіге бағытталған программалауды оқытудың әдістері» атты зерттеу мақаласы жарық көрді. Зерттеуді мақсаты: болашақ информатика мұғалімдерін инфографика арқылы оқытудың тиімділігін зерттеу. Зерттеу әдісі: талдау, жинақтау, қорыту, сауалнама алу, эксперимент. Зерттеу нәтижесі: зерттеу соңында эксперименттік топ бақылау тобына қарағанда жоғары деңгей көрсеткен. Алынған эксперимент нәтижесі инфографика құралдарын пайдалану болашақ информатика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамытудағы оң әсерін анықтаған [8, 246-б.].

2.5 Әдебиетті инфографика арқылы оқыту

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден инфографика арқылы оқыту туралы жаратылыстану пәні мен тіл үйретуде жиі қолданатыны туралы мақалалар көп екені байқалады. Алайда әдебиетті инфографика арқылы оқыту туралы мақалалар сирек кездеседі. Юсупова Л. 2020 жылы «Әдебиетті оқытуда

инфографиканы қолдану: мәселелерді тоқтату» атты мақаласында әдебиет сабағында инфографиканы қолдануға үлгілер келтірген. Үлгіде У.Шекспирдің өмірбаянына хронологиялық кесте инфографикасын қолданған. Мектеп оқулықтарындағы дәстүрлі оқыту мен инфографика арқылы оқытуды салыстыра талдаған [10, 227-б.]. Әдебиетте инфографиканы қолдану туралы басқа мақалалар кездеспеді.

Қорытынды. Мақалада инфографика ұғымы мен оның зерттелуі, жасаудың жолдары, инфографика арқылы оқыту туралы ғалымдардың еңбектері талданды. Инфографика арқылы оқытудың артықшылықтары анықталды. Инфографика жасаудың жоспары айқындалды. Мәліметтерге сүйене отырып, инфографика арқылы оқыту оқушыға тақырыпты оңай түсінуіне, ақпаратты есте ұзақ сақтауға, визуализациялауына мүмкіндік беретіні, тиімділігі анықталды. Әдебиет сабағында тақырыпты түсіндіруге көрнекі құрал ретінде қолдануда ұтымды әдістердің бірі. Зерттеу барысында әдебиет пәнінде инфографиканы миға шабуыл, қорытынды жасау, талқылау, талдау кезінде қолдану тиімді екенін көрсетті. Инфографикадағы түстер үйлесімділігі, жағымды, жағымсыз түстерді қолдану да маңызды екені анықталды. Дегенмен зерттеуде мынандай шектеулер болғанын ескереміз: зерттеу аясы тар болуы, уақыттың жетіспеушілігі. Мақала жазу барысында әдебиетті инфографика арқылы оқыту бойынша әлі де терең зерттеу қажет екені байқалды. Әдебиетті оқытуда инфографиканы қолдану жазушы мен шығарманы оқушыға көрнекі жеткізуге, оңай түсінуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бегімбай Қ., Базарбаева С., Тілеуова Г., Әмірхан Г. Инфографика – ақпаратты ұсынудың заманауи көркем тәсілі ретінде. // Инженерлік Графика және Кәсіби Білім Проблемалары. 2021. 1 (60). – 30-38 б.
2. Фролова М. История возникновения и развития инфографики. // Вестник ПГПУ. Информационные компьютерные технологии образования. 2014. Вып. – 35-145 б.
3. Karl G. Design and Make Infographics (Project-Centered Course). Michigan State University. 2016.
4. Seung H., Rudra K., Junayd S. Perceptions of using infographics for scientific communication on social media for Covid-19 topics: a survey study. // Journal of Communication in Medicine. 2022.

5. Narmatha P., Balasubramaniam M. The infographic method of learning in education. // UGC Care Group I Journal. 2023a.
6. Narmatha P., Balasubramaniam M. Impact of infographic method in teaching among higher secondary school. // UGC Care Group I Journal, 84(07). 2023b. – 98–104 б.
7. Ibrahim U.M., Alamro A.R. Effects of infographics on developing computer knowledge, skills and achievement motivation among hail university students. // International Journal of Instruction, 14(1), 2021. – 907-926 б.
8. Бекежанова А., Құрманбекқызы Н. Болашақ информатика мұғалімдеріне инфографиканы пайдаланып объектіге бағытталған программалауды оқытудың әдістері. // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, 1(85), 2024. – 239-247 б.
9. Бегларова Г., Тажибаева Д., Кабдуалиева Н., Айтбаева Ж., Ерментаева Л., Ниязбекова К. Инфографика – акпаратты визуализациялау арқылы білім беру технологиясы. // Биология и Интегративная Медицина, 2024. – 54-56 б.
10. Юсупова Л. Использование инфографики в преподавании литературы: постановка проблемы. // Сборник Материалов VI (XX) Международной Конференции Молодых Ученых, 2020. – 226-228 ст.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ ӘДІС: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Жұрсынқанова Ж.Ж.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан, Алматы қ.*

Андатпа. Мақалада қазақ әдебиетін концептуалды оқыту әдісінің теориялық негіздері зерделеніп, оның қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану тиімділігі дәлелденеді. Әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан талдау мен өмірмен байланыстыру тәсілдері ұсынылады, бұл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Асуда» бөлімін зерттеу негізінде «Қоғамдық жаңару және ағартушылық» концептісі талданып, әділеттілік, білім және адамгершілік мәселелері қарастырылады. Оқушылар тарихи оқиғалар мен қазіргі қоғам арасындағы байланысты анықтап, Абайдың қоғамдағы өзгерістерге ұмтылысын түсінеді.

Түйін сөздер: концептуалды әдіс, сыни ойлау, әдеби талдау, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе. Әдебиет – жас ұрпақтың рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін маңызды құрал. Балалардың ой-өрісін кеңейтетін шығармаларды мектеп қабырғасында оқығаны абзал. Себебі әдеби шығармалар оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, таным көкжиегін кеңейтеді, сондай-ақ ұлттық құндылық пен тарихи мұраларға деген қызығушылығын арттырады. Бүгінгі ұрпақтың оқу дағдысын қалыптастырып, көркем шығармаларға қалай қызықтыра аламыз?

Ол үшін бүгінгі күні білім берудің трендіне айналған концептуалды оқыту әдісін ұсынар едім. Ол оқушылардың сыни ойлауын дамытып, әдеби шығармаларды терең талдауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттың маңыздылығы көптеген зерттеулерде дәлелденген. Мысалы, когнитивті педагогика саласындағы зерттеулер оқушылардың шығармаларды концептуалды тұрғыдан қарастыруы олардың аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Концептуалды оқыту – білім алушылардың белгілі бір құбылысты тұтас қабылдауына, идеяларды жүйелі түрде байланыстыруына мүмкіндік беретін әдіс.

Қазақ әдебиетін оқытудағы концептуалды тәсілдің басты артықшылықтары қандай?

Біріншіден, оқушылар терең талдау жасайды. Шығармаларды жай мазмұндау емес, олардың мағынасын концептуалды деңгейде түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, оқушылардың сыни ойлауын дамытады. Әдеби шығармалар мен кейіпкерлерге біржақты қарамай, әртүрлі көзқарастар тұрғысынан бағалауға үйретеді.

Үшіншіден, әдебиетті өмірмен байланыстырады. Концептуалды тәсіл арқылы шығармалардың бүгінгі заманмен байланысын табуға мүмкіндік береді.

Концептуалды оқыту әдісінің түп-тамыры когнитивті педагогика мен конструктивизм теорияларына негізделген. Бұл бағыттағы негізгі ғалымдардың бірі – Эрнст фон Глазерсфельд концептуалды оқытуды білім алушылардың өз тәжірибесі арқылы білімді игеруі ретінде қарастырды. Яғни бұл оқушыларға

шығарманың идеясын өз бетінше ашуға, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге, мәтінге өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы әдісті негізге ала отырып, 11-сынып мұғалімдерімен зерттеуді жоспарладық.

Негізгі бөлім. Әділет пен білім – жаңа қоғамның кілті. Зерттеудің мақсаты - М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының «Асуда» бөлімін оқып, **қоғамдық жаңару және ағартушылық концепті** аясында талдау. Қоғамдық жаңарудың негізгі тетіктерін зерттей отырып, әділет пен білімнің жаңа қоғам қалыптастырудағы рөлін түсіну. Тарихи және қазіргі қоғамдағы өзгерістерді салыстыра отырып, әлеуметтік жауапкершілік, әділеттілік және білімнің маңызын терең пайымдау.

Негізгі концепт	Құндылықтар	Ғаламдық мәнмәтін
Қоғамдық жаңару және ағартушылық	Әділеттілік, білім, адамгершілік, жауапкершілік	Сәйкестік пен қарым-қатынас Адам және адамгершілік табиғаты; рухани пайымдау және этикалық ойлау, сана-сезім және парасат
Зерттеу идеясы		
Білім мен тәрбие – жеке өзгерістен қоғамдық өзгеріске апаратын жол.		
Зерттеу сұрақтары		
1) Қандай қоғамды әділетті деп санайсыз? 2) Бүгінгі қоғамдағы қандай мәселелерді шешу қажет? 3) Абай өмір сүрген кездегі негізгі әлеуметтік мәселелер қандай болды? 4) Абай неге жаңа қоғамды аңсады? 5) Абай жаңа қоғамды қалай елестетті? 6) Ол қоғамдағы қандай мәселелермен күресті? 7) Абайдың идеялары бүгінгі күнде қаншалықты өзекті? 8) Қоғамның дамуына білімнің әсері қандай?		
Оқушы қалыптастыратын дағдылар		

Сыни және мәнін түсіну үшін оқу;
 Қорытынды жасау және белгілі тұжырымға келу;
 Оқыту үшін тиімді қорытындылайтын жазбалар жасау;
 Деректерді талдау, салыстыру және өз ойларын дәлелді түрде жеткізу;
 Жалпы ақпаратты интерпретациялау және талдау үшін сыни ойлау дағдыларын пайдалану.

Зерттеуді ұйымдастыру барысында оқушылар «Абай жолы» романының «Асуда» бөлімін оқып, қоғамдық жаңару және ағартушылық концепті аясында талдауы тиіс болды. Оқушыларда терең түсінік қалыптастыру үшін "Абай неге жаңа қоғамды аңсады?" деген сұрақты қойып, оларға өз дәлелдерін келтіруге жағдай жасадық. Сыныпты 4 топқа бөліп, зерттеу жұмысын ұйымдастырдық. Бұл сұраққа жауап беру үшін олар сол кездегі қоғамды, тарихи оқиғаларды, елдің тұрмыс-тіршілігін зерттей отырып, қорытынды жасауы қажет еді. Туындыдан Абайдың әділетсіздікке қарсы күресі, ел басқару ісіндегі қайшылықтар, қараңғылықпен күресі айқын көрінетін үзінділерден мысалдар мен дәлелдер ұсынуы қажет болды.

Зерттеуді қалай ұйымдастырдық? Қандай тәсілдер көмектесті?

Біріншіден, мәселені айқындау маңызды. Бұл кезеңде оқушылар зерттеуге бағыт-бағдар алады. Оқушыларға «Абай неге жаңа қоғамды аңсады?» деген негізгі зерттеу сұрағын қоямыз. Осы сұраққа жауап беру үшін «Қоғамдық жаңару және ағартушылық» концепті аясында ойлау керектігін түсіндіреміз. Оқушылардың алдын ала білімін тексеру үшін шағын пікірталас өткізуге болады. Мысалы, Абай заманындағы негізгі мәселелер қандай болды?

Мәселені айқындағаннан кейін ақпаратты жинау және деректерді зерттеуге көшеміз. Сыныпты 4 топқа бөліп, әр топтың өз зерттеу аспектісін ұсынамыз.

Топ	Зерттеу бағыты	Негізгі зерттеу сұрақтары	Күтілетін нәтиже
1-топ	Білім және ағартушылық	– Абай неге білімге ерекше	Оқушылар Абайдың білімді ұрпақ

	рөлі (Абайдың білімді жастарды тәрбиелеуге деген көзқарасы)	мән берді? – Білімнің қоғамды өзгертуге ықпалы қандай? – Абайдың өз балаларына білім беру туралы шешімі қандай мағына береді?	тәрбиелеу арқылы жаңа қоғам құру идеясын зерттеп, дәлелдер келтіреді.
2-топ	Әділдік пен адамгершілік мәселесі (Парақорлық, билік жүйесінің әділетсіздігі)	– Абай билік құрылымындағы әділетсіздікті қалай сипаттайды? – Қоғамдағы жемқорлық жаңа қоғам құруға қалай кедергі жасайды? – Бүгінгі күні әділдік пен адамгершілік құндылықтары қалай көрінеді?	Оқушылар әділеттілік пен адамгершіліктің жаңа қоғамның негізі екенін түсініп, мысалдар арқылы тұжырым жасайды.
3-топ	Әлеуметтік әділетсіздік пен қоғамдағы қайшылықтар (Ескі жүйенің әділетсіздігі)	– Абай ескі жүйенің әділетсіздігін қалай бейнелейді? – Қоғамдағы қайшылықтар халықтың дамуына қалай әсер етті? – Бұл мәселелер бүгінгі күні қай деңгейде сақталған?	Оқушылар Абай дәуіріндегі және қазіргі қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктерді салыстырып, тарихи сабақ алудың маңызын ашады.
4-топ	Отбасылық құндылықтар	– Абайдың өз балаларына деген	Оқушылар ұрпақ тәрбиесі мен отбасы

	және ұрпақ сабақтастығы (Абайдың балаларына деген көзқарасы, жаңа қоғам құрудағы отбасының рөлі)	көзқарасы қандай? – Жаңа қоғам құруда отбасының орны қандай? – Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар қаншалықты маңызды?	институтының жаңа қоғам қалыптастырудағы рөлін терең түсініп, мысалдармен негіздейді.
--	--	---	---

Оқушыларға зерттеу бағыты мен негізгі зерттеу сұрақтары ұсынылғаннан кейін, деректерді талдау және қорытынды жасауға көшеміз. Әр топ өздеріне берілген үзінділерді талдап, негізгі ойларын анықтайды. Нәтижесінде олар мынадай сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- Бұл үзіндіден Абай қандай ой түйді?
- Бұл оның жаңа қоғам туралы көзқарасын қалай көрсетеді?
- Бүгінгі қоғаммен қандай байланыс бар?

Бұдан кейін әр топ өз зерттеу нәтижелерін **презентация** немесе **постер** түрінде ұсынады. Топ мүшелері өз тұжырымдарын негіздеу үшін романдағы үзінділерден дәлелдер келтіреді. Топтар өз идеяларын қорғап, басқа топтардың сұрақтарына жауап береді.

Бұл цикл зерттеудің құрылымын нақтылап, оқушыларға деректерді жинап, талдап, өз қорытындыларын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде оқушыларымыз төмендегідей қорытындылар ұсынды.

Бірінші топ, берілген үзіндіні мысал ретінде ұсына отырып, төмендегідей тұжырым жасады:

Абай Михайловтың әңгімелерін тыңдап, орыс халқы революция жолында аянбай бірлесіп әрекет ететін ырысты ел екенін ұғады. Сөйтіп досынан «Қараңғыда жатқан қазақ енді не істеу керек» деп сұрайды. Михайлов, қазақтың бір жамандығы шенеунігінің бәрі парақор екенін айта келе, «Ибрагим Кунанбаевич, Қазақ жастары оқып, оқығанын халық арасына жаю керек. Қараңғы сахараға бір шам болса да апарып,

білгенімізді танытуымыз керек» дейді. Абайдың көңіліне бұл сөздер өз ішінен шыққандай боп сезіледі. Ол досына мұсылманша оқуы жеткен Әбіш, Мағаштай ұлдары, Күлбадандай қызы бар екенін, оларды болашақта орыс оқуына беретінін айтады.

Бұл үзіндіде Абай жаңа қоғамды тек ой жүзінде аңсамай, оны жүзеге асыру үшін әрекет ету қажеттігін түсінеді. Ол білім алудың маңызды екенін біліп, өз балаларына сапалы білім беруге шешім қабылдайды. Автор бұл арқылы жаңа қоғам құру үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігін көрсетеді.

Екінші топ, Абай үшін жаңа қоғам – тек оқыған адамдардан емес, әділ, адал және жауапкершілікті сезінетін тұлғалардан тұруы тиіс деген жауапты ұсына отырып, төмендегідей дәлел келтірді:

Ол Тобықты арасы қазір бүлінгенін, елде арыз көбейіп кеткенін хабарлайды. «Ел арасын бүлдіріп отырғандар — болыстар, ел тыныш болса оларға тиын да түспейді. Екі елді бір-біріне айдап салып, ортасынан пара алып өздері семіріп отыр. Осы болыстарды Лосовский екеуіңіз сайламап па едіңіздер» деп жымиып Абайға қарайды. Абай бұл сөзден кейін ел қамқоры болар деп өзі сайлатқан болыстары үшін намыстанып қалады.

Бұл үзіндіде Абай өзі әділетті деп сенген болыстардың да парақор екенін түсініп, жаңа қоғам құру үшін тек білім ғана емес, рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын аңғарады. Ескі жүйенің ең үлкен кемшілігі — жемқорлық. Жаңа қоғам тек біліммен ғана емес, әділдік пен адамгершілік құрылуы тиіс деген тұжырымға келеді.

Үшінші топ берілген үзіндіні ұсына отырып, төмендегідей қорытындыға келеді:

Әзімбай ізінен қалмай: «Абай аға, шүйіншім мұнымен бітпеді, кеше Казансыптың тапсырмасымен әкем Базаралыны ұстатып жіберді» деп аулына қарай шаба жөнеледі. Абай ашуланып: «Өңшең жыртқыш, бөріауыздар! Тағы бір иттікті бастады деші» деп аттанады.

Абайдың «Өңшең жыртқыш, бөріауыздар!» деп ашынуы — оның ел ішіндегі зорлық-зомбылыққа, жемқорлық пен әділетсіздікке төзбейтіндігін білдіреді. Ол бұл жүйенің осылай

жалғаса бермеуі керектігін терең сезініп, жаңаша өзгерістердің қажеттігін ұғына түседі. Бұл оқиға оның жаңа қоғамды аңсау сезімін одан әрі күшейтіп, білім мен әділдіктің орнығуы үшін күресуге деген жігерін арттырады. Осылайша, қазақ қоғамындағы ескі жүйенің әділетсіздігін көрсетіп, Абайдың оны өзгертуге деген ұмтылысын айқындай түседі.

Ал төртінші топ Абайдың жаңа қоғамды аңсауындағы басқа бір қырын талдады.

Төртінші топ Абайдың өз отбасы мен ұрпағына деген көзқарасын, олардың рөлін зерттеді. Олар келесі үзіндіге сүйене отырып, жаңа қоғамды құрудағы ұрпақ сабақтастығының маңызын талдап ұсынды:

"Содан соң Әбіш ұлына қарап: «Әбішім, орысша оқу бастағаның қандай жақсы болған, биыл сені орысша ұзақ оқуға беремін» деп қысып құшақтайды. Әбіш болса: «Құп аға, құп аға» деп қояды. Бұл сөзден кейін Мағаш пен Күлбадан да: «Мен де барам аға, мен де!» дейді. Абай үй алдында балаларының қоршауында тұрып шаттанып күледі. Күлбадан мен Мағаштың беттерінен сүйіп уәде береді. Бұлардың сыртынан қарап тұрған Әйгерім жымысып отау есігін ашады."

Төртінші топтың тұжырымы бойынша: Абай жаңа қоғамды тек өз замандастарының өзгеруі арқылы ғана емес, келер ұрпақтың саналы әрі білімді болуы арқылы құруға болады деп есептейді. Оның балаларын білімге бағыттауы – ағартушылық жолының жалғасы. Бұл үзіндіден жаңа қоғамның тек әділеттілік пен білімге ғана емес, ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық құндылықтарға да негізделуі керектігін көреміз.

Зерттеу соңында барлық топтардың тұжырымдары ортақ талқылауға шығарылды. Оқушылар бір-біріне кері байланыс беріп, стикерлерге өздері алған әсерлерімен бөлісті. Топтық зерттеуден кейін әр оқушының қандай қорытынды жасағанын айқындау мақсатында төмендегі сұрақтың біреуін тандап, эссе жазу ұсынылды.

1) Абайдың идеялары қазіргі қоғамда қаншалықты жүзеге асты?

2) Қазіргі заманда әділетті, білімді қоғам құру үшін қандай қадамдар жасау керек?

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ әдебиетін оқытудағы концептуалды әдіс – оқушылардың сыни ойлауын дамытудың, әдеби шығармаларды терең талдаудың және оларды қазіргі қоғаммен байланыстыра қарастырудың тиімді жолы. Бұл әдіс оқушыларға шығармалардағы астарлы идеяларды ұғынуға, кейіпкерлер әрекетінің себеп-салдарын сараптауға мүмкіндік береді.

Жалпы, концептуалды оқыту әдісі әдебиеттің эстетикалық туынды бола тұра, қоғамды танудың, өткен мен бүгінді сабақтастырып, болашақты болжаудың құралы екенін көрсетеді. Осы тәсіл арқылы оқушылар тек әдебиетті ғана емес, өздерінің қоршаған ортаға, қоғамға деген көзқарасын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуға мүмкіндік алады. Сондықтан бұл әдісті әдебиетті оқытуда кеңінен қолдану – заман талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Эрнст фон Глазерсфельд «Конструктивистский подход к обучению» https://elbib.bsu.by/bitstream/123456789/8189/1/pages%20from%20ph%26ss_2009-3.%2052-60pdf.pdf
2. Лев Выготский «Ойлау және тіл» («Thought and Language»), The MIT Press, 1986 ж.
3. «Концептний метод на уроках литературы» <https://lit.wikireading.ru/47715>
4. М.О. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, II кітап, «Асуда» бөлімі.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИПОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУ МОДЕЛІ

Орал Самат Нұржанұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2-курс магистранты

Қазақ әдебиетін оқыту қазіргі білім беру жүйесінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әдеби шығармаларды оқушыларға тиімді жеткізу, олардың мәтіндік талдау жасау қабілетін арттыру, сондай-ақ көркем шығармалар арқылы оқушылардың эмоционалдық, когнитивтік және мәдени дамуын қамтамасыз ету өзекті міндеттердің қатарына жатады. Алайда, заман ағымына сай оқушылардың назарын аударып, олардың

әдебиетке қызығушылығын ояту барған сайын күрделене түсуде. Бұл мәселені шешудің бір жолы – әдеби шығармаларды оқыту үдерісіне психологиялық типология әдістерін енгізу.

Психологиялық типология кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін талдауда маңызды әдістердің бірі болып табылады. Бұл тәсіл әлемдік әдебиеттану мен педагогикада кеңінен қолданылып келеді. Мәселен, шетел әдебиеті мен мәдениетінде Карл Юнг негізін қалаған психологиялық типология жүйесі кең таралған. Осыған негізделген Майерс-Бриггс тип индикаторы (MBTI) қазіргі таңда ағылшын және кәріс әдебиетінде жиі қолданылуда.

Әлемдік әдеби қауымдастық белгілі бір әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне психологиялық талдау жасап, олардың тұлғалық типтерін анықтауда. Мәселен, www.personality-database.com платформасында Джоан Роулингтің «Гарри Поттер»* романы, Уильям Шекспирдің «Гамлет», Ф. С. Фицджеральдтың «Ұлы Гетсби», Джейн Остиннің «Гордость и предубеждение» сияқты шығармаларындағы кейіпкерлердің психологиялық типтері талданған. Орыс әдебиетінде кейіпкерлерді «кішкентай адам», «жаңа адам», «артық адам», «романтик» сияқты типтерге бөлу дәстүрі қалыптасқан.

Алайда қазақ әдебиетін оқытуда бұл тәсіл жеткілікті деңгейде қолданыла қоймаған. Оқушылар көбінесе кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттауда «жақсы», «ақылды», «зерек», «жауыз», «жомарт», «саран» сияқты қарапайым сын есімдермен шектеледі. Бұл оқушылардың әдеби талдау жасау қабілетін шектеп, шығарманы терең түсінуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан қазақ әдебиетін оқыту барысында психологиялық типология әдісін қолдану өзекті әрі тиімді болмақ.

Қазақ әдебиетін оқытуда психологиялық типология әдістерін енгізу оқушылардың шығарманы терең түсінуіне, кейіпкерлердің іс-әрекетін логикалық тұрғыда талдауына және әдеби талдау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасына Гиппократтың темперамент теориясы мен Карл Юнгтің экстраверсия/интроверсия типологиясын енгізуге болады.

Қазақ әдебиетін оқыту барысында психологиялық типология әдістерін пайдалану оқушылардың шығарманы терең түсінуіне ықпал етеді. Бұл әдістер оқушылардың кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау қабілетін дамытады және әдеби талдауды қызықты әрі интерактивті етеді. Алдымен оқушыларға кейіпкерлерді екі негізгі сипаттама бойынша талдауға үйрету керек.

1. Темперамент түрлері (Гиппократ теориясы)

- Холерик – энергиясы жоғары, эмоциясын ашық білдіретін, жылдам шешім қабылдайтын тұлғалар.

- Сангвиник – көпшіл, оптимистік көзқарасты, адамдармен тез тіл табысатын тұлғалар.

- Флегматик – салмақты, асығыс шешім қабылдамайтын, тұрақтылықты жақсы көретін адамдар.

- Меланхолик – сезімтал, ойшыл, эмоционалды тұрақсыз, жалғыздықты ұнататын тұлғалар.

2. Экстраверт және интроверт (Карл Юнг теориясы)

- Экстраверт – айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты жақсы көретін, көшбасшылыққа ұмтылатын тұлғалар.

- Интроверт – жалғыздықты жақсы көретін, ішкі әлеміне терең бойлайтын, шешім қабылдауда асықпайтын адамдар.

Бұл типологияларды пайдаланып, әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқын тереңірек талдауға мүмкіндік бар.

Әдеби кейіпкерлерді психологиялық типология негізінде оқыту оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс. Әр сыныпқа арналған жоспар келесідей:

1-кесте. 5-9 сыныптарға арналған психологиялық типологияны енгізу жоспары

Сынып	Тақырып	Қолданылатын әдістер	Мақсаты
5-сынып	Кейіпкер мінез-құлқын сипаттау	1. Ойын әдісі (кейіпкер рөлін ойнау) 2. Кластер жасау 3. Темперамент түрлерін түсіндіру	Кейіпкерлерді қарапайым сипаттауға үйрету, олардың мінез-

			құлқын түсінуге көмектесу
6-сынып	Темпераментке негізделген кейіпкер талдауы	1. Төрт темперамент моделімен жұмыс 2. Кейіпкерді темперамент бойынша талдау 3. Жұптық жұмыс (бір-біріне сұрақ қою)	Кейіпкерлерді темперамент түрлері арқылы сараптау, шығарманы тереңірек түсіну
7-сынып	Кейіпкерлердің экстраверт және интроверт екенін анықтау	1.Кейіпкерлерді интроверт/экстраверт ретінде бөлу 2.«Кейіпкер картасы» әдісі 3.Шығармадан дәлел келтіру	Кейіпкерлердің әлеуметтік мінез-құлқын талдауға дағдыландыру
8-сынып	Әдеби кейіпкерлердің психологиялық типологиясы	Дебат (Кейіпкер экстраверт пе, әлде интроверт пе?) 2. Рөлдік ойындар 3.Салыстырмалы талдау	Әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқы мен шешімдерін психологиялық тұрғыдан талдау
9-сынып	Әдебиет және психология: кешенді талдау	1. Жоба әдісі (бір кейіпкерді терең зерттеу) 2.Графикалық модель жасау 3.Пікірталас («Кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан бағалау»)	Әдебиеттің психологиямен байланысын зерттеу, оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамыту

Әдеби шығармаларды талдауда кейіпкерлерді темперамент теориясы және экстраверт/интроверт типологиясы бойынша жіктеуге болады. Келесі кестеде қазақ әдебиетінің көрнекті шығармаларындағы кейіпкерлерді осы тәсілмен талдаудың үлгісі ұсынылған.

2-кесте. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлерді психологиялық типология арқылы талдау мысалы

Шығарма	Кейіпкер	Темперамент (Гиппократ теориясы)	Экстраверт/Интроверт (Юнг теориясы)
«Абай жолы» (М. Әуезов)	Абай	Меланхолик+ сангвиник	Интроверт
«Қараш- қараш оқиғасы» (М. Әуезов)	Бақтығұл	Холерик	Экстраверт
«Ұлпан» (Ғ. Мүсірепов)	Ұлпан	Флегматик+ сангвиник	Экстраверт
«Қамар сұлу» (С. Торайғыров)	Қамар	Меланхолик	Интроверт
«Ботагөз» (С. Мұқанов)	Ботагөз	Холерик	Экстраверт

Қазақ әдебиетін психологиялық типология арқылы оқыту әдісін ресми бағдарламаға енгізу үшін келесі қадамдарды жүзеге асыру қажет:

1. Оқу тапсырмаларына қосу:

- Әдебиет оқулығына «Кейіпкердің психологиялық типін анықтау» тапсырмаларын енгізу.

- «Экстраверт және интроверт кейіпкерлерді салыстырыңыз» деген тапсырмалар беру.

2. Пәнаралық байланыс:

- Әдебиетті психология және әлеуметтану пәндерімен байланыстыру.

- Оқушыларды психологиялық тесттермен таныстырып, оларды кейіпкерлерге қолдану.

3. Шығармашылық тапсырмалар:

- «Кейіпкердің психологиялық картасын» жасау.

- «Егер кейіпкер бүгінгі заманда өмір сүрсе, қандай адам болар еді?» деген эссе жаздыру.

4. Бағалау жүйесіне енгізу:

- Оқушылардың кейіпкерлерді типология бойынша сипаттау қабілетін бағалау.

- Дебат немесе пікірталас ұйымдастырып, оқушылардың аргументтерін бағалау.

Қазақ әдебиетін оқытуда психологиялық типология әдісін қолдану – білім беру саласындағы жаңашылдықтың бірі. Бұл тәсіл оқушылардың әдеби шығармаларды терең түсінуіне, кейіпкерлердің мінез-құлқын психологиялық тұрғыдан талдауына және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Гиппократтың темперамент теориясы мен Карл Юнгтің экстраверт және интроверт типологиясын әдебиет сабақтарына енгізу оқушылардың кейіпкерлерді дәстүрлі тәсілдерден өзгеше зерттеуіне ықпал етеді.

Осы зерттеуде ұсынылған темпераменттерді анықтау, кейіпкерлердің психологиялық портретін жасау, дебаттар мен пікірталастар ұйымдастыру, графикалық модельдер құру сияқты әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады және әдеби талдау дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, бұл тәсіл қазақ әдебиетінің көрнекті шығармаларын жаңа қырынан қарастырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Психологиялық типологияны қазақ әдебиеті бағдарламасына кезең-кезеңімен енгізу 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек. Ерте кезеңде қарапайым мінез-құлық сипаттамаларын талдау арқылы басталып, жоғары сыныптарда кешенді психологиялық зерттеуге ұласуы тиіс. Мұндай тәсіл әдебиетті психология, әлеуметтану және тарихпен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, психологиялық типология әдістерін қазақ әдебиетін оқыту үдерісіне енгізу – пәнді жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі. Бұл әдіс оқушылардың көркем шығармаларды тереңірек талдауына ықпал етіп қана қоймай, олардың сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытады. Сондықтан бұл тәсілді жүйелі түрде қолданып, қазақ әдебиетін оқытуда жаңа педагогикалық технологиялармен ұштастыру маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юнг К. Г. Психологические типы. – М.: Академический проект, 1996. – 624 с.
2. Майерс И., Бриггс К. Gifts Differing: Understanding Personality Type. – Mountain View, CA: Davies-Black Publishing, 1980.
3. Personality Database: Әлемдік әдебиет кейіпкерлерінің психологиялық типологиясы бойынша мәліметтер базасы. – URL: <https://www.personality-database.com> (Қол жетімді: 20.02.2025).
4. Гиппократ. О природе человека // Античная медицина. – Афины: Антикалық әдебиет қоры, IV ғ. б.з.д.
5. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1952. – 4 т.
6. Торайғыров С. Қамар сұлу: роман. – Орынбор: Қазанда басылған, 1914.
7. Мүсірепов Ф. Ұлпан: роман. – Алматы: Жазушы, 1974.
8. Мұқанов С. Ботагөз: роман. – Алматы: Жазушы, 1940.
9. Есенберлин І. Көшпенділер: тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1971.
10. Айтбаева А. Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа әдістер // Қазақстан мектебі. – 2015. – №3. – Б. 45-52.
11. Жұмабаев М. Педагогика. – Қызылорда: Қазақ баспасы, 1923.
12. Кеңесбаев І. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1995.
13. Виготский Л. С. Развитие высших психических функций. – М.: Педагогика, 1983. – 350 с.
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚР БҒМ баспасы, 2023.
15. Сүлейменова Г. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлердің психологиялық бейнесін талдау әдістері // Педагогикалық зерттеулер журналы. – 2018. – №5. – Б. 72-80.

ЖЫРАУЛАР ӘДЕБИЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құрманхан Ақтоғы Рашиддинқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент
Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы
Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада орта мектепте жыраулар әдебиетін оқыту мәселесі жаңартылған білім беру бағдарламасының аясында талданып, білім берудегі негізгі өзгерістер қарастырылады. Жыраулар әдебиетін оқытуды құндылықтарға негізделген білім

беру жобасына сәйкес «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында саралап, әдебиетті оқытудың тиімді жолдары ұсынылады. Мақалада білім беру мазмұнына сәйкес Хандық дәуір әдебиетін оқытудағы өзгерістер, тапсырмалар жүйесі, оқу құралдары қарастырылады. Жыраулар әдебиетін оқыту арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, рухани- адамгершілік құндылықтарға баулу мәселелері талқыланады.

Жыраулар шығармашылығы қоғамның рухани дамуында, адамгершілік құндылықтарды насихаттау мен елді бір ту астына біріктіруде үлкен рөл атқарған. Мақалада жыраулар әдебиетін оқыту орта мектептегі әдебиет пәнінің мазмұнына сәйкес жасалып, оның білім беру жүйесіндегі маңызы мен оқыту әдістері қарастырылады. Жыраулар шығармашылығын оқытуда қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, жалпыадамгершілік құндылықтарға баса назар аударылып, білім берудегі жыраулар әдебиетін оқытудың мақсат-міндеті айқындалады.

Түйін сөздер: Құндылық, ұлттық идея, патриотизм, болмыс.

Кіріспе. Әдебиеттің ұлттық сипаты айқындалып, азат ел ретінде туымызды көтерген ,қазақи салт-санамызды қалыптастырған жыраулар кезеңіндегі ұлттық идеямызды мектеп бағдарламасында оқытудың маңызы зор. Жыраулар әдебиеті Қазақ хандығы қалыптасқан XV ғасырдан бері қарай қазақтың саяси бағытын, ұлттық мұраты мен болмысын танытатын әдебиет. Азаттықты аңсаған халықтың бір тудың астына жиналып, тәуелсіздік үшін күрескен бейнесі жыраулар әдебиетінде айқын көрінеді. Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылық мұрасы әдебиетіміздің «ұлттық» сипатын қалыптастырды.

Жыраулар әдебиеті «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Білім беру жүйесіндегі жаңалықтарға сәйкес мектепте оқылатын пәндердің оқыту бағдарламасына түрлі өзгерістер енгізіліп, сәйкесінше «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы жасалды. Мемлекеттік тілді дамыту және рухани даму мақсаттарын негізге ала отырып әзірленген қазақ әдебиетінің жаңартылған оқу бағдарламасы

бойынша жыраулар әдебиетін оқытуда өзгерістер орын алды [2. 36]. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтетін болсақ:

– Жыраулар әдебиетін 5-сынып пен 9-сынып аралығында оқыту.

Жаңартылған білім беруге дейін жыраулар әдебиеті жалпы орта білім беретін мектептің 8-сыныбында оқытылған болса, білім беруге енгізілген өзгерістерден соң Хандық дәуір әдебиетін 5-сыныптан бастап, 9-сыныпқа дейін оқыту енгізілді. Дәстүрлі білім беруде оқушылар бір оқу жылының бағдарламасында Асан қайғыдан бастап, Бұқар жырауға дейін шолып өтетін. Бұл өз кезегінде оқушылардың жырауларды шатастырып алуы, тақырыптардан тез жалығуы, ұзақ толғауларды есте сақтай беруге қабілеттері жетпейтіндігі сияқты мәселелерді туындатты. Ал жаңартылған білім беруге сәйкес жыраулар әдебиеті «қарайымнан-күрделіге» принципі бойынша топтастырылып, барлық сыныпқа арнап әзірленді.

– Тақырыптар оқушылардың жас ерекшелігіне сай әзірленген.

Жыраулар әдебиеті Қазақ хандығы құрылған сәттен бастап әртүрлі тарихи кезеңде дамыды. Сол себепті жыраулар шығармашылығының көркемдік деңгейлері де әртүрлі болып келеді. Оқушыларға хандық дәуір әдебиетін оқыту барысында осы ерекшелік ескеріліп, игерілуге тиісті білім мен тапсырмалар жүйесі оқушылардың жас ерекшелігіне қарай әзірленген. Мысалы: оқушылар 5-сыныпта Асан қайғы жайлы аңыздарды оқып бастайтын болса, 9-сыныпта Бұқар жыраудың шығармашылығын талдайды. Кіші сыныптардың тақырыптарында оқылуда тиісті ақпараттар көлемі жағынан аз әрі түсінікті болып келеді.

– Оқушыларға арналған тапсырмалар жүйесі толықтырылған.

Дәстүрлі білім беру бойынша бір жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы өте көп мәлімет алынып, артынан оқушылар 2-3 тапсырма орындаған болса бүгінгі білім беруде ақпараттар көлемі азайып, оқушыларға арналған тапсырмалар көбейген. Тіптен оқулық бойынша әр оқылған толғаудан соң 8-10 тапсырма берілген. Сонымен қатар, әр тапсырма әртүрлігімен ерекшеленіп, біреуі тыңдалым екіншісі оқылым сияқты

дағдыларды дамыту үшін жасалған. Тапсырмалар жүйесінде шығармашылыққа негізделген тапсырмалар да жиі кездеседі.

– Жырауларға бөлінетін сағат саны ұлғайған.

Оқу бағдарламасының жаңартылған түрінде әрбір жырауға бөлінетін сағат саны 2 сағаттан бастап, 8 сағат аралығын қамтиды. Мысалы, Асан қайғы тақырыбы 5-сыныпта 5 сағат оқытылса, Ақтамберді жыраудың екі толғауы 8 сағатты қамтыған. Сабақ барысында толғаудың тақырыбы мен идеясы ғана емес, олардың образдар жүйесін, автордың бейнесін, кейіпкерлерін, толғаудағы кездесетін көркемдегіш құралдарын талдап, шығармашылық жұмыспен айналысады.

Жыраулар әдебиетін мектеп бағдарламасында оқытудың мақсаты:

– XV–XVIII ғасырдағы жыраулар әдебиетімен таныстыру, шығармашылық мұраларын зерделеу;

– Жыраулар әдебиетіндегі ел мен жер, адамгершілік тәрбиесімен, терең философиялық-дүниетанымдық көзқарастармен танысу;

– Хандық дәуір кезеңіндегі тарихи оқиғаларды саралау, қоғам бейнесін қалыптастыру;

– Жыраулардың автор ретіндегі бейнесін, толғаудағы кейіпкерлер жүйесін айқындау;

– Жыраулық поэзияның ерекшелігін, көркемдегіш құралдарды қолдану сипатын оқушыларға түсіндіру.

Негізгі бөлім. Еліміздегі жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жыраулар әдебиетінің өкілдері 5-сыныптан бастап, 9-сынып аралығында оқытылатын шығармалар мынадай:

5-сынып бойынша: Асан қайғы, «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

6-сынып бойынша: Доспамбет жырау, «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Ақ Жайық» толғаулары;

7-сынып бойынша: Қазтуған жырау, «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»

Жиембет жырау «Еңсегей бойлы ер Есім»

8-сынып бойынша: Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары;

Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»

9-сынып бойынша: Бұхар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені» толғаулары [1, 24].

Хандық дәуіріндегі жыраулар шығармашылығы тақырыбы бойынша төмендегідей жіктеледі:

–Ел мен жер, Отанды сүю тақырыбы Асан, Доспамбет, Қазтуған шығармашылығында;

–Жауынгерлік рух, патриоттыққа баулу Ақтамберді толғауы мен Нысанбай жырау жырында;

–Адамгершілік, рухани құндылықтар, терең философиялық толғамдар Бұхар жырау мен Ақтамбердіде;

–Басшы мен халық бірлігі турасында Жиенбет, Шалкиіз, Бұхар шығармашылығы негізінде оқытылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту үшін мұғалімге оқу бағдарламасы, мұғалімдерге арналған көмекші құрал және оқулықтың мазмұнымен таныс болуы керек.

Жалпы білім беретін мектептің әдебиетті оқыту бағдарламасы бойынша «Қазақ әдебиеті» пәні екі түрлі кезеңге бөлінді. Хандық дәуір әдебиеті кезеңін оқыту әдебиетінің алғашқы бөлігінде, яғни 5-9 сынып аралығындағы оқытуда қарастырылды. Бұлай кезеңдерге бөлу оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүйеленді. Қазақ әдебиеті пәні бойынша жыраулар әдебиетін оқыту үздік туындыларды оқыту және хронологиялық кезеңді бұзбау принциптеріне негізделі отырып жасалған.

Жыраулар әдебиеті бойынша сабақтар сағаты да жалпы әдебиет сабағының бағдарламасына сәйкес құрылады. Хандық дәуіріндегі әдебиетін оқыту барысында 7 жырау, 10 толғау, 1 аңыз қамтылған. Осыған байланысты жыраулар шығармашылығының тақырыбы мен идеясы да сан алуан түрлі болып келеді.

Хандық дәуір кезеңіндегі әдебиетті оқытудың белгіленген ережелері мен тәсілдері бар. Бұл туралы Қ.Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» әдістемелік құралындағы «Жыраулар әдебиетін оқыту» бөлімінде айтылады, соларға тоқталып өтер болсақ:

–Тарихпен байланыстыра оқыту.

Жыраулар әдебиеті Қазақ хандығы өмір сүрген тарихи кезеңге тура келіп, тарихи маңызы зор мәселелерді көтергендіктен сабақты өту барысында Қазақстан тарихы пәнімен байланыстыра отырып оқытқан жөн. Осы арқылы оқушылар жырау өмір сүрген заман келбетімен таныса отырып, толғаулардың тақырыбы мен идеясын тереңірек түсінетін болады. Жыраулар саяси жағдайларға араласа отырып, хандықтың дамуы мен нығаюына үлесін қосқандығын, хандықтың саяси қызметіне араласқанын әдебиет арқылы көрсете білді. Оқушыларға жырауларды оқыту барысында олардың тарихтағы саяси және әлеуметтік қызметтерін ашып көрсету маңызды болып табылады.

– Толғауларға көркемдік тұрғыдан талдау жасау.

Мектеп бағдарламасы бойынша оқытылатын жыраулар саны көп әрі әртүрлі сыныптарда оқытылатындықтан оқушылар толғауларды шатастырып алуы мүмкін. Толғаудың тақырыбы мен идеясын талдаған соң, оның көркемдік ерекшелігіне тоқталу өте маңызды. Толғауларды көркемдік тұрғыдан талдау арқылы оларды өзара салыстыруға, жыраудың жеке қолтаңбасын көрсететін тұстарын анықтауға, хандық дәуір кезеңіндегі әдебиеттің даму барысына баға бере отырып, әдебиеттегі троп пен фигура үлгілерін талдап, теориялық білімді шындауға да көмектеседі.

– Толғаулардан үзінділер жаттау.

Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, толғауды жан-жақты талдау, жыраудың табиғатын тану үшін толғаудан үзінділер жаттау міндетті болып табылады.

– Жырауларға тән ерекшеліктер мен жыраулық өнер туралы ақпарат беру.

Хандық дәуір әдебиетіне кіріспес бұрын оқушыларға теориялық білім беру маңызды болып табылады. Жыраулардың дана ойларын, философиясын, жырлардың көркемдік ерекшеліктерін, терең ойлы тіркестері мен идеясы туралы оқушыларға ақпарат берілуі керек. Осы арқылы оқушылар жыраулардың ақындардан айырмашылығын түсіне алады. Әр жыраудың өзіне тән ерекшелігі, көтерген тақырыбы, терең философиялық ойлары мен көркемдегіш тәсілдері бар. Жыраулар

табиғаты сөз болғанда осы ерекшеліктерді баса айту маңызды.Жыраулардың өзіне тән ерекшеліктерін тереңдете оқыту үшін әр жыраудың басты өзгешелігін анықтап көрсетуге болады.Мысалы: Асан қайғы шығармалары Қазақ хандығының енді ғана шаңырақ көтерген тұсына тура келіп, ел мен жерге қоныс болар мекен іздеуге қатысты ойлар мен терең философиялық-дидактикалық толғаулар болып келеді.Асанның образы сөз «әулиесі», дала «абызы», халқының қамқоршысы ретінде баяндалады. Доспамбет жыраудың образы жауынгердің образын қалыптастырған, биік арман-мұраттарға құрылған,халықты азаттыққа,бостандыққа шақырған,отаншылдық пен патриотизмге арналған,тілдік ерекшеліктер айқын байқалған,халқы үшін найза алып жауға шапқан батыр ретінде көрінеді.

Ал Қазтуған жырау образы жорық жыршысы,әрі лирик,әрі эпик ретінде көрініп,афоризмдері мен даналық ойлары,терең суреттеу тәсілдері,ұлттық болмысты анық берген тұстары оқыту барысында қамтылуы тиіс.Ақтамберді жыраудың толғаулары жауынгерлікті насихаттай отырып,заманның бейнесін көз алдына алып келетін,терең философиялық толғамдарға құрылған,халыққа адамгершілік пен жақсы қасиеттерді дәріптейді.Ақтамберді образы жауынгер жырау ғана емес, елдің болашағын ойлайтын,халыққа бірлікке шақырған жанашыр жырау ретінде суреттелсе,Бұқар жырау көтерген тақырыптар идеясы жағынан да,өзектілігі жағынан да әралуан болып келеді. Бұқар жырау бейнесі береке мен бірліктің насихатшысы,ханның сенімді серігі,халықтың мұң-зары мен алғысын ханға жеткізуші, халықтың болашағына көз жүгіртіп, халықпен бірге болған жырау болып көрінеді. Жыраулар әдебиетін оқушыларға үйрену барысында әр жыраудың осындай өзіне тән ерекше қасиеттеріне мән беру маңызды болып келеді [3,74].

Қорытынды. Педагогикалық әдебиеттерде мұғалімдерге ұсынылған әдіс-тәсілдер жүйесін топтастырудың шамамен жиырмадан астам тобы бар. Сабаққа қолданылатын әдістер жүйесі оқушылардың жас ерекшелігі мен қабілетіне, мұғалімнің қабілетіне, сабақтың мақсаты пен міндеттеріне сай келуі керек.

Корытындылай келе, жыраулар шығармашылығын оқыту арқылы оқушыларға құндылықтарға негізделген білім беріледі, ұлттық рух, тарих, адамгершілік құндылықтар насихатталады. Жыраулар шығармашылығын оқушылардың жас ерекшелігіне, хронологиялық принципке, тарихи негізге сүйене отырып оқыту арқылы білім алушылардың бойында қазақ халқының мәдени мұрасына, тарихы мен әдебиетіне деген құрметін арттыра аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. –Қ.Р. Білім және ғылым министрлігінің №545, 115 бұйрықтарына қосымша.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» құжаты

3. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Екінші басылым. –Алматы: Мектеп 2003.– 416 б.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ ҚЫЗЫҚТЫРУДЫҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Тлеужан Дана Нұржанқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші. ф.ғ.к., доцент

Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы

Қазақстан, Алматы қ.

Андатпа. Мақалада көркем әдебиеттің тұлға қалыптастыруда атқаратын рөлі, әдеби білім беру бойынша маңызды үш кезеңге сипаттама, әдебиет сабағында оқушылардың көркем шығарманы оқуға құштарлығын арттыратын, ойлантуға арналған әдіс-тәсілдер қарастырылды. Сонымен қатар “оқу мәдениеті” ұғымына түсінік беріліп, тақырып педагогикалық және кітапханалық- ақпараттық қырынан ашылады.

Кілт сөздер: Көркем әдебиет, педагогика, әдіс- тәсіл, сауалнама, диалог.

Кіріспе. Адамды биікке бағыттап шындаушы күш- өнер десек қателеспейміз. Өнердің адамзат мәдениетін қалыптастыруда, адамның пайым- парасатын жетілдіруде алатын орны зор. Суретшінің құралы- бояу, әншінің құралы- үн, бишінің құралы - кимыл болса, әдебиетшінің құралы-тіл. Демек, әдебиет - сөз өнері. Өнердің ішінде ең қастерлісі де- көркем әдебиет. Әдебиет адамға өмір сүруді, белгілі бір жайтқа дұрыс көзқарас қалыптастыруды, тұлға болуда мінез-құлықтың кемелденуіне көмектеседі. Әдеби шығарма өз кезегінде, оқушының ой – қиялына әсер ете отырып, қуаныш, қайғы, таңдану, күйініш, сүйсіну сынды сырлы сезімдерге жетелейді. Бұл көркем шығарманың эстетикалық әсері, оның таным, тәрбиедегі мәні де осыған негізделген. Мектеп оқушыларына көркем шығармаларды оқыту - олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мәдени және адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, сондай- ақ тілін жетілдіруге ықпал етеді. Мұғалім сабақ беру барысында, әдебиеттің өзіне тән заңдылықтары мен ережелерін түсіндіре отырып, оның басқа өнер түрінен айырмашылығын көрсетуі керек. Оқушы көркем туындыны оқу барысында, эстетикалық талғамын дамыта отырып, оны әдеби тұрғыдан сауатты талдай білуге үйрету де әдебиеттің меншігінде. Мектеп бағдарламасы бойынша әдеби білім беру жүйесі үш кезеңнен тұрады. Әрқайсысына тоқталып өтейік:

1-кезең: 1-4-сыныптар аралығы-бұл бастауыш сынып кезеңі, оның негізгі мақсаты - оқушыларды оқу, жазу және мазмұндау дағдыларымен таныстыру болып табылады. Сонымен қатар, бұл кезеңде оқушылардың көркем шығармаларға деген қызығушылығын дамыту басты назарға алынады.

2-кезең: 5-8-сыныптар-бұл кезеңде оқушылар көркем әдебиеттегі сөз өнерінің рөлін, маңыздылығын ұғынуға мүмкіндік алады. Автордың көзқарасын саралап, шығарманың мәнін түсіну маңызды болып табылады. Талдау арқылы оқушылар көркем образ бен кейіпкер арқылы автордың идеяларын анықтауды үйренеді. Олар өз пікірлерін ашық және еркін айтып, қандай шығарманы ұнатқанын немесе ұнатпағанын талқылайды. Бұл кезеңде әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру процесі жүреді.

3-кезең: 9-11-сыныптар-әдебиетті оқыту процесі ауыз әдебиетінен басталып, әдебиет тарихын зерттеумен жалғасады. Оқушыларды көркем шығармаларды өздігінен оқу және талдау дағдыларымен таныстыру, әдебиет тарихы мен сыны, әдебиеттану ғылымы бойынша білім беру мақсатында көркем шындық, өмір шындығы, ақын-жазушылардың стилі, тілі және әдеби әдістер туралы теориялық түсініктер беріледі. Оқушылар өздері таңдаған шығармаларды оқып, сыни тұрғыдан талдау жасауға қабілеттенеді. Ресейлік әдебиеттанушы, педагог Е. Ильиннің пікірінше, [1.105] көркем туындының табиғатын түсінуге жағдай жасау, оқушыларды шығармашылық жұмысқа тарту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту -осы кезеңнің басты міндеттері. Сонымен қатар, әдебиеттану ғылымы мен сынынан тыс қалған тың мәселелерді зерттеп, олардың шешімдерін табуға үйрету де маңызды. [2.7-8]

Негізгі бөлім. Көркем туындыны оқыту негізінен, мұғалімнің қолданатын әдістемесі мен шеберлігіне байланысты. Оқыту процесі өз кезегінде мұғалімнің оқытуы және оқушының оқуы арқылы жүзеге асырылады. Әдіскер-ғалым Қ. Бітібаева әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, түсіндірмелі, эвристикалық, зерттеу әдісі, проблемалық баяндау әдісін атап көрсетеді. [2. 116.] Көркем шығармаға қызықтырудың бірден-бір жолы оқушыны кітап оқу мәдениетіне баулу. Әдетте бұл кітапханашы, мұғалім және оқушының арасында жүретін процесс. Бұл жерде жетекші рөлін мұғалім мен кітапханашы ақылдаса отырып, оқушыларды көркем шығарма оқу әлеміне жетелейді.

Мұғалім- сабақ мақсатын анықтап алғаннан кейін, ол мақсатты жүзеге асырудың да әдіс- тәсілдерін қарастыруы керек. Ол үшін мұғалім әдебиетті оқыту әдістемесін терең біліп, оны сабақтың мақсатына байланысты іріктеп, шебер пайдалана алуы маңызды. Бір жағдайда тиімді болған әдіс- тәсілді басқа жағдайда қолдана алмайсың. Неліктен? Оқушылардың таным белсенділігін ойлау қызметін дамыту барысында оларға өз бетінше рефлексия жасата білуде проблемалық оқытудың орны ерекше. Проблемалық оқыту өз кезегінде, мұғалім оқушыға шешім тудыратын танымдық шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісі арқылы тақырып мәнін ашады.

Ендігі кезекте, әдебиет сабағында оқушылардың көркем шығарманы оқуға құштарлығын арттыратын 4 әдіс- тәсілге тоқталып өткім келеді.

1. “Оқушылар мен мұғалімдер”. Өткізу мақсаты- сабақта үйренген материалды бекіту, пәнге деген қызығушылықты ояту, басқа оқушылармен арадағы татулықты нығайту, тапсырылған жұмысқа жауапкершілік алып үйрету. Мектептегі педагогикалық процесс көбінесе, оқушыны үйрену объектісі ретінде қарастырып, бағынышты рөлде тәрбие беріледі. Мұғалім, тапсырма беріп, бақылап баға қоюмен ғана шектеледі. Мұндай бағытта оқушылардың жауапкершілік алу қасиеті дұрыс дамымай қалуы мүмкін, яғни оқушы пассивті орындаушы рөлінде көрінеді. “Оқушылар мен мұғалімдер” тәсілін сабақ беру барысында рухани- адамгершілік циклдегі тақырыптарға қолдану тиімді.

Өткізу тәсілі: Мұғалім келесі сабақта оқушыларға тақырып бойынша сұрақ- жауап болатынын ескертеді. Тақырыптың көлемді болуы маңызды. Ұстаз сұрақ- жауап жүргізетін 5-6 оқушыны таңдап, оларға “мұғалім” рөлін ұсынады. Оқушы “мұғалімдерге” жазбаша нұсқау беріліп, ауызша түсіндіріледі: “Келесі сабақта 10 минут “мұғалім” ретінде сабақ бересің. Өткен тақырып бойынша сыныптан сұрақ- жауап аласың. Ол үшін сұрақтар құрастыруың керек. Сыныптан бір оқушыны таңдап сұрақ қоясың, ол жауап беру керек.

2. Диалог әдісі. Заманауи тіл мәдениеті монологтан диалогқа өткен. Бұл үрдіс заманауи білім берудің маңызды бөлігі болып табылады. Диалог әдісінің методологиялық негізін ХХ ғасырда М.М. Бахтин жасады. Диалог еркін болуға мүмкіндік береді. Әдебиет сабағында тәрбиелік диалогты қолданудың маңызы зор. Тәрбиелік диалог - мұғалімнің тақырып ұсынуымен логикалық бірізділікте жүзеге асады. Тәрбиелік диалог туралы сөз қозғағанда, келесідей ұйымдастырушылық кезенді есепке алу керек:

- диалогтың қандай да бір бөлігінің жауапсыз қалмауы;
- тәрбиелік диалог уақытпен шектеледі;
- егер оқушы белсенді болмаса, оның тақырып бойынша білімі аз;

- тәрбиелік диалог алдын-ала дайындықты қажет етеді.

2. Қалың және жіңішке сұрақтар әдісі. Аталмыш әдіс балаларға оқығанын түсінуге және мәтін бойынша сұрақ қою қабілетін шыңдайды. “Қалың және жіңішке сұрақтар” кестесі сабақтың басында тақырыпқа терең кірмес бұрын қолданылады. “Жіңішке сұрақтар” репродуктивті мәндегі бір сөздік жауапты талап ететін сұрақтар. “Қалың” сұрақтар оқушыны ойлануға, талдауға жетелеп, қосымша білімді қажет етеді. (1- кесте)

“Жіңішке” репродуктивті сұрақтар	“Қалың” продуктивті сұрақтар
<i>Кім...?</i> <i>Не...?</i> <i>Қашан...?</i> <i>Болды ма...?</i> <i>Бола ма...?</i> <i>Рас па...?</i> <i>Келісесіз бе?</i>	<i>Неге олай болғанын түсіндіріңіз...?</i> <i>Неге бұлай санайсыз...?</i> <i>Айырмашылығы неде...?</i> <i>Егер басқаша болған жағдайда...?</i>

Бұл тәсілді қолданбас бұрын мұғалім балаларға сұрақ деңгейін “жіңішке” сұрақ па, “қалың” сұрақ па анықтап үйрету керек.

3. “Тізбек” сауалнамасы. Мақсаты- оқушылардың білімін тексеру, сұрақ қою қабілетін дамыту, Аталмыш сауалнаманы бақылау кезінде, қорытынды сабақтарда қолдануға болады. Қалай іске асырамыз?

1. Мұғалім өткен бір бөлім бойынша сұрақ құрастыруды тапсырады. Сұрақ 1 минутты қамтитын қысқа жауапты болу керек. Сұрақ саны өтілген тақырыптың көлеміне байланысты болады.

2. Балалар конспект, әдебиетпен жұмыс жасап, жұмыс дәптеріне сұрақтар жазады.

3. Сауалнама. Мұғалім сұрақ ойластыратын оқушының атын атап, есіміне әріп береді. Мысалы, Жұмабекова Т. - б әріпі. Әдетте, бұл сұрақ қоятын оқушыларды бағалау үшін жасалады.

4. Жауап беретін оқушы таңдалып, сұрақты қабылдайтынын немесе қабылдамайтынын айтады. Егер сұрақ қабылданса, оқушы оған жауап береді, қабылданбаса, алдын ала таңдалған “ғылыми сарапшыға” беріледі. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, келесі сұраққа өтуіне болады. Сыныптағы әр балаға

бағын сынау үшін 5 мүмкіндік беріледі. Әр дұрыс сұраққа жауап бергені үшін баға жоғарылайды. “Тізбек” әдісін оқушылар сұрақты сенімді түрде қоя алатындай ғана болса берген дұрыс. Олай болмаған жағдайда, оқушының өз күшіне сеніміне кілтипан келтіреді.

Балалар сұрақ қойып сұраққа тізбек арқылы жауап береді. Бұл әдістің тиімділігі- сауалнамаға бір сынып түгел қатысады. Жүйелі сұрақтардың тууы тақырыпты тереңірек түсінуге көмектеседі. Сауалнаманың бұл түрі алған білімді дамытуға, бекітуге көмектесіп, білім беруді бақылау қызметін жүзеге асырады. [3.16-20]

Оқушыны көркем әдебиетке қызықтырудың педагогика саласында қолданылатын бес әдісін атап өттік. Жоғарыда аталған әдістерді 5-11 сыныптарға қолдану арқылы әдебиет пәнін тереңірек түсінуге жол аша аламыз.

Мектеп кітапханашысы да өз кезегінде әр түрлі іс- шаралар ұйымдастыру арқылы оқушыларды көркем шығарма оқуға баули алады. Ондай іс- шаралардың қатарына: тақырыптық кітап көрмелері, жекелей ақпараттандыру, викториналар, ассоциациялар ойыны көмектеседі. Осылайша, мектеп оқушысына кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға болады.

Оқу мәдениеті дегеніміз - жеке бастың мәдени дәрежесінің бір бөлігі. Оқу мәдениетіне оқырманның жүйелі оқуы, кітап оқуға деген ынтасы, оқу мақсаты, кітапты іріктеп алуда және кітапты жүйелі оқуда игерген шеберліктері, дағдысы яғни осы салада жинақталған білімнің барлық комплексі жатады. Қоғам талаптарына сәйкес кітапхана оқырмандарынан жұмыс жүргізу барысында жеке бастың адамгершілік тұрғысынан дамуын көздейді. Жеке адамның, қоғамның толық құқықты мүшесі ретінде өмір сүруіне қажет қағидаларды, ережелерді рухани байлықтар жүйесін меңгеруіне көмектеседі.

Қорытынды. Оқырмандармен жүргізілетін жеке жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін мынадай үш топқа бөліп қарауға болады. Оқырманның жеке басына байланысты зерттеу жұмыстары, оқырман туралы мәліметтер алу, оқу мақсаты оқу ынтасының мазмұны, оқу жүйесі, кітапханалық - библиографиялық білімді игеру деңгейі т.б.

Оқу мәдениетінің құрамдас бөлімі оқырмандардың оқуға деген қажеттіліктері мен құштарлықтарын қалыптастыру, оқырман бойында күнделікті оқуға деген қажеттілікті қалыптастырып, оқуға деген құмарлықтарын тереңдетіп, жан - жақты дамыту, көркемдік талғамын ұстау т.б.

Оқу мәдениетінің құрамдас бөлігі кітапханалық библиографиялық құралдарды, каталогтар мен карточкалары кітап көрмелерін т.б. оқырманның өз бетінше еркін пайдалануға мүмкіндіктер беретін және тиімді оқу жолдарын көрсететін тәсілдерді үйрету.

Оқушыларды көркем шығарма оқуға қызықтыру кітап оқу дағдысымен тікелей байланысты. Аталмыш тақырып, білім беру тұрғысынан да кітапханалық бағытта да терең қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ильин Е.Н. Как увлечь книгой. (Учитель – учителю). – С-Пб.,1995.- 259 с.
2. Бітібаева Қ.Әдебиетті оқыту әдістемесі. 2-бас. Алматы: Қазақ университеті, 2019.-268 б.
3. Лукашенко Ж.В. Формирование духовно-нравственных ценностей у школьников на уроках и во внеурочной деятельности (из опыта работы учителя). – Смоленск, 2013.- 260с.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сералиева Айжан Исанкожаевна

Алматы қаласы, Түрксіб ауданы

№211 мектеп-гимназияның

Бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Жастарға ұлттық тәрбие беруде Жамбыл шығармашылығының да маңызы өте зор. Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек

ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Түйін сөздер: Халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз, рухани құндылықтар.

Кіріспе. ХХІ ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интеллектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет. Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, халықтық болмысты алдыңғы орынға қоюдамыз. Мұндағы көзделетін мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халықтық дәстүрмен тәрбиелеп, ұлттық асыл асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Қазақ педагогикасының тарихында «ұлттық тәрбие» ұғымын тұңғыш енгізген ұлы ағартушы, педагог Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі, әр ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп ұстаздар мен тәрбиешілерге биік талап қойған [1].

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесіне сол ұлттық рухани құндылықтарды ендіріп, бүкіл қазақ халқының, әсіресе жас ұрпақ пен жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру қажет. Өйткені, ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни-наным сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жинағы.

Сондықтан ұлттық тәрбиенің қажеттігі - ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен тәрбиелеу арқылы санасына сіңіруді қажет етеді.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Жамбыл шығармашылығының да маңызы өте зор. Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын.

Негізгі бөлім. Ұлы Отан соғысының тақырыбына арнап Жамбыл Жабаев үш мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда ақын жырларының тарихи маңызы зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жамбыл Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленинград қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жамбыл жырының күші қандай болғандығы туралы орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинград қаласының аса бір ауыр шағы еді. Осындай ауыр кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне

әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздеріне жастары сорғалаған талай адамды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, адамдар тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім» – деп жазады [2, 29-306б.].

Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын жоғарыда айтылған естеліктерден айқын аңғаруға болады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым болды. Жауынгерлердің қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім! [3,109б.].

Жамбылдың соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерде байланысты туды. Сталинград қаласына қауіп-қатер төнгенде, Жамбыл атақты «Алынбас қамал» деген жырын шығарды. Сталинградты қорғаушылардың ішінде Жамбылдың ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Ту дивизиясының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жамбыл жырлаған сұраншы, Саурық

батырлардың ұрпағы сияқты Жамбылдың ұлы Алғадайда соғыста ерекше ерлікпен қаза тапқан.

Баласының ерлігіне сүйсінген Жамбыл «Алынбас қамалында», Алғадай туралы былай дейді:

Жапырған жауды шалғындай,

Жібердім сонда баламды,

Сталинград қалаңда!

Қорғас деп жүрек жанындай!

– Алғадай, – дедім – аянба!

Әкеден тудың Жамбылдай,

Жырымды жеткіз ерлерге.

Майданға қаққан дабылдай,

Толқыны жойқын Еділге,

Қосылсын үнім дауылдай! [2,476.].

Қазақ әдебиетнің классигі, көркем сөздің құдіреті Ғабит Мүсірепов «Феномен-Феникс» деген толғауында былай дейді:

«Таң қаларлық бір нәрсе – өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында күн барына шәктенген емес. Қылыш астында қыл арқан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса, қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынның барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола басатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен» [4,137б.].

Алып ақынның ағыл-тегіл төкпе жырының көркемдік кестесінің өрнегін, бояуын сипаттауға сөз жетпей, Жәкең өзі айтқандай, «қиналған жеріміз сол болады» деп айтқан екен.

Алаштың көрнекті өкілі Тұрар Рысқұловтың: «Жамбыл қай заманда болса да шындықты батыл айта білді. Сол үшін халқы оны жақсы көреді» деген пікірі көкейге қонымды айтылған [5,366.].

Әлдебір сыңар езулердің «большевиктерді» жырлаған өлеңдерінің көркемдік мәні жоқ деп білгішсінуі бекершілік. Ол төңкеріске дейінгі елдің халын өз көзімен көрді. Енді жаңа замандағы жаңа өмір, тұрмысты сонымен, ақындық көзбен салыстырды. Сол заманға сай екпінді, тасқынды жыр керек болды. Жамбыл жырлары бізді осы күнге жетелеп жеткізді.

Сондықтан өткен өмір жолымыз жақсы болсын, жаман болсын оған топырақ шашуға қақымыз жоқ. Тарих тегерішін ары-бері тартып жамап-жасқап, жөндеуге болмайды. Жамбыл мен оның заманы, уақыты туралы даналар айтқан сөзге ден қоялық.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Жамбыл – біздің ұлы заманымыздың жоғары сапалы, көркем саяси поэзиясын жасаушы» деп, бағалауы әлгі сынықты сылтау еткен сыншының аузына қойылар қақпақ деп айтар едік [4,137б.].

Жыр тасқынын селдеткен Жамбылдың ақындық рухына бас иген француз халқының ұлы перзенті, жазушы Роман Роллан: «Жаңа адамзаттың жыршысы» деп бүкіл әлемге паш етті.

Бір ғана 1941 жылы шығарған «Ленинградтық өренім» атты өлең аштық пен ауыр сында ажал аузында қалған қаншама адамға күш-қуат беріп, жігерлендірді. Кезінде бұл өлең тек Ленинградты бүкіл адамзаттың болашағын қорғау жолындағы халық қаһарындай айбарлы естілді. Озық ойлы орыстың қолбасшылары мен жазушылары, қарапайым ленинградтықтар оны көздерінен жастары моншақтап отырып, тебірене еске алады.

Ғалым Қаныш Сәтбаев: «Жамбыл дарынының күдіреттілігі сол, ол бірден адамды өзіне тартып алады да, соңынан жетелеп жүре береді» деген пікірі жоғарыдағы ойымызды құптай түседі [5,366.].

Әуезовше айтқанда, «қияннан қырға салған қырандай» ақын қиялы асқақ еді. Атағы әлемге танымал жазушы Шыңғыс Айтматов: «Жамбыл XX ғасырымыздың аса әйгілі ақыны, шын мәнінде аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де асқақ үні бір ғана қазақ халқының ғана емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр» деп жазады [4,138б.].

Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жамбыл Жабаеттың төңкерістен кейінгі жырларын халық революция әнұраны» ретінде бағаланғанын айтады.

Әлемдегі барлық халықтың жүрегіне нұр болып құйылған Жамбыл жырларын орыс ақындары П.Кузнецов, К.Алтайский, М.Тарловский, М.Исаковский, белорус М.Бажан және көптеген ұлттың талантты тәржімәшілері өз тілдеріне аударды.

Орыс жазушысы Михаил Шолохов: «Жамбыл, сіздің құдіретті дарыныңызға бас иіп, сіздің жырларыңыздан тапқан қуанышым үшін шын жүректен алғыс айтамын» деп ағынан жарылыпты [5,846].

Орыс әдебиетінің, мәдениетінің бұрынғы да, кейінгі де өкілдері қазақ халқының ақындық, шешендік, саздық өнерге өте бай екенін әр уақытты, әр замандарда ағынан жарыла, таңдай қағып, таңдана жазғаны мәлім. Оған Тұранда бұрын-сонды өткен атақ даңқы дүрияға жайылған ақындар, әншілер, манасшылар, шайырлардың шығармалары куә.

Орыс жазушысы Николай Тихоновтың да Жамбыл туралы айтқан пікірін келтіргенді жөн көрдік: «Жамбыл өз халқының арнамысы, үні, жүрегі және ақиқат шындығы болды. Ол халық пен поэзия сықылды мәңгі жасай береді» [5,1726.].

Қазақ даласында «жел сөзді не қыламын сізден аяп» деп желіп өткен, домбырасын қолға алғанда ағызып ала жөнелетін жыр дүлдүлдері Асанқайғы, Шалкиіз, Бұқар, Шөже, Майкөт, Құлмамбеттің көшін жас Жамбыл жалғастырды.

Кейін тоқсаннан асқан Жамбыл бастаған көшке Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Орынбай, Омар, Доскен, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Нұржан, Саяділ сынды тарландар ерді. Олар халық ауыз әдебиетін жаңаша дамытты. Олардың ішіндегі ең жрқын үлгісі – жасампазы Жамбыл болды. Сан ғасырға тамыр жайған халық ауыз әдебиетінің алыбы.

Ғалым Әлкей Марғұлан: «Жамбыл халықтың не заман аңсаған арманын Алатаудың тасқын суындай тасыта жырлады. Ол жыр айтқанда шырқау көкке самғаған қыранды еске түсіреді» дейді [5,2066.].

Міне, даңқты қазақ поэзиясының жыр алыбы – Жамбылдың да туғанына жүз сексен жыл толып отыр. Қанша жыл өтсе де жас ұрпақ Жамбылдың ұлы есімін жадында сақтап, өлең-жырларын жаттап өсіп келеді. Жамбылдың ән-жыры әр қазақтың жүрегінде, өйткені ұлы ақын – өз халқының алып мәуелі бәйтерегінің бір бұтағы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа

арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын.

Қорытынды. Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Өз ұлтының мақтанышы болған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - дейді.

Бұл айтылған ойдың астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр. Ұлт болу үшін, елдігіңді сақтау үшін, елінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, елінің тілін, ділін жас ұрпақтың бойына жан-жақты ұлттық тәрбиенің қайнар көздері арқылы тәрбиелеу баршамыздың парызымыз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбесі. – Алматы, 1995
2. Жұмаділов Қ. Жыр алыбы. – Алматы: «Жазушы», 1971
3. Жабаев Ж. Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрастырған: Садырбаев С. – Алматы: Мектеп, 1989
4. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 1998
5. Садырбаев С. Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. – Алматы: «Мектеп», 1989

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тасирова Сауле Турсынжановна

Алматы қаласы, Түрксіб ауданы

№211 мектеп-гимназияның

Бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді. Абай шығармаларындағы жеке тұлға мәселесі және рухани құндылықтар айқындалады. Абай қара сөздерінің мәні мен маңызын сараланып, ақын өлеңдеріне талдау жасалады.

Кілт сөздер: Толық адам, жетілген адам, үш сүю, бес асыл іс, бес дұшпан, рухани құндылықтар.

Кіріспе. Абай поэзиясы – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі имамы, санасындағы ұжданы болып қала бермек.

Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады.

Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған. Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам? Бұл сұраққа ұлт ұстазының мына бір өлең жолдарынан-ақ жауап таба аламыз:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық –
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [1,76].

Абай айтып о тырған «толық адам» тәрбиелі, адамгершілігі мол, имандылық қасиеттерді бойына жиған, «бес асыл істі» жолдас қылып, «бес дұшпаннан» безген жан. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» жаны сұлу адам.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1,148]

- деген адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын ақын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» деп толықтырып, тереңдете түседі [2].

Ал он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет» деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол»[2] деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде жатқан сияқты.

Абай мұрасындағы «толық адам» жайлы ақындық пікірді жетілдіре, дамыта түсетін «үш сүю» ұғымы жайында «Ұлы ақын нағыз адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап та береді. Абай поэзиясын тақырып-

тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастырсақ үш баға жетпес асыл қазыналарды бөліп алуға болар еді», - дейді белгілі әдіскер, ғалым Қ.Бітібаева [3,37].

Ақын ұғымындағы «үш сүю» мына өлең жолдарынан байқалады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және сүй хақ жолы деп әділетті [1,178].

Адамға деген, адамзатты жаратушы Аллаға деген және иманы бар, жүрегі таза жанның жолы - әділетке деген сүйіспеншілікті кемелділіктің басты шарты деп танып:

Адамды сүй, Алланың хикметін сүй,

Не қызық бар өмірде онан басқа?!, - деген Абай тәрбие берудің тиімді тәсілінің бірі адам бойына имандылықты, қайырымдылық пен адалдықты сіңіру екендігін айтып отыр.

Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Абайдағы толық адамның дәстүрлі таным екендігін бекіте түседі. Әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай әл-Фарабидегі кемелділікті толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті сүю ретінде танытады.

Негізгі бөлім. Толық адам жөніндегі ақын пікірлерінің кейбір жақтары шығу төркіні жағынан шығыс ойшылдарымен іліктес жатса да, Абай оны өз заманы талабына қарай сыншыл ақыл тұрғысынан екшеп, өзінше қорытып, өзіндік ой-пікірге айналдырып жіберген. Ақынның осы бір даналығы мен шеберлігін М.Әуезов «...өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп, өзіндік етіп алады» [4], - деп әділ бағалаған.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады.

Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.

Ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады. Мысалы, «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде:

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,

Иілтiп екі басын ұстаған хақ.

Имек жолда тиянақ жоқ, тегістік жоқ.

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ [1,35].

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр.

Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

...Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.

Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз[1,30].

Ақын адамдағы қиянатшыл қаупін көп айтады. Оның ойынша, барлық кеселді қасиеттердің шығар көзі де, өсіп, өрбіп, ұлғая жетер жері де – осы қиянатшылдық. Ақын *«әуелі көкіректі тазалау керек»* дегенде, адам ең алдымен осы қиянатшылдықтан аман болса екен дейді.

Көкіректе қаяу жоқ, қиянат жоқ,

Қажымас, қайта айнымас, қайран тату.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары әжептәуір жүйеленіп, тиянақтала түседі.

Абайға дейін поэзияда адам мәселесі жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, жақсы-жаман қасиеттері – бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты. Ал, Абай ең басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, адами

қасиеттерін алды. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті – орасан. Адам - өмірдің қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, Абай осы адамды түсіну мен адамды тану міндетін ерекше саралайды.

Абай Адамның – танылуы қиын жұмбақ деп біледі. Абай түсінігінде, адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде [5].

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға. Осы екеуі біріге келіп, тән мен жанның, тән азабы мен жан азабының арақатынасын құрайды.

Ауырмай тәнім,

Ауырды жаным,

Қаңғыртты, қысты басымды.

Тарылды көкірек,

Қысылды жүрек,

Ағызды сығып жасымды, - деген Абай тән азабы мен жан азабын қатар алып, жан күйзелісінің ауыр екенін жай ғана айтпайды. Тән күйзелісі сыртқы денені ғана ауыртады. Адам үшін одан әлдеқайда қиыны – жан ауруы. Жан «жылы жүректі» адамды қинайды, азапқа салады. Сол себепті де Абайдың «жүрегі қырық жамау», «сол себепті де ақын «жүрегінің түбіне терең бойлауға» шақырады. Ұлы ойшыл адамды өмірге текке келмеген жан, ол өз тағдырына өзі қожа бола алатын, қоғамға керек тұлға деп таниды. Өмірде өз орнын тауып, пайда келтіретін – саналы адам, толымды адам.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [1, 75]-

деп толғанған ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды.

Жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Бұл Абайдың толық адам туралы ілімінің ұлттық сипатымызды, халқымызға тән ерекше қасиеттерімізді сақтап, қазақты қазақ етіп танытатын, ел ертеңі болар ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын анық көрсетіп, айқындап тұрған пікір.

Қорытынды. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі «жетілген адам» - ең алдымен иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»* деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені анық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бастау бұлағындай болып көрінетін діни тәрбиенің маңызын ашып көрсете білген Абай мұрасы адам тәрбиесіндегі негізгі бағытты да анық сілтеп тұрғандай.

Ізгілікті уағыздап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам тәрбиесі жайында өлмес сөз қалдырған ұлы Абайдың өзін нағыз «толық адам» десек болғандай.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!, -

деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай - өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие, ұрпаққа үлгі етерлік тұлға.

Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы толық адам ілімі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы, жаһандануға жұтылып кетпеуі сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндеттіміз деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым. – Алматы, 1995
2. Абай қара сөздері. Поэмалар. – Алматы, 1993
3. Абайдың тәлімгерлік тағылымы. – Алматы, 1996
4. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы, 1997.
5. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы, 1993

ИНКЛЮЗИВ БАЛАЛАРҒА ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Жилькельдиева Гүлден

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

филология факультетінің 1-курс докторанты

Кіріспе. Инклюзивті білім беру - оқушылар мен мұғалімдер ортақ мақсатпен жұмыс істейтін, барлық балалар үшін тиімді және сапалы білім беру көзделген жаңа жүйе. Даму ерекшеліктері бар бала өзін толыққанды оқушы ретінде сезінуі үшін және сонымен бірге сыныптастарының оқу сапасы зардап шекпеуі үшін инклюзивті сыныпта оқытуды қалай жүзеге асыруға болатындығы талқыланады. Бұл тапсырманы іске асыру жаңа технологияларды қажет етеді, өйткені әр баланың өзіндік білім беру қажеттіліктері мен қабілеттері бар. Қазіргі заманғы интерактивті оқыту технологиялары осындай мүмкіндіктерге ие. Олар әртүрлі қабілеттері мен мүмкіндіктері бар, соның ішінде жеңіл дәрежелі ақыл – ой кемістігі бар балаларды сапалы оқытуға мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту - бұл барлық балалар таным процесіне қосылатын, әрқайсысы өзінің жеке үлесін қосатын, білім,

идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмастын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы түрі [1].

Бұл жұмыс инклюзивті оқыту процесінде жалпы білім беретін мектептің 7 - сыныптарындағы әдебиет сабақтарында жеңіл дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен жұмыс істеудің интерактивті әдістерін қарастырады.

М.С. Певзнер, В. И. Лубовский "Дұрыс ұйымдастырылған түзету жаттығулары мен тәрбие сабақтары осы балалардың даму деңгейінің едәуір артуына әкеледі" деп атап өтті [2]. Мұндай оқытуды ұйымдастыруға әдебиет сабақтарында сәтті қолдануға болатын интерактивті технологиялар көмектеседі. Интерактивті оқытудың әртүрлі технологиялары бар. «Жұптасу».

Д.Митчелл өзара (жұптық) оқытуды мектептегі жетекші инклюзивті білім беру технологияларының бірі ретінде көрсетеді. Бұл бір оқушы екіншісіне мұғалімнің бақылауымен сабақ береді. Әдетте күшті оқушы әлсіз оқушыға сабақ береді, ал мұғалім рөлін атқаратын оқушылар да өзін-өзі оқыту, бақылау және бағалау дағдылары қалыптасады. Бұл өз кезегінде оқушының оқу іс-әрекетін дамытудың шарты болып табылады. Сонымен бірге, оқушының рөлін атқаратын бала құрдасымен бірлесіп жұмыс жасау барысында қиындықтарды жеңу тәжірибесін алады және қажетті оқу материалын игереді. [3].

7-сыныптағы әдебиет сабағында жұпта жұмыс істеудің мысалы.

Тақырыбы: М. Өуезовтың «Көксерек» әңгімесіндегі бейтаныс лексикамен жұмыс.

Дала тағысы, жыртқыш, қатыгез, табиғат перзенті, итаяқ, арлан, көк сасыр, қараған, шашау, зады, тірсек, қырыс, қорқау.

Мұғалім:

- Әңгіменің мәтінімен таныстыңдар. Ондағы барлық сөздер сізге түсінікті ме?

- Мен сендерге жұппен жұмыс істеуді ұсынамын. Парақтарда сөздер мен сөз тіркестері берілген. Қарама-қарсы бағанда олардың мәндері берілген. Сөз бен мағынаны сызықпен қосу арқылы сәйкестіктерді орнатыңыз.

Дайын тапсырманы тексеру (экранда: сөздерді түсіндіру)

- Бірінші сөзді оқысақ. Бұл нені білдіреді?

Дала тағысы – қасқыр, көкбөрі. Жыртқыш - өзге жан-жануарлардың етімен қоректенетін азулы аңдар мен тегеуірінді құстар. Сасыр - шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер . Зады - арғы тегі ата бабасы ұрпағы деген мағынада қолданылған. Итаяқ - итке тамақ беретін ыдыс. Арлан - қасқырдың еркегі. Тірсек - Жан-жануардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп-жазылуына қажетті сіңір; қылтаның жоғарғы тұсы.

Топтық оқыту технологиялары

Топтық жұмыс-бұл мұғалімнің жалпы және нақты тапсырмаларында жұмыс істейтін әр түрлі топтардың жұмыс істеуін көздейтін, оқушылар арасындағы келісілген өзара әрекеттесуді, өзара жауапкершілік пен ынтымақтастық қатынастарын ынталандыратын сабақта оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың бір түрі [4]. Топтың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін. Сіз 4-6 адамнан тұратын топ ұйымдастыра аласыз. Мұндай топ Кіші деп аталады. Шағын топтарда ақыл-ой кемістігі бар оқушылар өздерін ыңғайлы сезінеді, белсенділік танытатын болады. Бұл санаттағы оқушылар көбінесе көпшілік алдында сөйлей алмайды және өз ойларын бүкіл сыныппен мұғалімнің алдында дауыстап айта алмайды, бірақ топта ол белсенді позицияға ие бола алады. Барлық ұсынылған сұрақтар мен тапсырмаларды талқылай алады.

Шағын топтарда жұмыс істеу әдістері. "Идеялар шеңбері". Шағын топтар өз тапсырмаларын орындап, ақпаратты жеткізуге дайын болған кезде, олардың әрқайсысы мәселенің бір жағын ғана айтады. Әрі қарай, шеңбер бойымен жүре отырып, мұғалім барлық идеялар таусылғанша кезек-кезек барлық топтардан сұхбат алады. Бұл әр топқа өз жұмысының нәтижелері туралы айтуға мүмкіндік береді. Сыныпты мұғалім топтарға бөледі, ал топтардағы рөлдерді балалар өздері бөле алады (жұмысты ұйымдастырушы, спикер, бақылаушы, "уақытты сақтаушы"). 5-6 адамнан тұратын 4 топ шығады. Оқушылар оқиғаны алдын ала оқиды. Осы жерде М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін алатын болсақ. Әр топқа шығарманың мәтіні және жазылған парақ беріледі. Барлығы 4 мәселе тұжырымдалған:

1.Әңгіменің басты идеясы. 2.Құрмаштың бөлтірікті асырап алуы дұрыс па? 3. Қасқыр үй жануары бола ала ма? 4.Әңгімедегі саған ұнамсыз болған кейіпкер кім?

Мәселені талқылауға 5-6 минут беріледі. Жауабын паракқа жазады. Содан кейін спикерлер айтатын ең жақсы нұсқалар таңдап алынады. Жалпы топтық талқылау - бұл "Микрофон" технологиясы арқылы жүзеге асады. Ол әр оқушыға өз пікірін немесе ұстанымын кезекпен айтуға мүмкіндік береді. Бұл жаттығуды ұйымдастыру үшін сіз бүкіл сыныпқа сұрақ қойып, импровизацияланған микрофон ұсынуыңыз керек. Оқушылар оны кезекпен сөйлей отырып, қолдарынан қолына беруі керек.Бұл әдісті 7-сыныптағы әдебиет сабағының мысалында қарастырамыз. М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі аясында алдық. Мұғалім сұрақтар қояды:- Оқиғаның басты кейіпкерлері кімдер?- Автор неліктен бұл әңгімені жазды деп ойлайсың?- Оқиға қай уақытта болған? - Кейіпкердің мінезі қандай?

Рөлдік ойын. Рөлдік ойын - бұл әр оқушы оқиғаларға қатысушы ретінде қатысатын, мұғалім мен сыныптастарының алдында ішкі қорқынышты жеңуге мүмкіндік беретін тәсіл. Оқушылардың шығармашылық тобы сынып назарына үш әңгіме ұсынады. Рөлдік ойындарды ұйымдастырған кезде алдымен оқушылар шешетін тақырып пен негізгі сұрақты таңдау керек, содан кейін сценарийді әзірлеп, сыныпта зияткерлік кемістігі бар оқушылардың болуын ескере отырып, рөлдерді бөлу керек.

Зерттеу жұмысы Алматы қаласы Бостандық ауданына қарасты № 145 жалпы білім беретін орта мектептің 7 б сынып оқушыларымен өтті. Сыныпта инклюзивті білім алатын 2 оқушы болды. Бірінші оқушының диагнозы - жеңіл дәрежелі ақыл – ой кемістігі және сөйлеу қабілетінің үшінші деңгейлі жетілмеуі. Екінші оқушының диагнозы – жеңіл түрдегі ақыл-ой кемістігі және аграмматикалық дисграфия. Оқу бағдарламасына сәйкес 24.01.2025 жылы М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін өттік. Интерактивті әдіс – тәсілдер қолданылды.

Зерттеу жұмысымыздың қорытынды нәтижелері мен жинақталған тәжірибе бізге келесі әдістемелік нұсқау – ұсыныстарды жасақтауға негіз болды:

1. Ең алдымен «Көксерек» фильмінен үзінді көрдік. Яғни жаңа ақпаратпен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту, бағыттау; тақырыпқа қатысты бар білімді сенімді түрде ұсыну; білім алушылардың өзара түсіністікпен, шиеленіссіз пікір алмасуын қамтамасыз ететін жағымды психологиялық орта құру. Әңгімені дауыстап оқып алдық.

2. Әңгіменің мазмұнын ұғыну кезеңінде мағынасы таныс емес сөздерге түсінік беруден бастадық. Яғни тақырып бойынша жаңа ақпарат алу. «Жұптасу» тәсілі арқылы сөздердің мағынасын тапты. Инклюзив баламен жұптасқан сау бала ақылдаса отырып, тапсырманы орындады. Топтық ойындар кезеңінде кіші топтарға (4-6) оқушыдан құрылғандықтан, инклюзив оқушының да даусы естілді. Сабаққа араласып отырды. «Микрофон» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты сұрақ қойған кезде инклюзив оқушының бірі өз ойын тұжырымдап жеткізе алды. Ал, екіншісі алдыңғы оқушыны қайталады. Дегенмен де даусын естідік.

3. Түрлі әдіс тәсілдер арқылы сабақты түсіндіргендіктен, инклюзив балалар сабаққа дені сау балалармен бірдей дәрежеде қатысты. Оқушылар бір бірімен әсіресе кіші топқа бөлініп тапсырма орындаған кезеңде жарысу, талпыну, жеңіске жетуге деген әрекеттері бағалауға тұрарлық.

Инклюзивті сыныпта балалардың жетістіктерін бағалау кезінде олардың даму деңгейіне және жеке мүмкіндіктеріне қарай әдістер қолдану қажет. Бұл бағалау тек білім нәтижелері бойынша емес, сонымен қатар олардың танымдық үдерісін белсендіруге, өзін-өзі бағалауды жақсартуға және оқу мотивациясын арттыруға бағытталған болуы керек.

Қорытынды. Инклюзивті білім беру аясында әдебиет сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың маңыздылығын тағы да атап өткім келеді. Осы білім беру іс-әрекетінің нәтижесінде танымдық үдеріс белсендіріледі, жеңіл түрдегі ақыл - ой кемістігі бар оқушылардың ынтасы артады. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген сенімділігі артады. Әдебиет сабағынан инклюзивті балаларға интерактивті әдістерді қолдану мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл әдістер арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу процесінде

белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың интеллектуалды және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Инклюзивті білім беру негізінде барлық оқушылар үшін тең мүмкіндік жасау, олардың әрқайсысының қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім беру көзделеді.

Жеңіл дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуда интерактивті әдістер тиімді құрал болып табылады. Бұл әдістер балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, ортақ шешімдер қабылдауды, мәселелерді талқылауды және сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инклюзивті сыныптағы оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігі артады, әлеуметтік дағдылары дамиды.

Инклюзивті білім беру жүйесінде әдебиет сабағында интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық дамуын арттырып, олардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын жетілдіреді. Мұғалімдер осы әдістерді тиімді қолдана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу мотивациясын көтеріп, олардың белсенді оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ете алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Қызықты психология. «Инклюзивті білім – өзекті мәселе». Шілдебаева . Т.Қ. 2013. N 7, 10-12,
- [2]. Антоновская Е.Ю. Формирование универсальных учебных действий на уроках русского языка и литературы у обучающихся с ОВЗ. Социальное развитие современного российского общества: достижения, проблемы, перспективы. 2019; № 11: 32-35.
- [3]. Земцова С.В. Проблема обучения учащихся с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) на уроках русского языка и литературы. Конференциум АСОУ: сборник научных трудов и материалов научно-практических конференций. 2016; № 2: 1234-1240.
- [4]. «Инклюзивті білім беру – жүйесі. Оның тиімділігі неде?» Наука и жизнь. 2020. 17 наурыз.
- [5]. М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық мәжіліс баяндамалары

Әбдиманұлы Ө. Ұлы ақын – ұлық ұстаз.....	3
Бисенғали З. Сезім сырларын сөзге көшіруде.....	20
Ақыш Н. Балаларға балдай жыр жазған ақын.....	25
Қажымов Д. Аңыз ақын – абыз ақын	33
Қали С. Дала домбырасы.....	35
Көпбаев Т. Қалжыңы мықты құрдастар.....	47
Мүтиев З. Қадыр Мырза Әли дастандарындағы дәуір тынысы, қоғам күйі, суреткерлік шеберлік	55

Қ. Мырза Әлидің әдеби мұрасы

Ержанова С.Б. Құдіретті поэзия және қадыр ақын философиясы.....	63
Қалқабаева С.Ә., Байбатырова А. Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы пәлсафалық ойдың поэтикалық тілмен айшықталуы.....	69
Мүтиев З., Мұханбетова Ж. Қадыр Мырза Әли – табиғат жыршысы, шеберлік нәші.....	77
Умерджанова Ж.Т. Қадыр Мырза Әлі өлеңдеріндегі ұлттық код көріністері.....	84
Шортанбай Ш., Салықбаева А. Қадыртану тағылымдары.....	90
Маликова А. Ә. Қадыр Мырза Әли және балалар әдебиеті.....	98
Толепбергенова А.Б. Қадыр Мырзалиевтің балалар әдебиетіндегі орны мен маңызы.....	106
Өтеміс А.С. Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы психологизм («Біз өмір сүретін метафора» тұжырымы бойынша талдау).....	112
Манапбаева Ж.Б. Құстардың рухани символикасы: Қадыр Мырза Әли мен Есенғали Раушановтың өлеңдеріндегі табиғат пен адам әлемі.....	117
Нұрәділ Н. Қадыр Мырза Әлидің мысал әңгімелеріндегі поэтонимдердің көркемдік ерекшеліктері.....	121

Нурсейтова Ф., Қамарова Н. Қадыр Мырза Әлі поэзиясындағы ауыл бейнесі.....	130
---	-----

Қ.Мырза Әлі және аударматанудың өзекті мәселелері

Авезова Г.К. Сходство и различие узбекского и казахского фольклора.....	135
Халматова Г.Н. Роль фольклора в современности.....	140
Рузматова Д.Ю. Историческое и научное значение каменных надписей.....	146
Әйтенова Ш.С. Современный подход к проблеме защиты «Братьев наших меньших», затронутой в стихотворении Кадыра Мырзалиева «Красная книга».....	150
Лесбекова Ұ.М., Ержанова С.Б. Қазақ әдеби фантастикасындағы космостық парадигмалардың бағыт алу өрісі мен болашағы.....	156
Берікқызы Г. Қазақ дастандарындағы «Федра-ипполит» мотивінің көркемдік қызметі.....	159
Оразбек А.Ж. Қазақ және түрік тілдеріндегі ет тағамдарына қатысты сөздер және олардың лингвомәдени сипаты.....	167
Есенбекова Ж. Новая аудитория старых текстов: как успешные экранизации пробуждают интерес к литературе.....	172

Қазақ әдебиетінің даму тенденциялары мен болашағы

Сарбасов Б.С. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы символдық бейнелер.....	177
Алмасханқызы Д., Темірболат А.Б. Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романындағы интермәтіндер.....	190
Атаханова Н.А. Жас жазушылар әңгімелерінде өмір шындығының бейнеленуі.....	194
Мужигова Г.М., Сейсенбиева Э.С. Қазақ ертегілерінің зерттелуі хақында.....	210
Серікжанова М.С., Сейсенбиева Э.С. Бұқаралық әдебиет жанрының зерттелуі.....	215

Асқар А.Қ. Ержан Алаштуған шығармашылығының көркемдік ерекшелігі.....	221
Әбділәшім А.Н. Б. Нұржекеевтің «Кінәлі махаббат» повесіндегі әйелдер образы.....	228
Болатханқызы Ф., Мадиев С.Ш. Сөйлеу тіліндегі мәдениетаралық қарым-қатынас стереотиптері.....	235
Диярова Н.А. Тарихи жағдай және оның ақын поэзиясындағы көрінісі.....	244
Жұбатқан М., Карбозов Е. Түрік әдебиетіндегі айдаһар көрінісі.....	248
Асқарова Г.М. Қазіргі қазақ әңгімесінің тақырыптық-идеялық ерекшелігі.....	254
Амангельдина К. А. Елгезектің шығармашылық шеберханасы.....	260
Жумадилова М.Б. Жұмекен Нәжімеденов поэзиясының көркемдік сипаты	268
Тілеубек Е. Жұмабай Біләлұлы – қазіргі заман модернизм шығармаларының өкілі.....	275
Сагидоллаева Б.С., Кушкимбаева А.С. Миф және ертегі жанрындағы жасампаздық мәселесі және ілкі ата бейнесі.....	278
Салауатов Б.Д. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы сүйіспеншілік пен «ажал» ұғымының кереғарлығы.....	289
Бақ С.К. Элегия жанрының тереңдігі: өмір мен өлім арасындағы қайшылықтар.....	293
Берікханова А.Б. «Қисса шеризат» дастанындағы дәстүрлі сарындар.....	299
Утешова А.А. Жастар прозасындағы мистикалық мотивтердің интерпретациялануы.....	310

Әдебиетті оқытудың мәселелері

Ибрагимова Ф.Р. Роль учителя литературы в современном образовательном процессе.....	316
Мубарак Н.Е., Әділбекова Л.М. Ішкі монологты оқыту әдістемесі: тәуелсіздік кезеңіндегі әйел жазушылар шығармалары негізінде.....	320

Әлиқан Қ.Д., Алиева Ж. А. Әдебиетті инфографика арқылы оқыту.....	325
Жұрсынқанова Ж.Ж. Қазақ әдебиетін оқытудағы концептуалды әдіс: теория мен тәжірибе.....	331
Орал С.Н. Қазақ әдебиетін психологиялық типология бойынша оқыту моделі.....	339
Құрманхан А.Р., Мәтбек Н.Қ. Жыраулар әдебиетін орта мектепте оқыту мәселелері.....	345
Тлеужан Д.Н., Мәтбек Н.Қ. Мектеп оқушыларын көркем әдебиетке қызықтырудың әдіс – тәсілдері.....	352
Сералиева А.И. Жамбыл шығармашылығын оқыту арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру.....	358
Тасирова С.Т. Абай шығармаларындағы рухани адамгершілік құндылықтар.....	366
Жилькельдиева Г. Инклюзив балаларға әдебиетті оқытудағы интерактивті әдістер.....	372

Ғылыми басылым

**«ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»
Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 4 наурыз 2025 жыл

Мақала мәтініне автор жауапты

ИБ 15797

Пішімі 60x84/16. Тапсырыс 723. Көлемі 23,8 б.т.

«Қазақ университеті» баспаханасы
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71